Жалпы Түркістанның тарихи-географиялық жағдайы, шекарасы, халқы көптеген зерттеушілердің назарын аударды. Солардың бірі В. Масальский Батыс Азияның ішкі бөлігі Қырғыз өлкесінен оңтүстікке созылып, кең байтақ жері ертеден Тұран немесе Түркістан деп аталғандығына мән бере отырып, оның алып жатқан кеңістігін былай көрсетеді: «Батыста Каспий теңізінен шығыстағы Қытай иеліктеріне дейінгі және оңтүстікте Ресеймен Парсы және Ауғанстан мемлекеттерінің шекарасына дейінгі аймақты алып жатты. Жері Түркістан, Закаспий, Самарқанд, Сырдария, Ферғана және Жетісу облыстары мен екі ортаазиялық Хиуа мен Бұхара хандығы территориясынан тұрды. Оның жер үсті беті 1731 мың кв. км. құрады» - деп көрсетеді [1, 131-с.]. Зерттеушінің пайымдауындағы аталған географиялық аймақтар қазіргі Орта Азия елдері мен Оңтүстік Шығыс Қазақстан территориясын көрсетеді. Ал, орыс геологы И.В. Мушкетов: «Түркістан не Түркістан бассейні деп, батыста Мұғаджар тауымен Үстүрттен Жоңғар Алатауына, шығыста Тянь-Шаньмен, Памир, оңтүстікте Кюрентаг немесе Копеттаг және Хорасан тауынан Тарбағатайға, солтүстікте Шыңғыс тау және Арал, Ертіс су айырығына дейін созылып жатқан Азия материгінің кең байтақ жері», - деп түсіндіреді [2, 67-с.]. Ал, М.В. Лавров өлкенің алып жатқан жер көлемін сандық мәліметпен нақтылап: «...Оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа созылған бұл тұйық алаң дұрыс емес, көпбұрышты тәрізді. Оның ең үлкен ұзындығы Копеттагдан Алакөл өзені мен Барлық тауға дейін 230 географиялық миль (1-миль 7420,4 метрге тең), осы ұзындықтың дәл ортасында Түркістанның астанасы Ташкент қаласы орналасқан. Аймақтың ені біркелкі емес, ең ірі ендік Буама шатқалынан немесе Тоқмақ қаласынан Мұғаджар жотасындағы Айрюк тауына дейін шамамен 140 географиялық миль, территорияның барлық аумағы 32,000 географиялық миль немесе 1,808,118 кв. км. алып жатыр», - деп көрсетеді [3, 5-с.]. Мұндағы аймақтың көлемі жөнінде берілген сандық мәлімет қазіргі кезеңдегі Орта Азия және Қазақстан территориясының жер көлеміне сәйкес келмейді. Сол сияқты Н.Л. Корженевский: «Түркістан өлкесі Каспий теңізінен шығысқа қарай орналасқан Батыс Азияның бір бөлігі. Оны Шығыс пен Қытай Түркістаны (Қытайдың батыс провинциясымен Ауғанстанның солтүстік бөлігі территориялары) және Ресей Түркістаны не жәй Түркістан деп айырады. Түркістанның алып жатқан жер аумағы 1.778.618 кв. шақырымды құрайтын солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа созылған, дұрыс емес көпбұрышты тәрізді кеңістік. Оның көлемі Орталық Европа елдері территориясымен Ресейдің европалық бөлігінің үштен бір кеңістігіне дәлме дәл келеді. Түркістан шекаралары солтүстікте Орал, Торғай, Ақмола және Семей, шығыста Қытайдың батыс провинциясы, оңтүстікте Ауғанстанның солтүстік бөлігі мен Парсы жеріне дейін ал, батыста Каспий теңізінің шығыс жағалауына дейін жетеді. Сонымен Орта Азияның солтүстік және батыс шекарасы ішкі әкімшілік шекарамен ал, оңтүстік пен шығысы мемлекеттік шекарамен белгіленген», - деп жазады [4, 61-с.]. Түркістан өлкесіне қалам тартқан зерттеушілердің еңбектеріндегі өлкенің алып жатқан территория кеңістігіне байланысты келтірілген мәліметтердің негізі бір-біріне жақын болғанмен шекара нүктелері және мөлшерлік жобасындағы сандық мәліметтер сәйкес келе бермейді. Мәселен, В. Масальскийдің еңбегінде өлкенің жер аумағы 1.731 мың кв.км. делінсе [1, 41-с.], М.В. Лавровтың еңбегінде-бұған 77118 кв. км (1.808118) [3, 7-с.], ал Н.Л. Корженевскийде 47618 кв.км (1.778618) қосылған [4, 6-с.]. Мұндағы көрсеткіштердің өзі шамамен алынған, ал кей жағдайларда бір зерттеушінің еңбегіндегі мәліметтердің өзі екі түрлі цифрды береді. Мәселен, Н.Л. Корженевскийдің жоғарыда көрсетілген еңбегіндегі жер аумағы көрсеткіші кейінгі басылымда: «Орта Азия елдері территориясының оңтүстігі 35.08, солтүстігі 48.30 ендікте, елдің соңғы нүктелерінің бойлығы 2570 км., ал ендігі 1500 км. Түркістан өлкесінің Қазақ Автономиялы Республикасына кеткен облыстарымен қосып есептегенде 1.878.000 кв.км-мен анықталады», - деп көрсетіледі [5, 4-с.]. Сонда алдыңғы берілген мәліметпен салыстырғанда 1000 кв.км. артық беріліп тұр. Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштердің әртүрлілігі біздіңше, аумақты есептеу тәсілдерінің жеткіліксіздігі мен өлкенің физикалық-географиялық,

этникалық сипатын дұрыс білмегендіктен деуге болады.

Жалпы Орта Азия елдерін аймақтарға бөліп, аудандастыра қарауға ерте кезден көңіл бөлінді. Аудандастыру жер бетіндегі әртүрлі географиялық құбылыстарды қорыту, жүйелеу және жіктеу үшін география ғылымы пайдаланатын негізгі әдіс екендігі белгілі. Сондықтанда Орта Азияның елдерін аймақтарға бөліп қарастыру зерттеушілердің еңбектерінде ғана емес, әкімшілік басқарылу жүйесінде де тиімді болды. Орта Азия елдерінің ресми аудандастырылуы Ресейдің отарлық кезеңінде басталды деуге болады. Аудандастырылудың қажеттілігі жөнінде В.М. Четыркин өз еңбегінде: «Ресей империясы кезіндегі «Қоныс аудару басқармасы Орта Азия елдерінің физикалық-географиялық жағдайы мен өсімдігін түсіндіру мен аудандастырылуында аймақтық (зональный) принцип ұстанғандығын айта келіп, ... жергілікті өмірдің барлық тәртібіне (укладына) ықпал ететін негізгі фактор физикалық- географиялық жағдай, оның ішінде де жер топографиясы - жерді иеленудің сипаты мен пайдаланудың әдіс-тәсілдерін өзгертеді»- деп көрсетеді [6-4с.]. Бірақ Ресей отаршылары Түркістан жерін аудандастырғанда, оның экономикалық жағынан халыққа тиімділігін емес, керісінше «бөліп ал да билей бер» саясатымен туысқан түркі халықтарының жер иелену мен пайдалануындағы жүйелілікті бұзып, өз мақсатына қарай басқаруға тырысты.

1867 жылы құрылған Түркістан генерал губернаторлығына Сырдария, Жетісу, Закаспий, Ферғана, Самарқанд облыстары енгендігі тарихтан белгілі. Осы кезеңдегі Түркістан өлкесінің жер көлемі-1.731.090 шаршы шақырымды (оның ішінде 238.000 шаршы шақырым Бұхара, Хиуа хандығы жері) құрады. [1, 343-с.]. Белгілі зерттеуші Г.К. Кронгардт осы кезеңдердегі облыстар мен уездердің алып жатқан территория аумағына талдау жасап, Жетісудың жер көлемінің өзгерісін былай келтіреді: «Алғаш рет Цинь империясы мен Петербург келісімі бойынша Жетісу облысына Іле өлкесінен 13,7 мың кв.км. жер қосылды. Бұл жер көлемі Вернен уезімен 1883 ж. құрылған Жаркентке кірді. 1884 жылы Тоқмақ (Пішпек) уезінен Ферғана облысына Кетментөбе болыстығы берілді. Осыған байланысты Жетісу облысы территориясы 4,5 мың кв.км. жерге азаяды. Сондай ақ 1896 жылы Әулиеатаға Пішпек уезінен Қарабалта селосы 42 кв.км. жермен өтсе, 1905 жылы тағы да сол Әулиеатаға Семей облысынан Шу болыстығы (қанша жері белгісіз) кіреді. Ал, 1871 ж. Тоқмақ уезінің қазақтар тұратын бес болыстығынан 23 мың кв.км. Верный уезіне енсе, 1896 жылы осы территория Пішпекке қайта алынды [7,27-с.]. Көрсетілген мәліметтерден байқағанымыз 1870-1905 жж. уездердің жер көлемі мен шекаралары жиі-жиі өзгеріп отырды. Бірақ бұл өзгерістер Түркістан өлкесі халықтарының этносаяси және мәдени өміріне ешқандай жаңалық әкеле қойған жоқ. Орта Азия елдері территориясын патшалық Ресей отары кезеңінде жергілікті халықтардың мүддесін ескермей ақ өздерінің басқару ыңғайына қарай әкімшілік территориялық жағынан бөлген болатын. Себебі, бұл кезеңдерде Орта Азия елдері территориясында құрылған әкімшілік басқару органдары белгілі бір ұлттың не халықтың әкімшілік бірлігін құраған жоқ. Мәселен, Жетісу, Сырдария облыстарына қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстанның территориялық әкімшілік аймақтары бірдей қарағандығы белгілі. Сонымен бірге Жетісу облысына: Верный (Алматы), Тоқмақ (Пішпек), Ыстықкөл (Пржевальск), Сырдария облысына: қазіргі Қазақстан әкімшілік бірлігіне қараған елді-мекендермен қатар Өзбекстанның Ташкент, Ходжент т.б. уездердің елді мекендері қарады.

Ресей иелігіндегі Орта Азия елдері территориясы үш саяси әкімшілікке: Түркістан генерал-губернаторлығына Бұхара және Хиуа хандығына қарады. Түркістан генерал-губернаторлығы орыстардың басып алған қазақ даласы мен Қоқан хандығы иелігінен құрылды. Әкімшілік жағынан Түркістан генерал-губернаторлығы бес облыстан: Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқанд (Самарқанд облысы 1887 ж. Зеравшан округінен құрылды) және Закаспий облысынан тұрды. Хиуа және Бұхара хандығы губернаторлықтың бақылауында болды. Сырдария облысына үлкен бір бөлегімен Түркістан және Қоқан хандығының жері кірсе, Жетісуға: Сергиополь, Қапал, Семей облысының Алалтау округі және Түркістанның бір бөлегі кірді. 1868 ж. Бұхарадан алынған жер Зеравшан округіне бірігіп, 1887 ж. Самарқанд облысы болып қайта құрылды [5, 20-с.]. 1873 ж. Әмударияның сол жағында жатқан Хиуа хандығының жерінен құрылған Әмудария бөлімі 1887 ж. Сырдария облысына енді. 1871-1881 жж. дейін генерал-губернаторлықтың құрамында болған Құлжа ауданы Қытайға беріледі. Ферғана облысы 1876 ж. Ресейге толығымен қосылған Қоқан хандығының Оңтүстік бөлігінен түзілді. 1882 ж. Жетісу жаңадан құрылған Дала генерал - губернаторлығына енеді.

Түркіменстан территориясы басқарылу жағынан әртүрлі саяси-әкімшілікке бағынды. Мәселен, XIX ғ. II - жартысында территорияның бір бөлегі Хиуа және Бұхара хандықтарына қараса, бір бөлегі Ресей патшалығының жаулап алу саясатының нәтижесінде құрылған Түркістан генерал-губернаторлығының Каспий өңірі (Закаспий) облысына қарады. Бұл облыс қазіргі Маңғыстау аймағымен Түркіменстан территориясының бір бөлегін құрады. Закаспий облысы 1882 ж. құрылып, 1891 ж. Түркістан генерал-губернаторлығына қарады. Түркістанның ең жаңа әкімшілік аймағы Закаспий облысы болды. XIX ғ. II- жартысында Закаспий облысына Батыс Түркіменстан, Ахальск, Атек, Теджен, Мерв,

Пендин оазисі кірді [8, 12-с.]. Бұл облыс 1881 ж. Закаспий бөлімінен (1874 ж.) құралып, Ахалтеке оазисінде қайтадан 18 жыл болып, тек 1899 ж. Дала өлкесінен қайта алынған Жетісу облысымен бірге Түркістан өлкесіне қосылды.

Құрылған жаңа әкімшілік аудандардың жер көлемі де халық саны да тұрмысы мен мәдениеті де үнемі өзгерісте болды. 1880 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының облыстардағы халық саны мен территория көлемін мына кестеден көруге болады [9, 18-с.].

Кесте1 – Түркістан генерал-губернаторлығы халқы саны мен территориясы

	Тер. шаршы миль	Халық саны	Тер. %	Халық %
Жетісу	6,936	716200	33,6	22,7
Сырдария	8334	1,153170	40,4	36,6
Ферғана	1770	689836	8,6	21,9
Зеравшан	466	328620	2,2	10,4
Әмудария	1920	133630	9,3	4,2
Құлжа	1224	130230	5,9	4,2
Барлығы	20,650	3,151680	100	100

Берілген мәліметте халқының саны мен жер көлемі жағынан алдыңғы орынды Сырдария облысы алса, орналасу тығыздығы жағынан Ферғана облысы алда болды. Көрсетілген облыстарда қазақтардың негізгі шоғырлануы Сырдария облысы мен Жетісу облысында байқалады.

Түркістан өлкесіндегі облыстардың алып жатқан аумағы Европалық Ресейдің кейбір әкімшілік аудандары көлемінен жоғары болды. Бұл жөнінде И.Г. Масальский: «Самарқанд облысы Саратов губерниясымен салыстырғанда 2000 шаршы шақырымға, Сырдария облысы Москва губерниясынан 14 есе, Жетісу облысы Привислин өлкесінен екі есе, т.с.с. үлкен болды», - деп көрсетеді [1, 344-с б.].

1 Закаспий облысынан басқа (онда басқарма) барлық облыстарды губернатор басқарды. Әкімшілік басқарылу жағынан облыс уездерге, уезд-болысқа, ол ауылдарға бөлінгені белгілі. Осы басқарылу жүйемен Жетісу облысы 6 уезге: Верный, Жаркент, Қапал, Лепсі, Пішпек, және Пржевальск., Сырдария облысы 5 уезге: Ташкент, Әулиеата, Перовск, Шымкент және Әмудария бөліміне, Ферғана 5 уезден: Скобелов (бұрынғы Маршан), Әндіжан, Қоқан, Наманган, Ош және Памир, Самарқанд облысы: Самарқанд, Жызак, Ходжент және Қаттақорған, Закаспий облысы: Асхабад, Красноводск, Маңқышлак, Теджен және Мерв уездеріне бөлінді [10, 18- п.]. Әр облыста губерниялық басқару құқығы мен міндеті бар облыстық басқарма тұрды. Ресей отаршыларының Түркістан өлкесін әкімшілік бөлудің негізінде руды ыдырату саясаты тұрды. Ру тобын ру ақсақалы, сұлтан, манап, аға би басқарды. Манап, би, сұлтандардың атағы мұралыққа берілетін.

2 Уездік әкімшілік болыстыққа (ол үшін 1000-2000 үй саны) және ауылға (ол үшін 100-200 үй саны) бөлінеді. Бұлай бөлудің негізінде қазақтардың рулық орналасу жүйесін бұза отырып, өздеріне басқаруға ыңғайлы нақты үй саны мөлшеріне келтіру мақсаты тұрды. Руға бөлінушілікке құқықтық жағынан тиым салынды. Себебі, қазақтарды үлкен ру көлемінде басқару мүмкін емес және қауіпті деп түсінді. Басқару жүйесінде отырықшыларды ақсақалдар, көшпелілерді болыстар басқарды. Отырықшы халықтармен салыстырғанда көшпелі халықтар мекендеген уездердің саны басым болды. Онымен қоса приставтар болды. Ол жөнінде архив материалдарында: «Әкімшілік бөлінуді жақсартуға бағытталған бөлімше приставтары болды. Ол Сырдария облысында-17, Самарқандта- 11, Ферғанада- 20, Жетісуда- 16, Закаспийде-11, барлығы-75 пристав болды. Бөлімшелердің территориясы да әртүрлі болды. Мәселен, Ферғана облысындағы приставтарда орташа 600 шақырым жер болса, көшпелілер приставтарының жері 50.000 шаршы шақырымға жетті. Осы кезеңде Түркістан генерал- губернаторлығына 603 болыстық, 4658 селолық қауым және әкімшілік ауылдарға 9461 селолық пункттер енді [11, 18-с.] Отырықшы селолар арасында шартты шекара болғанмен, көшпелілердің қоныстары арасында белгіленген шекара болмады. Соған байланысты көшпелі аудандардағы болыстықтар арасында да, отырықшы қоныстардың арасында да үнемі дау-дамайды туғызатын жағдайлар жиі болып тұратын. 1917 жылға қарай Түркістан генерал-губернаторлығындағы әкімшілік аудандастыруда бір уезд Сырдария облысына қосылды да, қалғандары өзгеріссіз қалды. Әрбір уездердің көлемі әртүрлі –5000 шаршы шақырымнан (Қаттақорғанда) 193250 шаршы шақырымға (Мангышлақта) дейін жетті [12, 106 - п.].

1899 жылдан революцияға дейін Түркістан өлкесіндегі ірі әкімшіліктерге аса өзгеріс ене қойған жоқ. Бірақ уездер арасындағы шекара патшалық Ресей кезінде де Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында да өлшеніп, сызбаға түсіп толығымен анықталмады. Ал, енді кейбір аймақтарында шекара жайлау, қыстау орындарымен белгіленсе де оны көп сақтамай, ертеден жайлаған жерлеріне емін-еркін өтіп тұрды. Осыған байланысты жиі-жиі дау-жанжалдардың болғандығын тарихи құжаттар мен фактілер дәлелдейді. Тек

губернаторлықтың шекарасы ғана белгіленіп, уездермен болыстықтар арасындағы шекараның анық болмауы, оның үстіне көшпелілердің рулық бөлінісіне негізделген шаруашылық жүйесі белгіленген шекарамен өмір сүруге мүмкіндік бермеуі де жергілікті халықтардың жаңа тәртіпке аса көндіге қоймағандығын көрсетеді. Сондықтан да бөлінген әкімшілік аудандар да олардың ежелден мекендеп отырған қоныстарымен сәйкес те келмейтін. Сонымен, Орта Азия елдерін бөліп ал да билей бер саясатын көздеген Ресей патшалығы құрған жергілікті әкімшілік билеу жүйесі де Орта Азия елдері және Қазақстанның жергілікті халықтарының этникалық-территориясын айқындап бере алған жоқ.

Этникалық территорияны айқындау Кеңес өкіметі кезінде ғана мүмкін болды. Бірақ оларда алғашқы кезде Ресей патшалығы орнатқан әкімшіліктердің жалғасы іспеттес болды. Мәселен, 1920 ж. құрылған жаңа мемлекеттер Қырғыз АКСР (Қазақ автономиялы кеңестік социалистік республикасы-К.Б.), Түркістан АКСР-і, Бұхара және Хорезм халықтық социалистік республикалары әкімшілік территориялары Түркістан генерал-губернаторлығының әкімшілік аумағында пайда болды. Сондықтан да Орта Азияның негізгі халықтарының орналасуы мен этникалық территориясы сәйкес келмеді. Аудандастырудағы өзгеріс Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде майда әкімшіліктерде болды. Сол сияқты 1917-1918 жж. саяси оқиғалар халық санының қысқаруына әкелді, соған байланысты 1919-1920 жж кейбір болыстықтардың қысқарып біріне бірі қосылуы кейбір әкімшілік аудандарға өзгеріс әкелді.

Орта Азия елдері территориясы 1924 жылға дейін, әкімшілік аумақтық басқару бөлінісіне түскенмен, шекарасы нақты айқындалған тұтас бір этностың этникалық аймақтық әкімшілігі болған жоқ. Мәселен, Жетісу, Сырдария облыстарына қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан территориясындағы әкімшілік бірліктер бірдей қарағандығы белгілі. Атап айтсақ, Жетісу облысына Вернен (Алматы), Тоқмақ (Пішпек), Ыстықкөл (Пржевальск), Сырдария облысына Ташкент уездері қарағандығын білеміз.

Қазан төңкерісінен кейін Кеңес өкіметі ең алғаш аудандастыруды 1920 жылы қолға алды. Нәтижеде Түркістан автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Бұхара Халық Кеңестік Республикасы мен Хорезм Халық Кеңестік Республикасы құрылды. Ал бұрынғы Ресей патшалығы құрған жерлер өзгеріссіз қалып, тек мұнда бұрынғы әкімшіліктерге қоса 2 уезден тұратын жаңа Әмудария облысы және бірнеше жаңа уездер (Голодностепь, Түркістан, Нарын, Ұратөбе, т.б.) қайта құрылды [13,24-с.]. 1923 жылы Бұхара Халық Кеңестік Республикасы комитетінің шешімімен БХКР, ОАК жанынан Бұхара аймағындағы қазақтармен арнайы жұмыс жүргізу мақсатында бөлім ашылды. БХКР, ОАК жанынан қазақ бөлімінің ашылуы қажет еді, себебі, қазақтар Керменин және Нұрата уәлаяттарының басым бөлігімен Бұхара және Қаршы уәлаяттарының батысын алып жатты [14, 64-с.].

Түркістан АКСР Кеңесі Орталық Атқару Комитетінің шешімімен 1921 жылы 7 тамызда Закаспий Түркіменстан облысы болып қайта құрылды. Түркіменстан Облыстық комиссияның төрағасы Г.И. Карповта үлкен жұмыс жүргізіп, Түркіменстан облысын аудандастырудың жаңа жобасын ұсынды. Жобада түркімендер территориясын айқындауға көңіл бөлінді. Ұлттық мемлекеттік межелеуге дейін түркімендердің территориясы бытыраңқы болды. Мәселен, түркімендердің 43,2 % жері Түркістан АКСР-інде, 28,9 %-і Хорезм Халық республикасында, 27,9 %-і Бұхара халық республикасында жатты [15, 25-с.]. Сондай ақ Маңқышлақ уезіне байланысты, бірнеше болыстық шекаралар да өзгерді. Мұндай өзгерістер халықтардың қалауына да байланысты болғандығы жөнінде архив құжатында: «Қазақ адай, табын руларының 1-ші Кеңес делегаттары съезінің мәжілісінде мынандай шешімдер қабылданады:

1) Ерекше комиссия мен Адай ісі жөніндегі жоғары өкілеттілік Алибеков жолдастан шұғыл түрде Маңқышлақ уезінің территориясы мен Закаспий облысы Красноводск уезінің екі адай болыстығын Қырғыз өлкесіне (қазақ-К.Б.) қосып, осыдан жаңа адай, табындардан тұратын бөлек Адай уезін құру;

2) Адай уезінің уақытша тұрағын Ойыл бекінісі етіп, әкімшілік орталығы етіп Сағыз өзені Мешіт маңайындағы Қопаны бекітіп беруді сұрайды [8, 50- п.]. Мұндай бекіністер Орта Азия елдері территориясын ежелден мекен еткен қазақ, өзбек, түркімен, т.б. халықтардың мемлекеттік шекараларын анықтаудың негізін қалады.

Түркістан өлкесінің физикалық-географиялық жағдайының өзгешелігі, оның экономикалық құрылымы, жер және мал шаруашылығы ерекшелігі, Ресеймен байланысының сипаты аймақты экономикалық жағынан аудандастыруды жетілдіру қажеттігін тудырды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында бұрынғы әкімшілік уездер округ болып қайта құрылды. Осы бөліну бойынша Пішпек округіне Жетісу облысының Пішпек, Қаракөл, Нарын уездері мен Сырдария облысы Әулиеата уезінің 12 болыстығы кірді (енген ауданның жері-145700, халқы-410800), Әмудария округіне барлық Әмудария облысы (жері- 113000, халқы 148000), Түркімен округіне барлық Түркімен облысы (жері 353200 кв.км., халқы 332400 адам) енді [13, 32-с.].

Қайта құрылған Ташкент округіне Ташкент, Мырзашөл уездері және Наманган уезінің Шатқал болыстығы мен Жызақ уезінің Шардара болыстығы енді. Округтің жер көлемі- 39200 кв.км., халқы- 635900. 1918 жылы 4 шілдедегі Түркістан республикасының Халық Комиссариаты Кеңесінің

бұйрығымен Ірі-жар, Уральск және Ходжент уезінің Сават болыстығына тиіп жатқан және Жызақ уезі Көктөбе болыстығының бір бөлегінен жеке Голодно-степь уезі құрылды, кейін ол Сырдария облысына кіріп, Мырзашөл болып қайта аталды [11, 32-с.]. Қоқан округіне Ферғана облысының барлық Қоқан және Наманган уездері мен Самарқанд облысы Ходжент уезінің солтүстік бөлігі (7 болыстық) еніп, жер көлемі 41000 кв.км. халқы (1917 ж) 100000 адамнан тұрды. Самарқанд округіне Ходжент уезінің жеті, Жызақтың бір болыстығы мен Мырзашөлдің оңтүстік бөлігіндегі бір болыстықпен Самарқанд облысының қалған барлық жері енді [16, 12 п.]. Памир ауданы қазіргі Тәжікстан территориясынан құралып, 57000 кв.км. жерді, 22000 адамды құрады [13,129-с.].

Орта Азия елдері территориясын аудандастырудағы Кеңес өкіметінің алғашқы енгізген өзгерісі Түркістан генерал-губернаторлығынан Түркістан республикасын құрып, әкімшілік жағынан бөлу құқығын кеңінен пайдаланды. Түркістан республикасы 1923 жылы 27 қыркүйекте әкімшілік жағынан 6 облысқа, 29 уезге, 450 болыстыққа бөлінді. Бұл бойынша Сырдария облысы 7 уезге, 146 болыстыққа, (оның 28-і кейбір мәліметтерде 29-ы Ташкент уезінде) бөлінсе, Мырзашөл уезінде 9 болыстық болды. Самарқанд облысы 4 уезге, 74 болыстыққа бөлінді, оның 26 болыстығы тек Самарқанд уезінде болды. Жызақ уезінде 19, Қаттақорған уезінде 16 болыстық болды. Ферғана облысы 5 уезге, 108 болыстыққа, оның ішінде Маргелан 20 болыстыққа, Қоқан уезі 23, Наманган-28, Әндіжан-23, Ош-14 болыстыққа бөлінді. Жетісу облысы 7 уезге, 87 болыстыққа, оның ішінде Алматы уезі-22 болыстыққа, Пішпек-10, Қаракөл-8, Нарын уезі-7, т.с.с. болыстықтарға бөлінді. Түркімен облысы 4 уезд, 18 болыстықтан, оның 5 - Қрасноводскіде, Полторацкіде-4, Тедженде-4, Мервте- 5-еу болды. Әмудария облысы 2 уезден, 16 болыстықтан тұрды. Оның 7-уі Шурахан уезінде, 9-ы Шымбайда. Бұл аймақтардағы құрылған әкімшіліктер бұл кезеңде де Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қарақалпақ территорияларын қамтитын. Мәселен, Жетісу, Сырдария облыстарындағы әкімшілік аудандар қазіргі Қазақстан мен Қырғызстанның, Қазақстан мен Өзбекстанның әкімшілік бірлігін құрады.

Ал, Кеңестер Одағы Орталық статистикалық басқармасының (ОСБ) мәліметтерінде Кеңес өкіметінің бас кезеңіндегі республикалар мен облыстар арасындағы кеңістік былай бөлінеді: Өзбекстан КСР 187000 шаршы км., Тәжік автономиялы республикасы - 135000 кв. км., Қарақалпақ автономиялы облысы 211000 кв. км., Түркімен КСР 442000 кв.км., Қарақырғыз автономиялы облысы- 178000 кв. км., Қырғыз КСР-і (қазақ) -725000 кв.км. тұрды [17, 7-п.]. Ал, Балашевтің еңбегінде : «Түркістан өлкесі 35,5 және 48,5 солтүстік ендік пен 22,5 және 52,5 градустағы шығыс бойлығы аралығындағы үлкен кеңістікті алып, 1.795000 шаршы км. құрайтындығын», - көрсетеді [17, 12.-с.]. Бірақ ХХ ғ. 20 жылдарынан кейін Түркістан өлкесінің жер көлеміне (1.878.000) екі хандықтың қосылуына байланысты аймақтың жер көлемін 147 мың шаршы км-ге өсіреді. Жалпы Оңтүстік- батыстағы КСРО -ның Азия бөлігіндегі Орталық Азия елдерінің алып жатқан территория аумағы 1.277,1 мың кв. км. болғандығы жөнінде кейінгі кезеңдегі зерттеулерде де (1897 ж. Бұхара эмираты мен Хиуа хандығы жері кірмейді) айтылады [17, 6-с.]. Осы мәліметтерден байқағанымыздай, Кеңес дәуірінде Орта Азия территориясы көлемі Ресей империясы кезеңіндегіден көп өзгеріске ұшыраған жоқ. Негізінен территория көлемінің өзгерісі Кеңес өкіметі кезеңінде республикалар арасында ғана болды. Мәселен, Өзбекстан территориясы жоғарыда көрсеткендей, алғашында 187.000 кв.км. құраса, бүгіндегі территориясы - 447,4 мың кв.км, яғни 260.4 мың кв.км.-ге өскен [20, 157-с.]. Оның себебі, Өзбекстанға Қарақалпақстан және Хиуа мен Бұхара хандығы территориясының бір бөлегінің енуі, сондай ақ 1924-1926 жж. Қазақстан мен Өзбекстан территориясы аралығындағы даулы жерлердің Өзбекстан пайдасына шешілуі және 1942-1943 жж., 1954-1956 жж. Қазақстан жерінің Өзбекстанға жалға берілуі есебінен көбейген деп айтуға болады.

Сондай ақ Қырғызстанның территориясы 20 мың кв.км-ге өсіп, бүгінде 198,5. мың кв.км. құраса, алғашқыда автономиялы облыс болып құрылған Тәжікстан жері 143,1 мың кв. км-ді (алғашқыдан 8 мың кв. км-ге көбейген) , ал Түркімен жеріне шамамен 46 мың кв. км қосылып, бүгінде - 488,1 мың кв.км. аумақты алып жатыр [18, 158-с.].Көріп отырғанымыздай, осы республикалардың ішінде Өзбекстанның территориясы алғашқы бөлінген кезеңдегі жер көлемінен екі есе өскен. Мұндай өзгерістер біріншіден республикалар арасындағы саяси-экономикалық қажеттіліктермен байланысты болумен қатар кейбір мемлекет басшыларының ептілігі нәтижесінде іске асқан деуге де болады.

Орта Азияны ұлттық мемлекеттік межелеу нәтижесінде екі жаңа одақтас республикалар Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжік автономиялы республикасы, Қырғыз және Қарақалпақ автономия облысы құрылды. Түркістан республикасындағы қазақ аудандары Қазақ автономиялы Кеңестік Социалистік республикасына өтті. Сөйтіп, Орта Азия елдерінің барлық картасы қайта жасалды. Бұрынғы Бұхара, Хорезм республикалары ыдырап, олардың территориялары жоғарыдағы республикалар мен облыстардың құрамына кірді.

Өзбекстан республикасына бұрынғы Түркістан республикасының Самарқанд облысы уездерінен Қаттақорған, Ходжент, Жызақ, (Жызақтың 6 болыстығы Қазақстан республикасына) және Самарқанд

(Тәжікстанға кеткен 3 болыстығынан басқасы), Сырдария облысының Ташкент (10 болыстығынан басқасы, бұлар Қазақстанға өтті) және Мырзашөл уезінің бір бөлегі, Ферғана облысы уездері мен Қоқан (2 көшпелі болыстығынан басқасы), Әндіжан (Қырғызстанға кеткен 7 болыстықтан басқа), Наманган (Қырғызстанға кеткен 10 болыстықтан басқа), Ферғана (4 болыстықсыз), Ош уезінің Бұлақбашы және Манек болыстығынан басқа территориялардың барлығы кірді. 1924 ж. Өзбек КСР-нің жер көлемі- 326,8 мың кв. км (қазіргі территориясы 447,4 мың кв.км.), 1926 ж. санақта халқы 4 млн.621 мың болса, 1977 ж. 14 млн 474 мың адам болған. 1924 ж. Өзбек КСР-і 7 облыстан, 23 уезден және Тәжік АКСР-нен тұрды. Қазіргі Өзбекстан республика құрамында Қарақалпақ АО- мен қоса 11 облыс, 134 аудан, 82 қала бар. Бұхара Республикасынан Өзбекстан құрамына Бұхара Керминин, Нұрата, Қаршы, Шахизяб, Гузар, Байсын, Сары-Асы уәлаяттары (Қаратау тұманы мен Шарабтың Кериф тұманынан басқа бәрі) қосылды. Нәтижеде Өзбекстанға 570000 шаруашылық, 3731146-адам енді. Осы аймақтан енген халықтың ұлттық құрамы: өзбектер- 2583751, қазақтар-81862, тәжіктер- 595004, орыстар-150308 және басқа халықтар 229887 [21, 47.-с.].

3 Қарақалпақ автономия облысы Әмудария облысының Шымбай уезінен, Ходжелі, Шуманаи (Яникала) және Қоңырат, Хорезм және Шурахан уезінен құралды. Халқы 229136 адам болды [134, 48 б. Узбекская Советская Социалистическая республика. – Ташкент: Фан, 1972. – 265 с.]. Д.П. Красновский бастаған облыстық комиссия Түркімен облысын жаңадан аудандастыру жобасын ұсынды. Аудандастырудың үлкен жұмысы 1923-1924 жж Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік межелеу кезінде жүрді. Түркістан АССР-інің ОА Комитеті шешімімен 1921 ж 7 тамызда Закаспий облысы Түркімен облысы болып қайта құрылғандығы белгілі. ХХСР (Хорезм Халық социалистік республикасы) Компартиясының орталық шешімімен 1924 ж 20 наурызда ХХСР-ң құрамында орталығы Ташауыз қаласы Түркімен облысы, БХСР (Бұхара) құрамында да 1923 ж қазан айында Чарджау облысы құрылды. Ол Чарджау, Керкин уәлаяттарынан тұрды. 1924 ж Түркімен ұлттық бюросы болашақ республиканың ауданы мен округтарының сызбасын толық анықтады. Бұл бойынша Түркімен КСР-і 5 округке: Полторацк (7 ауданнан), Мерв (5 ауданнан), Чарджау (4 ауданнан), Керкі (5 ауданнан) және Ташауызға (5 ауданнан) бөлінді.

1924 ж. 27 қазанда Түркімен КСР-і құрылды. Оған Түркістан АКСР-інің Түркімен облысы (Теджен, Красноводск, Мерв, Полторацк), Хорезм республикасының Ташауыз округі (Көне Үргеніш, Ташауыз, Парсын және Тахта ауданы) Бұхараның Керкі және Чарджау округтары (Ленинск, Фарабск, Саят, Бурдалык, Дейнау, Халач, Хаджа-Абад, Кызыл-Аяк, Керкі, Кешер аудандары) кірді [7,60-с.]. Сол сияқты қазақ республикасының оңтүстік және солтүстік батыс жағындағы Қазақстан мен Түркіменстан шекара аралығында жатқан Ходжелі бекінісі, Қыпшақтың батысы Мангыт, Клышниясбай, Ялчанчактобе, Гурлен, Амбар, Манака, Хазоваттың солтүстігі аймақтарын біріктірді. Мұнан басқа Хорезмнің Питнюков бекінісінен Түркіменстан ауданы құрамына Даргон ата, Түйемойын, Садовардағы Әмудария жағалаулары енді. Түркіменстанның халқы- 900000 –ға жетіп, ұлттық құрамы түркімендер 80,9 %, өзбектер 8,6 %, орыстар 4,5 % құрады. Түркімен КСР-нің құрылуымен барлық Түркімен жері қосылды. ТКСР-ы ревкомының шешімімен 1924 ж. 4 желтоқсанда шешім қабылдап, Түркімен облысы 2 округке Полторацкі және Мервке, ал қалған бөлігі 3 округке Чарджоу, Керкі, Ташауызға бөлінді. Сонымен республиканы аудандастыру толығымен 1930 ж. басында аяқталды [7, 62-с.].

Жалпы 1924-1930 жж. аудандастыру Түркімен КСР-де әкімшілік аумақтық бөлуде үш сатылы жүйені (округ, аудан, ауыл) енгізді. Тәжік автономиялы облысы Қорғантөбе, Сары Асы уәлаятының бір бөлегінен, Бұхара республикасының Дүйсенбі, Кулябі, Гарм уәлаятынан, Самарқанд облысының (Жоғары Зеравшан ауданы) шығыс бөлігі, Памирдің батысы, Сарысу ауданы Орошар болыстығы, Вахон болыстығының бір бөлегінен құралды. Халқының саны барлығы-599714. Ұлттық құрамының 65,4 % тәжіктер, 32,1 % - өзбектер, 2,2 % қырғыздар болды [6, 44-с.].

Қырғыз автономия облысына Қаракөл уезі, Нарын, Пішпектің бір бөлігі (Пішпек қаласымен 7 болыстық), Сырдария облысы Әулиеата уезінің таулы 14 болыстығы, Әндіжанның бір бөлігі (10 болыстығы) Наманганның 9 болыстығы, Ферғананың 4, Қоқанның 2 және Ферғана облысы Ош уезінің 2 болыстығынан басқасы және Памир ауданының барлық шығыс бөлігі енді. Қырғыз автономия облысының халқының саны 798770. Ұлттық құрамы: қырғыздар 505775, өзбектер 123133, қазақтар 14324, орыстар 135892 және басқа халықтар 19646 болды.

Құрылған республикалардың астаналары Өзбекстандікі –Самарқанд, түркімендердікі- Полторацк, қырғыздардікі -Пішпек, тәжіктердікі-Душанбе, қарақалпақтардікі - Төрткүл болды. Бұл межеленуде Қарақалпақ автономия облысы 1934 жылға дейін Қазақстанның құрамында болды. Мемлекеттік құрылымы мен басқарылуы әртүрлі болып құрылған Орта Азиядағы жаңа мемлекеттердің әкімшілік жағынан басқарылуы біртектес болған жоқ. Мәселен, Өзбекстан облысқа, уезге, болыстыққа және селолық қауымдастыққа бірікті. Мұнан басқа кейбір аудандардың (Ферғана) ішінде аудан болды.

Әкімшілік аудандар бірнеше болыстарға бірігіп, олар уезге бағынған (Ферғананың ішінде жеке Нұрата ауданы), сол сияқты Кенимех ауданы (қазақ) мен Канибадам (тәжік) ауданындарында жоғарыда аталған халықтар басым (қазақ, тәжік) болды.

Ал, Түркіменстанда республика жүйесі округке, ауданға және ауылдық Кеңеске бөлінеді. Бірақ, бұл бөлініс барлық жерде бірдей емес. Мәселен, Красноводск ешқандай округке кірмей ОАК-не бағынды.

Қырғыз автономиялы облысында округ, болыстық және ауылдық Кеңес болды. Болыстықтың іріленген және іріленбеген түрлері болды, олардың шекаралары анықталмаған. Мұнан басқа Талас, Қызыл Дағар аудандары болыстыққа бірігіп, округке кірді.

Тәжікстан уәлаятқа, Тұманға және Кентке, көшпелі ауылға бөлінді. Мұнда ұлттық межелеуге дейінгі бөлініс толығымен қалды. Сонымен, осы кезеңдегі Орта Азияның әкімшілік бөлінісі мынандай болды [7,45-с.].

Кесте 2 – Орта Азия елдерінің әкімшілік бөлінісі

Республикалар мен облыстар	Қала, Поселоктар	Облыс	Округ	Уездер	Уәлаяттар	Аудандар	Болыстық	тұмандар
Өзбекстан	41	7	-	22	-	3	227	-
Түркіменстан	20	-	5	-	-	32	1	-
Тәжікавт.обл	10	-	-	-	7	-	18	20
Қырғызавт.обл	7	1	4	-	-	3	75	-
барлығы	78	8	9	22	7	38	321	20/15

Көріп отырғанымыздай, әр республикалардағы әкімшілік әртүрлі басқару сатыларынан тұрды. Ал, ауылдық Кеңестердің саны мен таралуы жөнінде нақты мәлімет жоқ.

Республикалардағы аз санды ұлт өкілдерін бөлу мәселесі де толық шешілмеген. Түркіменстандағы ауылдық Кеңестегі аз санды ұлт өкілдері өзбектерден құралғаны- 19, аралас ұлттан тұратын ауылдық Кеңестер (өзбек, қазақ)-32, тек түгелдей өзбектерден тұратын бір аудан бар. Сол сияқты Өзбекстанда тек қазақтардан тұрған Кенимех ауданы автономиялық бірлікке бағынса, тәжіктердің Канибадам ауданы да жеке болғанымен заңдастырылмаған.

Қырғызстанда тек орыс селолары ғана есепке алынған (139 селода 133106 халық саны беріледі) Бірақ олардың да жеке әкімшілікке бағынуы көп кездеспейді.

Қазақ автономиялы республикасына бұрынғы Түркістанның Сырдария облысынан Ақмешіт уезі, Әулиеата уезі 24 болыстығымен қаланы қоса, Қазалы, Мырзашөлдің Іріжар және Славян болыстықтары, Ташкенттің бір бөлегі Жаусоғым, Үштөбе, Алтын, Жетісу, Шарапхана, Ақжар, Үштамғалы, Александр, Қошқорған, және Болат болыстығы (10 болыстық), Түркістан және Шымкент, Жетісу облысынан Алматы уезі, Жаркент, Лепсі және Пішпектің 3 болыстығы (Георгиевск, Зачуй, Каракуруз), Талдықорған., Самарқанд облысы Жызақ уезінің 6 болыстығы (Қызылқұм, Аққорған, Фисталтау, Көктөбе, Шардара, Қорғантөбе) енді. Қазақстанға Түркістан АКСР-нің -1485125 адамы өтті. 1.745,4 мың кв.км. тұратын межеленуге тиіс жалпы территориядан Қазақстанға 1.468.724 адам тұратын 685,9 мың кв.км. жер өтті. Ташкент, Мырзашөл, Жызақ уездерінің кейбір аймақтарынан Қазақстан территориясында Ташказах уезі құрылды, оның орталығы алдымен Көктеректе, онан кейін Чичеринода, 1926 ж. 12 қыркүйекте Сарыағашқа көшірілді. Ал, 1928 ж. 17 қаңтарда Ташказах уезі жойылып, оның болыстықтарынан Сырдария ауданы, Богарная округі, Келес болыстығынан Келес ауданы, Қаратас ауданы, Іріжар, Қызылқұм ауданы, Ақжар болыстығы Қаратасқа қарады, Шыршық, Бостандық және Қаратас ауданы құрылды [22, 163-с.].

1924-1926 жж. Орта Азия елдерін ұлттық - территориалдық жағынан межелеу этникалық-территориалдық әкімшіліктерді айқындады. Болыстықтардағы шекаралардың жиі өзгеруі халықтың өз болыстығы мен ауылдарының нөмірін білмеуіне әкелді. Қырғызстанның солтүстігінде 1920-1924 жж. болыстықтарды ірілендіру жүрді. Түркістан республикасының басқа аудандарында шекараны межелеу барысында бір болыстағы ауылдарды басқа болыстыққа жазып шатастыру жиі болды. Осы кезеңдегі Орта Азияның елдеріндегі болыстықтардың саны – 500 дей болды, жіберілген кемшіліктерден болыстықтар мен селолық қауым саны азайды. Бұлардың азаюына 1917-1918 жж. ашаршылық, басмашылықтың зардабы, Кеңес өкіметінен қорқып, шет елдерге көшу, т.с.с. себептермен бірге кейбір қазақтар тығыз қоныстанған аймақтардың 1924-1926 жж. Өзбекстан құрамына енуі де ықпал етті.

Қорыта келгенде, Ресей патшалығы кезіндегі әкімшілік аумақтық бөлінуде облысты, уездерді басқа әкімшілікке қосу не алу сияқты әрекеттер болып отырды. Мәселен, Түркістан генерал-губернаторлығына қараған Жетісу облысын 1882 жылы Дала генерал-губернаторлығына енгізіп, 1899 жылы қайта Түркістанға қосады. Сол сияқты 1874 жылы құрылған Закаспий облысы да Ахалтеке оазисінде 18 жыл болып, 1899 жылы қайта Түркістан генерал-губернаторлығына қарайды. Отарлау

кезеңіндегі патша өкіметінің әкімшілік-аумақтық бөлінулері көбіне жергілікті халықтарды бір-біріне айдап салумен сипатталады.

Кеңес дәуіріндегі Орта Азия республикаларының әкімшілік бөлінулерін сипаттай отырып, мынандай қорытынды жасаймыз. Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңіндегі әкімшілік-аумақтық бөлінулер патша өкіметінің әкімшілік бөлінуінің жалғасы іспеттес яғни облыс, уезд, болыстықтар сақталды. 1920 жылдардан бастап облыстар округке, одан кейін аудандарға бөлінді. Бөлінген ауылдық Кеңестер саны мен халықтардың қонысы нақты есепке алынбады, ауылдар мен селолардың әсіресе көшпелі ауылдардың нақты шекарасы болмады. Болыстықтар арасындағы нақты шекараның болмауы, қоныстардың шашыраңқы орналасуы да әкімшілік бөлінуде қиындық келтірді. Халық қоныстанған болыстықтардың басқа болыстықтарға ырықсыз түрде біріктірілуі (экономикалық мүддесі есепке алынбай) әкімшілік бірлікке бағындыру жүйесінің жетілмегендігін көрсетеді. Міне, Орта Азия елдері территориясындағы осындай әкімшілік бөліністер мен басқарудағы кемшіліктер, республикаларда аз санды ұлт өкілдерінің көбейіп, диаспораға айналуына бірден бір негіз болды деп айтуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Масальский В.И. Туркестанский край // Россия. Полное географическое описание нашего отечества. – СПб., 1913. – Т.19. – 860.
- 2 Венюков М.И. Путешествие по окраинам Русской Азии и записки о них. - СПб.: тип. Им. АН, 1868. - 526 с.
- 3 Лавров М.В. Туркестан. География и история края. – М., 1916. – 201 с..
- 4 Корженевский Н.Л. Туркестан. Физико-географический очерк Средней Азии. – Ташкент, 1922. – 138 с.
- 5 Корженевский Н.Л. Физико-географический очерк Средней Азии. – Ташкент, 1925. – 124 с
- 6 Четыркин В.М. Средняя Азия. Опыт комплексной географической характеристики и районирования. – М.-Л., 1958. – 87 с.
- 7 Фронгардт К.К. Население Киргизии в последней трети XIX-начале XX века. – Фрунзе, 1989. – 228 с.
- 8 Кадыров Ш. Народонаселение Туркменистана: история и современность. – Ашхабад, 1986. – 223 с.
- 9 Материалы по районированию Туркестана. Сборник статей по районированию Туркестана. – Ташкент: ТЭС, 1922. – Вып.1. – С. 77-97.
- 10 ӨРОМА. –39 қор. –2 тізбе. –211-іс. –50 тп.
- 11 Материалы Всероссийской переписи 1920 года. Перепись населения в Туркестанской Республике. Поселенные итоги. Сыр-Дарьинская область. – Ташкент: ЦСУ Туркестанской Республики, 1923.– Вып. 3. – 142 с.
- 12 ӨРОМА. – Р-1 қор. –1 тізбе. –706.-іс. –63-74,105-106 тп.
- 13 Вся Средняя Азия 1926 год. –Ташкент: ЦСУ, 1926. – 654 с.
- 14 Кобландин К.И. Участие казахов в процессе нацистроительства в Бухарской народной советской республике //Вестник НАН РК. – 2008. –№5. – С. 62-67.
- 15 Ораев Н. Экономико-географическое и социальное районирование Туркменской ССР. – Ашхабад.: Минвуз ТССР, 1983. – 126.
- 16 ӨРОМА. –34 қор. –1 тізбе. – 421 іс. – 54 п.
- 17 ӨРОМА. –39 қор. – 5 тізбе. – 116 іс. –7 п.
- 18 Балашев Н.И. Экономическая география Средней Азии. – Ташкент, 1924. – 274 с.
- 19 Салимов Х. Население Средней Азии. — Ташкент: Фан, 1975. – 150 с.
- 20 Всесоюзная перепись населения 1970 г. – М.: Изд-во: статистика, 1976. – 285 с.
- 21 Узбекская Советская Социалистическая республика. – Ташкент: Фан, 1972. – 265 с.
- 22 Справочник по административно-территориальному делению Казахстана авг. 1920. дек. 1936. – Алма-Ата, 1969. – 264 с.

АКАДЕМИК КЕҢЕС НҰРПЕЙІС – КӨРЕГЕН, ДАНЫШПАН ҒАЛЫМ ЕДІ

ШАЙМЕРДЕНОВА ҚАЙНИ ҒАББАСҚЫЗЫ

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік
Комитеті Шеқара қызметі Академиясы

Аңдатпа. «Академик Кеңес Нұрпейіс – көреген, данышпан ғалым еді» атты мақала Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті мен ҚҰА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының көрнекті ғалым, академик Кеңес Нұрпейістің құрметіне арналған дәстүрлі «Нұрпейіс оқулары» аясында «Жаңа тарихи сана қалыптасуы контекстінде Отан тарихын зерттеудің мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда баяндалады.

Тірек сөздер: 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы көтеріліс, 1989 жылы 6 маусымда Қазақстанның халық ақыны М.Шахановтың Мәскеудегі Кремль сарайында сөйлеген сөзі, К.Нұрпейісұлының 2007 жылы журнал «Шекарашыда» жарық көрген соңғы еңбегі «Қайсақ. Қырғыз. Қазақ». Адамгершілік қасиеттері, ғылыми ортасымен қарым-қатынасы, елдің келешегі туралы пікірлері, қазіргі заманға көз-қарасы.

Әр халықтың тарихында өшпестей із қалдырған, қастер тұтатын уақыттары болады. Қазақстан тарихында сондай уақыт тәуелсіздік алған кез. Мінеки тәуелсіздігіміздің аттай 33-жылдығын бйыл атайық деп отырмыз. 33 жыл деген немене? Маңдайының соры бес елі қазақтар өз жерінде жаулаушы отарлаушыларға қарсы 300-ден аса ұлт-азаттық күреске шыққанын біз тарихтан білеміз.

Ұлт-азаттық көтерілістердің ішіндегі 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы көтерілістің маңызы өте айрықша, өйткені ұзақ жылдар қазақ ұлтының бойында тұншығып, булығып келген ыза желтоқсанда жарылды. Бұл жарылыстың күшті болғаны сондай, тіпті күллі әлем дүр сілкінді. Бірінші: Варшава шартына топтасқан социалистік елдер КСРО-дан іргесін аулақ салуға ұмтылды. Ал екіншісі: КСРО-ның өзін құраған одақтас республикалар тәуелсіздік үшін күресті бастап кетті. Сонымен, XX ғасырдың аяғында Қазақстан және басқа да республикалар аңсаған азаттығына қол жеткізді.

«Ел ерге қарап, Ер жерге қараған» 1986 жылғы қиын-қыстау кезеңде Ұлт намысын ту етіп, әлемнің ең үлкен мінбелерінен сөз сөйлеп, қазақтардың мерейін тасытқан қазақтың бетке тұтар азаматтары сол кезде елдің рухын көтерді. Соның ішінде *Мұхтар Шахановты* атауға болады. Ұлы азамат, ыстық жүректі қайраткер қазақтың тағдыры мен тілін қорғап, сол кезден-ақ жірегі тілім-тілім болып, қазақтардың келешегі үшін отқа да, суға да түсуге, тіпті аштық жариялауға да даяр болған қазақтың дара перзенті Мұхтар-ағамыз.

1989 жылы 6 маусымда Мәскеудегі Кремль сарайында Мұхтар-ағамыз, сол кезде КСРО халық депутаты, съездің 10-шы күні болса да, ақыннан қауіптеніп съездегі орыс басшылары сөз бермеген. Сонда М.Шаханов ретін тауып, Арал мәселесін айтамын деп, 3 минуттік сөз алған [1].

«Үш минут...

Үш ғасырға бергісіз 180 секунд.

Өзгелердің мысын басып,

Қазақтың рухын көтерген.

Ұлтымыздың бағын ашып,

Болашағын айқындаған.

Үш минут!!!

Осы үш минутта

Үш ғасырлық зар-запыранымыз,

Мақсат-муратымыз.

Аспандағы Айдың артына

Қала берді,

Темір торға жазықсыз жабылған

101 боздақтың

«қайсар ұрпақтың көз-жасы»

Жатқан-ды».

Үш минуттың ішінде Қазақ ұлтының айдарлы перзенті Қазақстанды жарқын болашаққа бастайтын жолға бетін бұрды. Айта берсек, сол кезде Қазақстанның талай азаматтары бас көтеріп, келешегін ойлай бастады.

Мұхтар-ағамыздай, елдің мүддесін ойлаған, қазақтың келешегін, тәуелсіздігін аңсаған шынайы азаматтардың бірі, қазақтың көрнекті тарихшысы, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР ҰҒА академигі, ғылым мен техникасына еңбегі сіңген ғұлама ғалым Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұжымында 50 жылдай жұмыс істеген, Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінде дәріс оқып жас ғалымдарды, келешек педагогтарды тәрбиелеген. Қазақ мемлекеттік қыздар университетінде және де Қайнар университетінде дәріс оқып, ғылыми конференцияларға қатысқан ардақты ағамыз, ұлы ғалым Кеңес Нұрпейіс.

Ең алдымен, Кеңес-ағаға ғұлама, ғалым ретінде сипаттама берейін. Кеңес Нұрпейісұлының терең ойлайтын ғалым екенін байқадым. Ол кісі Отан тарихының өзекті мәселесін, яғни Кеңес үкімінің қалай орналасқанын, оның ішінде Алаш зиялаларын терең зерттеді. Менің әкемде Алаш зиялаларының мүшесі болған, көп қорлық, көп зиян көрген адам еді. Ресей жеріне қашып, атылудан құтылып кеткен. Сондықтан болар, Кеңес-ағамен Алаш зиялаларын жөнінде көп әңгімелесуді жақсы көруші едім. Ағаның «Алаш һәм Алашорда» кітабын бас көтермей оқып шықтым. Содан кейін ғалымның бар еңбектерін қалдырмай оқып жүрдім. «Недеген терең ойлы, талапты ғалым! - деп, таңқалатынмын.

Кеңес Нұрпейісұлының *ең соңғы еңбегі* елдің арасында көп тарамған. 2007 жылы өмірден өтер алдында Мәриям-жеңгейге телефон соғып, ағаның халын сұрадым. Жеңгей ағаның нашарлағанын айтты. Мен ағаңа Совмин ауруханасынан барып, көргім келетінімді айттым. Бірақ Мәриям-жеңгей барарымды дұрыс көрмеді.

-Мен қазір ауруханаға барып келем. Сосын саған хабарласайын,- деді. Жарты сағаттан кейін телефон шыр етті. Телефонді алсам, Кеңес-ағаның өзі алды. Таң қалдым.

-Кеңес-аға, Сізді көргім келеді, әбден сағындым,- дедім.

-Жоқ, Ғайни, мені енді көрмей-ақ қой. Сен мені көрсең, жылайсың, ал мен сенің көз жасыңа

шыдай алмаймын,- деді.

-Жоқ, аға, жыламаймын, қоштасқым келеді,- дедім.

Біраз үндемей тұрды да, мынандай сөздер айтты:

-Жақсы көрген қарындасым едің, қош-сау бол. Бірақ саған жұбаныш болсын, мен бір мақала жаздым. Сол мақала сені табар, не сен сол мақаланы табарсың. Сонда мені жақсы түсінерсің,- деді де телефонді өшірді...

Нашарлағансоң, жеңгей такси шақыртып ауруханаға жеткізіпті. Үш күндесін қайтыс болды. Ғайникен-апайға тпелефон соқсам: «-Ғайни, мен Совмин ауруханасына түсіп қалдым, сен ағанды соңғы сапарға шығарып сал», - деді. Мен, әрине, бардым қоштасуға.

Бір күні жұмысымдағы генерал Елубаев Б.Ы. шақырып, кірер бөлімшесінде отырсам, стөлдін үстінде журнал «Шекарашы» жатыр екен. Ашып оқысам, Кеңес-ағаның мақаласына тап болдым. Ол еңбектің аты «Қайсақ. Қырғыз. Қазақ»[2, 67-69 бб.] деп аталған. Мен мақаланы оқып, ағыл-тегіл жыладым да, генералға кіре алмайтынымді түсіндіріп, шығып кеттім. Кафердаға келгенімде кафедра бастығы түрімді көріп, жұмыстан босатып, үйге жіберді. Екінші күні тағы генерал шақырып алды. Барсам, алдында «Шекарашы» журналы жатыр. Генерал адъютанттан мақала жөніндебіліп, 10 дана етіп көбейтіп қойыпты, мақаланың 10 данасын берді. 2007 жылғы шілде айының 5-6 нөмірінде жарыққа шыққан екен.

Эпиграфқа Кеңес-аға белгілі ақын *Қадыр Мырзалиевтің* өлең жолдарын келтірген:

«Кең болғанмен соншама қыр біздегі

Өз жерімде өзімді жүргізбеді.

Қазақ деген атымды тартып алып,

Қырғыздарға қосақтап,

Қырғыз деді!».

Қандай тамаша, бар шындықты айқындайтын сөздер! Кеңес-аға үлкен өкінішпен, ауыр күрсініп отырып жазады: «...орыс халқы өкілдерінің сібірлік қырғыздармен (Енисей мен басқа да Сібір өзендерінің аңғарларын XVII ғасырға дейін мекендеген) қырғыздардыңқазақтарданмен бұрын да аралас-құралас жүргендері тарихтан белгілі»[3, 67 б.].

Одан кейін ғалым *Міржақып Дулатовтың* 1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында жарыққа шыққан «Қазақ, қырғыздың аты, тегі» туралы мақаласын талқылаған. «...орыстың ұғымында «қырғыз» деген сөздің өзі жау, шабағаншыл мағынасында орнап қалған», - деген[4, 67 б.]. Жаны ашыған қайран Кеңес-ағамыз орыстар «қазақтарды да қырғыздай жек көріп, лағынет орнына «қырғыз» деп, 5 сәуірде шыққан мақаласындажазады[«Қазақ әдебиеті», 1991 жылғы]. *Міржақып Дулатовтың* айтуынша, «қазақ халқына күштеп тағылған «қырғыз-қайсақ», «қырғыз-қазақ», «қырғыз» атаулары орыс тіліндегі әртүрлі әдебиетте және құжаттарда XVIII ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап тарай бастады. Бұл сөздерді айналымға еңгізгендер Оңтүстік Орал мен Сібір арқылы қазақ аудандарында болған патша үкіметінің әскери, дипломатиялық және жергілікті басқару қызметкерлері болды, - деп мәлімет береді зыялы ағамыз[5, 68 б.]. Ал қайраткер ағамыз Нұрпеисұлы Кеңес «қазақ-орысты қазақтармен шатастырмау үшін патша әкімшілігі ресми түрде қазақты «қырғыз» деп атап, ал нағыз қырғызды «қара қырғыз» деп атады,- дейді.

Және ғалым *Ш.Ш.Уәлихановтың...* «Қырғыз-қазақтардың дұрыс аты «қазақтар», депмақалада жазады, - деген [6,с.197]. Ш.Уәлихановтың «қара қырғыз» аталып кеткен қырғыздар Ыстықкөл бойының Текес жоғарғы ағысының Шу мен Талас өзендерінің аңғарын, Тянь-Шань тауының күнгей жағын, сонымен бірге, Памир таулы жазықтарын мекендеді, -деп жазған ғұлама ағартаушы-ғалым [7, 97-бет].

Барлық қазақтарға қазір танымал журнал «*Айқап*» пен «*Қазақ*» газеттерінің бетттерінде де кезінде зиялы алашордалықтарықазақтардың атын бұрмалау жөнінде бірқатар мақалалар жариялаған. 1913 жылы «Қазақ тарихы» атты мақалада бір жазушы былай: «Қазақ-қазақ, қырғыз өз алдына қырғыз, бұлардың арасында ешпір ілік жоқ» деген. Әріқарай автор «Қазақ қазақ болып қалу үшін өзіміздің әдет-ғұрыпқа сай қазақ мәдениетін құрып, қазақ әдебиетін түргізу қажет», - деп аяқтаған.

Кеңес-аға мақаласында 1920 жылы құрылған біздің Республикамыздың ресми түрде РСФСР-дің құрамында Қырғыз Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы болғанын ескерте отырып, Республика атауы бұрмаланып, Қырғыз АССР аталғаны мен қатар, «нацмен» есімі танылғанымен, әрбір қазақ өзін қазақ деп атады,- дейді. Осы кезде қазақтың бетке ұстар азаматтары *Сәкен Сейфуллин, Ораз Жандосов, Міржақып Дулатов, Сейітқали Мендешев*, XX ғасырдың 20-30 жылдарында жауапты партия және совет қызметінде, оқу-ағарту салаларында қызмет атқарған тағы да басқа азаматтар қазақ халқының тарихи шын атын өзіне қайтару үшін аз тер төккен жоқ, - дейді Кеңес-аға.

Әсіресе ғалым *Сәкен Сейфуллиннің* мынандай пікірін келтіреді: «Партияның әм Совет үкіметінің жалпы істеріне, жалпы бағытына ең үлкен қатерлі, үлкен кеселді, зиянды нәрсе - бұрынғы ұлық, қожа болып қалған зор ұлттан шыққан «өзімшілдік», «отаршылдық... ең аянбай күрсесетін затымыз осы», - деген

көрермен аяулы сұлу ағамыз [8, 156-157 беттер].

Кеңес Нұрпейісұлының ғылыми еңбектері туралы көп айтуға болады. Аяулы ағамыз қайтыс болғаннан кейін 2015 жылы шыққан Кеңес Нұрпейісұлы шығармаларының жинағында XX ғасырда өмір сүрген және қазақтың келешегін ойлаған, тәуелсіздігін аңсаған қайраткерлер, ғалымдар, жазушылар жөнінде жазған ең құнды мақалалар жинағы жарық көрген.

Біріншіден, осы кітаптың ішінде қазіргі заманға да, тәуелсіздіктің алғашқы кезіндегі биліктегі басшыларға да сипаттама берілген. Ең соңғы мақаласы «көмусіз қалған боздақтарға» арналған [9, 328-339 бб.]. Осы мақалалар жинағынан біз Кеңес-ағаның қандай ыстық жүректі, данышпан ғалым болғанын байқаймыз.

Екіншіден, Кеңес-ағаның адами қасиеттеріне тоқтағым келеді. Мен бұл кісіні Қазақстан тарихын зерттеген, терең талқылаған «Қазақтың Ұлкен тұлғаазаматы» дер едім. Менімше, жақсы адам болу – барлық жандарға беріле бермеген қасиет. Адамда жақсы қасиеттер де, жаман қасиеттер де кездесе береді. Бірақ біреулерде жақсылық жағы ұтымды болса, екіншілерде жаман қасиеттер молырақ болады.

Кеңес-ағада тек жақсы қасиеттер ғана болды: себебі бала кезінен қиянатты көп көрген кісі еді. Сондықтан аяушылық, қамқорлық, жәрдемділік қасиеттері ең алдымен, көзге түсетін. Жастарға, сұраса, ақыл беру, түсіндіру, талай азаматтарға қол үшін беру, жас ғалымдарға аянбай ғылыми көмек беру абзал ағамыздың ең ғажап өзіне тән қасиеттері еді. Ғылыми кеңестерде ғалымдардың арасындағы болатын пікір-таласта Кеңес-аға қызбалыққа бағынбайтын, қайта оппоненттерін тыңдап, өзінің көзқарасын ашық жеткізетін. Егер өзінің қателескенін білсе, кешірім сұраудан да тайынбайтын, кек сақтамайтын. Өзі біртүрлі қызмінезді адам еді. Әйел-қыздарға тек «қыздар» деп сөйлейтін. Еш уақытта ашуланып, қыздарға ұрысып сөйлемейтін. Тек қана жақсы көзбен, жақсы сөзбен қыздармен, келіншектермен сөйлесетін.

Үшіншіден, Кеңес-ағаның өзінің отбасында да қарым-қатынас бәрімізге үлгі еді. Әсіресе Кеңес-ағаның өзінің анасына деген махаббаты таңқалдыратын. Жасынан жетім қалып, нағашы-апасының қолында өсіп, сол кісіні *Ана* атап, күткені көз алдымызда өтті. Қартайған кезінде анасының аяғы ауырып, жүрмей қалған еді. Өзі өте толық жан болған. Қатты ауырып, дәретханаға жете алмай жатқан кезінде Кеңес-аға өзі көтеріп, күткенін айтқанда, шыдай алмаушы едік.

Анасы қайтыс болғанын естіп, Шолпан Керимтаевна екеуіміз көңіл айтуға барғанда, анасы туралы маған өте көп әңгіме айтты. Әрине, осындай тамаша адамның тәрбиесін көрген, жақсы қасиеттерін үлгі тұтқан Кеңес-аға ең керемет азамат болып өскен, анасын үлкен құрметпен соңғы жолына шығарып салған. Анасы сегіз қырлы, бір сырлы жан болған екен: шебер тігінші, тамаша тоқушы, әнші, сұлу жан болған кезінде. Анасын мақтағанда, Кеңес-ағаның беті жарқырап, біртүрлі ашық, көркем болатын еді.

This research was supported by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan under Grant No. AP19676769, titled “Logistics of Imperial Russian military campaigns in Kazakh steppe and Turkestan region: impact and consequences on Kazakh society”.

REFERENCES

- 1 *ITsentrал'nyy Gosudarstvennyyarkhiv Respubliki Uzbekistan. F. 71, Op.1. D. 7.*
- 2 *Gosudarstvennyyarkhiv Zhambylskoy oblasti. F. 140, op.1, d. № 81. L. 23-25. // Zapiski general-mayora Chernyaeva o kreposti Aulie-Ata ot 2 iyunya 1864 goda*
- 3 *Kokandskaya krepost' i Aulie-Ata: — stranitsy istorii Taraza v 1826—1864 gg // "Tugan Olke" (Rodnoy kray). Istoriko-kraevedcheskiy arkhivnyy zhurnal / F. P. Grigoryev, A. A. Meylikh. — 2004. — № 2, 3*
- 4 *Maduanov S. Istoriyakazakhsko-uzbekskikh otmosheniy v XIX-nachale XX vv. Turkestan, 1992. 180 s*
- 5 *Kallaur V.A. K istorii Aulie-Ata // Protoko lyzasedaniy islo obshcheniy chlenov Turkestanskogo kruzhhkalyubiteleyarkheologii, Tashkent, 1903.*
- 6 *Obruchev I. Voенno-statisticheskyy sbornik. Vyp. 3. SPb., 1863, s. 130.*
- 7 *Kazakhstan tarikhyykonezamananbugingede yin. Kozybaev M.K. (bas red.) Tom III. Almaty: Atamura, 2002. — 768 b.*
- 8 *Turkestanskiy sbornik. Sost: V.I. Mezhev. t. 5, 1867 g. SPb., — 336 s.*
- 9 *Iz istoriykazakhov: sbornik / Sost. S. Eshmukhambetov, S. Zhekeev. - Almaty: "Zhalyn", 1999. - 528 s.*

ЕСІМДЕРІ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН АЛАШ АРЫСТАРЫ: ҚАБЫШ ИСАҰЛЫ БЕРДАЛИННИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

НҮРБАЙ ҚАЙЫРБОЛАТ ЖАКЕНҰЛЫ

тарих ғылымдарының докторы., профессор

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада Алаш қайраткері, танымал ақын Қабыш Исаұлы Бердалиннің өмірі мен қызметінің кейбір кезеңдері қарастырылады. Мұрағаттық, өзге де тың деректерді талдау негізінде Қабыш Исаұлының саяси-қоғамдық қызметі жаңа қырынан талданады. Атап айтқанда, ол түрікшіл идеяларын ұстанған, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрескер ретінде кеңес өкіметін қаламаған Алаш азаматы ретінде халыққа танылғандығы туралы баяндалады.

Тірек сөздер: Алаш, ақын, түрікшілдік, саясаткер, күрескер.

Әйгілі алаштанушы тарихшы-ғалым К.Н. Нұрпейістің құрметіне арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция тақырыбының «Жаңа тарихи сана қалыптасуы контекстінде Отан тарихын зерттеудің мәселелері» деп аталуына байланысты және ғалымның негізгі зерттеу тақырыбы Алаш тарихы болғандықтан, таяу болашақта орындалуға тиіс міндеттердің бірі - кеңес өкіметінің қуғындауына ұшырап, жат жерлерді паналауға мәжбүр болған, есімі көпшілікке беймәлім кейбір Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметін, тәуелсіздік жолындағы күресін зерттеу болып табылады.

Соңғы жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Қазақстан Президентінің 2020 жылғы, 24 қарашадағы үкіміне сәйкес Алаш қайраткерлеріне, жалпы Алаш қозғалысы тақырыбына қатысты кешенді зерттеулер жүргізілгені белгілі. Алайда ауқымды зерттеуді қажет ететін бұл жұмыс толық аяқталмаған сияқты, өйткені мысалға үшін айсақ, Алаш қайраткерлерінің шетелдегі қызметі туралы, олардың шетелдік ұйымдармен байланыстары жөніндегі шетелдік құпия мұрағаттық қорларындағы құжаттар мен деректер зерттелмеген (*Түркіменстан, Өзбекстан, Иран, Ауғанстан, Жапония, Қытай, Ресей мұрағаттарындағы құжаттар*). Сондықтан да, жаңа, тың деректер мен құжаттарды ғылыми айналымға енгізу, оқырманға, жастарға таныстыру аса маңызды.

Жоғарыда атап өтілгендей, кеңес өкіметінің қуғындауына ұшырап, жат жерлерді паналауға мәжбүр болған, өмірі мен қызметі зерттелмей жүрген, өзге елге (*Ресей федеративтік республикасына*) көшуге мәжбүр болған сондай Алаш азаматтарының қатарына кешегі Мұстафа Шоқай (*Түркістан конфедеративтік республикасын құру идеясы*) мен Әлихан Бөкейхан (*Қазақ-Баиқұрт-Түркістан-Сібір федерациясын құру идеясы*) сияқты Алаш қайраткерлерінің түрікшілдік идеяларын жоғары ұстанған, есімі қалың көпшілікке беймәлім, халқының мүддесі үшін аянбай қызмет еткен Алаш қайраткері Қабыш

Исаұлы Бердәліні де жатқызуға болады (*орыс деректемелерінде - Қабыш Бердалин*). Мәселен, оның түрікшіл азамат болғандығын мұрағат қорларында сақталған мынадай дерек дәлелдей алады: «... является поэтом, у него были обнаружены стихи антисоветского характера,... проводящие явно пантюркистские идеи...» (ПОММ: 2 п.).

Осы орайда атап айтар болсақ, 1920 жылдардың басында Алаш қайраткерлері түрікшілдік идеялары аясында жасырын ұйымдарға топтасып астыртын үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген көрінеді, бұл идеялардың республика аумағында, әсіресе оңтүстік аймақтарда мұсылман халықтарының арасында дәріптелуі және қоғамда қолдау табуы мұрағат деректерімен дәлелденеді. Атап айтқанда, Оренбург губерниясының, мемлекеттік саяси басқармасының 1924 жылдың мамыр айындағы мәліметтері бойынша «Түркістанды (1918 жылы құлатылған Түркістан автономиясы – Қ.Ж.Н.) Кеңестер Одағынан бөліп алуды көздеген Түркия мемлекетінің жоспарын қолдаған зиялы қауым өкілдері Түркістан мен Бұхараман байланысты Түркістанға жиі барып-келіп жүрген Оренбург қаласының 1-ші мешітінің имамы молда Хусаиновтың бауыры арқылы орнатқан» (ООБММ: 26, 28-29 п.). Тағы мысал келтірсек, кейбір мұрағат құжаттарынан алынған мәліметтер бойынша 1922 жылы Оренбург қаласында өткізілген алашордашылардың жасырын жалпықазақ құрытайында кеңес үкіметін күшпен құлату және Қазақстанда буржуазиялық-демократиялық республика құру туралы шешім қабылданған (Қазақстанның саяси тарихы..., 2005: 63 б.).

Сондай-ақ, түрікшілдік идеяларының Алаш қайраткерлерінің бастауымен қоғамда белсенді талқыланып өзекті мәселеге айналғанын, облыстар мен уездерде жергілікті кеңес үкіметі ұйымдарының жанында арнайы құрылған Түрік секциялары дәлелдей түседі. Мысалға үшін, 1920 жылдың 9 ақпанында өткен Павлодар уездік революциялық комитетінің жиынында сөз алған Семей губерниялық революциялық комитетінің, Түрік халықтары секциясының төрағасы Әлімхан Ермеков Павлодар уездік революциялық комитетінде де Түрік секциясын құру керектігі туралы баяндайды және оның ұсынысы бойынша Павлодар уездік Түрік секциясын уездік революциялық комитетінің мүшесі, 1917 жылғы, желтоқсан айындағы II жалпықазақ құрылтайының жұмысына қатысқан, 1918 жылы Павлодар уездік Алашорда Кеңесінің төраға орынбасары қызметін атқарған Ахметолла Барлыбаев басқаратын болды (ПОММ: 70 п.). Дәл осы уақытта Павлодар уездік РКП (б) бюросында да Түрік халықтарының секциясы құрылып (*кейінде – Қырғыз секциясы, Қырғыз-татар секциясы*) оны Жұмат Шанин басқарды (ПОММ: 46-б п.).

Демек, 1920 жылдардың бірінші жартысында Түркістанда және жалпы қазақ қоғамында қазақ саяси қайраткерлері қызметінің негізгі бағыттарының бірі түрікшілдік, түрікшілдік-мұсылмандық бағыты болғандығы күмән келтірмейді. Бұған бір жағынан Алаш қайраткерлерінің ұлттық құндылықтарды дәріптеу жолындағы қажырлы еңбектері ықпал етсе, екінші жағынан қоғамдық сананың азат болуына, еркіндікке деген алғашқы талпыныстар жасалған жаңа экономикалық саясаты реформасының ықпалы болса керек.

Алайда өкініштісі сол, 1925 жылдан бастап Сталин-Голощекин саяси тандемі республиканың бетке ұстар азаматтарын қудалап, еркін ойлау қабілеттерін тұншықтырды, ақыр-соңында қуғын-сүргінге ұшыратты. Қабыш Бердалиннің өмірінің қайғылы кезеңі де Ф. Голощекин билігімен байланысты болды. Бұл турасында сәл кейінірек айтатын боламыз, әзірше Қабыш Исаұлы Бердалиннің өмірі мен саяси қызметіне тоқталсақ.

Қабыш (*азан шақырып қойған аты – Фабділжапар*) Исаұлы Бердалин Омбы облысының аудандық АХАЖ бөлімінің 1996 жылы, 24 желтоқсанда берілген анықтамасына сәйкес 1867 жылы (*кей деректе 1873 ж.*) (ПОММ: 181-182 п.) сол кездегі Семей облысының Павлодар уезіне қарасты № 8 ауылда (*кейінде - ГРЭС*) дүниеге келген (*қыстаулары Ертіс бойы мен Ақсу өзені жағасындағы жерлер, ал жаз жайлауы Екібастұз-Қалқаман алқабындағы қырда, бұл жерде көл және Қабыш аралы бар*) (Шора Қамзин, 1989).

Айта кетерлік жайт, Қабыш Бердалин аймақтағы атақты адамдардың тікелей ұрпағы болып табылады. Атап айтқанда, Баянауыл округінің аға сұлтаны Қазанғап би Сатыбалдыұлының шөбересі және Ертіс өңірінің белгілі кәсіпкері, Алтыбай болыстығы Иса Бердалиннің баласы (Қазанғап би, 2008: 118 б.).

Кеңес өкіметі орнаған 1917 жылға дейін Қабыш Исаұлы Павлодар уезінің Қараоба болысын басқара отырумен қатар болыстық биге сайланып, би-ақсақалдар сотына төрағалық жасаған. Қариялардың айтуына қарағанда, ол кісі өте білімді адам болған, ағартушылық және діни сауаттылықты қатар меңгеріп, бірнеше тіл білген (Шора Қамзин, 1989; Жұмаш Абдуллаұлы, 1996). Еңбек ардагері Шора Қамзиннің (*Кеңес Одағының батыры Қанаш Қамзиннің інісі*) мәліметі бойынша 1965 жылы Павлодар облысы, Потанин ауылының «Күрең ат» жайлауында көп жылдар бойы Қабыш мырзаның арнаулы ат күтушісі, делбе ұстаушысы болған Шайхы ақсақалмен жолығып, ол кісінің Қабыш Исаұлының адамгершілігін үлкен хикая етіп айтылғаны баяндалады (Шора Қамзин, 1989). Бұдан басқа қарамағында Файзурахман

Тасыбайұлы қажы деген молдасы және етікшісі болған (Шора Қамзин, 1989). Шора Қамзиннің айтуынша, «Қабыштың өз бойында шонжарлық, тәқаппарлық мінез болмаған, ол көпшіл, ойшыл, жастарға тәрбие және өнер үйретуді көп қарастырған адам деседі. Жолдастыққа берік, өнерлі-ұста, шебер, етікші, сауатты, әнші мен күйшілерді жанына көп жинағанына жеткілікті дәлелдер бар» (Шора Қамзин, 1989).

Павлодар уезі және жалпы Семей облысы аумағындағы тұрғындардың арасында Қабыш Исаұлының саяси сауаттылығымен қатар оның ақындық өнерін қаламынан туындаған өлең-жырлары дәлелдей түседі. Атап айтсақ, «Шүкірлік», «Ғабділманап (*Манап*) інісіне жоқтауы», «Мәкпуза бәйбішесіне арналған жоқтауы», «Қара ат», «Иманқұл (*Бозғозы найман*) досына арналған өлеңі», «Кәмпескеге арналған өлеңі», «Адасқанда» поэмасы, т.т. (Қазанғап би..., 2008: 117-118 б.).

Кейбір мәліметтер бойынша Алаш азаматының араб тілінде жазылған өлеңдер қолжазбасы Ұлттық Ғылым Академияның ғылыми кітапханасындағы қолжазбалар және сирек кітаптар бөлімінде «Молла Мұқан» деген лақап атпен сақтаулы (Қазанғап би..., 2008: 117-118 б.). Осыған байланысты Шора Қамзиннің баспасөз беттерінде айтқан пікірін келтіруді жөн санадық: «1990 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Боздағым» атты жинақта «Молла Мұқанның інісін жоқтауы» деген шығарманы оқып қайран қалдық. Себебі бұл жоқтауды шығарушы молла Мұқан емес, ақын Қабыш Исаұлы», - деп жазған екен (Шора Қамзин, 1992). Деректерге жүгінсек, «Апай-Бөрі» жерінде, кейінде Ақсу ауданында (*Павлодар облысы – Қ.Ж.Н.*), Керекуде (*Павлодарда – Қ.Ж.Н.*) ол (*Қабыш Исаұлы – Қ.Ж.Н.*) әнші болып танылған, 1936-1937 жылдары Алматыда болған әншілер жиынына қатысқан Әбдіғазиз Алтайұлы (*1967 жылы 80 жастан асып, дүниеден қайтты*) жас кезінде Қабыштың әнші-қосшысы болып, ел аралап, жиын, той, бәйгеге қатысқан уақыттарын ерекше әңгіме ететін де соған қосып ол кісінің шығарған өлеңдерін әнмен орындағанын талай рет тыңдап едім», - деп еске алатын Шора Қамзин ақсақал (Шора Қамзин, 1989). Сонымен қатар, ол кісі «Естайдың ақын, әнші қабілеті барын Қабыш түсіне біліп оған өзінің ақындық және композиторлық әсерін тигізген, Қабыштың көп өлеңдері ел аузында өз әнімен айтылады, ал соңғы кездерде ол кісінің әндерін кейбір ақындар айтысында және термешілердің пайдаланып жүргені байқалады», - деп жазған екен (Шора Қамзин, 1989).

Сондай-ақ, Қабыш Исаұлының есімдері әйгілі әнге арқау болған Құсни мен Қорланға қатыстығы бар сияқты. Мәселен, өлкетанушы Қазыбек Нұралиннің мәліметі бойынша «Қабыштың (*Қабыш Бердалин – Қ.Ж.Н.*) қалыңдығы (*Кұлташ, руы құлатай-қытшақ – Қ.Ж.Н.*). Арғынғазы Жолымбет баласы деген кісінің қызы болған. Арғынғазы Маралды жерінің (*Павлодар облысы – Қ.Ж.Н.*) болысы болған. Арғынғазының немере інілері Сұлтанғазы мен Сұлтанәлі Әкімбет балалары Ұрық жерінде бірі болыс, екіншісі сол болыстың биі екен. Қорлан мен Құснидің әкесі Сұлтанәлі болыс» (Қазыбек Нұралин, 1989). Демек, бұл дерекке жүгінсек Құсни мен Қорлан Қабышқа бөтен адамдар емес, дәлірек айтсақ оның қайынжұрты. «Қабыштың аталары Маралды-Ұрық болыстарымен ертеден құдандалы болған және өзінің де қалыңдығы (*Кұлташ – Қ.Ж.Н.*) сол жақтан әкелінгендігі шындық», - деп Шора Қамзин ақсақалдың айтқаны жоғарыда келтірілген мағлұматты дәлелдей түседі (Шора Қамзин, 1989). Сондай-ақ, Шора ақсақалдың «Қабыштың Құсни және Қорлан атты қыздарды бұрыннан білуі, ұлтымыздың дәстүрі бойынша балдыздарын еркелетуі, қалжыңдауы мүмкін. Естайға да көрсетіп, әнге қосу сыйымды екенін ел (*қайын жұрт*) түсіне білген» (Шора Қамзин, 1989), - деп айтуы да орынды. Сондықтан, Қазыбек Нұралиннің «Маралды еліндегі қалыңдығына барған адам – Қабыш Тоғай бойындағы (*Ертіс бойындағы*) Бәсентіін елінің Қараоба болысы Исаның баласы», - деп жазғаны шындыққа жанасады (Қазыбек Нұралин, 1989). Сонымен бірге, Шора Қамзин өзінің мақаласында «Қорлан әніне (*әйгілі «Құсни-Қорлан» әні – Қ.Ж.Н.*) Қабыштың да қатысы барлығын, әннің сөздерінде келетін араб тілдеріндегі атаулар байқатады. Өйткені мұндай парсы-араб тіліндегі есімдер Қабыштың өлеңдерінде жиі пайдаланылған», - деп жазған екен (Шора Қамзин, 1989). Шора ақсақалдың айтуынша «алашшыл Қабыш халқы алдында оқымысты, ақын және композитор болып танылыпты» (Шора Қамзин, 1989).

Кезінде Біржан Сарамен айтысында «Ұл тумас Қазанғаптай ата ұлынан» десе, Құдайберген ақын Қадшамен айтысында Кереку-Ертіс өңірінде Қабыш Бердалиннің беделдігі атап өтіледі:

«Затында Апай-Бөрі Қабыш боп тұр

Қабыштар Керекуді қарына ілген» (Жұмаш Абдуллаұлы, 1996; Жұмаш Абдуллин, 1992).

Қабыш Исаұлының Бибіханым Оспанқызынан (*руы «апай», әкесі Оспан қажы уездегі белгілі адам*) туған Исенова Нүрән Қабышқызының (*1925-1991 жж.*) айтуына қарағанда, әкесі білімді және діни сауаттылығы терең, құрметті адам болған. Той-думанның құрметті адамы болатын ол кісі тойда қолына домбыра алып, ән салатын. Сондай бір тойда (*Омбы қаласының маңындағы Таймас ауылында*) батыр палуан Қажымұқан Мұңайтпасов та қатысқан, бала Нүрәннің есінде қалғаны, әкесі Қабыш пен Қажымұқан екеуі киіз үйдің төрінде қатар отырғандары. Исаұлы Қабыш елдегі діни мәселеге ден көңіл бөліп, қызу қатысып отырған. Атап айтқанда, беделді және діни көзқарасы бар азамат ретінде Орталық мұсылман діни Басқармасының Павлодар аймағындағы өкілі Бүкілресейлік мұсылмандар құрылтайына

қатысты (ПОММ: 181-182 п.). Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатының қорында Қабыш Исаұлының тұлғалық болмысын айқындайтын «текті әулеттен шыққан, беделі жоғары болған азамат» - деген құнды дерек сақталған (ПОММ: 181-182 п.).

Қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысты маңызды және қандай да даулы мәселелерді шешуде халықтың атынан делдалдық қызметті де атқарып отырды, мәселен Қабыш Исаұлы Павлодар болысы, № 3 ауыл тұрғындарының атынан қыстау маңындағы жер телімдерін Қырғыз тауөнеркәсіп акционерлік қоғамның иелігіне жалға беру туралы келісім-шарт жасап халықтың игілігі үшін қызмет еткен екен (ҚР ОММ: 3, 4, 5 п.).

Қабыш Исаұлы Бердалиннің саяси қызметіне қатысты айтсақ, өз заманында «Алаш» либералды-демократиялық партиясының аймақтағы төрағасы болған ол «Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен сыйлас, сырлас адам болған» (Жұмаш Абдуллаұлы, 1996; Болтина, 1998). Орынбор қаласында 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында өткен II жалпықазақ құрылтайының шешімі бойынша «Алаш» ұлттық-аумақтық автономиясы жарияланып, оны басқаратын Уақытша Алашорда Ұлт Кеңесі құрылды. Оренбург қаласында өткен құрылтайға Семей облысынан (*Павлодар уезінен*) Қабыш Бердалин және Ахметолла Барлыбаев сайланды (Илиясова, 2003: 145, 152 б.). Міне, осы тарихи оқиғадан кейін Дала өлкесінің барлық облыстары мен уездерінде Алашорданың жергілікті ұйымдары – облыстық және уездік Кеңестері құрыла бастады (ҚР ОММ: 3-4 п.; Илиясова, 1999: 157 б.).

Семей облысының Павлодар уезінде большевиктердің ықпалы өте зор болды. Сондықтан да, Қабыш Бердалин басқарған уездік Алашорда Кеңесі Семей облыстық және өзге уездік Кеңестерге қарағанда кеш құрылды (Шаяхметов, 2001: 106 б.). Большевиктерге бүйрегі бұрған Павлодар уезінің 7 ауыл (*кейінде – Ленинский кенті, бүгінде – Атамекен*) тұрғыны Қарамбаев халықты жинақтап, жасырынған орыс большевиктерін құпияда сақтау керектігі жөнінде нұсқау береді (Илиясова, 1999: 119 б.). Сол себепті, 1918 жылдың 15 ақпанында өткен Павлодар уезінің алғашқы қазақ құрылтайы большевиктер қыспағында өтті (*1917 жылдың желтоқсанында Павлодар қаласына майдангер әскерилердің келуі тепе-теңдік күшінің басымдылығын жұмысшы депутаттары Кеңесінің пайдасына шешіп, 1918 жылдың 18 қаңтарында Павлодарда большевиктер билігі орнаған еді*) (ПОММ: 12 п.). Құрылтайда ұлттық қаржы қорын қалыптастыру мәселесі қарастырылды. Оның жұмысына Тұрағұл Құнанбаев және Міржақып Дулатов қатысып, жиналған қауым алдында сөз сөйледі. Алаш азаматтарының ұлттық қаржы қорын құру жөніндегі шақыру үндеуге жауап ретінде қала халқы 21939 сом жинап, бұл шара өз жалғасын табатынына сенім білдірді. Сонымен қатар, қаланың татар тұрғындары да ұлттық қаржы қорын өзіндік үлес қосу мақсатында қорға 8500 сом өткізген (Қазанғап би, 2008: 115-116 б.).

Айта кетерлік жайт, Павлодар қаласының және уездегі қазақ халқы кеңес өкіметін құшақ жая оңтайлы қабылдай алмады. Онын басты себебі - олардың саяси сипаттағы бағдарламасы болды, яғни бұл уезд қазақтарының дені қолдаған «Алаш» партиясының бағдарламасына тіптен қарама-қайшы болды (ҚР ОММ: 12, 16 п.).

Павлодар уезінің II қазақ құрылтайы қалада кеңес билігі құлаған тұста (*1918 жылдың маусым басында облыстық және уездік Қазақ комитеттерінің ықпалымен кеңес өкіметі құлатылып, қайтадан түпкілікті 1919 жылдың 29 қарашасында орнаған болатын*) (ПОММ: 12 п.), яғни 1918 жылдың 13-16 маусым аралығында өткен болатын. Құрылтай қорытындысының маңыздылығы жоғары болды, себебі ресми түрде Павлодар уездік Алашорда Кеңесі құрылып, төрағалыққа Қабыш Бердалин, төраға орынбасары болып Ахметолла Барлыбаев сайланды (ПОММ: 12 п.; ҚР ОММ: 1-2 п.). 1918 жылдың 19-28 шілде аралығында өтетін Павлодар уездік Земство жиналысына үміткерлерді дайындау туралы шешім қабылдаған уездің Алашорда Кеңесі, бұл міндетті уездік Кеңестің мүшесі Ахметолла Барлыбаевқа тапсырды (Илиясова, 1999: 116 б.).

Сондай-ақ, Қабыш Бердалиннің Алашорда үкіметінің тапсырмасы бойынша жұмыстар атқарғаны, мәселен Ресейдің Сібір уақытша өкіметімен келіссөздер жүргізгені белгілі. Атап айтсақ, 1919 жылдың 7 шілдесінде құрамында Қабыш Бердалин, Райымжан Марсеков және Тұрағұл Құнанбаев бар Семей облыстық Земство өкілдігін Уақытша Сібір үкіметі Министрлер Кеңесінің төрағасы П. Вологодский қабылдайды. Қазақтың сот ісі, қазақ жерлерінің әкімшілік құрылымы, жер қатынасын реттеу сынды мәселелерімен келіссөз жүргізген топ мүшелері қазақ зиялыларын қудалауды тоқтату қажеттілігін де назардан тыс қалдырмаған (Шаяхметов, 2001: 119 б.; Аманжолова, 2013: 275 б.).

Қабыш Бердалин жетекшілігіндегі Алашорданың уездік Кеңесі жас Қазақ мемлекетінің негізін қалыптастыруда айтарлықтай жұмыс жүргізді. Атап айтар болсақ, уездік Алашорда Кеңесінің басшылығымен Павлодар уезінде большевиктерге қарсы күрес жүргізу үшін 150 жігіттен құралған «Алаш» әскері құрылды, сондай-ақ осы мақсатта ақшалай және мал есебінде қаражат жинақталды (ПОММ: 181-182 п.; Шаяхметов, 2001: 106 б.). Кеңес өкіметіне қарсы күресті Қабыш Бердалин Алашорда құлағаннан кейін де, 1922 жылы Павлодар уезіндегі шаруалар көтерілісі кезінде жалғастырған болатын,

алайда көп ұзамай Ф. Голощекиннің билікке келуімен саяси жағдай түпкілікті өзгерді (ПОММ: 181-182 п.). Жоғарыда атап өткеніміздей, Қабыш Бердалин өмірінің қайғылы кезеңі Ф. Голощекин билігімен байланысты болды. 1928 жылдың 27 тамыздағы Қазақ орталық атқару комитеті қаулысының 1-ші және 5-ші бабтар негізіне сәйкес Павлодар округінің атқару комитетінің алқасы 1928 жылғы 18 қазанда Қабыш Бердалиннің мал-мүлкін тәркілеп, жанұясын Ақтөбе округіне жер аудару жөнінде шешім қабылдайды (ПОММ: 181-182 п.).

Қабыш Исаұлының жұбайы Бибіханым Оспанқызы Қазақ үкіметі төрағасының атына туған жерден қоныс аудармауын өтініп, оның себебін өзінің және балаларының еш кінәсіз екендігі мен бір жасар баланың болуымен дәйектейді (ҚР ОММ: 3 п.; Қазанғап би..., 2008: 126 б.). Алайда, жер аударудан босату туралы өтініш 1928 жылдың 14 қазанында Қызылордадағы Қазақ орталық атқару комитетінің алқасы жанындағы тәркілеу комиссиясында қаралғанмен, бұл шешім еш өзгермеді. Аталмыш жерге қоныс аудару барысындағы ауыртпашылық, соның нәтижесінде жолда жабысқан аурудан Бибіханым Оспанқызы қайтыс болып, Ақтөбе қаласында жерленеді. Осыдан кейін үлкен ұлы Фариттің (*Қабыш Исаұлының үшінші әйелі Кұлпаиштан туған*) басшылығымен барлық балалары әкесіне жақын Омбы қаласына көшіріледі (*әкесі Қабыш мал-мүлкікті тәркілеу шешімі жарияланғанға дейін Омбы облысына кеткен болатын*) (Қазанғап би..., 2008: 126 б.).

Павлодар округтік атқару комитетінің тәркілеу мен айып шешімін тоспай, жергілікті милиция мен ОГПУ ұйымдарының қудалауынан жасырынған Қабыш Бердалин алғашқыда Омбы облысының Қызылту ауданында, одан кейін осы облыстың № 4 ауылында тұрады. Осы өңірде өзге атты жамылған Қабыш Исаұлы «Алаш» партиясының жақтастарымен ыңтымақтастықты қызу жалғастыра отырып, кеңес өкіметінің қуғындау саясатының солақайлығын және жекелеген коммунистердің теріс іс-әрекетін өлең жолдары арқылы халыққа таратып отырды (Қазанғап би..., 2008: 127 б.). 1934 жылдың 7 қаңтарында тыңшылардың жеткізуі барысында асыл азаматты ОГПУ ұйымдары тұтқындап, біраз уақыт Омбыдағы қалалық түрмеде ұстайды.

Осы жылдың 15 наурызында Батыс-Сібір өлкесінің ОГПУ «ерекше үштігінің» қаулысы негізінде РКФСР ҚІ-нің 58-10-11 бабы бойынша революцияға қарсы қызметке қатысы бар деген айыппен 3 жылға бас бостандығынан айырылады. Жазаны өтеу үшін ОГПУ Сібір лагерінің Юрга лагеріне жөнелтіледі. Толық емес мәліметтер бойынша, Қабыш Исаұлы Бердалин 1934 жылдың 3 маусымынан 1935 жылдың 1 қаңтарына дейін Сібір лагерінің Суслов бөлімінде, ал 1935 жылдың 1 қаңтарынан Сібір лагерінің Тайга бөлімінде қамалынып, 1935 жылдың 9 сәуірінде сонда қайтыс болады (*қазіргі Кемеров облысының Тайга теміржол бекеті, 1943 жылға дейін Новосибир облысына қараған*) (Қазанғап би..., 2008: 127 б.). РКФСР ҚКК-нің 4-ші бабтың 5-ші тармағына сәйкес 1957 жылғы 29 наурызында Сібір әскери округінің әскери сотының № 260 анықтамасы Қабыш Бердалин іс-әрекетінде қылмыстың еш жоқтығын анықтап, 1934 жылғы 15 наурыздағы ОГПУ «ерекше үштігінің» қаулысының күшін жойды. 1996 жылғы 18 маусымдағы Сібір әскери округінің әскери сотының № 1360 анықтамасы Қабыш Исаұлы Бердалинді толықтай ақтап, оның негізсіз сотталуы «үштіктің» айыбы екенін айғақтап берді (Қазанғап би..., 2008: 127 б.).

Баяндамамыздың түйіні: «Алаш» жетекшілерінің бір бөлегі кеңес өкіметінің жағына шығып, Қазақ мемлекеттігі үшін күресті жалғастырды. Алайда, саналы ғұмыры кеңес өкіметіне қарсы күреспен өткен Мұстафа Шоқай сынды Алаш азаматтары аз болды. Солардың қатарында өмірінің соңына дейін өз ұстанымына адал және ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрескер ретінде қалып, кеңес өкіметін қаламаған Қабыш Исаұлы Бердалин да болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). 135 қор. 1 тізбе. 217 іс.
2. Оренбург облысының біріккен мемлекеттік мұрағаты (ООБММ). 1 қор. 1 тізбе. 440 іс.
3. Қазақстанның саяси тарихы: XX ғ. бірінші жартысы (халықаралық ғылыми-іс-тәжірибелік конференция материалдары). 20 қазан, 2004 жыл. - Алматы, 2005. 126 б.
4. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты (ПОММ). 1466 қор. 1 тізбе. 1-2 іс.
5. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты (ПОММ). 7 қор. 1 тізбе. 8 іс.
6. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты (ПОММ). 11 қор. 1 тізбе. 12 іс.
7. Шора Қамзин. Уақыт озғанмен, асыл тозбайды // Қызыл ту, 1989 жыл. 23 наурыз.
8. Қазанғап би Сатыбалдыұлы. - Павлодар: Кереку, 2008. 119 б.
9. Жұмаиш Абдуллаұлы. «Қабышым Керекуді қарына ілген» // Сарыарқа самалы, 1996 жыл. 29 қазан.
10. Шора Қамзин. Исаның Қабышы // Дауа, 1992 жыл. Наурыз.
11. Қазыбек Нұралин. Естай әндері // Қызыл Ту, 1989 жыл. 26 қаңтар.
12. Жұмаиш Абдуллин. «Жіберді алыс жерлерге» // Сарыарқа самалы, 1992 жыл. 16 мамыр.
13. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). 15 қор. 1 тізбе. 1605 іс.
14. В.Д. Болтина. Личные архивы // Звезда Прииртышья, 1998 год. 8 августа.
15. Глясова. К.М. Қазақ съездері: қаулы-қарарлары мен шешімдері (1917-1919 жж.). Құжаттар жинағы. - Қызылорда, 2003. 176 б.
16. Глясова К.М. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдері және олардың орындалуы (1917-1919 жж.). Тарихи талдау. - Алматы, 1999. 165 б.

17. Нұрбек Шаяхметов. Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін. - Алматы: АМУ, 2001. 168 б.

18. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты (ПОММ). 7 қор. 1 тізбе. 20 іс.

19. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). 992 қор. 1 тізбе. 11 іс.

20. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). 14 қор. 3 тізбе. 5 іс.

21. Аманжолова Д.А. Алаш: исторический смысл демократического выбора. - Алматы: издательский дом Таймас, 2013. 383 с.

AMBASSADOR AND KHAN: THE AMBIGUOUS FATE OF ABILPEIZ ABILMAMBETULY

KABYLDINOV Z.

d.h.s, professor, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

UALTAYEVA A.S.

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

BERKINBAYEV O.

m.p.s, PhD student in history, Al-Farabi Kazakh National University

Almaty, Kazakhstan

Annotation. *The article delves into the complex historical persona of Khan Abilpeiz Abilmambetuly, offering a nuanced exploration of his dual roles as both a diplomatic envoy and a khan within the socio-political landscape of Kazakhstan. Khan Abilpeiz, a figure emblematic of the intricate interplay between power, diplomacy, and identity, emerges as a pivotal character in understanding the multifaceted nature of Kazakh leadership and governance during a period of significant transition. This study underscores the importance of Khan Abilpeiz's contributions to the Kazakh society, highlighting his adept navigation through the political intricacies of the time, which was marked by the need for diplomatic engagement with neighboring powers and the internal consolidation of Kazakh tribes. His efforts in diplomacy and governance, often overshadowed by more widely recognized historical figures, reflect the intricate balance of power, cultural identity, and political strategy in the Kazakh steppes.*

Keywords: *Khan Abilpeiz Abilmambetuly, leadership, diplomacy, national identity, Kazakh history, geopolitical strategy, internal consolidation, cultural identity, historical narrative.*

Abilpeiz or Abilfeis Abilmambetuly - the son of Abilmambet, who was a khan in the Middle Juz. In some cases, his name is also spelled "Abilfeiz", "Abdulfaiz". Abilpeiz succeeded the sultan as khan - he was in command of the order of the lantern. Between 1771 and 1783, a government was established.

Instead of Kaldan Serenge Abylai Khan, "Abilmambet Khan and Barak Sultan sent two of their sons with children and another forty families as hostages," according to research [1].

Sultan Abilpeiz is a historical figure who, from his youth, fulfilled numerous special tasks in the political, social, economic, and foreign policy of Kazakh society. Compared to modern times, he would be akin to a Special Envoy in the Foreign Ministry of an Independent State, a Regional Governor, a Head of State, and a public figure. His name emerged in the war against the lanterns and Scythians, and he was an assistant to his brother Ablai, a loyal partner, and a reliable agent.

In 1757, he was particularly noted in the war against the Kalahs, in the struggle against the Chinese for the Tarbagatai, Altai mountains, as well as in missions to Russia and China, which aimed to strengthen trade with neighboring countries. These data are also recorded [2]. During the times of Abilfeis-Khan, who held power in the eastern region of Kazakhstan, now known as the Abai and East Kazakhstan regions, divided into administrative territories, the territorial extent of Kazakh mines of the Chingiz breed expanded to the lands of the renowned historian Zh.Artikbaev.

The governance power within Kazakh society was articulated through a mutual balance between aristocratically originated Sultans and influential figures from the common folk (dancers, the wealthy, warriors). The intermediary link was the tolengit class, who served the Sultans, executed their decrees and orders within the country, engaged in tax collection, judicial execution, etc. The activities of each entity in Kazakh society were conducted according to the age-old traditions of Steppe law. Despite the fact that a portion of the Kazakh populace swore allegiance to Russia in 1731 to Abulhair Khan, and in 1740 to Abilmambet Khan, Ablai Sultans, and bi-batyr recognizing their authority, this subordination remained merely formal until recent times. "Kazakhs were only nominally subordinate to Russia, ready to take up arms against the Russians under any circumstances," emphasized Yegor Blankennagel, a Russian army officer, who visited the small hundred estates at the end of the eighteenth century. The Tsarist Russian authority adopted the "temporary rule" in 1868 to permanently weaken

the power of the Sultans in the Kazakh steppe. Prior to this period, the position of "aga Sultan" in the governance of the Kazakh steppes under Russian rule belonged exclusively to the Genghis Khan lineage, and from the second quarter of the 19th century onwards, to influential figures from the black Kazakh populace. Kunanbai Uskenbayevich, Erden Sandybayevich, Musa Shormanov, Shon Edigeuly, Zhylgara Baitokin, Yeseney Estemesovich, and others led the country in different years, holding the position of senior Sultan in parts of the Middle juz. This gradually led to the weakening and disappearance of the judges' institution role, which had existed for centuries in Kazakh society.

During this period, several major dynasties of aristocratic Sultans were under the governance of the Kazakh people. One of the most distinguished representatives of the Kazakh dynasty of judges is the descendants of Abilmambet and his son Abilpeiz. The period of their rule among the Kazakhs continued even after the disintegration of the aforementioned Tsarist Russia's institution of aristocratic Sultans. This too had its reasons, which we will explore through the continuation of the power path of Abilpeiz Sultan's descendants in every region and corner.

Abilpeiz Sultan, the son of Abilmambet, is the owner of a country that, during its existence, actively interfered in political and diplomatic affairs in the Kazakh steppe and also passed power to his descendants. History attests that Abilpeiz Sultan and several generations of his descendants dedicated their lives to the eternal settlement of Kazakhs in the indigenous eastern Ulangayir region.

Abilpeiz Sultan, a major state figure who lived at the concluding stage of the integrity of the Kazakh Khanate, is the second son of the great Khan of the Kazakh Khanate, Abilmambet Khan. Known as a Jihanger, originating from the noble Tore clan within Kazakhstan, he is a descendant of Genghis Khan in the nineteenth generation. To examine the dynasty, descendants of Abilpeiz Khan, it is important to study the genealogy leading up to him. Like the general Kazakh annals, Tore annals are somewhat distinctly summarized by dynasties: "From Genghis Khan to Juchi Khan, from him to Tokai Temir, from him to Urungbash-Oztemir, from him to Ajika, from him to Plitak, from him to Temirkhoja-Khojagul, from him to Badak-Badagul, from him to the Russian Khan, from him to Kuyulshik Khan, from him to Janibek Khan, from him was born Jadyk Khan, from him Shyga.

In Russian inscriptions from 1760 about the sons of Abilmambet-Khan, Bolat and Abilpeiz, it is said: "One is an Altai Argyn, the other is a Karakeray Naiman" [3]. The second son of Abilmambet-Khan, Abilpeiz, in 1771, led the Karaker and other tribes of the Naiman clan, for instance, in the case with I.G. Andreyev: "He spoke about Sultan Abilpeiz in his native lands in 1771, and in 1783 he was a martyr, and in 1784 his son Pupa replied — a sultan in the city of Turkestan..." [4]. The first volume of this book contains 269 different documents dated 1754-1762 and 239 different documents from 1762-1764 [5].

On page 199 of this work, the document states: "Letter from Sultan Abilpeiz to Khan Manjhu." The letter is written in ancient Oirat-Mongolian language, and the holder of the letter "Who is Sultan Abilpeiz," is a child of Abilmambet-Khan, who led the Middle Hundred and in Kazakh history "established diplomatic relations with China, made a significant contribution to the development of Kazakh-Chinese relations and is a supporter of Ablai-Khan's policy in the war against the lantern". [6].

The next letter was sent by the Kazakh sultan to the heir of the Qing emperor Nuyama (official title) in 1758, in the letter "Letter from Alampais. Greetings to the nomenclature of the palace nomenclature and now. I declare: when I remember Buruda and his three companions, I ask you to follow their wagon and forage," and at the end of the letter, the stamp was marked with "Abu-l-Faiz-Bahadur-sultan" [7].

According to the records of the Russian officer I. Andreyev, who saw Abilfeis, "in 1782, Sultan Abilfeis was wintering in Chingistau, 300 km from the fortress of Semipalatinsk. He has been living in this place permanently for 40 years" [8]. The delegation, consisting of 50 Mongols, 50 delegates, and 6 Manchurians, was led by an amban" [9].

In 1741, the Dzungar earth-mover Kaldan Seren undertook another expedition into the Kazakh steppe and captured the future Kazakh Khan Ablai. The then Kazakh Khan Abilmambet sent a large embassy to the altars led by Kazybek, took his younger son Abilfeis, and freed Ablai from captivity, resulting in a remaining peace treaty named [10].

Two years later, the son of Barak Sultan, Shigai, as well as Abilfeis, were returned to the country. In Central Asia, there is an ancient tradition of taking a child or a relative of one of the country's rulers as a hostage as a security guarantee. The child must be younger than 8 years and not younger than eight years. 13 years (thirteen years) in Kazakhstan for a boy's age of Baligat [11].

It turns out that Abilfeis, who had not yet reached his age, became the ruler of the Naimans. This is confirmed by the words of Kurbangali Khalid, who wrote that Abilpeizdi Syban Botakara, Muryn Boranbai, Kyz Kystaubai, Khojambet Syrymbet, Baisyyk Tolibai were bilers (judges or wise men) of Abilmambet khan, as well as the names of historical places below [12].

In 1744, after the treaty was concluded, the Kazakhs and Kalmyks traded and exchanged prisoners. On

January 10, 1745, in Ust-Kamenogorsk, a karna became a symbol of unity between Kazakhs and Kazakhs, with Sultan Ablai gathering money from his people and sending it to ruler Kaldan Seren. He would move along the river Shar-Kurban. Ablai Sultan sends grain to Kaldan Seren" [13].

Renowned historian, Professor Z.Kabyldinov noted that "about 25 thousand descendants of Chingis Khan are counted in Kazakhstan. The descendants of Chingis Khan have ruled Kazakhstan for almost 600 years, and the newest power has been preserved on our land. The Khanate of 1845, ruled by Jangir Khan, was held between the Volga and Ural rivers, a descendant of the Russian Empire from 1822 to 1824. And Khan Kene became the last Khan of Kazakhstan until 1847 with the election of the people. Therefore, the Kazakh Khanate did not descend from heaven; it is one of the direct successors of the Golden Horde" [14], therefore, we understand that our duty is to deeply study various aspects of the life of a historical figure, who, like Abilpeiz Abilmambetuli, conducted embassies and khanates.

The dual capacity in which *Khan Abilpeiz* operated serves as a testament to the adaptive strategies employed by Kazakh leaders to safeguard their people's interests and sovereignty in the face of external pressures and internal challenges. His legacy, as explored in this article, sheds light on the nuanced role of leadership in maintaining a nation's integrity and autonomy while engaging in necessary diplomacy to navigate the geopolitical realities of the time.

In conclusion, the life and legacy of *Khan Abilpeiz Abilmambetuly* exemplify the complex dynamics of leadership, diplomacy, and national identity in Kazakh history. His contributions, both as an ambassador and a khan, offer valuable insights into the strategies employed by Kazakh leaders to navigate the challenges of their era, ensuring the survival and prosperity of their people. This article not only contributes to a deeper understanding of *Khan Abilpeiz's* role in Kazakh history but also highlights the broader significance of versatile leadership in the historical narrative of Central Asia.

LIST OF USED LITERATURE

1. Moiseev V.A. *The Qing Empire and the peoples of the Sayano-Altai in the XVIII century.* / M.: 1983. From 187.
2. *Materials for the history of the correct Kazakh house [Text]* / J.O. Artykbayev. – Almaty: NAUKA, 2001. FROM 153.
3. <https://azretsultan.kz/bilpeiz-han-bilm-mbet-ly/>
4. *Definition of the Kyrgyz-Kaisakov Center* / I. G. Andreev. - 2nd, ball. – Almaty: Golden Book, 2007. P. 55.
5. *Letter of Abilpeiz / Beken Kairatuly.* – "Egemen Kazakhstan", August 09, 2019
6. *The letter of Abilpeiz / Beken Kairatula.* – "Egemen Kazakhstan", August 09, 2019
7. *The letter of Abilpeiz / Beken Kairatula.* – "Egemen Kazakhstan", August 09, 2019
8. *Andreev, I.G. Definition of the Kirghiz-Kaisakov center* / I.G. Andreev, 2006. From 57.
9. *Andreev, I.G. Definition of the Kirghiz-Kaisakov center* / I.G. Andreev, 2006. From 59.
10. *Abilpeiz / Karimov M., Asylbekov M.* -Karaganda. -2014. 38 In.
11. *Omari J. The dynasty of the fathers: Arystan, Barki, Niyaz.* – Astana. 2011. 292 b.
12. *The first mosque was found in the eastern region / Mukhametbek Asylbekov.* - zheruiyq.kz., 10.12.2017.
13. *Moiseev V.A. The Dzungarian Khanate and the Kazakhs (XVII-XVIII centuries)* – Alma-Ata.1991. From 137.
14. *"There are about 25 thousand descendants of Genghis Khan in Kazakhstan"* / Ziyabek Kabyldinov. – sn.kz. 27.02.2020.

НЕМІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫС АУДАРУЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ГЕРМАНИЯҒА КЕРІ МИГРАЦИЯЛАУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «НЕМІС МӘСЕЛЕСІН» ШЕШУДЕГІ ЕКІ МЕМЛЕКЕТ ҮКІМЕТТЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

МЫРЗАБЕКОВ МОЛДАХМЕТ СЕЙДАХМЕТОВИЧ

*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

Аннотация. Мақала Қазақстандағы неміс диаспорасының тарихын XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басын қамтитын саяси-әлеуметтік және демографиялық тұрғыдан зерттеуге арналған. XIX ғасырдың аяғында немістердің Қазақстан жеріне алғашқы қоныс аударуы және немістер мекендеген елді мекендердің пайда болуы мен дамуы туралы ғылыми тұжырымдар жасалды. Немістердің Ресей империясының басқа аймақтарынан Қазақстанға өз еркімен көшуінің жаңа себептері анықталды.

Мақалада немістердің Қазақстан территориясына алғашқы қоныс аударуы, таралу аймағы, сондай-ақ олардың әлеуметтік құрылымы мәселелері көрсетілген. Сонымен бірге, орын алған өзгерістер кеңес өкіметі және тәуелсіздік кезеңінде Қазақстандағы неміс диаспорасының Германияға кері реэмиграциясының себептері анықталып, Қазақстан мен Германия үкіметтерінің неміс мәселесін шешудегі ынтымақтастығы ашып көрсетілген.

Қазақстанның тәуелсіздік алу кезеңінде немістердің сандық құрамында болған өзгерістерге

талдау жасалынған. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығындағы неміс миграциясының мәселелері зерттелген.

Тірек сөздер: немістер, қоныс аудару, неміс мәселесі, неміс тілі, миграция, ре-эмиграция, Қазақстан, Германия, миграцияның себептері, ынтымақтастық, үкіметаралық келісімдер, қоныстар, қазақ, неміс, қолдау.

Немістер бұрынғы Кеңес Одағы халқының едәуір бөлігі болғаны белгілі. 1979 жылғы халық санағы бойынша олар КСРО халықтары арасында халқының саны бойынша 14-ші орынды иеленді. Орыс немістерінің этникалық, мәдени және тілдік ерекшелігі кейбір ғалымдардың оларды ерекше ұлт ретінде қарастыруына негіз болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде орыс немістері КСРО-ның еуропалық бөлігінен Сібір мен Орта Азия республикаларына, негізінен Қазақстанға жер аударылды; соғыстан кейінгі жылдары көптеген неміс отбасыларының тағдыры Қазақстанмен байланысты болды, оның экономикасы мен мәдениетіне немістер елеулі үлес қосты. 1979 жылғы статистика бойынша Қазақстанда 900 мың неміс өмір сүрді, бұл Кеңес Одағының басқа республикаларымен салыстырғанда айтарлықтай көп (РСФСР-да 791 мың, Қырғызстанда - 101 мың, Өзбекстанда - 40 мың, Тәжікстанда - 39 мың). 1989 жылғы халық санағы бойынша Қазақстандағы немістердің саны 957 мың адам; осылайша олар халық саны бойынша қазақтар мен орыстардан кейін үшінші орында тұрды. Соңғы жылдары Қазақстандағы неміс халқының Германияға кетуіне байланысты үнемі азайып келеді. Мәселен, 1994 жылы олардың саны 615 000; ал 1995 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша Қазақстанда 525,5 мың немістер өмір сүрді, бұл республика халқының 3,2% құрады (осылайша, немістер халық саны бойынша қазақтардан, орыстардан және украиндардан кейін төртінші орында болды).

Қазақстан көптеген ұлттар өкілдері мен этностар өмір сүріп жатқан көп диаспоралы мемлекет. Осы диаспоралардың арасында немістер орыстар мен украиндардан кейінгі, үшінші орынды иеленген - (орыстар – 36,4%, украиндар – 5,5% , немістер – 4,1%). Аталған диаспоралардың ішінде тағдыры ең қайғылы болып саналатын немістер диаспорасы. Немістер осы диаспоралардың арасындағы өздері өмір сүріп отырған мемлекеттік жүйеге ешқашан сіңісіп кеткен емес. Бұның уақыттық және саяси себептері екі ғасырдан астам тарих қойнауына кетеді. Немістердің ХХ ғасырдың 90-шы жылдарындағы тағдырының қасіреттілігі, осыдан екі жүз жылдан «әрқилы тарихи себептер мен оқиғаларға байланысты Германиядан Ресейге қоныс тепкен сол немістердің ұрпағы өздерінің ата қонысына кері миграциялауға мәжбүр болуында.

Немістердің тарихи отанына қоныс аударуы кезінде Қазақстанда және немістердің тарихында бұрын сонды болмаған реэмиграция процестері болды. Қазақстандық немістерінің айтарлықтай көп бөлігі өз еліне оралды. Бұл жағдай қазақ немістерінің жаңа ортаға бейімделуіндегі әлеуметтік-мәдени қиындықтармен байланысты болды.

Бұл тақырып ұлттық тарихтағы ең өзекті тақырыптардың бірі болып табылады, өйткені ол кеңестік дәуірде Қазақстан халықтары арасында ең көп этнос болған немістердің тарихын, елді мекендерін, тұратын аймағын, әлеуметтік жағдайы мен мәдениетін зерттеу өзінің өзектілігін жойған жоқ. Немістердің Қазақстан жеріне қоныстануының шынайы себепін, олардың қоныстануын, санын, күнделікті тұрмысы мен тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктерін анықтау – осының бәрі бұл тақырыпты одан сайын өзектілігін арттыруда. Кеңес дәуірінде республикада тұратын ұлттар мен ұлыстардың тарихын терең зерттеу мүмкін болмады. Бұндай саясаттың салдарынан немістердің күрделі тарихын зерттеуде үлкен кедергілер болды. Немістердің Қазақстанға қоныс аудару тарихы Ресей империясының саясатымен және И.Сталин жүргізген күштеп қоныстандырумен, жалпы ел басшыларының шешімдерімен тікелей байланысты болды. Осыған байланысты, немістердің Қазақстанға қоныс аудару тарихын зерттеу белгілі бір саяси және идеологиялық қиындықтарды туғызды (*Geschichte und Kultur der Deutschen in Kasachstan*, 2017 : 72-524). Немістердің Қазақстан территориясына орналасуы және олардың саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихын әртүрлі деңгейде зерттеу жұмыстары қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде басталды. Олардың қатарында А.М. Беркенгейм (Беркенгейм, 1902:61), А.Н. Тройницкий (Тройницкий, 1905: 27), Н.В. Турчанинов (Турчанинов, 1910:85) және К.К. Паленді атауға болады (Пален, 1910: 418).

Қазақстандағы демографиялық үдеріс пен мен демографиялық тарихы бойынша іргелі ғылыми еңбектер жариялап, немістердің кеңес үкіметі жылдарында Қазақстанға көшу тарихын зерттей отырып олардың әлеуметтік-демографиялық мәселелерін қарастырып, көптеген жаңа тұжырымдар ұсынған бірқатар ғалымдар бар. Олардың қатарында бұл мәселеде алғашқы ғылыми кадамдар жасаған М.Қ. Қозыбаевты (Козыбаев, 2000: 44-46) атауға болады.

Ресейдің ресейлік қоғамға етене сіңісіп кете алмауына патша үкіметі мен кеңестік жетекшіліктің сол кездегі ұстанған саясаттары кері әсерін тигізді. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында Қазақстандағы неміс этносы өмірінің әртүрлі жақтарынан мәлімет беретін құжаттар

сақтаулы. Бұл материалдар XIX ғасырдың басынан қазіргі күндерді қамтиды. Аталған мұрағаттық құжаттарда неміс ұлтынан шыққан патша әкімдерінің және әскери адамдарының атқарған қызметтері, сондай-ақ, неміс шаруаларының қоныс аудару барысы, мектепте білім беру, тұрмысы мен діни салт-дәстүрлері туралы мәліметтер жинақталған. Немістердің орыс қоғамына етене араласа алмауының себебін түсінуде революцияға дейінгі қорлардың алатын орны ерекше. Бұл қорлар негізінен Далалық генерал-губернаторлығының канцеляриясы, Ақмола және Семей облыстық басқармаларының мәліметтерінен тұрады. Аталған материалдардың көпшілігі немістерді орыстандыру жолындағы патша үкіметінің жүргізген іс-шараларынан ауқымды мәліметтер береді. Патша үкіметінің неміс колонистеріне қатысты қатаң шаралар қолдануына 1914 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс түрткі болды.

Қазақстанға қоныстанған немістердің тарихына, атап айтқанда, олардың демографиялық әлеуметтік-экономикалық жағдайына, тұрмыс жағдайына қатысты құнды деректік мәліметтер мұрағат материалдарымен берілген. Қазақстандағы немістердің тарихына қатысты мәліметтер Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты мен Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында жинақталған. Атап айтсақ, орталық мұрағат пен президент мұрағатынан кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы немістердің демографиялық жағдайы, жер аударылуы, көші-қоны, әлеуметтік жағдайы, сондай-ақ Қазақстандағы неміс этносының рөлі мен орны туралы көптеген мәліметтер берілген. Сонымен қатар, Кеңестік Ресейден және КСРО-ның басқа республикаларына немістерді Қазақстанға күштеп жер аударған жылдар мен Қазақстанға жер аударылған немістердің саны туралы мәліметтерді Орталық мемлекеттік мұрағаттың 1987, 1137, 1488 деректер базаларында сақталған құжаттардан алуға болады.

Немістер орыс жеріне алғаш рет орта ғасырларда қоныстанған. Ол кезде Ганзейлік қалалардан шыққан неміс көпестері Русьтің солтүстігіндегі Новгородқа қоныстанған. Немістер жоспарлы түрде Мәскеу мемлекетіне Иван Грозныйдың тұсында қоныстана бастады. Иван Грозныйдың тұсында Германиядан мамандар (кеме жасаушы ұсталар, қолөнершілер, құрылысшылар, сәулетшілер, дәрігерлер, офицерлер, кен қазушылар, наубайханашылар) тағы да басқа кәсіп иелері мен қызметкерлер шақырыла бастады. Мәскеу төңірегінде неміс слободасы пайда болды. I Петр тұсында немістер мемлекеттік қызметке кеңінен тартыла бастады. Оның тұсында немістер жауапты мемлекеттік, дипломатиялық және армияның басқару жүйесіне қызметке алына бастады. Патшалы Ресей заманында немістердің мемлекеттік басқару аппаратында ықпалы өте күшті болды. Ресей тарихынан атақты неміс фамилияларын көптеп кездестіруге болады. Бұндай немістер өздерінің тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін ұмытып түгелдей дерлік орыстанып кетті. Олардың неміс екендігі тек фамилияларынан көрінді. Мемлекеттік қызмет пен армиядағы қызметке тартылмаған немістер өздерімен әкелген мәдениетін, тілін, дінін, өнерін сақтай білді. Мысалы, Ресей империясының ірі қалалары саналатын Мәскеу, Петербург, Одесса және тағы басқа қалаларда немістердің өзіндік, дербес шіркеуі және үлгілі мектептері бар неміс қауымдары болған (Немцы в России и СНГ, 1993:43-117).

II Екатерина (1762-1796) мен I Павел (1796-1801) және I Александр (1801-1825) тұсында немістерді Ресейге жоспарлы түрде қоныс аударуы іске асырылды. Ол кезде Ресей империясының иен даласында ешкім әлі қоныстанбаған құнарлы жерлер өте көп болды.

XVIII ғасырдың аяғында орыс-түрік соғысында Ресейдің жеңіске жетуі, империя территориясының оңтүстікке қарай ұлғаюына әкелді. Бұл жаңадан жаулап алынған жерлерде халық санының тығыздығы төмен болғандықтан, II Екатерина 1762 жылдың 22-ші шілдесіндегі манифесімен шетел азаматтарын Ресейге қоныстануға шақырды (Штумпп, 1993: 53-1018). Бұл ең алдымен протестанттық немістердің жаппай иммиграциясының басы болды. Аталған манифестің пункттерінде: «барлық шетелдіктерге біздің империяның барлық губернияларына еруге және қоныстануға рұқсат», «біздің империяға қонысқа келгендердің барлығына еркін діни сенімдерін ұстануға, дәстүрлерін сақтауға шек қойылмайды», «осындай мақсатпен біздің империяға келген шетелдіктер қазынаға салық төлеуден босатылады», «игерілмеген жерлерге қоныстанған шетелдіктер отыз жылға дейін салықтан босатылады» деп көрсетілді. Ал аталған манифестің ең маңызды пункті «немістердің еркінен тыс әскери қызметке алынбайтындығы» болды (РГАДА. Ф. 248 «Сенат и его учреждения». Кн. 3398. Л. 238-243 об.: ПСЗ. Т. XVI. № 11880).

Қоныстанушылар «колонистер» деп аталды және олардың болашағы үшін тағы бір қосымша «Жер иелену және оны пайдалану» туралы бұйрық жарияланды. Бұйрықта «колонистердің иелігіндегі жерлерге қол сұғылматындығы және мұрагерлікке мәңгі қалдырылатын» болды. Сонымен қатар бұндай жерлер жеке адамның емес, колонияның қауымдық меншігі болып есептелді. Сол себепті қауым меншігіндегі жерді сатуға, қауымдық басқарудың келісімінсіз бөтен біреуге беруге рұқсат етілмеді. Өз шаруашылықтарын кеңейтіп гүлдендіру үшін колонистерге жеке адамдардан жер иеліктерін сатып алуға рұқсат берілді. Мемлекеттің бөліп берген жерлері негізінен кіші ұлдарына мұралыққа (минорат) қалдырылды. Кейіннен колонистер қауымдық өзін-өзі басқару құқығына ие болды. Олар империяның ішкі

басқаруына емес, тікелей тәжге бағынды. Неміс колонистерінің кез-келген уақытта патшалық империяны тастап кетуге құқықтары болды. Жергілікті шаруалармен салыстырғанда колонистер басыбайлы емес, ерікті шаруалар еді.

Ресей империясына қоныстанған немістер шаруа істерінің үлгісі ретінде көрсетіліп, «...олар жақсы жер иеленушілер, жерді өңдеу мен мал шаруашылығының нағыз майталмандары» деп көрсетілді (Немцы в России и СНГ, 1993:44-117). І Павел тұсындағы Ресей империясындағы немістердің өміріндегі тағы бір маңызды жаңалық императордың 1800 жылдың 6 қыркүйегінде жариялаған «Қоныстанушылардың ерекше артықшылықтары» жөніндегі жарлығы болды. Аталған артықшылықтарға сәйкес, «колонист немістер әскери және азаматтық қызметтен, соттың алдында ант беруден өмір бойы босатылды сондай-ақ, колөнер кәсібінің бірқатар салаласында еркіндіктер мен бостандықтар алды».

Немістерді Ресей империясының игерілмей жатқан жерлеріне келіп қоныстануға бірнеше тарихи оқиғалар мәжбүр етті. Біріншіден, орыс императорының үйіп-төккен артықшылықтар беру жөніндегі уәдесі үнемі жокшылық пен кедейшіліктің тауқыметін тартып отырған немістердің бір бөлігін қызықтырды. Әсіресе, бұл жағдай Германияның оңтүстік-бастыс бөлігі мен Гессен жерлеріне қатысты болды. Дегенмен эмиграцияның шынайы себептері келесідей: Жеті жылдық соғыс, Наполеон соғыстары, шетелдік оккупация, шетелдік және жергілікті неміс билеушілерінің саяси қысымы, Америкаға солдатқа сату, шаруашылық мұқтаждықтар, ашаршылық жылдар, басқару жүйесіндегі асыра сілтеушілік, діни сенімдерді ұстануға қойылатын шектеулер болды.

Немістердің Германиядағы эмиграциясының негізгі және аса ірі орталықтары Данциг, Батыс Пруссия, Гессен, Вюртемберг, Баден, Пфальц, Эльзас, баварлық Швабия болды. 1763-1767 жылдары қоныс аударушылардың негізгі легі Еділ бойына соңынан XIX ғасырдың басында Қара теңіз жағалауларына қарай ағылды. Неміс шаруаларының Ресейге қарай қоныс аударуы 1763 жылы басталып, 1842 жылға дейін созылды. Жеті жылдық соғыстан кейін, II Екатеринаның манифесі негізінде алғашқыда немістердің Гессеннен жаппай қоныс аударуы басталып, Рейн бойындағы жерлер мен Вюртембергтен шыққан қоныс аударушылармен өз жалғасын тапты. Қоныс аударушылар Ресейге жеткенше, өте ауыр жол азабын тартты. Темір жолдар мен параходтардың болмауы салдарынан қоныс аударушы немістер жаяу-жалпы Любекке дейін келіп, одан әрі Балтық теңізі арқылы Петербургке жетті. Петербургтен Мәскеуге, одан әрі Еділ бойына қоныстанып, қалғандары Саратовқа табан тіреді. Осы жылдары қоныстанған неміс колонистері 104 елді мекеннің негізін қалады. Данцигтің өзінен эмиграцияның екі үлкен легі шыққан, алғашқысы 1789 жылы, кейінгісі 1803 жылы. Бұлар менониттер болды. Олар Рига арқылы оңтүстікке жылжи отырып, Қара теңіз жағалауларына келіп қоныстанды. 1804,1816,1817 жылдардан 1842 жылға дейін немістердің интенсивті қоныс аударулары Вюртембергтен шықты (Штумпп, 1993:30-127). Бұл жолы қоныстанушылар Дунайдың төменгі ағысы мен Одессаға, Бессарабияға, Қырымға және оңтүстік Кавказға жетті. Пфальцтан, Эльзастан және Баденнің солтүстігінен шыққан қоныстанушылар Ресейге 1819-1810 жылдар аралығында келді. Олар Польша арқылы Одесса аймағына келіп, көптеген католиктік елді мекендердің негізін қалады. Көп жағдайларда қоныстанушылар өздері негізін салған колонияларын отанында қалған жерлердің аттарымен атады. Мысалы, Штутгарт, Карлсруэ, Рейнгардт, Дармштадт және тағы басқаларын атуға болады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде патша армиясында 300 мыңға жуық неміс қызмет еткеніне қарамастан, Ресейде немістерге деген өшпенділік күшейе түсті. Атап айтқанда, қоғамдық жерлерде неміс тілінде сөйлеуге тыйым салынды, немістердің қауымдық жиналыстары заңсыз деп танылды. Немістерге қарсы өшпенділіктің күшейгені сонша, бұл 1915 жылдың 27 мамырында Мәскеуде немістерді ұрып-соғуға әкеп соқты. Немістерді әлеуметтік жағынан кемісінде 1915 жылдың 2-ші ақпанындағы «Жерді иеленуді жою» және сол жылдың 13-ші желтоқсанында шыққан «Жерді пайдалануды жою» сияқты заңдар ерекше рөл атақарды (Высочайшие постановления за 1915-1917 гг. [Дело]. - 1915-1917. - 84 л. - (Фонд-коллекция Высочайшие постановления. Описание № 1).

Бұл заңдарға сәйкес Ресейдің батыс шекараларынан 150 шақырым ендіктегі және Қара теңіз жағалауларындағы немістерді күштеп Ресейдің ішкері облыстарына көшіру, сондай-ақ, осы жерлердегі барлық немістердің мал-мүлкін экспроприациялау талап етілді. Патша әкімшілігі бұл шараларды тек Волыньда ғана жүзеге асыра алды. Толық қайыршыланған 200 мыңнан астам волыньдық неміс жолдың ауыр азабын тарта отырып, жолда өлгені өліп, өлмегені арып-ашып, Сібірге жетті. Жоғары аталған екі заңға сәйкес, Ресейдің батыс шекарасынан Оралға дейінгі барлық неміс қоныстары көшірілуі тиіс болды. Ресейдегі ақпан төңкерісіне байланысты бұл заңдар тек волыньдық немістерді күйрете алды.

1917 жылғы қазан төңкерісі де немістерге біраз қасірет алып келді. Ресейдегі азамат соғысының нәтижесінде бір отбасының адамдары екіге бөлініп, бір-біріне қарсы қару көтерді. Кеңестік Ресейде ұжымдастыру кезінде ондаған мың неміс шаруашылықтары құлақтандырылып, мал-мүлкі құрал сайманы тәркіленді. 1921-1924 және 1932-1933 жылдарда ресейлік немістер арасында тұңғыш рет ашаршылық

орын алды. Бірінші дүниежүзілік соғыс, азамат соғысы нәтижесінде немістердің саны 1 миллион 621 мыңнан (1914), 1 миллион 238 мыңға дейін кеміді (1924) (Немцы в России и СНГ, 1993:60-117). 1929-1930 жылдар аралығындағы ұжымдастыру кезінде колонистер алғаш рет Қиыр Солтүстік пен Сібірге қоныс аударылды. Осы кезде Қазақстанға неміс қоныс аударушыларының екінші толқыны келді. Олар негізінен Солтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстанға орналастырылды. Жалпы, Қазақстанға қоныс аударушы менонит-немістердің алғашқы легі 1880-ші жылы келіп, олар Оңтүстік Қазақстанға (қазіргі Түркістан және Жамбыл облыстары) қоныстанды.

Еділ бойында неміс автономиясының құрылуы, большевиктердің ұлт саясатының немістерге жасаған бірден-бір жақсылығы болды. Бірақ немістердің бұл қуанышы ұзаққа созылмады. 1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германияның Кеңестер Одағына баса-көктеп кіруі, кеңестік немістер үшін келешекте тартатын азабының қайғылы хабаршысы болды.

1941 жылдың 28-ші тамызындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Еділ бойы аймақтарында тұратын немістерді қоныстандыру туралы» жарлыққа сәйкес, Еділ бойындағы неміс автономиясы бір күннің ішінде жойылды (ГАРФ. Р7523, Оп.4, Д.49, л.151-152). Бұл жарлық тек Еділ бойындағы неміс автономиясына қатысты болғанымен, бүкіл КСРО-дағы немістер қуғын-сүргінге ұшырады. Немістер небәрі бір айдың ішінде барлық мал-мүлкін тастап, арнайы органдардың бақылауымен Қазақстан, Сібір, Қиыр Солтүстіктегі арнайы қоныстарға орналастырылды. Қазақстанға қоныстанған немістердің тағдыры басқа жерлерге қоныстандырылған қандастарының жағдайынан біршама жеңілдеу болды.

Немістердің Қазақстанға қоныстануының үшінші легі 1955 жылғы амнистиядан соң басталды. Бұл жолы немістер тың игеру жұмыстары іске асырылып жатқан Қазақстанның солтүстік облыстарына арнайы этникалық белгілері бойынша орналастырылды. Осылай, Қазақстанда немістердің тығыз қоныстанған аймақтары пайда болды. Еңбеккер немістердің өсіп-өнуі үшін қонақжай қазақ жері КСРО территориясындағы бірден-бір қолайлы аймақ болды. Немістердің Қазақстанға қоныстануы, XX ғасырдың 70-ші жылдарының аяғына дейін еш үзіліссіз жалғаса берді. Қарағанды, Теміртау, Екібастұз өндірістері немістердің көптеп еңбек еткен аймақтары болды.

Ресейлік немістер тарихының қасіреттілігі және олардың тарихындағы қайғылы оқиғалардың көп болуы, бұл мәселені объективті түрде зерттеп, шындықты толық баяндап беруді қажет етеді. Қазақстандағы неміс диаспорасының тарихы өткен шақпен тығыз байланысты, сол себепті бұл халықтың тарихын білмей, олардың талап-тілегін және үмітін түсіну мүмкін емес. Немістер әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталып, ГФР мен КСРО арасында 1955 жылдың қыркүйегінде дипломатиялық қатынастар орнаған соң, артынша 1955 жылдың 13-ші желтоқсанында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Арнайы елді мекенде тұратын немістердің және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық жағдайына шектеулерді жою туралы» (Ведомости Верховного Совета СССР. №52.1955 г.), сондай-ақ, 1964 жылдың 29-шы тамызындағы «Немістерді ақтау туралы» («Нойес лебен» № 4 (931) от 20 января 1965 г. стр. 3) жарлықтары және 1965 жылдың 5 қаңтарындағы «КСРО Жоғарғы Президиумының 28-ші тамыз 1941 жылғы Жарлығының күшін жою» жөніндегі декрет шыққаннан кейін немістер Германияға миграциялау туралы мәселе көтере бастады (<https://www.bpb.de/themen/migration-integration/russlanddeutsche/277189/leben-und-kultur-der-deutschen-im-ural-und-sibirien-nach-der-deportation/>).

Немістердің тарихи отандарына реэмиграцияға кету жөніндегі талпыныстарына сол кездегі ГФР үкіметі қолдау жасады. Бірақ ГФР үкіметінің бұндай әрекетін КСРО «тәуелсіз мемлекеттің ішкі ісіне араласу» деп тойтарыс беріп отырды. Нәтижесінде ұзақ жылдар бойы неміс үкіметінің ниеті іске аспай, тек «қайта құру» саясатының тұсында ГФР үкіметінің ұсынысы белгілі бір дәрежеде табыстарға жете бастады. Сол кезден бастап, КСРО республикаларында өмір сүріп жатқан немістердің жаппай Германияға қоныс аудару үдерісі басталды. Бұл үдеріс, әсіресе КСРО ыдырағаннан кейін күшейе түсті. Эмиграциялық үдерістің жалғасуына және ұлғаюына жергілікті жерлердегі шулы насихатшылардың немістердің Германияға кері қоныс аударуының шынайы себептерін түсіндірудің орнына оларды «жеңіл өмір іздеушілер» деген қосымша айыптаулары түрткі болды (Вормсбехер, 1989: 26).

КСРО-ның ыдырау салдарынан пайда болған экономикалық, саяси, ұлтаралық және әлеуметтік тұрақсыздықтар неміс диаспорасының ертеңгі күнге деген сенімсіздігі мен үрейін тудырды. Осындай күрделі жағдайда немістер тығырықтан шығудың бірден-бір жолы Германияға эмиграция деп ұйғарды. Немістердің жаппай эмиграциялауына ГФР үкіметінің 1955 жылдан 1965 жылға дейін жүргізген үгіт-насихат шаралары да өзінің айтарлықтай әсерін тигізді.

Немістердің эмиграциясының Қазақстан экономикасы үшін зардаптарын түсінген республика басшылығы немістерді қоныс аудармауға шақырды. Бірақ мұндай үндеулерге қарамастан, эмиграциялық үдеріс жалғаса берді. Статистикаға сәйкес, кеңестік немістердің негізгі бөлігі Қазақстанда шоғырланған. КСРО-да 1989 жылғы жүргізілген санақ Қазақстандағы немістер санының 1 миллион 150 адам екендігін

көрсетті. 2021 жылдың басындағы мәліметке сәйкес Қазақстанда өмір сүріп жатқан немістерінің саны 226 092 адамды (Қазақстан халқының 1,2%) құрады (Итоги национальной переписи населения 2021 года в Республике Казахстан, stat.gov.kz). Бұл Қазақстандағы барлық ұлттардың арасында неміс ұлты жетінші орынды иеленеді дегенді білдіреді.

Қазақстан және Германия үкіметтерінің қазақстандық неміс өкілдерімен көшбастаушыларымен олардың мәселесін шешудегі жұмыстары барысында аталған мәселені шешудің ықтималды үш жолы анықталды. Біріншіден, автономия беру, екіншіден, эмиграциялық тенденцияларды төмендету, үшіншіден, мәдени саладағы саясаттың пәрменділігі мен тиімділігін барынша арттыру.

Мәселені шешудің басты түйіні ретінде қазақстандық немістер «тек Еділ бойындағы неміс автономиясын қайтадан қалпына келтіру екендігін алға тартты. Бұны тарихи әділеттілік принциптері талап етеді» деп есептеді.

К. Эрлих: «Қазақстан территориясында автономия сұрауға біздің моральдық құқығымыз жоқ, бірақ Қазақстан территориясында өзін-өзі басқаратын неміс ауданын құрудан бас тартпаймыз» деген позиция ұстанды (Эрлих, 1993). Бұндай көзқарастарды немістердің қоғамдық, саяси қозғалыстарының жетекшілері, неміс интеллигенциясының өкілдері А. Дедерер, Г. Бельгер де ұстанды (Бельгер, 1993).

Эмиграция үдерісінің ұлғаюы Қазақстан экономикасына ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында үлкен зиян келтірді. Бұрын немістер өмір сүрген негізінен астықты өңірдегі елді мекендер бос қалды және өндірістік кәсіпорындардағы кәсібилігі жоғары неміс мамандардың және зиялылардың шетке кетуі, сол кезде жаппай жұмыссыздық жайлаған уақытта онша біліне қоймағанымен, кейін ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында экономикалық жағдай біршама тұрақтанған кезде мамандар тапшылығы біліне бастады (Zehen Jahre Institut für Deutschland- und Osteuropaforschung des Göttinger Arbeitskreises, 2001: 112).

Қазақстан мен ТМД-ның басқа да республикаларынан кетіп жатқан немістердің түсіндіруі бойынша эмиграцияның әлеуметтік және экономикалық себептерден басқа тағы бір себебі, бұл немістердің жас ұрпағын өздерінің ұлттық дәстүрінде тәрбиелеуге және ана тілінде оқытуға жағдайдың жоқтығы да әсер етті.

Қазақстандық немістердің жанын жегідей жеп отырған мәселенің бірі неміс тілін оқытуға байланысты болғандығы ащы шындық. Бұрындары неміс мектептері болмағандықтан, неміс тілі ана тілі ретінде оқытылмағандықтан, бүгінде неміс ұлт өкілдерінің республикада аз қалауына байланысты, неміс үкіметінің бұл бағытта ұстанатын саясаты қандай болары әлі белгісіз. Қазіргі таңда неміс халқы үшін ана тілін білмеуі нағыз қасіретке айналып отыр. Бұл жөнінде Г. Бельгер: «1959 жылғы санақ бойынша, немістердің 75 пайызы неміс тілін ана тілім деп есептеген, ал 1979 жылғы санақ бұл көрсеткіш 57 пайызға құлдырап кетті», деген болатын (Бельгер, 1993). КСРО немістерінің (Russlanddeutsche) ана тілдерін білмеуі, олардың жаңа отанына сіңісіп кетеуіне кедергіболуда. Нәтижесінде ТМД республикаларынан кеткен немістер Германияда екінші сорттағы адамдар болып отыр. Немістің тілін, салтын білмеуі, кеш қоныс аударушылар (spatsiedler) мен түпкілікті немістер арасында моралдық, психологиялық кедергілер келтіруде. Осы орайда, германдық филология магистрі Р. Цайлер: «Ленинская смена» газетінің тілшісімен болған сұқбатында: «Мен Мәскеуден Германияға келер алдында, ГФР елшілігінің алдында 200-300-ге жуық Германияға миграцияға кету туралы құжат алып жатқан немістерді көрдім. Мен әрине, кешірім сұрай отырып, олардың тек 10-15-ін ғана неміс деп санар едім» деген сөзі қазіргі кезде Германияға қоныс аударушы немістерге қатысты жалпы пікірді білдірері қак (Цайлер, 1998). Бұл мәселеге Г. Вормсбехер де өзінің «Немцы в СССР» деген мақаласында тоқталып өтеді. Ол: «ГФР үкіметінің 1993 жылғы эмигранттарды қабылдау квотасын шектеу туралы шешіміне қарамастан, қоныс аударуға бел шешіп отырғандардың саны азаяр емес. ГФР үкіметі құрған арнайы «Қоныс аудару саясаты жөніндегі комитеттің» ана тілін білетіндерді қабылдау туралы ұйғарымы немістердің ашу-ызасын тудырғандығы да шындық» (Вормсбехер, 1989: 26). Немістердің Германияда кездесетін қиындықтары туралы Г. Бельгер: «Германияға қоныстанған немістер жаңа проблемаларға ұшырасуда. Ол проблема батыс қоғамына сіңісу. Соңғы он төрт жыл ішінде батыстық неміс пен шығыстан қоныс аударған неміс арасында бірде-бір некенің болмау фактісі осының айғағы», -деп көрсетеді (Бельгер, 1993).

Немістердің Германияға қоныс аударуының қажет еместігін 1990 жылы ГФР-дан келген магистр Р.Цайлер: «Біз бай мемлекетпіз, бірақ біздің елімізде проблемалар жетерлік, немістердің ұлттық мәдениетін, тіл мәселесін қалпына келтіру қажеттілігін түсіне отырып, бұл мәселелерді немістердің сол тұрғылықты жерінде шешкен жөн деп санаймын» деген болатын (Цайлер, 1998). Сол кезде мұндай көзқарасты Германияның ресми үкіметі де ұстанған болатын. Аталған мәселе жөнінде Қазақстан мен Германия басшыларының 1992-1997 жылдардағы кездесулерінде талқылаған басты мәселенің бірі болды. Оның үстіне немістердің мәселесін шешу үшін қазақ-неміс үкіметаралық комиссиясы құрылып жұмыстар атқаруда. Тараптар бұл мәселені шешу екі жақтың мүддесіне сай келеді деп санайды.

Неміс мәселесінің шешімін жеңілдетуде 1996 жылдың 31 мамырында екі елдің сыртқы істер министрлерінің «Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қазақстандық неміс азаматтарын қолдау туралы ынтымақтастық» келісіміне өз қолдарын қоюы, эмиграциялық тенденцияны бәсеңдетуге тиіс болды. Аталған келісімде тараптардың неміс мәселесін шешуде қабылдаған міндеттемелерінің ауқымы кең болды.

Қазақстандағы неміс проблемасын шешуде қазақстандық немістер кеңесі айтарлықтай істер атқарды. 1992 жылдан 1997 жылға дейін аталған кеңес неміс мәселесіне қатысты өзінің үш съезін өткізді. Бұл съездердің мінберінен неміс үкіметінің өкілдері бірнеше рет қазақстандық немістерге қаржылай және материалдық көмек көрсету туралы уәделер берілді.

Екі елдің ынтымақтастығы арқасында қазіргі кезде қазақстандық немістердің экономикалық, әлеуметтік және рухани мәселелерін шешуде бірқатар іс атқарылды. Қазақстан үкіметі неміс мәселесін жеңілдету жолында бірқатар шаралар қабылдады. Мысалы, Қазақстан Республикасы президентінің 1996 жылдың 30-шы желтоқсандағы, «1997 жылды Жалпы ұлтаралық ынтымақ және саяси репрессия құрбандарын еске алу жылы» деп жариялау туралы Жарлығы мен 1993 жылдың 14-ші сәуіріндегі «Жаппай саяси репрессия құрбандарын реабилитациялау» туралы Қазақстан Республикасының заңы мен 1997 жылдың 22-ші шілдесінде аталған заңға бірқатар өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңдары неміс мәселесін шешуде біраз жеңілдіктер жасады. Бұдан өзге Қазақстан Республикасы үкіметінің 1997 жылдың 22-ші наурызында 1996 жылдың 31-ші мамырында қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қазақстандық неміс азаматтарын қолдау туралы ынтымақтастық» жөніндегі келісімді ратификациялауы және Қазақстан үкіметінің неміс мәселесін шешу жолында қабылдаған қосымша шаралары туралы бағдарламалары қазақстандық немістердің мәселесін шешуге бағытталған барлық құқықтық негіз жасалған деп қорытынды жасауға болады.

Қазақстан мен Германия үкіметтерінің бірлесе жұмыс атақаруы нәтижесінде қазіргі кезде Қазақстан Республикасында «Неміс үйі», «Неміс мәдениет орталығы», «Гете институты», «Гутен абенд», «Дойче велле» сияқты телехабарлар беріледі. Бұдан басқа қазақстандық неміс жұртшылығы үшін орыс және неміс тілдерінде «Дойче Аллгемайне цайтунг» апталық газеті шығып тұрады. Қазақстанда немістердің қоғамдық-саяси ұйымы «Видергебурт» бүкіл республика территориясының немістер тығыз қоныстанған аймақтарында өзінің филиалдары мен бөлімшелерін ашқан.

Қазіргі кезде сайлаулар нәтижесінде үкімет билігіне келген ГӘДП бастаған жаңа коалициялық үкімет шет жерлердегі қандастарына қатысты ұстанған позициясы алдыңғы ГӘДП үкіметтік позициясынан ерекшелігі жоқ деп айтуға болады. Себебі кезінде герман бундестагында осы саяси партия неміс үкіметінің қоныс аударушыларға жұмсалатын шығынды және келушілердің санын шектеу туралы бастама көтеріп, өз позициясын қорғай білген болатын. Сондықтан, таяу уақытта жаңа неміс үкіметінің бұл мәселеге қатысты позициясы белгілі болады. Егер қазіргі неміс үкіметі неміс мәселесі мен қоныс аудару мәселелеріне бұрынғыдай өзгеріссіз позиция ұстантын болса, бұндай жағдайда неміс мәселесін шешудегі қазақ-неміс ынтымақтастығында өзгерістер болуы әбден мүмкін.

Аталған мақаланың өзектілігі Қазақстан үшін неміс мәселесін шешу 1992 жылдың 18-19-шы қыркүйегінде Қазақстан Республикасының сол кездегі президенті Н. Назарбаевтың Германия Федеративтік Республикасына ресми сапары барысында, сол кездегі федеральды канцлер Г. Коль қол қойған саяси маңызды құжат «Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қатынастардың негізі» туралы мәлімдеменің 11-ші пунктінде көрсетілгендей, «неміс диаспорасының ұлттық ерекшелігі мен өмірлік құқықтарын сақтау, екі ел арасындағы достық қатынастар орнатуда айтарлықтай» функция атақаратындығына байланысты.

Неміс дипломатиясының Қазақстанға қатысты ұстанған басты үш мақсатының бірі – демографиялық мәселе. Бұл мәселенің мәнін Қазақстан Республикасының сол кездегі сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстандық немістердің ГФР-ге жаппай қоныс аударуын олардың тұрғылықты жерлерінде материалдық және мәдени өркендеуіне жағдайлар жасау арқылы миграциясын тежеу», деп көрсетті (Тоқаев, 1997: 442-736).

Германия үшін бұрынғы постсоциалистік кеңістіктегі немістердің миграциясы 1989 жылы біріккен екі неміс мемлекетінің бірігуі салдарынан пайда болған едәуір әлеуметтік-экономикалық қиындықтармен тұспа-тұс келуі бұл елдің бюджетіне айтарлықтай салмақ салды. Германияның сол уақыттағы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайы қоныс аударушы немістерге қажетті жағдайлар жасап беруге қабілеті толық жетпейтіндіктен, аталған мәселе сол кездегі неміс үкіметі үшін қосымша ауртпалықтар әкелді. Ауырпалықтар сол кездегі батыс Германия жерлерінің жергілікті бюджетіне 10%, шығыс Германия жерлеерінің жергілікті бюджетіне 20% салмақ салды. Бұдан өзге сол уақытта Германияның тұрғын үй қоры 2 миллион пәтерге зәру болды. Осындай ауыр кезеңде мигранттар санын күрт өсуі, Германия үшін

тиімсіз болды. ГФР үкіметі 1949-шы жылдан 1990-шы жылдар аралығында, яғни қырық жылдан астам уақтан бері «әлемдегі бүкіл немістердің қамқоршысы ретінде Германияға келем деуші немістерге есік ашық» деп жариялағанымен социалистік жүйе мен КСРО-ның ыдырауы салдарынан немістердің жаппай Германияға бет түзеуі, неміс үкіметін бұл саясаттан толық бас тартқызбағанымен, біршама түзетулер енгізуге мәжбүрледі.

Мәселені шешуде неміс үкіметі қандастары тұрып жатқан мемлекеттердің үкіметтерімен неміс мәселесін шешу жөнінде ынтымақтастық орнатуға кірісті. Германияның осы мақсаттағы саясатының бір тармағы тікелей Қазақстанға бағытталды. Мұның себебі, Қазақстанда саны жағынан айтарлықтай көп неміс диаспорасының өмір сүруінде болды. ГФР-ның Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сәйкес, 1992-1995 жылдар аралығында 466 мың 335 неміс Қазақстаннан Германияға қоныс аударған. Қазіргі кезде Қазақстандағы неміс елшілігінің мәліметіне сәйкес, республикамызда 226 092 неміс тұрады.

Қазақстандағы немістердің екі ел арасындағы қатынастарды жалғастырушы буын екендігі және олардың мәдениетін, тілін, ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуда біздің Қазақстан мен Германия үкіметтері 1992 жылы «Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қатынастардың негізі» туралы мәлімде толық келісімге келген болатын.

Федералды үкімет қоныс аударушы немістерді Германияға қабылдағаннан көрі, оларды туған жерлерінде әлеуметтік, материалдық жағдайын жақсартып, тілі мен мәдениетін өркендетуге жағдай жасау арқылы олардың миграциясын тежеу, әлдеқайда арзанға түсетіндігін ескере отырып, Қазақстан үкіметіне неміс мәселесін бірлесе шешу жөнінде ұсыныс жасады.

Осы орайда, 1993 жылы неміс мәселесі жөнінде үкіметаралық қазақ-неміс үкімет аралық комиссия құрылды. Немістердің Германияға жаппай аударуына мүдделі болмай отырған Қазақстан бұл бағытта бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Қазақстан үкіметі Германия үкіметімен 1996 жылдың 31 мамырында «Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қазақстандық неміс азаматтарын қолдау туралы ынтымақтастық» келісіміне қол қойған соң, неміс мәселесін шешуге бағытталған маңызды қадамға барды. Атап айтқанда, Қазақстан үкіметі «Қазақстанда тұратын этникалық немістердің өсіп-өркендеуінің кешенді бағдарламасын» қабылдады. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының экономика, ауылшаруашылық, денсаулық сақтау және халыққа білім беру министрліктері мен телерадио корпорациясына аталған министрліктерге әрқайсысы өз саласында немістерге тікелей қолдау көрсетуге міндеттемелер жүктелді. Қазақстан үкіметінің тікелей қолдауы арқылы республикада тұратын немістердің мәселелерін кеңінен талқылаған үш съезд өткізілді.

1993 жылдың 21-ші қазанында Қазақстан Республикасының министрлер кабинеті «Немістердің этникалық жаңғыруына арналған кешенді бағдарлама қабылдады». Бағдарлама негізінен немістердің миграциясын тежеуге бағытталды. Бұдан өзге бағдарламада екі ел арасындағы неміс мәселесін бірлесіп шешуге қажетті жағдайлар қарастырылды. Атап айтқанда, қазақстандық немістерге тұрғылықты жерлерінде Германия тарапынан көрсетілетін экономикалық, мәдени көмектің тиімділігін арттыру болды. Қазақстан үкіметінің аталған салаларда жүргізген жұмыстары өз жемісін берді. Мысалы, 1993 жылы Алматы қаласында Гете атындағы мәдениет институты, хабарламасы бүкіл республикаға тарайтын неміс телевидениесі ашылды. «Дойче велле» деп аталатын бұл телебағдарлама спутниктік байланыс арқылы жүзеге асырылды.

Өз кезегінде неміс үкіметі өз қандастарына олардың тығыз қоныстанған аймақтарында тұрақтап қалуына жан-жақты көмек көрсетті. Қазақстандық немістерді қаржыландыру мақсатында республиканың осындай облыстарында «Видергебурт» деп аталатын коммерциялық банктің филиалдары ашылды. Аталған банктің филиалдары 1993-1999 жылдарда Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Жамбыл, Алматы, Ақмола облыстарында немістерге қаржылай көмек көрсетті. Бұл банктің беретін несиесі басқа ұлт өкілдері үшін де ашық болды.

Германияның Қазақстандағы бұрынғы елшісі А. Браклоның пікірінше: «немістердің Қазақстанда тұрақтап қалуына екі фактор етеді. Біріншісі, немістердің тілін, мәдениетін, ұлттық ерекшелігін сақтап қалуға және одан ары дамытуға жағдай жасау, екіншіден, олардың ертеңгі күнге деген сенімін арттыру үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру болып табылады» (Бракло, 1993). Германия үкіметі өз қандастарына ғылыми-көркем, оқу әдебиеттерін, көрнекі құралдарынаудио-видеотехникалар жеткізілді. Бұл көмек негізінен немістер тығыз қоныстанған облыстарға жіберілді. Бірақ бұндай шараларға қарамастан, 1992 жылы Қазақстаннан Германияға 112 мың, 1993 жылы 115 мың, 1994 жылы 140 мың, 1995 жылы 117 мың неміс қоныс аударды.

1994 жылдың желтоқсанында қазақ-неміс үкіметаралық комиссияның Қазақстан бөлігінің мәжілісінде 1993 жылы қабылданған немістердің этникалық өрлеуі туралы кешенді бағдарламаның қорытындылары талқыланды. Мәжіліс барысында екі мемлекеттің немістерді Қазақстанда тұрақтандырып қалуға бағытталған шараларына қарамастан, миграциялық процестің және миграциялық көңіл-күйдің өсіп

отырғандығы баса айтылды.

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы үкіметтері арасында қазақстандық неміс азаматтарды қолдау туралы келісім тоғыз бөліктік баптан тұрады. Келісімде: «Қазақстандық немістер, Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасында ынтымақтастықты дамытушы, байланыстырушы буын болып табылады»-, делінген. Сонымен қатар, келісімшартта «келісуші екі жақтың жоғары деңгейде ерікті түрде қатынас жасауы және Қазақстан мен Германияның өнеркәсіп орындарын, бірлестіктерді, мемлекеттік, қоғамдық және жеке ұйымдарды, сонымен қатар жеке адамдар арасындағы ынтымақтастық» мәселелері де қарастырылды (Соглашение между правительством ФРГ и правительством РК, 1998: 564-972).

ГФР үкіметі Қазақстан-Германия үкіметаралық комиссия қабылдаған жобаны қолдап, немістер тығыз қоныстанған аймақтарды нарықтық құрылымдарға бейімдеу үшін, ауылшаруашылықты, өнеркәсіпті техникамен жабдықтау, экономикалық, өндірістік және құқықтық бейімделуге көмектесу жоспарланғанын келісімнен көруге болады. Сонымен бірге, ГФР үкіметі медицина, әлеуметтік салаларда мамандар дайындау және мамандардың кәсібилігін арттыру сияқты шараларды іске асыруға уәде берді. ГФР үкіметі Қазақстанда неміс тілін, мәдениетін дамытуға, дәріптеуге, таратуға көмек көрсету шарларын жүргізуге кірісті. Соның ішінде неміс тілін ана тілі ретінде мектептерге оқытуға қолдау көрсету, мектептерге Германиядан неміс тілінің мұғалім-мамандарды жіберу және мәдениет саласының мамандарымен, сонымен бірге, қажетті әдебиетпен қамтамасыз ету үшін шараларды іске көзделді. Қазақстандық немістердің демократиялық құрылымы бар бірлестіктеріне, мекемелеріне ГФР тарапынан үлкен қамқорлық көрсету жоспарланды. Қазақстан Республикасының үкіметі қазақстандық немістердің мәдени, әлеуметтік, экономикалық дамуына қолдау көрсетуге дайындығын білдірді. Қазақстан аталған келісім тек сөз жүзінде қалмас үшін, салықтан босату, тауарлардың барлық түрінен кедендік тағы басқа да алымдар алмау, гуманитарлық көмектерге қолдау көрсету, яғни келісімде көрініс тапқан барлық мәселелердің іске асуына жағдай жасауға міндеттенді.

Қазақстан үкіметі тарапынан немістерді қолдау шаралары ретінде қазақстандық неміс азаматтарына немістер тығыз қоныстанған облыстарда неміс тілін кеңінен пайдалану мүмкіндіктерін жүзеге асыруды жоспарлады. Атап айтқанда, мектептерде, мектепке дейінгі мекемелерде, орта және жоғары оқу орындарында неміс тілінің ана тілі ретіндегі мәртебесін көтеру, сонымен бірге, неміс тілінің оқытушыларын дайындауға ұжан-жақты қолдау білдіруге қазақ үкіметі дайындығын білдірді. неміс тілін кең тарату үшін радио, теледидар кең падаланылып, неміс тілінде жүретін бұқаралық ақпаратты таратуға, өзара мәлімет алмасуға жағдай жасалынды.

«Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қазақстандық неміс азаматтарын қолдау туралы ынтымақтастық» келісіміне сәйкес, Қазақстан үкіметі «қазақстандық неміс азаматтарға, түпкілікті қоныстану мақсатымен Қазақстанға келуші және Қазақстаннан кетуші азаматтарға ешқандай салықсыз жеке мүліктерін, құжаттарын шығаруға, зейнетақыларын Германияға трансферттеуге, қымбат мүліктерін және миграцияға кеткен немістердің Қазақстан Республикасы территориясында қалған жылжымайтын мүліктерін, сондай-ақ, сақтауға көмек-қолдау көрсетуге міндеттеме қабылдады». Бұдан өзге, келісімде Қазақстан Республикасы ұлты неміс бірақ, үшінші мемлекеттің азматы болып табылатын тұлғалардың Қазақстан арқылы Германияға шығуына қолдау көрсетуі қарастырылды. Қазақстандық немістерді реабилитациялауды одан ары жалғастару, болашақта осы мақсатта қабылдануы тиіс Қазақстанның заңдарында «немістердің мүдделерін ескеру, саяси репрессияның, еңбек армиясының құрбандарына әлеуметтік, медициналық көмек көрсету, өтем ақы төлеу» қарастырылды (Соглашение между правительством ФРГ и правительством РК, 1998: 566-972).

Аталған келісім «Қазақстан Республикасының атазаңы мен халықаралық құжаттар, атап айықанда, Еуропадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымының азшылық ұлттарды қорғауға бағытталған заңдарына сүйенді».

Қорыта айтқанда, Қазақстан мен Германия үкіметтерінің қазақстандық немістердің әлеуметтік-материалдық, неміс тілі мен мәдени және немістердің ұлттық бірегейлігін сақтап, дамытуға бағытталған шараларына қарамастан, немістердің Германияға миграциясын тежеу мүмкін болмады. Нәтижесінде қазіргі Қазақстанда 226 092 неміс өмір сүріп жатыр және олардың өзі бір жерде шоғырланбай, республиканың әртүрлі аймақтарына шашыраңқы орналасқан. Осының нәтижесінде, Қазақстан мен Германия үкіметтері неміс мәселесінің шешімін жеңілдету мақсатында бұрынғы қабылдаған келісімдер мен бағдарламаларды орындау мүмкіншілігі шектеліп отыр.

Қазақстан мен Германия алғаш рет екі тарапты ынтымақтастық жолға түсе отырып, екі елдің арасында өзара түсіністік, достық, ынтымақтастық, ізгі ниет негізінде қатынастарды дамытып келеді. Дипломатиялық қатынастардағы бұндай қолайлы жағдай, екі елдің арасында туындаған уақытша қиындықтарды жеңуге септігін тигізуде.

Қазіргі кезде Қазақстан мен Германия арасындағы ынтымақтастықтың стратегиялық мәселелері шешілгендіктен, өзара ынтымақтастықтың халықаралық құқықтық негізі қалыптасқан. Осыған қарамастан, екі елдің арасындағы қатынастарды дамыту үшін, екі елге экономика, мәдениет, экология, гуманитарлық байланыстар саласында көп тер төгіп, еңбек ету қажет. Осындай жағдайда ғана Қазақстан мен Германия арасында қол қойылған шарттар мен келісімдер сөз жүзінде қалмай, нақты іске асады.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығынан осы кезге дейінгі Қазақстандағы немістердің жағдайына көз жүгіртсек, этникалық немістер тарихи отанына оралуға соншалықты құлшыныс танытпайтындығын, тіпті кейбіреулерінің жаңа тарихи отанында бақыт таппай, Қазақстанға кері қоныс аударған фактілерін кездестіруге болады.

Он жылдан астам уақыттан бері этникалық немістердің Қазақстаннан өздерінің тарихи отандарына жаппай миграциялауы бәсеңдеді, бұның басты себебі, тарихи отандарына миграциялаған немістер, көбіне Германиядағы өмір жөнінде ақпаратты екінші адамдардан, түрлі жарнамалардан, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ғана білгендіктен, олар жаңа отанындағы шынайы өмірді басқаша түсінді. Ал тарихи отанына келген соң олар мұндағы өмір олар ойлағандай еместігіне көздері жеткен соң, кейбіреулері қайта оралды. Немістедің Қазақстанға қайта оралуын Германия үкіметі «жақсы белгі» деп есептейді. Соңғы онжылдықта иммигранттардың саны күрт азайды.

Иммигранттар санының мұндай күрт азаюы жаппай көшудің аяқталғанын анық көрсетеді. Германия үкіметі үшін бұл үлкен жеңілдік болды. Бұл жағдай Германия мен Қазақстан үкіметтерінің Шығыс Еуропа мен бұрынғы Кеңес Одағынан этникалық немістердің жаппай ағынын тоқтату үшін отыз жыл арасында қабылдаған шараларының нәтижесі болып табылады. Дегенмен, Қазақстанда өмір сүрген бір миллионға жуық этникалық немістердің 700 мыңға жуығы тарихи отанына қоныс аударды.

Немістердің қайтадан Қазақстанға ре-эмиграциялауының басты себебі, КСРО-да өскен, оның ішінде қазақстандық эмигрант-немістердің көпшілігі қазіргі Германияның өміріне бейімделе алмады, өйткені олардың ата-бабалары тарихи отаны Германиямен әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени байланыстарын үзіп алды. Осының салдарынан этникалық немістер XX ғасырдың 90-шы жылдарына қарай ана тілін ұмытып, салт-дәстүр мен ұлттық мәдени құндылықтарын жоғалтудың сәл алдында тұрды. Қазақстандағы неміс диаспорасының өкілдері қазірдің өзінде немістерге қарағанда орыс тілін жақсы сөйлейді және басқа этностармен араласып кетті.

Қазақстанға қайта оралудағы басты мәселе «тілдік кедергіні жеңе алмауында болды. Себебі неміс үкіметі жұмысқа орналасу барысында тілді білуге деген талапты күшейтті. Қазақстаннан Германияға миграциялаған немістердің жиырма-отыз жыл ішінде ана тілін жетік игермеуінің тағы бір себебі, Германияға келген КСРО-ның немістері жаңа жерге келген соң, жинақы топ болып қоныстанып, өз ортасында орыс тілді кеңістік қалыптастырып, неміс тілін үйренуге аса жетік мән бермеді. Осының нәтижесінде, тарихи отанына қоныс аударған немістер, ана тілін игеруге құлық танытпады. Неміс үкіметінің мигранттарға ана тілді меңгеру жөніндегі талабын түсіністікпен қабылдаудың орнына «Германиядағы немістер КСРО-лық немістердің бірнеше ғасыр жырақта жүріп тартқан өмірлік азаптарын түсініп, құшақ жая қарсы алудың орнына, бізге бейтаныс адамдар ретінде қарады» деген реніштерін білдірді.

Жалпы, этникалық немістердің Германияға кіруі соңғы жылдары қиындап кетті. Бұрын қоныс аударушылар үшін өздерінің немістік тегін дәлелдеу жеткілікті болса, Германияда 2005 жылдың қаңтар айында күшіне енген иммигранттар туралы жаңа заң бойынша мигранттар елге келгеннен кейін неміс тілінен емтихан тапсыруы тиіс болды. Сонымен қатар, басқа да бірқатар шектеулер бар. Мысалы, аталған заңға сәйкес, Шығыс Еуропа мен бұрынғы КСРО елдерінен этникалық немістерді Германияға қабылдауға арналған жыл сайынғы квота соңғы уақытта барынша қысқартылды.

Сарапшылардың пікірінше, қазіргі Германия үкіметінің шетелдегі этникалық немістерге қатысты саясаты барған сайын Германиядан тыс өмір сүріп жатқан немістерге көмектесуге бағытталған. Дәл осы мақсатта Германия Қазақстандағы түрлі мәдени бағдарламаларға қолдау көрсетіп, шағын бизнеске көмек көрсетуде. Дегенмен, Қазақстандағы немістер республикамыздағы жұмыссыздық сияқты біздің елде орын алып отырған экономикалық мәселелердің ауыртпалықтарын тартуда. Бұл мәселенің салдарынан қазақстандық немістердің арасында әлі де болса, тарихи отанына мигарциялауға ниет білдірушілердің бар екендігі байқалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Geschichte und Kultur der Deutschen in Kasachstan / Chefredakteur A. Eisfeld., wissenschaftlicher Hrsg. O. Eisfeld. - Göttingen, Almaty : I see real, 2017. - 524 s., (hrsg. der Forschungszentrum Göttingen № 523)*
2. Беркенгейм А.М. (1902). *Переселенческое дело в Сибири: (по личным наблюдениям и официальным данным)* /Аб. М. Беркенгейм. М.: Типо-лит. Т-ва И.Н. Кушнеров и К, 61 с.
3. *Тройницкий А.Н. (1905). Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. : [кн. 1-89] / под редакцией Н. А. Тройницкого. - [Санкт-Петербург]: издание Центрального статистического комитета Министерства*

- внутренних дел, 1899-1905. - 27 с.
4. Турчанинов Н.В. (1910). *Итоги переселенческого движения за время с 1896 по 1909 гг. (включительно)* / Сост. Н.В. Турчанинов. СПб., [2], VIII, 85 с.
5. Пален, К.К. (1910). *Отчет по ревизии Туркестанского края. Переселенческое дело в Туркестане* / К.К.Пален. – Санкт-Петербург : Сенатская типография, 418 с.
6. Немцы в России и в СНГ 1763-1862. Штутгарт, 1993.: с.43-96.
7. Stumpp K. Die Russlanddeutschen. ZweihundertJahreunterwegs. Stuttgart: VerlagLandmannschaft der DeutschenausRussland. Nachdruck 1993.-30-147 s.
8. РГАДА. Ф. 248 «Сенат и его учреждения». Кн. 3398. Л. 238-243 об.: ПСЗ. Т. XVI. № 11880
9. Немцы в России и в СНГ 1763-1862. Штутгарт, 1993.: с.43-96.
10. Stumpp K. Die Russlanddeutschen. ZweihundertJahreunterwegs. Stuttgart: VerlagLandmannschaft der DeutschenausRussland. Nachdruck 1993.-30-147 s.
11. Высочайшие постановления за 1915-1917 гг. [Дело]. - 1915-1917. - 84 л. - (Фонд-коллекция Высочайшие постановления. Опись № 1.
12. Немцы в России и в СНГ 1763-1862. Штутгарт, 1993.: с.43-96.
13. ГАРФ. Р7523, Оп.4, Д.49, л.151-152.
14. Ведомости Верховного Совета СССР. №52.1955 г.
15. https://www.migracioni.altervista.org/deu/3deutsche_in_russland/2.18_alexander_manifest.html
16. Вормсбехер Г. Немцы в СССР // Знание, 1989.-№11. 26 с.
17. Итоги национальной переписи населения 2021 года в Республике Казахстан, stat.gov.kz
18. Эрлих К. Интервью в газете Советы Казахстана // Советы Казахстана, 1993. 14 февраля.
19. Бельгер Г. Оставаться немцами можно и в Казахстане // Азия, 1993. № 33.
20. ZehenJahreInstitutfür Deutschland- und Osteuropaforschung des GöttingerArbeitskreises.V.: Forschungs- und Publikationsbericht / [hrsg. vomGöttingerArbeitskreise.V.]. - Göttingen :GöttingerArbeitskreis, 2001. - 112 s.
21. Бельгер Г. Оставаться немцами можно и в Казахстане // Азия, 1993. № 33.
22. Цайлер Р. Проблемы немцев в новой родине. // Ленинская смена, 1998. 25 июля.
23. Вормсбехер Г. Немцы в СССР // Знание, 1989.-№11. 26 с.
24. Бельгер Г. О численности населения отдельных национальностей в Республике Казахстан // Азия, 1993. № 52.
25. Цайлер Р. Проблемы немцев в новой родине. // Ленинская смена, 1998. 25 июля.
26. Токаев К.К. (1997). *Под стягом независимости*. Алматы.: Білім, 442-736 с.
27. Бракло Э. *Немецкая проблема в Казахстане*. // Советы Казахстана. 1993. 13 марта.
28. *Соглашение между правительством ФРГ и РК о сотрудничестве по поддержке граждан РК немецкой национальности* // Сборник документов по международному праву. Т. 2. Алматы, 1998. 564-972 с.
29. *Соглашение между правительством ФРГ и РК о сотрудничестве по поддержке граждан РК немецкой национальности* // Сборник документов по международному праву. Т. 2. Алматы, 1998. 564-972 с.

АГРАРНЫЙ ПЕЙЗАЖ КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК: О ВОЗНИКНОВЕНИИ ИДЕИ И ФОРМИРОВАНИИ МЕТОДА

КАНЯШИН Ю.Н.

кандидат исторических наук
г. Алматы Казахстан

Аграрный пейзаж складывался как результат общественного освоения природного ландшафта, запечатлевая в каждом конкретном случае соответствующую данному историческому периоду форму связи общества с природой. Его можно рассматривать как проекцию на природный ландшафт различных сторон общественных отношений: состояния производительных сил, форм хозяйственного освоения природы, представлений людей о правах на возделанную и невозделанную землю. И поэтому он представляет собой богатый источник информации о создавшем его обществе, о принципах распределения этим обществом земли, как в социальном плане, так и с точки зрения организации агросферы [1].

Своим превращением в предмет исследования аграрный пейзаж обязан представителям марковой теории, которые первыми оценили его возможности в воссоздании картины общественных отношений прошедших времён [2]. Однако созданная ими модель аграрного пейзажа средневековой деревни фактически представляла собой слепок с конкретной действительности позднесредневекового периода. В ней не оказалось элементов идеализации, не отделялось общее от особенного, не различались системные и предметные признаки. Это существенно ограничивало её способность объяснять историческую действительность вне хронологических и локальных пределов, из которых заимствовались материалы для конструирования указанной модели. Оценивая достижения марковой теории, в основу дискуссии следует поставить вопрос о том, какие именно составляющие этих аграрных порядков действительно являлись реликтами, а какие порядки являлись более поздними напластованиями и были ошибочно ими

архаизированы. И это заставляет задуматься над вопросом о методах реконструкции аграрных пейзажей

Эти проблемы занимали большое место в трудах А. Мейцена, который привлекал для своих исследований не столько актовый материал Средневековья, но главным образом межевые карты и земельные кадастры XVIII–XIX веков. Он также считал, что в полевой структуре позднего времени жили традиции и принципы архаического аграрного строя, существовавшие ещё во времена Тацита. Однако в формулировании своей исследовательской позиции ему удалось существенно опередить своих современников. Он первым высказывает идею о ландшафтных письменах – своеобразном источнике исторических сведений, нуждающемся в соответствующей расшифровке. «На каждом шагу, – говорится в его работе, – во дворе и в поле, мы можем встретить следы древнейшего устройства и картины владений, выступающих на картах, – своеобразный шрифт, который сообщает нам иероглифами идеи и цели основателей» [3].

Недостатки марковой теории, обусловленные, в значительной степени состоянием современных ей методов исследования, показывают, сколь много нереализованных, познавательных возможностей заключено в аграрном пейзаже средневековой деревни и её предшественницы – древнегерманской деревни. Однако и следующему поколению исследователей не в полной мере удалось реализовать эти возможности. Их прочтение тех же самых следов, оставленных аграрными сообществами на природном ландшафте, завершилось констатацией доминирования у истоков раннего Средневековья уже индивидуалистических начал, которое выразилось, по их мнению, в широком распространении системы компактных владений (Blockflur), трансформировавшейся лишь в XII–XIII веках в систему полей с чересполосным расположением участков [4]. Генетическая связь чересполосного землевладения с древнегерманской социальной структурой ими, соответственно, полностью или частично отрицалась. Предметом их критики, помимо принципа ретроспективного использования межевых карт XVII–XIX веков для характеристики раннесредневековых аграрных порядков, стала универсализация воссозданной модели аграрного пейзажа и её перенесение не только на всю Германию, но и на Францию, и даже на всю Западную Европу [5]. Тем не менее предложенная ими теоретическая модель аграрного пейзажа раннего Средневековья сыграла исключительную роль в развитии исторической науки, поскольку вызвала к жизни новое исследовательское направление – географию полей. В рамках этого направления появились и археологические исследования «древних полей» [6.]. В результате изучение аграрного пейзажа стало более профессиональным и начало привлекать внимание учёных смежных дисциплин.

В процессе развивающейся полемики сформировалось устойчивое представление о том, что два типа поселений были связаны с двумя системами землевладения и землепользования. Историки и географы первой трети XX века, отработывая идею о том, что исходным пунктом Средневековья являлся аграрный индивидуализм, установили, что в тех местностях, где доминировали отдельно стоящие дворы, владения были разбиты на компактные блоки, расположенные вокруг жилых и хозяйственных построек. Отдельно расположенный двор, который обозначается в русском языке термином «хутор», представлял собой единицу частного индивидуального землевладения. Их оппоненты приводили примеры тех местностей, где господствовали поселения с чересполосицей и дома нескольких домохозяйств образовывали деревню, где владение каждого состояло из многополосных наделов, при этом обрабатываемая площадь отдельного хозяйства была распределена в полях практически равномерно [7]. Такое противопоставление с высоты современных знаний представляется искусственным. Материалы ряда областей Западной Европы показывают, что одна и та же система полей как организационная форма землевладения могла охватывать несколько деревень, а также включать и однодворные поселения. Поэтому само существование однодворных поселений нельзя рассматривать как признак частного землевладения. Тем более что германцы, по свидетельствам Цезаря и Тацита, располагали свои деревни в виде рассредоточенных, отдельно стоящих домов. Обнаружив следы такого строения, археологи легко могли принять его за однодворное поселение, но не часть деревенского жилого комплекса [8.]. Данный факт является достаточным основанием, чтобы заново исследовать причины возникновения упомянутых типов поселений.

Французские учёные довольно поздно обратились к широкомасштабному изучению аграрного ландшафта. Первыми исследователями социализированных пейзажей стали географы. Они предприняли ряд попыток описания и классификации различных типов ландшафтов. Но их исследования не вторгались в прошлое далее XVIII века [9.]. И лишь системные работы М. Блока дали толчок всестороннему исследованию типов полей [10]. По его образному выражению «книга полей» представляет собой палимпсест, скрывающий под новыми текстами стёртые и полустёртые письмена: «Ещё более, может быть, чем группы домов или их форма, расположение полей является книгой, в которую сельские общества вписали строка на строку превратности своего прошлого. К сожалению, этот огромный палимпсест полевых систем ещё ждёт своей палеографии. Впрочем, в хороших работах на протяжении

последних лет некоторые страницы старались расшифровать» («Plusencorepeut-etrequelegro upementdesma isonsouleur forme, ladisposition deschampsest lelivreoulessociétésrura lesontinscrit, lignesurligne, lesvicissitudes deleurpassé. Malheureusement, ce grand palimpseste des terroirs, attend encore sa paléographie. Du moins, de bons travaux, au cours de ces dernières années, se sont-ils efforcés d'en déchiffrer quelques pages») [11]. «Пейзажи также являются, в свою очередь, документами» («Les paysages aussi sont, a leur maniere, des documents») [12].

Выявление в аграрных пейзажах первичных текстов и соотнесение их с несколькими рядами последующих напластований даже в описательном плане является сложной задачей. Первичные тексты отделены от новых напластований почти тысячелетним временным барьером. Столь длительные временные рамки затрудняют не только ретроспективную реконструкцию аграрного пейзажа, но и истолкование полученных при этом результатов с точки зрения их соответствия исторической действительности. М. Блок, решая эту проблему, реконструировал пейзажи преимущественно по земельным кадастрам и межевым планам XVII–XVIII веков. Он обнаружил, что на одних межевых планах (в основном северной Франции) поля напоминают правильные квадраты, составленные из узких длинных полос; на других (преимущественно на юге Франции) поля располагаются произвольно, без всякой системы. Этим двум типам открытых полей противостоит система бокажей – полей, огороженных живой изгородью или стеной из сухого камня (запад и центр Франции). Наибольшую загадку представляла здесь система открытых полей, так как требовалось объяснить, почему на больших равнинах располагаются или поля с длинными парцеллами правильной формы, или поля с участками неправильной формы. Этот факт показывает, что ключ к решению данной проблемы нельзя искать только в ландшафтно-климатических особенностях местности. Различие аграрных систем может быть объяснено различиями социальной психологии. М. Блок предложил рассматривать развитие сельских общин и создание ими соответствующих аграрных пейзажей в Западной Европе в контексте с этапами общественного «освоения земли» и предположил, что, несмотря на доримские корни этого процесса, кристаллизация общины с её распорядками произошла в начале Средневековья, независимо от влияния сеньории [13].

Во второй трети XX века полемика о структуре аграрного пейзажа Средневековья продолжилась. В научный оборот были введены новые источники, значительно расширены локальные горизонты исследований. Новые методы изучения – анализ структуры полей в конкретных населённых пунктах или нескольких близлежащих селениях, а также другие подходы, отличные от методов работы учёных XIX и начала XX века, подняли эту дискуссию на более профессиональный уровень. Всё это способствовало обострению традиционного спора о происхождении аграрного строя западноевропейского Средневековья [14]. Но главное, все эти новации сыграли решающую роль в деле окончательного формирования нового исследовательского направления – аграрной морфологии [15].

В немецкой историографии сложились обширные научные направления, которые возглавили авторы конкретных локальных трудов, охвативших своим изучением не только Германию, но и ряд областей Западной Европы. При этом учёные, находящиеся у истоков этого исследовательского интереса, в своих изысканиях основывались в целом на свидетельствах письменных памятников документального характера или межевых планах. Это определилось тем историческим материалом, на который они опирались. Основным направлением стало изучение межевых карт и кадастровых материалов XVI–XIX веков [16.] относящихся в первую очередь к Рейнской области, Мекленбургу, земле Гессен, Вестфалии, Южной Германии, Северному Тиролю. Важное исследовательское направление составили историки и географы, занимающиеся изучением письменных источников VIII–IX вв. – полиптиков и картуляриев [17].

Однако наибольших успехов добились исследователи, которые сконцентрировали своё внимание на изучении археологических данных римского периода, представляющих собой схемы полей, восстановленные на основе раскопок в Дании, северной Германии и Нидерландах. В настоящее время это исследовательское направление, представленное в основном работами учёных названных стран, продолжает опираться преимущественно на данные полевой и сельской археологии [18]. Вполне очевидная продвинутость исследований аграрного пейзажа XVIII–XIX вв. объясняется наличием богатых источников, зафиксировавших в межевых планах полевые структуры, не требующие реконструкции. Археологические раскопки предоставляют в распоряжение историков остатки аналогичных «межевых планов», но расположенных на местности, «вписанных» в естественный ландшафт. Эти источники информации требуют лишь соответствующей научной трактовки. Особенности письменных документов раннего Средневековья не оставляют историкам таких возможностей. Изучению аграрного пейзажа в этом случае должна предшествовать серия приёмов по его первоначальной реконструкции.

Несмотря на очевидный положительный результат развивающейся полемики, благодаря которому сюжеты об аграрных пейзажах перестали играть лишь подчинённую роль в исследованиях социально-

экономического строя Средневековья, все полемизирующие стороны для подтверждения своих идей не часто обращались к раннесредневековым источникам. Преобладающим методом исследования на протяжении второй трети XX века было изучение позднесредневековых полей, определяемое наличием межевых карт, кадастровых материалов и письменных документов того же периода, сочетаемое позднее с данными аэрофотосъёмки. Однако подобные «усовершенствования» методов исследования не облегчают прочтение «книги полей», поскольку некогда выбранный учёными XIX века путь: выявление под новыми «письменами» позднего времени первичных «текстов» и соотнесение их с несколькими рядами последующих напластований – не был в принципе изменён и продолжает оставаться в арсенале исследовательских средств современного исторического ландшафтоведения. Исследователям до сих пор не удалось убедительно применить этот метод.

Например, вполне заслуживающее внимания мнение учёных о том, что компактные владения могли составлять на территории ряда областей Западной Европы структурную основу аграрного пейзажа V–XI веков, а затем трансформировались в систему полей с чересполосным расположением земельных владений, оказалось слабо аргументированным. Авторы этих идей, как и прежде, пытались моделировать раннесредневековый аграрный ландшафт при помощи всё той же ретроспекции (Rückschreibung) [19], и лишь иные методологические установки привели их к выводам, прямо противоположным утверждениям сторонников марковой теории. Более убедительно выглядят работы учёных, которые, используя средства и возможности археологии, пытаются прямо «смотреть в корень» и занимаются реконструкцией и трактовкой древнегерманской полевой системы. Их аргументация существенно усилила позиции противников марковой теории. Узким пунктом в реализации этого направления исследований следует признать отсутствие какой-либо попытки проследить судьбу древнегерманской общественной системы освоения природы по законодательствам V–VII веков и картулярным материалам VIII–XI веков.

Поэтому более пристальное внимание исследователей должно быть обращено на период возникновения этих форм аграрного пейзажа, построенное исключительно на локальном материале источников раннего Средневековья. Только сплошное изучение позволит обнаружить в ткани аграрных пейзажей всю возможную палитру полевых систем и форм компактных владений, а их интерпретация – высветить некоторые новые грани романо-германского синтеза, расширить существующие сведения о процессе роста крупной земельной собственности и её дальнейшей эволюции в Средние века. Чтобы историческое ландшафтоведение Западной Европы обрело новый исследовательский импульс, следует отказаться от стереотипов, навеянных воззрениями не только сторонников марковой теории, но также и их противников. Необходимо признать, что структуры аграрных пейзажей отличаются таким многообразием, которое не позволяет дать им однозначную трактовку. Соответственно, изучение раннесредневековых форм полей нельзя сводить только к их противопоставлению, как это было принято у прежних исследовательских школ. Возможно, что определённую новизну в изучение агросферы сможет привнести направление исследовательского интереса на реконструкцию сети дорог, особенно на римские дороги, которые довольно часто упоминаются в ранних текстах. Однако здесь большую трудность представляет параллельное привлечение археологических сведений, поскольку раскопки часто ограничивались лишь жилой и хозяйственной техносферой и редко обращали внимание на сами поля, полевые ограды и дорожную сеть [20].

Эти исследовательские перипетии свидетельствуют о том, что «книга полей» читается нелегко. Очевидно, что метод восхождения от изучаемого пейзажа к обществу, выражением и окружением которого он являлся на основе следов, составляющих в нём результат деятельности этого общества, не является простым исследовательским приёмом [21]. Важно понять, что здесь может служить источником для реконструкции аграрного пейзажа. Восходить от пейзажа к обществу с помощью современного аграрного пейзажа возможно только в том случае, если конкретный пейзаж действительно не испытал больших изменений. Если современный аграрный ландшафт по сравнению со средневековым сильно изменился, то, источником информации может быть только исторический, или реконструированный аграрный пейзаж [22]. Его научной интерпретации должно предшествовать воссоздание его изначального состояния с использованием комплекса позднейших источников и с помощью технических приёмов различных вспомогательных исторических дисциплин. Следы прежнего общественного устройства, своеобразный шрифт, сообщающий нам «иероглифами идеи и цели его основателей», следует искать только в средневековых документах. Тем более, как установлено ведущими специалистами в области исторического ландшафтоведения, данные, полученные благодаря непосредственному анализу пейзажа, и, в частности, датировка материальных остатков быта, вписанных в природный ландшафт, даже в недалёком прошлом, не могут превосходить по точности и объективности сведения, сохранившиеся в текстах письменных источников того же исторического периода [23].

Решение этих вопросов по своему значению выходит за рамки тех целей, которые

непосредственно преследует данная статья. Предстоящая монографическая реализация поставленных задач на примере Маконского региона, которая частично уже осуществляется автором этих строк, позволит увидеть аграрную ассоциацию собственников всех структурных элементов аграрного пейзажа как сложный самоуправляющийся микрокосм сельского мира в ранний период его истории. Она позволит также обратить особое внимание на методический аспект исследования, конечной целью которого является реконструкция средневекового кадастра. Предлагаемая апробация методов исследования общественных отношений, связанных с освоением ландшафтов в средневековый период, убедительно продемонстрирует специфические возможности ландшафтоведения и предоставит богатейший материал для исторических интерпретаций [24].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Блок М. *Характерные черты французской аграрной истории*. М.: 1957; Dion R. *Essai sur la Formation du paysage rural français*. P.: 1934 (Neudruck 1981, Nachdruck 1991); Lebeau R. *Les Grands Types de structures agraires dans le Monde*. P.: 1969.
2. Maurer G.L. *Einleitung zur Geschichte der Mark-, Hof-, Dorf- und Stadtverfassung und der öffentlichen Gewalt*. München: 1854; Waitz G. *Über die altdeutsche Hufe*. Göttingen: 1854. S.6–33; Landau G. *Die Territorien in Bezug auf ihre Bildung und ihre Entwicklung*. Hamburg und Gotha: 1854. S. 50–77; Thudichum F. *Die Gau- und Markverfassung in Deutschland*. Giessen: 1860. S.158–160; Gierke O. *Das deutsche Genossenschaftsrecht*. Bd.1. Berlin: 1868. S.62–66; Hanssen G. *Agrarhistorische Abhandlungen*. Bd.1. Leipzig: 1880. S.1–76, 99–387.
3. Meitzen A. *Siedlung und Agrarwesen der Westgermanen und Ostgermanen, der Kelten, Römer, Finnen und Slawen*. Bd.1. B.: 1895. S.28.
4. Steinbach F. *Gewanddorf und Einzelhof* // *Historische Aufsätze*. Aloys Schulte zum 70. Geburtstag. Düsseldorf: 1927. S. 44–61; Steinbach F. *Ursprung und Wesen der Landgemeinde nach rheinischen Quellen* // *Die Anfänge der Landgemeinde und ihr Wesen*. Bd. 1. Stuttgart: 1961. S. 245–288; Lütge F. *Die Agrarverfassung des frühen Mittelalters im mitteldeutschen Raum vornehmlich in der Karolingerzeit*. Jena: 1937. S. 324–351; Abel W. *Geschichte der deutschen Landwirtschaft vom frühen Mittelalter bis zum 19. Jh.* Stuttgart: 1962. S.34–35, 65–76.
5. Knapp G. *Siedlung und Agrarwesen nach A. Meitzen* // Knapp G. *Grundherrschaft und Rittergut*. Leipzig: 1897. S. 101–120; Gradmann R. *Die ländlichen Siedlungsformen Württembergs* // *Petermanns Geographische Mitteilungen*. Bd. 56. Tübingen: 1910. S. 246–249; Gradmann R. *Das ländliche Siedlungs Wesen des Königreichs Württemberg*. Stuttgart: 1913.
6. Hatt G. *Das Eigentumsrecht an bebautem Grund und Boden* // *Zeitschrift für Agrargeschichte und Agrarsoziologie*. Frankfurt am Main: 1955. H.2. S. 118–129; Jahnkuhn H. *Vor- und Frühgeschichte vom Neolithikum bis zur Völkerwanderungszeit*. Stuttgart: 1969. S. 74–154.
7. Ernst V. *Die Entstehung des deutschen Grundeigentums*. Stuttgart: 1926. S.1–32, 73, 99–100; Gradmann R. *Markgenossenschaft und Gewandort* // *Berichte zur deutschen Landeskunde*. Bd. 5. Bad Godesberg: 1948. S. 108–114; Fliedner D. *Zur Problematik der römischen und frühalemanischen Flurformen im Bereich der südwestdeutschen Gewinnsiedlungen* // ZAA. 1970. H. 1. S. 16–35.
8. Müller-Wille M. *Eisenzeitliche Fluren in den festländischen Nordseegebieten*. Münster: 1965.
9. Dauzat A. *Les noms de lieux. Origines et évolution*. P.: 1926; Demangeon A. *Villages et communes rurales* // *Annales de Géographie*. T. XLII. № 238. P.: 1933. P. 337–349; Degueurce P. *L'évolution agricole du Clunysois depuis un siècle d'après les cadastres successifs* // *Revue de Géographie régionale*. T. XII. № 1–2. Lyon: 1936. P. 108–114; Blache J. *De la structure parcellaire à l'habitat rural en Lorraine* // *Bulletin de l'association de Géographes français*. P.: 1937. P. 58–64; Meynier A. *La commune rurale française* // AG. T. 53–54. № 295. P.: 1944–1945. P. 161–179.
10. См. Bloch M. *Les paysages agraires: essai de mise au point* // *Annales d'histoire économique et sociale*. T. 8. P.: 1936; Bloch M. *Le Probleme des régimes agraires* // Bloch M. *Melanges historiques*. T. 2. P.: 1963.
11. Bloch M. *Champs et villages* // *Annales d'histoire économique et sociale*. T. 6. P.: 1934. P. 483.
12. Bloch M. *Champs et villages* // *Annales d'histoire économique...* P. 489.
13. Bloch M. *Les caracteres originaux de l'histoire rurale française*. T. 2. *Supplement établi par R. Dauvergne, d'après les travaux de l'auteur*. Paris: 1956.
14. Juillard E. *La vie rurale dans la plaine de Basse-Alsace*. Strassbourg: 1953; Juillard E., Meynier A. *Die Agrarlandschaft in Frankreich* // *Münchener Geographische Hefte*. München: 1955. Bd. 9; Lebeau R. *La vie rurale dans les montagnes du Jura*. Lyon: 1955.
15. Champier L. *La Structure des terroirs bourguignons* // AB. T. XXVII. Dijon: 1955. P. 34–43; Verhulst A.E. *Probleme der mittelalterlichen Agrarlandschaft in Flandern* // ZAA. Frankfurt am Main: 1961. H. 1. S. 13–19; Verhulst A. *L'archéologie et l'Histoire des champs au Moyen-Age* // *Studia Historica Gandensia*. T. 68. Gent: 1967. P. 84–102; Verhulst A. *Le paysage rurale en Flandre interieure: son évolution entre le IX^e et XIII^e siècle* // *Studia Historica Gandensia*. T. 238. Gent: 1980. P. 11.
16. Hömberg A. *Die Entstehung der westdeutschen Flurformen*. Blockgemengflur, Streifenflur, Gewinnflur. B.: 1935; Hömberg A. *Grundfragen der deutschen Siedlungsforschung*. B.: 1938; Mortensen H. *Zur Entstehung der Gewinnflur* // ZAA. Bd.3. 1955. S.30–48; Mortensen H. *Probleme der mittelalterlichen deutschen Kulturlandschaft* // *Berichte zur deutschen Landeskunde*. Bd.20. 1958. S.98–104; Krenzlin A. *Zur Genese der Gewinnflur in Deutschland nach Untersuchungen in nördlichen Unterfranken* // *Geografiska Annaler*. 1961. Vol.43. S.190–204.
17. Schröder-Lembke G. *Zur Flurform der Karolingerzeit* // ZAA. 1961. H. 2. S. 143–152; Schröder-Lembke G. *Zum Zelgenproblem* // ZAA. 1964. H. 1. S. 44–51; Boelke W. A. *Die frühmittelalterlichen Wurzeln der südwestdeutschen Gewinnflur* // ZAA. 1964. H. 2. S. 134–138.
18. Lüning J., Jockenhövel A., Bender H., Capelle T. *Deutsche Agrargeschichte. Vor- und Frühgeschichte*. Stuttgart: 1997. S. 388–392.
19. Verhulst A. *Le paysage rural: les structures parcellaires de l'Europe du Nord-Ouest*. Turnhout: 1995. P. 20–47.
20. Champier L. *Recherches sur les origines du terroir et l'habitat en Mâconnais et en Chalonnais* // *Etudes rhodaniennes*. T. XXII. Lyon: 1947; Rounnel G. *Histoire de la campagne française*. (1 Ed. 1932) 2 Edition. P.: 1974.
21. Guerreau A. *L'évolution du parcellaire en Mâconnais (env. 900–env. 1060)* // *Le Village medieval et son environnement*.

Etudes offertes à J.-M. Pesez. Travaux reunis par L. Feller, P. Mane, F. Piponnier. P.: 1998. P.509; Guerreau A. Remarques sur l'arpentage selon Bertrand Boysset (Arles, vers 1400–1410) // Campagnes médiévales: l'homme et son espace. Etudes offertes à Robert Fossier. P.: 1995. P. 87-102.

22. Mortensen H. Die mittelalterliche deutsche Kulturlandschaft und ihr Verhältnis zur Gegenwart // VSWG. Bd. 45. Stuttgart:1958. S. 17-36.

23. Haversath J.-B. Die Entwicklung der landlichen Siedlungen im südlichen Bayerischen Wald. Passau: 1994.

ТАРИХҚА ІЗ ҚАЛДЫРҒАН САЯСАТКЕР – ЛЕХ ВАЛЕНСА

СМАНОВА АЙГУЛЬ МОЛДАЛИЕВНА

*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

Польша тарихына із қалдырған саясаткерлер баршылық, солардың бірі – «Ынтымақ» жұмысшылар қозғалысының көшбасшысы Лех Валенса 80-ші жылдары поляк ұлты азаматтары арасынан ең танымал тұлғалардың біріне айналды. 1943 жылдың 29-қыркүйегінде Поморлық воеводстваға қарасты, Папов ауылындағы ағаш ұсташының жанұясында дүниеге келген Лех Валенса, 1958 жылы орта мектепті тәмамдаған соң, ауыл шаруашылығын механизациялау училищесіне оқуға түседі. Бірақ оқуын одан әрі жалғастыру мүмкін болмады, өйткені көп балалы отбасынан шыққандықтан университетке түсуді қалтасы көтерген жоқ [1,125]. Үш жылдан кейін кәсіптік училищені аяқтап, «Мемлекеттік көлік жасау орталығында» электр-механик болып жұмысқа тұрды. 1963 жылы Лех Валенса әскер қатарына шақырылып, капрал шенімен бұрынғы жұмыс орнына қайта оралады. 1967 жылы Лех Валенса Гданьск қаласына келіп, В.И.Ленин атындағы кеме жасау зауытына электрик болып жұмысқа орналасады [2,321]. 1969 жылы ол Мирослав Данут есімді қызға үйленіп сегіз баланың әкесі атанды.

Мектепте оқып жүрген кезден-ақ Лех Валенса тамаша ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен болатын, ал жұмыс істеп жүрген кезде де қоғамдық іс-шаралардан тыс қалған емес. Лех Валенса қандай қызметте болса да өзінің айрықша жауаптылығымен, атқарған қызметін жетік меңгеру және өз міндетін орындаумен ғана шектелмей, оған өзіндік леп беруімен ерекшеленді. Лех 1970 жылы «Қозғалыс комитетіне» мүше болып, азық-түлік бағасының қымбаттауына қарсы ереуілді басқарады, нәтижесінде осы «Қозғалыс комитеті» кейін келе «*Ынтымақтастықтың*» [3, 33] іргетасын қалайды.

1976 жылы ол ереуілге құқығы бар жұмысшылардың тәуелсіз кәсіподағын құруды қолға алады. Полиция жағынан қуғындаланып, бірнеше рет тұтқындалса да, ол «Жағалаудағы жұмысшы» деп аталатын заңсыз газет шығарумен айналысып, «Еркін кәсіподақ» деп аталатын ұйым құрады. Бастапқы кезде бұл ұйымдардың төңірегінде ешқандай көшбасшы болған жоқ, Лехтың өзі де қарапайым жұмысшылардың бірі бола жүре, Польша демократиясы үшін күрес жүргізді. Сонымен бұл поляк оппозициясының алғашқы қадамы болатын.

Алайда осы кезде «Ынтымақтың» ішінде өте күрделі үдерістер де болып жатқан еді, сондықтан олар коммунистік билікке қарсы бостандық үшін ғана емес, елдегі басқа да «патша», «сұлтан», «монархтарға» қарсы күрес жүргізулеріне тура келді [4]. Лех Валенсаның бұл кездегі билігі немқұрайлы түрде болғандықтан ол халықпен бірге жүрді, қарапайым халық үшін ол ұлттық батырдай болып көрінді.

Мәселен, Польша тарихында Тадеуш Костюшко мықты тұлға, ол туралы: «... міне, енді біздің ұлттық батырымыз бар», «...ол бәрін біледі, ...ол бәрін түсінеді, ...оның қолынан бәрі келеді», -деп айтылады. 80-ші жылдары Лех Валенса да халық арасында осындай тұлғаға айнала бастады. Мысалы, интеллигентер үшін ол қарапайым жұмысшы болса, жұмысшылар арасында «өзіміздікі» деп есептелді, ол цензура, баспахана, әдебиет, сөз бостандығы үшін күресті. Оның құпиясы сөйлеген сөзінде болды, ол тілді тамаша меңгере білді. Бірде ол былай деген екен: «*Мен жеңіске қалай жеттім?...*», яғни поляк тілінде «*Як я шлем...*», сондықтан оған «пан» («мырза») деп айтудың керегі жоқ, тек «*я шедлэм*» деп айтса болғаны деп қалжыңдаған, яғни «*шлэм-шедлэм, дошедлэм*», «*жүрдім, жүріп-жеттім*» [5, 4]. Оның беделінің тез өсуіне айтқан сөздері үлкен әсер етті, мысалы тыңдаушыларға қандай әсер қалдырғаны бәрінің есінде қалды. Олар Валенсаның түрін көрмесе де, сөйлеген сөзі айналасындағыларға өз адамы екенін мойындатуға түрткі болды. Оның айтқан сөздерінде ешқандай шешендік болған жоқ, дегенмен оның тыңдаушылары ол сөйлеген кезде бойына электр қуаты соққандай әсер алды. Алайда сөзден де маңызды нәрсе: оны «*кішкентай капрал*» немесе «*кішкентай рыцарь*» деп айттып та жүрді, бұл оның бойына байланысты емес – ол мұның әскердегі шені мен «*Наполеон*» деген лақап атына байланысты шыққан еді, кейде ол жылылық пен жақындықты да білдірді. Өйткені Валенса басшылардан шыққан

жок, сондықтан қатардағы қарапайым поляктарға жақын болды.

Әлем үшін ол поляк халқының символы, яғни жұмысшы табы, интеллигенция және католик шіркеуі арасындағы байланыс көпірге айналды. Осы кездегі поляк халқы үшін символға айналған үш тұлға: Рим папасы II Иоанн Павл (Кароль Войтыла), Нобель сыйлығының иегері, ақын Чеслав Милош және «бәрі мүмкін» деген үміт символына айналған – Лех Валенса болды [6, 71].

Тәуелсіз кәсіподақтың 1980 жылы тамыздағы Құрылтай жиналысында жұмыс орындарында әділетсіз түрде жұмыстан шығару, азық-түлік бағасының қымбаттауына байланысты жалақыны көтеру мәселесімен халықты ереуілге шақырды. Тап осы кезден бастап Лех Валенсаның аңызға айналған қадамының іргесі қаланды. Осы уақытта жұмысшылар мен үкімет арасында келісімге қол қойылып, ереуіл жеңіспен аяқталды. Ал Лех Валенсаның есімі тек Польшаға ғана емес бүкіл әлемге шарықтап кетті.

Мысал келтіре кетсек, нақты бақылаушылардың бірі, поляқтың танымал режиссері Анджей Войда өзінің «Темірден жасалған адам» деген түсіріліміне материал жинау барысында Лех Валенса туралы: *«...Лех тоталитарлық жүйедегі пролетариат мәдениетінің өнімі болған жоқ. Ол поляк ұлттық мәдениеті мен оның дәстүрі аясында шыңдалып, аз уақыт ішінде жұмысшы көсемінен халық көшбасшысына айналды, сол үшін поляктар ол үшін барлық есікті айқара ашуға дайын. Поляктар құрмет, сүйіспеншілік, сенімділік сияқты құндылықтарға ашығып жүрген кезде, оларға бұл ізгілікті істерді үлкен жанұяның отағасы Лех ұсынды»*, -деп жазды [7,121]. Лех Валенса халықтың тынысын сезіне білді. Үнемі халықпен араласып жүрген «гданьскілік воевода» 1980-1981 жылдары кез келген бюрократияға қарсы шықты, әрбір келіссөзден кейінгі оның халықпен кездесуі үлкен сенімділіктің көрінісіне айналды.

1980 жылдың 5-10 қыркүйекте Гданьскіде «Ынтымақтың» I съезі болды, ал съездің екінші жартысы 26 қыркүйек пен 7 қазан аралығында өтті. Осы съезде қабылданған құжаттардың ішіндегі ең маңыздысы «Ынтымақтың» бағдарламасы болатын. «Ынтымақтың» мүшелерінің көзқарас спектрі тым кең болғандықтан бағдарламада әр түрлі қоғамдық, идеялық ағымдардың, әр түрлі саяси және діни сенімдердің ұсыныстарын біріктіре алды», -деп жазылды. Бағдарламаның *саяси бөлімінде*: «өзін-өзі шектеу революциясын» қолдап, қантөгістік ереуілден сақтану, елдің халықаралық жағдайын басты назарда ұстау мәселелері қаралды. *Экономикалық бөлімінде*: дағдарысқа қарсы шараларға емес, экономиканы дамытудың перспективалық мақсаттарына аса көңіл бөлінді. Онда, экономиканы басқаратын әкімшіл-әміршіл тәсілдің орнына еңбекшілер ұжымдарының өзін-өзі басқаруы, шаруашылықтық есеп, нарықтық қағидаларға келу керектігі айтылған. *Әлеуметтік бөлімінде*: жұмыссыздыққа, жалақының өзгеруіне, жұмыс күнінің қысқаруына, негізінен табыс айырмасының азаюы мен еңбек жағдайының жақсаруына аса көңіл бөлінді [8].

Алайда бұл кезде «Ынтымақ» мүшелері көп нәрсеге қол жеткізе алған жоқ, өйткені елдегі дағдарысты күйдің әсерінен, қозғалыс мүшелері тек астыртын әрекет қана жасаумен шектелді. Дегенмен халық үшін Валенса бұл қозғалыстың көшбасшысы ғана емес, сонымен бірге туған баласындай болып көрінді. Елдегі ауыр саяси жағдайды ол ызғарлы сараптама негізінде емес өз жан дүниесі арқылы және тобыр халықтың одан не күтетінін де сезіне білді. Сол үшін өте абайлап әрекет жасады, өзінің алдына қойған мақсатын ешқашан көзден таса қылған жоқ. Әрине, дағдарысты кезеңде басқалардың да көзқарасына сүйеніп, тез арада нақты шешім қабылдап отырды. Сөйтіп Шығыс Еуропада бірінші рет тәуелсіз кәсіподақтың басшысына айналды.

1981 жылдың екінші жартысында Польшада экономикалық және саяси дағдарыс басталып, «Ынтымақ» аймақтарға бақылауын жоғалтып, Мәскеу күшейе бастады. Валенсаның ұйымдастырған ереуілін мемлекеттік төңкеріс деп басып тастады. Бұл туралы естіген Валенса бас сауғалаудан бас тартты. Нәтижесінде кезінде Гомулканы тұтқындап ұстаған зәулім үйде Валенса жалғыз қамауда ұстады. Ал кейін оны ешқандай ортамен байланысы жоқ қалың орман ортасындағы Алармовтағы үкіметтің аңшылық үйіне ауыстырды. Валенса жалғыздық сынағына шыдап, өз бас бостандығын баспалдақтан қайта төмен түсуге ауыстырған жоқ [9].

Ал түрмеден шыққан соң жаппай қозғалысқа тыйым салынған екі ойлы бұрынғы төрағалық жағдайын да ұстамдылық танытты. Адам баласының басына түсетін тағы бір қиындықта ұстамдылық танытты: өз есімі төңірегіндегі тыныштық сынағы. Жасырын түрде «Ынтымақ» қайта жандана бастады. Баспахана құрылды, көптеген газеттер, кітаптар, үндеухаттар басып шығарылды. Нақты үгіт-насихат 1985 жылы басталды, үкіметтік мекемелер «Ынтымақты» Батыс азықтандырып отыр деп ойлады. Ал ақшаның басқа кәсіподақтардан түсіп отырғаны туралы жақтарын ашық айтылған жоқ. Бұл кезде қоғамдық пікір үшін «Ынтымақтың» бұрынғы төрағасының беделі түскенмен, жастардың оған деген сенімі жоғалған жоқ. Польшадағы мұндай жағдай 1988 жылға дейін жалғасты. Месснер үкіметінің шаруашылық реформалары іске асқан жоқ, экономика тағы да нашарлап, халық қайта күйзеліске түсті. Осыдан кейін Валенсаның беделі тағы да көтерілді. 1989 жылы қаңтарда Лех Валенса Польша Біріккен Жұмысшы партиясы

Орталық Комитетінің мүшесі Медовичпен көгілдір экранда жекпе-жекке шықты. Осы кездесу туралы бұқаралық ақпаратта: «...жұдырығын жұмып Варшаваға келген Лех Валенса 42 минуттың ішінде Польшадағы ең танымал саясаткерге айналды, ... сегіз жыл бойы уысынан шығарып алғанын толығымен қайтарып алды», - деп жазылды [10, 210].

Қорыта айтқанда, Лех Валенсаның саяси және мемлекеттік қызметте болуын оның ақыл-білімі және саяси тәжірибесінің молдығымен ғана емес, сонымен қатар ұлтына деген жанашырлығымен де түсіндіру қажет сияқты. Өйткені ол қандай қызметте болса да, мансап қуып, жеке басын ойлаған жоқ, поляк халқына пайда келтіруге тырысты. Сондай-ақ Валенса өзінің саяси, мемлекеттік және кәсіпкерлік қызметінде жинақтаған тәжірибесін үнемі ой елегінен өткізіп, зердесіне сақтап отырды. Егер осы ойды Лех Валенсаның өзін танып-білуге қолдансаңыз, оның өмірі мен қызметіне үңіліп, байыппен, зер салып қарасаңыз, кеңес идеологтары айтқандай қарадүрсін «бүлікшіл» емес, сындарлы ақыл-ойы бар, елін, жерін сүйген, адал және іскер қайраткерді, балаларына жақсы әке болған жылы жүректі қарапайым адамды көресіз. Польша тарихында өзіндік орны бар, халқына мінсіз қызмет атқарған Лех Валенсаның өмірі – қандай адамға болса да үлгі боларлық өмір.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Медведев Р.А. Незнакомый Андроппов. Кризис в Польше 1980-1981 гг. //Новая и Новейшая история. – 1999. – №2 (2). – С. 123-133.
2. Дыбковская А., Жарын М., Жарын Я. История Польши с древнейших времен до наших дней. – Варшава: Научная издательство ПВН, 1995. – 372 с.
3. Корнилов Ю., Кузнецов В., Николаев Ю. Как делается заговор. – М.: Прогресс, 1985. – 224 с. С.33.
4. Трубников В.П. Крах «операции Полония». До и после «жаркого лета» восьмидесятого. Документальный очерк. – Москва: Издательство «Агентства печати новости», 1983. – 241 с.
5. Взят с полничным // «Известия», № 280 (22087) от 7 октября 1987. стр.4
6. Antoni Dudek. Reglamentowana rewolucja. Rozkład dyktatury komunistycznej w Polsce 1988-1990. – Kraków, 2004.
7. Leszek Garlicki. Polskie prawo konstytucyjne. Wyd. 11. – Warszawa: Liber, 2007.
8. Адам Михник. Антисоветский русофил. – Москва: «Летний сад», 2010. – 349 с.
9. Antoni Dudek. Pierwsze lata III Rzeczypospolitej 1989-2001, Wyd. 2, popr. i uzup., Wydawnictwo Arcana. – Kraków 2002.
10. Травин Д., Маргания О. Европейская модернизация. Польша: Чудо, которого не ждали. После шока // В кн. Модернизация: от Елизаветы Тюдора до Егора Гайдара. – СПб.: Норма, 2016. – 392 с.

ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ИНТЕРВЬЮ ӘДІСІ

БИСЕМБАЕВА ЛӘЗЗАТ АМАНДЫҚҚЫЗЫ

*PhD доктор, қауымдастырылған профессор м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада Отандық тарих ғылымының методологиясындағы өзгерістер, тарихи зерттеулердегі интервью әдісі арқылы «айтылған тарих» мәліметтерінің жинақталуы, оның күнделікті өмір тарихын зерделеудегі маңызы туралы мәселелер қарастырылады.

Тірексөздер: макротарих, микротарих, интервью, айтылған тарих, күнделікті өмір.

Аннотация. В статье рассматриваются изменения в методологии отечественной исторической науки, сборе информации «устной истории» методом интервью в исторических исследованиях, ее значении в изучении истории повседневной жизни.

Ключевые слова: макроистория, микроистория, интервью, устная история, повседневная жизнь.

Annotation. The article discusses changes in the methodology of Russian historical science, the collection of “oral history” information using the interview method in historical research, its significance in the study of the history of everyday life.

Keywords: macrohistory, microhistory, interviews, oral history, everyday life.

Әрбір ғылым саласы сияқты тарих ғылымының да өзіндік зерттеу әдіс-тәсілдері бар. Кеңестік кезеңде идеологиялық қысымға байланысты тарихты еркін, ұлттың өз ішіне үңіле отырып жазуға тарихшы ғалымдардың мүмкіндігі болмады. Сондықтан сол заманның талабынан туындаған әдіс-тәсілдерге сай зерттеулер жүргізіліп, ой қорытулар жасалды. Бірақ, тәуелсіздік алғаннан кейін тарих ғылымының методологиясы біршама өзгерістерге ұшырап, кеңестік кезеңде идеологияның ықпалымен жазылған тарихи оқиғалар қайтадан талдауға алынып, тың тұжырымдар жасала бастады. Оған тарихтың

зерттеу әдіс-тәсілдерін өзгерту арқылы қол жеткізілді.

Тарих ғылымының методологиясында орын алған өзгерістер жөнінде сөз қозғалғанда, оның батыс Еуропадан бастау алғанын ескеруіміз керек. XX ғасырдың II жартысынан бастап батыс германдық тарихшылар макротарихтан микротарихқа бет бұра бастады (Бисембаева, 2021: 5).

Макротарих мемлекеттік құрылымдардың, мәдени қауымдастықтардың, өркениет кешендерінің (<https://ru.wikipedia.org/wiki/Макроистория>), саяси ұйымдар мен соғыстардың, ұлт тарихын, т.б. ірі ауқымды құрылымдардың тарихын қарастырса, микротарих – тарихи процестердегі осындай ірі оқиғалардың бел ортасында жүріп, негізгі қозғаушы күші болса да, зерттеу нысанына алынбай, елеусіз қалып қойған «кішкентай» адамдардың тарихтағы орнына назар аударады.

XX ғасырдың 60 жылдарында макротарихтан микротарихқа бет бұру сол кезден бастап әлемдік тарихнамаға «антропологиялық төңкеріс» әкелді. Бірақ адам феноменіне назар аудару антикалық кезеңнен бастау ала бастаған. Мысалы, Геродот тарихи зерттеуде алғаш рет адамды зерттеу нысанына алса, Сократ философияда адамның табиғатына, оның қоғамдағы орны мен әлеммен байланысына назар аудара бастаған (<https://artforintrovert.ru/>).

Әр кезеңдердегі тарихи процестердің қарапайым адамдардың күнделікті өміріне әкелген өзгерістерін, сол өзгерістерді қоғамның «кішкентай» адамдарының қалай қабылдағанын біз қазіргі Отан тарихын зерттеудегі жаңа трендтердің бірі–интервью (сұхбат)әдісі арқылы ашып көрсете аламыз. Интервью нәтижесінде корреспондент (сұхбат алушы) респонденттен (сұхбат берушіден) өзінің өмірі, өзі куә болған өткен оқиғалар, т.б. туралы ауызша мәліметтер жазып алады.

Ауызша тарих айту дәстүрі көшпелі өмір салтын кешкен қазақ халқында ежелден қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Ал, отырықшы өмір салтын ұстанған елдерде жазу мәдениеті дамып, тарихы жазба деректерге сүйеніп жазылған. Қазақтардың тарихы көшпелі тұрмыс кешкендіктен халықтың жадында сақталған ауызша айтылған деректерге негізделген болатын. Ауызша айтылған оқиғалар халықтың есте сақтау қабілетін дамытып, жадын жаңғыртып отыруға ықпал еткен. Кеңес үкіметінің орнауымен қазақ халқының отырықшылық өмір салтына көшуі және жазу мәдениетінің қалыптасуы халықты ауызша тарих айту дәстүрінен ажырата бастады. Ол өз кезегінде болашақта тарихи жадының көмескілене түсуіне алып келді.

Көшпелі өмір салты басымырақ дамыған қазақ қоғамында тарихты ауызша айту дәстүрі белгілі бір деңгейде отырықшы елдердегі жазбаша деректердің міндетін атқарған (Қойгелдиев, 2015: 4).

Тарихты ауызша айту дәстүрі антикалық кезеңде де болған. Мысалы, Геродоттарихи оқиғаларды жазғанда өзі куә болған және ауызша түрде айтылған ақпараттарға сүйенген (<https://sul.su/1Jpk>). Байқап отырсақ, тарихты ауызша деректер негізінде баяндау әдісінің өте ерте кездің өзінде-ақ қолданылып, ауызша берілген ақпараттар деректік құндылыққа ие болған.

Ауызша айтылған мәліметтер бастапқыда есте сақтау, кейінірек қағазға жазып алу арқылы сақталған. Бірақ XX ғасырдың II-жартысынан бастап техникалық құралдардың пайда болуы, ауызша айтылған ақпараттарды жазып алуды жеңілдетті. Респонденттің эмоциясын сезінуге, интонациясы мен лексикасын естуге мүмкіндік туғызды.

Тарихи оқиғаларға қатысты айтылған деректерді «ауызша тарих»және «айтылған тарих» мәліметтері деп екіге бөліп қараймыз.

«Ауызша тарих» деректеріне тарихи жырлар, адамдардың өз өмірлері, өздері куә болған оқиғалар туралы айтқан әңгімелерін жатқызамыз. Ал, «Айтылған тарих» деректеріне зерттеу нысанына қатысты арнайы құрастырылған сұрақтар негізінде сұхбаттасу арқылы алынған ақпараттар жатады. Яғни, «айтылған тарих» деректері тарихиинтервью жүргізу әдісі арқылы жинақталады.

Тарих ғылымында интервьюжүргізудің өзіндік тәртіп-ережесі бар. Алдымен сұхбаттасушы, яғни респондент іздейсіз. «Айтылған тарихпен» және тарихи сұхбат жүргізумен айналысуға дайындала отырып, алдымен, қандай ақпарат алғың келетінін анықтап алу керек. Егер, сізді белгілі бір тарихи сәт немесе кезең қызықтырса, респонденттің өмірбаяны сол оқиғаның тарихи элементі болып табылатын болса, онда тақырыптық сұхбат алуға дайындаласыз. Ал, егер керісінше, сізді адам өмірінің барлық тарихы қызықтырса, онда өмірбаяндық сұхбатқа дайындалу керек. Интервью сапалы шығуы үшін респонденттің ақпараттарды жазып алу үшін айтуға және ашық әңгімелесуге ынталы болуы; белгілі бір дәрежеде өзінің жеке өмірлік тәжірибесін ой елегінен өткізе алуы; аңғарымпаз және өткен өмірге қатысты оқиғаны еске түсіре алуы; өткенді еске түсіруге құлықты болуы маңызды болып табылады.

Корреспондентті, мысалы, респонденттің өміріндегі соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі кезең қызықтырса, онда ол сол кезеңді жақсы білуі керек. Қарт адамдар қалалар мен жылдар туралы шатастыруы мүмкін, сондай кезде кезеңді жақсы білсеңіз, қажетті бағытқа қарай бұрып отырасыз, яғни сұхбат берушіге көмек бересіз.

Интервью жүргізу үшін әңгімелесуге кететін уақытты жоспарлап алу маңызды болып

табылады. Сонымен бірге респондентке ыңғайлы уақытты белгілейсіз. Екеуіңізде де 2 сағаттай бос уақыт болуы шарт. Бұл міндетті түрде 2 сағат болу керек дегенді білдірмейді. Бірақ уақыт аз болса, жауаптар мардымсыз болып, сұхбаттасу сәтсіз шығуы мүмкін. Кей жағдайда интервью барысында қосымша мәліметтер ұсынылып жатса, онда уақыт бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.

Интервьюдің сәтті шығуына ықпал ететін келесі бір маңызды жайт – сұхбат өткізу орнын дайындап алу. Сіз респондентпен жеке болуыңыз, артық адам, балалар және бөгде дыбыстар болмауы шарт. Сұхбат үйдің ішінде өткізілсе, зерттеуші үшін өте ыңғайлы болуы мүмкін. Үй-іші, тұрмысы, заттар, фотосуреттер, айналадағы адамдар – қосымша мәлімет береді. Кейде әңгімелесушінің ыңғайына қарай, үйден тыс жерлерде өткізілуі де мүмкін. Қай жерде өткізілсе де, респонденттен ескі суреттерді, оның өміріндегі маңызды құжаттарды, анықтамалар, грамоталар, ордендер мен медальдар және, т.б. туралы сұрауды ұмытпаған жөн. Бұл әрқашан еске түсіру үдерісін жақсартып, интервьюді нәтижелі жүргізуге ықпал етеді (Бек, Щербаков, 2001: 32).

Интервью барысында әңгімені жазып алу үшін пайдаланылатын дыбыс құралдары өте үлкен болмауы керек, әйтпесе кейбір респонденттер қысылып, өзін ыңғайсыз сезінуі мүмкін. Ондай кезде интервью сапасыз шығып, тақырып ашылмай қалуы мүмкін. Респондентке қойылған сұрақтар оны тығырыққа тірейтіндей емес, нақтылайтын сұрақтар қойылуы керек. Мысалы: «Ол кезде сіз не сезіндіңіз» деп емес, «Адамдар не сезінді?» деп сұрау қажет. Одан әрі әңгімелесушінің өзінің не сезінгенін айтып, айтпайтынын өзі шешеді. Сонымен бірге респонденттің «жалпы» туралы айтуына жол бермей, өзінің жеке тәжірибесімен шектелуін қадағалау қажет. Мысалы: «Ол кезде бәрі нашар тұрды» десе, нақты мысал келтіруін өтіну керек және «осы айтып отырған ақпараттарды қалай білгендігін» сұраған дұрыс. Бұл – оның әңгімесінің қаншалықты шын екенін анықтауға керек. Бірақ респондентке ол келтірген фактілерді қате деп айтуға болмайды (Филлюшкин, 2004: 10-11).

Тарихи зерттеу барысында интервью жүргізу әдісімен қарапайым адамдардың өз аузынан олардың өмір жолы, күнделікті өмірі туралы архивтерде, басқа да ресми дерек көздерінде кездеспейтін мол ақпарат алынады. Ол өз кезегінде «айтылған тарихтың» деректік қорының толығына түсуіне ықпал етеді.

Ұлы Отан соғысының 70 жылдығы қарсаңында Жамбыл облысына арнайы экспедиция ұйымдастырылып, отты жылдардың куәгерлері – соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінен сұхбат алудың сәті түсті. Респонденттердің ішінде жастары 100 ге жеткен, 100 ден асқан қариялар да болды. Алдын-ала арнайы құрастырылған сұрақтар бойынша соғыс кезіндегі күнделікті өмір, қарапайым халықтың төтенше жағдайдағы өмір сүру амал-әрекеттерін анықтау мақсат етілді.

Респонденттердің барлығы да соғысқа дейін туылғандар, ішінде жастары 100 ден асып кеткен қариялар да болды. Оларға балалық шақтары, білімі, аурулар, емдеу шаралары, ұжымдастыру, репрессия, соғыстағы, тылдағы өмір, Сталин туралы, т.б. сұрақтар қойылды. Нәтижесінде тек қана соғыс жылдарындағы өмір туралы ғана емес, оның алдындағы ұжымдастыру және ашаршылық кезеңдері туралы да тың ақпараттар алуға мүмкіндік туды. Әсіресе, бай балаларының өмірі, олардың ұжымдастыру мен репрессияны қалай қабылдағаны, кеңес үкіметіне, Сталинге деген жүректеріндегі ауыр мұңы сол заманның шынайы бейнесін көз алдыңызға алып келгендей болады.

Респонденттердің бірі – Уазиқа Арықбаева, байдың қызы. Жасы 100 ден асқан, 1912 жылы туған. Сталин өлгенде қуанғанын, қаралы жиынға шықпай қойғанын айтады. Ауыл басшысы мәжбүрлеп жиынға алып барса да, өзінің жыламай отырғанын, бұрынғы кедейлердің бәрі жылағанын айтады. «Неге қуандыңыз, неге жыламадыңыз», деген сұраққа: «Мен неге жылаймын, Сталин әкемнің мал-мүлкін тартып алды, туған ауылымыздан жер аударды, қорлық көрсетті» деп, жауап береді. Уазиқа апаны әкесі молда жалдап, екі жыл арабша оқытып, Құран оқуды үйреткен. Кеңес үкіметі тыйым салса да, тығылып намаз оқыған, араб алфавитін жақсы білген, кириллицаны үйрене алмаған (оған сауатсыздықты жоюдағы науқаншылдық себеп болған деп, топшылауға болады –Б.Л.). Майдандағы күйеуімен де араб жазуымен хат алысып тұрған. Сонымен бірге Тұрар Рысқұловтың ұжымдастыру кезінде әкесіне малды ұлдарына бөліп беріп, малын сақтап қалуға кеңес бергенін айтады.

Келесі респондент – Марзия Ибрагимова, байдың қызы, 1918 жылы туған. Өзі туралы: «14 жастамын, есімде, басымда күндыз бөрік, үстімде Бұхараның қымбат матасынан тігілген көйлек. Алтын, күміс әшекейлер тағынатынмын, менде олар көп болды» - дейді. Әкем Бұхараның базарынан жеті түйеге тиіп тас кілемдер әкелетін. Кейін кеңес үкіметі бәрін тартып алды, бірақ большевиктер олардың бәрін өкіметке өткізбеген, өздеріне алып қалған. Оны кейін білдім. Сталин өлгенде жұмысты тоқтатып қойып, бәріміз жыладық. Неге жылағанымызды өзіміз білмейміз, деген ақпараттар береді (Қойгелдиев, 2015: 282-468).

Осы айтылған тарихтан көріп отырғанымыздай, ХХ ғасырдың 30 жылдарына дейін біз сұқбаттасқан бай балалары бақытты өмір кешкен. Ал, 30 жылдардан бастап, қарапайым халықпен теңесіп кеткен. Соғыс жылдарында халықпен бірге таң ертеңнен күн қарайғанға дейін колхозда жұмыс істеген.

Бұл бізге ресми деректерден де белгілі. Дегенмен интервью жүргізе отырып, аталған тарихи уақыттың адамдардың жадында әртүрлі із қалдырғанын байқадық. Бір ғана Сталиннің жеке басына, оның саясатына қатысты сұраққа кейбіреулері, тіпті «халық жауының баласы» атанса да, терең бойлағысы келмесе (мүмкін бала кезден қалған үрей немесе қазіргі Сталин туралы көзқараспен келіспейді – Б.Л.), кейбірі ойын бүкпесіз айтып, жан-дүниесіне түскен ауыр мұңын байқатты. Бұдан Кеңес үкіметінің идеологиясы қаншалықты мықты болса да, халықтың жадын жоя алмағанына, яғни бірыңғай ойлайтын «кеңес адамын» толық қалыптастыра алмағанына көз жеткіздік.

Қорыта айтқанда, интервью әдісі арқылы қоғамда орын алып жатқан оқиғаларды қарапайым адамдардың қалай қабылдағанын, олардың күнделікті өмірінің сапасына қаншалықты әсер еткенін анықтауға болады. Яғни, интервью нәтижесінде алынған «айтылған тарих» ақпараттарының күнделікті өмір тарихын зерттеуде маңызы зор болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бисембаева Л.А. Жетісу қазақтарының өмірі (1867-1917 жж.). - Алматы, Zialy baspasy, 2021. - 216 б.
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Макроистория> (28.02.2024. қаралды)
3. <https://artforintrovert.ru/materials/tpost/es0i1f4jk1-antropologicheskii-povorot-sokrata> (28.02.2024. қаралды)
3. Қойгелдиев М.М. Нұртазина Н.Д., т.б. Айтылған тарих. Оқу құралы – Астана: «Дәстүр» баспасы, 2015. - 240 б.
4. <https://sul.su/1Jrk> (28.02.2024. қаралды).
5. «Человек в истории. Россия - XX век»./Ред.-Сост. Бек Т.А., Шербакова И.Л. и др. -М.: Звенья, 2001 - 432 с.
6. Методические указания по проведению исследований по устной истории/ Сост.: А.И. Филюшкин. СПб.: Изд-во СПбГПУ, 2004. – 18 с. С.10-11.
7. Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.) Ғылыми-көпшілік басылым/Бас редакторы М.Қ.Қойгелдиев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. - 584 б.

ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІ: ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРГЕ ТАЛДАУ

ЖЫЛКЫШЫБАЕВА КАРЛЫҒАШ КАЙСАНОВНА

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Көшпелі қоғам кезеңіндегі тарихи жазба ескерткіштерде ұлы дала әйелдерінің аяулы - дана ана, ержүрек - батыр жауынгер ана және мемлекеттіліктің қалыптасуына үлес қосқан қайраткер аналар болғандығы жан-жақты баяндалады. Ежелгі, орта, жаңа және қазіргі қазақ қоғамында осының бәрінің басынан қазақ әйелдері табылған. Сондықтан аталған ғылыми мақаламызда ертедегі темір дәуірі, түрік кезеңі және қазақ хандығы заманындағы қазақ әйелдері жайында жазылған тарихи деректер мен шежірелерге, зерттеулерге талдау жасалынады.

Тірексөздер: Қазақ хандығы, қазақ әйелі, тарихи деректер, зерттеулер, қазақ қоғамы, хандар, аналар, сақ дәуірі, ауызша деректер.

Аннотация. В исторических письменных памятниках периода кочевого общества подробно описано, что великие женщины степи были любящими - мудрыми матерями, смелыми - героическими матерями-воительницами, способствовавшими становлению государственности. В древнем, среднем, новом и современном казахском обществе казахские женщины находились у истоков всего этого. Поэтому в данной научной статье анализируются исторические данные, генеалогии и исследования, написанные о казахских женщинах в период раннего железного века, тюркского периода и Казахского ханства.

Ключевые слова: Казахское ханство, казахские женщины, исторические данные, исследования, казахское общество, ханы, матери, сакская эпоха, устные источники.

Annotation. In the historical written monuments of the period of the nomadic society, it is described in detail that the great women of the steppe were loving - wise mothers, brave - heroic warrior mothers, who contributed to the formation of the state. In the ancient, middle, new and modern Kazakh society, Kazakh women were at the origin of all this. Therefore, in this scientific article, historical data, genealogy and studies written about Kazakh women in the period of the early Iron Age, the Turkic period and the Kazakh Khanate are analyzed.

Keywords: Kazakh Khanate, Kazakh women, historical data, research, Kazakh society, khans, mothers, Saka era, oral sources.

Ұлттың мыңдаған ғасырлар бойы жинақтаған рухани құндылықтары кейінгі ұрпаққа тарих арқылы, оның ерлігі, халқы үшін жанын пайда еткендердің тағдыры арқылы беріледі. Оларды ұлт болып

ұйыстыратын ортақ мақсат – ел мүддесі, патриоттық сезім. Әр ұлт өз халқы үшін ұлы. Ұлттың мәңгілік өмірі оның тілінде, ділінде және тарихында. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, кешегінің, бүгіннің, болашақтың бастау бұлағы мен өзегінде - аналар тұр.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігі үшін рухани ерлік көрсеткен дана аналарымыз бен еліміздің азаттығы үшін ерлермен бірге атқа қонған қазақтың батыр қыздарының тарихы мен тағдырын зерттеп, ұрпаққа насихаттаудың маңызы зор. Әсіресе, қазақ әйелдері мен аналарының рөлін байыптау елдігіміз үшін қажет. Өйткені, қай қоғамда болмасын барлық халықтық жақсылықтың қайнар көзі, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың мәйегі, ұрпақтар сабақтастығының негізі - әйелдер қауымы.

Тарихымызға көз жүгіртетін болсақ, ежелгі кезеңнен бастап, қазіргі кезге дейін көптеген тарихи жазба деректер, археологиялық зерттеулер, этнографиялық жәдігерлер ғылыми айналымға еніп, күрделі теориялық-методологиялық, әдістемелік ұстанымдарды, көзқарастар мен ғылыми тұжырымдарды қалыптастырды. Бұлардың ешқайсысы да тарихта әйел факторын айналып өткен емес.

Қазақ әйелдері туралы тарихи мәліметтер жазба деректерде, ауыз әдебиетінде, фольклорлық деректерде, материалдық ескерткіштер түрінде және шежірелерде кездеседі. Сондықтан мақаламызда әйелдер қауымы туралы тарихи деректерге талдау жасалынады.

Ең бірінші көшпелі қоғамға келетін болсақ, әрине тарихтан белгілі болған б.д.д. 570-520 жылдары өмір сүрген, ерлігімен ғана емес, елінің болашағын терең ойлауға мүмкіндік берген даналығымен, шешендігімен аңызға айналған Тұмар патшаны мысалға келтіруімізге болады. Бұл патшайым жөнінде ежелгі антикалық ғалымдар Страбон, Полиен, Кассиодор, Иордан, Геродот және т.б. жазған. Тарихшы Геродот массагеттердің патшайымы Тұмар және парсы патшасы II Кирдің соғысы туралы сипаттамасында: «Вавилонды жеңгеннен кейін (б.з.б. 539 жылы болған) Кир массагеттерге соғыс ашып, оларды бағындырмақ болды». «Сақтар мен парсылар арасындағы соғыс басталып кетеді. Бұл шайқас мен білетін шайқастардың ішіндегі ең қатігезі, ең аяусызы, ең адам көп құрбан болған еді» (Доватур, Каллистов, Шишова, 1982:211), - деп жазады. Бұл деректен сақтар елінің мәлікасы Тұмар патшайым өз елін ішкі және сыртқы жаулардан қорғау үшін жан аямай күресетін ержүрек әмірші, соғыс өнерін жетік меңгерген қолбасшы, өз халқының қамқоршы көсемі, мейірбанды анасы болғандығын көреміз.

Сонымен бірге, ежелгі сақ заманының тарихында мемлекет мүддесін, халқының болашағын жеке басының мүддесінен жоғары қоятын сақ қызы Заринаның әлемдік тарихтан лайықты орнын табуы бекер емес. Зарина патша байлық жинаудың орнына, өз халқының тынышты өмір сүргенін қалайтынын, соғысты тоқтату туралы шешімін күйеуіне айтады: «- Онда мені тыңда, Мормор! Ханның жарлығы даусыз. Сен соғыстан түсетін олжаны ойлайсың. Ал мен елімнің тұтастығы мен берекесін ойлап, қиналамын. Қаншама ерлер қыршыннан кетті! Қаншама ана мен баланың көздері жасқа толды. Елді арандатпа тоқтат! Мен саған әйелің ретінде емес, патша ретінде бұйырамын, әйтпесе жазаланасың!», - дейді. Алайда Мормор тыңдамай сол соғыста қаза болады. Бұл жағдайдан кейін Зарина жасағына: «Ол менің күйеуім, бірақ мен үшін елімнің амандығы одан да қымбат! Махаббаттан күшті нәрсе бар, ол менің елімнің тәуелсіздігі» (Қазақстан тарихы, 1996:112), - деп айтуы халқының тәуелсіздігі мен болашағын ойлаған сақ аруының жасаған ерлігі деп айтуымызға болады. Заринаның бұл сөзінен ұлттық рухты, отаншылдық пен еркіндіктің ұлы үлгісін сезінбеу, сүйсінбеу мүмкін емес. Осындай Отан үшін жанын пиде еткен қыздарымыздың ерлігіне таң қалмауға, ұрпаққа дәріптемеуге болмайды.

Сонымен қатар ертедегі темір дәуіріндегі деректерде Үйсін тайпаларына қатысты құнды мәліметтер кездеседі. Айталық, Хан әулетінің билеушілері өздерінің арнайы дайындаған ханшайымдарын Үйсін гуньмоларына қалыңдыққа берген. Мәселен, Үйсін күнбиі Оңқай би (б.з.д. 93-60) қытай ханшасы Цзе Юйге үйленеді. Өйткені, Хан әулетінің Цзе Юйді Үйсін билеушісіне әйелдікке беруінің өзіндік мақсаты болды. Ол Үйсіндермен одақтасып, Хань әулетінің басты жауы ғұндарға қарсы соғыс жүргізу еді. Цзе Юй ханым бұл мақсатына жету үшін өзін де, өзгені де аямады. Нәтижесінде ұйғырлар мен ғұндар кезек-кезек тұтқынға алынып, ақыры жауға айналғандығы туралы дерек бар (Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2010: 72-73).

Ал, Түрік кезеңіндегі тарихымызда көне түркілер табынған күштердің бірі – Тәңір болса, екіншісі – Ұмай ана болған. Мысалы: Түрік кезеңінің ең құнды ескерткіші Күлтегін тасындағы руна жазуында:

«Әкем Елтеріс қағанды,
Шешем Елбілге қатынды,
Тәңірі төбесіне ұстап,

Жоғары көтерген екен» (Қамзабекұлы, 2015:32), - деген жыр жолдары бар. Бұл жерде Түріктің даңқты қағаны Елтеріспен қатар Елбілге қатынның есімінің бірге жазылуы сол заманда түркі халықтарының Ұмай анаға табынып, әйел мәртебесін ерлермен қатар жоғары қойғандығын сипаттайды.

Тарихымызда үш жарым ғасырдан астам ғұмыр кешкен Қазақ хандығы тұсында аяулы аналарымыз бен әжелеріміздің есімдері ел есінде мәңгі сақталды. Домалақ ана, Қарашаш ана, Баян сұлу,

Құртқа, Ақжүніс, Қыз Жібек, Айғаным, Зере, Ұлжан, Ұлпан аналарымыз т.б. даламыздың тарихы мен тағдырында өшпес із қалдырды. Әйелдің ар-намысы мен абыройы қазақ даласында далалық және ресми заңмен қорғалды. Қазақ хандары мен сұлтандарының, билері мен батырларының, датқалары мен тархандарының аналары, әйелдері, апа-қарындастары мемлекет егемендігін сақтауға, ұлт-азаттық қозғалысқа, елшілік бірлікті нығайтуға, саналы тұлғаны тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты.

Айталық, аналарға деген құрметті қазақ рулары мен олардың бөлімшелерінің атауларынан, тіпті ру-рулардың ұран сөздерінен де байқауға болады. Руға аттары берілген аналарымыздың бәрі де зерделі, көреген, дана, сабырлы, салмақты болған.

Ауыз әдебиеті мен шежіре деректерден кіші жүздің Кете руының атауы Кете бике анамыздың есімімен, ал, Әлімнің ішіндегі Қаракесек руының Қасай, Шектіде Жеке деген тармақтары бар. Шежірелерде Қасай мен Жекей апалы-сіңлілі болған (Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2010: 16-17) деп жазылады. Ел аузындағы аңыз бойынша бұл екі анамыз Домалақ анамыздың қыздары. Бірінің аты Күнбибі, екіншісінің аты Жүзей. Күнбибі анамыз Қызай атанса, ұрпақтары қызайлар атанған. Жүзей ананың лақап аты Мұрын болған, ұрпақтары мұрындар деп аталған. Бұл халқымыздың аналарға көрсеткен құрметінің бірі деп білеміз. Сонымен қатар, «Батыр анадан туады» дегендей, XV-XVII ғасырлардағы қазақтың атақты хандары мен кейбір сұлтандарының аналарының есімдері жазба деректерде сақталған. Қадырғали би Қосым ұлы Жалайыридің еңбегінде XV-XVII ғасырлардағы қазақтың 6 ханының, 8 сұлтанының, 4 ханымның аналарын атайды. Олар:

1) Жағанбикем, Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Жәнібек ханның әйелі, Қасым ханның анасы;

2) Ханық сұлтан ханым - Қасым ханның әйелі, Хақназар ханның анасы;

3) Абай-хан-бегім – Шығай ханның, Мәлік сұлтанның анасы;

4) Байым-бике - Сейітқұл сұлтанның, Ондан сұлтанның, Алтын-ханымның анасы;

5) Жақсым-бике (Яхшым-бике) - Тәуекел ханның, Есім ханның, Сабыр бике ханымның анасы;

6) Дадам ханым – Әли сұлтанның, Сулум сұлтанның, Ибраһим сұлтанның, Шахым сұлтанның анасы;

7) Алтын ханым – Оразмұхаммед хан мен Тәтті ханымның анасы;

8) Сүйім ханым – Тәуекел ханның қолбасшысы Көжек сұлтанның анасы (Сыздықова Р., Қойгелдиев, 1991, 258-260).

Деректе көрсетілген сегіз анадан туған мемлекет басшылары: Қасым хан, Хақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хан, Есім хан – Қазақ хандығының 1511-1628 жылдар аралығындағы тарихындағы белгілі тұлғалар болды. Бұл хандар тұсында Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы тұрақтанып, өрлеу кезеңдерін бастан кешіргені тарихтан белгілі. Олардың елді басқарудағы жеткен жетістіктері мен ерекше тұлға болып қалыптасуларына аналарының қосқан үлесін ешкім де жоққа шығара алмасы анық.

XVI ғасырдың 20-30 жылдары Қазақ хандығы үшін өте қиын құлдырау кезеңі болды. Тахир хан тұсында Қазақ хандығының Ноғай Ордасымен және Шығыс Түркістандағы Моғол империясымен қарым-қатынасы шиеленісе түсті. Осы кезде аталған мемлекеттер арасындағы тұрақтылықты орнатуда, қазақ-моңғол қатынасын жақсартуға Жүніс ханның қызы, Әдік сұлтанның әйелі, кейін Қасым ханның әйелі болған Сұлтан-Нигар ханымның белсене араласып, үлкен нәтижелерге қол жеткізгені де белгілі. Сөйтіп, ақылды, парасатты ханымның арқасында Қазақ хандығы мен Моғол мемлекеттері арасындағы шиеленіскен қарым - қатынас бейбітшілікке ұласады. Бұл жайында тарихшы - ғалым М.Х. Дулати өзінің «Тарихи Рашиди» еңбегінде Сұлтан-Нигар ханымның даналығына тоқталып, Тахир ханның оны анасындай құрметтейтінін баса айтады (Дулати, 2003: 413-414).

Сол сияқты, ортағасырлардағы тарихи деректер: «Таварих-и гузида-йи Нусрат-наме», «Шейбани-наме», Махмуд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрарда» Орта Азия тарихында, яғни, Шейбанидтер мемлекетінің саяси өмірінде маңызды рөл атқарған алғашқы қазақ әйелдері жайында деректер келтіріледі. Қазақ хандығының билеушісі Бұрындық ханның қызы - Михри-Сұлтан-ханымның 90-жылдардың ортасында Шейбанидтер мемлекетінің негізін қалаушы Мұхаммед Шейбани ханның үлкен ұлы Мұхаммед Темір сұлтанның әйелі болғаны туралы дерек бар (Ибрагимов, Мингулов, Пищулина, В.П.Юдин, 1969: 69-256). Ғалым Р.Г. Мукминованың айтуынша, «Вақф-наме» мәтінінде Михр-Сұлтан-ханым атынан құрастырылған ортағасырлық вақф хатының («Вақф-наме») мәтіні сақталған. Онда: «Құрметті ханның ұрпағы және Шығыс пен Қытай патшасы даңқты Хақанның, ... марқұм ... Бурундук хан. Ол Самарқанд жерінде Мұхаммед Темір билеушінің ең сүйікті әйелі болып, екі ұл өсіріп, 20 жылдай отасып, сұлтан қайтыс болғаннан кейін де өз билігін жүргізген» делінеді (Мукминова, 1966: 228). Бұл жағдай ғалымдар Ибн Рузбихан, Зайн-ад Дин-Васифидің еңбектерінде баяндалады. Онда: «Михри-сұлтан-ханым өзінің қаражатына Солтүстік медресе, Шейбани хан медресесі және т.б. сәулет өнерінің ғимараттарын салғызып, шәкірттердің білім алуына жағдай жасаған», - деп жазылған (Султанов, 2001:21-34).

Сонымен бірге, ғалымдар В.Л.Вяткин мен Хафиз Таныштың ғылыми еңбектерінде шейбанидтердің билеушісі Убайдуллах ханға тұрмысқа шыққан Қасым ханның қызы туралы да дерек келтіріледі (Вяткин, Джуибари, 1927: 3-19). Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» дерегі бойынша, 17 ғасырдың басындағы Қазақ хандығының әйгілі билеушісі, қазақ сұлтаны Жәлімнің қызы Ташкент билеушісі Шейбанид Баба-сұлтанға үйленді», - деп жазылады (Султанов, 2001:253).

Сонымен бірге, тарихшы Т.И.Сұлтановтың айтуынша, Есім ханның қызы ХҮІІ ғасырдың басында Аштарханилер әулетінің билеушісі Имамқұли ханға тұрмысқа шыққан. Бұл неке Имамқұли мен Есім ханның арасында мемлекетті басқару жүйесіне әсер еткен некелердің бірі болғандығы айтылады (Султанов, 2001: 222).

Ал, Бахр әл-Асрар дерегі бойынша, Имамқұлидің тағы бір әйелі - Шығай ханның ұлы Абылай сұлтанның қызы болған (Юдин, 2001: 193).

Ортағасырлық тарихшы М.Х.Дулати өзінің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Шығыс Түркістандағы Моғолстан мемлекетінің тарихында қазақ әйелдерінің де зор ықпалы болғандығын жазады. Моғолстан билеушісі Әдік сұлтанның екінші қызы Чучук ханым Моғолстан мемлекетінің батыс бөлігінің билеушісі Сұлтан Саид ханның ұлы Абд ар-Рашидтің үлкен әйелі болып, 35 жыл бірге өмір сүріп, ел басқару ісіне де өз үлесін қосқан. Ағасы қазақ ханы Тахир қиын жағдайға ұшыраған кезде Моғолстан билеушілерінің қолдауына жүгінуге мәжбүр болады деген мәліметті келтіреді (Дулати, 2003, 43).

Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл-Асрарда» ХҮІІ ғасырдың басында Есімнің інісі, қазақ сұлтаны Күшіктің қызы Абд ар-Рахим ханға, ал, Есім хан Моғолстан ханының қызына үйленді (Исин, 2005: 339), - деген деректер келтіріледі.

Сонымен бірге, қазақ тарихы орыс тарихымен тығыз байланыста өрбігендіктен, ғалымдар П.И.Рычковтың (Рычков, 1896:69), В.В. Вельяминов-Зерновтың және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қазақ әйелдері туралы мәліметтер кездеседі. Атап айтсақ, В.В.Веляминов –Зерновтың «Қасымов патшалары мен княздары туралы зерттеулер» (Вельяминов-Зернов, 1864: 23) еңбегінде Қасым ханның қызы, Хақазардың қарындасы Бұлдур ханым ХҮІ ғасырдың 40 жылдары Ноғай ордасының билеушісі шейх Мамай мырзаға тұрмысқа шыққандығы туралы жазады.

Ал, ғалым Г.Ф. Миллердің «Сібір тарихы» атты ғылыми еңбегінде (Березин, 1854:196) Сібір хандығының билеушісі Күшім ханның інісі Ахмет Гирайдың «Асыл Бұхар ханзадасы Шигейдің» қызына үйленгендігі жайында жазады. Бұл қазақ ханы Шығай мен оның қызы туралы тарихи деректі тарихшы Т.И. Сұлтанов та растайды.

Ал, ХҮІ ғасырдың аяғында Мәскеуде қазақ ханы Тәуекелдің немере інісі Ораз Мұхамедті тұтқынға алған тұста, Мәскеуде бірнеше қазақ әйелдерінің: «Әзи патшайым», «Алтын ханшайым», «Алтын ханым», «Бақты ханшайым», «Күн ханшайым» болғандығы туралы ғалым И.Исиннің және Қадырғали бек Қосымұлының дерегінен көруімізге болады.

Осы жерде қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани өмірі, оның ішінде қазақтың асыл аналары мен қыздары туралы мәлімет беретін дерек көздерінің бірі – шежіре деректер. Мәселен, Алтын Ордадағы Жошы ұрпақтары шежіресінің ерекшелігі – шежіреде хан тұқымына жататын ұлдардың аттары ғана емес, қыз аттары, кейде тіпті кейбір Жошы ұрпақтарының әйелдерінің есімдері де кездеседі.

Шежіреде әйелдің затын, туыстық қатынасын реттейтін: бойжеткен қыз, әйел, бәйбіше, шеше, ана, апа, әже, келін, жеңге, қалыңдық деген ұғымдар бар. Дүниежүзі халықтары өздерінің шығу тегін бірі ата жағынан, бірі ана жағынан әсірелеп көрсетеді. Осыған орай қазақ қоғамында шежірелердің мазмұны негізінен ата-тегі туралы болса, кейбір ауыл қарттарының сөздерінде қыздың жұрты мен нағашы жұрты туралы да жақсы баяндалады. Мұның туыстық ретіне ерекше әсер ететіні белгілі.

Мысалы, қазақта бірнеше рудың анасы болған ұлы ананың шежіресі бар. Бұл мәселені атақты ғалым Мәшһүр Жүсіп былай деп жазады: «Баяғы Бегендіктен Оразгелдіні, Сүйіндіктен Суғыншыны тапқан қатын Сүйіндік өлген соң байға тиіп кетіп, қуандықта Темеш деген елде Оразды тапқан. Бала күнімізде қариялар аңыз қылып айтып отырушы еді: «бір қатын бес елді өсірген екен» деп баяндайды. Оған қазақтың әменгер дәстүрі себеп болған. Жас ұрпақта «Күнжан сұлу, ақылды әйел болған», он екі ата Байұлы құралған үш рудың анасы деседі. Шежірелерде «Ежелден айтылып келе жатқан Беріш, Таз, Адайлар да бір анадан тараған деп келтіріледі (Көпеев, 1993: 5).

Аналық қасиетімен, парасаттылығымен, инабаттылығымен қай кезде де бүкіл ұлттың ұйытқысы болған аналар ер азаматтардың өрісін кеңейтіп отырған. Мысалы, ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің еңбегінде: «Мейрам сопының бәйбішесі Нұрпия Кіші жүз Құддыс бидің қызы еді..», еді дей келе, Нұрпия анамыздың ақыл қасиеттерінің арқасында Мейрам сопының ұрпағы тарап, Төртуыл ұрпағын жалғастырғанын баяндайды. «Сүйіндіктің әйелі үйсін Өгіз бидің қызы еді» (Көпеев, 1993: 22), - деп, бұл жерде де Мейрамның ұрпағының ауыз-бірлігін, бәйбішесі Нұрпияның даналығын үлгі етіп жазады.

Ғалым Әл-Масудидің ХҮ ғасырға жататын «Тарихи Әбілқайыrxани» еңбегінде Үйсін Ошақтының

Бай руы жайында дерек жазылған. Яғни, қазақ шежіресінде ардақты аналар туралы деректер қазақ халқының ұлы тұлғаларымен қатар, атап айтсақ, хандар, сұлтандар, батырлар, төрелермен және т.б. бірге көрсетілген.

Кейбір шежіре деректері ру аралық қатынастар туралы көп айтады. Мұны шежіре деректерінен мынадай қысқаша мысалдар арқылы көрсетуге болады: «Жансарының бәйбішесі Қарауыл Қаражігіт бидің қызы». «Түменбайдың әйелі Қуандық Сапақ байдың 12 мың жылқысы бар қызы. Аты Ақбет, «болыс енесі» деп аталған. «Жарылғаптың әйелі Қуандық Тілеш Тілеулі Бидиннің қызы, аты Ұлжан». «Бесімнің анасының аты – Боқтық. Қыпшақ мергенінің қызы. Негізі Әбілқайыр – Шыңғыс ханның жиені. Атап айтқанда, Өзбек ханның үлкен қызы Уриабанудан туған екен. Ал, Уриабану Хорасан билеушісі Гилауз (Қылауз) Шайбанидің әйелі болған.

Шежіреде қазақтың дәстүрлі отбасы мен туыстық тарихы арқылы есте қалған аяулы аналар туралы мәліметтерді кездестіреміз. Шежіреде әйелдердің қазақ руларының басын біріктіріп, ұлт болып қалыптасуында топтастырушы рөл атқарғаны айтылады. Ол кезде қазақ халқының өзіне ғана тән тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтау үшін ру-тайпаның басын біріктіретін ұлт болып қалыптасуында құдандаластық пен тамырластықтың рөлі зор болды. Бұл сөз «қыз – жатжұрттық» деген мағынаны білдіреді, яғни ежелгі салт-дәстүріміз. Екі елдің қарым-қатынасын орнату үшін, ру мен руды, халықты, тайпаларды жақындастыру, қыз ұзату, қыз беру ежелгі түркілердің дәстүрі болған.

Қорыта айтқанда, тарихымызға тереннен үңіле отырып, ерте, ортағасырлық тарихи деректерде қазақ әйелдері мен қыздарының елді басқарып, ерлерімен қатар жері мен халқын жаудан қорғап, ел тәуелсіздігін жеке мүддесінен жоғары қоюдағы ерекше қайсарлық үлгісін көрсеткендігін көреміз. Сонымен бірге, көрші мемлекеттердің сыртқы және ішкі саяси тарихында елеулі рөл атқарған, көрші мемлекеттердің сарайында өмір сүрген қазақ әйелдері жайында тарихи деректерге тоқталдық. Елге танымал әйелдер мен аналардың есімдері, қазақ тарихының нақты тарихи фактілерін анықтайтын кезде шежіре деректердің алатын орны ерекше екендігі баяндалды. Сондықтан шынайы тарихымызды, оның ішінде қазақ қоғамындағы қазақ аналарының алатын орны мен рөлін пайымдауда тарихи деректер мен шежіре деректерді қолдануымыз маңызды болып саналатыны сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Доватур А.И., Каллистов Д.П., Шишова И.А. Народы нашей страны в «Истории» Геродота: тексты, перевод, комментарий. — М.: Наука, 1982. — 455 с. — (Древнейшие источники по истории народов СССР).
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Т.1. Алматы: Атамұра, 1996 ж.
3. Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2010. Б:72-73.
4. «Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / (даярлаған Д.Қамзабекұлы). Астана: «Форма Плюс» баспасы, 2015. — 304 б.
5. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. — Алматы: «Қазақ университеті», 1991. — 272 б.
6. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. Алматы: М.Х.Дулатиқоғамдыққоры, 2003. — 616 б.
7. XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандықтарының тарихы бойынша материалдар. (парсы және түркі жазбаларынан үзінді). / Құраст.: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. — Алматы: Қазақ КСР Ғылым академиясының баспасы, 1969. — 652 б.
8. Мукминова Р.Г. 16 ғасырдағы Өзбекстандағы аграрлық қатынастар тарихы туралы. «Вакф-наме» материалдары бойынша. — Ташкент, 1966. — 354 б.
9. Сұлтанов Т.И. Ақ киіз төсеніште көтерілген. Шыңғысханның ұрпақтары. — Алматы: Дайк-пресс, 2001. — 276 б. 3, б. 165; 4, б. 70-71.
10. Вяткин В.Л. Шейхтер Джулибари // В.В.Бартольд түркістандық достар, студенттер және жанкүйерлер. — Ташкент, 1927 ж.:3-19
11. Юдин В.П. Центральная Азия в XV-XVIII веках глазами востоковеда. Алматы. 2001. -382 стр.
12. Орыс деректеріндегі Қазақстан тарихы. - I том. Ресей мемлекетінің елшілік материалдары (XVI-XVII ғғ.). Құрастыру, курсивті жазуды транскрипциялау, мәтіндерді арнайы өңдеу, кіріспе мақала, түсініктемелер, индекстер сөздіктерін құрастыру А.Исин. — Алматы: Дайк-пресс, 2005. — 704 б.
13. Рычков П.И. Орынбор тарихы (1730-1750). — Орынбор, 1896. — 98 б. 22, б. 69.
14. Вельяминов-Зернов В.В. Қасымов патшалары мен княздары туралы зерттеулер. 2-бөлім. — Петербург, 1864. — 498 б. 23, б. 336.
15. Жылнамалар жинағы. Шығыс тарихшыларының кітапханасы, И.Н. Березин. - Т. 2. - 1-бөлім. - Қазан, 1854. - 178 б. 31, б. 164-165; 23, б. 363-365.
16. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. /дайындаған С. Дәуітов/. Алматы, 1993.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ – АКАДЕМИК КЕҢЕС НҮРПЕЙІСҰЛЫ

ДҮЙСЕНОВА Н.К.

тарих ғылымдарының кандидаты, ж.ғ.қ.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Алматы, Қазақстан

«Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады»

(Абай Құнанбайұлы)

Уақыт – өткен оқиғалар мен өмірден озған адамдарға объективті баға беретін фактектің белгілісі. Осы естелік мақаланы жазу өзіме оңай болмады. Өйткені Кеңес Нұрпейісұлынан әлдеқайда жасым кіші болғандықтан, біраз жүрексіңдім. Мен үшін данышпан, салмақты, байсалды, әрқашан алып тұлға ретінде, үлкен құрметпен қарайтын, ғалымдынақты сипаттау, ол кісінің бойындағы сан алуан жақсы қасиеттерін дәл тауып дөп басып, көркем сөзбен өрмек тоқу қиынның қиыны болды.

Осы ойда болған кезде «жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген халықтың астарлы сөздері есіме түсті. Қазақстан елі, тарихы үшін көптеген маңызды тарихи мәселелерді көтеріп, жауабын тауып, адал өмір сүрген Кеңес ағаның бейнесін оны танып білген адам жадысынан өшіре алмайды. Асыра сілтеуден аулақ болып, Кеңес Нұрпейісұлы есімі ел тарихында алтын әріптермен қалғандығы ақиқат.

Аса көрнекті адамдардың өмірімен, сіңірген еңбегімен, жетістіктерімен танысып, талдай отырып, шынында да, Кеңес Нұрпейісұлына берілген әсерлі, адамдық келбеті, ізденімпаз ақыл-ойы, тәрбиесі мен мейірімділігі, ішінің тазалығы оны бала кезінен үлкен істерге бағыт, бағдарға жетелегендей. Әкесі Нұрпейіс қуғын-сүргінге ұшырап, жеті жасында жетім қалады. «Халық жауының ұрпағы» саналған ғалым, тарихтың талай «ақтаңдақ», құпия, белгісіз беттерін ашуға өлшеусіз өнегелі еңбек етті.

2020 жылы 12 наурызда Кеңес Нұрпейістің құрметіне Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында кабинет ашылып, академиктің туғанына 85 жыл толуына орай «Нұрпейіс оқулары» аясында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында ол туралы былай делінген: «Азаматтық болмысы, бітімі, ұстанымы ерекше болатын. Ештеңеден жасқану, біреуге ұнайын, біреуге ұнамайын деген уайымы болмайды бұл кісінің. Айтатынын айтып, өзінің бағасын беріп, ақырын барып өзінің орнына жайғасып отыра беретін» - ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Нұрлан Оразалин.

«Тек қана Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкіндік болып, әкесінің ақталғаны туралы мәселені зерттеймін деп жүріп, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің бүкіл қайраткерлерін бүкіл елдің алдында, халықаралық жағдайда ақтап шықты» - К. Нұрпейістің немере інісі Талдыбек Нұрпейісов [1].

Сондай-ақ көпшіліктің есінде қалғаны, ғалымның айналасы, қарамағындағы әріптестермен орнатылған қарым-қатынасы өте ашық, айқын, қарапайымдылықпен анықталады және жылдар бойы ол туралы адам жадысының сенімді кепілі болып табылатын оның ерекше қасиеттерін айтпау мүмкін емес. Ғалымның игі істері соншалық, Кеңес ағамен таныс, ізденісте, қызметте бірге болған әрадам оның ерекше жаратылысын, мінез-құлқын, *болмыс*-бітімін, дүниетанымын, кеңдігін атап, шынайы көмек беріп, түрлі кездерде қол үшін созғанына айта алады. Кеңес Нұрпейісұлы туралы естеліктерді тыңдай отырып, жан-жағымен адами қарым-қатынас орнатып, жылы жүзді, мейірімді, мәрт болғанына көз жеткізеді. Оның өмірінде болған талай ауқымды іс – әрекетін көп уақыт бойы атап өтуге болады, оны ұлы деп айтуға да болады, өйткені ол, ең алдымен жері, елі, тәуелсіздігі менотан тарихы үшін аянбай үздік еңбек етті.

Тарих ғылымының қайраткері, Алаш тарихын зерттеуші ғалымдардың алғашқыларының бірі К.Н. Нұрпейістің өмір жолын түгелдей дерлік бір игілікті іске, ұлтының өсіп-өркендеуіне арнап, артына мәңгі өшпестей із қалдырған нағыз ғалым деп айтуға негіз бар.

Қазақ елі ғалымның есімін – елінің шынайы тарихын жасаушылардың бірі, Алаш қайраткерлерінің есімін ақтаған құнды зерттеулері арқылы таныды, білді. Тарихшылық жолын кеңестік кезіндегі әлеуметтік, саяси өзгерістерді және мемлекеттік құрылыс мәселелерін зерттеуден бастаған.

К.Н. Нұрпейіс уақыт идеологиясының аясында шырмалып қалмай, бойына біткен табанды зерттеушілік және қоғамдық құбылыстарға барынша терең үңіле білу қабілетінің арқасында бүгінгі Қазақстан өміріндегі жаңалықтарды жан-жақты қарастыруға күш салды. Бұл мәселелер көрнекті ғалымның қоғамдық, ғылыми қызметіне талдау жасау, әділ баға беру үшін маңыздылығын арттыра түседі. Қазақстан тарихына қатысты тың тұжырымдар мен пікірлер жасауда академик К.Н. Нұрпейіс еңбектерінің алатын орны ерекше. Кеңестік қоғамда өмірге келіп, сол кезден-ақ еңбек жолын бастаған ғалым еліміз егемендік алғаннан кейін де ғылыми-ұйымдастырушылық және ұстаздық қызметін тоқтатпай, артына көптеген тарихи мұра қалдырды. Ол тәуелсіздігімізді алғаннан кейін өздерінің саналы

ғұмырларын қазақ елі үшін құрбан еткен азаматтардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне және Алашордаға қатысты мәселелерді көтерді. Бойындағы білім мен қабілетін Отандық тарихтың дамуына жұмсаған К.Н. Нұрпейістің жеке тұлғасы да тарихи таным тұрғысындағы өзекті мәселе болып табылады [2].

Белгілі академик алыс-жақын елдерде де ғалым тарихшы, алаштанушы ретінде кеңінен танымал болды. Ғылыммен қатар, білім беруде де көптеген жетістікке жеткен белгілі ғалымның тұлғасы кейінгі ұрпақ үшін жарқын үлгі болып табылады. Қоғамның жадысында ерекше сақталып қалғаны, тарихшы үшін «Алаш» тақырыбы өте маңызды болды.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында бөлім басшылығын ғылыми зерттеулермен сәтті ұштастырып, оқу үрдісін де ғылыми жұмыстармен қатар жүргізді. Ол ортасына талантты, дарынды, білікті мамандар мен зерттеушілерді жинады. Оның ғылыми жетекшілігімен Қазақстан тарихын қамтитын ұлт тарихының өзекті мәселелері келесі ғылыми-зерттеу жұмыстарында көрініс тапты: Алаш қозғалысының күрделі кезеңдері, Алаш партиясының Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі рөлі мен орны, 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысы, 1917 жылғы екі революция, 1918-1920 жылдардағы азаматтық текетірес, ХХ ғ. Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік құрылысы, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы, ХХ ғ. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі тарихының проблемалары және т.б. зерттеулер [3].

Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс – көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері, ҚР Ғылым академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан ғылымы мен техникасы саласына еңбегі сіңген қайраткер, халық ағарту ісінің үздігінің ұстаздық және ғылыми ұйымдастырушылық қызметі мен тарихи мұрасына қатысты объективті ғылыми баға беру ғалым өмір сүрген қоғамның жағдайын терең түсінуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сонымен бірге, отан тарихының ғылымы үшін де тарихшы қайраткерлердің қызметі мен өмірбаянын зерттеп, жария етудің де маңызы зор.

1958 жылы Ш.Ш. Уәлиханов Тарих, археология және этнография институтына ғылыми қызметке шақырылған білікті маман осы институт қабырғасында өмірінің соңына дейін қызмет етті, кіші ғылыми қызметкерден академикке дейінгі ыстығы мен суығы, қызығы мен шыжығы қатар жүретін талай жылдардан өтті. Ол 500-ден аса ғылыми-зерттеу және ғылыми көпшілік еңбектердің авторы, олардың ішінде 20-дан астам монографиялар, оқулықтардың авторы. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызметпен айналысуы да ғалым өміріндегі тәжірибесі мол жылдардың қатарында.

Ғалымның ХХ ғасырдағы қазақ тарихына қосқан үлесі өте зор болып табылады. Тарихшы Алаш тақырыбы аясын өте кең, тың деректермен толықтырып, қоғамның тарихи санасын қалыптастырып, отан тарихының дамуына қосқан үлесі ұшаң теңіз. Абайдағы толық адам – рухани жетілген, кемеліне келген адам, ұлы тұлға Кеңес Нұрпейісұлына тән.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <https://almaty.tv/kz> (01.02.2024 ж. қаралған).

2. <https://www.stud24.ru> (01.02.2024 ж. қаралған).

3. <https://iie.kz> (01.02.2024 ж. қаралған).

4. «Академик Кеңес Нұрпейіс және қазақ мемлекеттілігінің жаңғыру тарихы» ғылыми-тәжірибелік конференциясы // Егемен Қазақстан. – 2020. - 12 наурыз.

5. Н.К. Дюсенова. Академик Кеңес Нұрпейіс және оның отан тарихының дамуына қосқан үлесі // Вестник. КазНПУ им. Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки» №2(41), 2014. - 210-213 бб.

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙДЫҢ ГУМАНИСТІК АНТРОПОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ТҰҒЫРЛАРЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

РАИСОВ КАЗБЕК ДАИРБЕКОВИЧ

*гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа. Екі ойшыл әл-Фараби мен Абайдың әлеуметтік-этикалық идеяларындағы ортақ тұстарды, үндестікті ашу халқымыздың мың жылдық рухани-мәдени мұрасындағы тарихи сабақтастықты жалғастыру деген сөз. Сондықтан мақаламызда екі ғұламаның гуманистік антропологиясының қазіргі Қазақстан қоғамының моральдық-этикалық тұғырларын дамытудағы рөліне талдау жасалынып, әлеуметтік-этикалық идеяларының маңыздылығы қарастырылады.

Тірек сөздер: Әл-Фараби, Абай Құнанбайұлы, қос ойшыл, қайырымды қала, толық адам, Жаңа Қазақстан.

Аннотация. Обнаружить общность и гармонию в социально-этических идеях двух мыслителей Аль-Фараби и Абая – значит продолжить историческую преемственность в тысячелетнем духовном и культурном наследии нашего народа. Поэтому в нашей статье анализируется роль гуманистической антропологии двух ученых в развитии морально-этических основ современного казахстанского общества и рассматривается значение социальных и этических идей мыслителей.

Ключевые слова: Аль-Фараби, Абай Құнанбайұлы, мыслители, доброжелательный город, целостный человек, Новый Казахстан.

Annotation. To discover commonality and harmony in the socio-ethical ideas of the two thinkers Al-Farabi and Abai means to continue the historical continuity in the thousand-year spiritual and cultural heritage of our people. Therefore, our article analyzes the role of humanistic anthropology of two scientists in the development of the moral and ethical foundations of modern Kazakhstani society and examines the significance of the social and ethical ideas of thinkers.

Keywords: Al-Farabi, Abay Kunanbayuly, thinkers, friendly city, holistic person, New Kazakhstan.

Әлемдік қауымдастықтан өз орнын табуға талпынған қазақ елі күрделі мәдени-әлеуметтік, саяси-экономикалық үдерістерді бастан өткеріп келеді. Халқымыз отыз жылдан асқан тәуелсіздік барысында тоқырауға да, қайта жаңғыруға деген талпыныстарға да куә болып келеді. Осы уақыт аралығында еліміздің саяси көшбасшылары құлдырап қалған экономиканы, күрмеуі көп әлеуметтік мәселелерді шешуге көп мән бергені көпшілікке аян. Алайда, соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық дамудың баяндылығы рухани салаға да тығыз байланысты екені айқын сезіледі. Себебі әл-Фараби бабамыз айтып кеткендей, қоғамдық өмірдің барлық салалары үйлесімді дамуы қажет. Сонымен қатар қала азаматтары қоғамдық дамудың мақсатын және оған жетудің жолдарын терең түсінуі тиіс. Қазіргі уақытта саяси көшбасшылар қоғамды «Жаңа Қазақстан» идеясының төңірегінде топтастыруға талпынып отыр. Біздің ойымызға сай, бұл терең мәнді, көп салалы үдеріс, оның аясында қоғамның әділеттілікке, сапалы өмір жағдайларына деген сұранысы қанағаттануы тиіс. Бірақ, адамдардың санасын, өзінің және қоғамның дамуына деген көзқарасын өзгерпей діттеген мақсатқа жету неғайбыл. Міне, сондықтан әл-Фараби мен Абайдың, Абайдан нәр алған Алаш зиялыларының рухани ұстанымдары қазіргі Қазақстан қоғамы үшін жаңару мен жақсарудың стратегиялық бағдарына айналуы керек. Саяси элита халықты осы мақсатқа жұмылдырып, нақты қайта құрулар арқылы қоғамдық сананы түбегейлі өзгертіп, тәуелсіздікті баянды ету үшін маңдай терін төгіп адал қызмет атқарса ғана қоғам сеніміне ие бола алады. Әл-Фарабидің қайырымды қала басшысының қасиеттері ел басқарып отырған азаматтардың әр қайсысының бойынан табылғаны абзал.

Бүгінгі күні дамудың биік сатыларына көтерілген елдер бірінші кезекте өзінің ұлттық болмысына, қадір-қасиеті мен құндылықтарына ерекше назар аударып, сақтап байытып өзгелерге таратуға, сіңіруге ұмтылатынын байқап отырмыз. «Жұмсақ күштің» түрлі әдіс-айлаларын қолдана отырып бақуатты елдер дамушы елдердің жастарының санасын жаулап алуға ұмтылады. Міне сондықтан, еліміздің жастарын ұлттық руханилық тамырларымен сусындатып, тәрбиелеудің маңызы зор. Ал бұл үшін халқымыздың дамуына сүбелі үлес қосқан ата-бабаларымыздың асыл мұраларын оқып, зерттеп халқымыздың кәдесіне жарата алуымыз керек. Академик Ә. Нысанбаев әл-Фараби мұрасының қазіргі заманғы өзектілігін: «Ұлы ұстаздың энциклопедиялық көл-көсір мұрасына бүгінгі күн биігінен үңілу — біздің өз ұлттық мұрамыз бен тарихымызды тереңдеп тани түсуімізге, рухани-адамгершілік бастауларымызға да қайта үңілуімізге мүмкіндік береді», - деп бағалайды (Нысанбаев, 2004: 108-119). Ал Абай мұрасын «Жаңа Қазақстан» идеясы тұрғысынан қайта зерделеудің қаншалықты маңызды екені күмән туғызбайды. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» (Тоқаев, 2020:2) деген орынды ойы Абайдың философиялық идеяларының өзектілігін айқындай түседі.

Әл-Фараби мен Абайдың гуманистік антропологиясының қазіргі Қазақстан қоғамының моральдық-этикалық тұғырларын дамытудағы рөліне тоқталғанда бірқатар мәселелерге мән беруіміз керек. Атап айтатын болсақ, жаһандану жағдайындағы сәуегейлік мәдениеттің (массовая культура) ұлтымыздың болмысы мен тарихи санасына және қоғамның моральдық-этикалық ұстанымдарына ықпалына назар аударуымыз қажет. Сәуегейлік мәдениеттің қарабайыр формалары “босаңсың да, рахаттан” деген ұранмен тек тәндік-физиологиялық қажеттілікті қанағаттандыруды насихаттап, нәпсінің қалауымен өмір сүруге үндейді және оны бақыттың басты өлшемі ретінде ұсынады. Сонда бұл

халқымыздың руханилығы мен құндылықты ұстанымдарына қаншалықты сай келеді деген сұрақ туындайды. Міне, осы тұрғыда шынайы адами қасиеттер мен адамгершілік құндылықтарын ұсынған әл-Фараби мен Абай сияқты ғұламаларымыздың мұрасы халқымыздың рухани бекінісіне, азғындық пен рухани құлазуға қарсы тұратын қамалына айналуы тиіс.

Мұсылман өркениетінің ғұламалары әл-Фараби мен Абайдың дүниетанымының мәні мен маңызын түсіну үшін олардың тарихи үрдістегі мәдени дүниетанымдық кеңістігін біліп, меңгеріп, пайымдай білу керек. Тек сонда ғана әл-Фараби мен Абайдың мұраларынан дәстүрлі түркі тілдес халықтардың дүниетанымын, ұлттық рухани құндылықтардың негізін көруге болады. Өйткені ойшылдар түркі дүниетанымындағы негізгі ұстанымдарды қорытып, құнды ғылыми еңбектерін келешек ұрпаққа қалдырды.

Біріншіден, әл-Фараби мен Абайдың антропологиялық және гуманистік көзқарасы қазіргі жаһандану заманында әлем өркениеті тарихындағы ұлттық мәдениетіміздің алатын орнын баянды ету үшін маңызды. Ұлттық мәдениетімізді баянды ету мәселесі – рухани жаңғырудың бағыт-бағдарына тікелей қатысты екенін білеміз.

Екіншіден, әл-Фараби мен Абайдың шығармалары қазіргі Қазақстан қоғамының әлеуметтік модернизациялануы мен қайта жаңғыруындағы алатын орны мен маңызы аса зор.

Үшіншіден, әл-Фараби мен Абайдың адами және гуманистік дүниетанымының қалыптасуы, өмір сүрген ортасы мен уақыты сол кезеңде өмір сүрген түркі тектес халықтардың дүниетанымының қалыптасуымен де өте құнды. Өйткені, сол заманда негізі қаланған ислам философиясының бағыты мен жолы қазіргі Қазақстандық философияның мәні мен мазмұнын анықтауда да маңызды болып отыр.

Төртіншіден, ойшылдардың ілімі мемлекетті басқару, қоғамның әлеуметтік кемелденуі мен рухани тазаруына, адамдардың адамгершілік-моральдық, этикалық, діни, рухани ұстанымдарына бағыт-бағдар беретін тұжырымдар жүйесін қалыптастырды.

Әл-Фараби мен Абай өз дәуірінің қоғамдық өмірі мен мәдениетінен жоғары тұрған ғалымдар болды. Олардың идеалды және шығармашылық кеңістігі – мәдениеттің жаһандық немесе ұлттық шеңберімен шектелмеген өмір сүрудің белгілі бір формасы, ағымдары мен жеке бағыттары. Әрбір адамның дүниетанымын оның уақыт шеңберінен және шекарасынан шығатын мәдениет түрі тудыратыны белгілі. Яғни, төл мұрамыздың жасампаз қырын, гуманистік кемелдігін толық көрсете алмай келе жатқанымыз анық.

Қазіргі уақытта әл-Фараби мен Абай ілімдерін салыстыра зерттеуді қолға алуымыз керек. Мәселен, ойшыл Абайда «мутақалим мантикун» деген сөздер бар. Бұл керемет терең философиялық-логикалық-диалектикалық ұғымдар. Халифалар заманынан күні бүгінге дейін барлық араб елдерінде бұл туралы айтыстар мен даулар толастаған емес (Медетбаев, 2015: 60-62). Әл-Фараби мантик-логика ғылымын барынша толық зерттеп, дамытқан тұлға. Әл-Фараби еңбегінде логика екі бөлек түрге бөлінеді: бірі мантики қаллами – яғни формалды логика, сөздік логика – схоластика: екіншісі, мантики масбути – нақты өлшенген, тексерілген ғылыми ұқсастық, математикалық логика.

Олардың біріншісі – бәрінің қолына түсетін жеңіл түрі. Екіншісі – көп еңбекпен, машықтанумен, өлшеумен, бақылаумен, есептеумен келетін ауыр түрі. әл-Фарабидің мантик ғылымына мән беруі ең алдымен адамды ойлануға жаттықтыруымен, өзі көріп, байқап отырған құбылыстардың себеп-салдарларын таразылап, түйін шығара алуымен байланысты. Мантик арқылы адам жаман мен жақсыны, ізгілік пен зұлымдықты, пайдалы мен кесапаттыны ажыратады.

Ал, ойшыл Абай шығармашылығында айтылған мұндай терең қағидалар «хақлия – нақлия», «ғалам – ақиқатқа тәуелді», «ғылым – құдірет», «жүрек таразысы – әділет», «өмірдің өзі – ақиқат» (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, 2016:129) деген қағидаларының әрқайсы адамға ой салып, өмірде орын алып отырған құбылыстардың терең мәнін ашуға жетелейді. Сөйтіп, екі ойшылда адам үшін ойлану мен ақыл қызметінің маңыздылығына назар аударады. Абай өзінің «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, 2016: 52) өлеңінде әр нәрсенің сыртқы бітіміне қарап баға бермей, терең ішкі мәніне ой жүгіртіп, ақыл таразына салып отыруға шақырады. Қазіргі инстаграм мен тик ток және тағы басқа желілерде отырып алып, байыбына бармай ақпарат тарататын мына заманда Абайдың ғақлиятты ойларының мәні қаншалықты зор екені айтпасада түсінікті болар.

Өкініштісі, әл-Фараби мен Абай сияқты ойшылдардың ілімінен тәлім алмай, сәуегейлік мәдениет пен тұтынушылық қоғамның құрбанына ұшыраған кездеріміз көп болды. Сондықтан сол жіберілген қателіктерді түсініп, болашақта олардың алдын алу бүгінгі күні біз үшін үлкен міндет. әл-Фараби мен Абай ілімін зерттеу – маңызды ғана емес, жауапты мәселе. Екі ойшыл іліміндегі гуманистік антропологияидеясының сабақтастығын дамытып, танымдық аясын кеңейтіп, идеялық негізінің үйлестігін тауып, ғылыми-философиялық бағдарын және құнды өлшемін қалыптастыру қажет.

Абайдың «өмірдің өзі – ақиқат» деген қағидасына көз жүгіртейік. Оның терең мағынасына

қысқаша тоқталсақ – ол – бүкіл табиғат әлемі, ол – біздің үйіміз. Екінші жағынан, ол сол табиғат әлемінің мүшесі, сол табиғатты – адамзатты білетін ерекше саналы мүше. Бұл екі дүние болмаса, өмір де жоқ. Екеуінің арасында жарасымдылық, бәсекеге қабілеттілік, әдемілік, әдемі шеберлік, мейірімді махаббат, парасаттылық бар. Бұл өмір шындығы.

Дүниенің құрылымын тану, оны іздеу үшін парасаттылық керек, әр затқа ат қойып, оның есебін бөліп алу керек: бұл – парасаттылық. Сонда ғана сенің атың адам аты, танымасаң надансың, басқа хайуандардың қатарындасың, соңында солардың адам кейпі – маймылсың.

Абай өзініңөлеңінде: «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан, Сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан» (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, 2016:149),- деп өзінің дүниетанымын әл-Фарабише түсіндіреді.

Әл-Фараби адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, педагогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырды. Рухани жоғарғы мақсат нышандарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан - жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты трактатында қайырымдылық – ақыл-ой, әділдік, бақыт және теңдік идеяларын құптаған ежелгі ойшылдар дәстүріне сүйенді. Тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауымға да қайырымдылыққа икемді екенін ескертті.

Ғұламалар мұрасының гуманистік сипатын, адамдық құндылығын жинақтай отырып, тарихи-философиялық танымның ұстанымын ұрпақтың ұлттық санасына сіңіргенде Қазақстан қоғамының моральдық-этикалық тұғырларын дамытуда шешілетіні анық.

Расында, қазақтың болмысы, оның өркениеттік ұқсастығы түрлі мәдени-әлеуметтік ортада қалыптасты. Ұрпақтың өркениетті және өзіндік санасы – халықтың дүниетанымы, оның тарихи тұрғыдан мазмұндаған түрі және шоғырланған деңгейі әл-Фараби мен Абай ілімінің гуманистік сабақтастық идеясынан қарастыруымызға болады. Тарихта қазақтың өзіндік санасын синхронды тұрғыдан қарастырсақ, оның біртекті, біркелкі болмағанын аңғарамыз. Ондағы ұлыстық, халықтық және ұлттық деңгейлердің арақатынасы мен өзара ықпалы бірдей болмағанын жоққа шығармаймыз.

Гуманизм – адамның өмір сүруінің мән-мағынасын анықтайды. Бұл – тарихи міндет, әл-Фараби үшін кемел адамды қалыптастыру – мұраттың нәтижесі және дамудың мақсаты. Әл-Фарабидің кемел адамы – адамгершілік қасиеттерді сақтайтын, ізгілікпен өмір сүретін, өз бақытына жете алатын тұлға. Адамдар бір-біріне жақсылық жасау арқылы көмектесе отырып ізгілікті ортаны құрайды. Адамгершіліктің құны – жоғарғы бақытқа жету үшін келісіп тірлік етуден, гуманизм идеясын мемлекеттік билеу жүйесіне бағындырудан, адамзаттық құндылықтардың бағдарына, мәдени ізденістер мен жетістіктерге сүйенуден білінеді.

Абай гуманизмі қоғамдық өмірдің барлық салаларында, әсіресе жастарға білім беру мен тәрбиелеу ісінде кеңінен қолданыс табуы тиіс. Жоғарыда атап, өткеніміздей Абай рухымен қуаттанған Алаш азаматтары қазақ халқын басқа халықтармен терезесі тең етудің, ешкімге есесін жібермеудің қамын жасады. Қазіргі қазақ жастарының бойынан осы қасиеттерді байқаймыз. Елі мен жерін, халқының мүддесін ту етіп көтеретін жастарға жол ашу, нағыз меритократияны ұлттық саясатымыздың басты бағыттарының біріне айналдыру қазіргі заман талабы.

Абай адамгершілік қасиеттердің өмірдегі рөлі мен орнына ерекше мән береді. Адам бойындағы қасиеттердің жағымды немесе жағымсыз жақтарын арнайы талқылай отырып, жаманнан жиреніп жақсыдан үйренуге үндейді. Абай «Болыс болдым мінеки» өлеңінде паракорлық пен жемқорлықты, жағымпаздық пен боскеуделікті сынға алады, алайда осы өлеңінің идеялық мәні халқының қамын жейтін ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеу болды. Әр құбылыстың жаман жағын ашу арқылы одан сақтандыру мен жирендіру ақынның өзіндік тәрбие тәсілі. Сондықтан Абай өзінің шығармаларында қоғамдағы жағымсыз құбылыстарды батыл сынады. Абайдың өз заманын сынауы болашақтың қамы, сол арқылы Абай қазақ халқының жарқын болашағына зор үлесін қосты. Абай шығармашылығының ұлтжандылығы мен гуманистік сипаты да осыда.

Пайымдай түссек, әл-Фараби адамның жалпы болмысының теориялық бейнесін жасайды. Абай ұлттық еркіндік пен әдептілікке қажетті азаматтық іс-әрекетке тоқталып, оның белсенді, өнімді қасиеттерінің қоғамдық мәнін ашуға баса назар аударады. Екі ойшыл да гуманистік дәстүрді талдап, жалпылаудың әртүрлі тәсілдері мен әдістерін қолданады.

Сонымен қатар, ойшылдар адамның рухани еркіндігі мен бостандығын сипаттайды. Оны өз қоғамының даму жолынан табуға, оның дәстүрлі бағытын анықтауға ұмтылады.

Әл-Фараби мен Абайдың гуманистік антропологиясының қазіргі Қазақстан қоғамының моральдық-этикалық тұғырларын дамытудағы рөлі қандай? деген сұраққа жауап іздейтін болсақ,

жоғарыда қарастырылған мәселелерді танымдық, гуманистік және әлеуметтік тұрғыдан талдай отырып, құндылық ұстанымды егеменді елде және өркениетті ортада адамның еркі мен демократиялық дәстүрін орнықтыратын саяси принципке айналдыруымыз қажет. Екі ғұламаның гуманистік идеялары арқылы - біріншіден, Отанға деген патриоттық сезімді қалыптастыра отырып, еліміздің дамуына жан-жақты үлес қосу; екіншіден, қазіргі жаһандану кезінде адамның өмір сүруі мен оның мәнісін күн тәртібіне қойып, адамдық бағдар мен ғылым болашағын анықтаудың стратегиялық бағдарын анықтау; үшіншіден, ұлттық өзіндік сананың шоқтығы - фарабитану мен абайтану ілімінің құндылықтары мен мұраларын меңгеру; төртіншіден, қазақ халқының қазақ тұлғасы ретіндегі мәртебесін көтеру мәселелеріне қол жеткізуімізге болады.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласындағы: «Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық» (Тоқаев, 2020:3) деген пікірі аса маңызды және мемлекет басшысының рухани саясаты ғұламалардың мұраларын зерделеуге ұлт тарихындағы тың серпіліс беретіні анық.

Қос ойшылдың адамгершілік пен қайырымдылық, ынтымақтастық пен бірлік, әділеттілік пен теңдік, өзара қолдау мен құрмет туралы көзқарастары отбасынан бастап, мемлекет деңгейінде әрбір азаматтың рухани бағдары мен құндылықтар жүйесіндегі басты ұстанымына айналуы тиіс, шығыс даналарының бұл идеялары адам мен қоғамды, қоғам мен мемлекетті жақындастыруға ықпал етеді және қазақстанның ішкі және сыртқы тәуекелдіктерге тиімді үн қату ықтималдылығын арттырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нысанбаев Ә.Н. Бір өзі бір ғылым академиясы іспетті // Нысанбаев А. Глобализация и проблемы межкультурного диалога. В 2-томах. Т.2. Алматы, 2004. С. 108-119.
2. Тоқаев Қ. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан// Егемен Қазақстан. Алматы, 2020 жыл 9 қаңтар.
3. Медетбаев Т. Әл-Фараби мен Абай хақім // Молодой ученый. – 2015. - №8.1 (88.1). – С. 60-62. – URL: <https://moluch.ru/archive/88/17592>
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. –Алматы: Жазушы. –Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. -2016. -336 бет.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. –Алматы: Жазушы. –Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. -2016. -296 бет.

ТАРИХИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АЛАШ ТАРИХЫНЫҢ ТАҒЫЛЫ МЕН РОЛІ

СҮЛЕЙМЕНОВА ДӘМЕТКЕН ДОСМҰХАНҚЫЗЫ

т.ғ.к., қауымдастырылған профессоры
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі
Мемлекеттік комиссияның сарапшысы
Астана қ. Қазақстан

Аңдатпа: Кеңес дәуіріндегі жетпіс жыл бойы халқымыздың өзіне лайық тарихы тұмашаланып айтылмай келгені, айтылса да саясаттың ыңғайына қарай бұрмаланып, теріс түсіндіріліп келгені белгілі. Шынайы тарихи дамуды түсіндіру амалдары маркстік-лениндік әдіснамаға сай,тап күресін таңумен сипатталды. Сонымен тарихи сананың түбірін құрайтын тарих-бұл уақыттық үдеріс,ол қайтымсыз,өткен шақтан болашаққа қарай ағады.Өткен шақ,осы шақ және болашақ әлеуметтік жадыда қорытылады.

Тірек сөздер: Сана, тарихи сана, дүниетаным, әлеуметтік дүниетаным, тарих-бұл жалпы өткен шақ,тарих -бұл оқиға,тарихи өткенді баяндау, өткеннің қазіргімен және келешекпен байланысы, Алаш, Алаш зиялылары, Алаш арманы, Автономия, Жаңа Қазақстан.

Аннотация. Известно, что семьдесят лет советской эпохи достойная история нашего народа не рассказывалась, а искажалась и интерпретировалась негативно. Подходы к объяснению истинно исторического развития характеризовались навязыванием классовой борьбы в соответствии с марксистско-ленинской методологией. Таким образом, история, составляющая корень исторического сознания, является временным процессом, который необратим, течет из прошлого в будущее. Прошедшее время, настоящее время и будущее обобщаются в социальной памяти.

Ключевые слова: Сознание, историческое сознание, мировоззрение, социальное мировоззрение,

история-это общее прошлое, история-это история, повествование об историческом прошлом, связь прошлого с настоящим и будущим, Алаш, алашская интеллигенция, Алаш мечта, Автономия, Новый Казахстан.

Annotation: *it is known that for seventy years of the Soviet era, the history of our people has not been told, but it has been distorted and interpreted negatively according to the policy. The methods of explaining true historical development were characterized by the imposition of class struggle in accordance with the Marxist-Leninist methodology. Thus, history, which forms the root of historical consciousness, is a temporal process that, irrevocably, flows from the past tense to the future. The past, present and future are summarized in social memory.*

Keywords: *Consciousness, historical consciousness, worldview, social worldview, history is the General past, history is an event, a narrative of the historical past, the connection of the past with the present and the future, Alash, Alash intelligentsia, Alash dream, autonomy, New Kazakhstan.*

XX ғасырдың 90 жылдарынан қоғамдық сананың барлық қырларын тарихшылықтың, яғни сананың тарихилануының жаулап алғаны соншалық, даулы да күрделі мәселелерімен ерекшелінетін тарих философиясы қызу пікірталастардың өзегіне айналды. Өйткені қазіргі заманның өз бойына әлеуметтік жадымен сипатталатын өткен шақты да, болашақты бағдарлаумен түсіндірілетін келер шақты да енгізетін осы шақты білдіретіні санаға сінді.

Оның үстіне, қазіргі әлемде қалыптасқан әлеуметтік-мәдени ахуал, жаһандық қаржылық, экономикалық мәселелер адамзат дамуының келешегін болжауға қатысты ғана емес, оның тарихына, тарихи санасы мен тарихи құндылықтарына қатысты да зерттеулерге деген қызығушылықты тудыратыны сөзсіз. Бүгінгі жағдай қоғамдық деңгейдегі болсын немесе жеке тұлғалық деңгейдегі болсын, арнаулы ғылыми немесе бұқаралық санадағы болсын тарихи сананың мәні мен маңызын, оның мазмұны мен құрылымын, қалыптасу тетіктері мен қызмет ету заңдылықтарын теориялық тұрғыда ашып көрсетуді қажет етеді.

Тарихи сана-бұл бүгінгі ұрпақтың әлеуметтік жады. Әлеуметтік жады формасы жағынан әмбебап және мазмұны жағынан нақты болып келеді. Сондықтан да тарихи сана қашанда нақты- тарихи, әлеуметтік, ұлттық және индивидуалдық мазмұнмен толықтырылады. Қазіргі кезеңде әлеуметтік жадының үш деңгейінде де- жаһандық деңгейінде, ұлттық деңгейде және тұлғалық дәрежеде түбірлі - өзгерістер болып жатыр: адамдық индивидуалдық деңгейде антропологиялық төңкеріс орын алды, әлеуметтік немесе этностық деңгейде ұлттық сана-сезімнің бұрын-соңды болмаған қозғалысы байқалды, ал жалпыадамзаттық деңгейде ақпараттық жаһандану үдерісін бастан кешіп отырмыз. Бұл өзгерістер, өз кезегінде тарихи сана мәселесін күн тәртібінің алдыңғы қатарына шығарып отыр. Тарихи сана неғұрлым терең болған сайын адам да, тұтастай алғанда қоғам да рухани бай болады. Бүгінгі түсіну мен болашақты болжау үшін өткенді білу тарихи білімнің негізгі арқалайтын жүгі екендігі рас [1] (Сатершинов, 2011: 291).

Тарих өткен шақпен, адами жадымен және әлеуметтік еспен байланысты болғандықтан, бұған төл тарихты тану арқылы қол жеткізуге болады. Яғни, ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын іргелі құндылықтарды – адамдарды рухани тұрғыдан оятатын ана тілі мен дәстүрлі жаңғыртулармен қатар, халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи өзіндік сананы қалыптастыруға тәуелсіздік рухани тұғырын құрайды.

Қазақстандық қоғамның әлеуметтік - мәдени өмірінде тарихи сананы жаңғыртып, қалыптастыру тәрізді маңызды міндетті іске асыруда біздің мемлекетіміз бірқатар маңызды іс - шараларды атқарды. Қызыл қырғын мен жаппай қуғын-сүргіннің жылдарын еске алу болашақ ұрпақтың алдында тұрған үлкен міндет.

Дүниетанымның бір тәсілі ретінде тарихи сана тақырыбының ерекше танымдылығы бастапқыда феноменологиялық философияда, кейінірек герменевтикалық бағытта көрініс тапты [2]. (Бурбаев, 2005: 287).

Бұл ұғымның қазақстандық тарих ғылымының әдіснамасында кеңінен тарамағынанына қарамастан, отандық тарихи ғылымдағы бұрынғы кеңестік сарынның сақталғанына қарамастан, тәуелсіздік алғаннан кейінгі төл тарихтың ақтаңдақтарын ашуда, нақты тарихи мәселелерге қатысты әр түрлі ә пікірлердің, баламалы тарихтардың айтылуынан «тарихнамалық төңкеріс» ұғымының қоғамдық өмір мен ғылымдағы орын алған өзгерістердің мазмұнын анықтайтынын аңғаруға болады [3]. (Барг, 1989: 42-49).

Тарихи сана – қоғамдық сананың, оның барлық элементтерінің, формалары мен жүйелерінің маңызды өзгермелі қыры. Тарихи сана кез-келген қоғамның, таптың немесе әлеуметтік топтың, тіпті, азаматтың өз жағдайын уақыт ағымында, өзінің осы шағын өткен шақпен және келешекпен байланыста пайымдағандықтан, мұны қоғамдық сананың ерекше қыры ретінде қарастырған абзал. Сондықтан, тарихи сананы зерттеудің бүгінгі өзектілігі тарихи танымның өзінің сапалы өзгерісін білдіреді, тарихи танымның

біржақтылықтан арылып, басқаша бағдар ұстануымен түсіндіріледі. Тарих ғылымының тарих философиясында жаңа тұжырымдамалық бағыттың пайда болуы тарихтың бай да әралуан көрінісін, тарихи сананың тұңғық табиғатын тиімді әрі тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді[4].(Левада, 1969: 197).

Тарихи сананың табиғатын ашу тарихты зерттеумен тікелей байланысты. Тарихи зерттеудің міндеті - бізге дейін жеткен тарихи оқиғалардың жиынтығынан мән - мағынасын барын іріктеп алу, солардың көмегімен тарихи кескінді құрастыру қазіргі жағдайда олардың нәтижесіндей болу үшін солардың арасындағы байланысты ашу болып табылады[5]. (Есім, 2006: 251).

Сонымен, тарихи сананың түбірін құрайтын – тарих. Бұл уақыттық үдеріс, ол қайтымсыз, өткен шақтан болашаққа қарай ағады. Өткен шақ, осы шақ және болашақ әлеуметтік жадыда қорытыланады. Тарих бұл қашанда өткеннің бейболмысқа енуінің қайтымсыз үдерісімен сипатталатын күрестің жаңа ұмтылыстардың тәжірибесі.

Бүгінгі ұрпақтың ертеңгі дамуы өткеннің тарихи тағылымына тәуелді, рухани сабақтастықты сақтамаса, адам аяғында нық тұрмай тайғанақтап, ақырында жаттануға ұрынады. Тарихи сана түптеп келгенде, әрбір тұлғаның, әрбір ұлт пен ұлыстың басқаға танылуы үшін, өзіндік бірегейлігі үшін қажет және өзіне тән даралығы болатынын түсінбей түбірсіз маргиналдыққа әкелетін ойлардан арылып, ұлттың табиғи төл тумалығының діңгегін құрайтын тарихи өзіндік сананың сауығуына оң ықпалын тигізеді[6]. (Кішібеков, 1999 : 287).

Өзінің сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан кешірді. Сол тар жол, тайғақ кешулерден арып –ашыса да, қажып-қансыраса да, әрқашан қадір-қасиетін жоғалтпай, ар-намысын, абыройын төкпей шығып отырды. Соның бәрінде оған жігер қосқан, рухын көтеріп, арманын асқақтатқан халықтың еркіндікті, тәуелсіздікті аңсауы, соған деген ұмтылысы, құштарлығы еді. Осы өшпес рухани қасиет әкеден балаға мирас болып, әрдайым алға жетеледі.

Енді, егемендік алып, тәуелсіз мемлекет құрғанымызда ел қамын ойлап, сол жолда өмірін сарп еткен асыл азаматтардан ұлт-азаттық күресін толығымен көрсететін кез келді. Қазақ халқының ұлттық санасында, менталитетінде ерекше орын алатын «еркіндік пен тәуелсіздік» ұғымдары. Сондықтан «біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған» деп бұрынғы мемлекеттік гимнімизде айтылса, «ерлік те, елдік те ұрпаққа аманат» деп азаттық алған егемен елдің әнұранында бекер көрсетілмеген.

Қазақ халқының еркіндікті, бостандықта, тәуелсіздікті, әділеттілікті аңсауы, оған деген табиғи ұмтылысы қай кезде болсын күшті болған. Бүгін де кейінгі ұрпақ та соған бағыт алып отыр. Сол себепті, жастарға тарихи санамыздағы азаттық деген ұғымды бойына дарыту бүгінгі біздің міндетіміз. Соның арқасында бабаларымыз бізге ұлан-ғайыр байтақ өлкені мирас етіп қалдырып, өзінің ерлік тарихын жасады. Алдағы тұрған міндет осы бабалар ұранын сақтап, елімізді өркендетіп жерімізді қорғау. Ол ар-намыс, елдің бірлігі, тұтастығы, еркіндігі мен тәуелсіздігіміз, әділеттігіміз. Осының бәрі біздің ұлттық санамызға құйыла білсе болашағымыз жарқын болмақ[7]. (Жамбылов, 1999: 160).

Әр заманда ұлт пен мемлекет қабілетін жарқын да жасампаз идеяларымен айқындаған тұлғалар болады. Тағылымы мол тарих қойнауынан бізге жеткен елеулі құндылық – дара тұлғалар мұрасы. Халыққа жол сілтер кемел ой айтқан, заманнан озып парасат пен көркемдік биігіне көтерілген, шығармашылық мұрасы қай уақытта да өміршеңдігін жоғалтпайтын алыптар – ұлттың мақтанышы мен тірегі[8]. (Сұлтан, 2021 : 307).

Президент Қасым Кемелұлы Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәреже танысақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуы тиіс», -деп ауқымды зерденің көзін ашты[9].(Сұлтан, 2021: 307). Сондықтан, басты мақсатымыз жаңа сипаттағы саңқырлы аспектідегі ғылыми зерттеулер арқылы бүкіл қоғамға, әсіресе, жастарға осындай тұлғалардың мұрасын жан-жақты насихаттау мен танымдандыру болашаққа жарқын істерге жол салу болып табылады.

Жас ұрпаққа өткен ғасырдағы елім деп, жерім деп қызмет еткен Алаш зиялыларының еңбектерін, өмірдеректерін ұғындыру бүгінгі басты міндет және мақсат.

Алаш арыстарының арманы – Азаттық, Тәуелсіздік, Дербестік, Егемендік, Бостандық болатын. Осы жолда олар аянбай саяси күреске шықты, өз бастарын қатерге тікті, бірақ қайыспай қызыл империяның саясатына қарсы тұрды. Қазақтың өр мінезді ақыны Нарманбет:

«Адамға ұят, иман – қазық,

Қанағат, рахым, шапағат – өмірге азық.

Ақыл-ой, ар-намыстың күзетшісі,

Бұған сенсең, кетпейсің жолдан азып», -деген сөздері халықты жігерлендіргені сөзсіз[10]. (Қамзабекұлы, 2004 : 356).

Сонымен қатар Алашорданың Батыс бөлімінің жетекшілерінің бірі – дәрігер, тарихшы, фольклорист, әдебиеттанушы, лингвист Халел Досмұхамедов: «Заманымыз – мәдениет заманы, мәдениетке білім жеткізеді. Білім алуға көп еңбек, аса сабырлық керек», - дейді. Сондықтан бүгінгі жастарымыз білімге ұмтылулары керек, бұл әрбір жастың өмірлік тұжырымдамасына айналуы қажет [11]. (Өнес, 2018 : 230).

Алаш зиялылары халқының болашағы үшін тілдің маңыздылығына ерекше мән-мағана берген болатын, бүгінде тіл мәселесі әліде өзекті болып тұр. Халел Досмұхамедов: «Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесен, бұл – сүйініш, ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесен, бұл – күйініш, өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате», - дейді. Сондықтан бүгінгі жас ұрпақ өз ана тілін қадірлеп-қастерлеуі керек. Алаш зиялылары XX ғасыр басында-ақ тілдің бұрмаланбауы үшін еңбек етті. Олар: «Біз ғылыми еңбектерді орыс тілінен аударуды тоқтатуымыз керек. Егер түпнұсқа ағылшын тілінде болса, онда ағылшын тілінен, француз тілінде болса, француз тілінен аударуымыз керек», - деген идеяны ұстанды [12]. (Өнес, 2017: 35). Өйткені олар бірнеше шетел тілдерін меңгерген болатын. Бүгін де біздің жастарымыз шетелдерде оқып, білім алып, бірнеше тілдерді игеруде, бұл үлкен жетістік деп қарауымызға болады.

Бүгінгі таңда болып жатқан процестерді тереңірек түсіну үшін саяси, мәдени, идеологиялық сынықтардан өткен қазақ халқының өмір сүру кезеңіне қарау маңызды. XX ғасырдың басында Алаш қайраткерлері ұлт-азаттық қозғалыстың идеологиясын қалыптастырып қана қоймай, әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын белгіледі. 1917 жылы «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясының бағдарламасы басылып шықты. Партияның негізгі құжатының реформалық сипаты әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағартушылық, діни және басқа да мәселелер қойылды. «Алаш» әділдікті қорғайды, кедейлерді қолдайды, халықтың әл-ауқатын арттыруға қамқорлық жасайды, халықтың елдің ілгері дамуына жағдай жасайды, ағарту, білім беру, жер, қоныс аударушылар, этнос, дін, әйелдер мен балалар, билік, тіл мәселелерін партия алдымен қазақтарды әлеуметтендіру тұрғысынан, содан кейін егемен мемлекет құру тұрғысынан көтерді.

Алаш автономиясы, Барлыбек Сырттанұлы әзірлеген Конституция жобасына сәйкес, Президенттік басқару нысаны және күшті жергілікті өзін-өзі басқару - Земствосы бар Парламенттік республика болды. Алаш автономиясының негізін қалаушылар дамыған жергілікті инфрақұрылымы бар күшті жергілікті өзін-өзі басқару ғана бүкіл мемлекеттің тұрақтылығының, орнықты дамуы мен өркендеуінің кепілі екеніне сенімді болды. Алаш конституциясының «Қазақтар елінің тәуелсіздігі туралы» жобасының 1-бабының 4-інші және 9-ыншы бөлімдерінде:

-Қазақтар елінің жоғарғы органы – Ұлттық мәжіліс. Оның құрамына сайланған қазақтар елінің басшысы – Президент 4 жылға сайланады. Бір Президент елді екі мерзімнен артық басқаруға құқығы жоқ. Президент қазақ елін министрлер арқылы басқарады. Президент министрлерді өз бетінше таңдайды, алайда олар Ұлттық Мәжілістің дауыс беруі арқылы бекітілуге тиіс. Министрлер өз жұмыстары туралы Президент пен Ұлттық мәжіліске есеп береді. Қазақ елінде Президенттің орынбасары – вице президент болып табылады. Ол Президент болмаған кезде, оны алмастырады, ал өзі Президент алдында есеп береді. (4 бап).

-Қазақ елінде биліктің жоғарғы органы – Заң шығарушы (парламент), Атқарушы (үкімет) және Сот. Үш билік бір-біріне бағынбайды және заңсыздыққа жол бермеудің символы болып табылады. Сонымен бірге, Алаш қозғалысы патша империясының тұсында да «Адам құқықтары», «Тұлға құқықтары» және «Демократиялық қоғам» сияқты терминдерді насихаттады [13]. (Дулатбеков, 2001: 231).

Міне, Алаштың зиялылары ақпан төңкерісінен кейін, саяси күрес алаңына шығып, қазақ елінің егемен ел болуының қамына кірісіп, қазіргі тәуелсіз мемлекеттік құрылымының негізін қалаған.

Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Алашорданың Батыс бөлімінің төрағасы – Жаһанша Досмұхамедов: «Біздің мақсатымыз – ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады, қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін білетін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз», - дейді [14]. (Сүлейменова, 2018 : 213).

Қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің негізгі ірге тасын қалаған, осындай Алаштың асыл азаматтарының атқарған қызметтерін өскелең жас ұрпақ білуге тиіс. Орал облыстық Қазақ съезінің жұмысы туралы белгілі тарихшы, академик, тарих ғылымдарының докторы, атақты Алаштанушы ғалым Кеңес Нұрпейіс : «Орал облыстық Қазақ съезінің күн тәртібінде қаралған мәселелер, басқа облыстық Қазақ съездеріне қарағанда айтарлықтай ерекшеленіп тұрды. Оның көлем деңгейі де, маңызы да әртүрлі, бір-біріне тығыз байланысты үш мәселе жалпы мемлекеттік, ұлттық және аймақтық (жалпыресейлік, қазақстандық және оралдық) мәселе жеке-жеке жүйеленген. Мұның үстіне съезде

талқыланған мәселелер оған қатысушыларға сол кезеңнің сан қилы оқиғаларын бағалауға ғана мүмкіндік беріп қоймаған, сонымен қатар, келешекті болжауға да түрткі болған. Съезде қаралған мәселелер саны 23-ке жетіп, басқа съездердің күн тәртібінен әлдеқайда асып жығылды», - деп бағалайды[15]. (Нұрпейіс, 1995 : 256).

XX ғасырдағы кеңестік саяси төңкеріс сынақтарына алғашқылардың бірі болып қарсы тұрған, ұлт мүддесі үшін ешкімнен тайсалмаған қайраткер- Смағұл Садуақасұлы: «Жалпы адамшылық бақытқа жету үшін әр халық өз тілінде мәдениетке қожа болып, өз шаруасына қарай тұрмысын өзгерту керек», - дейді[16]. (Сүлейменова, 2017 : 35).

Қорыта айтқанда, тарихи сана – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы өмірдің қай саласында да, ел ретінде еңселеніп, мемлекет ретінде мұратқа жету үшін Алаш зиялылар бастаған істерді, олардың аманаттарын орындауға тиіспіз. Сондықтан Алаш азаматтарын насихаттап, жастарға олардың көкसेген мақсаттарын ұғындыру қажет. Сонда ғана XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды биіктерден көретін боламыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сатеришинов Б.М. Тарихи сана-тәуелсіздіктің рухани тұғыры. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБО, 2011. - 291 б.
2. Бурбаев Т. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері. - Астана: Елорда, 2005. - 287 б.
3. Барг М.А. Человек-общество-история // Новая и новейшая история. - 1989. - № 2. - С. 42-49.
4. Левада Ю.А. историческое сознание и научный метод // - М. Наука: 1969. - С. 197
5. Есім Ф. Сана болымысы. - Алматы: Ғылым. 1994. - 251 б.
6. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. - Алматы: Ғылым, 1999. - 200 б.
7. Жамбылов Д.А. Тәуелсіздік және саяси сана. - Алматы: Жеті жарғы. 1999. - 160 б.
8. Сұлтан Ы. Жарым адамнан толық адамға. - Астана: 2021. - 307 б.
9. Сұлтан Ы. Жарым адамнан толық адамға. - Астана: 2021. - 307 б.
10. Қамзабекұлы Д. Пайым. - Алматы: 2004. - 356 б.
11. Әнес Ф. Таңдамалы шығ. жин. 3 том. - Алматы: 2018. - 230 б.
12. Әнес Ф. // Аңыз адам. 2017. - № 10. 35 б.
13. Дулатбеков Н. Бірінші Конституцияны құрудың бастауында. - Сыртанов мұрағаты. 1 том. Алматы: 13 б.
14. Сүлейменова Д. Жаһанша Досмұхамедов һәм Қазақ автономиясы. - Алматы: 2018. - 284 б.
15. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: 1995. - 256 б.
16. Сүлейменова Д. // Аңыз адам. 2017. - № 10. 35 б.

КЕҢЕС НҰРПЕЙІСҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

АХМЕТОВА ЖАНАТ КУАНДЫКОВНА

*тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

ДАУЛБАЕВА САПУРА БУРКИТБЕКОВНА

*тарих пәнінің мұғалімі, №141 жалпы білім беретін мектеп
Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада Академик Кеңес Нұрпейісұлының ғылыми зерттеулеріндегі Отан тарихының саяси өмірінде ерекше орын алатын ұлт зиялылары мен қоғам және мемлекет қайраткерлерінің тарихы баяндалады.

Ғалым зерттеген тарихи тұлғалар, атап айтсақ, Ш.Ш. Уәлиханов, Х. Досмұхамедов, Н. Төреқұлов, Т. Рысқұлов, Ә. Ермеков, Қ. Сәтбаев, М. Шоқай, А. Байтұрсынов, О. Жандосов, М. Тынышбаев, М. Әуезов және т.б. қайраткерлер тарихы Отан тарихнамасында өзекті тақырыптар қатарына жатқызылады. Өйткені аталған тұлғалар өз заманының мұңын мұңдап, халқының қамын ойлады.

Тірек сөздер. Академик, ғылыми зерттеулер, тұлға, ұлт зиялысы, қоғам қайраткері, мемлекет қайраткері, Отан тарихнамасы

Аннотация. В статье рассказывается история национальной интеллигенции, общественных и государственных деятелей, занимающих особое место в политической жизни Отечественной истории в научных исследованиях Академика Кенеса Нурпеисовича.

История исторических деятелей, изученных ученым, таких как Ч. Ч. Валиханова, Х. Досмухамедова, Н. Торекулова, Т. Рыскулова, А. Ермекова, К. Сатпаева, М. Чокай, А. Байтұрсынова, О. Жандосова, М. Тынышбаева, М. Ауэзова и др. относится к числу актуальных тем Отечественной историографии. Потому что эти личности были опечалены печалью своего времени и заботились о своем народе.

Ключевые слова. Академик, научные исследования, личность, национальная интеллигенция,

общественный деятель, государственный деятель, Отечественная историография.

Annotation. *The article tells the story of the national intelligentsia, public and government figures who occupy a special place in the political life of Russian history in the scientific research of Academician Kenes Nurpeisovich.*

The history of historical figures studied by scientists, such as Ch.Ch. Valikhanova, Kh. Dosmukhamedova, N. Torekulova, T. Ryskulova, A. Ermekova, K. Satpayeva, M. Chokai, A. Baitursynova, O. Zhandosova, M. Tynyshbaeva, M. Auezov and others are among the current topics of Russian historiography. Because these individuals were saddened by the sadness of their time and cared about their people.

Keywords. *Academician, scientific research, personality, national intelligentsia, public figure, statesman, Russian historiography.*

Отан тарихында өзіндік із қалдырған, атап айтсақ, XX ғасырдың басындағы өзекті мәселелер: ұлт-азаттық қозғалыс тарихы, Ақпан және Қазан төңкерістері кезіндегі Қазақстан, Алаш қозғалысы, Кеңестік жүйе саясаты, ұлт-зиялыларының тарихы мен тағдыры және т.б. көптеген көкейтесті тақырыптардың төңірегінде өзіндік ой-тұжырымдар қалыптастырып, шынайы бағасын берген ғалым, академик Кеңес Нұрпейісұлы болып табылады.

К.Нұрпейісұлының ғылыми мұраларын зерделей отырып, Отан тарихының саяси өмірінде маңызды орын алған ұлт зиялыларының өмірі мен қызметтерін зерттеуге ат салысқанын және қайраткерлер тұлғасын нақты сомдай білгенін көруге болады. Атап айтсақ, халқымыздың біртуар перзенттері Ш.Ш.Уәлиханов, Х.Досмұхамедов, Н.Төрекұлов, Т.Рысқұлов, Ә.Ермеков, Қ.Сәтбаев, М.Шоқай, А.Байтұрсынов, О.Жандосов, М.Тынышбаев, М.Әуезов және т.б. қоғам және мемлекет қайраткерлерінің өмірін, қоғамдық қызметтерін зерттеуге ат салысты.

Ғалым қалам тартқан алғашқы тарихи тұлғалардың бірі –Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Оны 1961 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген «Шоқан мұрасы-халық қазынасы» [1]атты еңбегінен көруге болады. К.Нұрпейісұлы бұл мақаласында Ш.Уәлихановты өзінің аз ғана өмірі ішінде сан түрлізерттеулер жүргізіп, Шығысты зерттеуші ғалымдардың арасында орасан беделге ие болғанын айтады. Сонымен қатар дарынды ғалым, демократ-ағартушы Ш.Уәлихановты өз халқының білімге, ғылымға, сәулетті болашаққа қолы жетуін армандады деген тұжырымдар келтіре келе, ғалымның еңбектері өз дәуіріне қарай, өз ортасына байланысты ғылыми еңбектерінің орыс тілінде жарияланғандығын айтып, ғалымның еңбектері ана тіліне тезірек аударылса нұр үстіне нұр болар еді деген ұсыныс-тілегін айтқан болатын. Уақыт өте келе, ғалымның ұсынысы жалғасын тауып, қазақтың біртуар азаматы, кемеңгер ғалым Ш.Уәлихановтың ұшан-теңіз мұраларының ғылыми мән-мағынасы жойылмай, еңбектері өз ана тіліне аударылып, жинақ болып шығарылды [2].

Академик К.Нұрпейісұлы Алаш қайраткерлерінің арасында алғашқылардың қатарында Халел Досмұхамедовтің өмірі мен қоғамдық қызметін зерттеуге қызығушылық танытып, бірнеше мақалалар жарыққа шығарды. Оның жарық көрген «Алматы Ақшамы» газетінде «Қияметті жылдар жаңғырығы» [3, 31 б.], «Жалын» журналында «Қайраткер Халел Досмұхамедов» [4, 123 б.] деп аталатын мақалаларында қайраткердің 1917-1920 жылдардағы қоғамдық қызметін, Алаш партиясы мен Алашордадағы қазақ зиялыларының өмірін қысқаша сипаттайды. Сонымен қатар ғалым ҚР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мұрағатындағы саяси репрессияға қатысты құжаттармен де танысып, оларды ғылыми айналымға енгізді. Осындай құжаттардың бірі – Х.Досмұхамедов жазған екі құжатты орыс тілінен аударып, қазақ тілінде басып шығарады. Олардың біріншісі – Х.Досмұхамедовтің өмірі мен саяси көзқарастарының қалыптасуы туралы біраз мәлімет берсе, екіншісі Воронеждегі жер аударудағы тұлғаның өмірінің ауыртпалықтарын сипаттайды. Сонымен қатар өз зерттеуінде «Халел Досмұхамедов – қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері, «Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысының жетекшілерінің және алғашқы жоғарғы білімді қазақ дәрігерлерінің бірі. Ол талантты, көп қырлы ғалым болған адам. Түркістан АССР-і мен Қазақ Совет мемлекетінің оқу-ағарту ісіне, ғылымын, әдебиеті мен өнерін дамытуға үлкен үлес қосқан» [5] - деп атап көрсетеді. Шынында да, ғалымның зерттеулерінен халқымыздың дара тұлғаларының бірі Х.Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметтерінен оның табиғатында өте талантты, білімді, алғыр, бойында адами қасиеті мол парасатты жан екенін көруге болады.

К.Нұрпейісұлының арнайы зерттеген келесі тұлға, қоғам және мемлекет қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш дипломат Нәзір Төрекұлов болып табылады. Ғалым қайраткерге арнап бірнеше еңбектер жариялады. Солардың бірі аталған тұлғаны отызыншы жылдардағы саяси қуғыншылықпен байланыстырып жазған мақаласы [3, 356.]. Бұл еңбекте ғалым К.Нұрпейісұлы отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйенің саясатын әшкерелей келе, қуғын-сүргін зұлматын үш тарихи кезеңге бөледі. Ең алдымен Қазақстанда кеңестік биліктің орнауы мен Азамат соғысы кезеңінде өлке тұрғындарының

«ақтар» пен «қызылдар» болып бөлініп, бір-біріне қарсыласуы, екінші кезекте, билік басына Ф.Голощекиннің келуі және оның құйтыртқы саясаты кезеңі, үшінші кезекте, 30-шы жылдардағы аштық пен ұлт зиялыларының қуғындалуы жайлы анықтама берген. Сонымен қатар аса ірі қоғам қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш дипломат Н.Төрекұловтың қоғамдық қызметіне тоқталып, 30-шы жылдары қайраткердің көптеген ұлт зиялыларына қол ұшын беріп, көмектескенін дәлелдеп жазды. Атап айтсақ, К.Нұрпейісұлы мұрағаттық деректерге сүйеніп, Н.Төрекұловтың Мағжан Жұмабаевқа үлкен қамқорлық жасағанын айтады. Мысалы, 1922-1924 жылдары М.Жұмабаев отбасымен Ташкентке қоныс аударып келгенде Түркістан АССР-да басшылық қызмет істеген Н.Төрекұлов оған көп қолдау көрсетеді және қоғам қайраткері С.Қожановпен таныстырады. Осы таныстықтың нәтижесінде М.Жұмабаевтың «Ақ жол» газетіне орналасуына жәрдемдеседі. Ал 1924 жылы тағдырдың тәлкегімен М.Жұмабаевтың Москваға келген кезінде де Н.Төрекұлов қамқорлық көрсеткен деген деректер келтіреді.

Ғалым өз еңбегінде тұлғаны жан-жақты екенін айта келе, оны халқы бірі білсе, бірі білмейтінін және ол туралы пікірлердің шындыққа жанаспайтын бірнеше себептері бар екеніне де тоқталған. Мысалы, бірінші себепте оның қазақ жерінде емес Өзбекстан жерінде туылғаны, Қазақстанда емес шет елдерде қызмет жасағаны айтылса, екінші себепте соңғы жылдары тұлға жайлы шыққан бірең-саран мақалалардың, естеліктердің мазмұнында шындыққа ұласпайтын деректердің кездесуі, ал үшінші себепте шынында да тұлғаның нағыз жанашыр ізденушісінің болмағаны жайлы [3, 35-46 б.] шынайылық таныта пікір айтады. Шынында да, ғалым К.Нұрпейісұлының пікірлеріне сүйене отырып, әлі де болса мемлекет және қоғам қайраткері Н.Төрекұловтың өмірі мен қоғамдық қызметтерінің ашылмаған тұстарын мұрағаттық, деректік негізде зерттеу заман талабы болып қала бермек. Айта кету керек, Нәзір Төрекұлов Отан тарихында өз орнын тек егемен ел болып, тарихымызды түгендей бастаған уақытта ғана халқымен қайта қауышқан тұлғалардың бірі. Ол өзінің саналы ғұмырында ұлты үшін, халқы үшін аянбай қызмет еткен, сол жолда құрбан болып, көптеген жылдар ұлтына беймәлім болып келген азамат екенін естен шығармауымыз керек.

Тұлғатану ретінде академик К.Нұрпейісұлы қоғам, әрі мемлекет қайраткері болған Нұрбапа Өмірзақов жайлы да сыр шертеді. Оның бұл тұлға жайлы алғашқы еңбегі мың тоғыз жүз тоқсан екінші жылы Егемен Қазақстан баспасында жарияланды [6]. Ғалым мақаласында қайраткердің небәрі отыздан асқан шағында беделді қызметтер атқарып, халқына қалаулы азамат екенін айта келе, дер кезінде халқы құрмет көрсетіп, бағалай алмаған ардақтыларының қатарына жатқызады. Сонымен қатар қандай да бір халық өзінің ұлттық құндылықтарын білу үшін, әуелі сол еліне аянбай қызмет жасаған, тер төккен азаматтарын танып, бағалаудан басталатындығы, олай болмаған жағыдайда басқа халықтармен терезесі теңеспейтіндігі жайлы ащы шындықты баяндайды. Сол сияқты өкінішті жағыдайлардың қатарында осындай ардақты азаматтарымызды бар кезінде құрметтемеу былай тұрсын, олар өмірден өткеннен кейінде шынайы бағасын беріп, ардақтай алмағанымыздың бірнеше себептерін келтіреді. Айта келе, ең алдымен елде белең алған саяси жағыдайлар, әсіресе Кеңестік содыр саясаттың шырмауынан шыға алмаудың салдарынан дей келе, халқының қамын ойлап, ащы шындықты айтқаны үшін шынайы дер кезінде бағаланбай қалған азаматтардың қатарына осы Нұрбапа Өмірзақовты жатқызады [6].

Ғалым қоғам қайраткері Н.Өмірзақовтың өмірін тарихи деректер мен мұрағаттық құжаттардың негізінде зерделеп, қызметіне шынайы баға бере келе, ол аз ғана сүрген ғұмырында халқына адал қызмет көрсеткен азамат екенін, оны халқы қашанда бағалауы тиіс екенін баса айтты. Ғалым К.Нұрпейісұлының тұжырымы өте орынды деп ойлаймын, өйткені мемлекет қайраткері Н.Өмірзақов сонау қазақ халқының басына түскен қиын-қыстау (20-30 жж.) кезеңде, сол қиыншылықтан шығу жолдарын іздеп, елінің қамы үшін қызмет көрсеткен тұлғалардың бірі. Отыз жасында ҚазКСР ОАК төрағасы, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы төрағасының орынбасары болған ірі қоғам қайраткері. Сондықтан елі, халқы үшін аянбай еңбек еткен ірі қоғам және мемлекет қайраткерін тарихи тұлға ретінде зерделеу өскелең ұрпаққа үлгі, өнеге болары анық.

Ғалымның тағы бір тұлға жайлы жазған еңбегіне тоқталғым келіп отыр, ол қазақ халқының ардақты азаматтарының бірі, ұлт бағына туған ұл, мемлекет әрі қоғам қайраткері Ыдырыс Көшкінов туралы мақаласы болып табылады [7]. Бұл еңбегінде автор тоталитарлық жүйенің құрбаны болған Ыдырыс Көшкіновтың өмірі мен қоғамдық қызметіне тоқтала келе, оның қайраткер болып қалыптасуының алғашқы кезеңі Жетісу жеріндегі болған ірі тарихи оқиғалармен кезеңдес екенін назардан қалдырмай, әсіресе қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі албандар көтерілісі, одан кейінгі 1917 жылғы қос революция кезіндегі келеңсіз жағыдайлар тұлғаны ерте есейтіп, ерте қоғамға араласуына ықпалын тигізді деген тұжырымдар айтады. Сонымен қатар оның қайраткер болып шыңдалуы, халық арасындағы танымалдығы да, жиырма жастан асқан уақытында болғанын, жас та болса халқының тағдыры оны ойландыратыны жөнінде баяндалған. Сонымен қатар жас та болса қайраткердің еліміздің 4 облысында басшылық қызметтер атқарып, сол жылдары ол табанды, әрі

мақсатты қызметі арқасында кең байтақ Қазақстанның оңтүстік-шығыс, батыс, солтүстік және орталық аймақтарының халық шаруашылығын, мәдениетін кешенді түрде дамытуға, халықтың материалдық әлауқатын өсіруге қомақты үлес қосқандығын және де өзінің халыққа сіңірген адал еңбегі арқылы осы республикаға кеңінен танымал қайраткер деңгейіне дейін көтерілгендігі жайлы баяндайды [7].

Ғалым, академик К.Нұрпейісұлы өзінің тұлғатану ретінде халқымыздың, тіпті ісі түркі халықтарының тәуелсіздігін аңсаған Мұстафа Шоқайдың қоғамдық қызметін де елеусіз қалдырған жоқ. Өз еңбегінде М.Шоқайдың қоғамдық және саяси қызметтерін, оның ішінде Түркістандықкезеңі жайлы бірнеше құнды мәліметтер жинақтаған. Өзімізге белгілі еліміз тәуелсіздік алғалы, қоғам қайраткері М.Шоқайдың өмірі мен қоғамдық қызметтеріне байланысты көптеген шынайы бағаланған еңбектер жарық көре бастады. Сол еңбектердің қатарында К.Нұрпейісұлының тұлға жайлы шынайы пікірлері де өзіндік ерекшеліктерге ие. Ғалым М.Шоқайды саясаттанушы ретінде бағалап,әсіресе мұғажырлыққа кеткеннен кейін, тіпті ғұмырының соңына дейін халқының, жалпы ісі түркі халықтарының жолында көп еңбек еткенін, артына бай мұра қалдырғандығын айтады[8].

Шынында да М.Шоқай өмірінің соңғы жиырма жылдан астам уақытын шетелде мұғажырлықта өткізді. Сол жылдары ол өзін білікті саясаткер, жалынды публицист, жырақта жүрсе де артта қалған өз елінің қамын ойлаған жанкешті, жанашыр қайраткер бола білді және өзінің ұстанған саяси көзқарасын, яғни Кеңес өкіметіне қарсы саясатын тиісті мінбелерде баяндамалар жасау арқылы, мерзімді басылымдарда мақалалар жариялау арқылы әшкерелеп отырды.

Сонымен қатар ғалым өз еңбегінде қайраткердің естеліктерін (шетелде мұғажырлықта жүріп жазған М.Шоқай еңбегі) талдай отырып, онда ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік, қоғамдық жағыдайын, атап айтсақ қос төңкеріс арасындағы болған ерекшеліктер, ұлт мәселесі, тәуелсіздік идеясының пайда болуы мен жүзеге асуындағы қиындықтар, ұлт зиялыларының қоғамдық қызметтері, Қоқан автономиясының тарихы, Уақытша үкімет пен Кеңес үкіметі арасындағы қақтығыстар және т.б. өзекті мәселелерді қарастырған деген [8, 188 б.] ой-тұжырымдар келтіреді.

Академик К. Нұрпейісұлы «Алаш» партиясы туралы көп құнды зерттеулер қалдырды және өз зерттеулерінде партия көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсыновтың да тұлғалық бейнесін ашып көрсете алды. Ғалымның 1998 жылы «Zaman-Қазақстан» газетінде жарияланған «Біз Байтұрсыновты қалай бағалап жүрміз, ағайын?» [9] және «Ахмет Байтұрсынов – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері» деген ауқымды мақалалары арқылы жақсы таныса аламыз. Онда Ахмет Байтұрсыновқа «...халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, ақын аудармашы, журналист көсемсөз шебері. Бір сөзбен айтқанда «сегіз қырлы, бір сырлы» адам. ... сан қырлы қасиеттерінің бірі оның қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады», - деп баға береді.

Ахмет Байтұрсынұлы азамат болып қалыптасқан кезең Қазақстанның Ресей империясының отарына түгелдей айналып болған уақытқа тұспа-тұс келді-дей келе, патша үкіметі уақыт өткен сайын кең көлемді отарлау саясатын жүргізуді күшейте түсті. Қазақ халқы отарлық езгіні, «жері мен малы тоналған, жаны қалмаған, белі сынуға таялған» әлеуметтік-экономикалық салада ғана емес «тіл мен діл нашарлап, хал һарам болған» рухани-мәдени салада да бірдей экономикалық және саяси хал-ахуал, ең алдымен аграрлық және ұлттық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленеді. Осындай жағдайда ХХ ғасырдың басында өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық-саяси қозғалыс өз алдына әуел баста жалпыұлттық демократиялық мақсат-міндеттер қойғанын жан-жақты талқылайды.

«Ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеріп, шешуде мерзімді баспасөздің атқарар қызметінің маңыздылығын Ахмет Байтұрсынов жақсы түсінді [9] –дейді. Сондықтан да ол шын мәніндегі жалпыұлттық газет шығару ісіне көп күш жұмсады дей келе, Әлихан Бөкейхановтың бағыт беруімен, Ахмет Байтұрсыновтың басшылығымен, Міржақып Дулатовтың қосшылығымен, озық ойлы, халық қамын ойлаған жекелеген дәулетті адамдардың демеушілігімен 1913 жылдан бастап Орынборда жалпы ұлттық бейресмилік «Қазақ» газеті шыға бастағанын айтып өтеді. Сонымен бұл газеттің 1917 жылы ұлттық-демократиялық партия дайындауда сан қырлы, салиқалы жұмыс атқарғанын айтады. 1917 жылы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында бірінші бүкілқазақтық съез болып, мұнда А.Байтұрсыновтың үлкен белсенділік көрсеткенін және «Алаш» партиясы құрылып, оның бағдарламасын жасау ісіне қатысқаны туралы құнды мәліметтер келтіреді.

Академик К.Нұрпейісұлы тұлғатану мәселесі бойынша келесі еңбегін В.К. Григорьевпен бірлесе отырып, еліміздің аса ірі қайраткерлерінің бірі – Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси өміріне арнады [3, 134 б.]. Мұнда Т.Рысқұловтың өмір жолынан үлкен мағлұматтар алуға болады. Мәселен, 1917-ші жылды Т.Рысқұлов біршама танымал бола бастаған шағында қарсы алды деп, оның 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді мүшесі болғанын, Мерке ауданындағы көтерісшілер жасағы басшыларының саяси кеңесшісі рөлін атқарғаны айтылады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін көп жылдар Т.Рысқұлов аянбай қызмет атқарды. Дегенмен, 1937

жылғы «үлкен террор» оны да айналып өткен жоқ. 1937 жылы Т. Рысқұлов тұтқындалып, тоғыз айға дейін созылған тергеу нәтижесі бойынша 1938 жылы ақпанда ату жазасына жіберілуге үкім шығарылады дейді автор [3, 134 б.].

К.Нұрпейісұлының тұлғатану мәселесі бойынша қалам тартқан ірі мемлекеттік және қоғам қайраткері, қазақтың біртуар ұлдарының бірі – Ораз Жандосов [3, 276 б.]. Автор О.Жандосовтың 1920-30 жылдары Кеңес Одағының қазақстандық-ортаазиялық аймағында тек мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, сонымен қатар танымал оратор, көсемсөз шебері, Қазақстан және Түркістандағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірі мәселелерін нақты зерттеуші, аграрлық-шаруашылық және ұлттық мәселелердің білгірі деп баға береді. Осындай қасиеттері арқасында ол жиырма жылдай (1918-1937жж.) Түркістан және Қазақстанның қоғамдық-саяси және ғылыми-ағартушылық органдарында, билікте өте жауапты қызметтерді атқарды деген тұжырымдар айтады.

Академик Кеңес Нұрпейісұлының қазақстандық тарихнамада алғаш арнайы сөз еткен тұлғалардың бірі Ермұқан Бекмаханов туралы зерттеуі болды. 2000 жылы «Дискуссия по книге Бекмаханова Е.Б. «Казахстан в 20-40 годы XIX века» атты еңбекке жауапты редакторлық етті. Аталған стеннограммада 1948 жылдың шілде айында өткен әйгілі тартыс кеңінен сөз болады. К.Нұрпейіс бұл туралы: «Аталған стеннограмма ХХ ғасырдың 40-шы жылдарындағы Республика тарих ғылымының деңгейі мен сол жылдардағы қоғамның саяси-психологиялық жағдайынан хабар беретін өзіндік құжат», - деген пікір айтқан болатын. Сондай-ақ, «Жетісу» газетінің 1991 жылғы 1 маусымдағы «Бекмахановтың ісі» [10] атты және «Аты аңызға айналған Бекмаханов» [4] деп аталатын көлемді мақалаларында ұстаз ұшыраған нәубетті толық әңгімелейді. Сонымен қатар К.Нұрпейіс ұлағатты ұстаз Е.Бекмахановтың еңбегі ақталып, халқымен қайта қауышқанын және бұл еңбектің қазақша нұсқасы Қазақ университеті баспасынан жарық көргендігі жайында баяндайды.

Өзінің қысқа ғұмырында халықтың игілігіне айналған, үлкен мұра қалдырған тарихшы Ермұқан Бекмахановтың қазақ халқының тарихын жасау жолындағы жангештілік ғылыми еңбегі мен жеке басының тағдыры туралы шындық әлі толық ашылған жоқ. Осы орайда, академик Кеңес Нұрпейісұлы ұстазы туралы жоғарыда аталып өткен зерттеу еңбектерінде ақтаңдақтың ақиқатын ашуға тырысқан.

Көрнекті тарихшы К.Нұрпейісұлы тұлғалар бейнесін ашып көрсетуде көп еңбек ете отырып, артында бай мұра қалдырды және өзі зерттеген тұлғалардың еліне, жеріне жасаған ірі табыстарына, еңбектеріне зор құрметпен қарап, жоғары деңгейде бағалай білді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрпейіс К. Шоқан мұрасы- халық қазынасы. // Лениншіл жас. – 1961. -31 октябрь.-№215.
2. Уәлиханов Ш. Шығармалары. – Алматы: Ана тілі, 2010.-320 б.
3. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» - 2007. - 376 б.
4. Нұрпейіс К. Шығармалар жинағы //Құраст: С.О.Смағұлова., Г.Ж.Өскембаева.-Алматы: «Елтаным баспасы», 2015.- 344 б.
5. Нұрпейісов К. Қияметті жылдар жаңғырығы // Алматы ақишамы. - 1992, маусым - 15.
6. Нұрпейісов К. Отызында ел басқарған Н. Өмірзақов туралы // Егемен Қазақстан. - 1992, қараша - 22.
7. Нұрпейісов К. Халықтың қадірлі ұлы – белгілі қоғам қайраткері // Егемен Қазақстан. - 1997, қазан - 10.
8. Нұрпейіс К. Мұстафа Шоқай және Қазақстан мен Түркістанның 1917-1927 жж. қоғамдық-саяси өмірі туралы // Қазақ тарихы, 1997. №2.
9. Нұрпейіс К. Біз Байтұрсыновты қалай бағалап жүрміз, ағайын? // Zaman-Қазақстан. - 1998, қазан - 2.
10. Нұрпейіс. К.Н. Бекмахановтың ісі // Жетісу. - 1991, маусым

ТӘРБИЕ НЕГІЗІ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТА

ИСАЕВА АЛИЯ ИСАЕВНА

*тарих ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

ЖУМАГАЛИЕВА АЙГУЛЬ ИСАЕВНА

*№51 гимназиясының музыка пәнінің мұғалімі
Ақтөбе, Қазақстан*

Әр елдің өз ұлттық құндылықтары болады. Бір ел екінші елден тілімен, ертегілерімен, мақал-мәтелдерімен, лирикалық эпостарымен және батырлық жырларымен, әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен, рухымен, мәдениетімен, өнерімен, асханасымен, ұлттық қолөнерімен, тұрмыстық заттарымен, ұлттық ойындарымен және т.б. ерекшеленеді. Мұның бәрі ұлттық құндылықтарды білдіреді. Кеңес өкіметі кезінде біздің көптеген ұлттық құндылықтарымызды «ескінің қалдықтары» белгісімен

жоюға ұмтылды.

Біз егеменді мемлекет болғаннан бері ұлттандырылған азаматтар ұлттық құндылықтарымызды қалпына келтіру үшін жұмыс істеп келеді. Алайда биліктің ұлттық құндылықтарға немқұрайлы қарауы көп жағынан алаңдатады. «Нарықтық қатынастар, әлемдік қоғамдастыққа кірігу» деген сылтаумен ұлттық құндылықтарға деген қызығушылық нашар. Қазір барлығы ортақ ұлттық мүдделерден гөрі өздерінің жеке қара болмысына көбірек қызығушылық танытады. Материалдық құндылықтар бірінші орынға шыққан заманда ұлттық құндылықтар әлі күнге дейін көзге түспей келеді. Ұлттық құндылықтарды олардың өмір салтына қарай әр мемлекеттің ата-бабаларының ұрпақтары жасаған, пайдаланған, дамытқан және мұра еткен. Сондықтан, ұлттық құндылық осы елдің меншігі болып саналады. Әр елдің ұрпақтары қолдау көрсетіп, дамуы керек. Ұлт өзінің ұлттық құндылығын жоғалтқан кезде, ол "ұлт" болып саналмайды. Сондықтан, әр ел өзінің ұлттық құндылықтарына ұмтылады және қорғайды. Қазақстан халқы да өзінің ұлттық құндылықтарын сақтауы керек. Ғасырдан ғасырға өткен, өмір сынына ұшыраған ұлттық құндылықтар өзінің пайдалылығын дәлелдеді.

Қоғамның қазіргі әлеуметтік қажеттіліктерінің негізі тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру болып табылады. «Біз бүгінгі күннің, Қазақстан Республикасының бейбіт өмір сүруіне, тарихтың барлық кезеңдерінде осы елді, осы жерді қорғаған аруақты адамдарға қарыздармыз».-деді мемлекет басшысы Қ. Ж. Тоқаев. Біздің алдымызда» ата-бабаларымыздың жақсы дәстүрлерін сақтайтын адам", "әлемге әйгілі және еліміздің патриоттары құрметтейтін адам" тұр. "Патриотизм сезімі - бұл ел рухының деңгейін өлшеу. "Балаңызды тәрбиелемеңіз, өз еліңіздің ұлттық құндылығымен тәрбиелеңіз" деп данышпандарымыз айтқандығы тарих толқынынан көре аламыз. Осылайша, біздің ғасырлар бойғы ұлттық құндылықтарымызды оқу бағдарламасына енгізе отырып, бүкіл елдің алдында ұлттық санасы дамыған адамдарды тәрбиелеу, болашақта елді басқаратын ұрпақтарды ұлтшылдық пен патриотизмді дәріптеу, өз халқын және олардың мәртебесін қорғау көзінің қарашығындай сақтауды жастайынан тәрбиелеу керек. Рухани мәдениеттің, әдебиет пен өнердің, ғылым мен техниканың, әлеуметтік мәртебенің, мемлекеттің материалдық өндірісінің маңызды жетістіктері ұлттық құндылықтардың маңыздылығына ие болып, азаматтық пен патриотизмнің, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік рухтарының қалыптасуына белсенді ықпал етеді. Әрбір ұлт өзінің тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды нәрселерге ие: рухани, адами қасиеттер, адамгершілік нормалар, ұлттық құндылықтар. Ұлттық құндылықтар-өзіндік тарихи көрінісі бар белгілі бір этникалық қауымдастықтар өкілдерінің рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтар әр елдің өмірінде әр түрлі орын алатыны белгілі. Сондықтан әрбір жаңа ұрпақ үшін мазмұнды білім беру ұлттық тәрбиенің үлгісі болып табылады. Шын мәнінде, білім беру ғасырлар бойы қалыптасқан асыл рухани құндылықтар мен жоғары ізгіліктер мен адамгершіліктер контекстінде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан мызғымас ережелер мен принциптерге негізделген адамдардың дана өмір салтынан, адами қасиеттерді нығайту мен тәрбиелеуден туындайды. Қазақстанның дүниетанымы, менталитеті, тағылымдамалары ғасырлар бойы нығайып келеді. Менің ойымша, білім беру мәселелерінде ұлттық тәрбиенің сан ғасырлық негіздерін пайдалану бүгінгі күн тәртібіндегі ең маңызды қажеттілік болып табылады. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың санасы мен тәрбиелік тәрбиесі ерекше орын алады. Қазақстанның ұлы ақыны және ғалымы М.Жұмабаевтың мәлімдемесі еске түседі: «Ұлттық білім ұрпақтан-ұрпаққа сыналып, қолданылып келе жатқандықтан, әрбір педагог ұлттық біліммен таныс болуы керек. Әр елдің балалары өз еліне, өз еліне қызмет ететіндіктен, тәрбиешілер сол елдің балаларын тәрбиелеп, тәрбиелеуі керек».

Бала тәрбиесінің ұлттық сипатына ерекше назар аудару керек. Ал ұлттық сипат-бұл ел тарихының символы. Қазақстандағы ұлттық құндылықтарды жаңғырту қазіргі заманғы мемлекеттен ұлттық сипаттағы ішкі және сыртқы саясатты жүргізуді талап етеді. Ұлттық құндылықтар Қазақстанның жоғары ұлттық идеяларын қалыптастыруда өте маңызды. Ұлттық білім беру идеясы бүгінгі қажеттіліктер мен негізгі қажеттіліктерден туындайды. Ұлттық ойдың негізгі бағыты-ұлттық мүдделердің дамуына ықпал ете алатын және ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіре алатын ұлттық бірегейлік қалыптасатын толығымен кемел ұлтшыл мінезді тәрбиелеу. Ұлттық ой патриоттық тәжірибені игеру, қазақ халқы жасаған адамгершілік нормалар мен ұлттық құндылықтарда бекітілген, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы жүзеге асырылады. "Елдің рухани мұрасы мен дәстүрлеріне табыну, ұлттық идеялардың негізгі қайнар көзіне айналу және әлемдік өркениеттер арасындағы тәуелсіздікті нығайту жолындағы қаһармандық ерлік өмір салты. Кішкентай бала-жас жігіт. Қандай формада иілсең де, есейгенде сол иілгенге қайтады".- деп түйіндеді ғалым-этнограф, түркітанушы А. Диваев. Бүгінгі жас ұрпақты бала кезінен, яғни бала кезінен ұлттық құндылықтарға сай тәрбиелеу керек. Тәрбие жұмысы-ұлттық мәселе. Өйткені, бүгінгі таңда дұрыс тәрбие беру болашақта жақсы адамдардың өсетінін білдіреді. Сондықтан, мемлекет басшысы өз мақаласында

былай деп жазды: "Біздің ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, санамыз, қысқасы, ұлттық рух бізде мәңгі қалуы керек." Бүгінгі көзқарас тұрғысынан алғанда, өзекті мәселелердің бірі-өскелең ұрпақтың бойына ата-бабаларымыздың бала кезінен қалдырған қаһармандық рухы мен патриотизмін сіңіру, егеменді халықтардың бейбітшілігі мен бірлігін сақтау. Ұлттық сезімді, ұлттық намысты, ұлттық рухты көтеру бүгінгі күннің өзекті міндеті деп санаймын. Яғни, бүгінде еліміздің туын көтеріп, тәуелсіздік қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында батыл қадам жасай отырып, біз халқымыз ғасырлар бойы армандаған адами игіліктер, мәдени-рухани мұрағаттар және ұлттық тәрбие саласында жұмыс істеуге міндеттіміз. Еліміздің көрнекті саясаткері және шенеунігі Мұстафа Шоқай: "Халық рухында тәрбиеленген ұрпақ халқымыздың қажеттіліктері мен мүдделерін жоқтайтын қайырымды азамат болады. "Ұлттық құндылықтар-ұлттық идеялардың негізгі өзегі, мемлекеттің қалыптасуының негізгі элементтерінің бірі. Бұл ұлттық идеяны жүзеге асырудың негізгі элементі-мемлекет. Сондықтан, ұлттық мәселені назардан тыс қалдырмай, ұлттық идеяның негізгі бағытының тетігін жасау қажет. Ұлттық ой-бұл туған жердің, өсіп кеткен ортаның әсерінен қалыптасып, тіл, ауыз әдебиеті, әдет-ғұрып, әдет-ғұрып, ырым-жырымдар мен тыйымдар арқылы жүйеленген сезім. Ол мемлекеттің мәні, психологиялық ерекшелігі. Ал, егер бұл ұлттық идеология әлсіз болса, ол бүкіл салаға кері әсерін тигізеді [1].

Патриотизм міндетті түрде жеке тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді. Өйткені, бұл өз алдына жұмыс орнында, әлеуметтік қызметте, халық арасында, халық арасында жетістікке жетуге деген жоғары серпін. Осы себепті қазақстандық патриотизм-бұл күрделі рухани және саяси-әлеуметтік құбылыс, отанды қорғау, нығайту және өркендеу жолының ажырамас тұтастығын білетін адамның руханиятының, азаматтығының және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі. Бұл кез келген елдің іргелі саяси миссиясы екені белгілі. Патриотизмді тәрбиелеудің негізгі мақсаты-кейінгі ұрпақты еңбекке баулу, көркемдік және тәрбиелік дағдыларды игеру, отбасына, отанына, отанына деген сүйіспеншілік, арнамыс пен қадір-қасиетті қорғау, бай тарихи тәжірибеге сүйене отырып. Оның басты қағидасы-отанға, халыққа, отанға деген сүйіспеншілік. Бұл қазақстан азаматтарының күнделікті өмірінде көрініс табады. Олар аянбай еңбек етіп, өзімшілдік жетістіктері арқылы елдің мәртебесін көтеріп, халықтың намысын көтереді. Бұл сыни жағдайларда, әсіресе ерекше және қарқынды жағдайларда, отан мен қазақ халқына қауіп төнген кезде пайда болады.

Күнделікті өмірде ол азаматтардың ғылымдағы, өнердегі, спорттағы, өндірістегі, сондай-ақ әскери қызметтегі шығармашылық жұмыстарында көрінеді, бұл халықтың, елдің, Атамекеннің егемендігін қамтамасыз етеді, сарбаздарды өз елінің батыл қорғанысына дайындайды, шекараларымыздың мызғымастығы, әлеуметтік құрылыстың мызғымастығы. "Ежелден мемлекеттің қалауы-адамның қалауы, адал бала-адамның қалауы-мемлекеттің тірегі" әр баланың мінезінің қалыптасуына, адамгершілік қасиеттерінің дамуына ықпал етеді, батылдық, шыдамдылық, табандылық. Өскелең ұрпақ аға буынның лайықты мұрагерлері болуы үшін біз жастарға ұлтымыздың еліміздің игілігі үшін жасаған ерлік істерінің ұлылығын түсіндіруіміз керек. Мұнда еліміздің тарихы жетекші орын алады.

Біз қазақ халқының тарихын ұдайы насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтшыл ретінде тәрбиелеуіміз керек, әрқашан ел мүддесін көздеп, ел тәуелсіздігін мәңгі сақтауға ұмтылуымыз керек. Егер сіз тарихты, патриотизмді, адамдарға деген сүйіспеншілікті, басқа халықтарға, жауынгерлерге деген сүйіспеншілікті, еңбекке деген сүйіспеншілікті, отандағы қиындықтарға дайындықты, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты, қоғамға, адамдарға, елге қызмет етуге дайын болуды, адалдықты, адалдықты, тазалықты, қарапайымдылықты, кішіпейілділікті, өз мүдделерін халық алдында қорғауды оқысаңыз, отан мүдделерден басым болатын қасиеттермен өседі. Ал мектептегі тарих сабақтарында батылдық пен жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеу-қиын міндет. Ерлік көрсеткен ержүрек батырлар мен генералдардың шайқастары туралы толық жаңартылған материалдар болуы керек.

"Атамекен, Туған Жер" ұғымы әрқашан қастерлі де қасиетті ұғым болып келген. Бұл қасиеттер ұрпақтар бойына оқумен, біліммен, оқумен және күш-жігермен аяқталады. Ұлттық қаһарман Бауыржан Момышұлы айтқандай: "Біздің тарихымыз-бай тарих, халқымыз ерлікті бағалайды, бұл азаматтық пен адамгершіліктің символы және үлгісі. Ерлік, ерлік-ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүр. Біз қазақтар батырбыз". Қаншама қасбатырлар қазақ халқының жойылып кетуден құтқарып, өз жерлерін жауға бермей, алып жерлерді қазақ мемлекетіне біржолата қоныстандырды. Бұл ерлік болашақ ұрпаққа үлгі болады. Біздің еліміздің ауыз әдебиетінің шығармашылығы ұрпақтардың тәрбиесіне құнды үлес қосты және әлі де өз үлесін қосуда. Осы бай құндылықтардың ішінде патриотизмді мадақтау мұрасы-батырлық ән. Өз отанын сүйген Қобыланды, Қамбар, Ертарғын бір ғана елін жауларынан қорғау үшін аянбай күрескен. Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандарда адамдардың махаббаты, армандары, отаны, асыл қазыналары, рухани жан дүниесінің құдіреті, азаматтық ерлігі мен патриотизмі туралы айтылады. Өз елі мен жерін сыртқы жаулардан қорғап, халықтың мүддесіне өкінбейтін батырлар, ақындар, Жыраулар мен билер татуласуға қалай ықпал

етеді. Оқушылардың патриотизмін қалыптастыруда адамгершілікті, поэзияны, өз еліне деген сүйіспеншілікті талап ететін шешен сөздер өте маңызды. Патриоттық рух-тәуелсіз мемлекеттердің әлемдік өркениетке енуіне және әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Мұнда өскелең ұрпақ патриотизмі жоғары ең маңызды отбасыларда өсуі керек. Ұлы Абайдың: "баланың мінезін үш түрлі адам бойына сіңіреді. Біріншісі - ата-анадан, екіншісі-мұғалімдерден, үшіншісі-достардан."

Патриотизм сезімін қалыптастыруға ата-аналар мен ауылдық жерлердің ықпалы зор. "Отан отбасынан басталады. "Біздің данышпандар отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады дейді. Сондықтан, бала тәрбиесінің шешуші факторы-отбасы. Оның өсуімен отбасында алғашқы адамгершілік қасиеттер қалыптасады. Ата-ана тәрбиесі-әркімнің ортақ ісі. Ол ұтымды және қалыпты бола алатын қоғамдық қоғам болуы керек. Ұрпақтардың тәрбиесінен, мәдениет тарихынан, ұстаздардың-соңғы ұлы ойшылдардың еңбектерінен халқымыздың жақсы ескі дәстүрлері мен сабақтарын зерделей келе, оны жетік меңгермей, болашақ ұрпаққа дұрыс тәрбие беру мүмкін емес. Өйткені, өткенді жақсы білмейінше болашаққа саяхаттау-айсыз қараңғыда жол табудың хаосы сияқты.

Көрнекті қоғам қайраткері, ғалым-педагог, жазушы-публицист Мәлік Ғабдуллаұлы өзінің педагогикалық жұмысында бұл мәселені ерекше атап өтеді. "Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес" кітабының бірінші бөлімінде өскелең ұрпақты ерлік рухында тәрбиелеу-бұл жалпы жұртшылықты толғандыратын сұрақ, бұл тұрғыда ата-аналар көбінесе осы тұрғыда қандай әдістер мен әдістерді қолданған дұрыс деп ойлайды, бұл өмірде, өткеннен, өмірден табуға болатын нақты дайын жауаптың жоқтығын атап өтеді, Әлеуметтік және әлеуметтік отбасылық жағдайлар. Сондықтан, бұл тәрбиенің не екенін анықтаудың маңыздылығына тоқтала отырып, Мәлік Ғабдуллаұлы келесі анықтаманы ұсынады: "Келесі жас ұрпақтың еңбегінде, қызметінде, қоғамдық жұмыстарында энергияны тәрбиелеу мақсатында біз қоғамдық өмірде, тарихта, адам өмірінде қалыптасқан өмірлік тәжірибені, мінез-құлық пен дағдыларды тәрбиелеуді айтамыз. Біреуді бір адамның өмірлік тәжірибесіне үйрету ата-ана тәрбиесі деп те аталады. Білім берудің көптеген түрлері бар. Олардың негізгілері: еңбек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, дене тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, отбасылық тәрбие, рухани тәрбие, коммунистік тәрбие және т.б. Бұл бір ғасырдың емес, көптеген ғасырлардың жемісі. Сондықтан, ол ғасырлар бойы адамзат тарихымен ынтымақтасып, жас ұрпақты тәрбиелеп келеді. Бұл тұрғыда біз тәрбиені тарихи категория ретінде қарастырамыз. Өйткені адамзат қоғамы дүниеге келген сәттен бастап, содан бері бүгінгі күнге дейін дамып келе жатқан тәрбие де пайда болды» [2].

Жас ұрпақты мәдени және адами тұлға ретінде тәрбиелеу-бұл біздің ата-бабаларымыздан бастау алған білім берудің ұлттық моделін, қазіргі кездегі өмір қажеттіліктері мен қоғам қажеттіліктерін бейнелейтін шығармашылық тұлға. Сөзімді ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен аяқтағым келеді: «Ең бастысы-ұлт болып, өз халқын тәрбиелеу. Білім берудегі ұлттық құндылықтарымыздың жолын көрсете отырып, біздің жастарымыз қазақ қоғамындағы әлеуметтік-мәдени өзгерістерге жоғары мәдени деңгейде бейімделе алады».

Бүгінгі таңда, ХХІ ғасырда болашақ ұрпақты тәрбиелеудің басым бағытын айқындайтын білім беру ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Болашақ педагогикалық білім берудің негізгі индикаторлық идеялары. Сондықтан, болашақ ұстаздың ұлттық құндылықтарын заманауи қолөнер бұйымдары негізінде қалыптастыру қажет. Сонымен, ұлттық игіліктер мен азаматтық құндылықтардың, рухани және мәдени мұралардың сабақтастығын сақтау, болашақ мамандарды даярлау.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдіжәлел Бәкір. Мұстафа Шоқай: ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болмайды //TILALEM.KZ. -2018 ж. 14 желтоқсан.
2. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. -А., 1966.

ҚОҒАМНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЫБЫШОВА САЛТАНАТ ТУРГЫНБЕКОВНА

*педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

Әділетті қоғамдық құрылысты аңсаған мемлекетті құру - барлық уақытта бүкіл халықтарға ортақ арман. Мұндай әділетті мемлекеттің қажеттілігін және ақылға қонымдылығын үлкен сенімділікпен Томас Мор өзінің «Утопия» деп аталатын еңбегінде жазған еді. Оның ізбасары Томмазо Кампанелла өзінің «Күн

каласында» әділетті қоғам болатынын, оны басқаруға ең дарынды әділ және инабатты азаматтарды тарту - оған кепілдіктер беретініне сенетінін жазған еді.

Бүкіл адамзаттың жарқын болашағын құру мүмкіншілігіне сенімдері, миллиондаған адамдарды коммунизмнің туы астында революциялық қайта құрулар мен азаматтық соғыстарға апарды, ал кейінірек бұл сенімдер советтік адамдардың коммунизм жағдайында өмір сүру қозғалысына ұласты. Бүгінгі таңда мұндай сенім келмекке кетті, бірақ адамзаттың ұжымдық санасы, олардың талпыныстары планетадағы өмір сүру жағдайларын жақсартып алады.

Ең алдымен адамзат бүкіл планеталардың саяси, ғылыми және экономикалық ресурстарын өзара үйлесімді тарту үшін барлық елдер мен халықтардың күш-қайратын талап ететін бірқатар кезек күттірмейтін, *жаһандық проблемаларды* жедел шешуі қажет. Бірде бір, тіпті ең қуатты мемлекеттің өзі - бұл проблемаларды дербес, өз бетінше шеше алмайды, бұл үшін әлем елдерінің үкіметтері мен халықтарының саяси ықыластары қажет.

XX ғ. ортасында адамзаттың бұрынғысы мен келешегін зерттеуге бағытталған философиялық және социологиялық концепциялар дами бастады. Футурология проблемасына Пьер Тейяр де Шарден, Герман Кан, Энтони Винер, Эльвин Тоффлер және т.б. еңбектері арналды. Ғалымдардың бұл еңбектерінде адамзат өркеніетінің дамуындағы қауіпті тенденциялар туралы алдын-ала ескертеді, олардың жасаған қорытындылары тек алаңдатып қана қойған жоқ, сонымен бірге дұрыстығы дәлелденді.

1968 ж. атақты италияның гуманисі Аурелио Печейдің бастамасымен өзіне әртүрлі салалардың ірі мамандарын біріктірген, өте беделді қоғамдық ұйым "Рим клубы" деген атпен құрылды.

Әлемдік ғылыми қоғамдастықтың қорытындысына негізделген баяндама Рим клубына ұсынылып соның нәтижесінде планетарлық ғылыми зерттеудің жаңа бағыты, адамзаттың жаһандық проблемаларын қарастыратын *глобалистика* пайда болды. Бұл проблемаларды тек қана *халықаралық қоғамдастық* жүйелі түрде бүкіл әлемнің күш қуатын біртұтас біріктіріп шеше алады.

Әрине, жаһандық дағдарыстардың тізімі мұнда толық емес, бұларға мыналарды қосқан жөн: қарусыздану, "демографиялық қопарылысты" шектеу, экология мәселелері, теңгермелі энергетиканы құру, минералдық шикізаттарды үнемдеу, халықтың денсаулығын қамтамасыз ету және басқа бірқатар проблемалар. Бұлардың барлығы тек мемлекетаралық деңгейде халықаралық ынтымақтастық органдарының бірлесіп күш жігерлерін жұмсауы арқылы шешіледі.

Адамзаттың бірлесуге, интеграцияларға ұмтылысы ертерек бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. 1919 жылы мақсаты - планетада бейбітшілік пен қауіпсіздікке кепілдік беру және халықтар арасында ынтымақтастықты дамыту болып табылатын халықаралық ұйым - Ұлттар Лигасы құрылды (АҚШ Ұлттар лигасының құрамына кірмеді, ал 1930 жж. оның құрамынан Германия мен Жапония шықты). Ұлттар Лигасы 1946 жылға дейін өмір сүрді.

1945 жылы Араб мемлекеттерінің Лигасы құрылды, ол бұл елдердің ортақ саяси және экономикалық мақсаттарын, сондай-ақ оның мүшелерінің дербестігін қорғауды қамтамасыз етуі тиіс болды. Халықаралық сауданы реттеуде кедендік одақтар және мемлекетаралық сауда келісім-шарттары маңызды роль атқаратын болды.

1948 жылы тарифтер мен сауда бойынша Бас келісімге (ГАТТ) қол қойылды, онда өзіне жүзден астам елдерді біріктіретін халықаралық сауданың құқықтық нормалары мен ережелері бар. ГАТТ-тың негізгі қағидалары - халықаралық сауда қатынастарында ең қолайлы режимді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды, талас тудыратын мәселелерді объективті қарастырумен шешуді, компромистік шешімдер мен сауда - саяси жол беруді іздестіруді, кеден тарифін халықаралық сауда проблемаларын реттеудің негізгі нысаны ретінде қабылдауды белгілейді.

XX ғасырдың екінші жартысында бірқатар мемлекеттер кедендік одаққа біріге бастады, бұл оларға одаққа кіретін ұйымдар арасында еркін сауда режимін және одаққа кірмейтін үшінші елдердің импортына бірыңғай салықтар белгілеуге мүмкіндіктер берді. Ең атақты кеден одағы *Еуропалық қоғамдастық* (ЕК) болып табылады, оның негізін 1957 жылы Рим келісім-шарты қалады. Еуропалық қоғамдастықтың мақсаты - тауарлар, жұмыс күші, қызметтер мен капиталдардың ортақ рыногын және ортақ ақша бірлігін құру болды, ол 2002 жылдан бастап еуроға көшті. Жаңадан құрылған Еуразиялық Экономикалық Одақ (мүшелері: Ресей, Беларусь және Қазақстан) туралы мәселелер осы оқу құралының жаңа басылымында егжей-тегжейлі баяндалатын болады.

Ортақ өркеніет пен адамзаттың жалпы даму жолдарын құрудың үмітін жақтайтын социологтар, философтар мен тарихшылар жылдан жылға көбейе түсуде. Адамзатты ортақ, ғаламдық мақсаттарға тарту үшін біріктіретін процесті *жаһандану ұғымы* тұжырымдайды, оның жалпы планетарлық, интернациональдық ауқымды сипаты бар. Сонымен қатар «*трансұлттық* компаниялар әлеміне» қарсы, бүкіл әлемдік наразылықты ұйымдастырушы жаһандандырудың қарсыластарының саны жағынан көбеюде.

Қазіргі қоғам өміріндегі ақпараттық революциялар, компьютерлендірудің және жаппай коммуникациялық құралдардың бұрын болмаған жоғарғы қарқынмен дамуы, өте ойланып оптимистік болжамдар жасауға негіз болады. Сондықтан да «ақпараттық қоғам» деген ұғым пайда болды. Білім мен жаңа технологиялардың жаңа биік белестеріне көтерілуі әлемнің өндірістік әлуетіне жаңа өзгерістер әкеледі, бұл қоғамның өмір салтын түбегейлі өзгертеді.

Қоғам мен жеке адамдарға олардың білімдері мен ғылыми техникалық прогрестің жетістіктерін тұрмыста және өздерінің күнделікті қызметтерінде пайдалана білуіне деген талаптар да өзгерістерге ұшырайды.

Адамзаттың прогресс жолымен қозғалысы барысында оның жиегінде зиянды, қауіпті қалдықтар жинақталады. Мұндай қалдықтардың ізбасарлары өндірістік қоқыстар, улы химикаттар, радиоактивтік изотоптар болуы мүмкін, мұндай техногендік өркениеттің қауіпті салдарлары қоғамның рухани деградация мен мәдени кедейшілікке ұшырауы болып табылады. Сондықтан да философтар, социологтар, діни қайраткерлер - әлемдік өркениеттің даму бағыттарын өзгертуге, *пендешілікт* ұтынушылық құндылықтардан ықыласты парасаттылыққа, мәдениеттілікке, руханияттылыққа көп бөлуге шақырады.

Кез келген дамыған мемлекетте мынадай таң қаларлық әлеуметтік психологиялық ситуация байқалады: мемлекеттік білім мен тәрбие беру жүйесі соншалықты әр түрлі салалар бойынша мамандарды көптеп дайындап шығарса да, сонымен қатар олармен бір мезетте рухани өмірде шындығында ненің құнды екенін, сурогаттан, жасандыдан әсемдікті ажыратуға қабілетсіз, бірсыңар өмірдегі ләззатқа толық қолы жетпеген миллиондаған тұтынушылар пайда болады.

Егер де советтік кезеңде біздің елдің көптеген азаматтары шындығында көп оқитын және кітаптарды сүйетін (елдің кітапхана қорында 5 млрд кітап болса, ал жеке адамдардың кітапханаларындағы кітаптар саны 35 млрд болды!), ал бүгінгі таңда кітап оқуды сүйетіндер саны, баршаға мәлім, өте азайып кетті.

Ежелгі заманда жасалған мақтаньш *тұтатын* адамзат өркениеті және XIX-XX ғ.ғ. мәдениет, сауаттандыру, философия, әдебиет, музыка салаларында жасалған әлемдік ой-сананың ешнәрсемен өлшеуге, салыстыруға болмайтын қазыналары мағынасынан айырылып құнсыздануда және қазіргі тұтынушыларды көпшілік мәдениеті қызықтырмайды. Бүгінгі замандағы өршіп бара жатқан қылмыс пен зорлықтың, қаталдық пен мейірімсіздіктің тамырын осылардан іздеу қажет сияқты.

Мәдениет пен өнер шығармашылық ұлттық қоғамдық дәстүрлерді бейнелейді; өткенді біздің мұраларымызды баяндайды, сонымен қатар болашаққа этикалық және эстетикалық бағдарлар береді; адамдардың өміріне үміт пен мағына береді; әрбір ұлттың төл мәдениетінің маңыздылығы мен құндылығын сомдайды; халықаралық өзара түсіністікті және түрлі мәдениеттердің плюрализмін орнықтыру қажеттігін дамытады.

Білім мен тәрбие беруде, мәдениетте болған олқылықтарға, біздің қоғамда дәстүрлі түрде, кім кінәлі деген сұраққа ойланбай, бірауыздан «білім мен тәрбие берудің және мәдениеттің қайраткерлері» деп жауап береді. Әрине, ең алдымен бүкіл рухани әлемнің ыдырауына олар, яғни білікті білімділер кінәлі, алайда қоғамдағы рухани дағдарыстың дамуына көптеген факторлар, яғни әлеуметтік-экономикалық факторлардан бастап саяси факторларға дейін ықпал етеді.

Көпшілік елдерде білім беру жүйесі негізінен өндірістік, экономикалық мұқтаждықтарды қанағаттандыруға бағдарланған; оларда техникалық, менеджмент, экономика, маркетинг, юриспруденция салалары бойынша мамандар дайындау жолында өз күш-қуаттарын жұмсайды. Мұндағы ЖОО-ның оқу бағдарламаларымен танысу бағдарламаларда гуманитарлық пәндер үлесі аз екенін көрсетеді.

Мектепке дейін және орта білім мен тәрбие беру сфераларын қаржыландыру баршаға мәлім қалдық бойынша қағидасымен іске асырылды. Бала-бақша тәрбиешілері мен мектеп мұғалімдерінің жалақылары тіпті төмен болды. Саналы азамат болып қалыптасу өмірдің бастапқы кезеңдерінде басталады.

Дарынды әлемге әйгілі өнер саңлақтары шет елдерде тұрады және онда қызмет етеді. Сахналар мен теледидар экрандарында ешқандай музыкадан сауаты жоқ, әншілік қасиеттері мен музыкалық мәдениеттен жұрдай адамдар алдына жан салмайды. Бүгінгі орындаушылардан жөні дұрыс ән сөзі мен әсерлі әуенді есту мүмкін емес.

Қоғамға көптеген хипптердің, панктердің, рокерлердің, рок-н-ролдардың, «авангард», «попсу», «инструментализм» және т.б қаншалықты залалдар әкелгенін анықтау тарихтың алдында тұрған міндет. Қоғамның рухани дамуында діннің ерекше рөлі бар. Дін қоғам өмірінде әрқашан маңызды дүние танымдық және моральдық-этикалық реттеушісі рөлін атқарады.

Қазіргі заманның ерекшелігі, адамзат жаһандық, қоғамдық идеяларды (соның ішінде діни идеялар бар) қалыптастыруды іске асыра алмай келе жатыр. Қоғам тек қана материалдық игіліктерге қол жеткізуге бағдар ұстаумен шектелмейді, ол ең алдымен шынайы мәдени, рухани құндылықтарды игеруге ұмтылады.

Ұлтты қайта жаңартудың рухани және мәдени бағдарламаларын жүзеге асыру – жеке қорлардың, қайырымдылық ұйымдармен, демеушілердің (әрине олар тарапынан болатын көмектердің маңызы зор) қолдарынан келетін іс емес, мұндай іргелі қомақты шаруаны тек мемлекет қана орындай алады.

Қазіргі күрделі экономикалық жағдайларда ұлттық рухани және мәдени дамудың кешенді мақсатты бағдарламасын мемлекеттің басқаруы өте қажет. Өйткені бұл бағдарламалардың сөзсіз орындалуымен жеке Қазақстанның ғана емес, басқа да елдердің және бүкіл планетаның тағдырлары анықталуы мүмкін.

Соңғы онжылдықта көптеген мемлекеттердің үкіметтері адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажеттілігін табандылықпен үнемі алға тартады, бірақ мұндай әділетті ақиқат көп жағдайларда мемлекеттік саясат деңгейінде ғана аталады.

Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының тұжырымдамасы XVIII ғ. соңында қалыптасты. Т.Джефферсонның әзірлеген тәуелсіздік Декларациясы 1775-1783 ж.ж. Америка революциясының саяси және идеологиялық қорытындылаушысы болды, онда адамдардың өзара теңдігі мен олардың құқықтарының идеясы жарияланды. «Адамдардың бәрі бірдей жаралған, бір Жаратушы олардың барлығына бірқатар құқықтарды сыйлаған, оған бақытты өмір сүруге және бостандыққа қол жеткізу құқығы жатады».

Адамның құқығы мен бостандығын анықтаған маңызды құжат жеңімпаз 1789 ж. Француз революциясынан соң пайда болған адам мен адамзат құқықтарының Декларациясы болып табылады. Осы Декларацияның 11 бабы өз маңызын бүгінгі таңда да жойған жоқ: «Өзінің ойы мен өз пікірлерін еркін жариялау құқығы – адамның ежелгі құқықтарының бірі; яғни әрбір азамат еркін ойын айтуға, жазуға және жарыққа шығаруға құқылы, егер де олар заңда көрсетілген еркіндікке нұқсан келтірмесе».

Көне заманның философтары және олардың ішінде Аристотель де бар, олар соғыс қоғамның тек табиғи құбылысы ғана емес, оның жемісті дамуы үшін қажетті жағдай деген пікірді қолдады.

Өркениет тарихы толассыз соғыстар мен қантөгістер заманына толы.

Адамзат өз тарихында 15 мың соғыстар мен қантөгістерді басынан өткізген екен, олардың салдарынан 3,5 млрд адам қаза болған, сонымен адамдар өз өмірінің тек 300 жылын ғана, яғни оның 5% - дан сәл артық уақытын бейбіт өмір сүріпті.

КСРО-ның ыдырауы, алпауыт держава АҚШ-ның гегемониясын күшейте түсті. АҚШ қазіргі заманның ғаламдық проблемаларын қалыптастыру құқығын өз қолына алған, жаңа әлемдік тәртіпті қару-жарақ пен және доллардың күшімен орнатқысы келеді.

Алайда бейбітшілікті қорғауға бағытталған саясаттың принципі БҰҰ-ның Жарғысы негізінде жасалған ұжымдық қауіпсіздік принципіне негізделген.

Ұлтаралық қатынастар проблемалы бұл күрделі, қарама қайшылықты саяси, идеологиялық, психологиялық және экономикалық міндеттер кешені болып табылады, олардың барлығын адамзат өзінің бүкіл тарихында жете алмай келе жатыр. Менмендік, іштарлық пен сараңдық халықтарды өзара үнемі өшпенділік пен кекшілдікке және қан-төгістерге итермелейді, олардың салдарынан халықтың біреуі гүлденіп, өзгесі жойылып жатты.

Этногенез теориясы, яғни халықтың шығу тегі (ethnos – халық, тайпа – грекше), оны орыс ғалымы Н.Гумилев жасаған, онда өзінің эволюциялық даму барысында әрбір мемлекет, этнос, халық, ұлт шарықтау және тоқырау кезеңдерінен өтетіні шынайы көрсетіледі. Олардың әрқайсысына тән тарихи және экономикалық даму жолдары, өз идеологиясы (қоғамдық идеялар, теориялар, көзқарастар жүйесі), мәдениеті, діни түсініктері, моралы болады.

Мемлекет қалыптасқан саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйелердің дамуы мен қорғалуын қамтамасыз етеді, ұлттың аймақтық ортақтығы мен экономикалық тұрмыс жағдайларын, мінез-құлық стереотиптерін, тілін, өзіндік мәдени және діни дәстүрлерін біріктіреді. Алайда тарих пен демография тұрғысынан мемлекет және ұлт ұғымы өте нәзік және құбылмалы. Мемлекеттің жойылып кетуі мүмкін, ал ел мәңгілік.

Қоғамды басқарудағы қауіпті апатты кемшілік ұлттық немесе діни негізде пайда болатын шыдамсыздық, ұшқалаттық. Өркениет тарихы көздің қиығы мен терінің түсіне бола оп-оңай қантөгістердің басталғанын ескертеді.

Көптеген әлеуметтік зерттеулер жершары халқының 1/3-і азық-түлік тапшылығын, үнемі ашаршылықты, кедейшілікті бастарынан өткізуде екенін дәлелдейді. Алдыңғы қатарлы әлемдік державалар мен дамушы елдердің даму деңгейлеріндегі алшақтық үлкен, оларды жою жақын кезеңдерде мүмкін емес. ХВҚ-ның бағалауы бойынша «дамушы» елдердің жалпы қарыздары 1990 жж. бас кезінде – 1280 млрд долларды құрады, ал мұндай қарыздар жылдан жылға өсуде.

Үлкен үміт күттіретін нәтижелерге ғалымдардың XX ғ. 1960 жж. жүргізген «жасыл революция» деп аталатын зерттеулері қол жеткізді, бірқатар елдерде ауыл шаруашылық дақылдарының жоғары өнімді

сорттары шығарылып, кеңінен таралды. Алайда тропикалық және субтропикалық аймақтардағы шаруалардың агротехникалық білімдері мен техникаларының жеткіліксіздігінен үміттенген нәтижелерге қолдары жетпеді.

Кедейшілік пен ашаршылық проблемасын шешу үшін әртүрлі концепциялар мен бағдарламалар жасалды. Бранд бірқатар мемлекеттерді шикізаттарға онша күрделі емес технологияларды алмастыру арқылы оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуді қарастырады. Е.Шумахердің «сәйкес технологиялар» концепциясы ауылды жерлерде кішігірім бытыраңқы кәсіпорындарды құрауды ұсынды, олар жергілікті шикізаттармен жұмыс істеп, жергілікті тұрғындарға жұмыс орындарын ашуға міндетті болды. Олардың ішінде ең ойландыратыны америкада пайда болған «технологиялық концепция» болды, Американың азық-түлік министрі Дж.Блок «азық-түлік» «ең қуатты қаруға айналуы тиіс, басқа елдермен азық түлікті тиімді пайдалану әдісі арқылы оларды өзімізге тәуелді етеміз. Олар неғұрлым бізге тәуелді болған сайын, соғұрлым олар біздің ойымыздан шығатын болды» деп мәлімдеді.

Қазіргі заман ауылшаруашылығына биотехнологияларды енгізіп, гендік инженерияларды дамытуға үлкен үміт артуда.

Сонымен адамзат үшмыңжылдық заманға халықты кедейшілік пен аштықтан қорғаудың жаһандық проблемаларын шеше алмай қадам басты. Жалпы адами тұрғыдан «дамушы елдерде» жақын болашақта кемелденген, әділетті адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік жасайтын гуманистік қоғам орнайды деген үміт бар.

Биосфераға антропогендік әсер ету проблемаларымен білімнің жас саласы **экология** айналысады. (Бұл терминді неміс биологы Эрнст Геккель 1866 ж. ұсынды, грекше – "ойкос" – баспана, үй).

Экология экосистеманың өмір сүруін, қоғам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін және оны қорғау әдістерін, биосфера жағдайына бақылау жасау мен экологиялық мөлшерлеуді зерттейді.

Қоршаған ортаға қазіргі кездегі планета тұрғындарының (олар 6 млрд. адам) әсер ету инсавтілігі тас ғасырындағы 50 млрд адамдардың салмағындай қысым жасайды екен. Адамзат, жалпы биологиялық массаның 0,0002 %-ын құрайды, ол өз кезегінде атмосфераны планетаның бүкіл тіршілік дүниелерімен салыстырғанда 100 есе көп көмірқышқыл газбен ластайды екен.

Ғалымдардың көптеген ескертулері мен пессимистік болжамдарына қарамастан экологиялық жағдайлар жылдан-жылға ұшығып келе жатыр. Ауаның, судың, топырақтың ластану қарқыны күшеюде, биосфераның радиациялық, жылулық, шумдық және химиялық бұзылуы көрініс алуда.

Аса беделді Рим клубы (оны 1968 ж. А.Печчей, Дж.Форрестор, Д.Медоуз құрған). Жаһандық экологиялық апаттардың болу ықтималдығы туралы алдын ала ескертті және халықтың өсіп көбеюін шектеу, өнеркәсіп кәсіпорындарын тұйық өндірістік циклге ауыстыру, қосалқы шикізаттарды мейлінше тиімді пайдалану, жаңа кәсіпорындар салуға тиым жасау, энергетикалық базаларды жаңартылатын энергия көздерімен алмастыру жөнінде кезек күттірмейтін шараларды қабылдауды ұсынды және өркениеттің одан әрі дамуының жаңа технологиялық жолдарын іздестіруге шақырды.

Бұдан мың жылдай бұрын, әлемде барлығы 300 млн адамдар өмір сүрді. XX ғ. бас кезінде планета халқының саны 1,5 млрд адамға жетті, содан кейінгі жүз жыл ішінде, яғни оның саны біздің дәуірімізде 6 млрд адамнан асты. Соның ішіндегі млрд адам "үшінші әлем" деп аталатын елдерде шоғырланған, олардың көпшілігі сауатсыз, ешнәрсеге ықпалсыз, өз елдерінің және әлемдік қауымдастықтың өмірінен бейхабар. Алайда әлемнің жаңа өмірге келген азаматтарының 9/10 %-ы осы елдерде туылады.

Кейбір ғылыми орталарда планетадағы әлеуметтік және экологиялық бақытсыздықтардың негізгі себебі «демографиялық қопарылыс» болып табылады деген пікір қалыптасты, - яғни адам өлімінен адамның туылуы көбеюі басым, бұл еріксіз, ретсіз халықтың өсіп-көбеюіне апарды.

Ғалымдар ағылшын ғалымы Мальтустың «Халықтың өсіп көбеюі туралы заңының тәжірибелері» деген еңбегі не өз назарларын қайта аударуда, онда «халықтың өсіп-көбеюі геометриялық прогрессия, ал олардың өмір сүру қаражаттарының көбеюі тек арифметикалық прогрессиямен жүзеге асады» деп дәлелденген.

Егер де Мальтуске сенсек, онда қоғамдық дамудың қарама-қайшылықтары халық санының «табиғи реттелуімен», яғни ашаршылық, эпидемиялар мен соғыстар, сондай-ақ өсіп-көбеюге шектеу қою инстинктерін енгізу арқылы өз шешімдерін табады. Бірақ халықтың өсіп көбеюі заңының негізі тек табиғи және экологиялық факторлармен ғана шектелмейді, сонымен бірге оның күрделі экономикалық-әлеуметтік аспектілері бар, ал халық санының тез көбеюінің проблемасы биосфераның ажырамас және төтенше белсенді элементі ретінде жылдан-жылға өткір болуда.

Халықаралық қоғамдық ұйым Рим клубы бірнеше рет планета халқының өсіп көбеюін шектеуді ұсынды, яғни қалыптасқан халық санының ұдайы өндірісін шектеуге шақырды. Бұл проблема Біріккен Африка елдер ұйымын, шығыс Қытай, Үндістан, және Пәкістан елдерінің үкіметтерін, яғни бүгінгі таңда халқының саны ретсіз даму салдарларын сезінген елдердің барлығын толғандыруда.

Новель сыйлығының бейбітшілік жөніндегі иегері бұрынғы ФРГ-нің канцлері Вилли Брандт қатаң және талай рет былайша мәлімдеме жасады: «Халықтың өсіп көбеюіне бақылау жасайтын тиімді шаралар қабылдаудың қажеттілігі пісіп жетті».

"Демографиялық қопарылыс" проблемасы қандай тұрғыдан зерттелсе де, яғни құқықтық, моралдық – этикалық, теологиялық немесе философиялық, бұл құбылыс өз маңыздылығын жоймайды, бұл қауып қатер адамзат болашағына төніп тұр және халық санының өсіп-көбеюін реттеу қажет. Бұл мәселе туралы саясатшылар, социологтар, діни қайраткерлер не ойлайды. Қытай, Жапония, Моңғолия және басқа бірқатар Тынық мұхит аймақ елдері бала тууды әкімшілікпен шектеу жолымен шешті. Африка, Оңтүстік Америка және Шығыс мұсылман елдерінде мұндай бағдарламалардан жетістіктер күтуге болмайды.

Соңғы жүзжылдықтарға тән белгі - бұрын болмаған қала, мегаполистер санының өсуі, ауыл тұрғындарының жаппай ірі қалаларға қоныс аударуы болды.

Урбанизация қалалардағы өмірдің ерекшелігі, сөзсіз тұрғындарда мінез-құлықтың жаңа стереотиптерін қалыптастырады, көпбалалы жанұя жағдайында оны құру мен бағып қағу оңай емес. Көптеген әйелдер әйел мен ана міндетін атқарумен шектелмейді, сонымен бірге өздері жұмыс істеуі тиіс. Дегенмен урбанизация белгілі бір дәрежеде халық санының азаюына ықпал жасайды. Бала туу деңгейін реттеудің салиқалы, ақылға қонымды және парасатты әдісі бар болашақ аналарды, яғни жаһандық әлеуметтік-педагогикалық бағдарлама бойынша қыздарды кәсіби оқыту мен мәдени тәрбиелеу болып табылады.

Жалпыға бірдей міндетті түрде әйелдерді оқытып, оларға айлығы дұрыс тұрақты жұмыс орындарына кепілдік жасап, құқықтық теңдігін заңды түрде бекітіп, "демографиялық қопарылыстың" орнына "демографиялық оптимумды" сеніммен болжам жасауға болар еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. -М., 1997
2. Дауранов И.И. Организация государственного управления. Алматы, 1997.
3. Уваров В.И. Теория государственного управления. Алматы, КазГЮА, 2001.
4. «Бюджетный кодекс РК» 24.04.2004.
5. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Государственное регулирование экономики. -Алматы: Экономика, 1998.
6. Сансызбаева Г.Н. Система социальной защиты населения и ее проблемы. -Алматы: Экономика, 1998.
7. Гуревичев М.М. Государственное регулирование экономической деятельности. -М.: Юрист, 1998.
8. Сансызбаева Г.Н. Государственное регулирование экономики зарубежных стран. -Алматы: Экономика, 1994.

ЖЕТІШАҒАР БИЛЕУШІСІ ЖАҚЫПБЕК БАҚДАУЛЕТТІҢ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУЫ

ЧАРГЫНОВА ГУЛЬЗАДА ОРАЗБАЕВНА

*PhD доктор, аға оқытушы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

Doç. Dr. VECİHİ SEFA FUAT HEKİMOĞLU

*Kütahya Dumlupınar Üniversitesi
Kütahya., Türkiye*

Аңдатпа. Мақалада Жетішағар билеушісі Жақыпбек Бақдаулеттің Осман мемлекетімен және Орталық Азия халықтарымен өзара байланыстарының тарихы талданған.

Жақыпбек Бақдаулет Осман империясымен орнатқан байланысын нығайтумақсатында 1875 жылы Стамбұлға елшілік жібереді. Елші ретінде Сейіт Жақып-хан тағайындалады. Бұл елшілік Жетішағар тарихында маңызды орындарға ие. 1865-1877 жылдары орын алған халықтар арасындағы өзара байланыстар тарихы тың деректер негізінде баяндалады.

Тірек сөздер: Жетішағар, Қашқар, Қытай, Осман, Шығыс Түркістан.

Аннотация. В статье анализируется история взаимоотношений правителя государства Йеттишар Жакыпбека Багдаулета с Османским государством и народами Средней Азии.

В 1875 году Жакыпбек Багдаулет направил в Стамбул посольство с целью укрепления связей, установившихся с Османской империей. Сайид Джакып Хан назначен послом. Это посольство занимает важное место в истории Йеттишара. На основе новых данных рассказывается история взаимоотношений между народами, происходившая в 1865-1877 гг.

Ключевые слова: Йеттишар Кашгар, Китай, Осман, Восточный Туркестан.

Annotation. *The article analyzes the history of the relationship between the ruler of the state of Yettishar Zhakypbek Bakdaulet with the Ottoman state and the peoples of Central Asia.*

In 1875, Zhakypbek Bakdaulet sent an embassy to Istanbul with the aim of strengthening ties established with the Ottoman Empire. Sayyid Jakyp Khan was appointed ambassador. This embassy holds an important place in the history of Yettishar. Based on new data, the history of relations between peoples that took place in 1865-1877 is told.

Keywords: Yettishar Kashgar, China, Osman, East Turkestan.

Осман империясының Жетішаһар мемлекетінің сыртқы байланыстар жүйесінде де өз орны бар. Алайда Жетішаһар мемлекеті құрыла салысымен Осман империясымен бірден байланыс орнатқан жоқ. Екіжақты қарым-қатынастарды орнатуда Ұлыбритания мемлекетінің ықпалы зор болды. Түркішілдік идеясының негізін қалаушылардың бірі, XX ғасырдың басындағы қайраткерлердің бірі Юсуф Акчурдың айтуынша, Англия Ресейдің Орталық Азиядағы ықпал ету аясын кеңейту әрекетін тежеуге тырысып, Осман империясын осы іске араластырды, бұл күрес өзара ықпалдастықты шешуге әсерін көрсетті [1, 62 б.]. Юсуп Акчуранның мұндай пікірі негізсіз емес еді, оны XIX ғасырдың ортасында ағылшындар Осман империясын пайдаланып Орта Азияға ықпал етуге тырысып, Анлияның қатысуымен түрік тыңшылары халықты жұмылдыра бастағанынан аңғаруға болады. Түркістан губерниясы патшалық Ресейге қарсы бағыты болды [2, 74].

Англия Осман империясының назарын Шығыс Түркістандағы және басқа аймақтардағы мұсылмандарға аудару үшін бар күшін салды. Тіпті 1857 жылы Үндістандағы көтеріліс кезінде Англия түрік сұлтанынан көмек сұрап, оны Британдық Үндістандағы мұсылмандарды тыныштандыру үшін пайдаланды. Сол көтеріліс кезінде ағылшындар түрік сұлтанына мұсылмандардың халифасы ретінде Үндістан мұсылмандары Англия патшайымына бағынуы керек деген ферман (жарлық) шығарды [3, 61-б.]. Осман империясының 1853-1856 жылдардағы Қырым соғысындағы орны Осман империясының бұл саясатына маңызды әсер етті. Патшалық Ресеймен соғыс кезінде Англия, Франция және Сардиния корольдігі Осман империясымен коалицияда болды. Осы кезеңнен бастап Осман империясының сыртқы саясатында Англиямен жақсы қарым-қатынас орнатылып, патшалық Ресеймен арадағы араздық берік орнады [4, 139 б.]. Нәтижесінде Осман империясының экономикалық өміріне Англияның ықпалы күшейді. Мұндай ықпал Осман империясының бірқатар аймақтарының экономикалық дамуына әкелді [5, 60 б.].

Жетішаһар мемлекеті құрыла салысымен Британдық Үндістанның вице-корлі Нортбрук Шығыс Түркістанға экспедиция жіберуін жиілетіп, оларға Шығыс Түркістанға ағылшындардың ену мүмкіндіктерін білуді жүктеді. Осындай экспедициялар негізінде Британдық Үндістанда Шығыс Түркістанды патшалық Ресейге қарсы тұратын әскери база ретінде пайдалануға болады деген пікір қалыптасты [5, с.15]. Мұнан соң Британдық Үндістандағы шай плантаторы Р. Шоу Жетішаһардың Яркенд қаласында болып, Англияның Қашқарға саяси және экономикалық тұрғыда енудің мүмкіндігін қарастырды. Ол ағылшын үкіметінің ресми емес елшісі ретінде Жақыпбек Багдаулетке Англия Жетішаһар мемлекетінің егемендігін, Қытайдан тәуелсіз ел екенін мойындап қалады деген пікірін білдірді [7, с.36]. Оның мұндай пікірінің астарында Жетішаһарды Англия жағына тарту жатқан еді. Осы мақсатта ағылшындар Британиялық Үндістандағы мұсылмандардан өз үгітшілерін Жетішаһарға жіберді. Сондай үгітшілердің бірі болып табылатын Омар-хан деген адам Жетішаһарға келіп, ағылшындар мұсылмандардың қамқоршысы болып табылады деген бағытта үгіт жүргізді. Омар-ханның үгітінің нәтижелі болуына «орыстардан деген қорқыныш» әрі «ағылшындардың мұсылмандарға бұрынғыдан гөрі жақсы қарай бастағаны» әсер еткен [8, с.111-112]. Сол кезде Орта Азияның басым бөлігін отарлаған патшалық Ресей мен ағылшын отарына айналған Үндістанның арасында да үлкен айырмашылық болды. Үлкен айырмашылықтардың бірі ретінде Ресей империясы орыс шаруаларын отарларға көшірді, ал Англия өзінің отары Үндістанға мұндай көшіруді жүзеге асырмады деп айтуға болады [8, 30 б.]. Бұл өз кезегінде Жетішаһар билеушісінің Англияға деген ілтипатын туғызды деуге негіз бола алады.

Зерттеуші М. Басханов Англия үшін Жетішаһар мемлекетінде саяси және сауда-экономикалық жағынан басымдыққа ие болудың бірнеше факторы болды дейді. Оның көрсетуінше, біріншіден, Шығыс Түркістан орталықазиялық өңірге енудің тиімді плацдармы әрі Орта Азиядағы Бұхараға, Хиуа мен Қоқан секілді мұсылман иеліктерінің саясатына ықпал ететін өңір саналды; екіншіден, британдық сауда үшін

Жетішаһар мемлекеті тауар өткізетін рынок әрі арзан шикізат көзі саналды; үшіншіден, Жақыпбек Бадаулеттің тәуелсіз иелігі патшалық Ресейдің Орталық Азиядағы күшейе түскен ықпалын әлсірететін база рөлін атқара алатын; төртіншіден, Жетішаһарға сауда-экономикалық әрі саяси тұрғыда әсер ету Түркістан мен Шыңжаңның түйіскен жерінде тұрақсыздық, қайшылықты жағдай қалыптастырып, орыс-қытай қарым-қатынасының шиеленісті жүруіне алып келіп, ағылшындардың Қытайға ықпалын арттыруына жол ашатын; бесіншіден, ағылшындар Шығыс Түркістанға ықпалын арттыра отырып, Ресейдің Ауғанстаннан көңілін аударып, әскерінің басым бөлігін Шығыс Түркістанмен шекаралас өңірге қарай жылжытуға мәжбүрлейтін; алтыншыдан, Шығыс Түркістандағы Жақыпбек Бадаулеттің билік құруы ағылшындарға «Шығыс мәселесіне» Осман империясын тартуға мүмкіндік беріп, орыс-түрік қатынасын Балқанда ғана емес, Орталық Азияда да шиеленістіргісі келді; жетіншіден, Жақыпбек Бадаулетке қолдау көрсету арқылы ағылшындар Цин билігінің Батыс Қытайға ықпал ету мүмкіндігін әлсіретіп, оны Англия үшін жаңа жеңілдіктер жасауға мәжбүрлейтін [9, с.101-102].

Жетішаһарға ықпал етуде Осман империясының елеулі рөл атқаратын ескерусіз қалдырмаған Англия бастапқы кезде Жетішаһармен сауда байланысын орнатты. Өз кезегінде Жақыпбек Бадаулет те ағылшындардың қару-жарағына қол жеткізу үшін 1866 жылы Британиялық Үндістанға, Кашмирге елші жіберіп, екі жақты сауда келісімін жеделдету жөнінде келісімге келді. Осы келісім негізінде ағылшындардың Шығыс Түркістанда сауда жүргізу ісі қарқын алды. Бұл сауданың басым бөлігін әскери қару-жарақ құрады. Англиямен сауда байланысын жақсартқан Жақыпбек Бадаулет ендігі кезекте Англияның қамқорлығына ие болуды ойластырып, 1868 жылы тағы да Британиялық Үндістанға елшілік жіберді. Осы жәйттің орын алуы «Шиңжаңның жергілікті тарихында» былайша көрініс тапқан: «1868 жылдың жазында Жақыпбек Махмұт Назарды Англия қарамағындағы Индияның Пенджабына сапарлай баруға аттандырды. Сонан соң Роберт Шоу Англия өкіметінің қолдауымен Қашқарға келді. Жақыпбек Роберт Шоуды талай рет араға салып, «Англияның әйел патшасы Викторияға ел болуға» ризалығын білдірген еді» [10, 466-б.].

Р. Шоу Жақыпбек Бадаулетпен болған кездесуін өз еңбегінде жазып қалдырған. Ондағы мәліметке қарағанда, Жақыпбек Бадаулет ағылшындарға қолынан келгеннің бәрін жасайтынын, өзінің ағылшындар көмегіне зәру екенін білдіріп, «ағылшын патшайымы жарығы түскен жердің бәрін жылытатын күн секілді, маған суық, мен оның жарығының өзіме түскенін қалаймын» деген [11, с.310]. Жақыпбек Бадаулеттің осындай мәлімдемесінен кейін Британиялық Үндістанның билік орны Жетішаһарға Англияның қорғауындағы мемлекет мәртебесін беру мәселесін көтерді. Жақыпбек Бадаулет Британиялық Үндістанның өзіне ізгі ниетте екенін пайдаланып, ағылшындардың көмегімен Ост-Үндістан компаниясынан еуропалық үлгідегі мыңға жуық қару-жарақ сатып алып, әскерінің шамалы бөлігін ағылшын штутцерлерімен қаруландыруға қол жеткізді.

Ағылшындар Османлы түріктері мен Жетішаһар мемлекетінің жергілікті тұрғындарының этникалық және тілдік жағынан жақын және бір дінді ұстанатындықтарын назардан тыс қалдырмай, патшалық Ресейдің Жетішаһарға ықпалын әлсірету үшін Осман империясын тартуға тырысты. Өз кезегінде Жақыпбек Бадаулет Осман империясымен байланыс орнатып, оның қамқорлығын алуды жөн санады. Өйткені, ол Бұхара әмірлігі мен Орта Азиядағы Хиуа, Қоқан хандықтары тұсында Осман империясы Сұлтанды бүкіл мұсылмандардың халифасы деп танып, сұлтанға басымдық бергенін жақсы білген. Жақыпбек Бадаулет бұрын өзі қызмет еткен Қоқан ханы Мәделі мен әкесі Омар ханның Осман империясының сұлтанына арнайы елшілік жіберіп, сұлтанды күллі мұсылмандардың халифасы деп танып, белгі ретінде түрлі сый-сияпат алғанын біледі. тірегінен [12, 167 б.].

Түркиялық зерттеуші М. Сарайдың көрсетуінше, Жақыпбек Бадаулет Осман империясы мен Англияның жақсы қарым-қатынаста екенін ескере отырып, Осман империясымен байланыс орнатуда Англияның көмегіне жүгінбек болған, ол Осман империясымен байланыс өз мемлекетін нығайтуға, әскерін жақсы қару-жарақпен жабдықтау ісіне мүмкіндік береді деп санаған [13, 107-с.]. Осы мақсатта Жақыпбек Бадаулет өз елшісі Мырза Мұхаммед Шади 1870 жылы көктемде Британиялық Үндістанға жіберді. Мұхаммед Шади 6 ай Британиялық Үндістанда болып, ол жақтан ағылшындардың Дуглас Форсайт бастаған елшілігін Қашқарға ала келді [14, 84-с.].

Қашқарға келген ағылшын елшісі Д.Форсайт Жақыпбек Бадаулетке Англия королевасы Викторияның вассалы ретінде қарады [15, с.83]. Жақыпбек Бадаулет тарапынан жоғары деңгейде қабылданған ағылшын елшілігі 3 айға жақын мерзімді Қашқарда өткізіп, бірқатар келісімдер жүргізді [16, 107-с.].

Осы келіссөздер барысында Жетішаһар билеушісінің атынан Осман империясына елшілік жіберу мәселесі де қарастырмай қалмады деуге болады. Өйткені, ағылшындар сол кезде Қытайдың оңтүстігіндегі Юньань провинциясындағы дүңгендердің көтерілісіне араласып, олардың өкілдерін Осман империясынан көмек сұрауға жіберуді ұйымдастырған болатын. Қытай тарихшысы Фань Вэнь-лань өз

еңбегінде Цин әулетінің үстемдігіне қарсы Юньань провинциясындағы дүнгендердің көтеріліске шығуы шынайы әрі дұрыс қадам болды, бірақ осы көтеріліс жетекшісі Ду Вэнь-сюдің 1871 жылы өзінің ұлы Ду Айшаньды ағылшындардың араласуымен Түркияға жіберуі қателік болды, Ду Вэнь-сю осы қадамы арқылы өз отаны – Қытайға, оның тұрғындарына сатқындық жасады деп бағалайды [17, с.250].

Ағылшындар Юньань провинциясы көтерілісшілерін Осман империясынан көмек сұрауға итермелегенде дүнгендердің мұсылман екенін ескеріп, түрік сұлтаны мұсылмандардың халифы саналатындықтан оларға көмек көрсетуден бас тарта қоймас деген болса керек. Бірақ Юньань провинциясының көтерілісшілеріне Осман империясы тарапынан көмек көрсетілмеді. Маньчжурлар көтерілісшілердің бір бөлігін өз жағына тартып, Ду Вэнь-сю бастаған көтерілісті басуға қол жеткізіп, көтеріліске қатысушыларды аяусыз жазалады [17, с.251].

Жетішардың Осман империясына жіберетін елшісі ретінде Сейіт Жақып-хан таңдалынып алды. Н.А. Халфин өз еңбегінде Сейіт Жақып-ханды «нағыз ағылшын тыңшысы еді» деп көрсетеді [3, с.40].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ша Р. Б. *Очерки Верхней Татарии, Яркенда и Кашгара (прежней Китайской Татарии)*. – СПб.: Тип. М.Хана, 1872. – 344 с.
2. Akçura Y. *Türkçülük. Türkçülüğün tarihi gelişimi*. – Istanbul: Özdemir basımevi, 1978. – 253 s.
3. Халфин Н.А. *Английская колониальная политика на Среднем Востоке (70-е годы XIX века)*. – Ташкент: Издательство САГУ, 1957. – 251 с.
4. Фань Вэнь-лань. *Новая история Китая. 1840 – 1901*. – Т.1./Перевод с китайского Р.В. Вяткина, Б.Г. Мурадова. – М.: Издательство иностранной литературы, 1955. – 600 с.
5. Халфин Н.А. *Присоединение Средней Азии к России (60-90-е годы XIX в.)*. – М.: «Наука», 1965. – 468 с.
6. Алымбаев Ж.Б. *Общественно-политическая жизнь кыргызов в Российской историографии второй половины XVIII - начала XX вв.* – Бишкек: КНУ им. Ж. Баласагына, 2009. – 288 с.
7. Шиньжияңның жергілікті тарихы. – Үрімжі: Шиньжияң Шинхуа баспа орталығы, 1999. – 755 б.
8. Kurban I. *Doğru Türkistan İçin Savaş*. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi 1994. – 101 s.
9. Васильев А.Д. *Знамя и меч от падишаха. Политические и культурные контакты ханств Центральной Азии и Османской империи (середина XVI – начало XX вв.)*. – М.: Институт востоковедения РАН; Пробел-2000. – 2014. – 356.
10. Басханов М. *Политика Англии в отношении государства Якуб-бека // Из истории международных отношений в Центральной Азии (средние века и новое время)*. – Алма-Ата: «Ғылым», 1990. – 183 с. (С.100-126).
11. Зотов О.В. *«Тайная» история Синьцзяна: российский ракурс // Восток. Афро-азиатские общества: история и современность*. – 2003. – №1. – С.80-92.
12. Бабаджанов Б.М. *Кокандское ханство: власть, политика, религия*. – Токио-Ташкент: Yanginashr, 2010. – 744 с.
13. Фадеева И.Л. *Османская империя и англо-турецкие отношения в середине XIX в.* – М., «Наука», 1982. – 160 с.
14. Иванов С.М. *Османская империя в мировой экономической системе (вторая половина XIX – начало XX века)*. – СПб.: Издательство СПб. университета, 2005. – 356 с.
15. Анваров А. *История изучения Восточного Туркестана английскими и индийскими путешественниками (1812-1900 гг.): автореф. канд. истор. наук*. – СПб., 1992. – 20 с.
16. Фадеева И.Л. *Официальные доктрины в идеологии и политике Османской империи (османизм – панисламизм) XIX – начало XX в.* – М.: «Наука», 1985. – 272 с.
17. Фурсов К.А. *Имперская экономическая политика в Русском Туркестане и Британской Индии: сходство и различия // Восток. Афро-азиатские общества: история и современность*. – 2010. – № 6. – С. 28-44.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АБИКЕНОВА Г.Е.

*тарих ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Уалиева А.Ж. – тарих магистрі
Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа. Аталған мақалада негізінен Алматы облысына қарасты Қарасай ауданындағы жер-су атауларының тарихи лингвистикалық ерекшеліктері қарастырылады. Қазақстанның кез-келген аймағындағы жер-су атаулары сол жерде өмір сүрген тайпалар мен рулардың немесе тарихи оқиғалардың орын алуына орай өзгеріске түскені белгілі. Мақалада осы Қарасай ауданындағы жер-су атауларының ежелгі кезеңнен бастап бүгінге дейін өзгеріске түскен елді-мекен атаулары туралы мәліметтер жинақталып, ауысуының себептері негізделеді. Сонымен бірге олардың өзгеріске түсуіне қатысты қызықты материалдар мен тарихи оқиғалар тізбегі көрсетіледі.

Кілт сөздер: жер-су атаулары, топонимика, зооним, гидроним, ороном, аймақ.

Белгілі бір аймақтың тарихы мен мәдениетін білуде топонимика немесе жер-су атауларын зерттеу маңызды болып табылады. Топонимдік атаулардың өзіне тән ерекшелігі, аталу дәстүрі, тарихи оқиғалар ізі жатады. Топонимдер жер-су атаулары ғана емес, жер бетіндегі тілдің бір түрі деуге де болады. Олар табиғатқа, тарихқа, мифологияға және әдет-ғұрыпқа қатысты болуы мүмкін. Оларда ата-бабаларының өмірі, наным-сенімі мен ойлау тәсілі туралы баяндайтын мыңдаған әңгімелер бар. Біз туған жеріміздің топонимдерін талдай отырып, табиғат пен адам бірлесіп жазған кітаптың бетін ашуға мүмкіндіктер де алатынымыз рас.

Әр жердің өзіндік тарихы бар және оларда кездесетін жер-су атаулары сол өңірдің шежіресін береді десек артық айтпаймыз. Мысалы, ауылдың атауы оның тұрғындарының бастапқы қызметін көрсетуі немесе оның тарихындағы маңызды оқиғамен байланысты болуы мүмкін. Сол себепті де туған өлке топонимиясындағы әрбір көше, өзен немесе тау өткен күннің жұмбақтарын құрастыруға көмектесетін нышан.

Мұндай аумақтар қатарына Алматы өңіріндегі Қарасай ауданындағы топонимдік атауларды ерекшелеп, негіздеуге болады. Қарасай ауданында қаншама уақыт тұрса да өзгерінің тарихын білмейтіндер кездесіп отырады. Ғасырлар бойы жерімізге қызыққан жоңғарларға қарсы тұра білген қазақ батырлары да осы киелі мекенді ақ найза ұшымен қорғағаны да мәлім. Жалпы Қарасай ауданының топонимдерінің құрылымдық ерекшеліктеріне назар аударар болсақ, олардың арасында *Қаскелең, Шамалған, Абай, Айқым, Әйтей, Батан, Бекболат, Елтай, Жамбыл, О. Жандосов, О. Исаев, Қошмамбет, Райымбек, Тұрар*[1] атаулары кездеседі.

Жалпы тарихи дамудың кезеңдерінде жер-су атауларының саяси және әлеуметтік мәні бар. Қарасай ауданымызға қарасты ру-тайпалардың атаулары белгілі бір кезеңдегі қоғамның тарихи даму барысынан, оның әлеуметтік кезеңдерінен, ұстанған құндылықтарынан, тарихи кезеңдерінен көрініс тауып отыратын маңызды дереккөздер болғандықтан біршама зерттеулерді қажет ететін мұра болып табылады. Себебі, халқымызды идентификациялайтын бірден-бір дереккөз – этнонимдер атауларының аясында шоғырланатын ұлттың ерекшелігі сияқты пайымдар, ұғымдар мен түсініктердің бастауы, толығы түсетін арнасы, ел ішіндегі әңгімелердің төңірегінде өрбитін қайнары, ол – халқымыздың ана тілінде сақталған этнонимдік атаулардан құралады[2. 12 б.].

Аймақтағы топонимдердің құрамында осы өңірді ежелден мекендеп келе жатқан ру-тайпалардың және сол ру-тайпалар ішінде белгілі бір адамдардың атымен байланысты берілген этнонимдерді кездестіруге болады. Мәселен, Қарасай, Райымбек батыр батырлар атына қойылған атаулар мен Шапырашты еліндегі Айқым руының атауымен байланысты қойылған Үшқоңыр ауылдық округіне қатысты атауды айтамыз. Бұл атаулар жоңғар шапқыншылығы уақытында шайқастарда ерлік көрсеткен батырлар атына қатысты қойылған атаулар болып табылады. Бұл топқа жататын атаулар жиынтығы өлкемізді тарихи мекен еткен халықтың өмір-тіршілігінен, тарихи-әлеуметтік және тарихи-лингвистикалық саласынан мол ақпарат береді. Мәселен, 1998 жылға дейін Қарасай ауданы Қаскелең деп аталды. Ол даңқты бабамыз – Қарасай батырдың 400 жылдығын мерекелеуге байланысты қайта өзгертілгені белгілі[3].

Ал Қаскелең қаласының аты туралы көптеген аңыздар, жорамалдар мен жай ғана ойдан шығарылған әңгімелер санаттары кездеседі. Әртүрлі дереккөздер әртүрлі нұсқаларды атап өтеді. Олардың ең танымал үшеуіне тоқталсақ:

Зерттеуші Е.Қойчубаев Қазақстан топонимдерінің қысқаша түсіндірме сөздігінде Қаскелең өзенінің атауы түркі тілінен шыққан деген болжам жасайды. Сөзбе-сөз аударғанда «дулыға» - таз және «элен» - епті, яғни тақыр, епті өзен деп көрсетеді[4].

Ал Т.Жанұзақовтың «Қазақ ономастикасының очерктері» кітабында «Қаскелең топонимі «Қас отауы» немесе «Қас ауылы» деп түсіндіріледі. Бұл жерлерде ертеде жеке Қас рулары өмір сүрген немесе Қас қоныстары болған болуы мүмкін. Түркі тайпаларының бір-бірімен көршілес болғанын, тіпті жиі туыс болып кеткенін ескерсек, қазіргі Қаскелеңнің орнында бір кездері Қасқы руынан шыққан келіннің тұрағы болған деп болжауға болады. «Қаскелең» сөзбе-сөз аударғанда «Қасқа келін» деп аударылады», - деп көрсетеді[5, 165 б.].

Сонымен бірге Наурызбай батыр туралы көркем шығармада да «Қаскелең» атауына қатысты тұжырымды көруге болады. 1723 жылы жоңғар ханы Цеван Рабданның 100 мыңдық әскері қазақтардың бейбіт қоныстарына шабуыл жасап, халқын қырып, қыздар мен жас әйелдерді ұрлап, мал мен дүние-мүлкін тартып алды. Осы шайқаста қаза болған жоңғар батырлары Шамалған мен Қаскелең туралы айтылады. Олар аймақта 1729 жылға дейін, қуылғанға дейін билік етті және осы батырлар есімімен байланыстырды. Кейбір авторлардың пікірінше, дала адамдарында жеңілген жаудың құрметіне мұрагерлерін атау ежелден қалыптасқан дәстүр деп көрсетіледі.

Сондықтан болар, аймақ бұл атауды сақтап қалды. Бұл нұсқаны Алматы облыстық «Огни Алатау» газетінің бір нөмірінде жарияланған «Тарихи тамырлар» атты мақаласында журналист-шежіреші Үсенбай Бақтиярұлы Тастанбеков те қуаттайды. Ал тарихшы Бексұлу Чемирбаевна Чемирбаева, керісінше, қазақтар ешқашан жаудың құрметіне аумақтарды, өзендерді атамаған деп есептейді[6]. Қалай десек те «Қаскелең» атауының шығу туралы бірнеше нұсқалар бар.

Жалпы Қарасай ауданына қарасты 10 ауылдық округ, 46 ауыл және Қаскелең қаласы бар. Ауылдар орналасқан аймақтың жер бедеріне, табиғатына байланысты Құмтоған, Құмарал, Құркұдық деп аталатын ауылдардың атауларды да кездестіруге болады. Мәселен, «Құмтоған» атауы жердің географиялық кескін-келбет, бедеріне орай құмды жер болғандықтан, ал, «Құмарал» атау, «құм арасындағы кішігірім алқап» мәніне байланысты қойылғандығы аталады[1, 23 б].

Ал ауыл тұрғындары мен қариялардың әңгімесі бойынша, Қаскелең қаласынан 31 шақырым жерде орналасқан Құркұдық ауылынан қанша құдық қазса да, су шықпаған, сол себепті ауыл атауы осы мәселемен байланысты шыққан.

Сонымен бірге Елтай ауылдық-әкімшілік округінің орталығы болып табылатын Береке ауылының атауы да ауыл қарияларының айтуы бойынша, әртүрлі жеміске толы ағаштар мен егістік алқаптары көп болуына байланысты аталған. Бұл атау Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының Жарлығы бойынша 1976 жылы 16 қарашада берілген.

Іргелі ауылдық әкімшілік округінің құрамындағы Кемертоған ауылының да шығуының өзіндік мәні бар. Яғни, «Кемер» сөзі - өзендер, көлдер, су арнасының жағалаулары, жиектері деп түсіндіріледі. Шын мәнінде, терең қазылған тоған мағынасында қойылған. Суды Ақсай өзенін бұрып алып, Боралдайдың шығыс жағына қазылған арықты «Кемертоған» деп атаған.

Сондай-ақ тоғандарға қатысты атаулардың бірі «Көктоған» атауы. Ауылда бірнеше тоғанның болуына байланысты, бірлескен шешім негізінде қойылады.

Тағы бір назар аудартатын атаулардың бірі – Сауыншы. Бұл атау Первомай ауылдық округі мен Әйтей ауылдық округінің құрамындағы ауылдар. Екі ауылдан сиыр сүтінің өнімдерінің шығуына байланысты аталғандығы аталады.

Ал гидронимдер – су объектілерінің атауларын білдіреді. Өлкеміздегі *Қаскелең, Шамалған (Қасқасу), Ұзынқарғалы, Ақсай, Үлкен Алматы* сияқты өзендерінің ерекшеліктерімен қатар, аталу тарихы бар. Біріншіден, табиғи ерекшелігі мен көлеміне байланысты: Үлкен Алматы, Ұзынқарғалы, екіншіден, ұқсатуға байланысты: Қасқасу, Ақсай, үшіншіден жан-жануарға қатысты: Ұзын қарғалы(қарға), төртіншіден, басқа тілден келген атауларға ұқсас орай: Қаскелең, Шамалған деген сияқты түсініктермен қалыптасқаны да айтылады[7].

Мысалы, Көлащы ауылының батысында сай орналасқан. Сай іші жаңбырдан кейін аппақ сор мен тұзға айналады. Сонымен қатар, шағын көл де жатыр. Сол себепті, ауылдың да аты Көлащы аталған екен [7,2316].

Қарасай топонимикасында түске байланысты географиялық атаулар кездеседі. Бұлдардың құрамында қара, ақ, көк сын есімдерін кездестіреміз. Мысалы: *ақ – Ақсеңгір, қара – Қаратөбе, Қараой, Қарасу, көк – Көкөзек, Көксай, Көктоған, Көктөбе, Көккөзек, Көктөбе* атауларын кездесуге болады[6, 65 б].

Ал зоонимге (жануарлар мен құстарға) байланысты топонимдерден кездесетін бірден бір атау – *Қырғауылды* ауылы ол қазіргі Райымбек ауылдық округіне қарасты ауыл. Жалпы жануарлардың аттарымен аталатын топонимдер теңеу түрінде келеді немесе сол жануарға қатысты оқиғаны бейнелейді.

Қарасай топонимиясындағы фитоним атауларыда (өсімдік атаулары) кездеседі. Мәселен, *Үштерек, Жыңғылды, Долан(долана), Алмалыбақ*[1,28 б].

Өсімдіктерге байланысты қойылған атаулар халықтың тіршілігіндегі әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрін, наным-сенімдерін, шаруашылығын жүргізу әдістерін айқындауымызға қатысты қалыптасқандығын байқауға болады.

Жалпы алғанда, еліміздежер-су атауларының құрамы сандарға қатысына байланысты көбіне, 3, 5, 7, 40, жүз және мың т.б. цифрлар болып келеді. Сан есімдердің қатысуымен аталған жер-су аттарының мағынасы мен мазмұны бойынша әртүрлі болып келеді. Мысалы: *Үштерек, Үшқоңыр, Екі Нар, Кіші нар, Бесқарағай, Төрткүл* атаулары бар.

Сондай-ақ ойконимдер – елді-мекендер, халқымыздың дәстүрлі қоныстары болып табылатын қыстауы, жайлауы, күзеуі де кірген. Соның ішінде санға қатысты – *Үшқоңыр* жайлауын да айтуға болады.

Үшқоңыр – жалпы алғанда, үш алқаптан тұратын шүйгін шөбімен, таза ауасымен белгілі, жазда салқын, қыста жылы кең жайлау болып табылады. Бірінші қоңыр – Кебеже деген атауға ие. Ол қалған екі қоңырдан аласалау, тұрпаты төрт бұрышты кебеже, яғни, сандық сияқты алқапты. Екінші қоңыр – Бұрған деп аталатын (алқапқа Шыңбұлақ сайынан арық қазып су шығарған) алқабы. Бұл жерде, қысы-жазы

мекендеп отыратын елді мекен, кезінде Биокомбинат шаруашылығының қонысы болған. Үшінші қоңырды – Сәт жайлауы деп атайды. Бұл әйгілі Екі Нардың етегінде орналасқан. Тарихымызға үңілсек, 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісінің кезінде алғаш қазақтар ту тіккен жері болып табылады. Осы алқапта атақты *Ошақты* деп аталатын қырат бар. Ошақты дегеніміз – сол қыратта айнала үй тігіліп, көп ошақ қазылып, қазан асылып, ас пісіп, той мен астар өткізіліп отыратын болған [8].

Емеген - Қызылкүңгей өзені ағып жатқан үлкен сайдың күншығыс жағындағы жотадағы жайлауды атаған. Бұл жерде, шағын тоқтау су көлшігі бар. Кейде, бұл мекен, Райыс деп те аталады. Себебі, бұл жерде Райыс деген адам ұзақ жылдар күзетші (охранник) болып істеген болатын. Сол себепті, «Райыс отырған жер» деп аталып кеткен. Себебі, Райыстың өз ісіне жауапкершілігі, қаталдығы көпке мәлім болған.

Сондай атаулардың тағы бірі -Айғайтас. Шөл мен таудың қар басқан шыңдарының арасында жатқан көкмайсасымен, қайнар бастауларымен, шағын бұлақтарымен және биік тасты жоталарымен көзге ерекше көрінетін жасыл жайлау – Айғайтас деп аталады. Осы тасты жоталарға шығып, айқайлаған дауысың, көп жерге таралуымен байланысты пайда болған атау.

Ал «Көккезең» атауы Бесқарағайдан ары қарай, таудың қар басқан шыңдарына қарай жақын екі ортасында жатқан орасан, көк майсасы бар алқап атауы. Табиғаты тамаша жайлау. Жаз айларында шөптері көкпеңбек болып жайқалып, өсіп тұратындықтан Көккезең деп аталып кетеді[9].

Оронимдер – таудың, қыраттың, шоқының атаулары болып келеді. Аймақта оронимдердің арасынан кісі атына байланыстысы кездеспейді деуге болады, түсіне қатысты: Көктөбе, санға және жануарларға қатысты Екі Нар, көлеміне қарай Кіші Нар, табиғи ерекшелігіне байланысты Шөладыр, сыртқы тұрпатына қатысты Сәукеле, Мойнақтас деп аталатын қыраттар мен шоқылар бар.

Екі Нар атауы – Батыс жақтан шығысқа қарай шөгіп отырған нардың жотасына қатты ұқсастық болғандықтан, екі тауды осылай Екі Нар деп атаған деген болжам бар.

Кіші Нар – шығыс жағындағы аласа тау болып, ол Кішкентай Нар деп аталынып кетті,. Таудың батысында орналасқан аумағын Үлкен Нар деп аталынған. Екі таудың артқы жағында, таудың беткейінде үлкен ойпаты бар. Артында қар басқан биік таулар. Жаз айларында Екі Нардың шыңында қар жаумайды. Сол себепті, таулардың ең биік жотасында жасыл шөп өседі. Мұнда малдар жаздай жайылады[10].

Ал, *Шөладыр деп*, Қызылкүңгей және Қасқасу өзендері аралысындағы сайлы, қырқалы адырды айтады. Тау жақ беті Айғайтасқа жақын, соңы, Қаскелең қаласы мен Үшқоңыр ауылының бас жағына дейін келіп тұрған тау. Қайнары, бұлағы, өзен-сулары жоқ болғандықтан, Шөладыр аталып кеткен.

Көктөбе деп, Қасымбек сайы мен Қызылкүңгей өзендерінің арасындағы жұп-жұмыр болып көзге түсетін биік төбені атайды. Жаздың айларында жайқалып тұратын көк майса шөбімен ерекшеленіп тұратын болғандықтан Көктөбе аталды.

Сәукеле. О.Жандосов ауылының шығысынан төменге қарай. Қаскелеңнің оңтүстік-батыс шегіне қарай созылып жатқан жота. Сырттай, алыстан қарасаңыз, қыздың сәукелесі сияқты көзге түседі. Сол себепті, бұл жота, сәукеле деп аталған.

Мойнақтас. Қызылкүңгейлі өзенінің батысымен тауға қарай баратын жолда биік тас шоқыны кездестіреміз. Шоқының артқы жағын (батыс жағын) жол кесіп өтіп жатыр. Әлгі шоқының тасқа жалғасатын жері түйенің мойнына ұқсайды. Сол себептен, бұл шоқыны оны мойнақ тас деп атайды.[10,5 б]. Жұмыс негізінен Қарасай ауданының қазіргі ауылдық округтері мен ауылдары атауларының мағынасына қарай топтастырылды. Ауылдардың атауының тарихи оқиғалармен, табиғи ерекшеліктерімен, шаруашылығымен байланысты сырларына үңілуге мүмкіндік жасалды.

Десек те бұл атаулар биліктің ауысуына немесе жаңа құрылымдардың пайда болуына орай әр кезеңдерде өзгеріске түскені де белгілі. Мәселен, 1933-1935 жылдары болған Қазақстанның топонимикасындағы (аудандар мен ауылдардың атауларындағы) өзгерістер сол кездегі саяси контекст пен Кеңес Одағының идеологиясын көрсетеді. Бұл жаңа атаулар партия жетекшілерінің, революционерлердің және азаматтық соғыс батырларының, сондай-ақ ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің есімдерімен байланысты. Бұл сонымен қатар топонимикадағы модернизация мен әкімшілік өзгерістер процесін көрсетеді.

Өлкедегі топонимикалық атаулардың ерекшелігіне орыс тілінен енген атаулардың басым болғандығын да көруге болады. Мәселен, Қазан революциясының орнауы мен Азамат соғысы кезеңіндегі топонимдер арасында Чапаев, Бударино, Фрунзе атаулары бар. Ал Кеңес Үкіметінің қайраткерлері мен әскери қолбасшылардың құрметіне қойылған Калинин, Киров, Чапаев, Ленин, Путь Илича, Прямой Путьсынды мекендер атауы да кездеседі.

Ал тың игеру жылдары Казправда, Трудовик атаулары қолданысқа енсе, кеңестік өмір салты мен коммунистік идеология әсеріне байланысты Первомайское, Интернационал, Трудовик, Комсомол, Заря Востока, Авангард, Горнооктябрь, Октябрьдің 10жылдығы, Қызыл ту атаулары қойылған.

Сонымен бірге жер-су атаулары жаңадан қоныстанушылардың тарапынан өздерінің тілдеріне ыңғайлануы нәтижесінде қалыптасқан атауларды да кездестіруге болады. Мысалы, Бурундай (Боралдай), Джайлау (Жайлау), Известковое (Өктас) және т.б [11].

Көріп отырғанымыздай, мәтінде Алматы қаласы мен Қарасай ауданы шекараларының өзгеруі, соған орай ауданның өткені мен бүгінгі тарихына байланысты жер-су атауларының өзгеріске түсуі аталынып өтті. Десек те, көптеген елді-мекен атаулары тарихи оқиғалар мен жергілікті халықтың дәстүрі мен салтына, негізгі қағидаларына орай аталғандығына қарамастан әр түрлі кезеңдерде өзгеріске түсіп отырды. Ал бүгінгі егемен еліміздің тарихында бұл мәселеге де үлкен назар аударылып, өз кезегінде отарлау саясаты мен кеңестік билік тұсындағы атаулар қайта өзгеріп, өзінің ежелгі атауларын алып жатқандығы да рас. Елімізде «Мәңгілік ел», «Ұлттық мүдде» мәселелері кеңінен өріс алып, ұлт болашағы мен болмысы туралы ойлар туындағанда жер-су атауларының да өзіндік мән-мағанасы да болашақ ұрпақ жадына сақтауда маңызды рөлге ие. Халқымыз өзінің дархандылығы мен даналағы арқасында көптеген мәселелерге назар аударды және оны ұрпақ санасына сіңіруге тырысты. Біз бұны жоғарыда келтірілген жер-су атауларының қойылуы мен олардың түп мағанасынан көріп отырмыз. Тарихи зерттеулерде бұл мәселе де назардан қалмай, одан әрі жүйелене беруі қажет деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тастанбеков Ү. Қарасай ауданының жер-су аттары, <https://naqtygazeti.kz/kk/arasaj-audanyny-zher-su-attary/>
- 2 Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. 1-10 том. - Алматы, 1998-2007 жж.
- 3 Облыстағы кейбір ауылдық округтер мен ауылдардың атауларын өзгерту туралы Алматы облыстық мәслихатының 2007 жылғы 18 қазандағы N 2-18 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 18 қазандағы N 204 қаулысы. Алматы облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 20 қарашада N 1995 тіркелген
- 4 Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимиков Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1974. - 274 с.
- 5 Телжожа Жанұзақ. Қазақ ономастикасы. - Алматы, 2006. -142 б.
- 6 Бүркітбаева Ү. Жетісуым жеті құтым, ырысым. - Алматы: «Нұрлы әлем», 2009. -129 б.9.
- 7 Жүнісов Д. Сулы, нулы – Жетісу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. -180 б.
- 8 Махаева А. Тойшыбек би және оның заманы. Монография. – Алматы: Баянжәрек, 2006. – 5-145
- 9 Қонысы Қарасайдың құтты мекен / Қарасай ауданының 70 жылдық мерейтойына арналған инақ. – Алматы: «Кітап» баспасы, 1999. -238 б.
- 10 Жетісу энциклопедиясы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. -278 б.
- 11 Алматы облысының елді-мекен атаулары (этимологиялық сөздік). – Алматы, 2016. -208 б.

«СӨЗ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ» ҚЫСТАУ ПАЙДА БОЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ КӨШПЕНДІЛІКТІ СӨЙЛЕТУІ ТУРАЛЫ

БОЛАТ БОЛСАНБЕК

экономика ғылымының кандидаты
«Тұран» университетінің профессоры, зейнеткер
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада, ықлым заманда, қысы қатаң аймақтарда көшпелілердің, қыстан аман шығу үшін, объективті көптеген шаңырақтан тұратын «Жеті аталық экзогамиялық құрылымы – Әулет» пайда болғаны, туралы айтылады. Осы тұжырым «Сөз археологиясы» әдісімен дәлелденген. Бүгінгі IT технология мүмкіндігі жеті ата бойы қыз алыспайтын «Өз жұрты», «Нағашы жұрты», «Жиен жұртындағы» қыз алыспайтын туысқандардың тізімін неке қыйғанда, бала туғанда компьютердің жадына тіркетіп, «Жеті аталық экзогамиялық құрылымы – Әулетті» онлайн қалпына келтіруге болатыны туралы, ол үшін Президентіміз Жарлығымен жастар үйленгенде, бала туғанда үш жұрттағы қыз алыспайтын туысқандардың тізімін тіркеуге құқық берсе жеткілікті. Жарлық жеті ұрпағымызды: «Әке», «Бала», «Немере», «Шөбере», «Шөпшек», «Немене», «Туажатымызды» тұқым қуалайтын індеттерден ада етіп әмбебап бәсекелестікте қабілеттерін күшейтеді.

Тірек сөздер: Қыз алыспау, жеті ата, жеті ұрпақ, өз жұрты, нағашы, жиен жұрты, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.

Аннотация. В статье рассказывается о появлении в давние времена, в суровых зимних зонах кочевников, «Семиотцовских экзогамических структур - Аулет», состоящих из объективного множества шаныраков, чтобы пережить зиму. Это утверждение доказано методом «Археология слова». Сегодняшние IT-технологии говорят о том, что при заключении брака, рождении ребенка можно

составить список родственников «Өз жұрты», «Нағашы жұрты», «Жиен жұрты», которые не должны быть в браке в течение семилет, и восстановить онлайн «Семи поколенную список трех групп близких родственников -Династия», для чего Президент своим Указом, когда молодые люди вступают в брак, достаточно дать право на регистрацию списков трех видов родственников, которые не должны состоять в браке между собой. Указ усиливает конкурентоспособность семи поколений: «Отец», «Ребенок», «Немере», «Шобере», «Шөпшек», «Немене», «Туажата», исключает заболевания наследственными болезнями.

Ключевые слова: запрет брака близких родственников, семь предок, семь поколений, близкие родственники полинишотца, близкие родственники полиниматери, близкие родственники полиниш сестер братьев, отец, ребенок, внук, правнук, праправнук, прапраправнук, прапрапраправнук.

Annotation. The article tells about the appearance in ancient times, in the harsh winter zones of nomads, of the "Seven Father Zkogamic Structures - Aulet," consisting of an objective set of shanyraks to survive the winter. This statement is proved by the method of "Word Archaeology." Today's IT technologies indicate that when concluding a marriage, having a child, you can co-establish a list of relatives "Özjұrty," "Naғashyzhұrty," "Zhienzhұrty" who should not be married for seven years, and restore online "Seven-fold list of three groups of close relatives "Dynasty," for which the President by his Decree, when young people marry, it is enough to give the right to register lists of three types of relatives who should not be married to each other. The decree strengthens the competitiveness of seven generations: "Father," "Child," "Nemere," "Schober," "Shөpshek," "Nemene," "Tuazhata," excludes diseases of hereditary diseases.

Key words: prohibition of marriage of close relatives, seven ancestors, seven generations, close relatives of the father's line, close relatives of the mother's line, close relatives of the brothers' line of sisters, father, child, grandson, great-grandson, great-great-grandson, great-great-great-grandson, great-great-great-great-grandson.

Мәтін. Қазақ тарихының (көне заманнан бүгінге дейінгі) бес томдығында: «Б.з.б. I мыңжылдықтың бас кезінде-ақ Қазақстанның далаларында, шөлейт және таулы аймақтарында жартылай көшпелі және көшпелі мал шаруашылығы негізгі, ал содан соң үстем шаруашылық түріне айналды» (Қазақ тарихы, 2010: 216 б.), - делініп, ары қарай: «Сақ заманы құрылысының құрылымы схемалық тәртіптен былайша елестетуге болады: шағын отбасылар тобы (патронимия) – көшпелі қауым – тайпа – тайпалар одағы. Бұл құрылымның патронимия деп аталған төменгі ұясы өрбіген үлкен патриархаттық-рулық әулеттің – үлкейіп, табиғи бөлшектенуі нәтижесінде құрылды» (Қазақ тарихы, 2010: 226 б.), - деумен аяқталып жеті ата туралы ақпарат берілмеген. Менің іздегіміз, маған аманат етілген шежіредегі он ұрпақ атауының жеті ата аталарының қалай аталатыны болатын.

Амалсыздан, ғұлама О.О.Сүлейменовтің: «...устныйязык не прерывался: словарь тот несгораемый архив исторических сведений, который сохраняется для нынешних и будущих историков» (Сүлейменов, 2004, с. 390), - дегенін басшылыққа алып: «Баяғыда бай бопты, төрт түлігі сай бопты» деген сөз тіркесінің «сөз архологиясы», жеті ата жүйесі атауларымен қабаттаса «ықлым заманда», қыстау пайда болғанға дейінгі көшпенділер тіршілігінде объективті қалыптасқанын түсіндім.

Біріншіден, бүгінгі заманда кез келген шаңырақ, кез келген бір түлекті көбейтумен бай бола алады.

Екіншіден, қысы болмайтын аймақта, шөп дайындамаса да, бір шаңырақта: 1 келе түйе, 1 үйір жылқы, 1 табын қара мал, 1 отар ұсақ мал болса ол шаңырақты толық бай деуге болады. Сонда, төрт түлігі сай болмаса бай болуға болмайтын заман болған ба деген сұраққа жауап іздедім.

Шындығында, «ықлым заманда», қысында 2 метр қар жауатын аймақта, шөп дайындалмаған кезде, жағдай қалай болатынын көзге елестеттім. Осындай қыста қара малдар өзінің оттауын өз амалымен табады: түйелер оттауын жоғарыдан шалады, жылқы оттауын дөңгелек тұяғымен тебіндеп жетеді, қарамал айыр тұяғымен оттауын қыйнала айрады, ал ұсақ малға жұт келуі ықтимал. Осы қыйыншылықтан шығу үшін, қыстау пайда болғанға дейін, мүмкін «25 тыс. лет назад» (Нарымбаева-Уалиева, Отан тарихы №4, 2020) жылдың төрт мерзімі: қысы, көктемі, жазы, күзі, қайтадан қысы бойы үздіксіз шөп дайындамай малдың жағдайына байланысты көшіп-қонумен өмір сүретін ата-бабаларымыз «төрт түлігі сай болмаса», бай болмақ түгілі қыстан аман шығуының өзі қатерлі болғанын түйсініп, қысы қытымыр аймақта: «... қоғамының өзіне тән жағдайында қазақ халқы өзін орнықтыру үшін өз ішінде ғажайып тірек... - «Жеті аталық» зерде» (Назарбаев, 1999:б. 36-37), - қалыптастырған.

Қыстан аман шығудың мәні: жеті атаның әр буынында, әр шаңырақта кем дегенде екі ұл өмірге әкелінуі объективті «өлім-жітімсіз»: 1-ші буындағы 2 ұл 2-ші буында 4 ұл әкелсе, сәйкесінше 3-ші буындағылар - 8 ұл, төртінші буындағылар - 16 ұл, 5-ші буындағылар - 32 ұл, 6-шы буындағылар - 64 ұл, 7-ші буындағылар – 128 ұл өмірге әкеледі. Әр ұл шаңырақ көтергенде, еншісіне (ертеде екі енші ұғымы болған: бірі өзінің керегіне, екіншісі қонағына): 1 келе түйе, 1 үйір жылқы, 1 табын қара мал, 1 отар ұсақ

мал алады десек малдардың жалпы мөлшері 128 есе өсіп “баяғыда бай боптыны” қамтамасыз ететін деңгейде болады.

Демек, төрт түліктің сай болуы қыстан аман шығудың кепілі болған. Оның мәні: түйелер қалың қарды өз оттауын шалып омбыласа, олардың ізін басқан жылқылар өз оттауына жету үшін қарды тебіндеген, қара малдар сол тебінделген жерден өз оттауын шалған, ұсақ малдар ірі қаралардан соң өз оттауын тапқан, сол жердегі жайылым отталып біткенше күндіз оттауын тауып, түнде бірімен бірі ығысып (50 градус аязда өмір сүретін пингвиндердей) қыстан, қорасыз аман шығатын болған.

Көшпенділерде қыз алысуға болмайтын үш жұрт болған: кем дегенде 2 ұлдың әке жағынан «Өз жұрты», олардың әйелдерінің төркіні ерлі-зайыптылардан тараған ұрпақтарға «Нағашы жұрт», 2 ұлдың ұзатылған әкпе-қарындастарының балалары «Өз жұртына» - «Жиен жұрты».

«Өз жұртындағы» 7 Атаның (С. Кенжеахметұлы, 2006, б. 76) 7-шісі «Тек атаның» жетінші буындағы ұрпағы 128 «Туажат» өмірге келгенде 6-шы Түп атаның алтыншы буындағы ұрпағы 64 «Неменесі» өмірге келеді, осылайша 5-ші «Баба атаның» бесінші ұрпағы 32 «Шөпшегі», 4-ші «Арғы атаның» төртінші буындағы ұрпағы 16 «Шөбересі», 3-ші «Ата атаның» үшінші буындағы ұрпағы 8 «Немересі», 2- «Әке атаның» екінші буындағы ұрпағы 4 «Баласы» (әкелес), 1-ші «Бала ата» («Туажат») - «шаңырақ иесі» мен оның ағасы-емшектес) жаңа ұрпақтың бірінші буындағы «Әкесі» болуға дайындалады.

Қазақ үйлерін қатар тігіп сыйластық, қайырымдылықтағы жеті атаның жеті ұрпақтарының - «Туажат», «Немене», «Шөпшек», «Шөбере», «Немере», «Бала» (әкелес), Бала (емшектес) жиынтығын «Әулет», «Ауыл» деп атаған. Осы жеті атаның қыз алыспайтын «Жеті аталық» экзогамиялық бірлестіктігінің «Әулет» құрылымы 14-ші буыннан кейін береке-бірлігін сақтау, шашырап кетпеу үшін өзара қыз алысатын ел-«Ру» бірлестігіне біріккен. Ары қарай, «Рулар» 50-ші буында өзара қыз алысатын «жаңа ел», «Тайпа» бірлестігіне біріккен, 100-ші буында «Жүз» бірлестігіне бір «қазан» болып, «Қазақ» халқына айналған. Осы даму үрдісінің жүзеге асумүмкіндігі болмағандықтан: «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейміз. Егер, бабаларымыз «13 жаста отау иесі» болғандығын ескерсек, «ықлым заманда» («25 тыс. летназад») «Тек ата» тірі болса 85 жасында (12 жас x 7 + 1 жас) «Әулеттегі» «Туажатын» үйлендірген. Демек, біз білместіктен «буын» сөзін «жыл» деп «Елу буында ел жаңа, жүзінші буында қазан деуді» өзгерттік.

Осы, аталған «Нағашы жұрты» да, «Жиен жұрты» да «Өз жұртымен» және өзара қыз алыспайтын «Жеті ата» атауындағы экзогамиялық бірлестік - «Әулет», «Ауылды» қалыптастырған. Үш жұрттың әрқайсысы өздеріндегі «Өз жұртындағы» шежірелерін «Әулет» есімдері бойынша ел-«Ру» деңгейінде, ары жаңа ел-«Тайпа», ары «Жүз», «Қазақ» деңгейінде тарқатып, шыққан жақсы-жайсандарын біліп, мақтан тұтып, үлгі еткен. Қорытынды: «Жеті ата» зердесі үш жұрттан кіммен қыз алыспау керегін танытса; шежіре «Өз жұртыңнан», «Нағашы жұртыңнан», «Жиен жұртыңнан» (қыз алыспайтын «Әулеттік», қыз алысатын - «Рулық», «Тайпалық», «Жүздік», «Қазақтық») мақтан етіп үлгі етер ерендерінің есімдерін танытады.

Осы, жеті ата, жеті ұрпақ бойы өзара қыз беріп, қыз алыспайтын озық дәстүріміздің дұрыстығын әр ата-ананың туылған нәрестеге 46 хромосома беретіні: 23ХУ хромосома Әкеден, 23ХХ хромосомас Анадан болатыны дәлелдейді. (Хромосома туралы мәлімет қазақша - Shygharma.info/shygharma.info/hromosoma-turaly-m-limet-aza-sha/;) Демек, бабаларымыздың үйленгендерге «бір бас болдыңдар одақтарың ұзағынан болсын» дейтін баталары бүгін де бұлжытпай орындауды қажет ететін өміршең дәстүр. Жеті атаның жеті ұрпағының әр буынындағы өзара қыз алысуынан болатын тұқым қуалайтын аурулар туралы академик Берсімбаи: «Барлығы 5000-ға жуық тұқым қуалайтын ауру белгілі болса, оладың 2000 түрі ауыр мүгедектік тудыратын өзгерістердің нәтижесі. Тұқым қуалайтын аурулар хромосомалардың санындағы өзгерістерге немесе олардағы мутацияларға байланысты пайда болады.» (Берсімбаи, 10.03.2017: сұхбат), - дейді. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген осыны меңзесе керек.

«Сөз археологиясы», Есік қорғаны Алтын киімді Адам-ханзаданың киімінен табылған пластинадағы (тілімдегі) жануар бейнесінде жеткен жәдігердің «Жеті ата», «Жеті ұрпақ» тізбегін бейнелейтінін орнықтыратын уәждер (Болсанбек, 2020):

1. Аңдардың денесінің бұралып бейнеленуі ол дүние мен бұл дүниенің бірлігін паш ететін әдіс (Қажғали, 2003: с. 11-12) дегенін басшылыққа алсақ, жылқының алдыңғы мүшелерінің алға созылып жатуын және оны ораған сызбаның ұшталуын бұл дүниедегі «Жеті ұрпақты» меңзейді, артқы мүшелері және оны ораған сызбаның арт тұсында доғалануы «Жеті атаны» меңзейді.

2. «Жеті ұрпақ» жоқтан барды әкелетін кіндіктен басталады: іште - ұрық – нәресте – сәби сыбағасын меңзесе; кіндіктің кесілуі, нәрестенің «Бала» болғанын, 6 алдыңғы жіліктер — «бала», «немере», «шөбере», «шөпшек», «немене», 2 «туажатты» меңзейді.

2.1. «Жеті ұрпақ» сыбағасы, кәдесі «Бастан» басталады десек: 2 құлақ кем дегенде - «Өз

жұртында» қыз алыспайтын 2 Ұл болуын; 6 алдыңғы жіліктің «жауырындар» - Ересектердің, «тоқатай жіліктер» - Ортаншылардың, «кәрі жілік» - балғындардың өміршеңдік сыбағасы.

3. «Жеті ата» сыбағасы: жылқының «Басын» («Шекелерді») Тек ата «кенже-шаңырақ иесі» мен оның ағасы ұстаса; артқы бжіліктерді - «асықты жіліктерді» үйленбеген «Бала аталар», балалары шаңырақ көтермеген «Әкелер»; «ортан жіліктерді» әкесі бар «Арғы ата», «Баба аталар»; «Жамбастарды» Түп аталар ұстады.

4. Жылқының құйрығының екіге бұралып көкке көтерілуі – Бастың шекесін ұстаған аталар мен жағын, тілін ұстаған аналар (Адам ата, Хау анадан бастап) ол дүниелік болғанын меңзейді.

5. Балаларымыздың алтын тілімдегі бейнелеген жәдігері «Жеті ата», «Жеті ұрпақ» реті «Өзіңнен» басталатынын орнықтырады.

Жәдігердің тағы бір айтарын Х11-Х111 ғасырда өмір сүрген А.Йүгінеки бабамыз: «Тегім асыл» деп біреулер мақтанар, Мен айтайын тура жауап сақтанар, Бұ халықтың ата-анасы, тегі бір — Арасында айырма жоқ сақталар» (Сөз атасы, 1987: 6.9) — деп жеткізген екен.

Біз, бүгінде өзімізді «адамбыз», әлемдегі адамдарды «адамзат» дейміз, алатын нәрсені, алуға болмайтындай «алма» дейміз. Түрік тектілерден басқа адамзатта «алма» жемісін, оны алуға болмайды деген мағынада атаушылар болмайтыны рас болса Жаратушының Адам атаға діни кітаптарда ескертуін сол қалпында сақтағанымыз көшпенділердің жайылым игеру барысында әлемді шарлап өзімен бірге отырықшыларды да жаңа құрылыққа жеткізгенін, сол құрылықтарда орнығып халық болғандардың сөз құрамында көшпенділер сөзінің кездесуі кездейсоқ емес екенін «Сөз археологиясы» арқылы білетінімізді меңзейді. Қорытынды, тіліміз көнеден бастау алатыны да, зерттеушілердің – сөздің өміршеңдігі туралы пікірі де рас. Демек, «сөз археологиясы» арқылы «адамзат», «алма», «Жеті ата зердесі» ұғымдарымыздың қыстау пайда болғанша («25 тыс. летназад») объективті пайда болып «офлайн» жүзеге асқанын, бүгін біздің компьютер жадысы арқылы осы зердемізді «онлайн» қалпына келтіру, Мәңгілік Ел мәртебені көтеру мақсатымыз тарихи заңды жалғастық, сабақтастық деп түсінуіміз дұрыс.

Бүгін, «Жеті ата зердемізді» қалпына «онлайн» келтіруге де, сол «онлайн» зердемізбен қан араластырмай өмір сүруге де болады.

Ол үшін, бүгінгі ІТ технология мүмкіндігімен әр буында неке киюда, бала туғанда, олардың құжаттарына қыз алыспайтын «Өз», «Нағашы», «Жиен жұрттағы» туысқандардың аты-жөнін, жеті буындағы өзгерістерді қоса компьютердің жадына тіркеп - қыз алыспайтын туысқандарды жасанды жады «есіне сақтап, көңіліне түйіп» ұмытылмайтын етуге болады. Осы жағдайда, кез келген адам керегі болғанда, жаңа адаммен танысқанда компьютерден, танысушының қыз алыспайтын туысқанға жататын, жатпайтынын сұрап, анығын біле алады.

Ұсыныс. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі №2923 «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлығына ұқсас «Цифландыру, ІТ технология әдісімен ұлты қазақ азаматтардың жеті ата, жеті буын бойы: неке қыйғанда, бала туғанда үш жұртындағы қыз алыспайтын туысқандарының аты-жөнін жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы», - деген Жарлығының жариалануы.

Жарлықтың берері мол:

Біріншіден, Президентіміз Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлының аталған саяси шешімі: қыстау пайда болғанға дейін қалыптасып жүзеге асқан «жеті аталық зерде» - бүгінгі «ұлттық код» ретінде түсініліп - «Әлеуметтік ағзалардың түбегейлі өзгеруі мәдени және генетикалық кодтың өзгеруінсіз мүмкін емес.» (Әдістемелік құрал, 2017:б. 63), - екенін растап Рухани жаңғыруымыз антропологиялық кодпен толықтырылып, «жеті аталық зердеміз» озық дәстүрге айналып, Мемлекет Басшымыздың: «Нышандарымыз бірегей ұлттық кодымызды нақты әрі айқын көрсетуі керек» (Мемлекет Басшысының Сөзі, 17.06.2023), - дегенін жүзеге асырып «жеті аталық зердемізді» тек өз тектілігімізді танытатын айрықша брендiміз етеміз;

Екіншіден, осы Жарлыққа сай: «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексіне «Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу актісі кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалардың негізінде берілетін куәліктердің нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 498 Қаулысына: «... Т технология әдісімен ұлты қазақ азаматтардың жеті ата, жеті буын бойы: неке қыйғанда, бала туғанда үш жұртындағы қыз алыспайтын туысқандарының аты-жөнін жазуға байланысты ...» қосымша енгізу үрдісі басталады;

Үшіншіден, «сөз археологиясы» арқылы «Әулет» ұғымы: тек ер мен әйелдің неке киюы арқылы заңдастырылып «бір бас» (46 хромосома) болған жеті атаның үш жұрттағы («Өз», «Нағашы», «Жиен») жеті ұрпағы екені танылып - 46 хромосоманың 14 буын бойы алмасуындағы өзгерісін зерттеушілер

диссертацияларында 420 (ұрпақ алмасуы 30 жыл десек, 30x14) жыл ұзақтығында тұқым қуалайтын індеттің сырын ашып одан 100 пайыз ада болуға жеткізеді.

Төртіншіден, тұқым қуалау індетінен 100 пайыз ада болуымыз, тең жан-жақты ғылыми-техникалық, рухани, физикалық дайындықта, бәсекелестік басымдыққа қол жеткізеді. «Бөлінбеген енші» (Ақселеу Сейдімбек, 2008: б. 153) дәстүрімізді ұлттық идеямызға айналдырады. Қан тазалығын сақтауымызбен танысқан түріктестеріміз, адамзат тұқым қуалау індетінен ада болудың Қазақстандық жолын тандайды. Абай хәкім айтқан: «Сыйласарлық тектінің, Кім танымас нұсқасын?» (Абай, 2006: б. 117) биігінде, Әл Фараби ғұламамыз айтқан: «киіз» үйлі «қайырымды қала» (Әл Фараби, 1973: б. 211-391) санасымен салтанат құруға бет бұрады. Академигіміз Сәбден Оразалының: «Түбі Қазақ Мемлекеті өркениеттің төріне шығуы керек» (Сәбден, 2019: б. 134), - дегені орындалады;

Бесіншіден, Төле би бабамыз айтқан: «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін», - дегенінің мәнін де жете түсініп, ұғынып біртұтас «Мәңгі қазақ халқы, қазақстандық» болуымыздың жарқын болашағына қадамымызды нықтаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1 том. - Алматы: Атамұра, 2010. – б. 216; 226.

Сүлейменов О. Собрание сочинений в 7 томах: Т. VII. Публицистика /Сост. и вступ. ст. Сафара Абулло. – Алматы: «Атамұра», 2004. – с. 390

Амангельды Касымована Нарымбаева-Уалиева Специалист по истории археологических комплексов. К прототюркском происхождении языков мира.//Сборник материала I Международная Алматинская конференция в поддержку культурызнаний, посвященной 175-летию Абая на тему «Археология слова: языки, письменные памятники и история //Отан тарихы №4, 2020

Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: «Атамұра». 1999. - б. 36-37.

Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрі. – Алматы: ТОО “Алматыкітап”. 2006. – б. 76.

Хромосома туралы мәлімет қазақша - Shygharma.info shygharma.info/hromosoma-turaly-m-limet-azasha/https://www.akorda.kz

Рахметқажы Искендірұлы Берсімбай б.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, белсенді қоғам қайраткері, Абайдан алыстамайтын ғалым /Қазақ Әдебиеті – Qazaq Adebieti qazaqadebieti. kz › Сұхбат, 10.03.2017 сұхбат

Болсанбек Болат «Жемі ата зердесі» ұғымының мәні мен мазмұны ҚР ӘРМК Авторлық куәлік ғылыми туынды https://copyright.kazpatent.kz

Кажғали улы Алибек. Органонормента. – Алматы, 2003.- с. 11-12

Сөз атасы: Мақал-мәтел мен қанатты сөздер. – Алматы: Жазушы, 1987. – б. 9

Сүлейменов Олжас Собрание сочинений. Том 3. – Атамұра, Алматы 2004, – с. 258, 261; Том 4/2. – с. 314

Әдістемелік құрал. БАҚ үшін ақпараттық жариялауға арналған әдістемелік құрал. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Астана 2017, б. 6

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі 17.06. 2023 Akorda.kz https://www.akorda.kz

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі 26.11. 2022 Akorda.kz

Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы. Зерттеу. – Астана, Фолиант, 2008, - б.153, 154

Абай (Ибраһім Құнанбаев). Олең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай. 2006, - б. 117

Әл-Фараби. 4 том. Әлеуметтік философия: Этика. Эстетика. Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат. - Алматы: Ғылым, 1973, б. 211-391

Сәбден О. Абай, Қазақстанның болашағы және әлемдік цивилизация. – Аматы– 2019, б. 134

САКРАЛЬНЫЕ ПАМЯТНИКИ КАЗАХСТАНА: ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И СОВРЕМЕННОСТЬ

УТЕГАЛИЕВА АЛМАЖАН ДЖУСПОВНА

*кандидат исторических наук, старший преподаватель
Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан*

Аннотация. В статье раскрывается значение сакральных памятников Казахстана для исторической преемственности поколений, сохранения традиционного мировоззрения и духовных ценностей казахского народа.

Ключевые слова: сакральность, мавзолей, памятник, аруах, духовность, культура, история, традиции, преемственность, Великая Степь.

Аннотация. Мақалада Қазақстанның киелі ескерткіштерінің ұрпақтардың тарихи сабақтастығы, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен рухани құндылықтарын сақтау үшін

тақырыптың маңызы ашылады.

Түйін сөздер: қасиетті, кесене, ескерткіш, аруақ, руханият, мәдениет, тарих, дәстүр, сабақтастық, Ұлы Дала.

Abstract. The article reveals the importance of the sacred monuments of Kazakhstan for the historical continuity of generations, the preservation of the traditional worldview and spiritual values of the Kazakh people.

Keywords: sacredness, mausoleum, monument, aruakh, spirituality, culture, history, traditions, continuity, Great Steppe.

Богатая духовная культура казахского народа, населявшего Великую Степь с древнейших неолитических времен, сохранилась до наших дней в различных формах. Это нематериальные формы (музыка, песни, танцы, устное народное эпическое творчество и литература, вера, религия, традиции и обряды), и материальные: как природно-географического характера (пещеры, озера, скалы, каньоны, деревья и прочие места силы), так и рукотворных - в наскальных рисунках, древних городищах, юрте и ее убранстве, оружии, одежде, украшениях, посуде, предметах быта и пр.

Особую значимость в культуре народа имеют такие исторические сакральные сооружения, как памятники и мавзолеи, роль которых велика в духовной и материальной жизни народа. Осознание и достойная оценка значения исторических сакральных мест Казахстана как важной и неотъемлемой части духовного наследия казахского народа является основой духовного возрождения казахского народа, основанного на глубоких духовных и гуманистических ценностях общечеловеческого масштаба. Таким образом, знание основных сакральных артефактов казахского народа (уникальных объектов природы, мавзолеев и мест захоронения множества святых личностей и т.д.) усиливают понимание истоков, глубокого содержания и смысла народных традиций и исторических знаний, передаваемых из поколения в поколение. Когда мы говорим о всемирно признанных сакральных местах, наиболее известными памятниками религиозного паломничества являются Кааба в мечети аль-Харам (Мекка), Мечеть пророка (Медина), Храм гроба Господня (Иерусалим), Стена Плача (Иерусалим), ЗанданЖуу (Сандаловый Будда в Бурятии) и ряд других. Кроме того, у каждого из народов мира существуют свои особо почитаемые сакральные объекты, места силы, святые мощи или захоронения святых и известных людей.

Википедия дает объяснение слов сакральное, сакральность - (от англ. *sacral* и лат. *sacrum* — священное, посвященное Богу, лат. *ossacrum*, дословно «священная кость» - часть позвоночника наземных позвоночных, обеспечивающая его соединение с тазом — а в широком смысле — как всё, имеющее отношение к божественному, религиозному, небесному, потустороннему, иррациональному, мистическому, отличающемуся от обыденных вещей, понятий и явлений. В толковом словаре С. И. Ожегова слово сакральный трактуется, как “ритуальный, связанный с религиозным обрядом”[1].

Различные объекты сакральных мест Казахстана связаны с историческими событиями и персоналиями, большинство из них представлены суфийскими святыми средневековья, историческими деятелями нового и новейшего времени. Так же сакральными памятниками истории природно-ландшафтного происхождения, местами силы от природы по традициям казахов были истоки рек, ручьи, пещеры, одинокое дерево и т.д., балбалы, которые свято чтились потомками и превращались в места паломничества.

Необходимо отметить, что культ умерших предков являлся священной традицией у древнетюркских предков казахов, так как они были изначально тенгрианцами, поклонялись Тенгри-Отцу и матери Жер-Су-Ана (позднее Умай-Матери). В их философской картине сотворения мира сыны человеческие (люди), т.е. тюрки, рождены именно в точке слияния Тенгри как мужского начала Неба-Отца и женской “бурой Матери-Земли под ногами”. Поэтому после физической смерти тела человека его дух-душа возвращается в небо, живет там вечно, так же, как и само вечно синее Небо-Отец. Души умерших – это аруахи, они покровительствуют своим потомкам, которые в благодарность всегда их помнят и чтят[2]. Вспомним о саках, которые говорили персам: «когда вы дойдете до захоронений наших предков, тогда вы и увидите нашу настоящую силу». Это ярко отражается в поговорке казахов «Өлі риза болмай тірі байымайды (др.вариант «Өлі риза болмай тірі байыз болмайды»)» - «Если умершие не довольны, то живые не будут процветать».

Казахстан, достопримечательности которого свидетельствуют о богатой культуре, славится множеством мавзолеев. Уникальные монументы хранят память о великих правителях, храбрых воинах, которые оставили незабываемый след в истории народа, поэтому места их захоронения стали священными, заслуживают особого внимания. Мавзолеи казахских ханов, батыров, биев, святых разбросаны по всему Казахстану: от Аральского моря, до пустыни Бетпак-дала, на таинственных землях Мангыстау, песках Мойынкума и предгорьях Тянь-Шаня. Особыми традиционными центрами сакральных памятников Казахстана являются Туркестан в южном Казахстане и Мангыстау (Мангышлак) на западе

страны, именно здесь сосредоточены основные объекты поклонения паломников и места посещения туристов.

Так как любое исторически сложившееся сакральное место – это «портал», «канал» соединения прошлого с нашим миром, то через сами надгробные сооружения, их архитектуру, камни, настенные рисунки и надписи мы получаем информацию о том ушедшем в историю времени и его героях, ощущаем особую энергетику этих мест. Иногда сохранившееся оружие, доспехи, гончарная, деревянная или металлическая посуда и другие изделия, одежда, книги и рукописи, орнамент на этих предметах, многие другие артефакты, которые находятся в мавзолеях и захоронениях несут дополнительные более конкретные знания о предках и их времени, условиях жизни, возможностях, уровне развития ремесел и пр. Так как любое исторически сложившееся сакральное место – это «портал», «канал» соединения прошлого с нашим миром, то через сами надгробные сооружения, их архитектуру, камни, настенные рисунки и надписи мы получаем непосредственные фактические сведения и знания о прошлом времени и его героях, непосредственно ощущаем особую энергетику этих мест. Иногда сохранившееся оружие, доспехи, гончарная, деревянная или металлическая посуда и другие изделия, одежда, книги и рукописи, орнамент и многие другие артефакты несут более конкретные знания о предках и их времени, условиях жизни, возможностях, уровне развития ремесел и пр.

Но эта древняя традиция противоречит исламу, который запрещает поклоняться духам умерших предков, балбалам, возводить их в культ. В то же время казахи свято хранят эти “языческие” традиции и обряды (обязательно проводят поминальные жертвоприношения и обеды в третий, седьмой, сороковой, иногда сотый дни и годовщину после смерти, обязательно возводят мавзолеи или памятники на месте захоронения). Этим объясняется огромное число сакральных мавзолеев и мест захоронения у казахов, начиная с сакских курганов до известных казахских исторических личностей разных периодов истории – ханов, батыров, биев, мусульманских суфиев, целителей и др. Многие из них сохранились до нашего времени, либо ветхие и разрушившиеся от времени строения обновлялись позже. Таким образом, мы видим древние корни традиции почитания сакральных мест, поклонения им казахского народа. Такая традиция почитания духов умерших сохраняется и у ряда других народов мира - народы крайнего Севера, Алтай, (РФ), Кавказа, Латинской Америки и др.

Главным центром для паломничества и туризма к святым местам стал Туркестан и южный Казахстан, где расположены религиозные и культовые сакральные Мавзолеи - комплексы Кожа Ахмета Ясави (внесен в список Всемирная наследия ЮНЕСКО), Арыстан Баб, (XII в.), Тукти Шашты Азиз Баб, Хорасан Ата, Мазар и колодец УкашаАта, (IX-X вв.), КарабураАта, АкбураАта и др. Особым полюсом сакральности можно выделить некрополи и подземные мечети в Мангыстау: ШопанАта, Бекет Ата, Караман Ата, ШакпакАта, Темир Баба, Кенты Баба, Султан Эпе, Адай Ата и др.

Территорию Великой степи отстаивали, смогли сохранили честь и достоинство своего народа великие казахские ханы. Поэтому весьма почитаемыми являются *сакральные места, связанные с историческими личностями, это мавзолеи и захоронения казахских ханов*: Мавзолеи Карахана (г. Тараз), Жоши хана и Алаша хана (Улытау, Карагандинская обл), Есим хана и захоронение Абылай хана (г. Туркестан), Абулхаир хана (Актюбинская обл.), Жангир хана (Западно-Казахстанская обл.)

Благодаря духу и воле героев, живших и погибших ради сохранения целостности Родины, мы живем в свободной, независимой стране. Сегодня у нас есть возможность приблизиться к истории, посещая места захоронений великих казахских батыров Ағынтай и Карасай батыров (Центральный Казахстан), Раимбек батыра (г. Алматы), Махамбет батыра (Западный Казахстан) и некоторых других.

Интересными историческими и сакральными памятниками можно назвать мавзолеи известных казахских мыслителей, философов Коргыт Ата (Кызыл-Ординская обл.), Шакарима и Абая (Семипалатинская обл.), Машхур Жусупа Копеева (Павлодарская обл.) др.

Особыми местами поклонения являются мавзолеи казахских женщин и матерей, которые прославились своими талантами целительства, женской мудрости и красоты. Это очень популярные и часто посещаемые мавзолеи Домалак Ана, Гаухар Ана, Карашаш Ана, Айша Биби, Бабаджа хатун (Южный Казахстан) и др.

Не меньший интерес вызывают сакральные памятники природного наследия в Казахстане, которые создала великая волшебница – Природа. Это места силы, разные по своему ландшафту, но о каждом из них сложены легенды и мифы, которые передаются веками из поколения в поколение. Сюда едут люди в паломничество, поклониться духам этих великих мест с особой энергетикой, которые дарят исцеление и благие перемены в жизни. Это такие сакральные памятники природы как гора Акмешит (Улытау), гора Мұзтау (Белуха, Алтай), пещера Коныр-Аулие (Восточный Казахстан), гора Казыгурт, скалы Адам и Ева, Чарынский каньон, гора УнгурТас, водопад Жылаган-ата (Южный Казахстан) и др.

Интересными памятниками сакских племен древнего Казахстана являются их курганы в

с. Боралдай, Иссык, а так же комплексы Танбалы (Тамгалы), поселение Ботай и др., сегодня это очень востребованные туры. Знаменитый комплекс ТанбалыТас – это разнообразные петроглифы на скалах вдоль реки Или, которые создавались с древности до средневековья, в наши дни он является историко-культурным археологическим памятником, внесенным в список Всемирного наследия ЮНЕСКО. Все они являются сакральными местами для казахского народа, центрами паломничества и духовного очищения, бережно охраняемыми потомками. Поэтому уважение и почитание сакральных мест, традицию паломничества к ним, можно считать вечной духовной ценностью казахского народа.

С другой стороны, в традициях народов мира, а особенно Востока, нельзя осквернять сакральные места, вскрывать гробницы, об этом великом грехе известны разные легенды. Но современная наука пытается исследовать тайны истории, ведется поиск мест захоронений великих людей, таких например, как Чингизхан, Аттила, что стало бы мировой сенсацией. Так, известны и несчастья, которые постигли исследователей, вскрывших гробницы египетских фараонов как «Проклятье Тутенхамона», печальные последствия вскрытия гробницы эмира Тимура, разрушения мазара Машхур Жусупа Копеева и др.

Таким образом бережное отношение к сакральным местам, их сохранение, несет в себе исконный смысл поклонения и почтения предков как часть сакральных знаний казахского народа, бережно передаваемых из поколения в поколение во имя расцвета будущего нации.

Поэтому исторические памятники Казахстана в последние десятилетия активно подвергаются реконструкции, восстанавливаются в соответствии с сохранившимися историческими документами и фотографиями, традиционной архитектурной и орнаментальной символикой. Глубинным смыслом процессов реконструкции является прежде всего сохранение исторических памятников, привлечение внимания молодого населения для взращивания интереса к истории страны, что способствует развитию духовно-патриотических чувств у современной молодежи. В связи с этим можно отметить, что усиливается интерес населения страны к историческим сакральным памятникам, растет поток отечественных и зарубежных туристов и паломников.

Так же в силу своей доступности набирают популярность 3D-туры с эффектом присутствия на сакральном объекте. Большая работа ведется по созданию такого 3D-музея в Казахстане с цифровизацией сакральных мест культурного и исторического наследия, например, мавзолеев Ходжа Ахмет Ясави, Жоши хана, Айша биби. 3D-туры повысят туристическую привлекательность РК, позволят не только людям в разных частях света узнать о наших святынях, но так же помогут исследователям из разных стран в их работе. Необходимо отметить, что многие ширакши – хранители святого места, говорят о том, что в последние годы поклониться святыням казахского народа специально приезжают туристы и паломники из дальнего зарубежья, как России, Германии, Турции, США и некоторых других стран

Ведется большая работа по цифровизации архивных и библиотечных фондов РК по программе e-архив, создается портал e-культура для предоставления более полных данных по культуре сакрального Казахстана. Тема сакральной географии является достаточно актуальной в научном мире, большое количество исследований философов, историков, культурологов социологов, антропологов, кто изучает феномен сакрализации памятников в истории различных народов мира. В советский период данная тема в силу идеологического концепта не была особенно популярной и рассматривалась больше в философском аспекте. В наши дни выходят альбомы с картами и описаниями сакральных мест, среди которых особо следует отметить фундаментальный труд «Сакральная география Казахстана» [3], а так же есть ряд трудов ученых-исследователей данной темы[4].

В целом, сакральная география Казахстана становится все более популярным трендом современности как в форме туристических маршрутов, так и паломничества, в ходе которых казахстанцы и гости страны знакомятся с духовными святынями казахской земли и постигают сакральный смысл истории, культуры и традиций казахского народа, формируя “времен связующую нить” (М.Ауэзов).

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

Википедия <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

Ожегов С. И. «Толковый словарь русского языка». М.2017. <https://gufo.me/dict/ozhegov/>

Амрекулов Н.А. Чингисхан-2. Путь к раю: мировая история глазами номада. - М.: 2014.

Сакральная география Казахстана: Реестр объектов природы, археологии, этнографии и культовой архитектуры / Под общей редакцией академика НАН РК Байтанаева Б.А. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2017.- Вып.1-904

Маничкин Н Шаманизм и духовно-магические практики киргизов. М. 2020.

Логвин А.В., Шевнина И.В., Сеитов А.М. Кайыңды, комплекс //Сакральная география Казахстана, 2017.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ӘЙЕЛДЕР

НҰРЫМБЕТОВА Г.Р.

саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан Республикасы Президенті архиві
XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін
материалдарын зерделеу Орталығының басшысы
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада XX ғ. 30-40 жж. саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдыры зерделенген. Ресми түрде олардың негізгі деніне «Отанын сатқан отбасылар мүшесі» (ЧСИР) деген айып таңылып, әлеуметтік қауіпті элемент ретінде жазаланды. Ұзақ жылдар құпия сақталып келген архив құжаттарына сүйенумен Ә.Құлымбетова, Ғ.Қасаболатова, Х.Төлебаева-Жүнісбаева, Ш.Шонанова, Ж.Кенжина т.б. қасіретті тағдырлары көрсетілген.

Тірек сөздер: саяси қуғын-сүргін, отбасы, тоталитаризм, еңбекпен түзеу лагері, совет үкіметі

Аннотация. В статье изучается судьба казахстанских женщин, подвергшихся политическим репрессиям в 30-40 гг. XX в. Вся их вина состояла в том, что они были членами семьи врага народа. Официально за ними закрепился статус Члена семьи изменников Родины (ЧСИР) и осуждены как социально опасный элемент. До конца Великой Отечественной войны они томились в исправительно-трудовых лагерях. На основе архивных документов, ранее носивших гриф секретности, прослежены трагические судьбы Касаболатовой Г., Төлебаевой-Жунисбаевой Х., Шонановой Ш., Кенжиной Ж. и др., супруги которых входили в корпус политической элиты советского Казахстана.

Ключевые слова: политическая репрессия, семья, тоталитаризм, исправительно-трудовой лагерь, советское правительство.

Annotation. The article studies the fate of Kazakh women who were subjected to political repression in the 30-40s. XX century. Their whole guilt was that they were members of the family of an enemy of the people. Officially, they were given the status of Members of the Family of Traitors to the Motherland (CSIR) and condemned as a socially dangerous element. Until the end of the Great Patriotic War, they languished in forced labor camps. Based on archival documents that were previously classified as secret, the tragic fates of Kasabolatova G., Tolebaeva-Zhunisbaeva Kh., Shonanova Sh., Kenzhina Zh. and others, whose spouses were part of the political elite of Soviet Kazakhstan, are traced.

Key words: political repression, family, totalitarianism, forced labor camp, Soviet government.

Тәуелсіздіктің арқасында XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін мәселесіне қатысты ақтандақтар ашылып, ақиқатты айту жалғасуда. Осы мәселені тереңінен зерттеп, себеп-салдарын, мәнін ашуда отандық тарихшыларымыз М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Х.Әбжанов[1] және басқалары үлкен олжа салды. Қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеуге арналған кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып, тұлғатану бағытындағы ізденістер ауқымы кеңейді. Қуғын-сүргін құрбандарының естеліктері жарияланды. Осы жылдарда Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде саяси қуғын-сүргіннен жапа шеккендер мен оның құрбандарының құжаттар коллекциясы жинақталды. Бұл қорға естеліктер, суреттер, құжаттар тапсырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың бастамасымен 2021 жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның, өңірлік комиссиялардың құрылуы бұл мәселені зерттеуге жаңа серпіліс берді. Кешенді ізденіс бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, қуғын-сүргіннің ашылмаған қыр-сырының көп екендігін дәлелдеп отыр. Бұған мемлекеттік комиссия жұмысы аясында томдап жарияланған архив құжаттары дәлел.

Тоталитарлық жүйе ешкімді аяған жоқ. Әйелдердің саяси қуғын-сүргінге ұшырауы да ғалымдарымыздың назарынан тыс қалмағаны объективті құбылыс. Сондықтан осы бағытта ізденіс жүргізіп жүрген Қ.Сәрсембинаның, А.Жанбосынованың, А.Кукушкинаның [2] еңбектерін атап кеткеніміз орынды.

Саяси қуғын-сүргіннің шектен шыққан түрі «халық жауының» отбасын ойрандау, әйел, бала-шағасын қуғындау еді. Мұны біз айтуымыз да, айыптауымыз да керек.

Отбасын ойрандау үй иесін оқшаулаумен басталды. Большевиктер мұнымен ғана тынған жоқ. Олар тұтқындалған жанның әйелін де, балаларын да, тіпті жақын туған-туыстарын да аяусыз жазалады.

Ресми түрде «Отанын сатқан отбасылар мүшесі» (ЧСИР) деген атау таңылды. Әйелдер үшін арнайы лагерь ашты. Солардың біреуі қазіргі Астананың түбінде құрылған еді. Ол Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері (АЛЖИР) атауымен тарихқа енді. Мұндағы сәбилер 3 жасқа толғанда анасынан ажыратылып, балалар үйіне жіберілетін. Ақмола лагерінде мыңдаған қыз-келіншектер отырып, өз «жазаларын» өтеген. 1938–1953 жж. аралығында лагерьде 18 мың әйел жазалау мерзімін өткерген екен. Араларында Т.Рысқұловтың, Т.Жүргеновтің, С.Асфендияровтың, т.б. тұлғалардың әйелдері болды.

Сонымен, 1937–1938 жж. «Үлкен террор» НКВД құрығына ілінген кешегі билік басындағылардың өмірін қиды, әйелдерін соттап, отбасын тентіретіп жіберді.

Бұлардың басына түскен қасіреттің ауқымы мен зардабын елестету үшін 1-2 мысал келтіруге болады. 1937 ж. күзіне қарай Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің төрағасы, яғни мемлекет басшысы Ұ.Құлымбетов тұтқындалды. Содан кейін көрген күндерінің қысқа ғана сәтін қызы Орынша апай былайша еске түсіреді: «Күн сайын көрші-қолаң, тума-туыстардан ер адамдарды ұстап, түрмені толтырып жатыр деп естиміз. Бір күні кезек жиеніміз Таңатарға, Әйештің сіндісі Кеніштің күйеуі Сердалыға келді. Қамауға алынып жатқандардың көбісі – Құлымбетовпен бірге оқып, қызметтес болғандар немесе оның қолынан Қазақстанның он бес жылдығына арналған значок алғандар. Енді біреулері – әйелінің не өзінің туысы. Кейбіреулері ауыздарынан қағынып, Құлымбетовтың үйіне бармаса да, «бардым» деп мақтанғаны үшін де ұсталыпты» [3]. Ал Ұ.Құлымбетовтің әйелі Әйеш Құлымбетова 1938 жылы 21 наурызда тұтқындалып, КСРО НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1938 жылғы 10 маусымдағы шешімімен оған күйеуінің совет үкіметіне қарсы қызметін біле тұра, оны жасырды деген айып тағылып, Отанын сатқан отбасы мүшесі ретінде еңбекпен түзеу лагеріне 8 жылға айдалған.

Сол шамада, яғни 1937 жылдың 24 қыркүйегінде, қазақ поэзиясының сұңқары Сәкен де совет үкіметіне қарсы күрес жүргізу мақсатында құрылған ұйымның мүшесі ретінде тұтқындалып, 1938 жылдың 25 ақпанында атылады. Көп ұзамай 1938 жылдың 9 сәуірінде әйелі Гүлбарам тұтқындалады. Гүлбарам мен Ә.Құлымбетоваға шешім бір күнде шығарылған екен. Оған да күйеуінің совет үкіметіне қарсы қызметін біле тұра, оны жасырды деген айып тағылып, әлеуметтік қауіпті элемент ретінде 2 жылға бақылауға алынады. Қорғансыз халге түскен жары Гүлбахрам мен жалғыз ұлы Аян басы ауған жаққа кете барады. Жол үстінде бала қатты ауырып, көз жұмады.

Кешегі мемлекет басшысы мен үкімет төрағасының отбасы сергелдеңге түскенде қарапайым жандар не көрмеді десеңізші!

Қапастағы ана мен баланың азабына, қайғысына, зарына бей-жай қарау мүмкін емес. Бұл тозақтан кезінде Смольныйдағы текті қыздар институтын тәмәмдаған Рабия Асфендиярова, САГУ медицина факультетінде оқыған Дәмеш Жүргенова-Ермекова, гимназия түлектері Фатима Жандосова мен Ғайни-Жамал Қасаболатова, үй шаруасымен айналысқан Фатима Дивеева мен Хадиша Төлебаева-Жүнісбаева, т.б. өтті.

Жиырмамыншы жылдардың басында Қазақстан үкіметін басқарған Аспандияр Кенжиннің әйелі Жанат Кенжина 1938 ж. 22 наурызда жалған айыптаумен қамалып, 22 мамырда 8 жылға бас бостандығынан айрылғанда үйінде 5 баласы қалған екен [4].

Қасаболатова Ғайни-Жамалдың ері Алаш қозғалысының белсендісі, алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Есенғали Қасаболатов 1937 ж. 14 тамызда тұтқындалса, өзі 1938 ж. 14 шілдеде 2 жылға жер аударылады. Бірақ қазақ әйелдері жақсылықтан үміттерін үзбеді. Алматыдағы, Мәскеудегі құзыретті мекемелерге хат жазумен болды. Өзін де, күйеулерін де ақтауды өтінеді. Ғ. Қасаболатова 1939–1940 жж. КСРО Ішкі істер наркомы Л.П. Берияға, КСРО Жоғарғы кеңесінің президумына, ҚазССР Ішкі істер наркомы Н.С. Бурдаковқа хат жазған екен. Қазақстан НКВД-сына жазған хатында мынадай жолдар бар: «...1938 ж. шілде айында күйеуіме байланысты Алматы қаласынан 2 жыл мерзімге Оңтүстік Қазақстан облысына жер аударылдым. 7 балам бар, үлкені 17 жаста, кішісі 1 ж. 4 ай. 7 адамның – 5-і мектеп жасында. Менің өзім ешуақытта жұмыс жасаған емеспін, қазір де жұмыс істемеймін. Себебі емшектегі балам жиі ауырады. Мұқтаждықтан балаларымның бір бөлігін ата-анама жібердім, қалғандары өзіммен бірге. Совет өкіметінің алдында еш кінәм жоқ. Менің барлық өмірім жеті баланы туып, өсірумен, тәрбиелеумен өтті...» [5].

Жазалауға келгенде көз ілеспейтін жылдамдықпен жұмыс істеген күштік құрылымдар адамдарды ақтауға келгенде еш асықпады. Е.Қасаболатов 20 жылдан кейін (1957 ж.), зайыбы Ғайни-Жамал 50 жылдан кейін (1989 ж.) ақталса, Оңтүстік Қазақстан облысына жер аударылғанда 2 жаста болған қызы Раиса Советтер Одағы ыдырағанша ақталмай қала берді [5 қараңыз: №200, 201 құжаттар].

Қуғын-сүргін тарихын пайымдай отырып, заңсыздықтың адам сенгісіз түрлері орын алғанын көреміз. Айталық, Алаш қозғалысының белсендісі, совет өкіметі тұсында Алматы қ. хайуанаттар паркінің директоры қызметін атқарған Мырзахан Төлебаевтың әйелі Хадиша Төлебаева-Жүнісбаева Отанын сатқан отбасының мүшесі ретінде 1938 ж. маусымда 8 жылға еңбекпен түзеу лагеріне кесіледі. Күйеуінен 1929 ж.

ажырасып кеткені есепке алынбайды. Жанайқайына құлақ қойған адам табылмады. 1940 ж. Қазақстан прокуратурасына жолдаған хатында былай депті: «Мен Х.Төлебаева 1938 ж. 14 сәуірде Алматыда тұтқындалдым. Күйеуім 1937 ж. 5 желтоқсанда Алматы қ. тұтқындалды. Құжаттарым бойынша тегім Х.Жүніспаева (күйеуге тигенге дейінгі тегім). Күйеуімнен 1929 ж. ажырасқанмын. Мен кедей қазақ шаруасының қызымын. Балалық шағым Алматыға жақын ауылда өтті. Сауатсызбын. 50 жастамын, денсаулығымды жұмыста жоғалттым, сондықтан тұтқындалғанға дейін үй шаруасымен айналыстым, балаларыммен бірге тұрамын. Бұрынғы күйеуіме еш қатысым жоқ, сондықтан өзімді кінәлімін деп есептеймін. Менің ісімді қарауыңызды өтініп сұраймын» [6].

Үкім шыққаннан 4 жыл өткенде ғана Хадиша Төлебаева босатылуы керек екені мойындалды. Соның өзінде лагерьден 1943 ж. шығады. Балалары жан-жақ босып кетіпті. Ол аздайын 1956 ж. дейін өзінің заңды үйіне кіре алмай, көрінгеннің босағасында жүреді. КСРО басшысы Н.С. Хрущевқа жазған шағымында 10 м² кеңістікте 5 адам тұрып жатқанын айтады [6].

Осыған ұқсас тағдыр Алаш қозғалысының қайраткері, биолог-ғалым Жұмахан Күдериннің әйелі Т.Г. Насонованың да басынан өтті. Жұмахан Күдерин алғаш 1930 ж. «қазақ ұлтшылдары» ісі бойынша тұтқындалып, 2 жыл түрмеде отырғаннан кейін Воронежге айдауға жіберілген болатын. Бұлар Жұмахан сол айдауда жүргенде Воронежде 1934 ж. үйленген еді. Бірақ ресми құжат алмағандықтан азаматтық некеде тұрып жатты. Күйеуі «халық жауы» ретінде екінші рет 1937 ж. тұтқындалып, 1938 ж. 7 наурызда атылғаннан кейін 9 күн өте үйін тінтіп, ұзын-сонар тергеу амалдары жүрді. 21-шілдеде «әлеуметтік қауіпті элемент» Т.Г.Насонова 2 жылға жер аударылды.

Күдериндер әулетінің де аяусыз қудаланғанын айта кетуіміз керек. 1930 ж. әкесі Маусымбай, әкесінің інілері Ағыбай мен Бұғыбай қамауға алынады. Әкесі сол кеткеннен қайтпады. 1937 ж. 11-қыркүйекте інісі Маусымбаев Төлеубек ату жазасына кесілді.

Қазақ әйелінің асыл қасиеттерін ашқан құжаттар көп. Олар қандай қапаста отырса да, алдымен баласын, құдай қосқан қосағын, туған-туыстарын ойлады. Отанын сатқан отбасының мүшесі айыптауымен соттала тұрып, тергеуде де, сот үстінде де, мерзімін өтеп жүргенде де күйеуі, өзі – ешқайсысы контрреволюционер-ұлтшыл еместігін қаймықпай айта алғанын ерлік деп бағалауымыз керек. Басым бөлігі екінші рет тұрмысқа шықпастан дүниеден өтті. Бұлардың биік рухани-имандық адалдықтары балаларын нағыз азаматтық ұстанымда тәрбиелегенінен көрініп тұр.

Саяси қуғын-сүргін қасіретін ашуда сол заманның куәгерлері естеліктерінің орны ерекше. Азамат Төлебаев әкесі М.Төлебаев пен шешесі Хадиша Төлебаева-Жүніспаева тұтқындалғанда 13 жаста болған. Кейін өзінің естелігінде былай жазады: «...1938 ж. қаңтарында анам әкеммен кездесуге әрең қол жеткізді. Мені кіргізбеді. Анам әкемнен қатты жылап шықты: әкемді түні бойы мұзда ұстапты, әкемнің аяғы ісіп, қолдары дірілдеп тұр екен. Анам мен әкемнің әңгімесін күзетші бақылап тұрды.

Ақпанда анам екінші рет кездесуге рұқсат сұрады, бірақ оған үзілді-кесілді рұқсат бермеді» [7].

Ал күйеуімен соңғы кездесуге 1937 ж. 1 желтоқсанында барған Т. Күдерина-Насонова былай деп еске алады: «Мен декреттік демалыста едім, бірақ өзімнен 1 жастағы ұлымды ала келгенмін... Жұмаханнның түрі қорқынышты еді. Оның көздері жарқ-жұрқ етіп тұрды. Басы, қол-аяғы және бүкіл денесі дірілдеп тұрды. Оның түрі – жүні жығылған және азапталған адамға келетін» [8].

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақтың қайсар қызы Шахзада Шонанованың орны ерекше. 34 жасқа қараған шағында, 1938 ж. 5-қаңтарда Қылмыстық кодекстің (ҚК) 58-бабы, 10 және 11-тармақтарымен қамауға алынған ол тергеушінің алдау-арбауына түсіп қалған тәрізді. Әйтпесе, «алашордашылардың» әйелдеріне қойылған сұрақтар отбасы төңірегінде өрбісе, Шахзаданың тергеу хаттамаларын оқып, оны Т.Жүргенов, Б.Майлин, І.Жансүгіров деңгейіне көтергенін байқаймыз. 8-қаңтар күнгі жауабында 20-жылдары С.Сәдуақасовпен, Н.Нұрмақовпен, С.Қаратілеуовпен советтерге қарсы әңгімелерге араласса, 30-жылдары Т.Жүргеновпен, Жантілеуовпен, Қ.Жұбановпен, Баймұқановпен бірлесе идеология және мәдениет салаларында контрреволюциялық әрекетке барғанын «мойындайды». Қазақ университетінің ғимаратын өртеген де өзі екен-мыс.

Көздеген мақсаттарына жеткен тергеушілер Гитлин[9], Липень[10], Корнев[11] дегендер ҚК 58-бабы, 10 және 11 тармақтары айыпталушының қылмысын толық қамтымайды деген сылтаумен 17-қаңтар күні қосымша 2,8, 9 тармақтарды қосады. Алғашқы тармақтармен жауапқа тартылған әйелдер (Ж.Кенжина, Ф.Дивеева т.б.) 8 жылға кесілген еді. Шахзаданың «қылмысы» алашорда қайраткерлерінің бірі болып шықты. Тергеуші, Липень 18-қаңтарда айыптау қорытындысын жазуды аяқтады.

Сот мәжілісін күту 2 айға созылды. 1938 ж. 9 наурызда КСРО Жоғарғы соты Әскери алқасының отырысы жабық режимде өтті. Мұнда үш-ақ адам сөйледі: хатшы, төраға, айыпталушы. Ш.Шонанованы ату жазасына кескен үкім оқылды. 15.30 сағатта басталған отырыс 15.45 сағатта, яғни 15 мин. ішінде аяқталды. Сол күні үкім орындалды [12].

Осындай арандатуға кез келген тұтқын әйел түсуі мүмкін еді. Ең сорақасы – өмірден өтіп кеткен адамды куәгерге айналдырғандары, айтылмаған сөзді айтты дегендері. Мәселен, С.Сәдуақасов 1933 жылы ауыр науқастан қайтыс болған еді. Ал Әскери алқа үкімінде С.Сәдуақасов пен Т.Жүргеновтің тапсырмасымен Ш.Шонанова 1936 ж. Қазақ университетінің ғимаратын өртеді делінген.

Сол бір қасіретті жылдарда күштік құрылымдар мен сот жүйесі шындыққа тікелей қараудан мүлде алшақтағанын құжаттар дәлелдеуде. Әйтпесе, бір аптада жүздеген, бір айда мыңдаған «халық жауларын», алашордашыларды, шетел тыңшыларын т.б. әшкерелеу мүмкін емес қой. Кейбір айыптауларға бүгін де сену мүмкін емес. Біз қарастырып отырған саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырындағы ортақтық «Отанын сатқан отбасылар мүшесі» болуы. Олардың барлығына бірдей айып тағылған. Құжаттарды ой елегінен өткізе отырып, тағы бір байқағанымыз, күйеулері – өлім жазасына кесіліп, бұйрық орындалғаннан кейін әйелдері тұтқындалған. Бұл саяси қуғын-сүргіннің жоспарлы түрде жүргенінің тағы бір дәлелі.

Ұлы далаға большевиктер әкелген апаттан тұтас әулеттердің шаңырағы ортасына түсті, сүттей ұйып отырған отбасы ойрандалды. Шарасыздықтан үнсіз жылаған әке мен атаның, бірін-бірі іздеп шарқ ұрған ана мен баланың көз жастары бекер кетпеді. Соңғы 70 жылдан бері Қазақстан халқы қуғын-сүргін құрбандарын ақтауда, мұраларын, есімдерін, аманаттарын қайта жаңғыртуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы, 1992. 272 б.; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. 256 б.; Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді. – Алматы, 1993. 208 б.; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Екінші кітап. – Алматы, 2017. 656 б.; Әбжанов Х. Қазақстандағы қуғын-сүргін және ұлт менталитеті // Ақиқат, 2021. №5.
2. Сәрсембина Қ. Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер // Ақиқат, 2021. №7; Жанбосинова А. и др. Гендерный аспект политических репрессий (на примере Восточного Казахстана) // Мир большого Алтая, 2018. №4; Кукушкина А.Р. Акмолинский лагерь жен изменников Родины: история и судьбы. – Караганда, 2008. 248 с.
3. Ұзақбай Құлымбетов – қазақ билігінің ақсақалы: ғылыми зерттеулер, естеліктер және ғұмырнамалық хикаят / Құраст: Х.Әбжанов және т. б. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2022. 512 б.
4. ҚР ПА. 352 қ., 1 т. (Алматы қ.), 6071 іс. 6 п.
5. ҚР ПА. 352 қ., 1 т. (Алматы қ.), 2191 іс. 23-24 п.
6. ҚР ПА. 352 қ., 1 т. (Алматы қ.), 6091 іс. 33-35 п.
7. ҚР ПА. 122-Н қ. 1 т. 123 іс. 12 п.
8. Кудерина Л.Д. Геноцид в Казахстане. Москва, 1994 // ҚР ПА. 122-Н қ. 1 т. 81 іс. 27 п.
9. Гитлин Ефим Давидович – 1903 ж., Минск обл. дүниеге келген, ұлты – еврей. 1924 ж. ВКП (б) мүшесі. 1943 ж. соғыста қаза тапқан. Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссариатының Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының 3-бөлімі бастығының көмекшісі, мемлекеттік қауіпсіздік лейтенанты.
Липень Анатолий Иосифович – 1905 ж., Гомель обл. дүниеге келген. Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссариатының Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының 3-бөлімінің жедел өкілетті қызметкері, мемлекеттік қауіпсіздік лейтенанты.
Корнев Владимир Васильевич – Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссариатының Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының 3-бөлімінің жедел өкілетті қызметкері.
ҚР ПА. 352 қ., 1 т. (Алматы қ.), 6007 іс. 102 п.

ҚАРАХАН ӘУЛЕТІНІҢ ШЫҒУЫ ЖӘНЕ ҚАРАХАНДЫҚ ТҮРІКТЕРДІҢ ТАРАЛУЫ

ТОҚБЕРГЕНОВА З.С.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада X ғасырда Орталық Тянь-Шань мен Жетісу тұрғындарының қоныстануы, Қарахан әулетінің пайда болуы және билеушілердің жеке атақтарының мағынасының өзгеруі көрсетілген. Қараханидтер мемлекетінің пайда болу тарихы, олардың Оңтүстік Қазақстанды, Ферғана мен Мауераннахрды басып алуы, Қидан қозғалысының тарихы келтірілген, қағанаттың ішкі және сыртқы саясатының әр түрлі жақтары қарастырылған. Қарахан мемлекетінің негізін қалауда ең басты рөлді ойнаған тайпалар жөнінде, және олардың шығу тегі жағынан бір-бірімен байланысты тайпалар болғандығына тоқталынған.

Тірек сөздер: Қарахан әулеті, қараханидтер, яғма, жабғу, Тамғаш хан, Бұғра хан, Арслан хан.

Аннотация. В статье показано расселение народов Центрального Тянь-Шаня и Жетису в X веке,

возникновение династии Караханов и изменение значения личных титулов правителей. Представлены история возникновения государства Караханидов, оккупации ими Южного Казахстана, Ферганы и Мауэранныхра, история киданейского движения, рассмотрены различные аспекты внутренней и внешней политики каганата. Подчеркиваются племена, сыгравшие важнейшую роль в основании Караханского государства, и что они были родственные друг другу по происхождению.

Ключевые слова: династия караханов, караханиды, ягма, джабгу, Тамгаишхан, Буграхан, Арсланхан.

Annotation. The article shows the settlement of the peoples of the Central Tien Shan and Zhetysu in the X century, the emergence of the Karakhan dynasty and the change in the meaning of personal titles of rulers. The history of the emergence of the Karakhanid state, their occupation of Southern Kazakhstan, Fergana and Mauerrannahr, the history of the Kidanean movement, and various aspects of the internal and external policies of the Kaganate are presented. The tribes that played the most important role in the founding of the Karakhan state are emphasised, and that they were related to each other by origin.

Keywords: Karakhan dynasty, karakhanids, yagma, jabgu, Tamgash khan, Bugra khan, Arslan khan.

Қарахан әулетінің шығу мәселесі зерттеушілердің арасындағы ең күрделі пікірталасқа айналып отыр. Оның басты себебі қарахан билеушілерінің түріктің қай тайпасынан шыққаның дәлелдейтін жазба деректері жоқтығында жатыр. Сондықтан бұл әулеттің шығуы жөнінде көптеген көзқарастар қалыптасады. Соның ішінде алғашқылары болып Ж.Дегин мен орыс шығыстанушысы Х.Д.Френ Қарахан әулетін ұйғыр билеушілерінен шыққан деп пікір айтады. Олардың артынша мұндай көзқарасты Ю.М. Клапрот, И.Р. Абель-Ремова, К.Т. Рено, Г.А. Вамбери, Э.В. Бретшнейдер, В.В. Радлов, Ф.Г. Скраин, Э.Д. Росс, И. Маркварт және басқалары қолдайды.

Ал И.Хаммер-Пурешталь және Г.Вейль сияқты кейбір шетел ғалымдары қарахандық билеушілер түркімендерден шыққан деген ой тастайды (Караев, 1983:55). Бірақта олардың қарахандық билеушілердің ұйғыр немесе түркімен тарайды деген пікірлері шығыс авторларының қате мәліметтеріне сүйенгендіктен және оның бәрі шығыстық әдебиетте қолдау таппай, оның дұрыс еместігін шынайы тарихи дәлелдермен шығарылады. Мәселен Джувейнидің жазуы бойынша ұйғырдың билеушісі Бұқа хан Ордабалықтан батыстағы Түркістанға барып, Шу алқабында Баласағұн қаласын салады делінеді (Караев, 1983:55). Басқа да шығыстың авторларында ұйғыр билеушілерінің Шығыс Түркістандағы билігі Ыстық көлге дейін созылса, ал VIII-IX ғасырларда олардың иелігі мен Саманидтік мемлекетінің арасында Қарлұқ қағанаты тұрған. Оғыз түркімендері болса қарахандардың тықсыруымен Талас алқабынан одан әрі батысқа дейін ығысқан. Қарлұқтардың Жетісу мен Орталық Тяньшанда орналасуына қараған Ф. Гренард қарлұқтардың Жетісу мен Орталық Тяньшанда қоныс аударуға байланысты Қарахан әулетін қарлұқтардан шыққан деген болжам жасайды. Бұл болжамды Э.Шаваниде қайталап қана қоймай, қарахандықтардың ұйғырлардан шыққан деген теорияны үзілді-кесілді жоққа шығарады. В.В. Григорьев болса қарахандық әулетті бастапқыда ұйғырлардан шығарса, алайда кейін қарлұқтар саманиттік мемлекеттің шекарасынан шығыс бөлігінде өмір сүрген деп IX-X ғасырлардағы мұсылмандық авторлардың еңбектеріне сүйене отырып ол да қарахандықтарды қарлұқтарға жатқызады.

С.Г.Кляшторный да О. Прицак сүйенген деректер арқылы Қарахан әулеті қарлұқтардан шыққан деген осы пікірді қолдай отырып, бұрынғы қарлұқтардың билеушісі Білге құл Қадыр қаған Қарахан әулетінің негізін қалаушысы болған деген тұжырымдама жасайды (Кляшторный, 1972:44).

Ахмад Заки Валиди Тоған қарахандықтарды көк түріктерден бөлініп шыққандар қалаған дегенді алға тартқан. Оның айтуынша 766 жылы Жетісудағы билік қарлұқтардың қолына өтсе, ал Қашқар мен Қарашарда билік түргештер мен тоғызғоғыздар ықпал жасаған. Сондай-ақ автор Теменлені (Тумын қаған) Қарахан әулетінің негізін қалаған өкілдерінің бірі деп баға береді. В.В.Бартольдте Қарахан әулеті қарлұқ, яғма және шігіл деп аталатын үш халықтың бірінен шығуы мүмкін дегенді жаза отырып, бұл мәселені әлі де анықтау қажеттігін алға тартады (Бартольд, 1993:59).

Осылайша қазіргі уақытта Қарахан әулетінің шығуы жөнінде бірнеше көзқарастар пікірлер бар. Дегенмен олардың көпшілігі өздерінің еңбектерінде Қарахан әулетінің билеушілері Орталық Тяньшань мен оған жапсарлас жатқан облыстардан шыққаның жеткілікті түрде дәлелдеп шыққан. Яғни Қарахан әулетінің шығу тарихын зертеуде осы аймаққа тарихи-географиялық шолу жасаған маңызды орын алады. Осыған байланысты ортағасырлық авторлардың еңбектеріндегі Орталық Тяньшань мен оның маңайындағы облыстарында мемлекет құрған тайпалардың рөліне тоқталуымыз қажет. 745 жылы ұйғырлар қарлұқтар, қырғыз және басқа да тайпалардың көмегі арқылы Шығыс түрік қағанатын талқандауды аяқтап, өзінің жақын арадағы одақтастарын бағындыруға көше бастайды. Ұйғырлармен күресте Саян-Алтайдың басқа да тайпалары сияқты қарлұқтарда жеңіліске ұшырайды. Ұйғырдың қағаны Мойын Шораның құрметіне қойылған ескерткіште осы билеушінің әскерлері 755 жылы қарлұқтарды жеңгені жөнінде жазылған.

Шамасы бұл шайқас өте шешуші болса керек. Өйткені осыдан кейін қарлұқтардың басым бөлігі оңтүстікке қарай жылжиды да, сол жақтағы сәтті саяси жағдайды пайдалану арқылы 766 жылы түргештердің Шу өңіріндегі Суяб (Бартольд, 1963:259) деген астанасымен қоса барлық иелігін басып алады. Қарлұқтардың бір бөлігі түргештердің иелігіне түрік қағандарының тұсында-ақ кірген болатын. Қарлұқтар 751 жылы арабтардың жағында Талас шайқасына қатысса, 790-791 жылдары тибеттіктер мен шатонның құрамында ұйғырларға қарсы соғысады. Тарихи мәліметтерге сүйенсек қарлұқтар VIII ғасырдың үшінші ширегінде Қашқарияны, содан соң Ферғананы басып алып, Сырдарияға дейін жетеді. Қарлұқтардың қайтадан қуып шығу үшін арабтың жергілікті әкімі Гитриф бин Ата (792-793) Амра бин Джамилды Ферғанаға аттандырса, ал 816 жылы Фадл бин Сахл деген арабтардың келесі бірі қолбасшысы 816 жылы Отырардың түбінде қарлұқтардың балалары мен әйелдерін тұтқынға алады (Бартольд, 1963:275, 278). Осы мәліметтерге сүйенсек IX ғасырдың ортасында қарлұқтардың иелігі батысында Сырдария мен Ферғанаға дейін созылған.

В.В. Бартольдтың ибн Хаукал, Истахри, ал-Мукаддаси, Гардизи және басқа да шығыс авторларының жазба деректеріне сүйену арқылы қарлұқтардың IX-X ғасырларда орналасқан иеліктерін атап көрсетеді. Онда 766 жылы қарлұқтар Жетісу мен Сырдария өңірінің шығыс бөлігін басып алғанын жазады. Талас аңғарының шығысында қарлұқтардың үйлері тігілсе, Қасра Басада қыстаулары болған. Қарлұқтар Меркеден басқа Құлан қаласын да иеленген. Олардың иелігінде Барсхан қаласы болғаны туралы да мәліметтер бар. Шігіл мен қарлұқтардың шекарасы Тон және Талхиз мекендері бойынша өткен. Қарлұқтар Исфиджаб арқылы оғыздармен, ал Сырдария бойынша мұсылман елдерімен шекара бөліскен. Ферғанаға дейін жеу үшін қарлұқтардың жерімен 30 күн жүруді қажет еткен.

Ерекше атап өтетін мәселе қарлұқтардың иелігінде оларға тәуелді тухси, шігіл, арғу және тағы басқа да тайпалар қоныстанған. Дегенмен олардың арасында қарлұқтар саны жағынан өте көп болса керек. Кейінірек осы қарлұқтар Қарахан мемлекетін құруда ең басты рөл атқарып, әскерлерінің негізгі өзегіне айналған.

X ғасырда қарлұқ тайпалары Орталық Тянь-Шанның саяси өмірінде бұрынғыдай рөл атқара алмайды. Себебі бұл кезде олардың біртұтас билігі өмір сүруін тоқтақан еді. Өйткені қарлұқтардың жабғуы елдің басшысы болып саналғанымен, қалалар мен аудандардағы биліктер жергілікті қарлұқ және басқа да тайпа билеушілерінің қолында болғанынан қарамастан, Мұның бәрі жазба дерек көздері растай түседі. Мысалға, ордасы Ыстықкөлдің жағасында орналасқан шігіл тайпаларының басшысы тексин отырса, Тараздың билеушісі айлас деп аталды. Ал Суяб қаласының ялан-шах, тухси мен лабан тайпаларының билеушілері куртегин атауын иеленді. Бұл қалалар мен иеліктер өз әскерлерін ұстады және жауға қарсы бірнеше мың сарбаздарды шығара алатын (Бартольд, 1943: 37-38).

942 жылы қарлұқ иелігімен саяхаттаған Абу Дулаф былай деп жазады: «олар үнемі бір-бірін ренжітіп, қысым көрсетеді және бір-бірің көре алмайды» (Григорьев, 2020:35). Бұл мәлімет қарлұқ тайпаларының арасында өзара араздықтың күшейгені және X ғасырда саяси биліктен айрылып қалғанын көрсетеді. Сонымен қатар аталмыш дерек X ғасырдың бірінші жартысында өлкеде бір орталыққа бағынған мемлекеттің болмағанын және қарлұқтардың жабғуы Қарахан әулетін басқармақ түгілі өзінің қарамағындағы тайпалардың басын біріктіре алмағанын айқындап береді (Караев, 1983: 64).

Қарлұқ мемлекетінің ыдырауы IX ғасырда-ақ басталған болатын. 840 жылы саманид Нух ибн Асад қарлұқ жабғуының билігіндегі Исфиджабты басып алады. Одан да күшті келесі саманид Исмаил 893-94 жылы Талас алқабына жорықтар ұйымдастырып Тараз қаласын басып алады. Деректерге сүйенсек басқыншылар осы жорық кезінде он мың түрікті билеушісімен бірге өлтіріп, 15 мың адамды тұтқынға алады (Бартольд, 1963:282). Ибн ал-Асир мен Абу-и-фараджаның мәліметтері бойынша 906 жылы Исмаил түріктерге қарсы тағы да жорықтар ұйымдастырып Түркістанның көптеген жерлерін басып алады. Одан кейін де қарлұқтардың жабғуы Талас алқабынан бастап шығысқа қарайғы иеліктерінен айрыла береді. Ал-Мукаддасидің жазуынша Орда қаласының патшасы Исфиджабтың билеушісіне үнемі алым-салық төлеп тұрған (Бартольд, 1963:293).

Махмуд Қашқари Орда қаласы Баласағұнға жақын орналасқан дейді. Саманилер өздерінің иеліктерін қарлұқтардың есебінен ұлғайтып отырды. X ғасырда Ферғана жақтағы түріктерден Үзгенттің маңайындағы Хефтдех деп аталатын елді-мекенді тартып алады.

Махмұт Қашғаридің «Диуани *лұғат ат-түрік*» атты еңбегінің аудармасына берген ескертпесіне С.М.Муталлибов сөздікте кездесетін қарлұқтар билеуші халық ретінде емес, екінші деңгейдегі тайпа ретінде беріледі деп жазды (Кашғари, 2005:498). Шынында Махмұт Қашғари қарлұқтарға өте аз көңіл бөлген.

Яғни жоғарыда көрсетілген деректер О.Прицактың 840 жылдан кейін қарлұқтардың жабғуы өзін даланың толыққанды билеушісі және оның мұрагерлерінің Мауреннахрдың жаулап алушылар деген тұжырымының қате екенін көрсетеді.

Сонымен қатар О.Прицактың жазуынша яғма мен шігілдер қарлұқтардың ең маңызды үш руының қатарында болған дейді. Қархан мемлекетінің құрылуы мен оның саяси жағынан күшеюі барысында екі рудың арасында әскери-саяси одақтың қалыптасқаны анық. Бірақ бұлардың қарлұқ тайпаларына жататынына күмән туады. Шығыс авторларының мәліметтеріне сүйенген В.В.Бартольд яғма руларының тоғыз-оғыздармен этногенетикалық жағынан байланыста екенін жазады.

X ғасырдың II жартысында жазылған Әл-Хорезмидің «Ғылымдардың кілті» атты шығармасында оғыздар мен қарлұқтардың патшалары жабғу деп аталған (Караев, 1983:66). Мұны басқа да авторлардың еңбегінен кездестіре аламыз. Яғни әл-Хорезмидің заманында қарлұқтардың да билеушілері жабғу лауазымын иеленген. Жазба деректерде бірнеше түрік тайпаларының билеушілерінде байғу деген лауазымның болғанын және ол жабғудың бұрмаланған түрі деп келтіріледі.

Осыған байланысты XII ғасырдың екінші жартысында Самарқандтағы қараханидтік билеуші қарлұқтардың билеушісі Бейғу ханды өлтіргені туралы мәліметті атап кеткеніміз жөн. Бұл тұста В.В.Бартольд «байғуды» «жабғу» лауазымының бұрмаланған нұсқасы деп айтады (Бартольд, 1963:397). Егерде осы айтқандар шындық болса онда қарлұқтың билеушілері Қарахан әулетінің кезінде де осы лауазымды алып жүрген.

Қараханидтерде келесі ірі тайпалардың бірі яғма болған. В.В. Бартольд оны тоғыз-оғыздардың алдыңғы қатарлы бұтағы ретінде атаған (Бартольд, 1943:38). Сондай-ақ, яғмалар тоғыз-оғыз конфедерациясына кірген яньмянь тайпасы дегенде пікірлер бар. 981 жылы Ван Ян-дәнің саяхаты кезінде ян-мо тайпасы Гаочандағы ұйғырлардың арасында жетекші рөл атқарған.

Бірақ олардың ең басты бөлігі IX-X ғасырларда Орталық және Батыс Тянь-Шанда солтүстігінде қарлұқтармен көрші орналасқан еді (Бартольд, 1993:71). «Худуд ал-алам» шығармасының авторы яғмалар 1700 тармақтан тұрғанын жазған. Махмұт Қашғари болса яғмаларды Талас және Шу өзендерінің алқабында басқа тайпалармен бірге орналастырады (Кашғари, 2005:118, 387). Яғмалардың Жетісудің солтүстігіне қарай қозғалысын бұл өлкені Қарахан әулетінің басып алуымен байланыстырады. Жазба деректердің біріңде яғмалардың билеушісі бугра хан лауазымы болғаны туралы жазылады. Осы мәліметтің негізінде Қарахан әулетінің шығу тегі яғмалардан шыққан деген пікір қалыптасады. Шынында да яғмалар қараханидтер басқарған тайпалар одағында маңызды рөл атқарған. Алайда біз зерттеп отырған әулет яғмалардан шыққан деп айта алмаймыз. Оны мынадан көре аламыз. Мәселен Жүсіп Балағұн «Тыңда, яғманың асыл бекзадасы не айтып тұрғаның, оның ақылы кез-келген мәселені шеше алады», -деп жайдан-жай яғма бекзадасын атап кетпеген (Караев, 1983: 68).

XII ғасырдағы «Акбар-ад-даулет ас-сельджуйкийе» деп аталатын хроникада қарахандық топ көсемдердің бірі яғмадан шыққанын айтады. Махмұт Қашғари түрік тайпаларының тілін екі топқа бөледі: біріншісі оғыздар, екіншісі, шігілдер мен түріктік (қағандық). Мұнда тілдер бір-біріне қарама-қарсы қойылған. Яғма тілін ол оғыздар орналасқан топқа кіргізеді. Мысалы, автордың жазуынша яғма, тухси, қыпшақ, ябак, татар, қай, жұмыл және оғыз тілдері өзара туысқан делінеді. Яғни осы топқа кірген яғманың тілі одан тыс түрік тілінің басқа тобына кірген қарахандықтардың тілі болуы мүмкін.

Қарахан мемлекетінің негізін қалауда ең басты рөлдің бірін ойнаған түркештер болатын. Түркештер алғашы мәліметтерде олар моңғолдық Алтайдың оңтүстік-батыста мекендегені жөнінде жазылады (*Кляшторный*, 1964:34). Онда түркештер Батыс Түрік конфедерациясының бір саласын құраған. 711 жылы Шығыс Түрік қағанатының әскерлері Алтай, Ертісті басып өтіп Жетісудің солтүстік бөлігіндегі Нарын жазығында түркештерді талқандаған.

Тухси деген атау алғаш рет Орталық Тянь-Шан мен Жетісуда билік құрған қарлұқтардың қол астында жүрген кезінде аталады. Тухси-қарлұқтар туралы жазған Гардизидің мәліметін талдаған В.Ф. Минорский олар Іле Алатауындағы Қастек асуының батысында мекен еткен деген қорытындыға келеді. Махмұт Қашғари тухсилерді түрік тайпаларының қатарына қоса отырып, оны басқалармен бірге Іле алқабына қоныстандырады (Кашғари, 2005:399). Ал-Марвази болса тухсиларды түргештерге емес, қарлұқтардың қатарына қосады. Шығыс авторларының еңбектеріндегі мұндай қарама-қайшылықтардың себебі түркештер мен қарлұқтар Жетісудағы билікті алма-кезек алмастыруында жатса керек. Жазба деректерде түркеш тайпаларының Қарахан әулетінің саяси өмірінде араласқаны туралы мәліметтер кездеспейді. Бірақ тухси мен аздардың X-XII ғасырларда қоныстанған орындарына қарап олардың Қарахан мемлекетінің құрамына кіргені анық. Шығу тегі жағынан түркештер пен қарлұқтар, сондай-ақ Қараханның шығыс бөлігінде қоныстанған соғдылармен байланысты арғу тайпаларына тоқталып кеткен жөн. «Диван лұғат ат-түрікте» Арғу елі деп Баласағұн мен Исфиджабтың арасындағы өңірді атаған (Кашғари, 2005:66, 148). С.М.Муталибов Махмұт Қашғаридің лингвистикалық мәліметтеріне сүйене отырып, арғуларды XI ғасырдың бас кезінде жеті тайпаның араласуының нәтижесінде пайда болған этникалық қауымдастықты атаған деген қорытындыға келеді (Кашғари, 2005:30). Біздің ойымызша бұл араласуға соғдылар мен түрік халықтары, бірақ бәрінен бұрын оған қарлұқтар мен түркештер қосылған.

Егерде Махмұт Қашғаридің «арғу» деген сөзі «аралас» деген мағынада қазіргі «арғынға» келетін болса, онда жоғарыда көрсетілген пікірлердің дұрыс екеніне еш күмән келтіруге болмайды. Сонымен соғдылар мен арғулар Қарахан әулетінің шығыс иелігінің тұрғындары болған. Оғыздар ертеректе солтүстік-шығыс Моңғолияны мекендеген.

Истахридың дерегінде оғыздардың иелігі «хазар, қимақ, хазладжей, бұлғар және Журуджаннан Фараб пен Исфиджаб сияқты ислам аймақтарының шекарасына дейінгі жерлер» аралығында жатыр делінген. Ал Ак-Мукаддаси болса хазладжейлердің қыстауын Тараздың шығысынан 5 фарсах қашықтықтағы қарлұқтардың қонысына жақын орналасқан дейді (Қараев, 1983:72). Яғни оғыздар мен хазладжилер Талас алқабында бір-біріне көрші тұруы мүмкін.

Қарахан әулетінің саяси жағынан көтерілу барысында оғыз тайпалары Талас өзені маңайында қоныс тепкенін Махмұт Қашғариде айтып кетеді. Оның келтірген мәліметінде оғыздар мен шігілдер Талас алқабында бір-бірімен көрші ретінде өзара жауласып тұрған. Нәтижесінде оғыздар батысқа қарай көшіп кеткен. Шығыс авторларының ішінде түркімен деген атау алғаш рет ал-Мукаддасидің еңбегінде кездеседі. Оның мәліметі бойынша Орду қаласында түркімендерден патшасы өмір сүрген және ол жыл сайын Исфиджабтың билеушісіне сыйлықтар жөнелтіп отырған. Егерде ортағасырдағы Орду қаласын есепке алатын болсақ онда түркімендердің бір тобы қарлұқтардың арасында тұрған болып шығады.

Осылайша шығыс авторларының мәліметтері оғыздар мен түркімендер Қараханидтердің Мауреннахрды жаулап алудың алдында шығысында Талас алқабына дейін қоныстанғанын айқындайды. Ибн ал-Асир өзінің шығармасының бірінде оғыздар Самарқандтың қараханидтік билеушісі Арслан ханның әскерінің қатарында болғанын айтып кетеді (Қараев, 1983:73). Джувейнидің жазуынша 1158 жылы қарақытайлар Илек түркімен бастаған он мыңдық әскерді Хорезм шах Иль-Арсланға қарсы соғысып жатқан самарқандтық ханға көмекке жіберген. В.В. Бартольдтың божамынша Илек түркімен ертеректе Баласағұнның билеушісі болған (Бартольд, 1963:397). Дегенмен оғыздар мен түркімендердің Қарахан мемлекетін құруда белсенді түрде араласқанымен оның билеуші әулеті олардан шыққан емес деп толық айта аламыз. Өйткені бұл тайпалардың X ғасырдың аяғында Талас өзенінің алқабында одан кейін Мавернахрда қараханидтермен күресі дәлел бола алады.

X ғасырда Жетісудағы тұрғындардың бірі шігілдер Қарахан мемлекетінің құрамында шешуші рөл атқарған. В.В. Бартольд жазба деректерде кездесетін мәліметтерге сүйене отырып, шігілдерді Жетісудағы Ыстықкөл ойпатында орналасқанын анықтаған. В.Ф. Минорский болса шігілдерді Ұзынағаштан бастап бір шетін Ыстықкөлге дейін апарады. В.В. Бартольдтың Қарахан әулетінің шігілдерден шыққан деген болжамдары да шығыс авторларының мәліметтеріне сүйенген. Бұл авторлардың жазуынша XI ғасырда шігіл атаулары түрік халықтарының көпшілігіне қолданылған. Мәлікшах сұлтанның Мауреннахрға жасаған жорығында шігілдер Қарахан әскерінің ең басты әскери күшін құраған. Сондай-ақ оғыздар Амудариядан шығысқа қарайғы жерлерді мекендеген барлық түріктерді шігілдер деп атаған (Бартольд, 1993:71).

В.В. Бартольд өзінің бір жұмысында қаңлы мен қыпшақтардың бір-біріне туыс халық деп атаған (Бартольд, 1943:26). С.П. Толстов және С.Г. Кляшторный қаңлылардың шығу тегін Сырдария мен Аралдың жергілікті тайпалары қимақ-қыпшақтардың жаулап алуымен байланыстырған (Қараев, 1983:82). Жоғарыда көрсетілгендей Қараханмен күресте оғыз-түркімендердің басым бөлігі X ғасырдың аяғында Шу мен Таласты тастап кеткен. Шамасы осы уақытта, әсіресе XI ғасырдың қаңлылардың бір бөлігі Жетісуға келген. Махмұт Қашғаридың сөздігінде «қаңлы» деген атаумен халық мүлдем кездеспейді. XII ғасырдың бас сол кезде Іле бойын мекендеп жатқан қаңлылар қарлұқтармен бірге Баласағұнға қауіп төндіреді. Сондай-ақ олар моңғолдардың шапқыншылығының алдында Ыстықкөл мен Таластың аймағында мекендегені туралы айтылады. Әбілғазының дерегі бойынша қаңлылар Хорезмшахына кеткеннен кейін Талас пен Шудың алқабында он мың ғана шаңырақ қалған (Қараев, 1983:82). Бізге жеткен шығыс жазба деректерде Қарахан әулеті «Афрасиабтың «илханы», «илханидтері», түріктердің ал мулук ал-хаканиясы» деп аталған (Бартольд, 1963:131). Қараханидтер шамасы өздерінің биліктеріне заңды сипат беру үшін өздерін түріктердің есімі аңызға айналған атақты Афрасиабтың ұрпақтары етіп көрсеткен. «Бұғра» және «арслан» сияқты жануарлардың есімінің қасына хан деген лауазымды қосып айту қарахандық билеушілердің ең арасында көп тараған. Алғаш рет «бұғра хан» деген тотемдік лауазым 921 жылы кездеседі. Ибн Халдун бұл бұғра ханды түріктердің патшасы деп атаған (Қараев, 1983:90). Ал арслан хан деген лауазымды тұңғыш рет Сатықтың әкесі Базар ұстанған (Бартольд, 1963:130).

О.Прицактың ойынша «арслан» алғашында шігілдердің, «бұғра» яғмаларды тотемдері болған (Қараев, 1983:91). Өкінішке орай Прицактың бұл пікірі ешқандай да дерек көздерімен бекітілмеген. Әйтпесе яғма тайпаларының көсемі «бұғра» деген лауазымды иеленген. Оның үстіне Зарафшан алқабындағы халықтар түйені соғыс құдайымен байланыстырған. О.В.Обельченконың пікірінше түйе тайпалардың тотемі болуы әбден мүмкін.

Бұл мәселе шігілдер бойынша әлі түсініксіз. Бізге белгілісі жазба деректерде «арслан» шігілдердің тотемы болды деген мәліметтер жоқ. О.Прицактың жазуында Қарахан мемлекетінің әр екі бөлігінде арслан хан және бұғра хан деген лауазымдары бар өз ұлы және аға қағандар болған. Бұл тұжырымды толық дұрыс деп айта алмаймыз. Өйткені Қараханның жоғарғы және ірі билеушілерінде арслан хан лауазым бұғра ханға қарағанда көбірек кездеседі. Көптеген бұғра хандар жоғарғы билеушіге айналған соң арслан хан деген жаңа лауазымды алған. Алайда бұл мемлекет билеушісі үшін қатаң міндетті болып табылмаған. Мәселен, Батыс қарахан қағанатының жоғарғы билеушісі болған Ибрагим ибн Наср өзінің бұрынғы Тамғаш Бұғра хан деген лауазымын өзгертпей, одан әрі жалғастырып алып жүрген. Ұлы қаған Мұхаммед ибн Али болса жоғарғы билікке жетпей тұрып-ақ арслан хан лауазымын иеленген (Караев, 1983:91).

Сонымен, Қарахан мемлекетінің өмір сүрген жылдарында жекелеген лауазымдардың мәні өзгеріп, жаңа белгілермен толықтырылып, олардың әр түрлі кезеңдегі жалпы қолдану барысы бірдей болған жоқ. Мысалға XII ғасырдың екінші жартысында Тамғаш Арслан ханнан жоғары тұратын лауазымға айналады. Ал бұл кезде Самарқандағы қарахан билеушілері Қылыш-Тамғаш-хан деген лауазым ұстанса, ал Ферғана билеушілері Арслан-Қара-хан деп аталды. Қарахандар мемлекеті бұрынғы мемлекеттік құрылымдардың жай қайталануы болған жоқ. Қазақстан территориясындағы көшпелі қоғамдардың саяси құрылымдарынан айырмашылығы әскери басқару әкімшіліктен бөлініп шықты. Мемлекеттік-әкімшілік құрылым иерархиялық принципке негізделді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Караев О. *История Караханидского каганата (X- начало XIII вв.)* - Фрунзе, 1983. - 301 с.
2. Кляшторный С.Г. Эпоха Махмуда Кашгарского// *Советская тюркология*. 1972. №1.
3. Бартольд В.В. *Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии*. - Алматы: Жалын, 1993 г. - 192 с.
4. Бартольд В.В. *Туркестан в эпоху монгольского нашествия*. Сочинения. – Т. 1. – М.: Изд-во восточной литературы, 1963. - 573 с.
5. Бартольд В. В. *Очерк истории Семиречья*. – Фрунзе, 1943г. - 104 с.
6. Григорьев В. В. *Об арабском путешественнике 10 века, Абу-Долефе, и странствовании его по Средней Азии*. – СПб., 2020
7. Махмуд ал-Кашгари. *Диван Лугат ат-Турк/ Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой; индексы составлены Р. Эрмерсом*.-Алматы: Дайк-Пресс, 2005.- 1288 с.
8. Кляшторный С.Г. *Древнетюркские рунические памятники*. - М.: «Наука», 1964. - 214 с.

КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ САЯСИ – ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

МАЙДАНАЛИ 3.

*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Дархан А. Тарих-Дінтану білім беру бағдарламасының 2 курс студенті
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа. Заманауи тарих ғылымында көшпелілердің басқару, құқық, әлеуметтік жүйелерінің өзектілігін қайта құру, көшпелі қоғамның күрделі диалектикалық дамуы үдерісін толыққанды модель ретінде көрсетуге мүмкіндіктер береді, диалогы саяси әлеуметтік және рухани-мәдени өзара іс-әрекеттер қажеттілігінен туындайды деп айтуға әбден болады. Мемлекеттілік – бұл қоғам мен дамуы мен жетістіктерінің көрсеткіші сонымен бірге мемлекетті қорғау мен өркендетуге бағыттайтын идеологиясы, саяси, қоғамдық және мәдени бағдаршамы.

Тірексөздер: саяси - құқық, символдар, дәстүрлер, көшпелі қоғам, ғылыми парадигмалар, трансформация

Тарих ғылымы көшпелі қоғамдардың саяси-құқықтық жүйелерінің қалыптасуы мен қызмет атқаруы проблемаларына ұдайы назар аударып келеді. Тарих ғылымында адами қызметтің ерекше сферасын құрайтын билік және билік жүргізу қатынастарына арнайы назар аударылады және соған сәйкес саяси мәдениетке едәуір көңіл бөлінеді. Себебі, саяси мәдениет әлеуметтік құрылымның құқықтық қызметінің ерекше әдісі болып табылады. Тарих ғылымы үшін көшпелі тұрғындардың едәуір көлемін қамтитын дамыған көшпелі бірлестіктердегі мемлекеттік типтегі институттар туралы мәселені шешу кезек күттірмейді. Осыған байланысты келесі сұрақтардың зерделену дәрежесі мен зерттеу тіжірібесі

туралы мәселе туындайды: 1. Көшпелі қоғамдардың саяси құрылымындағы өзгерістер. 2. Түрік-моңғол бірлестіктеріндегі құқықтық дерек көздері. 3. Төре құқықтық нормаларының дамуы мен трансформациясы. Бұл үш мәселег жинақтай қарастыру зерттеу әдістері мен ізденістер дәрежесін толықтай айқындайды.

Орталық Азиядағы үдерістердің циклдығын есепке алмақ, онда бір көшпелі империяның күйреуі, әдеттебасқа империя тарихының бастауы болды. Бұндай үдерістер империяның ұйымдық құрылымдарының толық жойылуына әкеліп, сегменттелген этносаяси кеңістікті құруға мүмкіндіктер беріп отырған. Моңғол империясында XIII ғ. Үшінші ширегінде ерте мемлекеттік институттарымен қатарұлыстар деңгейінде де билік орталықтары құрылып, күшейе түскен. Тура сол уақыттарды Жошы мен Хулагидтердің батыс ұлыстарының бөлектенуіне қолайлы жағдайлар пайда болды. Көптеген империялардағы басқару институттарға мен саяси шаралардың белгілі бір дәрежедегі ішкі дифференциациясы көшпелілердің мемлекетке дейінгі және ерте мемлекеттік саяси мәдениетінде әр түрлі қатпарлардың болғаны турпалы айтуға мүмкіндік береді. Н.Н. Крадиннің [1, 192 б.]. Хунну империясына қатысты берген сараптамалық сипаттамасы өзіне назар аудартады: «Шынтауайтында хунну империясы өзінің анық мәнінде «тайпалық империя» болды, ондағы жаңа әскери-иерархиялық қатынастар көшпелілердің күрделі әулеттік- тайпалық жүйесін ауыстырудың орнына қатар өмір сүрді, тіпті онымен астасыпараласып кетті». В.В.Трепавлов [2, 31 б.] өзінің зерттеу ізденістері барысында көшпелі мемлекеттілікті құрудың ең кем дегенде төрт жолы мен әдісі болуы үлкен қорытындыға келеді. Олар: жазбаша тарих, тарихи жад, дәстүрлі құқықтық нормалар және мемлекеттік тәжірибе. Сонымен, бұндай деректерде сақталған ақпараттың интегративтік сипаты тарихтағы көшпелі саяси құрылымдардың сипаттамасын жасауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Р.Ю. Почекаевың [3,530 б.] көшпелі қоғамдардағы құқық дереккөздері және құқықтық қатынастардың пайда болуы проблемаларына жүйелі келесі қызығушылық оятады. «Төре-тәртіп,заң,салт, дәстүр»- бұл құқықтық жүйе ежелгі түріктер дәуірінде пайда болған көшпелі қоғамдардың құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.Төренің көшпелі қоғамның құқықтық жүйесіндегі орны туралы тарихшылар әртүрлі пікір айтады, кейбіреулері, тіпті бұл ұғымды мейлінше кеңейтілген мағынада қарастырады да оған –держава, билік деген түсіндірме береді.

Мәселенің зерделену дәрежесін сараптай келе, Р.Ю. Почекаев [3] келесідей пікір айтады: «Бүгінгі таңда Төреге қатысты түрік-моңғол халықтары мен Моңғол империясының құқықтық жүйесінде бірқатар көзқарас бар екені белгілі. Шетелдік зерттеушілердің көпшілігі Төрені Түрік қоғамындағы өзара қатынастар мен іс-әрекетерді реттейтін нормалар мен ережелер жиынтығы деп түсіндіреді. Бұған халықтың ежелгі салт-дәстүрлерімен қатар монархтар мен билеушілер дайындаған құқықтық нормаларды да қосады. Басқа бір топ ғалымдардың тарихи парадигмасы бойынша Төренің халық арасындағы «Йосун» дәстүрлерінен айырмашылығы ол монархтың құқық шығару қызметінің өнімі болды және өзінің шеңберіне халықтың әлеуметтік және жеке өмірі мәселелерін реттеуді де кіргізді. Сонымен бірге Түрік халықтарына тән Төре термині Шыңғыс хан билеген кезеңдегі моңғолдар арасында кеңінен тарап, сол күйінде пайдаланыла бастады, бірақ, Шыңғыс хан және оның ұрпақтары оның атауын «Ясы» деп өзгертіп алды. Тіпті Түрік халықтарының өздері моңғол жаулап алуларынан кейін төл термині «Төреден» бас тартып, оларға бөтен «Яса» терминін қолдана бастады, бірақ, терминнің мазмұны өзгерген жоқ, құқықтық нормалар жүйесі «Төреде» қалыптасқан нормаларды пайдалануды жалғастыра берді»- деп қорытындылайды Р.Ю. Почекаев. Тарих білімінің жалпы үрдісі мен біртұтас ағыны бойынша төре құқықтың қолданыстағы көзі болып қала берді және моңғолдардың жазба заңнамасы мен мұсылман құқығымен XIV ғ. бастап Шыңғыс ұрпақтары билеген мемлекеттерде тұрақты қолданыста болды.Заманауи тарихнама құқықтық дереккөздерді көшпелілердің құқықтық жүйесінде белгілі бір орны бар, реттеудің белгілі бір сферасы ретінде жариялайды. Р.Ю. Почекаев тарихи-салыстырмалы және теңдестіру әдістерін қолдану арқылы келесідей қорытындыға келеді: «Жошы Ұлысының құқықтық жүйесі өте тартымды тарихи-құқықтық феномене – моңғол және түрік құқықтарының элементтерін ұжымдастыра қолданудың үздік үлгісі. Дәстүрлі және мемлекеттік құқықтардың және исламның құқықтық дәстүрлерін жинақтап, пайдаланған құқықтық феномен болып табылады».

Осындай және осылар секілді басқа да мәліметтердің болуы В.В.Трепавловқа [2, 39-41б.] төренің құқықтық жүйедегі орны туралы өзгеше пікір білдіруіне мүмкіндік берді. Моңғол құқығында Ясамен қатар қолданылған бұл институтты сараптай келе В.В.Трепавлов оларда қолдануды қаррама-қайшылықтардың орын алмағаны туралы айтады. Себебі, олардың (Төре мен Яса) реттеу сфералары өзгеше болған. Егер Яса тұрмыстық шектеулер қойып, қылмыс үшін жаза тағайындаса, Төренің негізін «әкімшілік» заңнама құрады, ол « монархтың өкілеттігі сферасы болды».

Заманауи тарих ғылымының зерттеу тәжірибесі ортағасырлық қоғамдық ой-сананың атап айтқанда, моңғолдардың қалыптасқан санының ерекшеліктеріне сүйене отырып, төрені нормативті ережелер жиынтығына жатқызбайды. Ежелгі түріктер мен ортағасырлық моңғолдардың даму деңгейін

сарпатай келе ғалымдар келесідей қорытынды шығарады: аталмыш қоғамдарды құқықтық нормалар адамдардан емес, тіпті монархтардың да емес- олар құдайдан деген терең сенім болған.

Төренің ерекшеліктері мен қайшылықтары туралы Т.Д. Скрынникова [4, 476.] жазды. Оның анықтауы бойынша, Төре «әзірше киелі емес заңның мән-мағынасы». (бұл «дхарма» ұғымына сәйкес келеді). Төренің ережелері мен нормаларын мойындау табиғат пен қоғамда тепе-теңдік пен үйлесімдікті қамтамасыз етеді. Төреде зертеушінің пікірі бойынша қос тарапты мән бар: бір жағынан – бұл қоғамдық іс-әрекеттер және ондағы өзара қарым-қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы, екінші жағынан биліктің қасиетті, киелі белгісі, билеушінің заңды екенінің, ақиқат екенінің критеріі. Әртүрлі буын зерттеушілері С.Г.Кляшторный, Л.Н. Гумилев, Н.Н. Крадин ежелгі және ортағасырлық моңғол мемлекеттеріндегі билеушінің рөлін қасиетті функцияларды бойына сіңірген, Аспан мен қоластындағы көшпелі қоғамдарды біріктіруші ретінде көрсетеді. Монархтың міндеті қоластындағыларды қорғау, олар көк аспанның қамқорлығымен қамтамасыздандыру, қоғамдық қатынастарды үйлесімділікке жету және қоғам мен мемлекетте тәртіп орнату болып табылады.

Қалай болғанда да, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен заманауи сраптамалық әдістер көрсеткеніндей төре ұғымы түріктерде де, моңғолдарда да ең алдымен билік, басқару, монархтың мәртебесі мәселелерімен тығыз байланыста болған. Өз кезегінде ханның заңнамалық жұмыстарының өнімі әлеуметтік құқық дерек көзі ретінде белгілі бір дәрежеде халық дәстүрі «Йосунға» қарсы қойылды. Мұндай өзгерістер күшті, орталықтандырылған мемлекеттің пайда болуымен байланыстырылды, және төре мемлекеттік аппарат пен оның функцияларын құқықтық негіздеу үшін қызмет атқарды.

Зерттеу парадигмалары түрік тайпалары қолданған төре мен Шыңғыс ханға дейінгі моңғолдар төресі арасындағы едәуір айырмашылықтарды көрсетіп берді. Ертетүрік мемлекеттерінде төрені құқық шығармашылығымен шұғылданған билеушілер жасады. Бұл құқық шығармашылығы туралы атақты Орхон жазуларында және басқа да руникалық жазба ескерткіштерінде сақталған. Аталмыш жазбаларда «Төре» термині жиі кездеседі және хан заң шығармашылығының өнімі екендігі атап көрсетіледі». В.В.Трепавловтың [2, 40-41] пікірі бойынша төре реттейді дейтін мәселелер (оң және сол қанатқа әкімшілік бөлу жүйесі, жоғары лауазымдарға ұсыну тәртібі, халықтарды жаулап алу және бағындыру, табыстар мен олжаны бөлу) ешбір нақты дереккөздерін мәліметтерімен құпталып расталмастан гипотеза деңгейінде қалған жайы бар. Көрсетілген іс - әрекет сфералары тек қана моңғолдарға тән емес Еуразия көшпелі империяларының көпшілігіне тән еді. Сондықтан тарихшылардың басым бөлігінің есептеуінше бұл сфераларды мемлекеттік реттеу нормаларынан гөрі халықтың салт - дәстүрлерін жатқызған тән болады.

Нақты құқықтық нормалар жүйесінен қағидалар жиынтығына айналған төре моңғол қоғамы құқықтық жүйесінің ажырамас бөлігі болып қала берді. Бұл хан үшін де, қараша үшін де ортақ міндеттілігі моңғол ақсүйектері әлеуметтік тобына хан билігіне шектеу қоюға және құқықтық нормаларды жеке мүдделеріне пайдалануға кең жол ашты. Юриспруденция аяғына жаңа тұрып келе жатқан кезеңде, әсіресе халықтарда жазу жоқ кезеңде құқықты ақсүйектер өкілдерінің түсіндіруі кәдуілгі құбылыс сипатын алды.

Сонымен, зерттеу парадигмалары көрсеткендей, төре дәстүрлі құқық «Йосунмен» қатар ортағасырлық моңғол құқығының дерек көздері жүйесін құрады. Аталмыш құқық жүйесінің сипатты белгілерін діни көзқарастарымен тығыз байланыстылығы, өзгермейтіндігі және айқын еместігі жатады. Әлеуметтік-саяси тұрғыдан төре бірте-бірте хан билігінің мүдделеріне бағындырылды: Төрені ханның өзі түсіндіретін болды, оның қағидалары хан мен мемлекеттің мүдделеріне сәйкестендірілді. Р.Ю.Почекаевтың көрсетуінше өзінің эволюциялық дамуы барысында төре бірқатар өзгерістерге ұшырады, Түрік халықтары мен мемлекеттерінің құқықтық нормалар жүйесінен құқықтық нормалардан және моңғол тайпаларының салт-дәстүрлерінен артық, жоғары қойылды да, Төре Тәңірдің билігі мен көк аспанның беделіне айналды.

Нақты тарихи зерттеу тәжірибесі бірқатар маңызды методологиялық мәселелерге назар аудартады. Көшпелі қағандардың саяси-құқықтық жүйелерінің қалыптасуы мен қызмет атқаруы мәселелерін зерделеуде белгілі бір динамика бар. Бұны тарихи ой- сананың өзінгі кезеңдегі дамуы деңгейі көрсетіп отыр. Бұл үдерістер көшпелі қоғамдардың әлеуметтік- саяси құрылымында, басқару жүйесінде, құқық дерек көздері мен нормаларында өз көрінісін тапты. Тарихнамалық сараптау бойынша әлі де бірқатар шешімін күткен және зерделенуі жетіспейтін проблемалар бар. (мысалы, құқықтық жүйелердің ерекшеліктері және оларды моделдеу). Көшпелілердің мемлекеттілігі және саяси дамуы бойынша пікірталастардың қазіргі кезеңі көрсеткендей көшпелілердің құқықтық басқару жүйелерін бағалаудың ортақ критерийлерін жасау және оларды жіктеу қасиеттілігін тарихты ғалымдардың алдына қойып отыр.

Заманауи тарих ғылымының зерттеу тәжірибесі көшпелі құрылымдардың ерекшеліктерін көрсету арқылы төре ұғымын тек қана нормативтік ережелер мен ұстанымдар жиынтығын жатқызуға

болмайтындығын дәлелдеді. Тарихи танымның ретроспективті санаты және жаңа тәсілдерді талдап жасау қажеттілігі тербелістер мен өзгерістерге бейім оқиғаларды бағалауды тарихи дерек көздерін зерделеу арқылы жүзеге асыруды қалайды. Негізгі міндет тарихи дерек көздері мен ғылыми-тарихи ой-сананы табиғи ұштастыра отырып, тарихты жасайтын барлық факторларды жан-жақты есептеп, соларға негізделіп тарихи синтездеуді жүзеге асыру болып табылады. Тарихнамалық теориялық негіздерін түсінуге сыни, жаңаша көзқарасты оны зерделеудің жаңа тәсілдерімен ағастыра зерттеуіне қол жеткізу тарих ғылымымен жаңа «перспективті» жағдайлар жасайды.

Тарихтың өткен тағы біз үшін тарихнамалық дерек көздерден ашылады және олардың көпқырлылығы соншалықты, тіпті заманауи гнесология көзқарастары бойынша тарихнаманы зерделеу әдісін кешенді әдіс ретінде қарастыруға болады.

Тарихи таным проблемасы ретінде тарихнамалық дереккөздерге кешенді тәсіл тарихи ақиқат секілді зерделеу объективтісінің өзімен анықталады, және оның көптүрлілігіне есепке ала отырып зерделенуі- тарихи ой-сананың заманауи қозғалысы құқық дереккөздерін көшпелілердің құқықтық жүйесіндегі орнына маңызды деп санайды және реттеудің белгілі бір сферасы ретінде қарастырады.

Сонымен, тарихнамалық деректердің ақпараттың интегративті сипаты авторға көшпелі саяси құрылымдардың болмысын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеушінің анықтауы бойынша: «Бүгінгі таңға дейін анықталған дереккөздері кешені көшпелі мемлекеттіліктің тарихи-генетикалық байланыстары мәселелерін талдап жасай бастауға мүмкіндік береді... көшпелілердің саяси құрылымын зерттеу үшін қажетті құралдарға төре нормалары, жаугершілік дастандар ақпараты және мемлекеттік құрылыс тәжірибесі жатады. Осыған байланысты Ресейлік зерттеуші Р.Ю.Почекаев [3] келесідей қорытынды жасайды: «Төре моңғол империясы мен одан кейінгі Шыңғыс ұрпақтарының мемлекеттерінің құқықтық жүйесінің маңызды ажырамас элементі болып табылады. Төреде құқықтық қатынастарды реттеу негізінде қолданылған құқық формаларымен қатар басқа да құқықтық дерек көздерін (Йосун, Ұлы Жасақ, т.с.с.) пайдаланылған. Тарих ағысында жүздеген жылдар бойына Төре моңғолдың жазба заңнамасымен, мұсылман құқығы нормаларымен қатар Шыңғыс ұрпақтары билеген мемлекеттерде қолданыстағы құқықтық дерек көзі болып қала берді. Моңғол мемлекетінің империялық заңнамасы Яса түрік құқығы төренің негізгі нормалары мен қағидаларын пайдаланды.

Батыс зерттеушісі Дж. Флетчер [5, с.231] моңғол қоғамы басқарудың негізгі қағидалары тек басқару әдістерін ашып көрсете отырып былай дейді: «Хан бақылауын күшейтудің идеологиялық құралы күдіреті бүкіл әлемге дарыған, жеңіс әкелетін тәңірге сенім болды. Бүкіләлемдік жоғарғы құдай идеясы жер бетіндегі біртұтас әмбебап сфера мүмкіндігі болған еді және жоғарғы құдай осы әмбебап сфераға басқарушы тағайындау арқылы бүкіл әмбебап сфераға өзінің билігін жүргізеді».

Сондықтан, түріктер жасаған анық және айқын нормалар жүйесі төре моңғол мемлекетін құру кезеңінде тасада қалды да, енді бұрынғы күдіретті далалық империялардың атрибуттарының біріне айналды. Көрсетілген үрдістердің күрделенуі, бір билеушінің басқару функцияларының барлығын жүзеге асыру мүмкіндігінің әсер етті.

Сонымен, биліктің мамандандырылуы қоғам құрылымдары үдерістердің әмбебап сипаты туралы Е.И. Кычанова [6, 484 б.]. жазады: «Орталық Азияның үлкен көшпелі мемлекеттерінің атрибуттары егемендік бұл-билеуші билігінің ел ішіндегі басымдығы, және сыртқы істерде мемлекеттің тәуелсіз Орталық Азия аумағындағы үлкен көшпелі мемлекеттерінің атрибуты егемендік еді. Мұның өзі билеуші билігінің ел ішіндегі басымдығы – болса, сырт-істерде мемлекеттің тәуелсіздігін нығайту болатын. Жоғарғы биліктің және оның органдарының егемендігі өзінің көрінісін қылмыстық және азаматтық істерді тағайындалған талап-тәртіп негізінде қарастырудан тапты. Құқық жоғарғы билік тағайындаған нормалардың жиынтығы ретінде дәстүрлі құқық пен жоғарғы биліктің жаңа жасаған карталарына бейімделді».

Тарихи дерек көздерді зерделеуде болжауға болатын үрдіс – ол көшпелі қоғамдардың саяси-құқықтық жүйелерін қалыптастыру мен қызметін ұйымдастыру мәселелерін анықтау еді. Тарихи ой-сананың дамуы тарихи дерек көздерін бағалаудың критерийлерін анықтауды қажетсінеді. Көшпелі қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымын, басқару жүйесін, құқық нормаларын зерттеу бойынша мәселелерлі жаңа қырларынан қарастыру талаптары туындап отыр. Деректердің молаюы (лингвистикалық дерек көздері, генеологиялық аңыздар, халық аңыз әдебиеті) сараптаудың жаңа әдістерін қолдану көшпелі мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйелерінің қалыптасуы мен дамуын зерделеуде және осы үрдістерді моделдеу мүмкіндіктері проблеманы жан-жақты зерттеуге қолайлы жағдайлар жасайды. Көшпелі құрылымдар мен отырықшы-егінші аумақтардың әлеуметтік-мәдени және саяси сфераларының синтездеуі саяси-құқықтық жүйедегі әлеуметтік категориялар мен топтары бағындыру элементтерін біртіндеп күшейте түсуге мүмкіндіктер береді.

Билеуші әскери - мемлекеттік мағынаға арқа сүйеді және империя тұрғындарына қатысты ұлы

ханда басқару мен жазалаудың көптеген құралдары пайда болды (әскери жорықтарға қатысу міндеттілігі, моңғол империясындағы қатал тәптіп, әскери-әкімшілік аппаратты бақылау). Осылайша көшпелі қоғамдардың билік құрылымындағы циклдық өзгерістер анықталады. Заманауи зерттеушілердің бірі С.А.Васютин [7, 271б.] моңғол империясындағы жалпы идеологиялық жүйедегі этномәдени тұтастықты терістейді. (бұндай «империялық» идеологияны тек қана моңғолдардың өздері қолдауы мүмкін еді және ең алдымен бұл идеологияны, әрине, «элита» қолдаған болар еді)

XIIIғ. орта шенінде Шыңғыс хан әскерінің жаулап алу жорықтары нәтижесінде мемлекеттің құрамында көшпелі аумақтарының бірге негізінен отырықшы халық қоныстанған жерлер де енді. Моңғол империясы мегаимперияға айналды, оның құрамында әртүрлі саяси, жүйе құраушы құрылымдар болды. (ұлыстар, қанаттар, егіншілік аумақтары, діни бірлестіктер және т.б.) Мұның өзі Моңғол империясын бұрынғы империялардан ерекшелейтін, көшпелі империя құрудың мәжбүрлі алым және жаулап алу типтерінің өзгеше бір симбиозы болды».

Түрік және моңғол дәстүрлері мидай араласып, нәтижесінде Ясаның мазмұнын құрады. Шыңғыс ханның саяси-құқықтық реформалар моңғол тайпаларының салт-дәстүрлерін түп-тамырымен өзгертіп, жаңа империялық тәртіпті орнықтыратын Ұлы Ясаны өмірге әкелді. Ескі тәртіпті қарсылықсыз қиратуға болмайтынын Шыңғыс хан білді, және сондықтан өзінің реформаларын кезең-кезеңімен жүзеге асырды. Осының бізге жеткен баптарының әрқайсысын тақырыбы бойынша топтастыруға болады: халықаралық қатынастар, діни мәселелер, жоғарғы билік, мемлекеттік құрылыс және бағындырылған аумақтарды басқару, әскери іс және аңшылық жарғысы, қылмыстық құқық және жазалау туралы ережелер. Яса құқықтың барлығы дерлік сфераларын реттеді - мемлекеттік-әкімшілік, қылмыстық, сауда, экономикалық, әскери және салықтық.

Ясаның міндеті дәстүрлі құқық нормаларын кодификациялау емес жаңа империяның қажеттіліктеріне сәйкес жаңа құқықтық нормалар жасау болатын. Дәстүрлі құқық деп аталатын нормалардың көптеген мәселелеріне Яса тоқталмайды. Айталық, ру және отбасы өміріне Яса араласпайды, тек қана қолданыстағы нормаларды мақұлдайды. Яса кеңейе түскен империяда туындаған мәселелер мен қажеттіліктерді реттеу үшін және оларды хан заңнамаларына сәйкестендіру үшін жаңа құқықтық нормалар жасайды.

Империялық заңнама рөлін атқарған Яса, төренің негізгі нормалары мен қағидаларын негізге алды. Мұның өзі қағидаатты жаңа заңнамаға эволюциялық ілгерілеу жолымен, ешбір қарсылықсыз империяның саяси –құқықтық жүйесінен өз орнын алуға мүмкіндік туғызды. Шыңғыс хан заңнамасының құндылығы мен маңыздылығы сонда, ол өз бойына ежелгі түрік – моңғол құқығының нормалары мен Қытай, Иран және т.б. көрші, қанаттас мемлекеттері құқықтарының элементтерін сіңіріп, жинақтап алды.

Заманауи зерттеу қағидалары мен әдістердің дамуы деңгейі Шыңғыс хан жасаған Ясаның негізгі дереккөздерін жаңа, сапалы дәрежеде сараптауды қажетсінді. Түрік – моңғол көшпелі қоғамдары мен Моңғол империясының жүйелі –құрылымдық моделін Шыңғыс хан Ясаның көмегімен қайта құру көшпелі қоғамдар бойынша зерттеулердің үрдістері мен құқықтық жүйе эволюциясының бағыттарын, әлеуметтік, мәдени және саяси сфераларының өзара байланысы мен өзара іс-әрекетін тереңдірек түсінуге мүмкіндіктер берері даусыз.

Ортағасырлық құқықтық дамуы логикасын қисынын зерделеу тарихи білімді кеңейтеді, дәлдейді, және байытады. Шыңғыс хан жасаған Яса - бұл халықтан, құрылтайдан немесе ежелгі салт-дәстүрлерден жеткен мұра емес, тікелей ханнан келген құқықтық жаңа, сапалы дерек көзі болып табылады. Дәстүрлі құқық дерек көздері жауланған отырықшы-егінші аумақтар үшін жаңа ережелері империялық заңнама жинақталып синтезденуі тиіс еді. Г.В.Вернадский [8, 106 б.] өзінің «Моңғолдар және Русь» тарихи еңбегінде «Яса» сөзінің этимологиясын зерттеу барысында терминді « тәртіп» немесе «декрет» деп анықтады. Ясаның мазмұнын сараптай келе бұл заң негізін қалаушы Шыңғыс хан кемеңгерлігінің жемісі деп қарастырады. Парсы тарихшысы Джувейни құдай рухтандырған Шыңғыс ханның санасы Ясаның дерек көзі болып табылады деп жазды. Автордың пікірі бойынша Шыңғыс ханның пайымдары мен шешімдері біртұтас тарихи, экономикалық және әлеуметтік кеңістік пен ортаға бағытталған. Шыңғыс ханның Ясаны жасаудағы негізгі міндеті құқықтық жаңа жүйесін жасап шығару болатын. Бұл құқықтық жүйе хан немесе империя құқығы ретінде бұрынғы дәстүрлі құқықтан жоғары, үстем болуы тиіс еді.

Академик В.В. Бартольд [9, 457 б.] Ясаның жаңа империя құрудағы құдіретті рөлін атап айта келіп, былай деп жазады: «Ұйғыр жазуын қабылдаудың бірінші салдары моңғолдың дәстүрлі құқығын кодификациялау болды және мұның өзі моңғол хандары үшін Шыңғыс ханның нақыл сөздерімен бірге ұзақ уақыт бойына ең жоғарғы авторитет болып қала берді». Ортағасырлық тарихшылар Рашид-ад-Дин және Марвазидің жазулары бойынша Ұлы Яса 1206 жылы құрылтайда бекітілді. Шыңғыс ханның бұдан кейінгі жылдары жеңістен жеңіске жалғасқан жорықтары Яса баптарына қосымшалар мен түзетулер енгізуді талап етті. Ясаны қайта қарау және кеңейту, сондақ-ақ Қытай, Иран және т.б. мемлекеттердің

құқықтық дәстүрлерін ескеріп, қолдану мақсатында 1218 жылғы құрылтайда, одан соң 1225 жылғы құрылтайда Ясаның соңғы редакциясы бекітілді [10, 277 б.]. Шыңғыс ханның кейбір нақыл сөздері дереккөздерде түріктің «білік» (білім) аталады және бұл туралы мәлімет Рашид-ад-Дин еңбегінің, «Шыңғыс ханның қасиеттері мен әдеттері туралы» бөлімінде келтірілген. Шығыстанушы, көшпелі құқық білімпазы П. Мелиоранский арнайы зерттеу барысында Шыңғыс ханның Ясасы мен билігінің мазмұндары арасындағы айырмашылық туралы айтар болсақ, онда Ясада әртүрлі тәртіпсіздіктер мен қылмыстар тізбектеліп сипатталады және кінәлілер үшін қолданылатын жазалар көрсетіледі. Біліктер, өз кезегінде моңғол сотындағы тергеу мен сот өндірісі тәртібін анықтайды. Басқаша айтқанда, Яса Шыңғыс ұрпақтары қатаң ұстануы міндетті заңдастырылған ереже, яғни Яса – қолданыстағы заң, ал Биліктер процессуалды кодекс. В.В. Владимирцев [11, 116-117б.] Шыңғыс хан жасап шығарған Ясаны сараптай келе былай дейді: «Шыңғыс ханның жасағы өзі құрған империя өмірінде зор рөл атқарды және моңғолдардың негізгі құқықтық кодексі ретінде, олардың бағындырған халықтардың да өмірінде зор әсер етті». Ясаның міндеті дәстүрлі құқық нормаларын кодификациялау емес, жаңа империялық талаптарына сәйкес жаңа құқық нормаларын жасау болды. Дәстүрлі құқық деп аталатын құқық нормаларына Ясаның ешқандай қатысы жоқ.

XIII ғ. бастапқы кезеңінде құрылған екі Моңғол ұлысы (Ұлы Моңғол мемлекеті) жазбаша құқық нормаларында бекітілген мемлекетті басқару үшін қажетті заңнамалық ережелерді талдап жасауға мұқтаж болды. Бұл мақсатқа жету жолында туындаған сан-қатарларға жауап беру үшін дәстүрлі құқық нормаларына өзгерістер енгізіліп, олар ағымдағы күн тәртібінен ыңғайландырылды. Джувейнидің сөздері бойынша, Шыңғыс ханның Ясасы ұйғыр жазуымен тұмарға түсіріліп, «Ясаның ұлы кітабы» (Йасы-намейи бузург) деп аталды. Біздің заманға дейін сақталған фрагменттерден келесідей қорытынды жасауға болады: Шыңғыс хан қаулыларының негізгі міндеті; феодалдану үстіндегі моңғол қоғамының сұраныстары мен қажеттіліктерін өтей алатын жаңа құқық жүйесін жасау еді. Шыңғыс ханның Ясасы тек қана көшпелі өмір нормаларының регламентін бекітті. Шыңғыс хан сот істерін жүргізуді Шахи-хутуху нойонға тапсырды және оған былай деді: «Ұрлық, алдау оқиғалары бойынша соттауды және жазалауды саған тапсырамын; қылмыс жасағанды жазала; халыққа дүние-мүлікті бөлуді өзін шеш! Соңынан біреулер өзгертпес үшін қабылданған шешімдерді тас тақтайға жазып қоятын бол» [12]. Ресейлік зерттеуші Р.П. Храпачевский [13, 135-142 б.] түрік-моңғол құқықтық жүйесіндегі эволюциялық өзгерістерге назар аударады: «Толыққанды мемлекет құрғанға дейін моңғолдардың дәстүрлі құқықты пайдалануы бірі обок ішіндегі қатынастарды да, сондақ-ақ көрші обоктар арасындағы қатынастары да реттеуге жетіп артылатын. Мемлекет құрумен байланысты өзара іс-қимылдарды реттеу үшін дәстүрлі құқық нормаларын бір жүйеге келтіру қажет болды, ең бастысы-оларды өзгерген жағдайларға лайықтау қажеттілігі туындады. Сондықтан «құпия шежіре» беттерінде жазылған «Әке Төре» 1206 жылдан кейін жүйеленген «Ясаға» ауыстырылды».

Заманауи тарих ғылымы экстраполяция әдісін қолдану арқылы билік басындағылардың өсе түскен сұранысын қанағаттандыру үшін көшпелі саяси құрылымдар ресурстарының шектеулі болғанын анықтады. Көшпелі лидерлер өздерінің саяси артықшылықтарын туыстарына шексіз бөліп бере алмайтын боды. Ақсүйектер әулетінің құқықты монополизациялауы оларға құқықты түсіндіру, қолдану сферасында, әсіресе жазбаша нормалардың жоқ жағдайында көптеген өкілеттіліктер берді. Құқықты түсіндірудің маңыздылығы арта түсті, өйткені, құқықтық нормаларға өзіне қолайлы мән-мазмұн беріп белгілі бір әлеуметтік топтың мүдделерін қорғауға мүмкіндіктер алатын еді. Осындай айланы «бектер», рубасылардың, тайпа жетекшілерінің төрені түсіндіруге құқық беретін мәртебесі пайдаланды, сондықтан болар Шыңғыс хан таққа отырған сәттен бастан бектердің артықшылықтарына қарсы күрес басталды.

Бұл кезде көшпелілер көсемдерінің билігі империялық сипатын жоғалтады да көсемнің іс-әрекеті, бірінші кезекте этникалық элита ішінде өз билігін сақтап қалуға бағытталады. Бағындырылған мемлекеттердің көпшілігінде, әсіресе өздерінің құқықтық дәстүрлерін сақтаған Орта Азия мен Иран тұрғындарын жаңа құқыққа бағындыру өте ауыр және қиын қарекет болды. Әлеуметтік тұрмыстық және қоғамдық өмірдің көптеген тұстары Ясамен реттелмеген күйі қала берді, тіпті кейбір ережелері мұсылмандардың діни құқығы мен жергілікті халықтың салт-дәстүріне қарама-қайшы келді. Уақыт өте келе империяның батыс ұлыстарындағы Шыңғыс ұрпақтары мен әскери-көшпелі ақсүйектері мұсылмандық мәдениет пен мемлекеттілік дәстүрлерін қабылдай бастады да, өз өмірлеріндегі Яса ұстанымдарының әсерін шектеуге кірісті. Алға қойылған проблемалар бойынша дереккөздері мен тарихи еңбектерді кешенді сараптау көрсеткендей саяси-құқықтық жүйеде қалыптасқан жағдай жоғарғы билеуші – ханның құзіретін едәуір шектеді, бұл әрине жедел жоғарылап келе жатқан Шыңғыс ханды қанағаттандыра алмады, сондықтан ол моңғол тайпаларының құқықтарын реформалау бойынша батыл қадамдар жасады. Шыңғыс ханның саяси-құқықтық қайта құрулары моңғол тайпаларының бұрынғы салт-дәстүрлері мен ережелерін түбегейлі өзгертіп, жаңа, империялық тәртіпті бейнелейтін Ұлы Ясаның пайда

болуына әкелді. Ескі тәртіпті қолданушылар тарапынан қарсыластығына тап боларын білген Шыңғыс хан өз реформаларын кезең-кезеңімен жүзеге асырды. Ясаның сақталған, біздің заманымызға жеткен баптарын тақырыбы бойынша топқа бөлуге болады: халықаралық қатынастар, діни мәселелер; жоғарғы билік; мемлекеттік құрылыс пен бағындырылған жерлерді басқару; әскери ісі мен аңшылық жарғысы, салықтар мен алымдар; басыбайлық жарғысы, азаматтық құқық; қылмыстық құқық және жазалау туралы ереже. Яса-құқықтың барлығы дерлік сфераларын – мемлекеттік-әкімшілік, қылмыстық, сауда-саттық, экономикалық, әскери және салықтық сфераларын реттеді. «Шыңғыс хан қолбасшы ретінде және оның мұрасы» іргелі еңбегінің авторы Эренжен Хара-Даван [14, 82 б.] мынадай байлам жасайды: «Қайта жанданған жазудан тапқан ең маңызды салт-дәстүрлерін Шыңғыс ханның көзқарастарымен байытып, кодификациялау болып табылады». Ғылымның тарихи – сараптамалық схемасы бойынша, «Үлкен Жасақтың» ішінен екі ірі бөлімді айрықша атап көрсетуге болады.

1. Білік - Шыңғысханның жеке өзінің «Нақылдары», бұнда Шыңғыс ханның ойлары, насихаттары мен шешімдері берілген және бұл «Нақылдарда» жалпы теориялық сипаттағы насихаттармен қатар Шыңғыстың әртүрлі нақты оқиғаларға байланысты айтылған пікірлері берілген.

2. Жасақ - бұл әскери және азаматтық заңдардың жиынтығы. Яса Шыңғысхан ұрпақтары үшін атқарылуы міндетті, бұлжымас заң болды.

Ортағасырлық құқықтың негізгі дерек көзі ретіндегі Шыңғыс хан жасаған Ясаның мән-мағынасы Моңғол империясының саяси-құқықтық жүйесінің қызметін трансформациялауда болса керек. Түрік-моңғол қоғамының дәстүрлі құқығы мен отырықшы-егінші мемлекеттердің көптеген құқықтық нормаларының дипломатиялық өзгертулері жаңа реттегіш механизмдердің пайда болуына әсер етті. Шыңғыс хан Ясасының негізінде әртүрлі әлеуметтік-саяси категориялар мен топтарды біріктіру мүмкіндігі пайда болды, Моңғол империясында мәдени-тарихи ұқсасық қалыптасты.

Тарихи танымның ретроспективті сипаты және жаңа тәсілдерді талдап жасау қажеттілігі және оқиғаларды бағалаудың тербелістер мен өзгерістерге бейімділігін ескере отырып, оларды тарихи дерек көздері арқылы зерделеу бүгінгі күннің талабы болып отыр. Негізгі міндет-тарихи дерек көздері мен ғылыми-тарихи ой-сананы табиғи түрде біріктіру болып табылды. Сонда ғана тарихи оқиғалардың барлық факторларын жан-жақты есепке алып, тарихи синтез жасауға қол жеткізіледі. Тарихи түсініктің теориялық негіздеріне жаңаша, сыни көзқарас тарих ғылымында пайда болған жаңа дерек көздерін жаңа тәсілдер арқылы зерделей түсуге мүмкіндік береді. Өткен тарих біздің көз алдымызда тарихи дерек көздері арқылы ашылады және заманауи гнесеология тұрғысынан оларды зерделеу әдісі тек қана кешенді әдістер сипатында болуы тиіс. Түрік-моңғол құқығы ескерткіштерін дерекнамалық сараптауды ғылыми тереңдете зерттеу жаңа тарихи білім береді және тарихи ой-сананы қалыптастырып, жетілдіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Крадин Н.Н. Империя Хунну. - М., Логос., 2001. – 312 с.
2. Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в.: проблема исторической преемственности. - М., 1993. - 168 с.
3. Почакаев Р.Ю. Эволюция төре в системе монгольского средневекового права// Монгольская империя и кочевой мир. Улан-Удэ, Изд-во БНЦ СО РАН. - 2004. С.530-543.
4. Скрынникова Т.Д. Харизма и власть в эпоху Чингис-хана. М., 1997. 214 с.
5. Флетчер Дж. Средневековые монголы: экологические и социальные перспективы// Монгольская империя и кочевой мир. - Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН., 2004. - 212 - 253 б.
6. Кычанов Е.И. Кочевые государства от гуннов до маньчжуров. - М.: «Восточная литература». 1997. - 320 с.
7. Васютин С.А. Монгольская империя как особая форма государственности// Монгольская империя и кочевой мир. Улан-Удэ, Изд-во БНЦ СО РАН., 2005. С. 269-286.
8. Вернадский Г.В. Монголы и Русь Тверь, Тверь: ЛЕАН, Москва: АГРАФ, 1997. 476 с.
9. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. - М., 1963. Т.1, - с.457.
10. Вернадский Г.В. Опыт истории Евразии. Звенья русской культуры. - Москва: КМК, 2005.- 339 с.
11. Владимирцов В.В. Чингис хан. - Элиста : Калмыц. кн. изд-во, 1999. – 126 с.
12. Сокровенное сказание/Чингис хан. – М.: Эксмо., 2012.- 480 с.
13. Храповицкий Р.П. Военная держава Чингисхана М., Изд-во АСТ., 2004. 557 с.
14. Хара-Даван Э. Чингис хан как полководец и его наследие. Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII-XIV веков. Алма-Ата: Крамдс-Ахмед Яссауи, 1992, - 272.

ТАРИХИ САНА МЕН ТАРИХИ ЖАД – ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КЕПІЛІ

ТАЙЖАНОВ АЛТАЙ ТАЙЖАНҰЛЫ

философия ғылымдарының докторы, профессор
Марат Оспанов ат. Батыс Қазақстан медицина университеті
Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация: В статье автор рассматривает историческое сознание, национальное сознание и историческую память народа, которые имеют большое значение для общественно– гуманитарных наук. Для духовного обновления нашей независимой страны очень важно сформировать историческое сознание, основанное как на нашем искомом национальном сознании, так и позволяющий по-новому обновить нашу прошлую память.

Автор, руководствуясь концепциями Исторического сознания и Гуманитарного образования, принятой Президентом Республики Казахстан идеи «формирование прогрессивной нации», в целях реализации этой идеи акцентирует внимание на некоторых аспектах модернизации нашего исторического сознания и исторической памяти с научной и познавательной точки зрения.

Ключевые слова: Историческое сознание, национальное сознание, прогрессивная нация, историческое образование, гуманитарное образование, духовное возрождение, казахское бытие, ценность, духовная ценность.

Annotation: In the article, the author examines the historical consciousness, national consciousness and historical memory of the people, which are of great importance for the social sciences and humanities. For the spiritual renewal of our independent country, it is very important to form a historical consciousness, based both on our sought-after national consciousness, and allowing us to renew our past memory in a new way.

The author, guided by the concepts of Historical consciousness and Humanitarian education, the idea of “forming a progressive nation” adopted by the President of the Republic of Kazakhstan, in order to implement this idea, focuses on some aspects of the modernization of our historical consciousness and historical memory from a scientific and cognitive point of view.

Keywords: Historical consciousness, national consciousness, progressive nation, historical education, humanitarian education, spiritual revival, Kazakh existence, value, spiritual value.

ҚР Президенті «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісіне берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» - деген сұхбатында: «Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек қана алға қарауымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрінен жоғару тұруы тиіс. Бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Тағы да қайталаймын, еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адалазаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан – жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз» (Тоқаев, 2024: 4) - деген болатын.

Мемлекет басшысы айтып отырған құндылыққа назар аударар болсақ, жалпы алғанда құндылық – философиялық-әлеуметтанулық ұғым. Ол белгілі-бір объектінің әртүрлі көріністердегі этикалық және эстетикалық жағын қамти отырып, табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекеттерін жағымды, немесе, жағымсыз тұрғыдан бағалау. Бұл тұрғыдан алғанда құндылық пәндік (*заттық*) және субъективтік болып екіге бөлінеді. Алдыңғысы (*заттық*) олардың табиғи қажеттілігі, өзіндік құны, әлеуметтік игіліктер ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұралар, ғылыми ақиқаттық теориялық маңызы мен тәжірибелік пайдасы, адамдардың іс әрекеттеріндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық (*әсемдік*) қасиеттері жатады. Санадағы (*субъективті*) құндылыққа қоғамдағы ойлау мен бағалау, мақсат пен оған жетудің жолдары, қоғамдағы түрлі нормалар жатады. Құндылықтар тарихи тұрғыдан алғанда өмірге, еңбекке, шығармашылыққа адам өмірінің мәніне тағы басқаларына баға беру қатынасынан туады, қоғам үшін ең маңызды деген әдет – ғұрыптарды, нормалар мен мән – мағыналар қызметін тарихи сана тұрғысынан саралап өзіне бағындырады және реттейді. Құндылықтарды тарихи сана тұрғысынан қарастырар болсақ, олар адам мүддесінің объектісі бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыт – бағдар беру рөлін атқарады. Өткен тарихқа көз жүгіртсек адамның өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықты құрғысынан бағалау барысында ол өлшемдердің де өзгеріске түскендіктерін көреміз. Дана Абай өзінің 29 – шы қара сөзінде қазақ мақалдарының көбінің іскетатырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамай тұғыны да бар дейкеліп, сол кезде де, кейінгі уақытта да қисын тұрғысынан алғанда

құндылығы болмаған «Жарлы болсаң, арлы бол», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ», «Алтын көрсе періште жолдан таяды» т.б. – деген мақалдарды талдай келіп, рухани адамгершілікті құндылықты тұрғыдан ешқандай қисыны да, құндылығы да жоқ – деп қатты сынайды. Ойшылдың пайымдауынша, ардан кеткен соң тірі болып жүрудің мәні жоқ, «арлы адамның ісі – адал еңбекпен мал іздемек» (Абай, 2005: 115-116). Ал періштеге келер болсақ, олпәк, таза, нұрдан жаралған, оларда нәпсі болмайды. Біз періштелер деп жүрген сәбилер есін білмейтін, таза, пәк, не құндылық, не құндылық емес екенін білмейді, оларға алтын не керек?

Абай осы талдаулар негізінде, ұлттық сананың дамып жетілуі тұрғысынан алғанда өзгермейтін ештеңе жоқ, құндылықтардың да өлшемдері өзгереді – дейді. Адам болмысында заманына қарай қайта зерделенбейтін, бағаланбайтын құндылықтар жоқ екені де рас. Олар заманына қарай жаңаша бағаланып отырады. Жоғарыдағы Президенттің «жалпы ұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс» (Тоқаев, 2024: 4) – деуі осыдан.

Ұлт ретінде өткенімізді жадымызда жаңғыртып, тарихи сана тұрғысынан саралайтын болсақ, біз, бұрынғы аға ұрпақ өкілдері, социализм халқымызды жарқын болашаққа апарды, ал КОММУНИЗМ кезінде Асан қайғы ұрпағы үшін армандап кеткен «ЖЕРҰЙЫҚҚА» жеткізеді деген сенімнің шырмауында болғандармыз. Біздің ұрпақ санасына да, басқаларға да сол «мұратқа жете аламыз ба?» - деген күдік 1980 жылдардың ортасынан кіре бастады. Міне, осы тұста әлем ойшылдары социализм құру, онда өмір сүру идеясы жалпы алғанда кісі қызығарлықтай болғанымен, оның түбі диктатураға апаратынын, ол диктатураның көпшіліктің билеуі (*диктат*) емес, азшылықтың билеуіне соғатынын айтып дабыл қаққанды. Олардың қатарында әріде Сен-Симон, беріде Ресейлік ойшыл А.А.Богданов тағы басқалар болды. Мысалы, А.А.Богданов «ұжымдық түрде еңбек ұйымдастыру, жеке адамның қабылетін есепке алмайды, сөйтіп қабылет құнсызданады»(Плюто, 1990: 150) - деген болатын. Кейінгі жылдарда көпшілік оның шындығына көз жеткізді.

Жасыратыны жоқ, өткен ғасырдың 90-шы жылдарында қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық ұстанымдар өзгеріп, ел-халық басына қиыншылық түскенде, қарапайым халықты былай қойғанда, зиялы деп жүрген қауымның бір бөлігі, сол социализмді аңсады. Одан айырылғылары келмей, оның жайбарақат, сүреңсіз тұстарының өзін жетістіктей көрді. Социализм кезінде ертеңіміз үшін бас қатырмайтын қайғысыз едік, қуанышты, күлкілі, тойлы күндеріміз көп еді деген сияқты да әңгімелер болды. Бұл шын мәнінде біздің санамызғы түскен дерт еді. Өйткені, кейін белгілі болғандай, жабық қоғамды өмір сүріп, әлемдік ғылымнан, техникадан, технологиядан қалыс қалғанымыз былай тұрсын, өмір сүру деңгейіміз де, тұтынушылық мүмкіндіктеріміз де өспеген. Міне, осыны кейін «тоқырау» кезеңі деп атадық. Ендеше, басқа халықтар ой қуып жүргенде, біздің ұлтымыз той қуып жүрсек, ұлы көшке, білімділер көшіне ілесе алмауымыз анық, озық ойлы ұлт болып та қалыптаса алмаймыз, білімділер төрде отыратын заманда ол жерде бізге орын болмақ емес.

Дана Абай да, өз кезінде, қамсыздықты, қайғысыздықты, ойсыздықты, жеңіл күлкі мен сауық сайранды қатты сынаған. Абай өзінің 4 –ші қарасөзінде: «Әрбір байқағанадамбілсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын. Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек. Осындай ғафилдік көп өткізіп, елемеген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек.

Әрбір уайым – қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек»(Абай, 2005: 92) - дейді.

Әрине, қазақ айтпақшы, қамшының сабындай қысқа өмірде, уайым – қайғы аз болса екен дейсің, ол пенделік тілек. Ал «көппен көрген ұлы той» - деп жүруіміз, тарихи жадымызға түсіріп, сана деңгейінен қарастырар болсақ сол өзіміз өмір сүрген қоғамның ұстанымы солай болған: байып та кетпейсің, аштан да өлмейсің, барды қанағат тұтасың. Қалай болғанда да, жалпы алғанда, Тәуелсіздік жылдары біздің санамызды да, сапамызды да өзгертті, жаңа әлеуметтік – саяси ахуал қоғамның да оның азаматтарының да санасында айтарлықтай сілкініс туғызды. Өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау, ол үшін жадымызда жатталып, жазба деректерімізде хатталып қалған дүниелерімізді жинастыру біз үшін маңызды.

Кезінде елімізде қабылданған «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында»: «Тарих – халықтың зердесі, ол содан қуат алады, ол содан әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын шабыт алады.

Тарих, әсіресе, қоғам дамуының өтпелі кезеңдерінде ерекше маңызға ие болады. Тарихқа ден қоюдың күшейе түсетін себебі – адамдар өткеннен бүгінгі күнге ұқсастықтар іздейді, одан бүгінгі күн проблемаларының шешімін тапқысы келеді. Бұған қоса, тарихқа деген ықыластың арта түсуін қоғам жаңарып-жаңғырып, халық өз мемлекеттігінің үлгісін таңдап отырған кезде осынау тарихи үрдістегі

субъект екенін бірте – бірте сезіне бастауымен, *жадын жаңғыртуымен* де түсіндіруге болды»(Тұжырымдама, 1995: 5)-делінген.

Алайда біз осы уақытқа дейін «ЖАД» туралы психология пәні деңгейінде танымды - деректік материалдар берумен шектелдік. Осыдан келіп, бұл ұғымдардың мән-маңызы, мазмұны туралы біліміміз де, біліміміз де көңіл көншітерліктей болған жоқ. ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ЭНИКЛОПЕДИЯСЫНДА жадқа мынадай анықтама беріліпті: «ЖАД» –ЭВМ-нің кодтық түрдегі ақпаратты жазуға, сақтауға және қолданыла беруге арналған бөлігі (ҚҰЭ, 2005: 465). Міне, бүгінгі білгірлеріміздің жад туралы айтары осы. Шынымәнінде ЖАД – адам баласына тән ой, ес; Жадына алу – еске түсірді, ойлады. Жадынан шықты – естен шықты, ұмытты. Жадында сақтады-ұмытпастай ұғып алды (*тоқыды, түйді*). Біздің ТАРИХИ ЖАД деп отырғанымыз осы соңғысы.

Осы ұстаным негізінде тарихи жадымызға келсек, дүние жүзі тарихында қалыптасқан өркениеттер туралы жалпыламалық ағымдар мен теориялар қатарынан «көшпенділер өркениеті» де өзіндік болмысымен, тылсым сырларымен орын алуы қажет. Біздің жадымызда сақталған, кейін қағазға хатталған тарихи даму жолымызға дүниежүзі ғалымдары қызығушылық танытуда. Әсіресе, көшпелілер өркениеті тарихының «феномендік» қыры – қазақ халқының асқан жаугершілігінен көрінгенеді. Сондықтан болар, Қазақстан Республикасының тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасында: «тарихқа үңілу арқылы көшпелілердің әлемдік өркениет дамуына қосқан үлесін, олардың өмір салты мен рухани болмысын жас ұрпақ қабілдіру міндеттелген» (Тұжырымдама, 1995: 6).

Тарихи санамыздан терең орын алып, есімізде қалатындардың бәрін көне қазақ жадым деп түсінген. Көшпелілер негізінен мал шаруашылығымен, мал бағумен айналысқандықтан, олардың жады өте мықты болған. Себебі, «мал тірі объект, ол үнемі қозғалыста, өсу, өну үстінде. Сондықтан малды тану үшін мол тәжірибе, зерде және мықты жады қажет»(Тайжанов, 2017: 167). Ал отырықшы елдердің кәсібі де, күнделікті өмірде кездесетін объектілері де тұрақты, сол күйде. Істеген ісің кешегідей қайталанады, немесе, келген жеріңнен бастау алады. Әрине, бұған да адам жады керек, бірақ ол өзінің мазмұны мен болмысы жағынан бөлек болып келеді.

Қазақ халқының өзіндік этномәдени құндылықтарын сырт елдерге танытуы, нығаю, күшею процесі және ұлт ретінде тарихи сахнадан өз орнын алуы жайдан-жай келе қалған жоқ. Ол үшін ел мен жер үшін қан төгіскен күрестер және Атамекен үшін бірнеше ғасырларға созылған соғыстарда ел бірлігі, ел қауіпсіздігі мәселесін қамтамасыз ету міндеті тұрды. Осыларды жүзеге асыру барысында Қазақ хандығының жүйелі әскери құрылымын негіздейтін және ішкі қайшылықтарды реттейтін әскери – азаматтық әлеуметтің қалыптасуына деген табиғи қажеттілік туды. Халық жадында ол батырлар институты ретінде сақталды. Батырлардың хан қол астына бірігіп мемлекетті сақтау, жерді қорғаудағы жанқиярлық асқан ерлік іс-қимылдарының арқасында ғана қазақ қауымы еркіндігін сақтап қалды. Бұған Қазақ халқының ғасырлар бойғы әскери ісі мен өнерінің төл-тума өмір салты дарытқан табиғи әскери іске бейімділік нәтижелерінде қалыптасуы өзіндік ықпал етті. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік құрылымына және көшпелі өмір талабына сай түрлі әлеуметтік институттар (*би, төре, ру басы-ақсақал*) ішінен батырлар институты «ерекше әлеумет» болып қалыптасты. Сондықтан бүгінгі қауым үшін, әсіресе жастарға, халық жадына сүйене отырып, батырлардың көшпелі қоғамдағы мәні, қоғамдық-саяси қызметтерінің жетілуі, басқа топтар мен қатынасы және батырға тән қасиеттер мен қабілеттердің мәнін ашудың аса зор тәрбиелік, тәлім-тағылымдық маңызы бар.

Көшпелі қазақ қоғамындағы түрлі әлеуметтік институттар ішінде батырлар институты арнайы зерттеле қоймаған тың тақырып, тарихнамалық базасы да айтақаларлықтайе мес. Алайда, дәстүрлі қазақ қоғамыныңқыр-сырына қанық тарихшы-этнологтардың еңбектерінде бұл мәселе жөнінде жанама зерттеулер баршылық, бірақ оларда батырлардың көшпелі қоғамдағы орны туралы пікірлер қарама-қайшылыққа толы. Сондықтан біз, алдағы уақытта осы қайшылықтарды жойып жадымызды жаңғырта отырып, әсіресе батырлар эпосын дүниетанымдық тұрғыдан саралап, Бабалар сөзін сараптап, шынайы шығармалар жазып, тарихи – танымдық тұрғыда зерттеулер жүргізгеніміз абзал.

Біздің тарихи тұлғаларымыз: хандар, билер, батырлар, ел сөзін сөйлеген шешендер мен елді соңына ерткен көсемдердің бәрі зиялылар болған. Ал зиялылық, зияткерлік адамның жоғары мәдени ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым. Зиялылық тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды тарихи тұрғыдан түйсініп, меңгеруі, бағалай білуі, ұлттық мәдениет пен әдет-ғұрып, салтты, ұстанымдарды сақтауы, қажет кезінде ізгілік және әділеттілік сезімдерінің молдығы, басқа жанға, жалпы адамзат баласына сүйіспеншілігі, кешірімшілігі т.б.Бұның біздің бүгінгі жасамыстарымызға да, жастарымызға да үлгі тұтар жақтары жеткілікті.

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің шын мәніндегі жаңа тарихы жасалып жатқан кезде, - оны әлі пайымдай түсу қажет болады, - өткен тарихымызғадеген көзқарастың да тиянақтала түсуі керек екені ескерілуге тиіс. Ендеше, осы тұрғыдан алғанда, қазақ тарихы ғылымындағы күрделі мәселелердің

бірі – тарихи санамызда қалған, тарихи жадымызда сақталған тарихи тұлғалардың қоғамдық-әлеуметтік қызметтерін саралау, жас ұрпаққа үлгі болар адами –азаматтық болмыстарын тану және таныту болмақ.

Бір түсінік және ұғым біздің санамыздан берік орын алуы тиіс. Ол алдымен әрбір қазақтың, жалпы қазақстандықтардың еліміздің тарихын жақсы білуі және айрықша құрметтеуі. Бұндай ұстаным тарихи санамыз бен тарихи жадымыздың мықты болуын талап етеді. Біздің осыны естен шығармағанымыз абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Тоқаев Қ-Ж. Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алған қарауымыз керек// «Егемен Қазақстан» газеті, 2024. 4 қаңтар.*
Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Том 2. Алматы «Жазушы», 2005. 336 б.
См. Плютто П.А. А.А.Богданов о «военном коммунизме» //«Социологические исследования». 1990. № 11. С. 147–151.
Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының Тұжырымдамасы. Алматы, 1995. 326.
Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Том 3. Алматы, 2005. 506 б.
Тайжанов А.Т. Парыз бен пайым. Алматы, 2017. 382 б.

БОДАНДЫҚТАН ТУҒАН БІР КҮМӘН

АЛЫШЕВ БАУЫРЖАН САҒЫНҰЛЫ

*педагог-зерттеуші Батыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы
№11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей интернаты
Орал қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа. *Ұзақ жылдар бойы коммунистік идеологияның құралына айналып, бұрмаланып, бопсаланып келген ұлттық тарихымызға әділ бағасын беріп, өскелең ұрпақтың санасына жеткізу - тәуелсіз еліміздің талабы. Елдігіміз бен егемендігімізді айқындайтын шежірелі тарихымыздың беттеріне жаңаша көзқараста қарап зерттеп, зерделеп таразылағанда ғана рухани тәуелсіздігімізге жол ашылады.*

«Бодандықтан туған бір күмән» еңбегінде автор ресми деректерге сүйеніп, сол кездегі Қазақ хандығының халықаралық жағдайы, Кіші жүздің Ресейге қосылу алғышарттары, Әбілқайыр ханның ұстанған саяси бағытын талдай отырып, өзіндік тұжырым жасайды.

Кеңес үкіметінің коммунистік идеологиясы шырмауында болып келген тәуелсіз қазақ халқының тарихын жазуда ақпараттық күрестің болғаны анық, мәселен, аңыз бен ақиқат арасындағы күрес.

Ғасырлар бойы Ұлы Даланың еркін қыраны атанып келген көшпелі бабаларымыз табиғатынан еркіндік пен бостандықты кез келген тәртіптен, заңнан жоғары қоя білген. Сол еркіндікті діні, ділі, тілі, шаруашылығы, мәдениеті өзге ұлттың қолына өз еркімен ұстата салуы, әрине, барша қазақ халқының өз еркімен Ресей бодандығын қабылдады деген тұжырымға күмән туғызады. Демек, бұндай жолға бару қазақ халқының мүддесінен шыққан шешім бе? Әлде өзге жандардың опасыздығы ма? Бұл сауалды қалай қойсақ та, Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың есімін айналып өту мүмкін емес, осы мәселеге орай қазақ тарихшыларының көзқарасы да екіге жарылуда. «Ресей бодандығын қабылдауға не итермеледі? Сол бодандықтан күткен үмітіміз ақталды ма?» деген заңды сауал туындайды, бұл тұрғыда алдымен XVIII ғ. 20-40 жылдардағы Қазақ хандығының халықаралық жағдайы мен қазақ-орыс қатынасына тоқталған жөн шығар.

XVII ғ. аяғы – XVIII ғ. басында Қазақстанның солтүстік-батысында қоныстанған Еділ қалмақтарының Кіші жүз қазақтарына қысымы күшейе түсті, әсіресе 1669 жылы қалмақ тағының иесі болған Аюке хан (1646-1724) тұсында қалмақ хандығының Жайық өңірі қазақтарына ықпалы арта түскені мәлім. Аюкенің билік басына келуі тек өлкедегі саяси хал-ахуалды өзгертіп қана қойған жоқ, сонымен қатар сол өлкені мекен еткен башқұрт, қазақ және казактардан басымдылығын танытып өктем билігін жүргізді. Ресейдің қолдауымен абыройы артқан қалмақ әміршісі Аюке халықаралық дәрежедегі тұлғаға айналды. Ресей үшін қалмақ билеушісін қолдау қажеттілігі қанша? I Петр тұсында Ресейдің еуропалық державалармен арадағы саяси жағдайы шиеленісті, қалмақтар болса орыстардың құрамында еуропалық іске белсене араласып, шайқастарда шыңдала түсті. I Петр Ресей империясын құру жолында еуропалық мемлекеттермен арадағы қатынасты реттеуге кіріскен кезде Ресейдің оңтүстік-шығыс аймағы патша үкіметінің көзінен таса қалды, осы оқшылықтың орнын толтыру үшін патша үкіметі елдің оңтүстік-шығыс шекарасының қауіпсіздігін Аюке бастаған қалмақтарға сеніп тапсырған болатын, патша үкіметінің

сенімін абыроймен ақтаған Аюке 1709 жылы I Петрдің жарлығымен ресми түрде хан болып тағайындалды. Ал енді I Петрдің қолынан Аюкенің хан атағын алуы, оның абырой, атақ-дәрежесіне қаншалықты әсер етті? Оң ықпал етті деп айтар едім. Қылыш, найза, айбалтамен қаруланған қалмақтар Каспий өңіріндегі көшпелілердің билеушісі болмақ түгілі, Ресейдің алдында тәуелсіздігін сақтап қалудың өзі екіталай еді. Ресейдің бодандығын қабылдаған көшпелі халықтың жігерлі, шешімді, қуатты, ақылды, өктем билеушісі болған Аюке орыстың мылтығы мен зеңбірегі арқасында өзінің саяси мақсатын тез әрі айтарлықтай шығынсыз жүзеге асырды.

Аюке ханның орыс билігінің өзімен санасатын күшті, өктем дербес хандық дәрежесі, көрегендігі жас Әбілқайырға үлкен әсер қалдырды, тіпті кейінгі оқиғалар көрсеткендей қалмақ билеушісін Әбілқайыр ханның үлгі тұтарлық «ұстазы» деп айтуға болар еді, яғни, Әбілқайыр ханның болашақ саяси бейнесінің қалыптасуына шоктығы биік қазақ хандары Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Тәуке хан емес, қалмақ билеушісі Аюке әсер етті деуге болады. Ресейдің қолдауына ие болған қалмақ билеушісі өзінің агрессиялық саясатымен Каспий өңірінің билеушісі атанса, ал Әбілқайырға Аюке хан дәрежесіне көтерілуіне кейбір кедергілер болды. XVII ғ. аяғы – XVIII ғасырдың басында Қазақ мемлекеті саяси-экономикалық тұрғыда бәсекеге қабілетті Орта Азиядағы белді, беделді мемлекеттердің бірі болды. Қазақтар Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан-ғайыр алқаптың иесі болып қана қойған жоқ, сонымен қатар Ферғана өлкесінің солтүстік-батысын бағындырып, Ташкент қаласының иесі болды. Тәуке хан «Күлтөбеде күнде кеңес» демекші, барша қазаққа ортақ заңдар жүйесі мен билер сотын енгізіп елде ұйыған ынтымақ орнатты. Рас, 1715 жылы Тәуке хан қайтыс болған соң, қазақ халқынан береке қашып, алауыздық орнады, ел бытыраңқылыққа тап болды. Алайда Ресейдің көмегімен Орталық Азияның кең байтақ даласына қоныстанған дүйім жұртты өзіне қаратып, қазақ жүздерінің хандарын бағындырып, ұлы хан атануы Әбілқайыр ханға оңайға соқпайтыны анық.

Белгілі бір уақыт Еділ қалмақтарында қызметте жүріп көргені мен білгенін, танығаны мен үйренгенін ел игіліне жарататын уақыт келді деп Әбілқайыр аз ғана уақыт Еділ-Жайық бойында, кейін 1708-1709 жылдары шамасында ойрат-қазақ қатынастарының шиеленісуіне байланысты Арал маңына қоныс аударады. Әбілқайыр өлкенің әскери-саяси өміріне қызу араласып, өзінің алғашқы жетістіктеріне қол жеткізеді. Зерттеушілер И. Крафт, И. Фалько, И. Георги, Я. Гавердовский, И. Ерофеева жазбаларында Әбілқайырдың 1710 жылы хан болып сайланғанын топшылайды. Я. П. Гавердовский 1710 жылы Қарақұмдағы жиналыста Әбілқайыр сұлтан хан болып сайланды деп пікір білдірсе, ал тарихшылар В. А. Мойсеев, А. П. Чулошников Әбілқайырдың хан болып сайлануын 1718 жылға немесе XVIII ғасырдың 20-жылдары басына жатқызады.

Әбілқайыр жасағы 1710-1714 жылдары Еділ қалмақтарына, 1715 жылдың басында Қазан губерниясының Черемшан бойын мекендеген башқұрттарға қарсы тонаушылық жорықтарын ұйымдастырды. 1710-1717 жылдары аралығында Әбілқайыр хан Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар арасындағы шекарааралық, шағын локальды сипаттағы жанжалдарда көзге түсті, жалпы 1717 жылға дейін Әбілқайырдың айтарлықтай табысты ірі жеңіске жеткендігі туралы деректер кездеспейді. Ал 1717 жылдан бастап Әбілқайыр ханның жорықтары қарқынды әрі табысты болуымен ерекшеленді. 1717 жылы Әбілқайыр хан Жаңа Шешминскийді (Қазан губерниясы) шапса, 1718 жылы Әбілқайыр хан бастаған қазақ-қарақалпақ жасағы Жайық қалашығына жақын келіп айналадағы елді мекендерді басып алады. Кіші жүз ханы бұл жорықты келесі жылы шілде айында 20 мың әскермен тағы бір қайталап, Орал қалашығы мен Самара арасындағы байланысты үзеді. Әбілқайырдың бұндай нәтижелі жорықтары оның абыройын асқақтатып, дәрежесін көтерді.

1715 жылы Қазақ хандығының билеушісі Тәуке хан қайтыс болған соң, таққа отырған Қайып ханның тұсында елдің берекеті кетіп бақталастық басталады. 1717 жылы күзінде Аягөз өзені бойында Қайып хан мен Әбілқайыр ханның біріккен әскері мен жоңғарлар арасында шайқас болып, Қайып хан мен Әбілқайыр ханның арасындағы өзара алауыздықтан шайқас қазақтардың жеңілісімен аяқталады. Аягөз шайқасынан кейін қазақ билеушілерінің әрекетіне А.И.Левшин мынадай баға береді: «Тәуке хан ізбасарлары жауына қарсы күш біріктіріп іс-әрекет жүргізудің орнына бір-бірімен жауласып кетті». («Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №3, 1993.- 58 бет.)

1718 жылы Қайып ханның өлімінен кейін ұлы хан тағына Тәуке ханның баласы Болат отырады. Алайда оның тұсында да қазақ билеуші тобының арасында өзара бақталастық, алауыздық тоқтамады. Әбілқайыр, Сәмеке, Әбілмәмбет, Жолбарыс хандар өз алдына кетіп дербес билік жүргізді. Елдің ішкі ісіндегі, шекарадағы тұрақсыздыққа алып келді. Ресеймен арадағы шекарааралық қақтығыстардың толастамауы, ойраттардың қазақ даласына әлсін-әлсін ұйымдастырған жорықтары қазақ билеушілерін патша үкіметімен арадағы жағдайды реттеуге мәжбүрледі. 1718-1719 жылдары Қазақ хандығы мен Сібір әкімшілігімен арадағы мәселені бейбіт жолмен реттеу үшін өзара елшілік алмасады. Тобыл қаласына Қайып хан мен Әбілқайыр хан атынан қазақ елшілері Е.Баулұқов, Итмамбет аттанса, Ресей жағынан

Б.Брянцев, Я.Тарыштин, Ф.Жилин сияқты елшілер қазақ даласында болып қайтады. Сол жылдардағы орыс әкімшілігі мен қазақ хандары алмасқан ресми құжаттардан қазақ-орыс шекарасындағы жағдайды тұрақтандыру және қазақ хандарының тарапынан антижоңғарлық одақ құру ұсынысын аңғаруға болады. Алайда қазақтардың антижоңғарлық одақ құру ұсынысын орыс билеушілері жауапсыз қалдырып бейтараптылық бағыт ұстанды. Патша үкіметі Қазақ хандығының күшеюін қаншалықты қаламаса, оның әлсіреуін де соншалықты қаламады. Патша үкіметінің бұндай бейтараптылық позиция ұстануы қазақ-жоңғар арасындағы өзара жанжалдан соғысушы тараптарды әлсірету еді. Ресей үкіметінің бұндай позициясын орыс-қалмақ қатынасынан байқауға болады. 1723 жылы күзінде жоңғар қонтайшысы Цеван-Рабдан Еділ қалмақтарына елші аттандырып қазақтарға қарсы біріккен әскери қимыл ұйымдастыруды ұсынады: Аюке хан Цеван-Рабдан ұсынысын қабылдап, патша үкіметінен әскер беруін сұрайды, бірақ орыс әкімшілігі бұл ұсынысты орынсыз деп есептеп келісімін бермейді және қалмақ ханына қазақ-жоңғар арасындағы соғысқа араласпауға кеңес береді. (Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв. Алма-Ата, 1991. -85 бет.)

XVIII ғасырдың 20-жылдары басындағы Қазақ хандығының бытыраңқылығы жоңғарлар тарапынан ауыр азап алып келді. Елді аздырған алауыздық, жұртты тоздырған шапқыншылық халықтың жағдайын ойсыратып жіберді, ел ұл-қыздарынан айрылып, мал-мүлкі талан-таражға, жері бөліске түсті. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен алады» демекші, жоңғарлардың жойқын шапқыншылығын оңтайлы пайдалана білген Еділ қалмақтары, казактар мен башқұрттар солтүстік-батыстан басып кірсе, оңтүстіктен бұхарлықтар мен хиуалықтар қоқан-лоқы көрсете бастады. Алайда 1723 жылы Еділ қалмақтары елдің солтүстік-батысынан ішкерлей терең ене алмады, ең алдымен патша үкіметінің қалмақтарға айтарлықтай қолдау көрсетпеуі және қалмақтардың Әбілқайыр хан жасағынан ауыр соққыға жығылуы болса керек. 1724 жылы қалмақ ханы Аюке қайтыс болған соң, қалмақ билеушілері арасында алауыздық туындап өлкедегі саяси жағдай күрт өзгерді, ендігі кезде қалмақтар қазақтарға айтарлықтай қауіп төндіруден қалды. Бұрынғы кезде қазақтар мен қалмақтар арасындағы шекара сызығы Жем өзені бойы есептеліп келсе, қалмақтарға қарсы Әбілқайыр хан бастаған қазақтардың толассыз шабуылы нәтижелі болып Жайыққа дейінгі жайылымдарды өздеріне қайтарып алды. Бұл тұста Әбілқайыр ханның ерлігін, еңбегін ерекше атап өткеніміз жөн. Орта жүз қазақтары да қарап қалмады, Ор мен Үй өзендеріне дейінгі жерлерді башқұрттардан тартып алды. Қазақтардың Жайық казактары, башқұрттармен арадағы шекарааралық қақтығыстары қайта өрши түсті. (Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей Алматы, «Санат», 1996. -168 бет.)

Қазақтарға екі бірдей майданда қатар соғыс жүргізу оңайға түспеді, әсіресе шығыстағы жоңғарлармен соғыс қазақтарға ауыр болды. Жоңғарлармен күресте Ресейдің қолдауына ие болу үшін қазақ билеушілері патша үкіметімен арадағы келіссөзді қайта жандандырды. 1726 ж. Кіші жүздің Сүгір, Елікбай, Құрлыбай старшындары атынан Ресейге Қойбағар елшілігін аттандырды, бірақ елшілікті аттандырған старшындардың мемлекеттік шенінің төмен болғаны ма, («Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №3, 1993.- 59 бет.)әлде патша үкіметі үшін «протек» болу тиімсіз болды ма, әйтеуір, Қойбағар елшілігі нәтижесіз оралды. Тек 1728 жылы қарашада Сәмеке хан жетекшілігімен қалмақтармен арада бітімге келді.

Ал қазақ даласының оңтүстік-шығыс майданы, яғни, жоңғарлармен арада қалыптасқан ауыр жағдай үш жүздің күші бірігіп қарсы тұруын талап етті. 1726 жылы Ордабасы жерінде үш жүздің құрылтайында Әбілқайыр хан бүкіл қазақ жасақтарының бас қолбасшысы болып сайланды. 1727-1730 жылдары аралығында біріккен қазақ қарулы күштері қазақ-жоңғар майданында тамаша жеңіске қол жеткізді, бұл тұрғыда Әбілқайыр ханның қолбасшылық дарындылығын атап өткеніміз жөн шығар. Жоңғарлар бірінші рет 1728 жылы Бұланты өзені бойында ауыр жеңіліске ұшырады, бұл жеңіс қазақтың рухын асқақтатып, жауынгерлерге күш-жігер, сенім берді. Ал 1729 жылы Балқаш көлінің маңында «Аңырақай» шайқасында қазақ батырлары өшпес ерліктің үлгісін көрсетіп жеңіске жетті. Жеңіске бір табан жақындағандай болып еді, алайда дәл осы кезеңде Болат хан қайтыс болып оның соңы тақ үшін таласқа ұласады, билер Болат ханның жас ұлы Әбілмәмбетті хан сайлайды, бұл шешімге наразы болған Әбілқайыр хан мен Сәмеке хан әскерлерімен соғыс даласын тастап, өз ордаларына кетіп қалады. Осыдан соң қазақ жасақтарының күші ыдырай бастайды. Сөйтіп қазақ халқының жоңғарлармен арадағы азаттық жолындағы күресі сәтсіз аяқталады. Орынбор экспедициясы басшысы И.Кириллов императрица А.Иоанновнаға жазған хатында: «Егер бүкіл қазақ ортақ келісімде болса, жоңғарлардан басым түседі, бірақ бір хан шайқасқа кіріссе, екіншісі тастап кетеді, сөйтіп иеліктерінен айырылады» (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-108 бет.). Ал М.Тынышпаев бұл тұрғыда: «Халқымыздың көкейінде саяси бостандық пен тәуелсіздік үмітін оятқан үш-төрт жылдық ерлік пен азаттық күресіміздің нәтижесі бір мезетте көзден ғайып болып, бір жағынан патшалы Ресейге қосылуға әкелсе, екінші жағынан қалмақтардың қол астында еріксіз өмір сүруге әкелді», - деп ойын түйіндеген

екен. Сөйтіп хандар арасындағы алауыздық «Аңырақайдағы» аяқталмаған жеңістің себебін ашып берді.

«Аңырақай» шайқасынан кейін орыс шекарасына көшіп барған Әбілқайыр ханды Ресейге елшілік аттандырып орыс бодандығын қабылдауға не итермеледі?» деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұрақтың жауабын алдымен Қазақ хандығының халықаралық жағдайынан іздестіріп көрелік,

XVIII ғасырдың 20 жылдардың аяғы – 30 жылдардың басында Қазақ хандығының оңтүстігінде орналасқан Орта Азиялық мемлекеттер әскери-саяси дағдарысқа тап болып бытыраңқылықты бастан кешірді. Шыңғыс ұрпағы Раджаб сұлтан мен Бұхар ханы Әбілфайз арасында, бұдан кейін Бұхар ханы Әбілфайз бен парсылар арасында жағдай шиеленісті. 1724 жылы жерлерінен айрылған көшпелі қазақтардың қолдауына ие болған Раджаб хан Бұхарды қоршауға алып үш күн бойы тонауды бұйырды, 1725 жылы Вабкент түбінде Раджаб хан мен Әбілфайз арасындағы шешуші шайқас Раджабтың жеңілісімен аяқталды, бірақ соған қарамастан қазақ-қоңыраттар Маураннахрда тұрақтанып, жеті жыл бойы Самарқанд, Бұхара, Шахрисабза және Қаршы облыстарын қирандыға айналдырды. (Тулибаева Ж. М. Казахстан и Бухарское ханство в XVIII — первой половине XIX в., Алматы, 2001. -88 бет.), яғни, бұқарлықтар қазақтарға қауіп төндіруден қалды деуге негіз бар. Ал Хиуа хандығы бұл кезеңде Әбілқайыр хан бастаған қазақ сұлтандарының ықпалында болды. М.Тевкелевтің Сыртқы істер алқасына жолдаған хабарламасында (1732 ж. 5 қаңтар): «Алайда Әбілқайыр бұл күнде Бұхариямен бітісіпті-міс, ал Хиуада оның немере ағасы Елбарс хан тағына отырыпты-мыс, ендігі қалған жаулары еділ қалмақтары мен башқұрттар көрінеді, ал қалмақтармен бітісу де оңай, соғысу да оңай, бұлардың бітісуінде бәтуә жоқ екен, сондай-ақ башқұрттар да ұлы мәртебелі императрицаның дәргейінсіз бітіскісі келмейді, міне, сондықтан да ол яки Әбілқайыр хан ұлы мәртебелі императрицаға өзінің елшіліктерін жіберіп, еділ қалмақтарымен һәм башқұрттармен бейбіт болуға құзырлық жасауын, ал қонтайшыдан кек алуына ерікті болуын қолдайды», - делінген («Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №2, 1993.- 57 бет.). Аңырақай шайқасынан кейін жоңғарлардың әскери белсенділігі әлсіреді. Біріншіден, қазақтардың ауыр соққысына жығылса, екіншіден, Цин империясының қысымы күшейе түсті, әсіресе 1731-1735 жылдары император Юнь Чень тұсында; шығыстанушы В.А.Моисеевтің дерегіне сүйенер болсақ, жоңғарлар мен Цин армиясының арасындағы әскери қимылдар кейбір үзілістермен 1730 жылдан 1740 жылға дейін созылған (Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв. Алма-Ата, 1991. - 97,98 бет.); үшіншіден, 1727 жылы жоңғар қонтайшысы Цеван-Рабдан қайтыс болғаннан кейін Цеван-Рабданның ұлы Қалден-Церен мен Цеван-Рабданның екінші әйелі Аюкенің қызынан туған ұлы Шоно-Лоузан (1732 жылы қайтыс болды) арасындағы билік үшін бәсекелестік басталған болатын. Жоңғар хандығындағы ішкі бақталастық қазақтармен арадағы қақтығысты уақытша тоқтатуға мәжбүрледі, бұны Кіші жүз ханы Әбілқайырдың атынан Ресей бодандығын қабылдау үшін келіссөз жүргізуге С-Петербургке келген елшілер туралы Сыртқы істер Коллегиясының жазбасынан (1730 ж. 30 қазан) байқауға болады, онда: «Өткен жылдары қайсақ ханы қонтайшы һәм еділ қалмақтарымен һәм башқұрттармен соғыста болды, енді тоқма қонтайшы һәм еділ қалмақтармен достасты....» - делінген (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.- 37 бет.).

Ал енді қазақтардың орыс шекарасын бойлай орналасқан қазақтармен арадағы қатынасқа келер болсақ, «1723 жылдың қарсаңындағы санақ бойынша бірнеше атамандардың қол астына біріккен Жайық қазақтарының жалпы саны 3196 адамды құраған» (Абдиров М. Ж. Завоевание Казахстана царской Россией и борьба казахского народа за независимость. Астана, «Елорда». 2000. - 91 бет.), яғни, қазақтар саны он жылдың ішінде, он есе өскеннің өзінде де қазақтар үшін аса қауіпті жау ретінде қарастыруға негіз жоқ сияқты.

Демек, XVIII ғасырдың 20-30 жылдары Қазақ хандығының халықаралық жағдайына қатысты ой түйіндесек, көрші хандықтармен арада шекарааралық қақтығыстар орын алғанымен, қазақ халқын мемлекеттілігінен, тәуелсіздігінен айыратындай сыртқы саяси күш болмағандығын айтар едім, яғни, 1731 жылы Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын қабылдауға негіз жоқ.

Олай болса Әбілқайыр ханды өз еркімен Ресей бодандығын қабылдауына не итермеледі екен? Дана халқымыздың менталитетін жетік біле бермейтін тарихшы И.Ерофеева сол аумалы-төпелі заманда Қазақ хандығы үшін ұжымдық саяси басқару жүйесін тиімсіз деп санап, Әбілқайыр ханның жеке дара шешім қабылдауын бірден-бір дұрыс деп есептесе керек. Сол замандағы Қазақ хандығындағы ұжымдық немесе сословиелі монархиялық басқару жүйесін «далалық парламенттік монархия» жүйесі деп те сипаттауға болар еді. «Үш жүздің баласы, ақылдасып, жолдасып хан көтеріп еді» деп Бұхар жырау жырлағандай, ел мүддесіне қатысты мәселелер қазақтың игі-жақсыларының қатысуымен «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші, ортақ шешімге келіп қабылданушы еді. Еркіндікті ту қылған Қасым, Хакназар, Есім, Тәуке және Абылай хандар қуатты біртұтас орталықтанған мемлекетті басқара отырып, оны халық мүддесімен ұштастыра білді, сондықтан да шығар еуропалық елдердегідей монархияға қарсы халық наразылығының туындамауы, елдің ішкі және сыртқы өмірінде саяси-әлеуметтік мәселелерді

шешуде табысты болуы. Даналығымен, даралығымен алты алаштың сеніміне кіріп, қолдауына ие болған Қасым хан мен Есім хан сыртқы жауы өзбектердің шапқыншылығына төтеп беріп қана қоймай, ішкі бәсекелестерін жеңе білді. Мәселен, Қасым ханмен саяси тартысқа түскен Бұрындық хан Қасым ханның тегеруіне шыдас бере алмай, 1511 жылы Самарқан жағындағы қызының қолына кетсе, Есім хан 1627 жылы өзінің азулы қарсыласы Тұрсын ханды сыртқы күштің араласуынсыз жазасын беріп, елді бытыраңқылықтан аман алып қалды. Аталған хандардың ұлылығы олардың шыққан тегінде емес, олардың ұлылығы – парасаты мен күш-қайратын, өмірін халқының болашағы үшін сарп етуінде, Ресей сияқты елдің патшасы алдына барып бас ұруды ар санап, қандайда болмасын дау-дамайды бүкіл әлемге жария етпей көрегендікпен шеше білуінде.

1730 жылы Әбілқайыр ханның бойында жаңа бір саяси қасиет пайда болды десек те болады, бұл қасиет – Әбілқайыр ханның қанды майдандағы ерлігінен көрі хан тағының маңындағы тартысқа көбірек көңіл бөлуі. Болат ханның өлімінен кейін Ұлы ханның тағы үшін өзге қазақ хандары мен сұлтандары арасындағы саяси күресте жеңіліске ұшыраған Әбілқайыр ханның ешкіммен санаспай, Ресейдің бодандығын қабылдау арқылы сары түймелі шапан мен жоғардағы алтын таққа қол жеткізу әрекетін заңды құбылыс деп таныр едім.

XVIII ғасыр басында Ресей мен кейбір батыс державалар арасында саяси дағдарыстың туындауы (1717-1719 жж. Сібір бағытындағы экспедиция мен Үндістанға И.Бухгольц пен И.Лихарев бастаған экспедицияның сәтсіз аяқталуы Орталық Азия бағытындағы саяси жағдайын әлсіреткендей болып еді), 1731 жылы Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын мойындауы патша үкіметінің оңтүстік-шығыстағы саясатының тамырына қан жүгіртіп, қайта жандандырды. 1730 жылы 8 қыркүйектегі Әбілқайыр ханның өзінің және қол астындағы халқының атынан Ресей бодандығын алуы туралы А.Иоанновнаға жазған хатында: «... ал біз, Әбілқайыр хан, қол астымдағы Орта және Кіші жүздің барлық халқымен бірге, сіздің алдыңызда басымызды иеміз, біз сіздің құлыңызбыз хәм күллі қарапайым халықпен бірге сіздің қамқорлығыңызда болғымыз келеді, анау Жайықтың арғы жағындағы сіздің боданыңыз – башқұрт халқымен ынтымақта тұрғымыз келеді. Сізге барлық атаулыны тілейміз хәм сіздің боданыңыз болғымыз келеді» (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-35 бет.). Әбілқайыр ханның ағынан жарылып былай жазуы патша үкіметіне артып отырған соңғы үмітінің жауапсыз қалмауын ойласа керек. Патша үкіметі де Әбілқайыр ханның бұл «тосын сыйына» күмәнмен қараса керек, 1731 жылы ақпан айында қазақ даласына аттанғалы тұрған М.Тевкелев елшілігіне берілген нұсқауда түрлі айла жолдары айтылып, алдап-арбау арқылы Әбілқайыр ханды патша үкіметінің қармағына түсіруді елшілікке бұйырған еді, онда: «Егер Әбілқайыр хан салық төлеп, аманат беру туралы Тевкелевтің алдарқатуынан үзілді-кесілді бас тартып көнбесе, онда өршелендірудің қажеті жоқ, тек Әбілқайыр хан бастапқы шарттарға сәйкес қолын қойсын да өзара сеніммен өмір сүрсін дегенге илкітіру қажет,егер Әбілқайыр шарттардың ешқайсысына қол қоймаса, келіспесе, онда ол қалайда ханды жағаттай отырып, дәргейге мәртебелі ағзамнан алынған дәргейдегі жайлармен келісетіндігі туралы мағұлмат берсін», - деген (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-43 бет.). Ешбір артық шығынсыз қазақ жерлерін қосып алу мүмкіндігінің туып тұрғанын сезінген патша үкіметі, бұл іске аса сақтық, жауапкершілікпен қарады. «Өлушінің ажалы жетпей, өлтірушінің құрығы жетпес» демекші, орыс елшілігінің алдына жіберілген Сүйіндік мырза М.Тевкелевке ештеңе жазылмаған, бірақ Әбілқайыр ханның мөрі басылған екі бет қағазды береді. Сыртқы істер кеңесіне М.Тевкелевтің 1731 жылы 26 тамызда жолдаған мағұлматында: «Әбілқайыр хан тек қана бодандықты алып қана қоймайды, сонымен қатар мәртебелі падиша ағзамға қызмет еткісі келетіндігін және сенімділігін білдіру үшін жіберіпті, оған Тевкелев мырза не деп жазса да, Әбілқайыр хан қарсы болмайды», - деп түсіндірді Сүйіндік елші («Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №1, 1993.- 63 бет.).

Мәртебелі императрицаның Кіші жүзді Ресей бодандығына алғандығы туралы хабарды естей салсымен Әбілқайыр хан өз ұлысымен Торғай өзенінен Ырғыз өзені бойы Майтөбе қойнауындағы ордасына көшіп барады. 1731 жылы 6 қазанда М.Тевкелев бастаған құрамында 60-қа жуық адамы бар орыс елшілігі Майтөбедегі Әбілқайыр ханның ордасына келіп жетеді. Үлкен сый-сияпатымен келген елшілікті Әбілқайыр хан қуанышпен қарсы алса, бұқара халық Ресей үкіметі мен Әбілқайыр хан арасындағы достық қатынастан хабардар болса да діні, тілі өзге елдің елшілігін суық қарсы алды. Елшілік келген күні түнінде Әбілқайыр хан мен өмірінің қауіпсіздігіне алаңдаған М.Тевкелев үстіне жаман-жәутік киіп ханмен кездеседі. Әбілқайыр хан Тевкелевке Ресей еліне бодан болуды өзге хандар мен сұлтандар және билердің келісімінсіз бұндай қадамға барғанын айтады. Сыртқы істер алқасына жазған хабарламасында Тевкелев Әбілқайыр ханнан өзгелердің келісімінсіз бұндай қадамға бару себебін сұраған екен, сонда Әбілқайыр хан жоңғарлардың қолында қалған Ташкент, Түркістан, Сайрамды азат ету үшін императрицадан бодандық алып, еділ қалмақтары және башқұрттармен бейбіт өмір сүріп, қонтайшыдан кек алуда ерікті болуымды қалаймын, өз жауларымды жеңе алмаған жағдайда ұлы мәртебелі

императрицаның (ұ.м.и) құзырында болатындығын білдіріп, сол сияқты ұлы мәртебелі императрицаның құзырымен қорғануды қалайтындығын жеткізген («Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №2, 1993.- 57 бет.). Патша үкіметінің көңіліне қонымды жауап қайырыпты, бірақ орыс бодандығын қабылдаудағы шынайы себебі туралы тіс жармапты. Ресей бодандығын қабылдау туралы өтініште А.Иоанновнаға өзін Кіші және Орта жүз ханымын деп таныстыруы, егер елшілік Мәскеуде тек Әбілқайыр ханның өзі жайында сөз қозғайтын болса, ұлы мәртебелі императрица ағзам Тевкелевті жіберуге рұқсат бермес еді деген ойда болса керек. Тевкелевтің «егер халық сенің айтқаныңа мойынсұнбаса һәм бүкілресейлік бодандықта болғысы келмесе?» деген сұрағына Әбілқайыр ханның «егер белгі-билерді сый-сияпатпен риза етсек, онда ешқандай қауіп-қатер жоқ һәм оларды бодандыққа ант бергізу қиындыққа соқпайды» деп жауап беруі («Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №2, 1993.- 58 бет.) Әбілқайыр хан бастаған топтың бақ-дәулет үшін кез-келген опасыздыққа баратындығын білдірді. «Майтөбе ісін» алғашқы күннен өз бақылауынан шығарып алған Кіші жүз ханы, өзінің және орыс елшілігінің қауіпсіздігін батыр Бөкенбай, күйеу баласы Есет, немере ағасы Құдайназар сияқты беделді тұлғаларға сеніп тапсырды.

1731 жылы 10 қазанда хан ордасындағы жиналыста ақсүйектер Ресей елшілігінің Әбілқайыр ханның жеке өтінішімен Ресей бодандығын қабылдауға келгенін білген кезде, олар. «Әбілқайыр ханға Ресей бодандығында боламыз деп хат жаздырған жоқпыз, біз ханға елші жіберсең, Ресеймен бейбітшілікте болайық дегенбіз, тіпті қазір де бодан болайық деген ниетіміз жоқ, міне, сондықтан да сені өлтіре салса да болар еді», - деп Тевкелевке кейбір қазақ ақсүйектері қарһарлана түсті («Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №2, 1993.- 58 бет.). Сөйтіп Әбілқайыр бастаған батыр Бөкенбай, Есет, Құдайназар және пара алған 27 би-старшын орыс бодандығымызға кімде-кім қарсы шығатын болса, біз оған қарсы күш-жігерімізді аямаймыз деп патша үкіметіне адал қызмет етуге ант берісіп, Ресей бодандығын қабылдайды. Ресей бодандығына ант берген соң, Әбілқайыр хан өзгелердің келісімінсіз неліктен Ресей бодандығында болғысы келгендігінің сырын ашып береді. Әбілқайыр хан ұлы мәртебелі императрицаның қамқорлығы арқасында билігі өктем хан болсам һәм хандық атадан балаға мирас болса, сондай-ақ өз қалмақтарына не істесе де ерікті Аюке хан сияқты еркін болсам деп үміттенеді («Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №2, 1993.- 60 бет.).

Әбілқайыр ханның опасыздық қадамы қазақ халқының тұтастығы мен бірлігіне сызат түсірді. Барша қазақтың билеушісі атанған Әбілқайыр хан өзімен бірге өзге қазақ жүздерін патша үкіметі қазған орға сүйреді. 1731 жылы 15 желтоқсанда Әбілқайыр хан мен Бөкенбай батыр Орта жүз ханы Сәмекеге башқұрт Таймас Шаймов пен Құдайназар елшілігін аттандырады. Елікшілікпен кездесу барысында Сәмеке хан өзге хан-сұлтандармен ақылдаспастан Ресей бодандығын қабылдаған Әбілқайыр ханның әрекетіне ренішін білдіргенімен, 1731 жылы 19 желтоқсан күні Ресей бодандығын қабылдайды (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-63,64 бет.). Алайда Орта жүз бен Ресей арасындағы шекарааралық қақтығыстар тоқтамады, 1732 жылы көктемде Орта жүз ханы шағын әскерімен Сібір драгундық башқұрттарға қарсы ұйымдастырған жорығы сәтсіз аяқталады. Жеңілістің есесін қайыру үшін Сәмеке хан 1733 жылы башқұрттарға екінші қайтара жорық ұйымдастырмақшы болады, Сәмеке ханның жоспарынан хабардар болған Әбілқайыр хан Сәмеке ханың бұл ойын башқұрттарға жеткізеді, соның салдарынан Сәмеке ханның бұл жорығы да сәтсіз аяқталады (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-108 бет.). Күші әбден сарқылған Сәмеке ханға Ресейдің билігін мойындаудан өзге амал қалмайды, сөйтіп 1734 жылы 10 мамырда Сәмеке хан Ресей бодандығын екінші қайтара қабылдайды (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-117 бет.).

Ресей бодандығын қабылдау кезегі Орта жүзден кейін Ұлы жүзге де келіп жетті, Әбілқайыр ханның араағайындық етуімен Ұлы жүзді Ресейдің темір торына түсіру жолы қарастырылды. 1734 жылы мамырда Кіші жүз ханы орыс тағына адалдығын білдіру үшін баласы Ералы сұлтан бастаған елшілікті Петербургке атандырады, елшілік құрамында Ұлы жүз өкілдері Аралбай мен Ырыскелді (Оразгелді) мырзалар болатын, императрица Анна Иоанновнаның Ұлы жүзді Ресей бодандығына қабылдау жөніндегі грамотасында «Ал біздің боданымыз Әбілқайыр хан сіздерді бодандыққа қабылдағанын, бізге құлдық ұрып жеткізді һәм соны айтып біздің сәулетті сарайымызға сіздердің елшілеріңіз Аралбай мен Ырыскелді батырды жіберіпті» делінген. Алайда қазақ тарихының Геродоты А.Левшиннің айтуынша, «Аралбай мен Ырыскелді – Ұлы жүз өкілдері болғанымен Жолбарыс хан жіберген елшілер емес, Әбілқайыр ханның сыбайластары әлде жалдамалылары». Бұл Кіші жүз билеушісінің патша сарайының алдында беделін көтеру мақсатында күллі қазақтың билеушісі ретінде көрсеткен амалы болса керек. Жоңғарлар мен қазақтар арасында әскери қақтығыстар жалғасқанымен де, XVIII ғасырдың 30-жылдары басында жоңғарлардың қазақ жеріндегі соғыс қарқына бәсеңдеді, бұның себебін ең алдымен Жоңғар-Цин арасындағы қақтығыстардың шиеленісуімен түсіндіруге болады. Қалден-Цереннің Цин империясымен арадағы жағдайға аландауын Ұлы жүз ханы Жолбарыс тиімді пайдалана білді. Жолбарыс хан жоңғарлардың шапқыншылығына тойтарыс беріп, 1730 жылдың ортасына дейін Ташкент, Түркістан,

Сайрам қалаларында билігін орнатты. 1734 жылы 24 қазанда Орынбор экспедициясының басшысы И.К.Кириллов пен М.Тевкелевтің Сыртқы істер алқасына жолдаған хатында «Ұлы жүзден келген адам Ташкент және өзгеде қалалардың жоңғар-цин арасындағы соғысқа байланысты жоңғар құрамынан шығып Жолбарыс хан ордасына қосылғанын, жоңғарлардың оларға елші аттандырғанын, қазір олар бейбіт өмірде» (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-120,121 бет.) екендігі туралы айтылады. «...Сауда байланысына қол жеткізген Жолбарыс орыс бодандығын қабылдамақ түгілі орыс шекарасына жоламайды, ал 1739 жылы 17 шілдеде Ұлы жүзді Ресей бодандығына қабылдау туралы жарлық Орынбор шекаралық комиссиясының қолында қалды»(Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, «Санат», 1996. -171 бет) деген А.Левшиннің дерегінен Ұлы жүз ханы Жолбарыстың Ресей бодандығын сөз жүзінде қабылданымен, іс жүзінде тәуелсіз саясат жүргізгендігін аңғаруға болады. Демек, сол кезеңде Ұлы жүздің билеушісі Жолбарыс хан үшін Ресей бодандығын алуға еш негіз жоқ деуге болады.

Сонымен Ресей бодандығына артқан үмітіміз ақталды ма? М.Тевкелев бастаған орыс елшілігінің Кіші және Орта жүзді Ресей бодандығына қабылдау миссиясы ойдағыдай өткен соң, патша үкіметі Қазақстанды отарлаудың алғашқы кезеңіне кірісті. 1732 жылы 28 қазандағы Сенаттың жарлығымен казактар орналасқан Жайық өзені бойынан башқұрт және өзге тұрғындарға балық аулауға тыйым салынады (Н. Е. Бекмаханова Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии в XVIII-60-х гг. XIX вв. Москва. Наука, 1980.-70 бет.).И.К.Кирилловтың (1689-1737) басшылығымен қазақ даласын игеру, Түркістан және Үндістанға шығатын дала жолын ашу мақсатында Орынбор экспедициясы құрылды. Экспедицияның алдына Ұлы және Орта жүздің руларын Ресей бодандығына қабылдау, Жайық өзенін шекара ретінде бекітіп өзеннің оң жағалауына қазақтардың шығып кетпеуін және хиуалықтармен соғыс жүргізіп жатқан Әбілқайыр ханға тек оқ-дәрі, қару-жарықпен жәрдемдесу, әскери жасақтарды бермеу, Ор өзені бойына бекініс тұрғызу сияқты тапсырмалар қойылған болатын (Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, «Санат», 1996. -187-188 бет.). Әбілқайыр хан қарсыластарынан қорғану үшін Ор өзені бойында Орынбор бекінісінің негізі қаланды деп бір деректерде айтылса, екінші бір деректерде, 1733 жылы 10 сәуірде М.Тевкелевтің сыртқы істер коллегиясына жолдаған хатында «қазақтар Самара, Сызран, Черемшан қалаларына тонаушылық жорықтарын жалғастыруда, оны тоқтату үшін бекініс салуды ұсынады» деген мәлімет бар (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-100 бет.), демек, Әбілқайыр ханның салдырған Ор қамалы қазақ халқын жаудан қорғайтын қамал емес, патша үкіметінің қазақтар үшін қазған оры болғаны ғой.Орынбор бекінісі қазақ ханының резиденциясы ретінде емес, империяның әрі қарай Шығысқа бағыт алып жылжитын әскери айлағы (плацдарм) ретінде қарастырылғаны белгілі болды. 1734 жылы қазақтарға Жайықтың оң жағалауына қоныс аударуға қатаң тыйым салынады, 1742 жылы қазақтарға Жайыққа, Жайық қалаларына және басқа да салынып жатқан бекіністерге жақын жерге қоныстануға тыйым салатын патша жарлығы шығады. Бұл шаралар көшпелі халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының күрт нашарлауына, олардың шекара сызығына шапқыншылығының жиілеп кетуіне әкеп соқты. Отаршылдық қысымды сезіне бастаған қазақ халқының патша үкіметіне қарсы наразылығы басталып, атамекен жерімізді қайтарам деген Әбілқайыр ханнан халық суий бастайды. Қазақтардың Жайық казактары, башқұрттармен арадағы шекарааралық қақтығыстары қайта жандана түсті: Кіші жүз қазақтары 1734 жылы Сақмар қалашығына, 1736-1737 жылы казактармен еділ қалмақтарына, 1738 жылы екінші қайтара қалмақ кереуендеріне шабуыл жасайды (Витевский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Казань, 1889.-251 бет.).

Халықтың дегеніне көнбей, айдағанына жүрмесе әскери күшпен көндіріп, «патша үкіметінің жауы – менің жауым» деген Кіші жүз билеушісі Әбілқайыр хан Әбілмәмбет, Барақ, Батыр сияқты жауларының көзін құртып, олардың соңынан ерген бұратана «жабайы» халықты ұлы мәртебелі императрицамыздың жарлығына көндіру үшін 3 мың әскер беруін Орынбор комиссиясының басшысы И. Неплюевтен сұрайды. 1742 жылы 22 қыркүйекте қазақ билеуші тобымен кездесуге келген патша ағзамның құпия кеңесшісі И.Неплюев тобына Кіші жүз билеушісі Әбілмәмбет, Барақ және Батырды Орскіге келген кезде тұтқындауға кеңес беріп, қол астындағы халықты ауыздықтау үшін 3 мың әскер беруін сұрайды (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-235-236 бет.). Әбілқайыр ханның ұсынысына И.Неплюев бастаған орыс әкімшілігі «жай ғана іс үшін ұлы мәртебелі императрица халықты қырғынға ұшыратып көрмеген, ең алдымен істі жай ғана амалмен шешкен жөн, егер одан еш нәрсе шықпаса, онда тағдырдың өзі көрсеткендей тиісті шара қолданған жөн» деп құпия кеңесші ұлы мәртебелі императрица атынан шешім қабылдап Әбілқайыр ханға жеткізеді. Сол кездесуде Әбілқайыр хан қазақтардың Жайық қалашығы маңына және одан төмен қарай жайлауы жақсы жерге қоныстануға рұқсат беруді сұрайды, алайда И.Неплюев казак, еділ қалмақтары мен қазақтар арасындағы тыныштықты сақтау

үшін Әбілқайыр ханға рұқсат беруден бас тартады. Ресейдің қолдауынан айырылған Әбілқайыр хан енді жоңғарлармен жақындасып қонтайшы Қалден-Цереннің бодандығын қабылдауға ниет білдіреді (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-235-236 бет.). Осындай жағдайда ел алдында қадірі кете бастаған Әбілқайыр хан бір жағынан патша үкіметінен күткені ақталмай не істерін білмей әбігер болса, екінші жағынан соңынан ерген жұрттың өзінен алыстай бастағанын ұққан ол қатты састы, бір кезде қарамағындағы елді Ресейдің қол астына үгітесе, енді жоңғар, парсы хандығының қол астына кіруге үгіттейді (Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, «Санат», 1996. -214 бет.). Ондағы ойы егер қазақ рулары Орта Азия хандықтарының қол астына кетер болса, патша үкіметі шарасыздықтан өзіне көмек беруге мәжбүр болады деп ойласа керек, алайда Әбілқайырдың бұл пиғылы да еш нәтиже бермейді. «Алаш алдында тартысқа түспеген дау тұрақтамайды, талқыдан өтпеген хан тұрпақтамайды» демекші, соңында 1748 жылы Орта жүздің сұлтаны Барақ Ор бекінісінен қайтып келе жатқан Әбілқайырмен далада кездесіп, оны өлтіреді. Барақ сұлтан Әбілқайырды еліне деген «ұлтжандылығы» үшін емес, өзінің жеке басының мүддесін көздеп ұлтына қарсы жасаған «опасыздығы» үшін өлтірген еді.

Әбілқайыр хан мансапқорлықпен, 27(29) би-старшын паракорлықпен орыс бодандығын қабылдаған болса және бодандықты көбіне шекараға жақын тұратын қазақтардың тобы қабылдағанын ескерер болсақ, қазақ халқы өз еркімен Ресей бодандығын қабылдады деп айтуға аузымыз бармас.

Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдау мәселесінің тарихнамасына үңілер болсақ, кеңес зерттеушілері тарихты коммунистік идеологияның құралына айналдырып тарихи фактілерді әбден бұрмалаған, бұны 1935 жылы Қазақстанда басылған «Қазақ тарихы» деген еңбегінде қазақ ғалымы профессор Санжар Асфендияров та қостаған. Ол тарихи шындықтар мемлекеттік шовинистер ойлап тапқан, қазақтар Ресейге өз еркімен қосылды дейтіннің мүлдем жалған екенін дәлелдеп отыр. Қазақстанның Ресейге қосылуы прогрессивті бағыт деп сипатталуы 1940 жылдардан басталса керек, сол тұстан бастап кеңес оқулықтары «артта қалған қазақты өз бауырына басқан ұлы орыс халқын» дәріптеу жүріп жатты, осы тұста орыс халқы мен қазақ халқы арасындағы мәңгілік достықтың «алтын көпірін» салатын тұлғаның қажеттілігі туындады, әрине, бұған бірден-бір үміткер тұлға Әбілқайыр хан еді, өйткені қазақ халқының атынан ресми түрде алғаш болып орыс бодандығын мойындаған болатын. Кеңестік тарихшылардың Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрессшіл, маңызды сипатына қалам тартқаны мәлім. Осы бағытта Н.Г.Аполлова, И.Омаров, А.Панкратова, Т.Ж.Шойынбаев, В.А.Моисеева, Б.А.Төлепбаев, Н.Е.Бекмаханова еңбектері жазылып, жарияланды. Сөйтіп тарих ғылымында коммунистік идеология талаптарына сәйкес өз еркімен қосылу және оның прогрессивті салдарын сипаттайтын теория орнықты.

Тарихымызды жаңаша таразылау арқылы өткен тарихымыздан сабақ алып еліміздің болашағын бағалаймыз, бағамдаймыз, сондықтан да Әбілқайыр хан сияқты тұлғаның саяси бейнесіне барынша шынайы баға беруге міндеттіміз. Ол үшін оның жеке саяси өміріне диалектикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Әбілқайыр ханның саяси өмір жолын екі кезеңге бөліп қарастырған жөн: 1-кезең – Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі, 2-кезең – Ресей бодандығын қабылдау кезеңі. Кезінде большевиктердің көсемі В.И.Ленин өз кезегінде Г.Плехановтың 5-6 жылдық өмірін айларға бөледі, оның «большевик» болғанын, «меньшевик» болғанын («нағыз меньшевик» болғанын) айлап анықтаған. Біз де Әбілқайыр ханның өміріне солай қарауға міндеттіміз. Диалектика өмірдің жақсылығын, жамандығын, ащысын-тұщысын бірдей қарауға міндеттейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Абдиров М.Ж. Завоевание Казахстана царской Россией и борьба казахского народа за независимость. Астана, «Елорда». 2000. - 91 бет.

«Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №1, 1993. - 63 бет.

«Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №2, 1993. - 57 бет.

«Ақиқат» журналы. «Дәуір» баспасы, №3, 1993. - 58 бет.

Бекмаханов Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии в XVIII-60-х гг. XIX вв. Москва. Наука, 1980.-70 бет.

Витевский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Казань, 1889.-251 бет.

Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках, Алма-Ата, 1961.-108 бет.

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, «Санат», 1996. -187-188 бет.

Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв. Алма-Ата, 1991. -85 бет.

Тулибаева Ж. М. Казахстан и Бухарское ханство в XVIII — первой половине XIX в., Алматы, 2001. -88 бет.

ПОСТКЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

КАСИМБЕКОВА МАРЖАН АМИРОВНА

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Тарих факультетінің 2 курс PhD докторанты
ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Е.Т.Картабаева
Алматы, Қазақстан*

Андатпа. Мақалада Посткеңестік Ресей зерттеушілерінің Орталық Азиядағы ислам мәселесінің зерттелуіне қосқан үлесі қарастырылады. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде ислам мемлекетінің фундаменталистік концепциясына саясаттанулық талдау негізінен исламдағы радикалды ағымның пайда болуы мен эволюциясы мәселелерін, терроризм мен экстремизм мәселелерін қарастыратын Ресей зерттеушілерінің еңбектерін жатқызуымызға болады. Сонымен, посткеңестік ресейлік зерттеушілер Орталық Азиядағы ислам мәселесіне қатысты біршама еңбектер жазды. Дегенмен, бұл еңбектер тек тарихи аспектілерді ғана емес, кешенді-пәнаралық – саяси, философиялық және аймақтағы қауіпсіздік мәселелеріне көбірек арналды.

Түйін сөздер: Ислам, Посткеңес, терроризм, экстремизм, фундаментализм, идеология.

Аннотация. В статье рассматривается вклад постсоветских российских исследователей в изучение проблемы ислама в Центральной Азии. В современной научной литературе к фундаменталистской концепции исламского государства можно отнести труды российских исследователей, политологический анализ которых в основном рассматривает проблемы возникновения и эволюции радикального течения в исламе, проблемы терроризма и экстремизма. Так, постсоветские российские исследователи написали немало работ, посвященных проблеме ислама в Центральной Азии. Однако эти работы были больше посвящены не только историческим аспектам, но и комплексным-междисциплинарным – политическим, философским и региональным вопросам безопасности.

Ключевые слова: Ислам, постсоветский, терроризм, экстремизм, фундаментализм, идеология.

Annotation. The article examines the contribution of post-Soviet Russian researchers to the study of the problem of Islam in Central Asia. In modern scientific literature, the fundamentalist concept of the Islamic state can be attributed to the works of Russian researchers, whose political analysis mainly examines the problems of the emergence and evolution of a radical trend in Islam, the problems of terrorism and extremism. For example, post-Soviet Russian researchers have written many works on the problem of Islam in Central Asia. However, these works were more devoted not only to historical aspects, but also to complex - interdisciplinary – political, philosophical and regional security issues.

Keywords: Islam, post-Soviet, terrorism, extremism, fundamentalism, ideology.

XX ғасырдың аяғынан бергі әлемдік саяси процестің айрықша белгілерінің бірі - халықаралық терроризмнің көкейтестілігінің күрт өсуі болды. Соңғы онжылдықтардағы ең атышулы лаңкестік әрекеттер ислам фундаментализмінің идеологиясын тасымалдаушылармен байланысты. Ғалымдар XX ғ. 70-ші жылдардан бастап идеологиялық аспектілерін жеткілікті түрде сипаттай отырып, исламдағы қайта құру қозғалысына фундаменталисттер деген баға бере бастады. Бірақ, соңғы онжылдықтарда діни фундаментализм исламдық саяси ойдың ағымы ретінде ғылыми түсінуді қажет ететін елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазіргі дәуірдегі билікті ұйымдастырудың баламалы түрлерін ұсынатын фундаменталистік режимдердің тәжірибесін зерттеу өзектілігі кем емес. Ислам фундаментализмінің өкілдері ислам конституцияның негізіне айналған басқарудың догматикалық үлгісін ұсынады. Бірақ дәл осылайша, бір жағынан, батыстық саяси тәжірибені қайта қарастырып, екінші жағынан, мәдени ерекшеліктерді сақтай отырып, басқарудың бірегей нысаны синтезделеді. Ислам мемлекетінің фундаменталистік концепциясы идеологиялық дағдарысқа ұшыраған заманауи либералдық мемлекетке баламалардың бірі болып табылады.

«Ислам терроризміне» қатысты саясат осы құбылысты жан-жақты талдауға негізделуі керек. Зерттеушілердің басты назары қоғамдық көріністерге – әрекеттер мен лаңкестік әрекеттерге аударылып, жалған ғылыми әдебиет пен журналистикада терроризмнің бір түрі ретінде ислам фундаментализміне көзқарас басым. Дегенмен, ислам фундаментализмін тек «терроризмнің идеологиялық негіздеріне» келтіру дұрыс емес. Бұл тенденция біртұтас емес, ол кем дегенде екі лагерьге бөлінген, олардың мұсылман әлемінің даму мақсаттарына және оларға қол жеткізу тәсілдеріне көзқарастары айтарлықтай ерекшеленеді. Ислам фундаментализмінің әртүрлі бағыттарының саяси доктриналарын зерделеу қазіргі

ислам әлемімен өзара әрекеттесудің практикалық тәсілдерін қалыптастыруға тікелей қол жеткізе алады [Эсенаманова, Н.С.2004 . 184 стр.] .

Ислам фундаменталисттерінің идеологиялық дамулары туралы аз мәлімет бар. Исламдағы қоғамдық-саяси ойдың іргелі бағытының негізгі міндеті – ислам мемлекеті идеяларын дамыту және насихаттау. Сондықтан ислам мемлекеті концепциясын зерттеу жалпы Шығыс елдеріндегі қазіргі саяси ойларды зерттеудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Тағы бір айта кетерлігі, исламдық басқару моделін жүзеге асыру әрекеттері соңғы тарихта бұрыннан жасалған және, әрине, тағы да жасалатын болады. Сондықтан ислам мемлекетінің бар жобаларын зерттеу объективті қажеттілік болып табылады. Кез келген радикалды идеологияның таралуына қарсы күреске көзқарас тек кешенді болуы мүмкін. Тиісті әдебиетсіз халық арасында түсіндіру жұмыстары мүмкін емес. Мұндай материалдарды әзірлеу тәжірибелі теологтарды, саясаттанушыларды, психологтарды және заңгерлерді тартуды талап етеді [Джон Хизершо, Дэвид У. Монтгомери. Ноябрь 2014] .

Сонымен қатар, жалпы ислам фундаментализміне және оның орталық идеясы ретінде ислам мемлекеті тұжырымдамасына сыни талдау жасау ислам дінін ұстанатын бірнеше ондаған халықтар мен ұлттар Ресей үшін де өзекті болып табылады. Ислам фундаментализмі идеяларының таралуы Солтүстік Кавказда арнайы саясатты жүзеге асыруды ғана емес, сонымен қатар посткеңестік кеңістіктегі мұсылман елдерімен қарым-қатынастың ерекше логикасын қалыптастырып, зерттеудің бастапқы базасын барынша толық сипаттау үшін қазіргі исламшылдардың теориялық еңбектері мен үгіт-насихат материалдары интернет арқылы көбірек таралып жатқанын атап өткен жөн [Пиотровский М. Б. 1984. -С. 177-190] .

Орталық Азияның Ресей протекторатына өткен ХҮІІІ ғ. бастап, аймақтағы ислам мәселесі орыс зерттеушілерінің жіті назарында.

Ресейлік ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне қарағанда, Орталық Азиядағы исламның басты ерекшелігі – синкретизм. Орталық Азия мұсылман әлеміне өзіндік мәдени және өркениеттік жергілікті ерекшеліктерімен енді. Ислам Орта Азия халықтарының ежелгі наным-сенімдерін толығымен жеңе алмай, ғасырлар бойы олармен бірге өмір сүрді [Бабаджанов Б. О 2001. 171 с.] .

Орталық Азияны исламдандырудың өзіндік сипаты болды. Аймақтың халқы біртекті емес, көшпелілер мен отырықшы бөлігінен тұрды. Олар шаруашылық пен мәдениеттің әртүрлі түрлерімен ерекшеленді, дамудың әртүрлі әлеуметтік-экономикалық деңгейінде болды, әртүрлі рухани қажеттіліктер мен құндылықтарға, өзіндік әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне ие болды. Отырықшы халық арасында исламдандыру сәтті болса, көшпелі халық арасында тарихи жағдайларға байланысты исламдану процесі «күнделікті» немесе «халықтық» сипат алды.

Орталық Азияда исламның таралу ерекшеліктеріне қарамастан, дін мен саясаттың, рухани және зайырлылықтың ажырамастығының элементтері аймақтың қоғамдық-саяси өмірінде көрініс тапты. Мысал ретінде аймақтың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан Орталық Азия сопыларының белсенділігін келтіруге болады. Ясауия, нақшбандийа және қадрия сопылық ағымдары орта ғасырлардан бері саяси оқиғаларға белсенді түрде әсер етті. XV ғасырда сопы Қожа Ахрор тұсында рухани биліктің саясатқа араласу дәстүрі түпкілікті орнықты [Малышева Д. 1999. — №7;] .

Ресейдің Орта Азияны отарлау кезеңінде исламның ұстанымы негізінен Ресей билігінің оған деген көзқарасымен айқындалды, оның саясаты біркелкі емес, әртүрлі болды. Сөйтіп, отарлаудың бастапқы кезеңінде патша өкіметі халықтың діни өміріне араласпады. Оның үстіне исламдандыру белгілі бір дәрежеде практикалық шаралар арқылы да ынталандырылды. Патша өкіметі осы мақсаттар үшін Ресейден Еділ татарларын аймаққа қоныстандырды. Татарлардың ықпалымен Орталық Азияда жәдиттік қозғалыс қалыптасып, кейіннен бұл аймақтың саяси мәдениетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Жалпы, отаршыл билік ислам факторының маңыздылығын түсініп, мұсылман халқының дініне араласпай, ислам дінін бақылауға алды.

Алайда, XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап Ресейдің исламға қатысты саясаты өзгеріп, қатал сипат ала бастады. Мұсылмандардың діни сенім бостандығын шектеуге бағытталған заңнамалық деңгейде іс-шаралар мен практикалық шаралар қабылданды.

Патша үкіметін большевиктер құлатқаннан кейін әртүрлі ұлттық-діни ұйымдар өлкедегі қоғамдық-саяси процестерге белсене араласа бастады. Бұл саяси партиялардың идеологиясы панисламизм және пантүркизм идеяларымен тығыз байланысты болды. Бұл Орталық Азиядағы исламның осы уақытқа дейін саяси идеология ретінде қолданылғанын көрсетеді.

Кеңестік саяси тәжірибеде және ресми идеологияда КСРО ыдырағанға дейін дерлік исламға қатысты қос стандарт қабылданды: бір жағынан кескілескен күрес, екінші жағынан ынтымақтастыққа ұмтылу. Кеңес өкіметінің исламға деген көзқарасы да Кеңес өкіметінің әртүрлі кезеңдерінде қарама-қайшы болды. Алғашқы жылдары коммунистер аймақтағы билігін нығайту үшін ислам дініне қолдау көрсетті. Исламға қарсы белсенді күрес XX ғасырдың 30-шы жылдардағы жалпы атеизация және жеке

тұлғаға табыну кезеңінде басталады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде дінге қатысты саясат біршама жеңілдеді. Осы кезде Орталық Азиядағы діндарларды бақылау үшін Орталық Азия мұсылмандары діни басқармасы (САДУМ) құрылды [Малашенко А.В. 2012. 118 с.] .

Орталық Азия елдерінде тәуелсіздік алғаннан кейін исламдандудың жаңа кезеңі басталды, оның мәні исламның «толық құндылығын» қалпына келтіру, оның табиғи келбетін қалпына келтіру және оның діни көзқарасын заңдастыру болып табылады. және әлеуметтік құрылымдар. Бұл процестердің басты ерекшелігі исламды қайта саясаттандыру немесе саясиландыру болды. Қоғамдық қатынастарды реттеушілердің бірі болған Ислам саяси өмірде сөзсіз факторға айналады.

Жаһандану дәуірінде исламның әлемдік саясаттағы маңызы арта түсуде. XX ғасырдың 70-ші жылдарының соңы мен 80-ші жылдарының басындағы «исламдық бум» Шығыс елдерінде исламның саясилануына және саясаттың исламдануына ықпал етті.

Мұсылман елдерінің барлығында дерлік, соның ішінде Орталық Азияда да исламдық ұстанымдарға саяси мән беріп, қоғамды ислам мұраттарына сай қайта құруды көздейтін үкіметтер, партиялар, қозғалыстар мен топтар бар. Себептердің тұтас кешеніне байланысты (қиын экономикалық және саяси жағдай, коммунистік идеологияның күйреуі, ислам мемлекеттеріндегі халық санының өсуі және ұлттық негізде бірігу әрекеттерінің сәтсіздігі) ислам фундаментализмі мұсылман елдеріндегі саясаткерлер үшін барған сайын тартымды бола түсуде. Ағымдағы жағдайды ескере отырып, ол жаһандану сын-қатерлеріне балама және жауап болып табылатын бүгінгі күннің шындығын көрсететін парадигма ретінде әрекет етеді [Малашенков А.В. https://ca-c.org.ru/journal/1999/cac-05-1999/st_11_malashenko.shtml].

XX ғасырдың соңғы онжылдығында бүкіл посткеңестік кеңістікте және Орталық Азияда орын алған орасан өзгерістер, атап айтқанда, коммунистік режимнің күйреуімен байланысты демократиялық реформалардың бұрын-соңды болмаған жаңа процестерін тудырды. Батыс демократиялары негізінен сырттан енгізген өзгерістер тоталитарлық режимнен құтылудың бірден-бір жолы ретінде қарастырылды.

Бұрынғы одақтық мемлекеттің көптеген субъектілері тәуелсіз елдер болған КСРО өз қоғамдарына демократиялық басқарудың тетіктері мен элементтерін енгізуді жеделдете бастап, оларды қабылдауға дайын екендіктерін білдірсе де, шын мәнінде мұндай күрт өзгерістерді тез қабылдауға қауқарсыз еді.

Бұл, әсіресе, Орталық Азия елдеріне қатысты болды. Бір жағынан, бұрынғы Одақтың басқа республикалары сияқты, өз мемлекеттерін тезірек Батыс демократиясының стандарттарына келтіруге ұмтылса, екінші жағынан, 70 жылдық социализм таңу кезеңіне қарамастан, ғасырлар бойы өзгеріссіз қалған қоғамның күшті рулық, дәстүрлі және діни элементтерін елемеу мүмкін емес еді.

Белгілі болғандай, Орталық Азияда, әсіресе оның халқының отырықшы бөлігі арасында дін дәстүрлі түрде қоғамдық өмірдің қуатты реттеушісі болып қала берді. Ал ислам аймақ халықтарының ең кең тараған діни болғандықтан, Орталық Азия халқының көпшілігінің мәдени және өркениеттік өзін-өзі сәйкестендіруі онымен байланысты болды. Әрине, аймақтағы мұсылмандардың білімді бөлігі тоталитаризмнен құтылуды өз дінін ашық айту және діни функцияларды орындау мүмкіндігі ретінде ғана емес, сонымен қатар қазіргі жағдайда аймақтағы жеке тұлғаның болашағы туралы өзіндік тұжырымдамасын жүзеге асырудың бірегей мүмкіндігін де көрді.

Осыған байланысты Орталық Азияда КСРО ыдырағаннан кейін мемлекет пен қоғамды құрудың одан арғы жолы – исламдық даму жолында, бір елде немесе тұтастай алғанда бүкіл аймақта мұсылман мемлекетін құру мүмкіндігі бар демократиялық дамуға бірте-бірте қарама-қарсы көзқарас қалыптасты.

Дегенмен, Ресей зерттеушілері еңбектерінің арасында Орталық Азиядағы ислам фундаменталистік тұжырымдамасының таралуы мен қазіргі күш-қуатына тікелей арналған зерттеулер әлдеқайда аз. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде ислам мемлекетінің фундаменталистік концепциясына саясаттанулық талдау негізінен исламдағы радикалды ағымның пайда болуы мен эволюциясы мәселелерін, терроризм мен экстремизм мәселелерін қарастыратын еңбектермен берілген. Зерттеу тақырыбына қатысты бұл жұмыстардың ерекшелігі олардың өкілдері саяси қатысудың заңды нысандарына назар аударатын қалыпты фундаментализм идеологиясын толығымен дерлік жоғалтуында.

Сонымен, посткеңестік ресейлік зерттеушілер Орталық Азиядағы ислам мәселесіне қатысты біршама еңбектер жазды. Дегенмен, бұл еңбектер тек тарихи аспектілерді ғана емес, кешенді-пәнаралық – саяси, философиялық және аймақтағы қауіпсіздік мәселелеріне көбірек арналды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Эсенаманова, Н.С. Ислам в Центральной Азии в условиях глобализации. Автореферат диссертации. Бишкек. 2004. 184.*
Джон Хизершо, Дэвид У.Монтгомери. Мифорадикализации ислама в республиках Средней Азии в постсоветский период. Программа «Россия-Евразия» ChathamHouse. Ноябрь 2014
Пиотровский М. Б. Светское и духовное в теории и практике средневекового ислама // Ислам, религия, общество, государство. -М., 1984. -С. 177-190.

- Бабаджанов Б. О фетвах САДУМ против "неисламских обычаев" //Ислам на постсоветском пространстве: взгляд изнутри.-М., 2001. 171 с.
- Мальшева Д. Исламско-фундаменталистский проект в реалиях современного мира//Мировая экономика и международные отношения. -1999. — №7;
- Малашенко А.В. "Центральная Азия: на что рассчитывает Россия". - М.: РОССПЭН, 2012. 118 с.
- Малашенко А. Исламское возрождение в постсоветской России. -Москва, 1998. 289 стр.
- Малашенков А.В. Ислам и политика в государствах Центральной Азии//https://ca-c.org.ru/journal/1999/cac-05-1999/st_11_malashenko.shtml

COMMENTS ON THE HISTORY OF KASHKADARYA

KARIMOV E.Z.

Poststage PhD student

*Faculty of history of National university of Uzbekistan
Tashkent, Uzbekistan*

Аңдатпа. Бұл мақалада Өзбекстан Республикасы Қашқадария облысының Кеңес дәуіріндегі тарихы қарастырылады. Бұл ойлар тек Қашқадария облысының мысалында айтылғанымен, шын мәнінде олар сол кездегі бүкіл Өзбек КСР-нің жағдайын елестетуге мүмкіндік береді. Мақаланың тақырыбы мұрағат құжаттары, заманауи баспасөз, ғылыми диссертациялар мен автордың пікірлерімен қамтылған.

Түйін сөздер: Қашқадария, Қаршы шөлі, Орол мәселесі, Зарафшан өзені, Ангор каналы, мақта шаруашылығы, астық шаруашылығы, әлеуметтік-экономикалық өмір, өнеркәсіп кәсіпорындары, газ кен орындары, мұнай кен орындары, «Мақта еңбегі», «Өзбек еңбегі».

Аннотация. В данной статье рассматривается история советской эпохи Кашкадарьинской области Республики Узбекистан. Хотя эти мысли приведены лишь на примере Кашкадарьинской области, на самом деле они позволяют представить ситуацию во всей Узбекской ССР в то время. Тема статьи освещена архивными документами, современной прессой, научными диссертациями и комментариями автора.

Ключевые слова: Кашкадарья, пустыня Карши, Орольская проблема, река Зарафшан, Ангорский канал, хлопководство, зерновое хозяйство, социально-экономическая жизнь, промышленные предприятия, газовые месторождения, нефтяные месторождения, «Хлопковый труд», «Узбекский труд».

Annotation. This article discusses the history of the Soviet era of the Kashkadarya region of the Republic of Uzbekistan. Although these thoughts are only for the example of Kashkadarya region, in fact, they allow us to imagine the situation in the entire Uzbek SSR at that time. The topic of the article is covered by archival documents, contemporary press, scientific dissertations and author's comments.

Key words: Kashkadarya, Karshi desert, Orol problem, Zarafshan river, Angor canal, cotton farming, grain farming, socio-economic life, industrial enterprises, gas fields, oil fields, "Cotton work", "Uzbeks work".

Kashkadarya region is located in the southern part of the Republic of Uzbekistan and has a relatively warm climate. Therefore, the territory of the region has been inhabited by people since ancient times. Yerkurgan, Uzunkir and many other archaeological monuments of the region are proof of our opinion. Agriculture, rice growing, horticulture, and cattle breeding and sheep breeding were practiced in the regions of the region. According to the Russian researcher G. Aradarenko, who lived in Samarkand in the 70s and 80s of the 20th century, a 300-mile-long ditch was dug through the Karshi desert. The water of the Zarafshanriver is directed towards the Kashkadarya oasis, where the water is scarce, through this ditch called "Monas". Later, this stream was called "Old Angor". This ditch has been used for almost 1500 years. People have been working hard for a long time to master the Karshi desert and turn it into a prosperous land. The fact that the waters of Amudarya and Syrdarya flowed several hundred kilometers from the Kashkadarya desert greatly complicated the process of its water supply. After the Bolshevik revolution of 1917, during the development of many protected lands by the Soviet government, the waters of these mighty rivers were diverted to the deserts. As a result, the development of the Karshi desert has accelerated. On the one hand, the development of new lands in the Kashkadarya oasis, the opening of additional opportunities for the population to live and work was a positive event. Since the 60s of the century, the problem of the island has arisen. This problem has become a global problem today. The small tributaries of the river, starting from the Hissarmountains, gather in one big river and become a river. This river is called Kashkadaryariver, and the name of the region comes from this

river. Its length exceeds 300 km, and it has been the main artery of the region for centuries. The total area of the region is 28.6 thousand square kilometers, which is about 6.5% of the territory of the Republic of Uzbekistan. In terms of its area, Kashkadarya region can be compared with a number of countries, in particular, countries such as Armenia, Belgium, the Netherlands, and Albania. Today, the number of population approaches 3.5 million people. The climate of the mountainous districts of Kashkadarya region is completely different from the desert regions. For example, when mulberries ripen in Beshkent, Kasbi, and Mubarak regions, the trees in the mountainous areas of Shahrisabz, Kitab, and Yakkabog districts of the region have already blossomed. This proves that the ecology of the region is unique.

Soviet power was established in the Kashkadarya oasis at the end of August 1920. By November 1924, a separate Kashkadarya region was established here. In order to improve the water needs of Kashkadarya region, the 187 km long Old Angor canal was dug and Zarafshan water was brought to Kashkadarya region. This canal made it possible to irrigate 20,000 hectares of land. In a short period of time, Pachkamar, Niyoz, Somoq canals, Karabog pumping station, Bobirtepa reservoir, reservoirs collecting flood waters, and more than 600 artesian wells were dug. In fact, the main purpose of such water-related works during the years of Soviet power was to develop cotton cultivation and grow more and more cotton for the interests of the Union. The cotton industry took the leading place in regional agriculture. In 1913, cotton was planted on 2,000 hectares of the region's land and 2,100 tons were harvested, while in the first years of Soviet power, in particular, in 1925, 3,150 tons of cotton were grown. In 1970, 301,800 tons of cotton products were grown from 114,200 hectares of cotton area. In 1970, Kashkadarya cotton made up 27% of fine fiber cotton threshing in the Uzbek SSR. The above-mentioned statistics are a clear example of what purpose the new reserve lands are used for. Despite all the difficulties, the Union government, based on administrative command, has been increasing cotton production year by year throughout the Republic, especially in the Kashkadarya region. For example, in 1958, 1,666 tractors, 270 combine harvesters, 1,146 agricultural vehicles and many other types of machinery worked in the regional collective farms, while in 1972, 1,469 cotton pickers, 8,800 more than 1,234 tractors, 1,234 combine harvesters, 3,200 cars and agricultural machines operated[1]. All this forced the development of cotton and grain cultivation. The local population worked mainly in agriculture, and specialized workers were brought from abroad for other industries. This information alone serves as a clear evidence of the chauvinistic policy of the Soviet authoritarian regime, aimed at keeping the local population in centuries-old backwardness. In addition, in the 1970s, the region's cattle breeders handed over 20,000 tons of meat, 358,000 tons of milk, 2,600 tons of wool, 314,000 pieces of cow skin, and 30 million eggs to the state. In the eighth five-year period, compared to the previous five-year period, cotton production increased by 48% and grain production by 23%. However, these products produced by the hard work of the people did not serve to improve the standard of living of the people. Perhaps, it was transported for the economic interests of the Center. The ordinary people could not and could not take any action against the exploitation of their labor. Because the system of violence of the USSR, the absolute absence of democracy and human rights did not allow this.

In the 1950s and 1960s, the increase in the production of agricultural products in the region led to the creation of industries operating at the expense of these raw materials. A number of industrial enterprises, such as an oil extraction plant and a sewing factory, were launched in Karshi. In the 1960s, light industrial enterprises specialized in the cotton industry began to provide 90 percent of the total volume of products produced by regional industrial enterprises. In addition, in the same period, cotton ginning factories, Karshi motor repair plant, and Mubarak gas collection points started working in Karshi, Guzor, Koson districts of the region. In addition, in 1971, the first gas processing plant in the Soviet Union was put into operation in the Mubarak district. The plant was able to process 4.7 billion cubic meters of gas per year.

A certain amount of construction work was carried out in the Kashkadarya region during the Soviet period. In particular, construction works in the region were carried out after the Second World War (1939–1945). In the early post-war period, there was only one construction trust in the region. By 1964, the number of construction trusts was 14. By 1972, more than 27 thousand workers and servants worked in 82 construction trusts. They rapidly created the urban image of the region.

In the 1960s, more than 400 kilometers of highways were built in the region. The 144-kilometer Karshi-Samarkand railway and an asphalt factory producing 350 tons of asphalt per day were put into operation. Also, in the eighth five-year period, 245,150 square meters of housing, school buildings for 8,000 students, and children's institutions with 2,100 beds were completed.

In addition, a number of measures have been implemented in order to relatively satisfy the demand of the region's population for drinking water. The first line of the Shahrisabz-Karshi-Mubarak-Qarovulbazar water pipeline, considered the strongest in Central Asia at that time, was put into operation in 1971. In addition, with the commissioning of the Karagat-Karshi gas pipeline with a length of 50 km, the city of

Karshi, the center of the region, received gas supply for households. A certain amount of attention was paid to rural construction works in the region. In 1960, the "Oblmejkolkhozstroy" trust was established. As a result, by the beginning of the 70s, more than 74,000 square meters of housing, a school with 18,000 seats and other public buildings were built on collective farms and state farms.

During the years of Soviet power, some attention was paid to the electrification of the villages of Kashkadarya region. For example, in the 1940s, the capacity of all power plants in the region was 8100 kilowatt hours, and in 1960, this indicator reached almost 51 million kilowatt hours. In 1965, when the power of the Navoi HPP reached Karshi, 117 million kilowatt hours of electricity was produced in the region. As for public education, instead of the modern education system in Turkestan, which was severely damaged by the tsarist government and the early years of Soviet power, the Soviets introduced their communist ideas and ideology to the people. They tried to forcefully spread the Soviet system of higher education, a school, a technical school, intended to be inculcated into their consciousness. For this purpose, new educational buildings were built. That is, these built educational buildings were not intended to make the people literate, but to inculcate the communist ideology in the minds of the people. In the early 1970s, there were more than 786 general education schools in the region, where more than 260,000 students studied. The number of teachers was about 15,000. Among them are Karshi State Pedagogical Institute, 11 special educational institutions, and 7 technical schools. Several doctors of science and more than 100 candidates of science worked in them. At that time, Kashkadarya produced 11 Heroes of the Soviet Union, 37 Heroes of Socialist Labor, many meritorious professionals, scientists, artists, writers and poets.

When describing the labor activities of the regional production forces, first of all, the development of the Karshi desert is taken into account. With the waters of the Karshi main canal and the Ulyanov canal named after Lenin, which were completed in 1973, the Karshi desert began to be developed rapidly. Large water reservoirs, such as Tallimarjon and Shorsoy, were built in desert areas. A plan to establish 124 state cotton farms in the Karshi desert has been developed. However, the Karshi desert was not an easy task. Because the water level was 100-150 meters below the Karshi desert. This is a height equal to the height of a 30-story building, and it was possible to pump water into it with the help of very large pumps. Many specialists were involved in this work and the most powerful water lifting units were installed. In a short period of time, a construction team of 14,000 people of different nationalities was created in the Karshi desert.

As mentioned above, the main purpose of these constructions and the development of desert areas was the expansion of cotton growing areas. By diverting the waters of the Zarafshan River to the desert, an additional 300,000 hectares of cotton cultivation area was created. In 1974, Kashkadarya farmers delivered 371,000 tons of cotton to the state. The average yield rose to the highest level and made 28.9 centners.

22.7 thousand tons of meat, 144.2 thousand tons of milk, 75.3 million eggs, 3872 tons of wool, and 509.5 thousand pieces of cow skin were delivered to the state [2]. In March 1975, Nishon district was established in the area that was previously considered a completely desert area. The settlement of New Nishan was designated as the center of the district [3]. In March 1977, Usman Yusupov District was established in the newly developed desert in Kashkadarya. The villages of Fazli, Mirishkor, Chandir, Jeynov, Pamuq in Nishon and Ulyanov districts and state farms formed in the desert were transferred to him [4]. By 1981, 176,000 hectares of new land was developed in the Karshi desert. 96 new farms were established on these appropriated lands. Roads were opened to the centers of farms. Asphalt was laid on most of the roads between the central fortress and the newly built field sheds. The remaining parts were leveled by pouring gravel [5]. In 1983, a dairy factory was built in Karshi, a furniture factory in Shahrisabz, and a bakery in Baharistan were put into operation. The construction of a branch of the spinning and weaving combine in Kitab and Shahrisab, a branch of the Karshi textile factory in Baharistan, a poultry complex in Qamashi, and the Tallimarjon reservoir was continued [6]. However, the requirement of "exaggerated fulfillment of socialist obligations" imposed by the central government caused the farmers of Kashkadarya to fulfill their production tasks in a hurry, making additions, and cheating [7]. However, since the mid-80s, the socio-economic situation in the region began to worsen. In 1985, the industry of Kashkadarya worked below the level of demand, and 14 out of 98 industrial enterprises failed to fulfill the set plan. Although the province failed to fulfill the plan to deliver cotton to the state in 1985, it delivered 96,300 tons of cotton more than in 1984 [8]. In 1986, the socio-economic situation of Kashkadarya became worse than in 1985. The process of "Cotton case" and "Uzbeks' case" became stronger, arrests of leaders and expulsion from the party increased. This situation hindered the fulfillment of the established plans in the following years and brought the socio-economic situation of the region to a difficult situation. Absenteeism and loss of working hours have increased in the construction department. Staff unemployment was 28 percent. In a number of districts, the planned works were not completed on time. In this case, the work of Kitab, Qamashi, Guzor regions was particularly unsatisfactory. 108 out of 184 collective farms and state farms in Kashkadarya ended the economic year with a loss.

Therefore, the region did not fulfill the plans to sell cotton, fruit and sugar crops, meat, eggs, milk and other products to the state.

To sum up, during the years of Soviet power, all the territories of the Republic, including the territories of Kashkadarya, were changed in the interest of the Union. Education, development of new reserve lands, development of Karshi desert, construction of water facilities, development of gas and oil extraction industry, etc., were all aimed at the interest of the Center. All necessary conditions were considered for the allied republics not to start moving towards independence. To put it metaphorically, each republic and region was connected to each other by Soviet "red threads". The "Cotton issue" and "Uzbeks issue" that started in the mid-80s completely derailed the socio-economic life of the region. The situation in only Kashkadarya region during this period reflected the situation of the entire Republic.

LIST OF USED LITERATURE:

1. *Fan vaturmush. 1973-yil, fevral. (Science and life. 1973, February.)*
2. *Узбекистан за годы девятой пятилетки (1971-1975 гг.). краткий статистический сборник. – С. 149 (Uzbekistan during the Ninth Five-Year Plan (1971-1975). brief statistical collection. – P. 149)*
3. *QVDA. Qarshifiliali. 373-jamg'arma, 1-ro 'yxat, 2-ish, 3-varaq. (State archive of Kashkadarya region. Karshi branch. Fund 373, list 1, case 2, sheet 3.*
4. *O'zRPDAQVF. 1-jamg'arma, 8-ro 'yxat, 2-ish, 10-11-varaqlar. (KPFSA PRUz. Fund 1, list 8, case 2, sheets 10-11.)*
5. *Xudoykulov M. Qarshicho'li. – T.: Sharq, 1998. – B. 224. (Khudoykulov M. Karshi desert. - T.: Sharq, 1998. - P. 224.*
6. *O'zRPDAQVF. 1-jamg'arma, 28-ro 'yxat, 2-ish, 15-16-varaqlar. (KPFSA PRUz. Fund 1, list 28, case 2, sheets 15-16.)*
7. *Quvvatova N.Q. XX asrning 20–80 yillarida O'zbekiston qishloqlari ning ijtimoiy-iqtisodiy hayoti. Tarix fanlarinomzodi diss. avtoreferati. – Toshkent, 2010-yil. B. 87 (Kuvvatova N.Q. Socio-economic life of the villages of Uzbekistan in the 20s-80s of the 20th century. PhD in History Diss. abstract. - Tashkent, 2010. P. 87)*
8. *Sovet O'zbekistoni. 1986-yil, 1-fevral. (Soviet Uzbekistan. February 1, 1986.)*

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ МЕН КЕҢЕСТІК БИЛІКТЕГІ ОРЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ

КОНЫРОВА АЙЖАН МАУЛЕНОВНА

магистр, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада патшалық Ресей мен Кеңестік биліктегі орыстандыру саясатының тарихи сабақтастығы баяндалады. Қос биліктің басқару жүйесі қазақ халқының мүддесі мен қызығушылықтарын ескермей, отарлық әрі орыстандыру сипатының басым болуы. Сол кезеңдердегі қазақ қоғамын рухани отарлау, орыс мектептерінің ашылуы, орыс тілін меңгеруге көптеп мән беру саясатының мәні туралы баяндалады.

Тірексөздер: реформа, билік, тіл, білім, отарлау, тәуелсіздік.

Аннотация. В статье излагается историческая преемственность политики русификации при царской России и Советской власти. Преобладание колониального и русификационного характера системы управления двойной властью без учета интересов и интересов казахского народа. Будет рассказано о духовной колонизации казахского общества в те периоды, об открытии русских школ, о том, как придать большое значение овладению русским языком, о сути своей политики.

Ключевые слова: реформа, власть, язык, образование, колонизация, независимость.

Annotation. The article describes the historical continuity of the Russification policy under tsarist Russia and the Soviet government. The predominance of the colonial and Russification character of the dual power management system without taking into account the interests and interests of the Kazakh people. Russian students will be told about the spiritual colonization of Kazakh society in those periods, about the opening of Russian schools, about how to attach great importance to mastering the Russian language, about the essence of their policy.

Keywords: reform, government, language, education, colonization, independence.

Патшалық Ресей және Кеңестік биліктің басқару жүйесі мәселесін салыстырмалы талдау қазіргі кездегі өзекті тақырыптардың бірі. Алдымен патша үкіметінің басқару жүйесіндегі орыстандыру бағытына мән берсек.

Патшалық Ресейдің Қазақстанда басқару жүйесі түрлі деңгейде жүзеге асты. Жүйелі түрде басқару тек XIX ғасырдың алғашқы ширегінен басталды. Кіші жүз патшалық Ресейдің құрамына кіргеннен кейін қазақ хандарының билігіне жасырын ықпал етіп отырғанын байқаймыз. Қазақ хандарының беделін

төмендетуге барынша тырысып, халық алдында хан билігінің дәрменсіздігін көрсетуге тырысты. Мұның барлығы да хандық билікті жойып, қазақ жерін империяның бір құрылымына айналдыру мақсатында жүргізілді. Қазақ даласы патша үкіметін бірнеше мақсатта қызықтырды. Ең маңыздысы империяның аумағын ұлғайтып, жер тапшылығы сынды орыс қоғамы үшін өзекті болған мәселені шешу болды. Көшпелі қоғам үшін жер үнемі тапшылықты құрайтыны түсінікті. Көздеген мақсаттарына жету үшін қазақ халқының шаруашылық ерекшеліктерін ескермеу, ұлттық мүддемен санаспау патшалық Ресейге тән әдістердің бірі болды. Мақсаттарына толыққанды қол жеткізу үшін қазақ хандығының сөз жүзінде емес, іс-жүзінде тәуелді етуі тиіс еді. Бұл үшін алдымен басқару жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізудің қажеттілігі сезілді. Патша үкіметінің енгізген жаңа басқару жүйесі қазақ халқының мүддесі мен қызығушылықтарын ескермеген, отарлық әрі орыстандыру сипаты басым болып шықты.

Патша үкіметі кіші және орта жүз қазақтарын өз құрамына қосқаннан кейін әкімшілік-территориялық жүйесіне өзгерістер енгізуді ойластырды. Сан жылдар бойына қалыптасқан дәстүр бойынша хан сайлау арқылы ел басқару жүйесі тоқтатылды. Мұндай демократиялық принципте қалыптасқан тарихи дәстүрден айыру арқылы қазақ даласын патшалық Ресейдің мемлекеттік меншігі деп жариялау жеңілдеді. 1822-1824 жылдары Орта жүз және Кіші жүздегі хандық билік жойылды. Патшалық Ресейдің оңтүстікке бағытталған жаулап алу әрекеттері нәтижелі аяқталып, 1867-1868 жылдары қабылданған уақытша әкімшілік реформалар дәстүрлі қазақ қоғамындағы басқару жүйесін жойып, оның орнына империялық билікке тиімді болған жаңа басқару жүйесі енгізілді. XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамындағы жер қатынастары, білім беру саласы мен сот құрылысы, әкімшілік бөлініс пен дін мәселесі сияқты маңызды салалардың барлығы патша үкіметінің құзырына өтті. Реформа II Александр тұсында тәжірибе ретінде екі жылға енгізілгенімен, шындығында 25 жыл бойына қазақ халқын басқару үшін қолданылды. Қазақ даласы генерал-губернаторлықтарға бөлінді. 1867 жылдың 11 шілдесінде Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. 1868 жылы болса Орынбор генерал-губернаторлығы мен Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтары пайда болды. Мұндай басқару жүйесінің енгізілуі ең алдымен қазақ жерін империяның бір құрамдас бөлігіне айналдыру еді. Ежелден билікте болып келген әлеуметтік топты ығыстыра отырып, билікті отарлық жүйеге ыңғайлады. Ендігі кезекте қазақ даласы үш генерал-губернаторлыққа бөлініп, оның ішінде бірнеше облыстар пайда болды. Мысалы Орынбор генерал-губернаторлығында Орал мен Торғай облыстары болса, Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына Семей және Ақмола облыстары кірді. Сырдария мен Жетісу облыстары Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына енді. Қазақ даласының өзге де аумақтары елімізден тысқары жатқан округтердің құрамында қалды. Солардың бірі Маңғыстау аумағы Кавказ әскери округінің қарамағында болған. Өз кезегінде генерал-губернаторлықтар бірнеше басқармаларға бөлінді. Облыстық басқарма, уездік басқарма, жергілікті басқармаға жіктелді. Генерал-губернаторлықтағы билік әскери-губернаторға тиесілі саналды. 1868 жылы қабылданған Уақытша ереженің №22-23 баптарында облысты басқаратын губернаторлар әскери қолбасшыларға тең келетіні айтылған, тіпті патшалық Ресейдің әскери тірегі саналған казак жасақтарының бас атаманы болып саналған. Яғни, облыстағы негізгі билік әскери губернатордың қолына шоғырланды. XIX ғасырдың II жартысынан бастап, патша үкіметі құлаған ақпан төңкерісі аралығын қазақ даласындағы облыстарды жергілікті халықтан шыққан адам басқармады. Тіпті облыстың ішінде бөлінетін уездік басқармаларды да орыс шенеуніктері арасынан алынған өкіл басқарды. Бұл лауазымды қызметке әскери губернатордың жеке ұсынысы бойынша тағайындалды. Уезді басқару ісі де бірқатар лауазымдық артықшылықтары бар еді. Тек облыстық басқармаға бағынып қана қоймай, өз уезінің аймағындағы әскери бөлімшелерге басшылық жасады. Салықтардың жиналуын қадағалап, тәртіптің сақталуына жауап берді. Оған қоса халыққа білім беру мен халық денсаулығы сынды әлеуметтік мәселелер де уезд бастығының құзіреттілігіне кірді. Патша үкіметінің қазақ даласын басқару жүйесінің отарлық сипаты сол – жоғары лауазымды қызметтерге жергілікті халық өкілдерінің тағайындалмауында болып табылады. Тек қана уезд қарамағындағы болыстар мен ауылдарды ғана болыс басқарушылары, ауыл старшиналары ғана жергілікті халық арасынан тағайындалды. Зерттеуші Е. Федоров патша үкіметі қазақ даласын мақсатты түрде бөлшектегенін атап өтіп, осы арқылы жергілікті халықтың мәдени дамуына тежеу, білім алуға деген ұмтылысын қадағалауды мақсат етіп отырды деген пікір білдіреді [Федоров, 1941: 69-70]. Зерттеушінің пікірімен келісуге болады. Өйткені тек ауылдық немесе болыстық мәселелерді ғана шешуге құқылы болған қазақ басшыларының мүмкіндіктері шектеулі болды. Болыс, ауыл басшылары өзіне қарасты аумақтарға қоныс аударушылардың белсенді түрде көшіп келуіне наразылық білдіре алмады. Тек шенеуніктер бұйырған тапсырмаларды орындап отырды. Қарастырып отырған әкімшілік реформа қазақ даласындағы патша билігінің әскери басқыншылық сипатын ашты. Өйткені жергілікті патша шенеуніктері өз аппаратын әскер жасақтармен күшейтіп, өздерін жергілікті халықтан оқшаулады [Сборник, 1964: 29-32]. Мұның өзі жүргізіп отырған орыстандыруға бағытталған саясатының жергілікті халықтың наразылығын тудыратынын алдын-ала білу еді. Мұндай отарлық мәндегі басқару жүйесін

калыптастырған келесі әкімшілік реформалар XIX ғасырдың соңында қайта қабылданды. 1886 жылдың 2 маусым айында Түркістан өлкесі туралы, ал 1891 жылдың 25 наурыз айында Ақмола мен Семей, Жетісу мен Орал, Торғай облыстарын басқару туралы ереже қабылданған болатын. Жаңадан Батыс-Сібір мен Орынбор генерал-губернаторлығы бірігіп Дала генерал-губернаторлығы құрылды. Әкімшілік өзгерістер болғанымен, жалпы реформаның отарлық мәні өзгермеді. Өйткені жаңа ереже тағы да генерал-губернаторға толыққанды билік берді. Генерал-губернатор өзіне бағынышты аймақтардың барлығына өз әмірін жүргізді. Ірі қалаларда, соның ішінде Верный мен Семей, Петропавл мен Орал сынды қалаларда полиция басқармалары құрылды. Полиция басқармалары уақыт өте келе уездерде пайда болып, полиция приставтары деп аталды. Сонымен қатар сот құрылысы да үлкен өзгерістерге ұшырады. Империя аумағында бір сот жүйесін қалыптастыру әрекеттерін байқаймыз. Әлемдік сот, облыстық сот, жоғары сот инстанциялары құрылды. Байқасақ, ежелден дәстүрлі қазақ қоғамында сот істерін жүргізіп келген билер сотының мүмкіндіктері ескерілмеді. Халықтық сот та империяның сот жүйесіне қосылғанымен, ол өздігінен шешім қабылдай алмайтын тәуелді сот жүйесіне жатты. Әкімшілік реформаның мәні қазақ даласы мен қазақ халқының дәстүрлі қоғамын отарлық жүйеге барынша бағындырды. Мұның барлығы да қазақ даласының патшалық Ресейдің мемлекеттік меншігі деп жариялануында еді. Қазақ халқының мүддесіне қарағанда патша үкіметінің отарлаушы органдарының мүддесі ескерілді. Мысалы Торғай облысы аумағындағы уездік, болыстық басқармаларын ұйымдастыру ісі бойынша бірнеше комиссия жұмыс жасаған. Комиссия төрағаларының барлығы да уездің басшылары болды. Уезд бастықтарының өзі жергілікті халықтың арасынан шықпады. Барлығы да сырттан келген адамдар болған. Біз қарастырып отырған кезеңде дәл осы облыс аумақтарындағы уездік басқармалардың жұмыстарын ұйымдастыру ісінде Ч. Яковлев, Ф. Добрынин, П. Корин, Г. Шершавидзе сынды адамдар атсалысты [Зайончковский, 1952: 37].

XIX ғасырдың соңынан бастап қазақ даласында патша үкіметінің тікелей араласуымен түрлі білім беру, халықтың денсаулығын сақтау, шаруашылық істерді ұйымдастыратын жаңа мекемелердің жұмысы қарқынды жұмыс жасай бастады. Уездік басқармадан бастап, облыстық басқармалардың барлығы да орыс шенеуніктерінен тұрды. Сол себепті аталған мекеме жұмыстарының да орыстандыру бағытында жұмыс жасауына ерекше көңіл аударылды. Орыс тілі мен мәдениеті, христиан дінін насихаттау ісі басты назарда болды. Болыс пен ауыл деңгейінде қазақ балаларына арналған мешіт жанындағы мектептерді ашудың жолдары өте ауыр еді. Өйткені уезд басқармасының ерекше рұқсаты қажет еді. Мешіт жанындағы мектептердің шығынын қазақтардың өздері көтеретін болғанымен, оның ашылуы жайлы мәселелер көп жағдайда рұқсатсыз қалып отырды. Тіпті мектептің ашылуына рұқсат бергенімен, басқару жүйесі мұндай дәстүрлі мектептерді қаржыландырмады. Бұл қазақтарда туындайтын қаржылық қиындықтан кейін мектептердің жабылуына алып келеді деген ойдан туындады. Есесіне қазақ балаларын орыс-түземдік мектептерге тегін қабылдау сынды жұмыстарды ұйымдастырып отырды. Бұл билік жүйесінің қазақ халқын орыстандыруға бағытталған әрекеті деп түсінуге болады. 1895 жылдың 17 шілдесінде Түркістан өлкесінде медресе ашуға рұқсат беріліп, оны қаржыландыру қарапайым тұрғындар есебінен жүргізіледі. Уақыт өте уездік басқарма медреселерде міндетті түрде орыс тілі оқытылуы керек деген қаулы шығарып, медреседегі діни мазмұндағы білімнің жеткілікті түрде берілмеуіне күш салады. Керісінше үкімет тарапынан қаржыландыратын мектептердің беделін арттырудың кешенді жұмыстарын атқарумен айналысады. Мұның барлығы да қазақты орыстандырып, ортақ рухани құндылықтарды қалыптастыру әрекеті еді. Ол турасында А. Байтұрсынұлы «үкімет үшін ең қолайлысы бағынышты халқының бір жазумен жазып, ортақ дінге сенуі. Ресейге бағынышты елдердің ішінде түрлі дін мен түрлі жазуды пайдаланатын халықтар бар. Сол халықтардың жазуы мен тілін, дінін орысқа қарай аударса, билік үшін одан артық іс болмайтын еді» деген болатын [Қазақ газеті, 1998: 115]. Демек қалыптасқан саяси билік өзінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қазақтарды орыстандыру үшін қызмет етті.

Кеңестік билікке келер болсақ, биліктің ерекшеліктері турасында кешенді ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізген зерттеуші И. Валлерстайн большевиктердің билігінің негізгі төрт ұстанымын атап өтеді. Солардың бірі – патшалық Ресейдің иеліктерін қалпына келтіру деп атап өтеді. Осылайша зерттеуші КСРО-ны патшалық Ресейдің мұрагері деп қарастыру керектігін ұсынады. Ол турасында «Кеңестер патша үкіметінің мұрагері ретінде өз ойындарын бастады. Тек қана өздерінің геосаяси рольдерін патшаға қарағанда жақсы атқара алды» деген пікірі көңілге қонымды [Валлерстайн, 2003: 20-23]. Большевиктер өздерінің патшалық Ресейдің мұрагері ретінде мойындамады. Дегенмен географиялық шекаралар, геосаяси жағдайы мен этникалық құрамы жағынан патшалық Ресейден айырмашылығы болмады.

Құқықтық жағынан алғанда КСРО одақтас республикалардың федерациясы болды. КСРО аумағында тең мәртебелі автономиялар да көп болды. Коммунистік партия енгізген тоталитарлық саяси жүйе жағдайында федерациялық құрылым тек сөз жүзінде ғана болды. Өйткені федерация жағдайында өзге республикаларға берілуі тиіс түрлі құқықтық құзіреттіліктер жүзеге аспай, керісінше олардың

құқықтары мен мүмкіндіктері террорлық әрекеттер арқылы жанышталып отырды. Этно-әлеуметтік саясат болса, Кеңес халқының утопиялық қоғамы сияқты ұрандармен байланысып жатты. Бір ұлт болып ұйысудың орнына, орыс тілі мен мәдениетіне негізделген Кеңес халқын қалыптастыру жұмыстары жүрді деп айта аламыз.

Кеңестік басқару жүйесі патша үкіметімен салыстырғанда отарлаудың, орыстандырудың үлкен жоспарын жүзеге асыра алды. Автономиялы және одақтас республикаларды құра отырып, ішкі шектеулер қоя алды. Ол шектеулерді жүзеге асыратын тетіктердің бастысы – коммунисттік партия болды. Коммунисттік партияның талаптары, қаулылары мен ережелері қоғамдық өмірдің басты құндылығына айналды. Орталықтан шыққан қаулылар шеткері аймақтар үшін бұлжымас қағидаға айналды. Ол шаруашылық өмірмен қатар, кадрлық саясаттан да айқын көрінді. Мысалы әкімшілік, шаруашылық, әскери, құқық қорғау салаларындағы жауапты қызметтер КОКП ОК-нің тікелей араласуымен жүзеге асты. Партия да өз кезегінде жауапты қызметке тағайындалатын азаматтарға деген өзіндік талаптары болды. Ең біріншіден басшылық қызметке тағайындалатын азаматтар бойында авторитарлы басқарушылық қасиеті болуы тиіс еді. Оған қоса қаталдық, жылдам шешім қабылдаушылық, мейірім танытпау сынды қасиеттердің болуы да құпталды. Екіншіден басшылық қызметтегі кадрлар партияға шексіз сеніп, кез-келген жағдайда адалдық танытуы тиіс болды. Бұл ретте атап өтетін жайт партия ережелері ғана емес, ең алдымен мемлекет пен партия жетекшісіне деген адалдықты сақтауы тиіс болды. Қазақстанды басқаруға тағайындалған өлкелік партия жетекшілеріне қарап, басшы тағайындауда ең алдымен ұлттық белгіге мән берілгені байқалады. Қазақ революциялық комитетінің басшысынан бастап, кейінгі автономиялы республика, одақтас республика жағдайында да байқалды. 1919 жылы Қазақ революциялық комитеті құрылып, С. Пестковский тағайындалған уақыттан бастап, 1946 жылы Ж. Шаяхметов бірінші хатшы болып тағайындалған аралықта қазақтан шыққан басшы болмады. Мұның өзі большевиктердің орыстандыруға бағытталған саясатын айқын көрсетеді.

1930 жылдардан бастап жасырын орыстандыру саясаты жүргізіле бастады. Басқару жүйесінде, қызметте тек орыс тілі ғана қолданысқа ие болды. Бағдарлама мен үкімет қаулыларында, ғылыми-зерттеу жұмыстарында тек орыс тілінің үстемдігі байқалды. Ағылшындық тарихшы Джеффри Уилер өзінің Орталық Азияның Кеңестік дәуіріндегі тарихына арналған еңбегінде: «Кеңес үкіметі үнемі өзіне дейінгі билік өкілдерінің орыстандыру саясатын әшкерелеп отырды. Бірақ өздері орыстандыру бағытында одан да зор табыстарға қол жеткізді. Орталық Азия халықтарын басқару ісімен қатар, мәдениетін де орыс және кеңестік тәртіпке негіздеді» деген болатын [Wheeler, 1975: 87]. Автордың ойымен толық келісуге болады. Патшалық Ресейдің басқару жүйесі ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласын орыстандыру ісінде большевиктер жоғары табысқа қол жеткізді. Ресми түрде Кеңестік басқару жүйесінде әр ұлттың тілі тең дәрежелі деп есептелді. Бірақ, ұлттардың өз тілінде сөйлеуі тек белгілі бір орта мен мәдениет шеңберінде ғана жүзеге асып жатты. 20-жылдары жүзеге асқан жергілікті ұлт қайраткерлерін мемлекеттік билікке тарту ісі 30-жылдары толық тығырыққа тірелді. Тоталитарлық режим қалыптаса бастады. Оның басты ерекшеліктерінің бірі – қоғам өмірін барынша идеологияландыру болды. Саяси басшылық болса, идеологияға монополия орнатып, тек қана мемлекеттің саяси-экономикалық қана емес, рухани саласын да бақылауға алуға мүмкіндікке ие болды. Нәтижесінде Сталиндік кезеңде саясаты орын алып, халық пен қоғам белсенділері саясат пен билік деген ұғымдардан өз еркімен ығыса бастады. Ресми рұқсат етілген идеологиядан бөлек ойларға берілу заңсыз деп табылды.

Қорытындылай келе, патшалық Ресей мен Кеңестік биліктің Қазақстанды басқару жүйесінің ұлттық құндылықтарға мән бермегендігіне көз жеткіздік. Қос билік те ең алдымен өз мүдделері мен қызығушылықтары тұрғысынан басқаруды басты мақсат етіп санады. Большевиктер патшалық Ресей тұсынан басталған орыстандыру саясатын қорытындылады. Патшалық Ресей билігі де, большевиктер де жергілікті қазақ халқының өкілдерін өз елдерін басқаруға жібермеді. Себебі, ұлттық мүдде мәселесі орыстандыру саясатынан кейін тұруы тиіс саналды. Орыс тілі мен мәдениетіне, жалпы орыс халқына деген теріс көзқарас қалыптаспауы үшін кадр саясатында екі билікке тән ортақ ерекшелік бар. Ол Қазақстанды орыс емес, бірақ орыстандыру саясатын белсенді жүргізуге атсалысатын өзге ұлттарды тағайындау. Қазақ тілді басшының болмауы себепті де барлық құжат айналымдары, бұйрықтар мен қаулылар орыс тілінде жазылды. Демек қоғамды орыс тілінің үстемдігіне алдын-ала дайындау жүрген. Келтірілген жайттар мен оқиғалар желісін басшылыққа ала отырып, патшалық Ресей мен Кеңестік басқару жүйесі сан ғасырлар бойына жалғасып келе жатқан орыстандыру саясатын жүзеге асыруда тарихи сабақтастық танытты деуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Федоров Е.Г. Казахстан – колония царизма. // Ученые записки. – Алма-Ата. КазПИ, 1941. – 69-70 б.
Сборник документов и статей по вопросу об образовании инородцев. – С-Петербург: Общество польза, 1869. – 522 с. .
Зайончковский П.А. Военные реформы 1860-1870 гг. в России. – Москва, 1952. – 154 с.

Қазақ газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.

Валлерстайн И. Конец знакомого мира: Социология XXI века. – Санкт-Петербург, 2003. – 187 с.

Wheeler G. The modern history of Soviet Central Asia. – London, 1975. – 302 p.

LANGUAGE PROBLEM IN THE WORKS OF KAZAKH INTELLECTUALS

KOSKEYEVA A.M.

PhD, Senior Lecturer

S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University

Astana, Kazakhstan

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы ұлт зиялыларының тіл мәселесі жөнінде ойлары зерделенген.

Тіре сөздер: ұлт зиялылары, тіл мәселесі, мәдениет.

Аннотация. В статье анализируются идеи национальной интеллигенции Казахстана по языковому вопросу.

Ключевые слова: национальная интеллигенция, языковая проблема, культура.

Annotation. The article analyzes the ideas of the national intelligentsia of Kazakhstan on the language.

Key words: national intelligentsia, language problem, culture.

The most important sign of our independence is our mother tongue, national culture. Without them, the country will never be independent and cannot be.

Having created an independent state, our people, using the spiritual-linguistic heritage of the past, were able to create their own unique language, culture and traditions. Thanks to three centuries of development based on the treasures of several millennia, the rich language fund of the Kazakh people managed to take a place in the middle of the world civilization [Бабалар сөзі, 2004-2009: 506]. There is enough evidence for this.

Alash intellectuals were the ones who deeply understood the threat to the fate of the Kazakh language. They were able to show clear ways out of the deadlock.

The goals of the Alash intellectuals in the field of education were not only to raise the prestige of the Kazakh language, which had not seen much of the violence of colonization, but also to elevate its leading cultural and spiritual role in society. Teaching the first three classes in the mother tongue was put on the agenda in primary schools. If we say that a child who has finished primary school is 10-11 years old, it is not difficult to understand that this generation will never forget their mother tongue. Once upon a time, A. Baitursynov proved this complexly. In 1914, in the article "Primary School" published in "Kazakh" newspaper, he expressed his thoughts as follows: "In primary school, the disciplines that are taught in the Kazakh language are: reading, writing, religion, national language, national history, accounting, geography, agriculture, and nature studies. In the first two years of primary school, one must enter the lower classes of a gymnasium or real school, which is taught in Russian. If the elementary schools are like this, then the knowledge acquired by Kazakh children in elementary school is suitable as a basis for teaching them in Arabic graphic or Russian" [Абайдың қара сөздері, 2010: 124]. We hope that the officials who are introducing three basic languages starting from kindergarten should listen to this situation, because bilingualism, which is not based on the mother tongue, harms the formation of a person's national consciousness, upbringing in the spirit of national traditions and culture. We must not forget that the past paves the way for the extinction of Kazakh as a nation, and if the language is destroyed, the nation will also be destroyed, too.

The struggle for the fate of the Kazakh language has not ended in the last hundred years. Not to mention the time of Hakim Abai, a huge group led by Alikhan Bukeikhanov and Ahmet Baitursynov paid special attention to the language problem and brought its infinite wealth, artistic power, imagery and clay to artistic quality. At the same time as them, S. Seifullin, a prominent person of the Kazakh language, made a lot of work in determining the status of the Kazakh language in a political way.

In the 20s and 30s of the 20th century, he wrote a special article for "Ak Zhol" newspaper entitled "Finding a name for a thing, finding a word for a proposal" and added a qualified opinion on keeping the language clean and being able to use terms for it. They did not agree to translate "revolution" as a revolution, "communist" as a subsidiary. The use of these words and the name "Bolshevik" without translation suggested that "Central Committee" should be called "Central Committee", and "Chairman", "Chief" should be replaced by "Chairman", "Chief" [Ахметов, 2002: 55]. We are now witnessing that S. Seifullin's proposal on this name and terms has been accepted and entered our language. S. Seifullin in his article "Nation problem and the construction of Kazakhstan" says that the nation problem was solved "since the name of the Kazakh Republic of Kazakhstan

and the election of its umbilical government" and now the Kazakh lands were united and became a single state. But the three-year experience of the Kazakh Republic has shown that this issue of the nation is an externally resolved one, and that internal issues of a national nature have not yet been resolved. It is said that this case is connected with the formation of the social class of the working nation in the Kazakh people, and the keeping of documents in the national language in the Kazakh language. "The police, the inspector is Russian, he doesn't know a word of Kazakh" [Омарбеков, 1996: 12-13] - he says. "If you go to the higher administrative offices, you will not be without an interpreter again. "There are those who do not pay attention to these shortcomings, look at them negatively, grumble, wave their hands and give up hope," Saken's words have not lost their relevance even after almost a century has passed.

In these articles, national intellectuals warn that the issue of nationality requires knowledge and caution. He connects the solution of these problems with the organization of Kazakh workers, their extensive involvement in training, party and council work. Kazakh citizens were able to show with foresight that the national problem cannot be solved without the government in Kazakhstan.

At the same time, the national intellectuals expressed their views on issues such as the single tax on agriculture, the treasury commissariat, the council committee of the Akmola gubernia, the creation of new districts in the Republic of Kazakhstan, the trade related to the harvest, the operation of an aircraft in Kazakhstan, and the conduct of office affairs in Kazakhstani institutions in the Kazakh language.

"Let's say Kazakh is Kazakh, let's correct the mistake" [Абсеметов, 2006: 416], published in the newspaper "Enbekshi Kazakh" during the Soviet period, we can recognize the underlying harmony and intelligent thought in the words of our Head of State today: "Let the Kazakh talk to the Kazakh in Kazakh." National intellectuals at the beginning of the century say that the Kazakh autonomy established in 1920 is not correctly called "Kyrgyz", that this is a reflection of the discrimination of the former king against Kazakhs, and that the historical truth has been distorted. Therefore, they say that the name of the state should be changed to "Kazakh Republic" and the state language should be Kazakh. The Central Government of Kazakhstan should issue a decree to cancel the name "Kyrgyz" and use the name "Kazakh". Thus, it is quite possible to conclude that we should correct the historical mistake and say that we will fulfill our civic duty to the Kazakh people.

Speaking about the problems of national intellectuals in the development of the Kazakh language, transferring official documents to the Kazakh language in all institutions, he also emphasized that citizens need enthusiasm, and that there is nothing a man cannot do if he has the courage.

National intellectuals of the Soviet period talk about four major problems facing Kazakhstan. They warn that the representatives coming to the meeting should pay attention to: effective use of funds, rehabilitation of agriculture, development of trade and business, promotion of the Kazakh language in social life, Soviet construction.

At the same time, showing the reasons for the difficulties and crises the Kazakh language has encountered in history, the Kazakh people have been under the pressure of Russian colonialism for almost three centuries and have been pursuing a policy of Russification, focusing on the fact that they are on the verge of extinction as a nation.

It is known that in 1930-1950, almost all Kazakh intellectuals who respected the nation and language were shot.

In the 1950s, the national hero Bauyrzhan Momyshuly, who was disappointed with the situation of Kazakh language, sent the following letter to the party secretary of Kazakhstan: "The country that was separated from its mother tongue due to several circumstances became known as "azgan el", and later its name disappeared, its descendants scattered like peas, melted like snow, like water soaked into sand. It can be found in history that it disappeared abstractly. There is a lot of evidence in history that there were not many countries like that in the past" [Қамзабекұлы, 2005: 256]. In this letter, Baurzhan Momyshuly suggests that Kazakh language, literature, and history should be compulsory subjects in higher educational institutions.

In the 1950s and 1960s, the Kazakh language and those who value it suffered a lot of insults. The decisions of the Central Committee of the Communist Party, which found "nationalism" in the work of the Institute of Language and Literature of the Academy, the Union of Writers, and literary publications, had the effect of lightning on a clear day. The reality of that time: those who were born from their own language, tradition, and history were noticed. These are the people who shamelessly said that "dombra is not needed" and "Kazakh language is not suitable for culture". This is how the new era of Mangurtism and control was born.

A harmful impression was formed that the closure of national schools, the publication of regional and district newspapers only in Russian - "corresponds to the principles of internationalism and friendship of peoples". Only a couple of years ago, the Kazakh intellectuals, who were accused of being "nationalists" and persecuted, were asked to praise the "planet that speaks a hundred languages" - the new planet of internationalists that has appeared on the Kazakh soil, with numerous similes. [Омарбеков, 2001: 363].

Well-known scientist T. Kakishuly wrote in the article "He fought for the language like this!" written for "Turkistan" newspaper: "It is sad that N.S.Khrushchev said that if you want to see communism sooner, learn Russian as soon as possible, the Institute of the Russian Language was opened near the Academy of Sciences of the USSR, the slogan was given to teach Russian in places, meetings and gatherings were covered like mushrooms after the rain. Moreover, our minister in Kazakhstan, the Minister of Education of the Kazakh SSR A. Sembayev stopped teaching the Kazakh language in Russian schools by his decree without consulting anyone. He was like, "Oh, how about that?" No one from the Central Party Committee or the government came out to say that" [Кәкішұлы, 2002: 25] - he recalls.

However, the development of the Soviet Kazakh intelligentsia as a quality new force over half a century was directly influenced by the progress in world civilization, the success of the republic in economy, literature and art, science and technology. The works and victories of K. Satbayev, M. Auezov, I. Yesenberlin, Sh. Kaldayakov, K. Bayseitova, A. Zhubanov, Zh. Moldagaliyev, G. Musirepov, B. Momyshuly, N. Aldabergenov, Sh. Aymanov, A. Margulan, K.Nurmakhanov and others opened the mind, deepened knowledge, ignited the pride of the nation, became a moral for generations [Әбжанов, 2003: 177].

The solution to the problems of the Kazakh language, which was buried in the Soviet era, began to rise in the middle of the 1980s during the period of reconstruction. As a result, in 1989, the International "Kazakh language" Society was established. Representatives of the intelligentsia of that area took special part in the creation of this society. The president of the society, academician scientist Abdulali Kaidari was active in making the work of the society effective in the first years. Thanks to this active organization, departments were opened in all regions and major cities. "Kazakh language" society made a lot of efforts to open Kazakh schools and kindergartens, Kazakh departments in specialized secondary and higher educational institutions. The national creative intelligentsia of Kazakhstan fulfilled its historical mission in awakening the consciousness of the people, promoting the national interest, and giving the Kazakh language its rightful place. Representatives of the national intelligentsia contributed to the adoption of the first language law in 1989, the publication of the "Mother Tongue" newspaper, and performed their duties honorably.

So, academician M.K. Kozybayev said "language, history, literature are the soul and blood, spiritual essence of the nation" [Қозыбаев, 2001: 221], each of us must persevere in order to develop and improve our mother tongue, the source of the nation's spirituality, and turn it into the language of the real Kazakh state.

REFERENCES

1. Бабалар сөзі. 100- томдық. – Астана «Фолант», 2004-2009 жж. 506 б.
2. Абайдың қара сөздері. – Алматы: «Өнер», - 2010. – 124 бет.
3. Ахметов Қ.Ә. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан мәдениеті («Мәдени революцияның» концепциясы, идеологиясы, жүзеге асырылуы). Тарих ғылымдарының докторы дисс. Авторефераты. – Алматы, 2002. 55 бет.
4. Омарбеков Т. Мәдени құрылыс тарихы: тапшыл көзқарас сабақтары. // Ақиқат, 1996. № 3. 12-13 бет.
5. Абсеметов М.О. Сакен Сейфуллин - Председатель Совета народных комиссаров Казахстана г. Оренбург 1922-1924. - Астана: «Рух-пресс», 2006. - 416 с.
6. Қамзабекұлы Д., Серғалиев М., Әбжанов Х. Тіл саясаты: тағылым мен тәжірибе. Алматы: «Арда», 2005. – 256 б.
7. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2001 – 404 бет.
8. Кәкішұлы Т. Ол тіл үшін осылай күрескен!.. // Түркістан. – 2002. – 10 қазан, 45-47 бб.
9. Әбжанов Х., Назарбаева Г. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. - Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС. – 2003 жыл. 296 бет.
10. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: «Сөздік-Словарь». – 2001 жыл. 369 бет.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІҢ ОРНЫ

БАКАЕВА ГАУХАР ЕРГАЛИОВНА

аға оқытушы

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан тарихын оқытудағы тарихи деректердің орнына тоқталдық. Қазақстан тарихын оқытуда грек, парсы, араб авторларының шығармаларындағы Қазақстан тарихына қатысты алуға болатын мәліметтер жөнінде қысқаша жазылды. Сонымен қатар көне түркі Күлтегін, Білге қазан, Тоныкөк ескерткіштерінің тарихи дерек ретіндегі маңыздылығына тоқталдық.

Тірек сөздер: дерек, ортағасыр, тарих, араб, парсы.

Аннотация. В данной статье мы остановились на роль исторических источников в преподавании истории Казахстана. В статье рассматривается значение греческих, персидских, арабских источников при преподавании истории Казахстана. При этом мы акцентировали внимание на важности

древнетюркских памятников Культегин, Бильге-каган и Тонькок как исторических данных.

Ключевые слова: источник, средневековье, история, араб, перс.

Annotation. *In this article we focused on the role of historical sources in teaching the history of Kazakhstan. The article discusses the importance of Greek, Persian, Arabic sources in teaching the history of Kazakhstan. At the same time, we focused on the importance of the ancient Turkic monuments Kultegin, Bilge Kagan and Tonykok as historical data.*

Keywords: source, Middle Ages, history, Arab, Persian

Қазіргі таңда студенттердің отан тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын ояту, оларды рухани құндылықтарды құрметтеуге үйрету, ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі адамзаттың тарихи даму жолы туралы тарихи білім беру мақсатында Қазақстан тарихы міндетті пән ретінде оқытылады. Қазақстан тарихын ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін оқытуда тарихи деректердің алатын орны ерекше.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін отан тарихын жазуда тарихи деректерді іздеп-тауып, ғылыми айналымға енгізудің қажеттілігі туындады. Дерек бұл тарихи факт. Тарихи оқиғалар мен құбылыстар тарихи деректерге негізделіп жазылады. Қазақстан тарихына қатысты тарихи деректер қатарына археологиялық мәліметтер, шежіре, жылнама, хаттар, естеліктер, заңнамалық актілер, статистикалық мәліметтер, көне түркі жазба ескерткіштері жатады. ЖОО студенттері, оның ішінде тарих амандығында оқымайтын студенттерге Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректерді кіріктіре отырып оқыту тарихи білімдерінің жалаң болмауына жол бермейді.

Қазақстан тарихына қатысты деректер өз бастауларын алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі жартастар мен үңгірлерде салынған суреттерден, кейін құл иеленушілік қоғам тұсындағы тасқа жазылған сына жазулардан алады. Авестада, Ахемен әулеті тұсындағы парсы деректерінде («Бехистун жазуы», т.б), ежелгі грек тарихшысы Геродоттың («Тарих»), т.б. антикалық авторлар еңбектерінде қазақ жерін мекендеген ежелгі сақтар, турлар, дайлар, массагеттер, исседондар, т.б. тайпалар жөнінде, олардың Ассириямен, Мидиямен, Иранмен байланыстары және Кир, I Дарий, Александр Македонский әскерлерімен соғыстары туралы құнды жазба мәліметтер бар. Осы жоғарыда аталған тарихи деректерді оқытушы және студент атап өтіп қана кетпей сабақ барысында қолданып, тақырыпқа қатысты мәліметтерді дерек ішінен тауып, талқылап, талдау жасаса студенттердің тақырыпты терең меңгеруіне, тарихи оқиғаны есте сақтауына көмектесері анық. Мәселен «роман-талдау» әдісі арқылы Геродоттың «Тарих» атты еңбегіне талдау жасай отырып, ондағы сақ-скифтерге қатысты мәліметтермен танысуына мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы үшін Страбонның «География», Птоломейдің «География» шығармасы Қазақстан мен Орта Азияның табиғи жағдайлары, қалалардың, өзендердің, тау тізбектерінің, көлдердің географиялық орындары берілген (Берлібаев, 2017: 18).

Студенттерге алғашқы қауымдық қоғамнан, ежелгі дүние мен орта ғасырлардан қалған еңбек құралдары, қару-жарақтар, мекен-жайлардың, қоныстардың, керуен сарайлары мен әскери бекіністердің жұрты, қорымдар, т.б. материалдық ескерткіштер туралы мәліметті археологиялық қазба жұмысы барысында табылған заттай деректер беретіндігін ерекше айтуымыз керек. Себебі, археологиялық ескерткіштер өткен тарихымыз жөнінде шынайы, өзгеріссіз, бұрмалаусыз мәлімет беретін берден бір дерек. Әсіресе Қазақстан тарихының алғашқы қоғамнан бастап орта ғасырлардағы кезеңдерін оқытуда археологиялық экспедициялар жұмысының нәтижесінде табылған, жазылған деректер арқылы сабақты түсіндірудің маңызы зор.

Сондай-ақ Қазақстан тарихына қатысты қытай деректерінің алар орны ерекше. ЖОО студенттеріне Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы мәдениетімен тікелей сабақтастығын, біртектес әрі біртұтастығын, өзге көрші елдермен арадағы тамыры терең тарихи-мәдени байланыстарды, сондай-ақ орта ғасырлардағы Еуразия даласын Ұлы Түрік қағанаты билеген дәуірдегі этно-мәдени байланыстардың даму үрдісін оқытуда соңғы жарты ғасырдан астам кезеңде ҚХР аумағынан тыңнан ашылған тарихи-археологиялық және эпиграфиялық жәдігерлер арқылы пайымдап, ашып көрсеткен «Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері» атты деректер жинағының маңызы зор. Аталған еңбекте авторлар ұжымы Қазақстан тарихына қатысты баға жетпес құнды мәліметтерді, тарихи жазба деректер мен мұрағат құжаттарын салыстыра зерттеп, көпшілікке ұсынған (Сұңғатай, Еженханұлы, 2005: 8). Бұл тарихи деректе Іле аңғарынан табылған сақ және үйсін ескерткіштері, ғұндардың мәдени жәдігерлері туралы мәліметтер берілген (Сұңғатай, Еженханұлы, 2005: 20-24). Қытай жазбаларының ішінде Сыма Цянның «Тарихи жазбалар» еңбегі аса құнды. Онда ғұндардың, үйсіндер мен қаңлылардың тұрмыс-тіршілігі, саяси құрылымдары және батысқа қоныс аударуы жөнінде көптеген мәліметтер берілген. Қытай деректері көбіне сынаржақ жазылғандығына қарамастан, Қазақстан тарихи мен мәдениетін зерттеуде аса құнды бағаланады.

Қазақстан тарихын оқытуда көне түркі жазба ескерткіштерінің алар орны ерекше. Күлтегін, Білге

Қаған және Тоныкөк ескерткіштері (Орхон-Енисей) –мазмұны мен түрі жағынан ежелгі түркі халықтарына ортақ көркем туындылардың үлгісі болумен бірге, ол қазақ халқының асыл қазынасына енетін тарихи мұра (Бекенова, 2020: 15). Бұл ескерткіштер ерте орта ғасырлардағы түркі қоғамындағы әлеуметтік және мәдени үрдістерді өзге тарихи деректерге қарағанда дәл береді. Оның себебі, тасқа басып жазылған мәліметтер түпнұсқа дерек болып табылады. Оларда түрік қағандары Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, түргештер, қарлұқтар, оғыздар, қыпшақтар, ұйғырлар, т.б жөнінде нақты мәліметтер көп. Сонымен қатар, Қазақстанның тарихи географиясына қатысты мәліметтерді араб географтары мен саяхатшыларының еңбектерінен аламыз. Мәселен, ортағасырлық қала мәдениетін оқытуда Тараз қаласына қатысты құнды мәліметтерді әл-Балазуридің «Жорық кітабы» еңбегіндегі деректер арқылы беруімізге болады. Сондай-ақ, әл-Жахиздің «Түркілердің лайықты қасиеттері» шығармасына сүйене отырып қазақ жерін мекендеген түркі тайпалары туралы этнологиялық мәліметтерді, Аббас әулеті халифтарының әскер құрамындағы түркілердің жауынгерлік ерліктері туралы мәліметтерді баяндауымызға болады. Осы секілді Х ғ. өмір сүрген Әл-Якуби, Ибн әл-Факих, Ибн Фадлан, Әл-Истархи, Ибн Хаукаль т.б. секілді авторларының еңбектеріндегі Қазақстанның тарихы мен географиясына қатысты мол деректерді айта аламыз.

Студенттерге Қазақ хандығының тарихын оқытуда парсы тілінде жазылған «Тарих и Рашиди» шығармасының рөлі зор. Мырза Хайдар «Тарих-и-Рашидиді» жазуда өзіне дейін өмір сүрген араб және парсы дүниесінің тамаша тарихшы ғалымдары, шежірешілері, жағрафияшылар, деректанушыларының еңбектерін молынан пайдаланған және оларды өзі көрмеген, білмеген оқиғаларды сөз еткендегіна, сенімді бұлақ көздері ретінде пайдаланған. «Тарих-и-Рашиди» парсы тілінде жазылғандықтан да, Мырза Хайдар жүгінген ондай еңбектердің басым көпшілігі парсы тілінде болатын. Зерттеушілер «1346–1546 жылдар аралығындағы оқиғаларды тек Орталық Азия ғана емес, сондай-ақ Тибет, Ауғанстан, Кашмир, Иран, тіпті Иракқада қатысты көптеген қым-қуыт оқиғаларды баяндайды. Мұнда аталмыш мерзімдегі саяси жағдайлар, тақ үшін талас, кейбір мемлекеттердің тарих сахнасынан кетуі, феодалдық соғыстар, тарихи тұлғалар тағдыры, діни мәселелер, әдеби-мәдени өмір, көркем өнер сипаттамалары, тіпті минералогия, яғни асыл тастарғада сипаттама жасау автор назарынан тыс қалмаған. Осындай бірнеше ғасырға қатысты оқиғаларды, фактілерді, тарихи, мәдени, әдеби үрдістерді яғни өзі өмір сүрген ғасырға, жылдарға дейінгі оқиғаларды сараптау Мырза Хайдарға әрине оңай тиген жоқ. Әйтседе ол мұндай аса маңызды, аса ділгірліктен туған шығарма жазуда шын-дыққа сүйенді, нәтижеде абыройға ие болды» - деп көрсетеді (Мақсұтова, 2022:4). Бұл шығармада Әбілқайыр хандығы, Ұрұс ханның ұрпақтары, Қазақ хандығының қалай құрылғандығы, алғашқы қазақ хандары, олардың саяси-әскери қызметтері жөнінде егжей-тегжейлі мәлімет беретін бірден бір тарихи дерек.

Қазақ хандары Бұйдаш, Хақназар, Тәуекел, Есім және Жәңгір кезіндегі XVI-XVII ғғ. қазақ-моғол қатынастарының тарихы жөніндегі түпнұсқа дерек болып табылатын Шах-Махмұд Шорастың «Тарих» шығармасы елеулі орын алады. Бұл тарихи дерек Шағатай ұрпақтарына арналған деректер тобына жатады.

Ортағасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты білімді Темір әулеті мен Шайбани әулеті тарихына қатысты деректерге сүйене отырып берудің маңызы зор. Ортағасырлық деректерді зерттеген ғалым Б.А. Ахмедов деректерді түрлері мен типіне қарай классификациялаудың маңызы зор екендігін атап өткен болатын. Ал Қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин ортағасырлық парсы тіліндегі деректерді бірнеше топқа бөледі. Оның тұжырымдауы бойынша, деректер көбінесе саяси бағытына сай бөлінеді. Классификациялауда, саяси бағыты негізге алынады. Бұл белгілері бойынша ортағасырлардағы саяси биліктің басына қайсібір әулеттің қолында болғандықтан, сол әулеттердің саяси позициясы деректерде көрініс табатындықтан, әулеттік принцип бойынша классификациялау тиімді екенін атап өтеді. Бұл белгілер бойынша деректер Темірлік, Шайбанилық, Шағатайлық (қашғарлық), Сефевидтік және т.б. бөлінетіндігін шығыстанушы атап көрсеткен (Ахмедов, 1985: 262).

Шайбани әулетінің тарихына қатысты тарихи дерек – «Шайбани наме». Камал ад-дин Бинаидың шығарамасыда Мұхаммед Шайбанидің жастық шағынан бастап, Мауараннахрда Темір ұрпақтары мемлекетінің құлауына дейінгі (1502-1503) өмір жолын баяндаған. Ол Темір ұрпақтарының күйреуіне Мұхаммед Шайбанидің әскери күші мен қолбасшылық талантынан гөрі, Орта Азияның бұрынғы билеушілері мен шонжарларының арасындағы өзара қырқыстар мен кикілжің себеп болғанын көрсеткен. Бұл тарихи деректен Бұрындық хан мен Шабани хан арасында болған соғыс туралы мәліметтер алуымызға болады. Бұрындық хан мен Шайбани ханның әскер саны, соғыс өнері туралы мәліметтер бар (Бинаи, 2010:21).

Қазақстан тарихына қатысты тарихи деректердің бірі парсы тілінде жазылған Масуд ибн Осман Кухистанидің «Тарих-и Абулхайр-хани» («Әбілқайыр ханның тарихы»). Іргелі еңбекте Әбілқайыр ханның көшпелі өзбек мемлекеті - «Әбілқайыр хандығының» негізін қалағандығы жөнінде баяндалады.

ЖОО студенттеріне орта ғасырларда Қазақстан жерінде болған саяси жағдайларға қатысты мәлімет беретін дерек - «Шыңғыснаме» болып табылады. Бұл шығарма арқылы ортағасырларда Қазақстан жерін мекендеген халықтардың саяси, этникалық-саяси, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени өміріне қатысты мәліметтерді беруімізге болады. Бұл еңбекті ғылыми айналымға енгізген шығыстанушы В.П. Юдин. Бұл еңбекті В.П. Юдин XIV Қазақстан тарихына арналған жұмыстарына негізгі дерек ретінде қолданған. Өтеміс қажының туындысы XIII-XIV ғғ. Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары билік еткен уақытты қамтиды және онда Бату ханнан бастап Тоқтамыс ханның билікке келуіне дейінгі Алтын Орданың хандары туралы мәліметтер бар (Утемиш – хаджи, 1992: 6). Көбіне ауызша айтылған аңыздарға негізделген еңбектің бірегейлігі Алтын Орда тарихы үшін, атап айтқанда, XIV ғ. Қазақстанды зерделеу үшін ғылыми ынта-ықылас туғызатыны күмәнсіз.

Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» бұл шығарманың екінші бөлігінде қазақ хандары жөнінде құнды мәліметтер бар. Сонымен қатар, Әбілғазының «Түріктердің генеологиясы» және «Түркімен шежіресі» Қазақстан тарихына қатысты маңызды деректердің қатарына жатады. «Түріктердің генеологиясында» Қазақстан мен Орта Азиядағы, Ноғай ордасындағы Шайбанилер туралы мәліметтер кездеседі. «Түркімен шежіресінде» орта ғасырлардағы түркі халықтары туралы аңыздар, халық әңгімелері, әдет-ғұрыптар, мақал-мәтелдер айтылады (Берлібаев, 2017: 55).

Жалпы Қазақстан тарихына қатысты тарихи деректер баршылық, бұл мақалада грек, араб, парсы, көне түркі жазба деректерінің кейбіреулеріне ғана тоқталдық. Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі Қазақстан тарихын оқытуда маңызды болып табылатын заттай, жазбаша, статистикалық, заң-актілік, хаттар, естеліктер секілді тарихи деректерді күнделікті сабаққа кіріктіре отырып пайдаланудың маңыздылығы зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Берлібаев.Е.Т.«Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректемесі»- Алматы: Қыздар университеті баспасы, 2017. 18 б.
2. Сұңғатай С., Еженханұлы Б., Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері II том Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 20-246б.
3. Бекенова Ф.М. Ұлттық мұра және көне түркі жазба ескерткіштері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, 2020 . №67. 15б.
4. Мақсұтова А.Ә., Тілеубаев Ш.Б. М.Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди еңбегінің ортағасырлар тарихындағы орны // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы Алматы, 2022. №73.
5. Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. Письменные памятники. - Ташкент: Фан, 1985. - 262 с.
6. Камал – ад. - дин Али Бинаи «Шайбани наме». - Москва 2010.
7. Утемиш – хаджи «Чингиз – наме». Алма-ата, 1992. – 243с.

TÜRKİSTAN’DA BASIN-YAYIN ORGANLARININ DOĞUŞU

ABDİKHANOVA AİGERİM

*Öğretim Üyesi, Master
Kazak Milli Kızlar Pedagojik Üniversitesi
Almatı, Kazakistan*

Özet. Bu araştırmada, XX yüzyıl başlarında Türkistan’da meydana gelen siyasi olaylardan sonra ortaya çıkan basın ve yayın organları ele alınmaktadır ve onların hizmeti incelemektedir.

Anahtar Kelimeler: Basın, Yayın, Kazak gazetesi, Aykap dergisi, Türkistan Vilayeti, Dala Vilayeti.

Abstract. In this research, the press and publication organs that emerged after the political events that took place in Turkestan at the beginning of the XX century are considered and their service is examined.

Keywords: Press, Publication, Kazakh newspaper, Aykap magazine, Turkistan Province, Dala Province.

Kazak topraklarında gazetelerin yayınlanmaya başladığı dönemin iç siyasal koşulları, gazetelerin faaliyet alanının hukuksal çerçevesinin ve içeriklerinin belirlenmesinde önemli bir rol oynamıştır. Ruslar, Orta Asya Türklerine kendi kültürünü, dilini kabul ettirmeyi ve onları yönetmeyi hedeflemiştir. Halkın düşüncelerini değiştirmek ve düşüncelerine etkileyebilmek için Kazak topraklarında basın doğmuştur. Türkistan Vilayeti gazetesi, Rusya ve Orta Asya Türkleri için çıkarılan ilk gazeteydi. İlk Tatar Türkleri 1809 yılında 6-7 kere gazete çıkarmaya çabalamışlar ama başaramamıştır (Mira Kadırova, 2016, s 26).

Kazak aydınlarının yazdığı ilk kitaplar Kazan ve Orenburg'daki Ruslara ait matbaalarda basılmıştır. Kazak basın yayın organlarının doğuş Türkistan'da 1870'de çıkan "Türkistan Vilayetinin gazetesi" ortaya çıkışı ile başlanmaktadır. Türkistan Vilayetinin gazetesi 28 Nisan 1870 tarihinden itibaren, o dönemde Türkistan Valiliği'nin merkezi olan Taşkent'te, Rusça yayınlanan "Turkestanskіe vedomosti" gazetesine ek olarak ayda dört kez (iki defa Özbekçe, iki defa Kazakça) yayımlanmıştır (Y.Subhanberdin, 1995, s 6-9). Yine süreli yayınlarda Kazakça ilk defa Dala Vilayetinin Geziti adlı gazetede kullanılmıştır. Bu gazete 1880-1902 yılları arasında yayımlanmıştır. "Türkistan vilayeti", "Dala vilayeti" yayınları, resmi istikameti takip eden gazetelerdi. Gazetenin editörü olarak Kozlov, Mihaylov, Popov ve Lavrov çalışmışlar. Rusçadan Kazakçaya çevirisini yapanlar ise Eşmuhammed Abilayhanov ve Dinmuhammed Sultangazindi. Düysenbayev, Japanov, Aymanov isimli muhabirler de gazetede çalışmışlar. Çünkü bu gazeteler Çarlık hükümetinin resmi yayın organıydı. Bunun kanıtı, tüm Çarlık hükümetinin gazetelerinde olduğu gibi, bu yayınların resmi ve gayri resmi bölümlerinin olmasıdır. Resmi bölümde hükümet ve idari organların haberlerinin yanı sıra kararnamele, çeşitli talimat ve emirleri yayımlanmaktadır. Aynı zamanda, Çar'a adanmış veya ona bağlılığı ifade eden makaleler de yayımlandı. Bu iki gazeteyi saymazsak Türkistan'da basına dair herhangi bir ize raslanmak mümkün değildir. Zaten Çarlık Rusya'nın izlemiş olduğu baskıcı politika, Türkistanlılar'ın fikri yönden kendilerinin ifade etmelerine engel olmuştur (Ercan Çelebi, 2000, s 6). Bu ilk gazete de Kazakça yayınların kabul edilebilmesi yanında Kazak matbaacılığının gelişmesinde de ilk adım olmuştur.

Kazak basının gerçek anlamda doğuşu 1905 Rus devriminden sonra olmuştur. Çarlık rejiminin Ruslaştırma politikasına, kültür emperyalizmine karşı koyma çabası içinde olan Kazak aydınları geniş kitlelere ulaşmak için gazete ve dergi çıkarma iini ele aldılar. Bu konuda, Sekuleristler ve Pantürkistler dahil olmak üzere her kesimden aydınlar işbirliği halinde idiler.

Kazak basın tarihini K. Atabaev aşağıdaki dönemlere ayırmıştır:

- 1870'de " Türkistan Vilayeti gazetesi"nin yayımlandığı tarihten Mart 1917 Çarlık hükümetinin devrildiği güne kadar.
- Mart 1917'den 1918 tarihinin ortalarına kadar ki Geçici hükümet dönemindeki demokratik girişimler sırasında ulusal basın.
- 1918 tarihinin ortası ve 1920'lerin sonuna kadar Demokratik güçlerin Bolşeviklere karşı amansız mücadelesi döneminde ki basın.
- 1921 yılından 1991 yılına kadar Sovyet veya Bolşevik diktatörlüğünün tam olarak kurulduğu, totaliter sistemin oluşumu ve Komünist Partinin sınırsız egemenliği yıllarında yayımlanan süreli yayın (K. Atabayev,1998, s 58-59).

Kazak aydınları aydınlanmayı ve eğitimi aktif olarak desteklemişti. Aydınların temsilcileri, siyasi okuryazarlığı sağlamak, halkın tarihsel bilincini geliştirmek için basının gerekli olduğunu anlamıştı. Bu yüzden de XX yüzyılın başı Kazak süreli yayınının gelişme dönemi olarak kabul edilir.

Bu dönemde yayımlanan gazetelerin ana konuları Çar'ın yeniden yerleşim politikası, Kazak kırsalındaki çatışmanın tırmanması, hükümete itaatsizlik çağrılarıydı. Mirzhakip Dulatov'in Kazak halkına hitaf edilen makalesinin sembolik bir anlamı vardı. Hakları için ve Rusya'nın sömürgeci tecavüz politikasına karşı mücadele çağrısında bulunmuştu. Kazak işçileri adına Çar'ın görevlilerini suçları, halkın kötü durumu hakkındaki açık bir mektup büyük önem taşıyordu. Sonuçta, I. ve II. Devlet Dumalarının çalışmaları ile ilgili materyaller, Kazak milletvekillerinin konuşmaları Kazak halkının siyasi kültürünün gelişmesine büyük katkı sağlamıştır.

Kolonilerin siyasi birleşmesinin ilk işaretleri, Müslüman hareketi gibi sömürge karşıtı gazete ve dergilerin ana konusu haline geldi. Kazakistan'daki ilk sendika organı olan "İçsi Hayatı" dergisinde hükümet karşıtı yayınlar yayımlanmıştı. Kuybyshev'in liderliğinde 1907'de ilk kamu basını "Stepnaya Gazeta" yayımlandı.

Kazak Demokratik basını, kurtuluş hareketinin refah yıllarında doğmuştu. Aykap dergisi (1911-1915) ilerici aydınların desteği ile yayımlanmaya başlamıştı. Bu yayın doğası gereği demokratik ve aydınlayıcıydı. Gazete, Kazakistan'ın sosyal, ekonomik ve kültürel yaşamının güncel konularını kapsıyordu. Kazak gazeteciliği tarihinin doruk noktası, Kazak aydınlarının önde gelen siyasi merkezi haline gelen «Qazaq» (1913-1918) gazetesinin yayımlanmasıydı. Bu gazete, Kazak halkının görüşlerini ifade etmenin yanı sıra, sadece siyasi bir cephe olarak kabul edilmişti. 1916'daki ulusal kurtuluş ayaklanması sırasında birliği ve dayanışmayı teşvik etmişti. Bu gazete, önde gelen Kazak aydınlarının siyasi faaliyetlerinin organizatörü olmuştu. Bu siyasi olayların bir sonucu olarak, içinde bağımsızlık mücadelesi için taktikler ve stratejiler geliştirilmişti.

Aynı zamanda Rusların Türkistan coğrafyasını tamamen işgal etmeye çalışması Orta Asya'da yaşayan Türk halklarının aydınlanmasını mecbur hâle getirdi. Gaspıralı, Tercüman Gazetesi'nde yayımladığı yazılarda "Dilde, fikirde, işte birlik" ilkesinden yola çıkarak Türk halkları arasında birlik ve dayanışma duygusunun yaratılmasına çalışmıştır (Darkhan Kydyraliyev, 2002, s. 8). Diğer aydınlar ve düşünürler halkı özgürlüğe kavuşturarak milliyetçilik, vatanseverlik duygularını canlandırmak için her türlü arayış içindeydi.

Alihan Bökeyhan, Ahmet Baytursınılı, Mircakıp Dulat, Sultanmahmut Toraygırov, Mağcan Cumabay,

Muhammedcan Seralı vb. aydınlar bu dönemde matbuatta çeşitli kademelerde yer almışlardı. Onlar Çarlık yönetimine, sömürgecilik siyasetine karşı birleşerek kendi seslerini yeniden kurulmakta olan basın organları aracılığıyla duyurmaya çalışmışlardır. Belli bir süre sonra ortaya Kazak halkının yaşamı ve siyasî durumunu edebiyatı ile ilgili haberlerin yer alacağı yeni bir süreli yayın sisteminin ortaya çıkmasını gündeme getirmişti. Süreli yayın ve gazeteler özellikle millî bilinci geliştirmek için kullanılmıştı. Bu önemli işleri “Aykap” Dergisi ile “Qazaq” ve “Qazaqstan” gazeteleri yerine getirmiştir (Ömirhan Abdimanulı, Almatı 2002, s. 84).

XX yüzyılın başlarında basın sayfalarında gündeme getirilen ana konular - eğitim, Kazak dilinin devlet kurumlarında uygulanmasının genişletilmesi, basının güçlendirilmesi, alfabenin Latin alfabesine çevrilmesi, yeni ekonomi politikası, ekonomik reform vb. Türkistan Cumhuriyeti'ndeki Kazak topraklarının Kazakistan'a dahil edilmesi konuları da gündeme sık sık getirilmişti. Yetkililer ayrıca Kazakların yaşadığı Taşkent şehrini başkent yapmayı teklif etmişti. Nüfusla ilgili olgusal istatistiklere atıfta bulunarak nedenleri açıklamak ve kanıtlamak için çok çalışmıştı. Bu sayede Kazakistan'ın güney bölgeleri Kazakistan'a katılmıştı, toprakları ve nüfusu birkaç kat artmıştı. Ancak Kazakların eski konutu olan Taşkent'i başkent yapılmadı.

Söz konusu gazete ve dergiler olunca toplumsal hayatın ve sosyal gelişimin aynası olarak halkın düşüncesini, hürriyete kavuşma isteğini yansıtmıyordu. Aynı zamanda süreli yayınlar milletin din ve kültürünü, manevi yapısını önemli ölçüde etkilemeye çalışmıştı. O dönemde Çarlık Rusyası tarafından yayınlanan “Türkistan Velayeti” (1870 - 1882), “Dala Velayeti” (1888 - 1902) gibi Kazak dilli resmi gazetelerle birlikte yeni içerikli serbest gazeteler yayınlanmaya başlamıştı. Bunların içinde sayısı az çıksa da Kazak basın tarihinde ayrıca bir yere sahip olan “Serke” (1907), “Qazaqstan” (1911 - 1913), “İşçi Qazaq” (1913) gazeteleri, Kazak basın alanını yüksek mertebeye ulaştırmıştı (Züriyat Bimahanova, 2010, s. 139).

“İşçi Qazaq” gazetesi

“İşçi Qazaq” gazetes 17 Aralık 1919'da Orenburg'un ilk sayısı Iskra gazetesiyle başlamıştı. Bundan sonra gazetenin adı birkaç kez değiştirilmişti. 1920 yılında başlıklı bir “İşçi Bayrağı” 1921 yılında “İşçi Qazaq”, 1932 yılında “Sosyalist Qazaqstan” olarak değiştirildi ve 54 yıl boyunca bu adla yayınlanmıştı.

“İşçi Qazaq” gazetesinin her sayısında Kazak dilinin durumunu sürekli olarak kaydettiğini belirtmekte fayda vardır. Bu, o yılların gazetesinin baş editörlüğünü üstalenen Saken Seyfullin'in büyük girişiminin sayesinde dile getirilmişti. “İşçi Qazaq” 180. sayısında Saken'in kurumlarda Kazak dili öğretimine ilişkin açık mektubu yayımlandı. “Kazak dilini öğrenmemiz gerekiyor. Bu yolda birçok engel var” dedi. Bu yatay olarak para çekenleri veya tüm motivasyonlarının sadece bir bahane olduğunu kanıtlayacak belgeleri olmayanları eleştirmekti.

“İşçi Qazaq” gazetesi, Kazakistan dışında Afganistan'a, özellikle Özbekistan ve Çin'e taşınan Kazaklar hakkında da makaleler yayınlamıştı. Başka bir ulusun baskısını gören bazı Kazaklar, uluslarını saklayacak kadar ileri gittiler diye eleştiride bulunmuştu. 1923-1924 yıllarında “İşçi Qazaq” gazetesi cesurca ulusun çıkarlarıyla ilgili konuları gündeme getirmeye başladı. Hangi yöne giderse gitsin, devletin kuruluşuna katılan tanınmış şahsiyetler olan Kazakistan'ın milliyetçi vatandaşları da katınsın. Ülke, toprak, dil söz konusu olduğunda aralarında hiçbir fark olmadığını görüyoruz. Ulusun entelektüellerini birbirleriyle karşılaştırarak yapay olarak «düşmanlar» yaratma politikası geliştirilmesin. Bildiğiniz gibi nihai amaçları Kazak okuyucularını bir bütün olarak yok etmektir.

Böylece 1923-1924 yılları ciddi ve belirleyici olaylarla doluydu. “İşçi Qazaq” gazetesi sararmış sayfalarında, o zamanın Kazaklarının üzüntüleri ve sırları, özellikle de ülkenin kardeşlerinin ve aydınlarının üzüntüleri ve sevinçleri, ruh halleri, ölçülemez çalışmaları yer almıştı.

KAYNAKÇA

1. Abdimanulı, Ömirhan, XX. Yüzyıl Başındaki Kazak Edebiyatı, Almatı 2002,
2. Kydyraliyev, Darkhan, Türkistan'da Cedidcilik Hareketi ve Bunun Türkiye ile Münasebeti. (Yayımlanmamış Doktora Tezi) İstanbul 2002
3. Çekiçkesen, Pınar, Aykap Dergisinde Yayımlanan Dil Yazıları, (Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi) Ankara, 2011
4. Shaikenova, Gulshat, Beksultan Nurjekeulı'nın “Ey, Dünya ey!” Romanı Üzerine Dil ve Üslup Çalışması, (Yayımlanmamış Doktora Tezi) Niğde, 2020
5. Çelib, Ercan, Yaş Türkistan Dergisine Göre Türkistan Milli Mücadelesi, (Yayımlanmamış Doktora Tezi) Ankara 2000
6. Kadırova, Mira, Alaş Partisinin Gazetesi Kazak (1913-1920 Kazak Basınındaki Etkisi), (Yayımlanmamış Doktora Tezi) İstanbul 2016.
7. Atabayev, Kambar, Kazak Basını Kazakistan Tarihi Kaynakçası Olarak (1870 - 1918), Bilimsel Araştırma, Almatı 2000.
8. Atabayev, Kambar, XIX yüzyılın Sonu ve XX yüzyılın Başlarındaki Süreli Yayınlar Kazakistan Tarihinin Kaynağı (monografi çalışması) Almatı 1998
9. Y. Subhanberdin, “Aykap” ansiklopedisinde “Kazak Basın Tarihi” bölümü, Almatı 1995
10. Kadırova, Mira, Alaş Partisinin Gazetesi Kazak (1913-1920 Kazak Basınındaki Etkisi), (Yayımlanmamış Doktora Tezi) İstanbul 2016.

ТАРИХЫН ЖАТҚА БІЛЕР-БІЛІМДІ ҰРПАҚ

САУРБАЕВА РАЙСА САНАКОВНА

магистр, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Бисеналықызы Еркеназ «Әлеуметтану» 3 курс студенті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақала Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдарын бүкіл қазақ халқының үлесіне түскен қиын сәттерді шынайы баяндайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев, айтқандай. "Тәуелсіздік - біздің халқымыздың бостандығы мен дербес дамуы үшін күрестің көп ғасырлық тарихының нәтижесі". Тәуелсіздік бізге жай келген жоқ. 32 жыл ішінде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған көптеген қадамдар жасалды. Қысқа уақыт ішінде үлкен қалалар салу-бұл көрегендіктің, тамаша саяси шешімнің және елбасымыздың еңбегінің дәлелі.

Тірек сөз: Қоғам, әлеумет, утопия, демократия, авторитаризм, патроиот, автономия, доктриналар, федеративтік.

Аннотация. Эта статья достоверно рассказывает о пережитых трудных моментах, выпавших на долю всего казахского народа за годы обретения независимости Республики Казахстан. Как сказал наш Елбасы Н. Ә. Назарбаев, «независимость - результат многовековой истории борьбы за свободу и самостоятельное развитие нашего народа». Независимость пришла к нам не просто. За 32 лет было предпринято огромное количество шагов, направленных на улучшение благосостояния народа. Строительство больших городов за короткое время – это есть свидетельство дальновидности, блестящего политического решения и заслуга нашего президента.

Ключевые слова: Общество, социум, утопия, демократия, авторитаризм, патроиот, автономия, доктрины, федеративность.

Annotation. This article I reliably tells about the experiences ore moments that fell to the lot of the entire Kazakh people during the years of gaining independence , the Republic and Kazakhstan . As our President said: N. A Nazarbayev, "Independence is the result of a centuries-old history of the struggle for freedom and independent development of our people". Independence did not come to us easily. For 32 years, a huge number of steps have been taken to improve the welfare of the people. Building large cities in a short time is evidence of a visionary and brilliant of politico of solutions and merit as our President.

Keywords: Society, utopia, democracy, authoritarianism, patronage, autonomy, doctrines, federalism.

«Тәуелсіздіктің кезекті жылдығын атап өту бізге ең алдымен той тойлау үшін емес, ой ойлау үшін керек. Тәуелсіздіктің тайғақ кешулі жолында алдымыздан шығатын асу-асубелдер де болады. Ұлттың ұланасуында ұйытқи соғатын желдер де болады. Нағыз Тәуелсіздікке қиын істе тәуекелге бара алатындар ғана қолы жетеді».

Н.Ә.Назарбаев

Елбасының Қазақстан халқына жолдап отырған стратегиялары, жолдаулары, бағдарламалары барлығы дерлік салиқалы саясаттың дара жолынай қын көрсетіп, болашаққа ұтымды бастамаларға бастап отырғаны белгілі жайт десек те, кейбір қандастарымыз өз тілін былай қойғанда, өз халқының тарихынан еншілегені жасырын болсада шындық. Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фарабидің «Әке баласы үшін қандай жауапты болса, әр халық өз тарихының алдында сондай жауапты» - деген қанатты сөзінде үлкен мән жатса, халқының бір туар азаматы М. Шаханов:

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала!

Әр адамда өз анасынан басқа, болу керек құдіретті төрт ана:

туған жері – түп қазығы, айбыны,

туған тілі сатылмайтын байлығы,

туған дәстүр, салт- санасы тірегі және туған тарихы!

Төрт анасын қорғамаған халықтың ешқашанда бақ - жұлдызы жанбаған!

Қасиетті бұл төрт ана –тағдырыңның тынысы, төрт ана үшін болған күрес - күрестердің ұлысы! - деп өз еліне, жеріне, тіліне тарихына деген сүйіспеншілігін білдіре отырып, «тарихты білмеу тамырсыздық» екенін кесіп айтады.

Елбасы Н. Ә Назарбаев «Қазақстанның болашағы - бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады», - деп атап көрсеткен. Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ десек, дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселе - білім беру, ғылымды дамыту, тарихқа терең үңілу.

Тарихты білмей болашақты болжау мүмкін емес. Яғни, тарихы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр деген халық даналығы да бар.

Өткен тарихымызға үнілсек, халқымыздың ертеңін ойлаған, болашағын болжаған хандарымыз бен билеріміз сол кездің өзінде-ақ еліміздің дәулеті мен сәулетін, ынтымағы мен қауіпсіздігін арттыру бағытымен жүріп, оны жалпақ қазақ даласына жариялап отырған. Қасым ханның, Есім ханның жолдары мен Тәуке ханның «Жеті жарғысы», міне, осындай ізгілікті мақсаттардан туындаған игілікті шаралар еді. Мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жұртшылық заңын тарау-тарауымен талдай отырып, күнделікті өмірге енгізген Қасым ханның ережелер жиынтығы халық арасында жоғары ілтипатпен «Қасым ханның қасқа жолы» атанып, ол XVII ғасырда хандық құрған Есім ханның «ескі жолына» ұласты. Тарихтан білетініміздей, Есім хан Қасым ханның ғасырлар бойы сұрыпталып, орныққан осынау өміршең ережелерін өзгеріссіз пайдаланып, ел ішінде жаппай қолданды, әрі оны өз заманының қажеттілігіне орай жетілдіріп, жүйеледі. Сөйтіп, оны халық «Есім ханның ескі жолы» деп атап, ел ортасында әділ төрелік айтып, дау шешіп жүрген биқазылардың осы ережені білуі міндетті саналды. Ал Тәуке ханның тұсында (1680-1708 ж.ж.) халқымыздың дана билері Тәуке хан басшылығымен бес тараудан тұратын Қасым хан, Есім хан ережелеріне қалмақтың жортуыл шапқыншылығына байланысты тарихи-саяси жағдайдың аса шиеленіскен қиын кезеңінде тағы да екі тарау қосып, «Жеті жарғы» деп атады. Яғни, Тәуке хан кезінде қосылған екі тарау – жесір дауы мен құн дауы еді. Халқымыздың басына түскен сол бір зұлматты заманда шапқыншылық, кісі өлтіру көп болғандықтан, құн дауы өз алдына бөлектеніп, қылмыс заңына айналған [5, 53- 6].

Бүгінде ата-бабаларымыз армандап кеткен Тәуелсіздік туы көкте желбіреген біздің кең-байтақ Қазақстанымызда сол хандарымыз бен билеріміздің жолдары мен жарғы-жосындарын қазіргі дәуір талабына сай әртүрлі заманауи заңдар мен жүйелі жоспарлар, сан алуан бағдарламалар алмастырған. Солардың барлығы 73 бүгінде еліміздің өркендеп-өсуіне, алға қойған мақсат-мұраттарымызға жетуімізге қызмет етуде. Тәуелсіздікке қол жеткізген 30 жылдың ішінде халық игілігіне арналып орасан істер жасалынды. Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындағы XX ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі» деп айтуға әбден болады. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің аса үлкен ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің бет алыс бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялыларының үркердей озық ойлы тобы шықты. Олардың басым көпшілігі ғылымға емес - утопияға, демократияға емес - авторитаризмге негізделген болшевизм идеясын қабылдамай, баррикаданың арғы бетіне шығып, өз елінде, өз жерінде отырып азап шеккен қазақ халқының мұң-мұқтажын қорғауды мақсат еткен Алаш партиясын ұйымдастырды. Ел алдындағы ұлы мақсаттарды жүзеге асыратын атқарушы билік органы - «Алашорда» үкіметін құрып, ұлттық-аймақтық негіздегі «Алаш автономиясы» мемлекеттігін жариялауға талпыныс жасады. Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған XX ғасыр басындағы осы бір қазақ зиялылары алдыңғы қатарлы тобының саяси қызметі де, құқықтық көзқарастары да, тіпті ғылыми, әдеби мұралары да ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналып, зерделі зерттеулерге объект бола алмады. Оларсыз қазақ тарихы - тұл, алтын дегені - күл еді. «Алаш» партиясынсыз саяси күрес тарихын, «Алашорда» үкіметінсіз экономикалық ілімдер мен реформалар тарихын, «Алаш автономиясынсыз» Қазақстан мемлекеттілігінің негізін, Алаш ардагерлері өмірінсіз ұлт тарихын жасау, мемлекеттік тіліміздің тарихын қалыптастыру мүмкін емес. Тарихты халық жасағанымен, қоғамның тарихи даму заңдылықтарын реттеп отыратын заңдар мен құқықтық құжаттарды, саяси-құқықтық доктриналарды нақты тұлғалар жүзеге асыратыны белгілі [6].

Қазақ жері екі ғасырдан астам Ресей самодержавиясының қол астында болған жылдарда қазақ халқының өз тағдырын өзі билеу құқығынан айырғаны, көк түрік дәуірінен бастау алған бірегей саяси тарихы бар халық түгелдей империялық заңдардың бұғауына түскені біздерге тарихтан белгілі. Қазақ қоғамының осы бір қасіретін халықтың озық ойлы, көзі ашық өкілдері аңғара бастады. Олар халықты саяси күрес додасына бастап шықты. Бұған себеп болған 1917 жылғы Ресейдегі қос төңкеріс еді. Патша үкіметінің тақтан құлауы саяси күресті одан әрі қыздыра түсті. Қазақ зиялылары саяси қызметтің қатерлі жолына жалтақтамай, жанқиярлықпен күрескен көрнекті тұлғалар шықты. Олар: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов және т.б. болатын. Олар патша самодержавиясының қазақ халқының саяси-сезімінің қалыптасып, оның саяси күреске ұласуына барынша кедергі келтіріп отырғанын бірден түсінген еді [4,76-6].

1917 жылы Ақпан төңкерісінің жеңісі күллі қазақ деген ұлт зиялыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында 74 көптеген облыс-уезд орталықтарында аймақтық қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Олардың жекелеген өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді. 1917 жылы Қазақ съездері Орынбор (Торғай облыстық), Орал (Орал облыстық), Семей (Семей

облыстық), Омбы (Ақмола облыстық) т.б. қалаларында болды. Қазақ съездерін өткізуге ұлт зиялылары белсене кірісті. Осы съезде Ж. Досмұхамедов: «Біздің мақсатымыз - ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін білетін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз», - деп өз ойын білдіреді. Жаһаншаның жалынды сөзінде мемлекеттің саяси құрылысы мен оның мемлекеттік тілі, оның қолдану аясы ашық түрде айқын айтылғанын біздер ұғынуымыз керек. 1917 жылы 21-28 шілдеде Бірінші Жалпықазақ съезінде «Алаш» атты партия құрылып, бұл съезде 14 мәселе қаралды. Осылардың ішінде ерекше атайтынымыз:

- 1) Мемлекет билеу түрі;
- 2) Қазақ облыстарында автономия;
- 3) Жер мәселесі;
- 4) Оқу мәселесі және т.б.

Мемлекетті билеу түрі Ресейде демократиялық, федеративтік парламенттік республика болу керек деп көрсетілген Н.Мартыненконың «Алашорда» атты құжаттар жинағында. Ал 1917 жылы 24 маусымдағы «Қазақ» газетінде автономиялықтың негізі туралы әртүрлі пікір-ұсыныстар айтылған. «Қазақ мемлекетінің әлде Федеративтік Россияның бір автономиялық бөлігі болғаны жөн бе? Қазақтар өз бетімен тәуелсіз ел бола ала ма, әлде тәуелсіздікке басқа халықтармен одақтасқан жағдайда жете ме?» деген сұрақтар талқыланды [9,63-6]. Кешегі өткен 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының құрбандары болған жастар да Жаһаншаның ой-пікірін қайталағанын біз еске түсірмей кете алмаймыз. XX ғасырдың басындағы алаш ардақтылары халықты ұлтаралық бірлікке шақырды, олар ұлтшылдықты арқау еткен жоқ, керісінше ұлтын сүйген ұлтжанды азаматтар екенін танытты.

Бүгінгі күн, мүлдем басқа. Еркіндік – теңдігіміз қолымызда, тәуелсіз елміз, өзге елдермен тереземіз тең. Енді, біз ұлттық рухымызды көтеруге тиіспіз, жалтақтау мен қорқудың уақыты өтті. Тәуелсіздік шынайы ұлттық мүддемен суарылғанда ғана мәнді әрі қымбат болмақ. Мәңгілік ел болу – ата – бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арманы тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Бұл армандар ақиқатқа айналды. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұйыстыра ұлы 75 мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. [2,139-б]

Отан..., Атамекен..., Атажұрт..., Тарих..., Тәуелсіздік... Бұл сөздер қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. XX ғасырдың сүргінін бастан кешіп, жаңа мыңжылдықтың табалдырығын жаңғырған қалпында аттаған Қазақстан Республикасы өзінің барша төлтума болмысын, жарқын да бай мәдениетін, ғасырлар қойнауында қалыптасқан салт- дәстүрін, қызық та қилы-қилы тарихын әлем халықтарының алдына жайып салып, құлдығы мен зорлығы жоқ жаңа өмірді жаңғырту үшін, еңбек пен өркениетті нығайту үшін, жаппай келісімі жарасқан прогрессивті адамзатпен бір сапта болу үшін жаңаша өмірге қадам басты. Қоғамның бөлшектенуін, өзі аз халықтың бір-бірін жау көруінің алдын алмасақ, тарихтағы қателіктердің қайталануы ықтимал. Біз бір ұлтпыз, қанымыз бір, жанымыз бір. Сыртта жүрсек те, іште жүрсек те, барлық мәселені бірлесіп шешуге тиіспіз [1].

Жалпы тарихты жасайтын тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани— мәдени жаңғыруға қол жеткізілді. Қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Республикамыз Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін тауып, саяси, экономикалық және әлеуметтік— мәдени салаларға да реформалар жүргізілді. Бүгінгі күні ірі мемлекеттермен тереземіз тең, іргелі елміз.

Тәуелсіздік алған 32 жыл ішінде өтпелі қиын кезеңдерден өтіп, қалыптасқан елге айналдық. Ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктеріміз жетерлік. Дамудың осы қарқынынан таймай, тәуелсіздігіміздің тұғырын биік ұстаған, мәңгі өшпейтін «Мәңгілік елге» айналдық. Тұғыры биік Тәуелсіздіктің тамыры жайғанына – 32 жыл.

Айбынды Тәуелсіздік - Ел тірегі, қастерлі ұғымның тарихта алатын орны бірегей және қанат жаятынына біз сенімдіміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Қазақстан халықтарына арнаған жолдауы. Алматы, 2005. (электронды ресурс)
2. М.Шахановтың өлеңдері // Қазақ тарихы. 2005. №5 139-бет
3. Құл-Мұхамед. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы: Атамұра, 1998. 102-б.
4. Сүлейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы. Тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация. Алматы, 2004.76-бет

5. Ақбаев Ж. Жаниа. Орал, 1994. 53-бет
6. Мартыненко Н. Алашорда сборник документов. Алматы, 1992. (электронды ресурс)
7. «Қазақ» газеті //21 қараша, 1917. 4-бет
8. Қазақстан Республикасының ҰҚК-нің мұраты. №06610-ic
9. Нұрпейіс К., Құлқенов М., Мектепов А., Хабижанов Б. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. Алматы: Санат, 1996. 26, 63-беттер
10. egeken.kz: <https://egeken.kz/article/362-qasym-khannynh-qasqa-dgoly-esim-khannynh-eskidgoly-nursultamnynh-nurly-dgoly>.

ЗАР ЗАМАН АҚЫНЫ ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ ЖЫР АЙТУ ДӘСТҮРІ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН

ТІЛЕБАЛДЫ ЖҰЛДЫЗ ҚАБЫЛДАҚЫЗЫ

магистр, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Айдархан А. Тарих БББ-ың 3 курс студенті

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада XIX ғасырдың басында дүниеге келіп, өз заманында халық басында болған хал-ахуалға баса назар аударып, елімен бірге еңіреп, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылған күйде болған ақын, жырау Дулат Бабатайұлының тарихи жырлары жайлы қарастырылған. Дулат Бабатайұлы XIX ғасырдың басында ақындық құрған, қазақтың біртуар ақыны. Ол өмірінде еліне төнген екі жақты қанауды сынап, бірінші болып көзге түскендердің бірі.

Тірек сөздер: қанау, патша самодержавиесі, патриот, жағымсыз образ, оппоненттер.

Аннотация. В данной статье рассматриваются об исторических стихах поэта Дулата Бабатаулы, родившегося в начале XIX века, обеспокоенного несправедливостью правителей страны, не смеющегося днем и бессонного по ночам. Он был одним из тех, кто еще при жизни критиковал двустороннюю эксплуатацию своей страны.

Ключевые слова: эксплуатация, царское самодержавие, патриот, негативный образ, оппоненты.

Annotation. This article discusses the historical songs of the poet, Zhyrau Dulat Babatayuly, who was born at the beginning of the 19th century and was at the head of the people in his time, moaned with his country, lost laughter during the day and sleep at night. Dulat Babatayevich is a unique Kazakh poet who created poetry at the beginning of the XIX century. He is one of the first to stand out in his life, criticizing the double exploitation of his country.

Keywords: exploitation, tsarist autocracy, patriot, negative image, opponents.

Қайырсыз, сараң малдыңды

Еріншек, есер жарлыңды,

Халыққа емес сыйымды,

Парақор, баспақ биінді,

Ел бүлдіргіш бегінді

Улы тілмен улаттым!

Сана беріп ойына

Қуат беріп бойына,

Аққан жасы сел болған

Етегі толы көл болған.

Беріш боп шері байланған,

Ұйқы беріп, ұайғы алған

Қайғылыны уаттым!

Өз заманын айна-қатесіз суреттеп, әділдік дегеннен мақұрым, жақсылығы қара басынан аса қоймаған небір замандастарын сөзбен түйіп, әлсіз бенен етегі жасқа толған қайғылыны жұбата білген, аса дарынды заманының біртуар «байғыз қарты» - Дулат Бабатайұлы жайында болмақ әңгімеміз. Бұлыңғыр заманның күнгірт тарихынан сыр шертер бейнедей бұлдырлап көзге көрінетін осы Дулат жырау дегеніміз кім?

Кеудеме қайғы толған соң,

Тұнық жырмен жуынам,- деп, қайғы-мұң, шерін жырмен тарқатқан ақын кім? Қайғысына не себеп? Ол кімге тиесілі қайғы? Қоғамын – бесік, сәбиін –халыққа теңей білген, сол сарынды заманауи

әуенімен халқын тербей білген ақындарды біз тани береміз бе? Ұлы Абай ақынның:

Екі күймек бір жанға әділет пе?

Жаны жара бір жанмын, қаны қара, -дегеніндей, арнау сөз айтар ақынды, артқыдан әділдік пен туралығын сұрап, бағалауын өтінген күйде болған ақынды кейінгі ұрпақ қалай қабылдайды? Кім деп біледі?(1:6). Ол өзі туралы өлең шумағында өзін таныстыра келіп, орынсыз күліп, есепсіз ұйықтамағанын, көзге қораш көрінген бойы болғанменен, теңізден терең ойы барын, шынардан биік санасы мен тасыған ақылы бар екенін көрсетеді. Оған қоса, құрыштан мықты сөзі мен алды-артын болжай білер көзді екенін де жасырмайды. Өн бойын толы ақыл сарайға теңеп, сол сарайды аралағың келсе, кел, бойыма, сырласайық деп тұрғандай әсерлі етіп, саналыға жеткізіп тұрғаны қандай! Дулаттарды қалай тани алдық? Ал, осы Дулат және басқа да тарих айта білген ақын-жырауларды бүгінгі ұрпақтың танып-білуі не үшін қажет?!

Бұл сұраққа ақындардың өз дәуірі, яғни ақынды жалғанның жарығына шығарған қоғамдық, тарихи ерекше жағдайлар жауап береді.


Дулат жырауды ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХІХ ғасырдың 40-50 жылдарға дейінгі аралықта қазақ халқы басынан кешірген экономикалық-әлеуметтік, қоғамдық тарихи жағдай туғызды (2:170). Дулат – қазақтың патриархтық-феодалдық институты ішінен өсіп шыққан ақын. Бұл дегеніміз өздеріңіз білетіндей, мұндай қоғамда қауымның басқару қасиеттері ру басшыларының айтқанымен жүріп отырды. Сондықтан да, олардың бұл әрекеттері де өзінің емес, көпшіліктің ортақ мүддесінен барып туған сияқты көрініс береді. Ел басына түскен әр алуан оқиғалардың себепкері тек сол өздері айтқан «ел жақсылары» деген түсінік болды. Сол себепті, бар үмітін де, назын да, тіпті сынын да соларға айтып отырды. Оған осы сынды ақындардың арнаулары, жырлары дәлел.

Алдыңғы ұрпақ жасаған рухани мәдениетті оған ізінен қуып, жалғасып келе жатқан келесі ұрпақ берік те, нық иеленіп, мұра ғып отыруы табиғи заңдылық. Ал, осы мұраның зерттеліп, анық-қанығына көз жеткізіп зерделенуі, насихатталуы, өз кезегінде дамытып, жетілдіре пайдалануы - екінші ұрпақтың өзінің келер ұрпағының алдындағы борышы деп білеміз. Ал, бұл болмаған жерде, ол ұрпақ бабалары мен өз мұрагерлері арасындағы дәнекерлікті тоқтатады деген сөз. Дәл осы кезде халықтың мәдениетінің дәстүрлі дамуында үзіліс пайда болады. Дәстүрдің үзілуі – ұлттық мәдениеттің кедейленуіне әкеледі (2:171). Ал, бұл дегеніміз – ата-бабалар жолымен салынып кеткен сара да, даңғыл жолды жоғалтып алу кейінгілердің рухани кедейлігін көрсетеді.

Бізге бұл не керек, біз әдебиетші емес, тарихшымыз дегендерге тарих пен әдебиет егіз дүние, олар бір-біріңсіз жетім дүние дегіміз келеді. Оған дәлел, Дулаттың өз заманында «Барақ төреге» деген өлеңін айта аламыз:

О, Барақ жас, Барақ жас,
Жегенге тоқ, ішсең мас,
Жақсы болса ұлығы,
Өз елін жаудай таламас.
Қасқыр тартып, қан шықса,
Жаман ит жұлып жей берер,
Алды-артына қарамас.
Жақсы иттің белгісі-
Жұлмақ түгіл жаламас.
Азған елдің бектері
Қан шықса, елін жұлмалар
Қасқырменен аралас.
Бұдан бөлек, «Ата қоныс Арқадан» деген өлең жырында Кенесарыны сөз етіп кеткені бар:
Хан сарқыты Кене хан

Хан жорық боп қаңғырды,-дей келе, Кенесарыны хандардың соңғы тұяғы деп біліп атап отырғаны көрініп тұр. Бұл туынды ХІХ ғасырдың 40-шы жылдары туған еді. Жыраудың осы екі өлеңінде де көтерілген идеялар оның әлеуметтік мәселелерге арналған өзге өлеңдерімен сарындас келеді. Яғни, Дулат шығармаларының көбі қазақ бұқарасының екі жақты қанаудағы ауыр күнін суреттеуге құрылған. Оған себеп дала халқын патша өкіметінің отаршылдықпен қанауы және кейбір ірі феодал-байлардың қалың қазақ бұқарасын езіп-жаншуы болды.



Д. Бабатайұлы суреті (желіден алынған)

Дулат Бабатайұлы XIX ғасырдың басында ақындық құрған, қазақтың біртуар ақыны. Ол өмірінде еліне төнген екі жақты қанауды сынап, бірінші болып көзге түскендердің бірі. Ол 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында дүниеге келген. Тегі Найманның Қаракерей табындағы Сыбанның Жарасқұл әулетінен шыққан. Сауатын ауыл молдасынан оқып, мұсылманша ашқан ол кейіннен шағатай, түрік тілдерін игереді. Кеңес кезінде ақынның шығармалары біржақты ғана қаралды да, әділ бағасын алмады. Оның «Қазақ деген ғаріп жұрт», «Тырнақтай меңі болған соң», «Тегімді менің сұрасаң», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Ата қоныс Арқадан», «Сөзім барда, көзім жоқ» деп аталатын жыр-толғауларында сол тұста өмір сүрген шен-шекпен үшін елі мен жерін сатқан қуларды қатты міней отырып, олардың іс-әрекеттерін әшкерелейді. Ақын шығармасының кредосы – ел бірлігі. Ол елі мен жерінің тұтастығын барлық толғауларына арқау ете білді (3:1). ХҮІІІ ғасырда Бұқар, XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Жайық жағасында Махамбет, ал 30- 40 жылдары шығыстан Дулаттың шығуы кездейсоқ емес. Ақын әркезде де болған. Дулаттың тұсында да тілінен сөз төгілген, шебер тілді, күміс көмей ақын-жыраулар да аз болмады. Олардың қатарында Жанақ, Түбек, Шөже, Орынбай, Сабырбай сияқты ақындарды атауға болады. Бұл тұлғалар да өз кезінің өте атакты тіл зергерлері болды (2:173). Дегенмен, тарихи ақиқатты өз заманында қазақ ақындарының бәрі бірдей көрген жоқ. Себебі, олардың біразы тар түсініктің ақыны болды, ал біразы халықты патша үкіметімен қоса қанаған хан-сұлтандардың, бай-манаптардың сарай ақындары, мақтаушыл ақындар болды (2:174). Ақиқаты сол, Дулат сияқты өршіл ақындардың отаршылдық қанауды сынауына тиісті бағасын беріп, бағаламау, оған қоса ақынның езгідегі халықтың жақтасы болуын артықшылығы мен ерекшелігі деп білген зерттеуші-авторларды кінәлау – патша самодержавиесінің ұлт-отарларды аяусыз қанауын айтуды мін көрумен бірдей болғаны анық. Мұндай оппоненттердің кейбірі Дулаттың пікірін Россияға қосылу мәселесіне нұқсан келетіндей сезініп, өздерін Дулаттан гөрі патриот етіп көрсеткен. Дулат қазақ халқының қорлыққа түссекен күні үшін «ел жақсыларын» аяусыз сынға алды, жағымсыз образға теңеп, мазақ етті.

Осылайша, біз Дулат Бабатайұлының өз заманында тек қара басының жайын ойлап, жырын арнап, тамағының тоқтығын ойлағанның емес, ел күйін күйттеп, жанұшыра ойға түскенін, сол запыранын жырға қосып, артындағы ұрпағына мұра етіп қалдырғанын көреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дулат Бабатайұлы. Замана сазы. Өлеңдер мен дастандар. Құр.: Қ. Өмірәлиев Алматы: «Жазушы», 1991.-160 бет.
2. Дулат Бабатайұлы. Тұнық тұма. Өлеңдер мен дастандарға сын-зерттеу, көзқарастар. Құр.: Қ. Раев. Алматы. «Раритет», 2002.-288бет.
3. <https://stud.kz/referat/show/7052>
4. Ақындар аманаты. Алматы: «Нұрлы Press.kz», 2014.-288 бет.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ - ҰЛТТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

ДЖУМАГАЛИЕВА А.И.

Шұбарқұдық гимназиясы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Біздің ата-бабаларымыздың ұлттық мәдениеті мен әдебиетін, тарихымызда ғасырлар бойы сақталған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, тілі мен дінін, әдебиетін, ұлттық рухын дәріптеу, осы ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре

алатын білімді, бәсекеге қабілетті, саналы ұрпақты тәрбиелеу міндетін қойды.

Ұлттық санамызды жаңғыртуда ұлттық кодексті сақтау басты шарт болып табылады. Сондықтан, білім беру ұйымдарында білім беру процесінде ұлттық дәстүрлер мен дәстүрлерді кеңінен насихаттау ауқымды түрде жүзеге асырылуда, жаһандану процестері халықаралық ынтымақтастықтың жаңа экономикалық формаларына, ақпарат ағынының артуына байланысты қарқын алуда, басқа мәдениеттердің практикалық тәжірибесін игеруге деген сұраныстың пайда болуы, инновациялар мен өзгерістерге деген ынтаның артуы. Осы жаһандық процестерге байланысты әр мемлекет экономикалық дамудың, қауіпсіздіктің, әлеуметтік инвестициялардың, мәдениет пен білімнің өзіндік траекториясын жасайды, тұрақты бәсекеге қабілетті болу және шынайы өмірдің талаптарын қанағаттандыру үшін.

"Білім туралы" заңда білім беру бағдарламалары студенттердің, студенттердің патриоттық, азаматтық сезімдерін, интернационализмін, жоғары адамгершілігі мен рухани әлемін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталғандығы атап өтілген. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан мектептерінің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі-олардың барлық кезеңдерде жаңартылуы.

М.Жұмабаев жастарды тәрбиелеу және этномәдени мүдделерді іске асырудың ұзақ мерзімді салдары туралы ой елегінен өткізе отырып, бай рухани Қазынаны, ұлттық тәрбиенің сан ғасырлық тәжірибесін сақтау қажеттігін атап өтіп, "әрбір Ұлттық Ұлан өз халқының ортасында тұрып, жұмыс істейтіндіктен, мұғалім оларды ұлттық дәстүрлер рухында тәрбиелеуге міндетті" [1].

Ұлттық құндылықтар-бұл белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтар бір этникалық топтағы адамдардың мінез-құлқының әлеуметтік және нормативтік мәдени аксиомасының рөлін атқарады. Бұл ұлтаралық келісім мен ұлттар арасындағы бірлік, қазақстандық патриотизм, жоғары лингвистикалық мәдениет, толеранттылық, тұрақтылық және модернизация. Отанымыздың өркендеуі мен өркендеуі жолындағы этностар мен этностардың рухани бірігуі туралы идеялары өте өзекті. Осы мемлекеттік аксиологияларға негізделген жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесіндегі білім беру жүйесін жаңғыртудың мемлекеттік басымдықтары

Этносаралық келісім және толеранттылық. Қоғамда саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім сақталады. Бұл құндылықтар қоғамның негізіне, қазақтың ерекше толеранттылығының негізіне айналды. Отбасы-бүкіл адамзаттың басты құндылығы. Әр адамның өмір жолы отбасынан басталады, ал отбасы тұлғаның қалыптасуы мен дамуына баға жетпес әсер етеді. Тұрақтылық-табыстың негізі және Қазақстан дамуының негізгі нәтижелерінің бірі. Елдегі көп ұлтты және көп дінді халықтың бірлігі-бұл толық құндылық, сондықтан барлық ұрпақтардың міндеті-елдің әл-ауқаты үшін осы құндылықты сақтау және арттыру.

Мәдени әртүрлілік-бұл бөлінбейтін, бірақ біріктіретін құндылық. Этникалық әртүрлілікке негізделген қазақ халқының менталитетін өскелең ұрпақ Әлемдік Мәдениеттің ағымында адаспай, бірегей ұлттық қазына ретінде сақтауы керек. Жалпыға ортақ және ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру "білім туралы" заңда, халықаралық конвенцияларда және үкімет пен білім Министрлігінің басқа да нормативтік құжаттарында көрініс тапқан тұжырымдамалық идеяларды дамытады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар-бұл уақыт өте келе өзгермейтін және белгілі бір шектеулі адамдар тобы үшін, бүкіл адамзат үшін маңызды абсолютті құндылықтар. Бұл құндылықтар әр адамға тән, ішкі мәні терең және сыртқы моральдық ережелер ретінде емес, тікелей ішкі іс-әрекеттің бір түрі ретінде қабылданады, яғни олардың негізінде адамның ар-намысы сүйіспеншілікті, шынайылықты, жайлылықты, парызды айқын көрсетеді., зорлық-зомбылықсыздық, мейірімділік, рақымшылық. Жалпыға ортақ адами құндылықтар мәңгілік, тарихи шексіз рухани сипатқа ие, әлеуметтік, саяси, Ұлттық, Ғылыми, жеке және басқа құндылықтар жүйесінің өзгермелі инварианты болып табылады және барлық адамдарда және материалдық әлемде қалыптасады. Олар дамуы педагогикалық процеске бағытталған барлық адамдар үшін стандарт, үлгі болып саналады [2].

Білім беру-бұл мектептегі білім беру жүйесінің барлық құрамдас бөліктері жүзеге асыратын үздіксіз процесс, оған мыналар кіреді: сабақтар, сыныптан тыс және сыныптан тыс тәрбие жұмыстары, сыныптағы іс-шаралар, қосымша білім беру. Оқу процесінің тәрбиелік әлеуеті зор. Заманауи білім беру бағдарламаларының мазмұны маңызды білім беру мүмкіндіктерінен тұрады, оларды жүзеге асыру оқу процесінің негізгі бірлігі ретінде сабақты ойластырылған ұйымдастырумен байланысты. Сабақ тек ақпарат көзі болып қана қоймай, сонымен бірге тұлғаның қалыптасуына, дамуына және тәрбиесіне ықпал етуі үшін келесі талаптар орындалуы керек: 1. Сабақтың мақсаттары мен міндеттері білім беру, тәрбиелеу және Дамыту бірлігінің принциптерін көрсетеді; 2. Адамгершілік, руханилық, азаматтық және гуманизмнің жоғары моделінен тұратын оқу материалын мақсатты түрде таңдау; 3. Оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне дұрыс бағдарлануын ізгілендіру және ізгілендіру принциптері,

жасылдандыру принципі, баланың қоршаған әлем үшін жауапкершілігін дамыту, балалардың әр түрлі қызмет салаларына бейімділігі, сыртқы және ішкі саралау принциптерін жүзеге асыру, шығармашылық қабілеттерін анықтау мен дамытуды қамтамасыз ету; 4. Педагогикалық технологиялардың білім беру әлеуетін пайдалану; 5. Білім берудің әртүрлі деңгейлері мен оқу бағдарламаларының мазмұны арасындағы сабақтастықты жүзеге асыру; 6. Студенттердің өзіндік шығармашылық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; 7. Сабақтың мазмұнына оқушылардың жағымды әлеуметтік-мәдени тәжірибелерінің кеңінен қамтамасыз ететін әлеуметтік рөлдерді жаңғыртуды белсенді енгізу. Сонымен қатар, оны итальяндық мұғалім М.Монтессоридің өзін-өзі дамыту технологиясы бойынша ұйымдастырушылық қызметі кеңінен таратты, ол догматикалық оқытуға балама ретінде балабақша мен бастауыш мектепте еркін тәрбие мен ерте даму идеясын жүзеге асырды. М. Монтессори баланың өз бетінше даму қабілетіне сүйене отырып, қоршаған ортаның қалыптасқан жағдайындағы мұғалімнің басты міндеті өзін-өзі дамытудың табиғи процесін "тамақпен қамтамасыз ету" деп есептеді.

Қазақстандағы білім беру теориясы мен практикасын тарихи-педагогикалық талдау мектептің инновациялық білім беру жүйесін теориялық (адам тәрбиесінің жаңа тұжырымдамасын әзірлеу) және практикаға бағытталған жүзеге асырылатын гуманистік идея шеңберінде топтастырылған философиялық, табиғи және әлеуметтік-педагогикалық ізденістердің бірлігі ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Құндылықтарды білім беру мекемелерінде негізгі жолмен жүзеге асырылады-өз халқының, сондай-ақ басқа елдердің халықтарының мәдениеті. Оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануын қалыптастыру олардың жас ерекшеліктері ескерілген жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ізгілік бағдарын қалыптастырудағы мұғалімнің рөлін арттырады. А.Караковскийдің білім беру жүйесінің негізгі идеялары: міндетті отандық мектеп ұжымын құру; онда өзін-өзі басқару элементтерінің болуы; коммуналдық әдісті енгізу, оның негізгі міндеті ұжымдық жұмысқа дайындалу. Ол мектепте тиімді жұмыс әдістерін қолданады: балалардың жеке ерекшеліктеріне сүйенеді.

Сыныптан тыс және сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігі студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыруға байланысты. Білім берудің мақсаты белгілі бір жалпыадамзаттық немесе ұлттық құндылықтарды дамыту емес, өз дамуының табиғи мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау болуы керек. Табиғаты бойынша әр балаға өзіндік даму, сыртқы жағдайларда ассимиляциялау, оларға бейімделу және оларды өзгерту қабілеті беріледі – бұл қабілет оның дамуы үшін тиісті жағдайларда қасиеттердің жасалуын қамтамасыз етеді, бұл тұлғаны тәуелсіз тұлға ретінде сипаттайды.әлеуметтік болмыстың жалпы құрылымынан кетпейтін тұлға.

Сауалнамаларда музейдегі сабақтар студенттерге материалдық тарихқа қол тигізіп қана қоймай, сонымен қатар отан соғысы дәуірінің рухына енуге, майдан шебімен бөлінген біртұтас халықтың драмасын сезінуге мүмкіндік бергені, бірақ "мұны ешқандай дәрістер, жарияланымдар немесе фильмдер алмастыра алмайтыны" атап өтілді. Мұражай экспозициясының арқасында студенттер ел тарихын терең ғана емес, эмоционалды түрде де түсінуге мүмкіндік алады, дейді мұражай сабақтарына қатысушылардың өздері. "Тарихты өздері арқылы өткізіп" түсінеді дейді пән оқытушылары. Мемориалдық-тарихи мұражайдан басқа, Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушылары білімгерлерді университет мұражайымен де таныстырып өтеді. Университеттің барлық факультеттерінің студенттері "Тарих" пәні бойынша мұражайға барады. Мұражайдағы сабақтар жақсы дәстүрге айналды. Мұражай экспозициясы қазіргі уақытқа дейін университеттің қалыптасуы мен дамуы туралы баяндайды. Бұл мұражайға бару, авторлардың пікірінше, университет студенттерінің туған тарихымен танысу міндетін ғана емес, сонымен бірге оның дамуын ел тарихымен байланыстырады. Индустрияландыру кезеңінде жоғары оқу орнының қалыптасу тарихының кезеңі мен экспозициясына әрине студенттер мен оқытушылардың ерекше назар аударылды. Осы мысалдардан студенттер өздерін біздің еліміздің тарихында, өз университетінің даңқты

дәстүрлерін жалғастырушы ретінде көре алады, ата-баба еңбегінің мұрасына қатыстылығын және осы мұраны сақтау жауапкершілігін сезіне алады.

Мұражай қоғамға әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесе ала ма? Бұл мәселе бойынша американдық мұражай ғалымдары өткен ғасырдың 60-шы жылдарының соңында ойластырылған. М. Кэрролл былай деп жазды: "мұражай әлемге ашық терезе болуы мүмкін. Ол жаһандық проблемаларды шеше алмайды, бірақ жақын жерде тұратындардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға алады". Оның отандасы А. Рипли бұл ойды қолдады: "дағдарыс кезеңінде, біздің қалалар кедейлікке ұшыраған кезде, дамуға жауапты адамдардың есептеулері ерекше көрінетін кезде, мұражайлар адамдардың өміріне белсенді араласуға, оларға мұқтаж адамдармен байланыс орнатуға міндетті" [Каулен М.Е. 2005:358]. Отандық мұражайлардың ең жақсы тәжірибесі әр түрлі профильдегі соның ішінде тарихи, ұлттық және облыстық, аудандық және қоғамдық, мемлекеттік және пайда болған жеке мұражайлар студенттерді мұражайға тарту және оны мұражай өміріне белсенді қосу мақсатында бағдарламалар, жобалар әзірлейтінін көрсетеді [Каулен М.Е. 2005:466]. Алайда, жалпы алғанда, мұражайлардың мәдени-тарихи өрісі студент жастарға тиімдірек берілуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, тарихты оқытуда жалпы аймақ тарихына арналған мұражайлардың немесе өлкенің белгілі бір даму кезеңіндегі ғана емес, сонымен қатар ведомстволық мұражайлардың (зауыт, университет және т.б.) әлеуетін пайдалануға болады. Мысалы, зауыт мұражайларының экспозициясымен танысу техникалық университеттердің студенттері үшін пайдалы. Мұндай экскурсия өз кәсібін елдің батырлық өткенінде көруге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кукеева, М.К. Музейтану [Мәтін] : Оқу құралы / М.К. Кукеева, С.Т. Мұсаева, А.Ә. Қабыл. - Алматы : Эверо, 2017
2. Лихачев, Д. С. Русская культура / Д. С. Лихачев. – М., 2000.
3. Артемов, Е. Г. Музей и общество: пора интерактивного диалога / Е. Г. Артемов // Политическая история России. Теория и музейная практика: сб. научных трудов. – СПб., 2002. – Вып. III. – С. 6–15.
4. Музейное дело России / под ред. М. Е. Каулен, И. М. Косовой, А. А. Сундиевой. – М., 2005.
5. Петровская, Н. А. Новые формы социальной деятельности музея / Н. А. Петровская // Политическая история России. Теория и музейная практика: сб. научных трудов. – СПб., 2002. – Вып. III. – С. 26–38.
6. Равикович, Д. А. Социальные функции и типология музеев / Д. А. Равикович // Музееведение. Вопросы теории и методики. – М., 1987. – С. 11–19.

ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

РЫМЖАНОВА АЙНҰР ЕРЖАНҚЫЗЫ

тарих пәні мұғалімі

ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі

Талдықорған қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада мұғалімнің өз тәжірибесін зерттеу арқылы оқушылардың тарих пәнін оқытуда зерттеушілік дағдыларын дамыту мақсатында жүргізілген зерттеу жұмысы қарастырылады. Зерттеу тізбектелген сабақтардың 5-ші сабағына рефлексия жүргізу арқылы ұсынылған. Мұғалімнің сабақта жоспарланған және қолданылған педагогикалық әдіс-тәсілдер мен стратегиялардың тиімділігі мен жүзеге асырылу жолдарына талдау жүргізе отырып, нәтижесін бағалауы көрініс табады.

Аннотация. В статье рассматривается исследовательская работа, проводимая с целью развития исследовательских навыков учащихся в преподавании истории путем изучения собственного опыта учителя. Исследование представлено путем проведения рефлексии на 5-м уроке цикла уроков. Он отражает оценку учителем результатов, анализируя эффективность и способы реализации запланированных и используемых на уроке педагогических методов и стратегий.

Зерттеу мақсаты: «Қазақстан тарихы» пәнінің бағдарламасы бойынша оқушылардың әртүрлі деректердегі мәліметтерді талдау, жүйелеу, қазіргі кездегі ақпарат деректерінің негізінде дәйекті қорытынды шығару, нақты сұрақтарға сәйкес деректерді таңдау және бағалау, жоба жасау дағдыларын оқыту үрдісінде дамыту және оны мұғалім рефлексиясы арқылы нәтижесін қорытындылау.

Тәжірибені зерттеуде бірнеше тізбектелген сабақтар жоспарланды, нысан ретінде 10А сыныбы таңдалып алынды. Себебі аталған сынып оқушыларының, өздерінің зерттеулері, сыни ойлауы мен коммуникативтік дағдыларын көрсетуде, жоба құрастыруда қиналатыны анықталды. Негізгі мәселені анықтауда қиналамын деп 42 %, түрлі дерек көзден тұжырым жасау қиын деп 36%, жоба жасауда скаффолдинг керек деп 65% оқушылар алынған сауалнаманың нәтижесінде көрсетті. Мұғалімнің кәсіби

даму мақсаты «Жобалап оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту» болғандықтан және жоба жасау 11-12-сыныптағы NIS- Program бойынша басты мақсаттардың бірі болуына қарай, оқушыларда тарихи ойлаудың дағдыларын дамыту, тарихи деректерді талдау, зерттеу, өзіндік баға беру мен жоба жасауды үйрету өзекті болды. Сәйкесінше зерттеу сұрағы: «Жобалап оқыту технологиясы бойынша 10А сынып оқушыларында зерттеушілік дағдыны қалай дамытуға болады?» деп қойылды. Зерттеу мақсаты, оқушылардың жоба жасау арқылы зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етуші оқыту стратегияларын анықтау. Болжам, егер, SWOT, STEPLE, PEST, Форсайт талдау, GROW әдісі, GREAT формуласы, инфографика құрастыру стратегияларымен жұмыс жасап үйренсе, оқушылар нәтижеге жете алар еді. Осыған орай күтілетін нәтиже: барлық оқушылардың тарихи ойлау дағдылары дамиды, тарихи деректерді талдайды, зерттейді, өзіндік баға береді және жоба жасау жолын үйренеді.

«Астананы көшіру неліктен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?» деген тақырыпқа өткен сабаққа рефлексия жасалды, бұл реттегі 5-ші сабақ болды. 5-ші тақырыптың оқу мақсаты: «10.3.1.11 Астананы Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде бағалау» деп берілген үлкен мақсат болды. Осыған орай қойылған сабақтың мақсатында, оқушылардың академиялық білімге негізделген тарихи деректерді бағалап, талдай білу дағдыларын дамыту және өзіндік модель - «жол картасын» жасауды ұйымдастыру жоспарланды. Тәрбиелік мақсатқа патриотизм, ұлттық сана-сезім, төзімділік, бостандық құндылықтарын дамыту көзделді. Сабақта күтілетін нәтижеге қол жеткізу, «іздеу», «жеке тұлғаға бағыттау», коммуникациялық әдістер арқылы жүзеге асырылатыны қарастырылды, себебі оқушылар бірнеше ресурстардан негізгі мәселені анықтап талдайды, ал бір топ болашаққа болжам жасап, жоба ұсынады. Әлем тарихында астаналарын ауыстырған бірнеше мемлекеттер бар, солардың тарихына шолу арқылы дүниежүзі тарихымен, ал Астана (Нұр-Сұлтан) қаласының экономикалық, географиялық факторларын зерттеуде география мен экономика пәнімен байланыс орнатылатыны көзделді. Пән мұғалімдерімен көлденең кездесу барысында 10-сынып география бағдарламасында, ҚР индустриалды-инновациялық бағдарламасы, стратегиялары қарастырылатыны анықталды, сондықтан сабақты жоспарлауда осы пәнмен байланыстыру оқушылар үшін нәтижеге жетуге көмек болады деп тұжырымдалды.

Күтілетін нәтижеге жетуде ұсынылған ресурстардың әр оқушының деңгейіне, қабылдау түйсігіне сәйкес келуіне мән берілді. Ол үшін сыныптағы 18 оқушыны үш-үштен 6 шағын топтарға бөліп, 3 түрлі тапсырма, 6 түрлі дереккөз бердік. Себебі бірнеше дереккөзден керек ақпаратты іздеп жинау зерттеу дағдыларын дамытса, шағын топта жұмыс жасау, нәтиже жетуге көмектеседі. Бірінші ресурсты («Қазақстан тарихы» хрестоматиясынан алынған түпдеректер) зерттей келе оқушылар тарихи деректі талдайды, ал екінші ресурс («Елорданы Астанаға көшіру тарихи шешіміне - 20 жыл» мақаласы) оқиғаға сын тұрғысынан баға беруге мүмкіндік береді, үшінші және 4-ші ресурс (Н.Назарбаевтың «Еуразия кіндігінде» кітабынан үзінді және Akorda.kz ресми сайты материалы) ақпарат деректерінің негізінде дәйекті қорытынды шығаруға үйретсе, 5-6-ресурстардан (Б.Ғ.Аяған авторлығындағы «Қазақстан тарихы» оқулығы және E-history порталы ресурсы) өзгерістер мен сабақтастықты табады деп жоспарланды.

Ұсынылған ресурстармен жұмыс жасай келе оқу мақсатына жету үшін, STEPLE, PEST, Форсайт талдау стратегиялары ұсынылды. Себебі осы стратегияларды қолдану барысында оқушылар тарихи оқиғаға әсер етуші факторларды анықтай алады (STEPLE) және әсер ететін аспектілерді зерттеп біледі (PEST), болашаққа болжам жасап (Форсайт талдауы), Астана қаласының болашағына өзіндік даму картасын ұсынады. Тапсырмалар шағын топтарда орындауға жоспарланғандықтан, топ ішілік бағалау парағы және өзін-өзі бағалау парақтарын беріп, мұғалім тарапынан қадағалау мен критерийлер бойынша оқушыларға өздерінің даму аймақтарында жұмыс істеуде қалай жылжу керек екені туралы терең рефлексия беру көзделді. Тапсырма дескрипторларын оқушылармен бірге құрастыру жоспарланып, мүмкін болар жауаптарды мұғалім өзіне түртіп қояды. Алайда бұл тұрпаттағы тапсырмаларды сапалы орындау үшін дағды қалыптасу керектігі белгілі, сондықтан да осы сабақта шағын топтарда жұмыс жасатуды жоспарлау тиімдірек болады деген қорытынды дұрыс болды. Сондықтан 1-2 топқа STEPLE стратегиясын ұсынылды, себебі Г.Резапкинің ойлау түрі диагностикасына сүйеніп жасалған зерттеу бойынша, «заттық-әрекеттік» және «сөз сөйлеу-логикалық» ойлау басым оқушылар жинақталды. Бұл әрекет осы топтағыларға ықпал етуші факторларды жылдам тауып, өз тұжырымдарын дұрыс ұсына білулеріне көмектеседі. Келесі 3-4 топ, PEST талдауын орындайды деп шешілді, себебі бұл топтарға ойлау түрі «абстрактылы-символикалық» жататын оқушылар жинақталды, әрі олар Астананы көшіруге қатысты өзгерістерді дереккөздерінен дұрыс тауып, өз қорытындыларын шығара алатын еді. 5-6 топтарға «көрнекі-бейнелі» және «креативтілік» ойлау түрі басым оқушылар қосылды, өйткені олар болашаққа болжам жасап, жоба құрастыра алатындарын тәжірибе көрсеткен еді. Тәжірибені зерттеу бойынша өткізілген 1-2-3- сабақтардың да мақсаты, оқушылардың жоғары ойлау дағдыларын, зерттеушілік

дағдыларын дамыту болатын. 1-2-ші сабақта сабақтастық пен өзгеріс концептісіне назар аударылып, оқушылар тарихи оқиғаның күшті, әлсіз жақтарын талдай келе, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерді анықтаған еді. Ал 3-ші сабақта Қазақстанның дүние жүзі қауымдастығында алатын орнына баға беруді үйренген болатын. Ол тапсырмаларды жақсы деңгейде орындай алды, дегенмен де 3-ші сабақта мұғалімнің бағыттауы басым болған еді. Осы 5-сабақта зерттеушілік дағдыны дамытуға қатысты алған әдіс-тәсілдер мен стратегиялар күрделендіріліп алынды. Себебі келесі сабақта «Қазақстан – 2050 стратегиясы»: қандай жаңа саяси бағытты белгіледі?» деген тақырып қаралатын болғандықтан, оқушылар мемлекеттің перспективалық жоспары қоғам өміріне қандай өзгерістер әкелуі мүмкін екендігі туралы талдау жасауға тиіс. Сондықтан оқушыларға бүгінгі сабақта алған білімдері мен зерттеу дағдыларының келесі жолы да қажеттігі айқын еді. Қорыта айтқанда жоспарланған оқыту стратегиялары мен бағалау құралдары оқу мақсатына сәйкес және оқушылардың зерттеушілік дағдыларын одан әрі дамытуға таңдалынды.

Жоспардағы іс-әрекеттердің нәтижесіне тоқталсақ, сыныпты 6 шағын топтарға бөліп, әр түрлі ресурстар ұсынылды. Себебі саралап оқыту технологиясы мен жеке-тұлғалық педагогикалық әдісті негізге ала отырып берілген дереккөздер, оқушылардың қызығушылықтарын арттырды және тарихи ойлау дағдыларын дамытты. Дереккөздерді оқып, түсініп болған соң, әр топ STEPLE, PEST, Форсайт талдауын жасады. STEPLE (S - әлеуметтік, T - технологиялық, E - экономикалық, E – қоршаған орта, P - саяси, L - құқықтық, E - этникалық факторлар), талдауын орындаған оқушылар астананы көшіруге ықпал еткен факторларды тауып, оған сәйкесінше дәлелдер келтірді. Бұл стратегияның артықшылығы, сұрақтарға жауап дайын түрінде дереккөзде берілмейді, оқушы дереккөзді толық зерттегеннен кейін барып қана белгілі бір тұжырымға келеді, яғни тарихи зерттеудің нәтижесін талқылайды, дәйектерді дамытады, қорытынды шығарады. Ал PEST (P- саяси, E –экономикалық, S- әлеуметтік, T- технологиялық аспектілері) талдауы астананы көшіру сол кезеңге қандай саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгерістер әкелгенін дәлелдеуден тұрды. Яғни, оқушылар тарихи фактілерді зерттеп, бағалады, әрі тарихи өзгерістер мен сабақтастықты айқындады. Келесі стратегия да жоғары ойлау дағдысын дамытуға бағытталды, бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар ФОРСАЙТ немесе көзделген болашаққа зерттеу жасады. Яғни көзделген болашаққа қол жеткізу үшін бізде не бар, не жоқ, барды қалай ұтымды пайдалануымыз керек, көзделген болашаққа қол жеткізуіміз үшін біздің не істеуіміз керек деген сұрақтарға жауап іздеді. Оқушылар нәтижесінде гипотезаларды ұсынды, жол картасын (өз деңгейлерінде) құрастырды. Аталған стратегияларды тиімді пайдалану арқылы оқушылар ынталанды және зерттеу жұмыстарын жүргізіп, зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқыту жүзеге асты. Стратегиялардың оқу мақсаты («10.3.1.11 Астананы Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде бағалау») мен күтілетін нәтижеге сәйкес келетіні сабақ барысында айқын көрінді, себебі Астананы көшіруге ықпал етуші факторлар мен орын алған өзгерістерді анықтап, талдаулары, оқушылардың белсенділігі мен проблемаларды шешу жолын ұсынулары менің күткен нәтижеме сәйкес келді, яғни зерттеу дағдылары дамыды. Атап айтқанда, сараланған дереккөздерді талдауда оқушылар өз бетінше дәлелдер мен негіздемеден тұратын тарихи дәйектерді тапты, дәлелдеді.

Тәжірибені зерттеу сабағы бойында қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүзеге асырылды. Ол үрдіс әділ, нақты, айқын болды деген сенім туды. Себебі таңдап алынған бағалау әдістері сабақтың оқу мақсаты мен күтілетін нәтижеге сәйкестендірілді. Дескрипторларға сүйене отырып, топтық бағалау жүзеге асты. Мұғалім тарапынан уақытылы кері байланыстың болуы, оқушылардың алға қарай нәтижелі жылжуларына жағдай жасады. Себебі тәжірибені зерттеудегі тізбектелген сабақтарда оқушыға оның әрекеті қалай бағаланады, мақсатқа жету үшін не істеу керектігі туралы нақты қадамдарды көрсетудің маңыздылығына көз жеткен еді. Бағалауда пайдаланған тағы бір әдіс оқушының жеке дамуын зерттеуге арналған «бағалау дөңгелегі». «Бағалау дөңгелегінде» оқушы өзінің жеке дамуын белгілейді, яғни зерттеу сұрақтарын құрастыруға қатыстым, өзекті мәселені анықтай алдым, өз шешімді ұсындым, процесті бағаладым, зерттеу нәтижесін талқыладым, жобаға үлес қостым деген критерийлермен өз әрекетін бағалайды. Бұл оқушының оқу мақсатына жетуіне үлкен септігін тигізеді, себебі оқушы өзін-өзі бағалайды.

Осы сабақта оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерінің дамығанын былай деп түсіндіруге болады:

- оқушылардың белгілі бір тақырыпты зерттеуде алған білімдері жанданды және жаңарды. Мектеп бағдарламасынан тыс материалдар жиынтығымен танысты (әр түрлі ресурстардың берілуі).
- зерттеліп отырған тақырып аясында ойлау қабілеттері дамыды, талдады, өзіндік тұжырым жасады (STEPLE, PEST, Форсайт); материалды таңдап зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында таныстырды (постер, жол картасы, сызба-кесте).

Мұғалімнің өз тәжірибесін зерттеу бойынша төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

- Оқушылардың уәжін төмендетпейтін тың стратегияларды қолдану;

- Бағалау стратегияларын емтихан бағалау схемасымен үйлестіру,
- Жоғары ойлау деңгейдегі сұрақтарды оқушылардың өздеріне құрастырып үйрету;
- Үнемі әріптестермен (мектеп ішінде, желі ішінде) тәжірибе алмасып отыру.

Қорытындылай келе мұғалімнің құзыреттілігі, оның шәкірттерінің сапалы жетістігі мен тәрбиесінде дер едім.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Alberta Teacher Association (2000). Action research Guide. [Ис-әрекеттегі зерттеу бойынша нұсқаулық].
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 2021-2022 оқу жылында білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаухат. Нұр-Сұлтан. 2021ж. - 380 б.
3. Жанбурбаева А.М. (2020). Структура учебно-исследовательской деятельности. Мир науки, культуры, образования, (4) (83), 234-236.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық», НЗМ ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН РЕФОРМАЛАУДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТАРИХЫ

БАЙЖИЕНОВА КЫМБАТ ТЛЕГЕНОВНА

Л.Н. Гумелев атындағы ЕҰУ

*Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты
Астана, Қазақстан*

САЙЛАУБАЙ ЕРЛАН ЕРНАЗАРҰДЫ

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

*«Ел тарихы» ғылыми зерттеу орталығының директоры
Астана, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан денсаулық саласы мен медицинасының 1991-2000 жылдардағы жаңа бетбұрыскезеңі қарастырылады. Жұмыстың құндылығы сол, денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру контекстінде қабылданған бағдарламалар мен жобалар қызметінің негізгі бағыттары талданады. Сондай-ақ автор қолданыстағы кеңестік әдістеменің өзгеруі және жаңаларының айналыс алуына жол ашқан жеке тұлғаларға да тоқталып өтеді. Өтпелі кезеңдегі елдің денсаулық ахуалы, жүйенің қалыптасуын тежейтін себептер де, түрлі теріс статистикалар да сипатталады.

Жасыратыны жоқ, 1991-2000 жылдары қабылданған денсаулық сақтау саласындағы реформаларды жалпы ел көлемінде жүзеге асыру сәтсіз аяқталды. Оған себеп: техникаәдіснамалық дайындықтың жетілмегендігі, нормативтік-құқықтық базаның әлсіздігі және саяси қолдаудың жеткіліксіздігі. Бұл 1991-2000 жылдардағы денсаулық сақтау саласындағы реформалардың көптегенэлементтерінің, әсіресе МСАК саласында, кері шегінуіне әкелді. Бірақ сол кезеңді біржақты негативпен ғана бағалауға болмайды, позитивті де үдерістердің болғанын атап өту керек. Ең бастысы тектоникалық қозғалыс басталды. Саланы бөліп алуқұрылған Денсаулық сақтау істері агенттігі кейінірек Денсаулық сақтау министрлігі болып қайта құрылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бардан айрылып қалмай, бұрынғы жүйелік қателіктермен жұмыс істеу мәселесі күн тәртібінде тұрды. Ал бергі кезеңде батыстық озық үлгілерге назар аударып, модернизация мен реформа жүргізу қажеттілігі білінді. Нарықтық экономиканың күрделі кезеңіндегі денсаулық сақтау институтын зерттеу, осы шақтың аналитикалық талдамасы елдің әлеуметтік-саяси тарихының маңызды жақтарын ашуға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Тірек сөздер. Қазақстан республикасы, тарих, медицина, денсаулық сақтау, медициналық сақтандыру, медицина ғылымдары.

1991 жылдан 1996 жылға дейін денсаулық сақтау саласындағы басқару арнайы министрлік – Денсаулық сақтау министрлігімен жүзеге асырылды. Аталған министрлік өте қиын материалдық жағдайда, толыққанды қаржыландырусыз, медицина кадрларының едәуір бөлігінің шетелдерге кетіп қалуы жағдайында халықты медициналық көмекпен қамтамасыз етуге тырысты. Мұндай жағдайда сапалы медициналық көмек туралы айтудың өзі қиын болатын. Себебі, осы кезең балалар мен ересектердің арасындағы жоғары өлім деңгейімен ерекшеленеді. Сол уақытта денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру саясатының негізіне, оның нарықтық механизмдерге бейімделуі қажеттілігі қағидасы қаланды [1,89-113].

Сол шақта билік тығырықтан шығудың жалғыз жолы деп сала мамандарының бірауыздан


ұйғарымымен медициналық сақтандыруға көшуді ұсынды. Айталық, Т.Шарманов осынау тағдыршешті шешімнің қарсаңында жазылған «Мысли о врачевании и здравоохранении» кітабында «Медициналық қамтамасыз ету өркениетті қоғамдардың әлеуметтік мүддесінің басты элементі болғандықтан, біз қазір қандай денсаулық сақтау жүйесін құрамыз, тәуелсіз елдеріміздің қалыптасу этапындағы халықаралық беделі мен ішкі тұрақтылығы да соған байланысты болады. Ал Қазақстан және өзге де республикалардың денсаулық сақтау салалары үшін ағымдағы мемлекеттік денсаулық қызметтеріне жаңа элементтерді оқыс және ойластырмай енгізу тән. Жалпы, осынау жаңа бағыттар мен идеялар бір ғана мәселені шешуге барып тіреледі: Медициналық қызметке қандай жолмен төлем жасаймыз?» [2, 100] деп сауалдаған болатын.

Ғалымның тұжырымдауынша, жалпы әлемдік практикада төрт негізгі тенденция бар. Тек солардың ең ілкімді де тиімдісін дұрыс таңдау немесе аралас түрлерін комбинациялап қолдана білу керек. Әйтпесе оның салдары ауыр болуы мүмкін.

Олар:

- Денсаулық сақтаудың қолданыстағы бюджеттік қаржыландыруын сақтап қалу;
- Ұлттық медициналық сақтандыруды бюджеттік қаржыландырумен бірге дамытып жасату немесе құр сақтандыруды қалдыру
- Шекті көлемдегі аз санды адамдарды ғана қамтамасыз ететін Жеке медициналық сақтандыруды дамыту
- Жеке медициналық қызмет (ем-дом мен процедуралар үшін дәрігерге немесе медициналық мекемеге науқастың өзі немесе туысқандары төлем жасау).

Тіптен, Т.Шарманов схемалы түрде болашақ сақтандыру моделінің үлгісін схемалы түрде былай деп көретінін де жеткізді (4-сурет) [2, 100]:



4-сурет – Болжамдалған сақтандыру моделі

Бұған сәйкес Медициналық сақтандыру қоры үш көзден – мемлекеттік бюджет, нарықтық құрылымдарға салынатын салық және азаматтардың табыс көлеміне байланысты жеке салымдар есебінен әрекет етуі керек еді. Бұдан өзге де сарапшылар мен бастамашылардың көзқарасы осыған сайды. Сөйтіп жүйелі экономикалық дағдарыс пен бюджет тапшылығы жағдайында егемен Қазақстанның денсаулық сақтау саласында алғашқы лектегі ірі реформасы жүзеге асты. Республикалық бюджеттің айтарлықтай тапшылығын ескере отырып, денсаулық сақтау жүйесін қаржыландырудың қосымша көздерін іздеу қажеттілігі шұғыл шешім талап етті. Осыған байланысты 1995 жылы 15 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің «Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы» заң күші бар Жарлығымен науқастанған немесе жарақаттанған жағдайдан міндетті және ерікті сақтандыру енгізілді, ал 1995 жылғы 29 қыркүйектегі ҚР Үкіметінің Жарлығымен Міндетті медициналық сақтандыру қоры құрылды [3,145].

Бұл туралы «Денсаулық сақтау: Қазақстан элитасы» кітабында «ҚР Президентінің 1995 жылғы 15 маусымдағы «Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы» Жарлығымен денсаулық сақтау жүйесіне міндетті және ерікті сақтандыру енгізілді. Азаматтар ауырған немесе жарақат алған жағдайда сақтандыру бойынша қызмет алады. Міндетті медициналық сақтандыру қоры құрылды. Қор аяқастынан құрылып, оның қызметіне қатысты мәселелер экономикалық тұрғыдан жан-жақты ойластырылып, терең зерттелмегендіктен, халықтың медициналық көмекті бюджеттен және жеке қаражаты есебінен алуы жалғаса берді [4,11] деп жазды.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің реформаларды тереңдету және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі 1994-1995 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 шілдедегі №849 қаулысына сәйкес, сондай-ақ міндетті медициналық сақтандыруды ұйымдасып енгізу мақсатында ҚР Үкіметі құзырлы органдарға Қаулы етті[5,146].

Қазіргі заманғы денсаулық сақтау жүйелерін шартты түрде 3 топқа бөлуге болады:

- негізінен Ұлыбританияда ең көрнекті түрде ұсынылған мемлекеттік (қоғамдық жүйе);
- негізінен Германияда, Францияда барынша толық және нақты ұсынылған сақтандыру жүйесі;
- негізінен АҚШ-тағы Денсаулық сақтау саласына тән жеке жүйе [6,147].

Бұл туралы теоретик ғалым Ю.П. Лисицын «Общественное здоровье и здравоохранение», әріптесі Г.Э. Улумбековамен бірлескен «Общественное здоровье и здравоохранение» оқулықтары мен «История медицины» еңбегінде қадап отырып жазған. Тіптен, медицина ғылымдарының докторы В.Ю. Дудник те «Модели развития системы здравоохранения: мировой опыт (обзор литературы)» мақаласында атап өтеді.

Өз кезегінде еліміз бұлардың ішінде сол шақта Германия мен Франция үлгісіне көбірек назар аударғанымен, отандық денсаулық сақтау басшылығы түптеп келгенде жоғарыдағы Жарлық пен Қаулыға сәйкес оны іске асырудың қиындығын түсінді. Көптеген мемлекеттерде ол шақта да, қазір де аралас жүйелермен әртүрлі ұйымдастырушылық формалар бар және түрлі жолдармен даму. Егемендіктің алғашқы даму контекстінде теория өз алдына, оны әлі іске асыру үдерісінің қиындықтары да бар еді. Мысалы, Қазақстан соның бәрін біле тұра, ағымдағы жағдаятымен санасып, өзінің дамунамалық жағынан көбіне өзара бір-бірін қайталайтын егізі Ресейдегідей міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізуге және бюджеттік-сақтандыру медицинасымен денсаулық сақтаудың қоғамдық моделін құруына қарамастан, қаражаттың көп бөлігін мемлекеттік бюджеттен алуына тура келді. РФ да дәл солай мемлекеттік бюджет пен федерация субъектілерінің ресурстарына жүгінуге мәжбүр болды. Бірақ бұл үшін олардың екеуіне де және өзге ТМД елдеріне өзіндік алғашқы сақтандыру жолынан өту тәжірибесі керек болды. Мұны ұшқары пікір десек те, ғалым Г.Ж Доскееваның «Реформирование и использование ресурсов здравоохранения в условиях перехода к рыночным отношениям (на материалах Республики Казахстан)» диссертациясынан да осыған ұқсас ой тұжырымдарды кездестіруге болады [7,57].

Сонымен, медицина ғылымдарының докторы М.Құлжанов пен шетелдік ғалым Ж.Хилидің «Системы здравоохранения: время перемен» талдамасында жазуынша, тиісті Заң қабылданып, арнайы Қор құрылғасын өз ведомствалық денсаулық сақтау жүйесі бар әскерилерден басқа ел тұрғындарының барлығына бірыңғай ұлттық медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылды. Жұмыс берушілер жалақы қорының 3%-ын (іс жүзінде жалақы қорынасалық) аударды, облыстық атқарушы органдар халықтың әлеуметтік осал топтары (оның ішінде балалар, студенттер, жұмыссыздар мен зейнеткерлер) үшін ММС жарналарын төлеуге мәжбүр болды. Ал өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық өз жарналарын өздері төлеуге мәжбүр болды. ММС жүйесін басқару Алматы қалалық ММСҚ бөлімшесі және 14 облыстық филиал арқылы жүргізілді [8,122].

Енді мұның жалпы маңызы мен талдамасына тоқталсақ.


Жалпы, денсаулық сақтау жүйесін экономикалық жүйенің ажырамас құрамдас бөлігі, денсаулық «өндіретін» алып кәсіпорын деуге болады. Алғашқы онжылдықта салада түбегейлі өзгерістер болды дегенде, зерттеушілердің ММСҚ-ты бірінші тілге тиек ететіні сондықтан. Мамандардың пікірінше, мемлекеттің макроэкономикалық саясаты негізінде саланы дамытуда үш модель қолданылды: бюджеттік, бюджеттік-сақтандыру және жеке медицина. Денсаулық саласының жаңа тарихына көз жүгіртсек, медициналық қызмет көрсету жүйесінің 2010 жылдарға дейін үш кезеңді өткергенін байқауға болады:

1. 1995 жылға дейін кеңестік, яғни қатаң экономикалық саясатпен бюджеттік қаржыландыру үлгісі қолданылды.

2. 1995-1998 жылдар арасы - командалық-әкімшілік жүйеден нарықтыққа өту кезеңі. Бұл жылдары фармацевтика саласын ырықтандыра отырып, бюджеттік-сақтандыру енгізілген.

3. 1998 жылдан бастап бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру негізінде мемлекеттік тапсырысты жүргізу көзделген шоғырландырылған бюджетке оралу байқалады [9,11].

Бұл даму тізбегіне қалай келгенімізді түсіну үшін сол шақтағы нарықтық экономикасы бар дамыған елдердегі денсаулық сақтау жүйесінің құрылымына да бірауық назар аудару керек. Яғни әлемде бар денсаулық сақтауды қаржыландырудың жалпы схемасын қарастырайық. Бұл ретте USAID – Американың Халықаралық даму агенттігінің үлгілік пирамидасы мынадай (5-сурет):



сектор болып табылады. Қазақстан елдіктің алғашқы онжылдығында денсаулық сақтау саласының жоғарыда аталған екі саласы болмаған жағдайда жұмыс істеуге үйреніп қалды. Сондықтан ол кезеңге тән бір белгі – денсаулық сақтау саласының көптеген басшылары бюджеттен көбірек қаржы сұрап, талап ету әдетінен арыла алмады»[10,111].

Ал оның 2 тармағы бар:

I-Сақтандыру нарығы:Міндетті медициналық сақтандыру институты енгізілгеннен кейін кейбір алғашқы буынның денсаулық сақтау мекемелері біршама жеңілдік сезінді. Алайда Міндетті медициналық сақтандыру қоры төрт жыл қызмет еткеннен кейін объективті және субъективті себептермен таратылды. Жеке медициналық сақтандыру компанияларының жүйесі тым төмен деңгейде екені айқындалды. Оған қатысты «Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жалпы сақтандыру жүйесін дамытып жатқаны белгілі. Бұл құжат жеке сақтандыру компанияларының қорына өте қатаң талаптарды көздейді және мұндай жоғары тосқауыл медициналық сақтандырумен айналысатындар үшін төзгісіз болуы мүмкін, ал біз бұл қызметпен айналысатындардан айырылып қалуымыз мүмкін»[111]деген М.Әлиев.

II-Денсаулық сақтаудағы жеке сектор: Жоғарыда айтылғандай, жеке сектор дәрі-дәрмек сатумен, стоматологиялық және кеңес беру қызметтерімен айналысатын компанияларды, сондай-ақ сауықтыру және косметикалық салондарының шағын желісін қамтиды. Сонымен қатар М.Әлиев айтпақшы, толығымен бақылауға алынбаған әртүрлі емшілердің, фитотерапевтердің, биоэнергетиктердің желісі бар, олардың науқастарды тонап, ауруларды асқындырғаннан басқа бітіретіні жоқ, олардың емінен кейін науқастар қосымша сырқат тауып, мемлекетке де, өзіне де салмақ салады. Ал ақылы стационарлық көмекті негізінен мемлекеттік кәсіпорындар көрсетеді [11,124].

Қазандық тарихшы Г.Ф.Галинаның «Становление национальной системы здравоохранения Республики Казахстан в 1990-е годы» атты диссертациясында да осыны қостай отырып былай деп жазады: «Қазақстанның әлеуметтік саясаты жағдайды жақсартуға ұмтыла отырып, денсаулық сақтаудың әлемдік үлгілерін кезең-кезеңімен енгізу және пайдалану арқылы саланың қызметін өзгертуге алғышарттар жасады – мемлекеттік (1991-1994 ж.), бюджеттік-сақтандыру (1995-1998 ж.), бағдарламалық бюджеттік қаржыландыру моделі (1998-2000 ж.)»[12,32]. Яғни қазандық ғалым бұл жерде аталып өткен моделдерді басқаша формада 2 жыл қосып, тағы да қайталап отыр.

Олардың қандай сипаттамаға ие екендігін айқындау үшін әр кезеңге тиесілі моделді жекелей талдайық: Бірінші модель «өтпелі» модель ретінде сипатталады. Өйткені тозған жүйе өзін бірден жаңа нарықтық қызмет механизмінде қайта құра алмады. ҚР Статистика агенттігінің дерегіне сүйенсек, экономикалық құлдырау денсаулық сақтау саласындағы ЖІӨ-нің төмендеуімен бірге 1990 жылдан 1992 жылға дейін шығындардың 60%-ға қысқаруына әкелді. Ал 1991-1995 жылдар аралығында бұл көрсеткіш 2,9%-дан аспады. Бұл ретте ДДҰ ұсыныстары бойынша ол кемінде 5% болуы керек екенін айта кету керек [13,148].

Бірақ 90-жылдардың ортасынан бастап денсаулық сақтау жүйесі бюджеттік-сақтандыру үлгісін енгізу арқылы жас мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыттарының біріне айналды (1995-1998 жж.). Осылайша, 1995 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданғаннан кейін және 1996 жылдан бастап республика бойынша міндетті медициналық сақтандыру енгізілгеннен кейін саланы қаржыландыру, басқару және ұйымдастыруда құрылымдық өзгерістер басталады. Денсаулық сақтау жүйесіндегі жағдайды жақсарту үшін мемлекеттік бюджеттен басқа медициналық қорға қосымша қаражат тартыла бастады[14,32].

Әкелі-балалы Біртановтардың «Алматы медицинасының тарихы» кітабында мұның ұзын-ырғасын былайша тарқатады:

«1919 жылдан Верный ауруханасында ақылы емделетіндер мен сақтандырылғандарға арналған корпус жұмыс істеді. Кеңес үкіметінің қалыптасу жылдарында сақтандыру медицинасы мен ақылы емделу кең құлаш жая алмады. Халықтың тақыр кедейленіп, бүкіл елде кеңінен тарауына байланысты БОАК шешімімен жалпыға бірдей тегін медициналық көмек енгізілді. Сақтандыру медицинасы 70 жылдан кейін өзгеріске ұшыраған соң, жаңа үлгіге лайықтанып әрі республика денсаулық сақтау саласындағы дағдарысқа орай сол корпусстарға, яғни сол бөлімдерге көп салалы жекеменшік түрлерінің дамуымен бірге сақтандыру медицинасы қайтадан енгізілуде»[15,13].

Сонымен, олардың хронологиясына, ҚР Президенті Жарлығын (15.06.1995 ж.), «Азаматтарды медициналық сақтандыру» № 2329 күші бар заңын (29.09.1995 ж.), ҚР Үкіметінде «Міндетті медициналық сақтандыру Қорын құру туралы» N1295 заңын (22.12.1995 ж.), «Азаматтарды ММС енгізу туралы» №1845 (28.03. 1996 ж.), «Азаматтарды ММС қаржыландыру туралы» N399 ҚР Үкіметінің Қаулыларымен (26.02.1996 ж.) ҚР ДМ №92 және (07.02.1997 ж.) №45 бұйрықтарымен дайындық жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, құжаттарды дайындау (келісім, жарғы лицензиялар) көрсетілетін

медициналық қызметтің өзіндік құнының есебі. Міндетті медициналық сақтандыруды енгізу мен принциптеріне байланысты аурухана ұжымдарын таныстырып, түсіндіруге көп жұмыстар жүргізілді.

Осыған орай алғашқы кезеңде мынандай негізгі міндеттерді шешіп алу жоспарланды:

- Денсаулық сақтау салаларына қосымша бюджеттен тыс қаржыны тартып, бюджетке қысым көрсетуді азайту.

- ММС базалық, бағдарламалық негізінде медициналық қызметте Республика азаматтарының нақтылы әлеуметтік кепілдік алуы.

- Медициналық қызметте нарық бәсекелестігі жүйесін сан тармақты ету.

- Медицина қызметкерлері өз еңбектерінің соңғы нәтижесін көру үшін ынталандыруға негіз бен жағдай жасау.

Ең бастысы, бюджеттегі сақтандыру медициналық таңдап алынған нұсқасы, жұмыс бөлімі мен бюджет (әлеуметтік көмек түрінде) емдеу-сауықтыру мекемелерінің осы қызметті орындаушыларға көрсететін медициналық қызметін жабады деп күтілді. Бірінші кезеңде сақтандырушылармен шартқа отыру және қаржы жинау ең маңызды шаруа болды.

Әкелі-балалы Біртановтар бұған қатысты «Қазақстанда ММС-ды кіргізудің алғашқы қадамы көптеген түйінді мәселерді шешуді шағын экономикалық байланыстың бұзылуы, көптеген кәсіпорындардың тоқтап қалуы, олармен есеп айырыспау ММС-ға қатысушылардың міндеті ақша аударуға жақсы құқықтық базасының жоқтығынан, оған барлық Қазақстан тұрғындары міндетті, ММС қорына ақшалай толық қаржы түспейді»[13] деп 1999 жылға қарай талдама берді.

ҚР Ұлттық мұрағаты деректемесіне сүйенсек, міндетті медициналық сақтандыру қоры әрекет еткен 1996-1998 жылдар аралығында ауыр бюджет тапшылығы жағдайында салаға 24,5 млрд теңге, оның ішінде 1996 жылы – 5,8 млрд теңге, 1997 жылы – 9,8 млрд теңге, 1998 жылы – 8,9 млрд теңге тартылды[16,149].

1996-1998 жылдардағы күрделі бюджет тапшылығы жағдайында жұмыс берушілердің Міндетті медициналық сақтандыру қорына аударған сақтандыру төлемдері медициналық көмекті қаржыландырудың қосымша көзіне айналды. Үш жыл ішінде денсаулық сақтау саласына 24,5 млрд теңге тартылды [17,150].

Міндетті медициналық сақтандыруды енгізу кезеңінде «1995 жылы денсаулық сақтау қажеттіліктеріне республикалық бюджеттен 33 млрд. теңге бөлінді, оның 26 млрд. теңгесі игерілді, 1996 жылы бюджет 39 млрд. теңгені құрады, оның 12 млрд. теңгесі ММСҚ-ға бағыттталып, ал мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға 27 млрд. теңге жұмсалуды тиіс болды»[18,32].

Оның мақсаттары мен міндеттерін тиімді жүзеге асыру үшін мемлекеттік, облыстық және жергілікті деңгейде басқа министрліктермен және ведомствалармен бірлесіп нақты іс-шаралар жоспарлары әзірленді. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамытуға, туберкулездің және басқа да әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу мен күресуге, сондай-ақ денсаулық сақтауды қаржыландыру, ұйымдастыру, басқаруды жетілдіруге байланысты халықтың денсаулығын қорғаудың аса маңызды шараларына басымдық берілді. Тиісті материалдық-техникалық қамтамасыз ету, СЭС қызметін күшейту, медициналық білім мен ғылымды дамытумен қатар, ана мен баланы қорғауға, әлеуметтік маңызы бар аурулармен күресуге назар аударылды.

Салааралық ынтымақтастық және халықтың тікелей қатысуымен барлық деңгейдегі басқару органдарын үйлестіру негізінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-бағдарланған саясатының негізгі міндеттерінің бірі ретінде бағдарламаны мақсатты түрде жүзеге асыру денсаулық сақтау жүйесіндегі келеңсіз факторлардың жолын кесуі тиіс еді, сондай-ақ таяу жылдарда халықтың денсаулық жағдайын жақсарту, демографиялық жағдайды өзгерту, Қазақстан халқының рухани және физикалық жаңғыруымен қатар генофондты сақтау шараларын жандандыруы тиіс еді [19,32].

Нарықтық қатынастарға бейімделу және денсаулық сақтауды одан әрі реформалау үдерісі бағдарламалық-бюджеттік қаржыландырудың келесі үлгісінде көрініс тапты. Осылайша, 1998 жылдан бастап медицина саласын мемлекеттік қаржыландыруды ұлғайту тенденциясы байқалды, денсаулық сақтаудың құрылымдық элементтері кадрлық саясат пен тиімді басқаруды жетілдірумен, білікті медициналық кадрларды даярлаумен және медициналық көмекті жақсартумен ерекшеленеді, адам денсаулығына және оны қоршаған ортаға құндылық ретінде қарап, әлеуметке бағдарланған көзқарас белең ала бастайды.

Г.Ф.Галина шебер тұжырымдағандай, аталмыш модельдер аясында жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде денсаулық сақтау саласында оң өзгерістер пайда болды. Атап айтсақ: басқаруды орталықсыздандыру, көп арналы қаржыландыру, медициналық сақтандыру принциптерін пайдалану, келісім-шарттық қатынастарды және жеке секторды дамыту, өзара есеп айырысуларды енгізу, құқықтық

және ақпараттық жүйелерді нығайту, медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін арттыру үшін ынталандыруды енгізу.

Бұл жерде ММСҚ туралы да арнайы айта кетелік.

Теориялық деңгейде Қор жұмысында сапалы медициналық көмек алуды сақтандырылғандардың құқығын қорғауды қамтамасыз етуге ерекше орын бөлінді.

Әкелі-балалы Біртановтар «Қазақстан тарихында тұңғыш 1997 жылғы денсаулық сақтауда Республика бюджетін қалыптастыруда біз бір тұрғынға нақтылы қаржы бөлдік. Биылғы жылы (1999 жыл) еліміздің бір тұрғынына 3665 теңге бөлінеді»[20, 13] деді.

Бұдан бөлек олар осы іске тікелей қатыстылықтарын танытып «1996 жылдың 1 сәуірінен Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы ҚР Президентінің Жарлығы күшіне енгеннен бастап ММС базалық бағдарламасы аумағында медициналық көмек көрсететін ауруханалар мен қалалық міндетті медициналық қорына өзара есеп айырысатын жүйе енгіздік. Осыған байланысты ММСҚ ҚО №4, 9, 10 және 14 рестрлар бойынша ай сайын есеп беріп отырдық. Медициналық қызмет пен медициналық көмектің ауқымына қарай келісілген тарифтар негізінде жұмыс істемейтін тұрғындарға ақы төлеу мөлшері көрсетіліп, белгілі тәртіп бойынша денсаулық сақтау басқармасына беріледі. Қаржыландыру Қор бөлімінен жүргізілген келісім-шарт негізінде медициналық қызметке тарифтер бойынша төленеді. Стационарлық мекемелерге ақы төлеп емделген аурулардың орташа ақысы есепке алынады. Үкімет пен ММС қорының ереже белгілейтін актілері дер кезінде зерттелуде және өмірге енгізілуде» [21, 13] деп жәнәден ой түйеді.

Мәлімет үшін келтіре кетейік: Алғашқы қордың директоры 1996 жылы Т.Т. Иманбаев, онан соң 1998 жылы Ә.М. Абдрахманов екеуі де экономистер еді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №737 1998 жылғы 4 тамыз дағы Қаулысы бойынша Міндетті сақтандыру қоры (№1295) Үкімет жанынан еме,с «Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі жанында» деп ауыстырылды.

Қазақстанның 1998 жылғы заңына сәйкес 1999 жылдың қаңтарынан Республикалық міндетті медициналық сақтандыру қоры жабылып, оның орнына медицина қызметінің ақысын төлеу орталығы болып қайта құрылды. Басшысы ретінде Л.Қ. Тарасова бекітілді. Ол бұрын Жезқазған облысында жұмыс атқарған еді. Қалалық орталықтың директоры В.П. Маджуга болды [22,13]. Яғни шетелдік талдамашылар – А. Қацага тобы атап өтпекші, денсаулық сақтауды бюджеттік қаржыландыру Қазақстанда 1999 жылы міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу сәтсіз әрекетінен кейін қайта енгізілді [23. 77].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
- 2 Тарих. Sozdikqor.kz порталы. Қолжетімділік режимі: <https://sozdikqor.kz/soz?id=444808&a=TARIH> 2023 Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы тарапынан әзірленді
- 3 Әлиев М., Әбдіраман Ә., Рахимов Қ. Медицина тарихына қатысты маңызды деректер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 608, б.
- 4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. /Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
- 5 Симонян Р. З. История медицины: с древнейших времен до современности: учебное пособие для студентов лечебных факультетов образовательных организаций высшего образования / Р. З. Симонян. – Чебоксары: Издательский дом «Среда», 2020. – 224 с.
- 6 История медицины как науки, ее цели и задачи. Медицинский университетский центр Сорока. Қолжетімділік режимі: <https://www.soroka-hospital.com/>
- 7 Аканов А., Мейманалиев Т. Энциклопедия мирового здравоохранения. Ч. 2. Страны Америки и Африки: энциклопедия: Алматы: Эверо, 2015. 310 с.
- 8 Жаңа бағдарлама, жаңа мүмкіндіктер. Гүлзейнеп Сәдірқызы, «Егемен Қазақстан» газеті. Мерзімі: 09.09.2015.
- 9 Новая программа – новые возможности. Н.Валуйская. Газета «Казахстанская правда». Режим доступа: <https://kazpravda.kz/fresh/view/novaya-programma--novie-vozmozhnosti/>
- 10 Этапы развития медицины. Қолжетімділік режимі: <https://medobr.com/news/etapy-razvitiya-meditsiny/>
- 11 Денсаулық сақтау: Қазақстан элитасы: суретті кітап /- Алматы: Тау Қайнар, 2006. – 388 б., фотосурет.
- 12 Мұхтар Әлиев. Үш томдық жинақ. – Алматы, 2003. Т. 1. Таңдамалы баяндамалар. – 336 бет..
- 13 Біртанов А., Біртанов Е. Алматы медицинасының тарихы: (Қалалық жедел жәрдем клиникалық ауруханасы - ҚЖЖКА) / – Алматы: Санат, 1999. – 253.
- 14 Ашимбаев Д.Р. Кто есть кто в Казахстане: Биографическая энциклопедия. – Изд. 8-е, доп. – Алматы: ИД «Credo», 2005. – 680 с.
- 15 Ашимбаев Д.Р. Кто есть кто в Казахстане: Биографическая энциклопедия. – Изд. 9-е, доп. – Алматы: ИД «Credo», 2006. – 832 с.
- 16 Ашимбаев Д.Р. Кто есть кто в Казахстане: Биографическая энциклопедия. Изд. 10-е, доп. – Алматы, 2008. – 940 с.
- 17 Ашимбаев Д., Хлюпин В. Казахстан: история власти. Опыт реконструкции. – Алматы: Credos, 2008. – 920 с.
- 18 Қазақстан Республикасының қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы профилактиканың қалыптасуы және дамуы: Мед. ғылым. д-ры ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. авторефераты 14.00.33 - қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау / Нұрмұханбетова, Рашида Нұрмұханбетқызы ... – Алматы: 2010. - 46 б.

- 19 Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы (90 сұрақ және жауап), Астана: Алтын кітап, 2010 -160 б.
- 20 Афанасьев В.А. Научное управление обществом. – М., 1973, с 42..
- 21 Ю.П. Лисицын, Г.Э. Улумбекова. Общественное здоровье и здравоохранение. Учебник. 3-е издание, переработанное и дополненное. Москва. Издательская группа «ГЭОТАР-Медиа». 2013
- 22 Популярная медицинская энциклопедия. М., 1979, 225 с.
- 23 Жузжанов О.Т. Реформа здравоохранения Республики Казахстан в рыночных условиях. Оренбург, 1992.
- 24 Утибаева Г. Административно-правовые аспекты управления здравоохранением в Республике Казахстан: Монография. – Алматы, «Санат», 1998 – 112 стр.
- 25 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
- 26 Шарманов Т.Ш. Алматы әлемдік денсаулық сақтау кеңістігінде. – Алматы, – 2008. 176 б.
- 27 Большая Медицинская Энциклопедия (БМЭ), под редакцией Петровского Б.В., 3-е издание. Издательство «Советская энциклопедия». Год издания: 1974-1989. 15912 стр.
- 28 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайты. Қолжетімділік режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/about?lang=kk>
- 29 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысы. Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000071>
- 30 Право социального обеспечения в СССР. (Под ред. Андреева В. С.) М.; 1974, 279 стр.
- 31 Исаев Д.С., Каусова Г.К., Тажиев Е.Б. Сводный регистр ключевых понятий общественного здоровья и здравоохранения. (учебно-справочное пособие) – Алматы, 2001. – 136 с.
- 32 Галина, Г. Ф. Становление национальной системы здравоохранения Республики Казахстан в 1990-е годы: автореферат дис. ... кандидата исторических наук: 07.00.03 / Галина Галия Фанильевна; Место защиты: Казанский (Приволжский) федеральный университет. - Казань, 2021.
- 33 Мартюшов Л. Н. Методы исторического исследования: учебно-методическое пособие / Л. Н. Мартюшов, И. Л. Бахтина; Урал. гос. пед. ун-т, Истор. фак., Каф. Отечеств. истории, теории и методики обучения истории. – Екатеринбург: б. и., 2016. – 86 с.
- 34 Шамахай С. Құпия шежіре мәдени-философиялық талдау. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D020100-Философия. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: 2020. – 147 б.
- 35 Гребеничиков В.О. Здравоохранение и медицина в дореволюционном Казахстане. Библиограф. Указатель литературы (1731-1917 гг.). – Алма-Ата, 1960. – 289 с.
- 36 Исаев Г.П. Вопросы истории медицины и здравоохранения в медицинской периодической печати Казахстана// Библиограф. указатель литературы (1933-1956 гг.). – Алма-Ата, 1956. – 221 с.
- 37 Рабинович М.С. Из истории Омского военного госпиталя// Изв. Омского отделения географического общества СССР. – Омск, 1960. – Вып.3 (10). – С.37-43.
- 38 Лашков К. Омские врачи конца XIX века // Прицтышье мое. – Омск, 1990. – Кн.2. – С. 99-105.
- 39 Субханбердин С.Х. Лекарственная помощь и история развития аптечного дела в Казахстане. – Алма-Ата, 1965. – 119 с.
- 40 Чокин А.Р. Очерки развития санитарно-эпидемиологической службы в Казахстане. – Алма-Ата: Казахстан, 1975. – 248 с.;
- 41 Чокин А.Р. Они были первыми // Здравоохранение Казахстана. –1987. – № 6. – С.10-71.

ХРИСТИАНДЫҚТЫҢ АНТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

МАМЫРБАЕВ ДИДАР ЖЕТПІСҰЛЫ

*Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университетінің
I курс доктаранты
Алматы, Қазақстан*

Христиан тарихының алғашқы кезеңі өте қайғылы және азапты болды, осы тұста христиандар сенімдерін жасырын ұстанды, дін баяу дамыды һәм бағыттар пайдаболабастады. Христиандықтың Рим империясы мен еврей дінбасылармен қуғындалуы себепті дін доктринасын бастапқыда қабылдай алмады, догмаларды Иса пайғамбар хатқа жазып қалдырмағансол себептіде кейінгі діни топтар бағыттарға айнала бастады. Екінші себеп антикалық монотеистік христиандыққа апостл Павелкі құдайлық (Өке Құдай мен Ұл Құдай)идеясын әкелген. Ғалымдар тарих кітаптарын ақтарумен, жиырма ғасыр уақыттың ішіндегі христиан дінінің бағыттарын көрсетуге тырысты. Христиандықты обективті зерттейтін ғалымдар: «Христиан дінінің зерттеушілері және басқа дін ғалымдары, күніміздегі Христиандық ақиқат христиандықтан Павел арқылы өзгертілген. Шығыстың полетеистік діндері мен философиялық ойларын Христиандыққа сіңіріп дінді политеистік бағытқа айландырды», - деген [3, 54-6.].

Алғашқы уақыттарда әртүрлі қауымдарда әр түрлі евангелиялар, жеке тұлғалар туралы еңбектер пайда бола бастады. Сонымен қатар топтардың атымен аталатын евангелиялар нұсқалары пайда болды.

Дінтану негіздері атты еңбекте «Сол уақыттарда белгілі болған жазулар: Петр, Андрей, Варфоломей, Лука, Иоанн евангелиялары, аталған Матввейден келген евангелиялардың әртүрлі нұсқалары болған. Сондай-ақ топтардың атауымен аталатын, сол топтарда қадір тұтылған евангелиялар да, мысалы назорейлер, эбиониттер, еврейлер евангелиялары да пайда болды. Бұдан басқа Петр Апокалипсисі, Павелдың лаодикейліктерге, александриялықтарға арналған хабарлары, оның Сенекамен алысқан хаттары, Петр уағыздары, 12 апостлдар ілімі «Дидахе», Герма «Пастрі» сияқты аян алу жанырына жататын кітаптарда кездеседі»[2, 132-б.]—делінген. Діннің бір орталықтан басқарылмауынан Христиандық күйреуге беталған. Христиан дінінің алғашқы бағыттары, сенімге және діни үкімдерге байланысты бөлінген. Олар: сенімге байланысты бөлінген топтар Иудеохристиандар, Ариандар, Несторияндар (бұл топтар Құдайды жалғыз деумен қатар Исаны адам деп, құдайлығын мойындамағандар) Монофиситтер. Философиялық және діни құқықтық бағыттар Гностиктер. Авелиттер, Пелагиандар, Богомилдар.

Иудеохристиандар: Христиан тарихында ең алғаш бөлініп шыққан топ. Бұл топ яхудиердің дінін толық мойындаумен қатар, Исаның жаңадан әкелген дінін толықтай қабылдағандар болатын. Христиан діні алғашында иудайизмнің бір сектасы сияқты пайда болған, сондықтан да алғашқы сенушілерінің көбі еврейлер болды. Антикалық христиан тарихында, көпқұдайшылдардың бірі христиан дінін қабылдағысы келсе, алдымен Мұсаның Тауратына иман келтіріп, бұйырған рәсімдерін атқару керек болған. Сонда дінді қабылдаушы иудайизмді толығымен қабылдап барып, христиандықты қабылдайтын болған. Ибраһим діндерінің жолын ұстаған бұл ағымның жаулары, көпқұдайшылдықтан құралған, христиан дінінің бір бағыты неофиттер көбейіп иудеохристиандарды ығыстыра бастады. Әсіресе неофиттердің басшысы (Саул) Павелдің өз идеясын христиандықпен байланыстырып уағыздай бастауы, иудеохристиандарды әлсіретіп жіберді. Дәл осы уақытта Павел көпқұдайшылдардың апостылы деген атқа ие болды.

Павел христиан діні барлығына жеңіл болуы үшін, прозелитолиз әдісімен христиандықты көпқұдайшылдыққа ұқсатып өзгертті. Павел өз уағыздарында христиан болу үшін, Таураттың заңдарын ондағы кашрутаны (белгілі тамақтағы, киімдегі, діни сенімдегі бұйырылған тазалықтар), мойындаудың қажеті жоқ, Таураттағы тиымдар тек христиандықты қабылдаған яхудиерге ғана жүктелген. Тіпті Таураттағы сүндеттеу үкімін суға шомылдыру арқылы өтеуге болады деп ауыстырды. Павел өз жақтастарын Кипр, Македония, Греция, Кіші Азия сияқты елдерден өз сеніміне ерушілерді аз уақытта жинап алды. Павел мен Иудеохристиандардың арасында талас-тартыстар Исаны құдай ету мәселесі мен Мұсаның дініндегі рәсімдерді мойындау-мойындамаудан тұрды, нәтижесінде Апостылдар саборында (50ж-51ж) компромистік шешім қабылданды яғни Таураттың заңдарынан Павелдің христиан (көпқұдайшыл) ерушілері босатылды. Ал иудеохристиандардыңбасында Исаның тікелей шәкірттері апостл Петр мен Иаков тұрды. Олар Павелға мүлдем қарсы болатын [1, 611-б.]. Иерусалимдегі собордың шешімінен кейін, иудеохристиандар біржола жалпы христиан диаспорасынан бөлінді. Өзара бұл топ Иерусалим шіркеуін құрып Рим империясына қарсы әскер жинап баскөтерген болатын, бірақ шабуылдары сәтсіз аяқталып (68) жылы Иорданиядан әрі асады. Б.з 133 жылы Бар-Кахба иудеохристиандардың қолбасшысыда Римге шабуыл жасап, Римдіктерден Исаның өшін алып, ақиқат дінді орнатамыз деген аяқалыстары да сәтсіз аяқталды.Кейіннен осы топтың ішінен **эбиониттер** (иврит. қайршылар), **назарейлер** (аскет) **эссеев** (рухани түрдегі қайыршылар) **кумраниттер**, деген сопылық бағыттар пайда болды. Бұл бағыттар Иса пайғамбардың жолымен жүріп, өзінің материалдық дүниелерініңбәріненерікті түрде бастарту идеясын ұстанды, осылайша монотеистік христиандар аскеттік өмірін жалғастыраберген. Олар аз және көбеюіне түрлі кедергілер болды.

а) Эбиониттер Исаны адам, әрі Марияның баласы, құрметті пайғамбарлардың бірі деп сенді. Павелды Құдайдан безген, Шайтан әрі жалған пайғамбар деп айыптады. Бұл кішігірім бағыт жайлы, көне тарихшы Патриарх Александр баяндап кеткен: «Бұл топ 70 - жылы кемелденді. 326 - жылы шіркеуге қарсы шықты». С. Павел (200-275) Исаның құдайлық сипатын мойындамаған, осы ісі үшін кейін сотталып еретик атанды.

ә) Назарейлер Павелдың идеясына еріп, Исаны Құдай әрі Құдайдың ұлы деп мойындаған топ. Ал Қасиетті Рух Евангелияда арамей тіліндегі әйел тегінде келгендіктен, Құдай дәрежесіне лайық емес деп Қасиетті Рухтың Құдайлығына күмәнмен қараған.

Иудеохристиандарды алғашында Христиан шіркеуі адасқан бауырларымыз десе, кейіннен150 жылы толығымен еретик деп айыптады.Ал яхудиер иудеохристиандарды мүлдем адасқандар деп білді. Осылайша иудеохристиандар қоғамнан алшақтатылды. Бұл бағытты XVIII-XX ғасырларда қайта оралып, еврейлердің ішінде бір секта болып танылған болатын [4, 616-б.].

Гностиктер: Гностик (*гр.білу*) – эклектикалық діни-фелософианы антикалық христиандықтың соңына қарай ұстанушы ағым. Гностиктер христиандықты ежелгі мифтермен, эллинистика (Аристотил философия мектебінің дүние танымы), иудайизм, зоростризм, вавилонның мистериальды ілімдерімен әрлеп толықтырған ағым. Христиан мәтіндерін, адамның мәнін, тарихты түсіндіруде Павелдің зерттеуінен

туындағанориентальды-эллинистикалық әдіс ұстанды. Гностиктер ерисдеп қудаланған ағымдардан бөлек Наг-Хаммад пен Фаюмда (Мысыр), Турфан (Қытай), Өлі теңіз маңында, Палестинада таралды. Гноститсизм жәй топ емес бәлкім кең ауқымды цивилизация құра алды.

Иудаизм мен гностицизмнің діни көзқарастары, дүние танымы және идеологиялары бір болып келген. Христиан дінінің жаңадан туындап келе жатқан мәдени санасына гностиктердің ықпалы тиді. II ғасырдағы гностиктер үшін Исус Христос – парадигмалық Құтқарушы-Мессия, қасиетті жазбаларды ашып түсіндіруші, сондықтан гностиктер христиандықтағы шоқындыру сияқты сакральды мәтіндердің астарына үңіліп мағынасын ашуға тырысады. Неміс протестант теологы А. Фон Гарнак «ортодоксалды христиан шеңберін және ерісті айқындау жобасын жасағандар гностик ғалымдары Маркиона мен Василида», - деп келтіреді [4,619-б.].

Қазіргі замандағы дінтанушы зерттеушілер гноститцизмді «діни экзистенциализм» яғни адамның Құдайды білуге деген құштарлығы, құдайдың адамдарға жасырған жұмбағы мен құпиясын, ашу мақсатындаіндегі сакральды сөздерден, мәтіндерден іздеп сырын ашуға тырысу, сол арқылы Құдайдың ақиқатына жету..? Гностиктер үшін қасиетті жазулар, сөздер, бейнелер және толық мәтін тек символдар ғана емес, бәлкім адам өмірінің мәнін ашатын Құдай құпиясы.

Өздерінің ұстанымдарының дұрыс екендігіне көздері жеткеннен кейін, гностиктер өздерін тәрбиелеу мақсатында қараңғы үңгірлерге (шіркеулер) кіріп, өз бойларындағы надандық қалдықтарымен күресті. Олар адамдарды «тәндік» және «рухтық» деп екі топқа бөлді. Рухани адамға ғана – гнозис құпиясы мен мистикалық ілім ашылады деп топшылайды. Дүниені тануда дуалистік көзқараста болды және материалды дүниенің барлығы жауыздық, құтылу жолы қараңғылықта өзінді тәрбиелеу деген сезімді алға тартты. Құтылу жолының бірі аскетизм, дұғалар, митикалық ретуалдарға қатысу, Құдайдың жасырын есімдерін білу.Гностицизм Христиан Шіркеуінің қолдауын таппай қудаланған алғашқы ағымдардың бірі болатын.

Ариандар: Император Константин тұсында пайда болған топ, бұл топтың басшысы Арий (256-336) Александрияның священнигі әрі пресвитері болған. Оның ұстанымында Исаны Құдай жаратты әрі Иса адам, Исаға Құдайлық күш пен керемет дарыған. Ал Қасиетті Рухтың дәрежесі Иса пайғамбармен тең екеуіде сенімді елші. Сондай-ақ Иса жаратылған жаратылыс, ол Құдаймен бірге әуелден болмаған және мәңгі емес дейді. Бұл пікірі сол уақыттағы биліктің және қарсылас діни топтардың көз қарастарына мүлдем қайшы болатын. Манси Йуханнаның «История Коптской церкви» атты еңбегінде: «Ұл Әкеге бастапқыда ешкім тең болмағандай, мәңгілікте де ешкім тең емес. Әуелі Әке басталусыз бар. Ал ұл Әкенің қалауымен пайда болды. Құдайды ешкім көре алмайды, сол сияқты суреттей де алмайды, себебі: басталуы бар жаратылған нәрсе Жаратқанды көре алмайды және түсіндіре де алмайды. Ұл Әкенің қалауымен ғана құдіретті болды».

Асад Рустам болса Арий туралы өзінің «Церковь великого Божьего града» атты еңбегінде: «Арий ғалым, сопы, уағызшы сондай-ақ ұстаз еді, оған діниқызметкерлер мен сенушілер ерген».

Тарихшы Ибн әл-Батрик Арилықтардың Мысыр жерінде көп болғандығын келтіреді. Ал священник Джеймс Энис «Арийді қудалағандар дұрыс етпеді, Арийді билік қудаласа да ерушілері көп болатын». Ариандықтар Арийдің кезінде одан кейінде, орталық шіркеуге едәуір қарсылық көрсетіп отырған. Исаны Құдай деуші Афанасиді ығи айыптайтын. Афанаси билікпен бірігіп бірінші дүние жүзілік соборда Арийді шіркеу қызметтінен босатты.

Ал Папа Александр, сондай-ақ христиан дінінің рәміздерін жасаған Афанаси Александрдың пікірлерінше Исаның басталуы жоқ, ол Әкемен бірге ежелден бар Құдай дегенді шығарды. «Мейлі Исаның жеке ипостасы (адам тұлғасы) болса да, ол шексіз және мәңгілік. Исаның адам тәнінде келуі, адамдарды күнәдан құтқарып, тура жол көрсету үшін», -деген.

Ариандар алғашқы соборда сотталып қуғындалды. 381 жылы Константинополь соборында «Ерись»(дінбұзар),- деп аталды [6, 199-б.].

Император шіркеу әкейлерін Никей соборына жинап, Соборға өзі жетекшілік жасады. Соборда 2048 священник қатысты, жиын пікір – таластармен үш айға созылды, бірақ әкейлер дін негіздерін жүйелеуде ортақ шешімге келмеді.

Никей соборына дейінгі жалғызқұдайшылдар бір Құдайға сиынып Исаны пайғамбар деп білді, Бұл сөзімізге зерттеуіміздің алдында кетіріп өткен Евангелия хабарлары дәлел болады. Біз тарихтағы алғашқы христиандар осы жолды ұстанғанын білеміз, себебі: Исаны 325 жылы Никей соборына жиналған 2048 дінқызметкерлерінің ішіндегі 318-і ғана Исаны Құдайландырды. Сондай-ақ «Луга рассказов о жизни праведных» атты еңбекте «Петре и Марке: «Они отвергали Божественность Иисуса». Ғалымдардың Исаның жақын шәкірттеріне берген сипаттамалары осындай болды. Император Константин 318 священникке қосылып Исаның Құдайлығын толық мойындап қолдады. Ал қалған топтар мен Ариандықтар өз дегендеріне жете алмады. Осы 318 дін қызметкерлер Никей соборында Исаны Құдай дәрежесіне

көтерді және басқа да догмаларды орнатты. Орнаған догмаларға қарсы келген Евангелиялар мен діни еңбектерді Император түгел жаққызып жіберді. Арияндықтарды қудалау туралы Исаның айтып кеткен сөздері де бар. Ионнан келген ізгі хабарда(16:2-3): «Сондай қиын уақыттар келеді, сол кезде сендерді құлшылық үйінен қуып, тура жолдағыларды өлтіреді және бұл істерімен Құдайға қызмет еттік деп ойлайды. Бұлайша істеулерінің себебі: Құдай мен Мені толық танымаулары» делінген.

Ариандарды басқарған Арий Александрский мен Евсевий Никомедийский болды, бұлардың ойларын алғашында мыңдаған священниктер қолдаған. Онымен қоса христиандықтағы лауазымды тұлғаларда Арийдың артынан ерген болатын. А.А Грицанов, Т.Г Румянцева өздерінің «Религии мира Христианства» атты еңбектерінде «К арианам присоединились Лукиан, галава Антиохийской богословской школы, а также ряд иных авторитетных христианских богословов того времени», - деп баяндайды.

Арий 336 жылы дүние салды, артынан ерген шәкірттері ілімін жандандырды. Олар туралы профессор Хусни әл-Атйар өзінің «Убеждения христианских сект, исповедовавших Единобожие»: «Арилікті жолмен христиандық тарағанда, бұл дінді бүкіл әлем қабылдайтын еді. Бірақ оны қудалап шіркеу қызметкерлері түбімен жойып жіберді», - деген.

Рим императоры Афанасиді Папалық билікке қойды, бірақ Арийлықтар қарсы болып алғызып тастады. Сол кезде Александрияда епископ Арийлық Георгий Каппадокиец болды. Тарихта император Канстонтиннің өзі халықтың қолдауы үшін арийлікті қабылдағандығын айтады. Арийлыққа императордың бір шама көмегі тиеді, өмірінің соңында император тәубесіне келіп жалғызқұдайлық христиандықты қабылдап ари сеніміндегі діндарларды билікке әкелді. Сол жылы билікке бір себептермен Юлиан келіп Афанаси мен оның жақтаушыларын әкеліп дін істерін қайтадан тапсырды. Юлиан өзі көп құдайшыл еді. Одан кейінгі император Юлиан христиан дініне жаңалықтар енгізіп, арияндықтарды аяусыз қырды. Әбден Христиан дінін бұрмалатып бекітті, сосын халықтың алдында «Егер менің император болғанымды қаласаңдар, маған ұқсаған христиан болыңдар», - деген. Христиан діні басына Афанасиді қойып, одан Никей соборындағы талаптарды орындауын және арилықтарды құртуға әмір берді. Жалпы арийлықтарды түгел жойылуды қолға алды.

Ал «Американдық энциклопедиясында»: «Расында христиандықта жалғыз Құдайға табыну, Үштіктен қарағанда ондаған жылдар бұрын болған», - деп жазады. Ондаған жылдар десек қате болады. Философиялық көзқараспен қарағанда, бір құдайға табыну Адам атадан бастау алған. Иса пайғамбарлардың жалғастырушысы ретінде бір құдайға табынуды реттеп әкелді.

Француз ғалымы Ларуссаның айтуынша: «Көне өсиетте Үштік туралы ешнәрсе жоқ, Үштікті алғашқы шіркеу қызметкерлері мен Христостың жақын шәкірттері білмеген еді. Ал қазіргі уақыттағы католиктер мен протестанттар Үштіктің негізі дінмен бірге болған деп таласуда. Ал Исаға иланған Еврейлер бұрынғы діндерінде де, миссияны адам деп күткен.

Христиан ғалымы Ауд Саман: «Исаның көп Құдайшылыққа қатысы жоқ», - деп: «Иса мен шәкірттерінің арасындағы әңгімелерді, терең зерттесең Исаның айналасындағылар Исаны тек адам деп қана білгендігін көреміз. Иә алғашқы христиандар, еврейлер сияқты Құдай адам бейнесіне кірмейді деген сенімде болған. Иса ешқандай Құдай емес керісінше елші деп мойындаған».

1966 жылдың 15 шілдесінде «Таймс» газетінде көне христиан құжатын жариялады. Ол құжатта Исаның елші(адам), Назареттық әрі еврей ұлтынан екендігін жар сала хабарлады. Евсевий Кесариски (240) Өзінің тарихын жазып қалдырған. Сол тарихында өзінің ата-бабаларының Иса туралы түсінігін жазды. Онда «Біздің аймақтағы адамдар Исаны пайғамбар ретінде, жәй адам ретінде білген. Ол басқа адамдардан адамдық қасиеттерімен ғана ерекшеленген»[1, 243-б.].

Ағылшын философы А. Берtrand Расселдің (1872-1970) айтуынша: «Бертранд Рассел неге христиан емес деп сұрасаңдар? Мен бұл сұраққа: Алғашқы ақиқаттағы христиан мен соңғы ақиқаттағы христиан он тоғыз ғасыр бұрын өліп кеткен, солармен бірге ақиқаттағы керемет пайғамбар әкелген христиан діні де өлді» [6,136-б]. Христианды шынайы зерттеген ғалымдардың тұжырымы өте салмақты. Алғашқы христиандық әлсіз әрі қиын жағдайда болғандықтан, Павелдің философиялық және пұтқа табынушылықты таратуына қарсылық білдіре алмай, таза дінді лайлап алды. Алғашында діни мораль, этика нормалары дінді толықтырулары сияқты көрінді, кейін сенім жүйесін толықтыру мақсатында шығыс діндерінің және грек-рим мәдениеттерін араластырып дінді әбден құртқандығын айтқысы келді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Антонов Н.Б. *Иудаизм от А до Я, Восток – Запад*, 2007. -288с
2. Батенова Н.Ж. *Дінтану негіздері*, -Алматы: Қазақ университеті, 2011. -327 б.
3. Мункыз ибн Мухмуд ас-Саккар, *Бог Единый или Троица, Первое русское издание* 2009. -302 с.
4. Усенова М, Усенов С. *Дінтану*, Алматы, Қазақстан 1995.
5. Данильян О.Г, Тараненко В.М. *Религиоведение*, -Москва: Эксмо 2005. -480с.
6. Грицанов А.А, Румянцева Т.Г. *Религии Мира, Христианство*, Мн.: Книжный Дом, 2006.

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

ОРАЗОВА АЙНҰР ЕГЕМБЕРДІҚЫЗЫ

тарих магистрі, оқытушы Алматы көпсалалы колледж
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада этнопедагогиканың өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы мен рөлі, сонымен қатар этнопедагогика дамуының тарихи трансформациясы қарастырылған. Автор қоғамды тәрбиелеудегі маңызды құрамдас бөлігі ретінде этнопедагогиканың трансформациясын сипаттайды, этнопедагогиканың дамуындағы қайта құрудың жеке кезеңдерін және олардың себептерін көрсетеді.

Кілт сөздер: этнопедагогика, тәрбие, психология, ұлт, қоғам.

Аннотация. В статье рассматривается значимость и роль этнопедагогике в воспитании молодого поколения, а также историческая трансформация развития этнопедагогике. Автор описывает трансформацию этнопедагогике как важный компонент в воспитании общества, показывает отдельные периоды трансформации развития этнопедагогике и их причины.

Ключевые слова: этнопедагогика, воспитание, психология, нация, общество.

Annotation. The article discusses the significance and role of ethnopedagogy in the education of the younger generation, as well as the historical transformation of the development of ethnopedagogy. The author describes the transformation of ethnopedagogy as an important component in the education of society, shows individual periods of transformation in the development of ethnopedagogy and their causes.

Key words: ethnopedagogy, education, psychology, nation, society.

XXI ғасыр қоғамының дамуындағы бастапқы және негізгі факторы – сандық жылдамдық болып табылады. Бүгінгі қоғамның дамытушы, қозғаушы, тәрбиелеуші себепкері болды, жай ғана себепкері ған болмай болашақ қоғамның, яғни бүгінгі жас ұрпағымыздың ақыл – ой, сана, идеология, тәлім-тәрбие секілді мәселелеріне күрт өзгерістер енгізді. Заманауи жас ұрпағымыздың санасындағы, ой - өрісіндегі педагогика – психологиялық ерекшеліктері қоғамның дамуына көптеген өзгерістерді енгізіп жатқаны сөзсіз. Атап айтқанда еліміздің жарқын болашаққа апарар ұрпағымыз патриоттық тәрбиеде, ұлттық бірегейлікте ақсандауда. Жастарды патриоттыққа тәрбиелеу – болашақ мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі. Отан сүйгіштік, ұлттық бірегейлік, мәдениет, ұлттық дәстүр, ұлттық сана адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу арқылы жаңғырады. Әрбір мемлекет өзінің әлеуметтік – саяси даму деңгейіне, ұлттық, этникалық және діни ерекшеліктеріне қарай жастарды тәрбиелеудегі өзінің басым бағыттары мен тәсілдерін айқындап, ерекше көңіл бөле бастады.

Ғасырлар бойы аталған мәселе көптеген ғалымдарымыздың, қазақ ойшылдарының, қоғам қайраткерлерінің туындыларында ерекше орын алып, назарынан тыс кетпеген. Патриоттық тақырыптың негізгі мәселелері халықтық педагогикада, діни аспектілерде, гуманитарлық ғылымдарда ерекше орын алды. Халықтық педагогика – халықтың педагогикалық білімі мен тәрбиеләк тәжірибесінің жинағы.

Бүгінгі күні ғылыми теориялық заңдары мен белгілі әдіс – тәсілдері бар педагогика ғылымының білім жүйесінде қалыптасқанға дейін де адамзат тәрбие ісімен сонау ғасырлар бойы айналысты. Халықтық педагогиканың даму тарихына тоқталсақ, тарихи үдерістердің даму ерекшеліктеріне байланысты түрлі трансформациялауға ұшыраған. Бұл кезеңдерді атап өтсек:

Ежелгі көшпелі дәуірі

VIII ғасырдан – XV ғасырғы дейінгі аралықтағы исламдану үдерісіндегі кезең

XV – XXғғ. Қазақ хандығының қалыптасып, кеңестік кезеңге дейінгі аралық

Кеңестік дәуір кезеңі

Тәуелсіз мемлекетіміздің халықтық педагогикасы

Ерте көшпелі кезең тайпаларының тарихы мен мәдентегіне тоқталсақ, негізгі сүйенетін тарихи деректеріміз археологиялық және жазба деректер. Көшпелі қоғамда әлеуметтік, экономикалық рулық, тайпалық қатынастар туыстық жүйеге негізделді. Осы аралықта аналық-рулық матриархат қауымдастығы өрбіді. Алғашқы қауымдық құрылыстағы адамзат баласының өмір сүруі – тамақ табу үшін топтық формада болды. Бұл кезеңде тәрбие жас пен жыныстық ерекшеліктеріне қарай қоғамдық сипатта болды, ерлер аң аулап, садақ тартса, әйел адам үй жұмыстарын атқарған. Сақ, ғұндар дәуіріндегі негізгі кәсібі әскери – жауынгерлік өнер. Әскери өнерге тәрбиелеу, елін, жерін қорғау отансүйгіштік принциптеріне тәрбиледі. Балаларды тәрбиелеу тайпа көсемдеріне, ақсақалдарға жүктеліп, ертегі айту, ойын ұйымдастыру және өлең айту түрлері, сол дәуірдегі тәрбиенің мазмұндық құрамына айналды. Ежелгі

жазуымыз – көне түркі руна жазуларында деректер қалған. Түркі дәуірінен қалған атақты "Күлтегін", "Білге қаған" сияқты тасқа жазылған дастандар қазақ тіліне аударылған. Қазақ халқы ол дастандарды өздерінің төл дүниесіндей қарсы алды. Оған басты себеп, ондағы жазылған әдет-ғұрып, салт-сана, діни-наным, сенім, мақал-мәтел, батырлық жырлардың үлгілері бәрі-бәрі халқымыздың тірлік-тіршілігінен алынғандай ұқсас. Бұл мұралар қазақ халқының ертеден келе жатқан тәлім – тәрбиенің, өдет – ғұрыптың негізі болды. Бұл кезеңнің негізгі трансформациясы адамзат баласының бойына – патриоттық, отансүйгіштік қасиеттерінің алдыңғы қаттарда болуымен ерекшеленді, оған сырттаға жаудың шапқыншылығы, ұлан – байтақ жерді кеңейтіп, халықты қорғау басты рөлде болды. Қоғамдағы саяси – жауынгерлік идеология – патриоттық тәлім – тәрбиенің негізін салды.

VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап ислам дінінің Орта Азияға енуімен бірге араб әліпбиі енгізілді, мұсылманшылықтың негізгі алғышарттары басталды. VII-VIII ғғ пайда болып кеңінен дүние жүзіне тараған Ислам діні Шығысты шарлап, бүкіл Шығысты жаулап алған құдіретті күш болды. Тез қарқынмен тараған Ислам дінінің мұсылман өркениетінің пайда болуымен бастаулары тарихта өз ізін қалдырды. Орталық Азия аймағына ислам келгенге дейін бұл өңірдің қуатты, мың жылдық, дамыған мәдени дәстүрі болды. Аталған өңірде көптеген діни жүйелер ұсынылды – иудаизм, христиандық пен несториандықты атап айту керек, ал ең күшті күш, әрине, зороастризм болды. Исламдану үдерісі тарихында жаңартылған ислами ғылымдары – тафсир, хадистану, тариқаттар, фикх, мұсылмандық тәлім – тәрбие, ой – пікірлер Орта Азияда кеңінен тарай бастады. IX-XI ғғ. Орталық Азия тарихында «алтын ғасырлар» болып, жаңа ғылымдардың, мәдениеттің, білімнің Орталық Азия жерінде таралуы мәлім. Осы кезеңде сопылық мектептердің түрлі тармақтары – Қыдырийа (XIғ. Бағдад) негізін салушы Әбд әл – Қыдыр, Нақшбандийа (XIVғ. Орталық Азия, Қазақстан) негізін салған Баһау әд-дин Нақшбанди, бұл сопылық мектеп Орталық Азияның Орталық Азияның діни – саяси өміріне қатты ықпал етті. Пірлер институтының бастауларыда осы аралықты қамтыды. Қожа Ахмет Яссауидің сопылық мектебінің негізі қаланды, аталған тарихи үдерістер хылықтық педагогикалық тәлім – тәрбиеге үлкен ықпал етті. «Халқыңа қызмет ет, Ізгілерге ізет ет, Жаны жақсы жайсаңдарға құрмет ет» Қ.А. Яссауи, «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық – шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады.» деп Әл – Фараби бабамыз педагогикалық ұстамдылықты суреттеген. Жалпы этнопедагогиканың негізі – діни тәлім-тәрбиеде болды, ғылым мен мәдениетке, білімге үлкен назар аударылып, қамқорлыққа алынды. Ғылымның түрлі бағыттары дамытылып, медреселер, мешіттер, кітапханалар, рабаттар ашылды. Қоғамды тәрбиелеудегі бұл кезеңнің трансформациясы – адамзат бойындағы имандылық, адамгершілік, білімділік, сауаттылық, тазалық аспектілеріне үлкен ықпал етті.

Қазақ хандығы тұсында этнопедагогиканың іргетасы қалана бастады, XV – XVIIIғғ. жырауларының туындыларынан көзге түседі. Қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ғылымның дамуы ең алдымен этнопедагогикалық ой – пікірлердің, нақыл сөздерден басталды. Діни – тәрбиелік мәндегі ХУ-ХУІІ ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жыраулар поэзиясынан ғасырлар сырын, халықтың салт-санасын, ой-өрісін, тілек-мақсатын айқын аңғарамыз. Өйткені жыраулар толғауларынан халықтың не бір нәзік сырлары, мұң-мұқтажы, қайғы-қасіреті, қуаныш-сүйініші, келер ұрпаққа айтар өсиеті, тәрбие тағылымы өзекті орын алады. Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет сияқты жырауларының қай-қайсысын алсақ та, жыр-толғауларында айтылатын негізгі идея – ел бірлігін, өз отанын сүю, оны сыртқы жаулардан қорғау, батырлығы мен ақындығы сай келетін, сол кезеңнің өзекті, маңызды мәселелерін жырлай отырып, аз сөзбен көп мағына беретін толғауларының жас ұрпаққа тәлімдік-тәрбиелік, тағылымдық мәні ерекше. Бүгін де этнопедагогиканың әдіснамасы ретінде кеңінен пайдалануда.

Кеңес дәуірінде елімізде саяси және тарихи оқиғалар қызу жүріп жатты. Алаш Орда партиясының алқауымен федеративтік республика құрамындағы ұлттық автономиялық мемлекет құру әрекеті, әскери, экономикалық хәм саяси күштері тең емес большевиктермен күресте сәтсіздікке ұшырады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, т.б. қазақтың зиялы қауым өкілдері ұлттық сана-сезім мен тәлімдік идеялардың көсемдеріне айналды. Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан педагогикалық тәжірибелер «коммунистік идеологияға» негізделіп, «коммунистік тәрбие беру» атты саяси-педагогикалық, диктатуралық жүйеге ұласты. Бұл дәуірде этнопедагогика үлкен тарнсфармацияға ұшырады діни аспектілерге үлкен тосқауылдар жасалды, коммунистік идеология қоғамдық тәрбиеде – қорқыныш сезімін тудырды. Бағыну, ықпал ету саясаты имндылық тәрбиені халықтық педагогикадан барынша ығыстырды. Қоғамның ойлау позициясы коммунистік саясатпен еріксіз интеграцияланды. Алайда, 90 жылдардың басында қоғамдағы саяси – экономикалық өзгерістер сол заманның қоғамының тәрбиелік идеологиясына, қоғамдық ойдың жаңғаруында өз септігін тигізді.

1991 ж. Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет—Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. Егеменді еліміздің келешек сауатты – инабалы, патриоттық идеологияда, имндылық дінгеі мықты болашақ ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгін де актуальдігін жоғалтпай, заманауи тұрғыдан зерттелуде. Ғасырлар өтсе де, халықтың педагогикалық негіздері бүгінгі күнде де жас ұрпақты тәрбиелеуде мәні зор. Әр ұлт өз жас ұрпағын ұлттық тарихи нақышта ұлттық педагогика тәрбиелену идеясы негізінде бетбұрыс алып жатыр. Сонау кеңестік, еуропалық, батыстық мәндегі педагогика өз үлесін интеграциялық тұрғыдан қосып жатса да, негізгі дінгеі – ол ұлттық педагогика. Бүгінгі күнде көп елдердің ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеу бағыт алуда, дегенмен кейбір ұлттық педагогика өдіснамасы өз ақсаңдауын беріп жатыр.

Бүгінгі жас ұрпақтың ақпараттық-заманауи білімінің негізі Батыс-еуропалық интеграцияланудан алынған, атап өтетін болсақ негізгі факторлары:

- ғаламтор желісінің әсері (инстаграм, тик-ток, мобилография);
- ғылым, білім дамытудағы көшбасшылық принциптердің басымдылығы;
- оқу-ағарту, білім алу, ғылымдарды дамыту жүйелеріндегі кемшіліктер.

Аталған және одан да көп фактрлар орын алып жатыр. Орыстың педагогы К.Д.Ушинский «Воспитание, созданное самим народом и основаным на народных началах, имеет ту воспитательную силу, которой нету в самых лучших системах, основанных на абстрактных идеях».

Халықтық педагогиканың дінгеі – түрлі ғылым мен білім жүйелерін қамтиды: өлеңдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, дәстүр, жұмбақ, ұлттық тәрбие, тіпті ойын-сауықтардың өзі. Алайда бүгінгі күні бұл өдіснаманың орнын батыстың заманауи білім беру жүесінің техникасы басуда.

Қазіргі таңдағы педагогиканың тәрбиелік бағыты – полимәдениеттік негізде жасалынған. Алайда адам – рухани және биосоциалды тіршілік иесі, оның басты мақсаты мен міндеті рухани тамырларын, тілін, ұлттық мәдениетін білу. Осындай негізде ғана ол өзге халықтың мәдениетін, дінін, идеологиясы мен ұстанымдарын түсініп құрметтейді. Дегенмен, ХХІ ғасырдың адамзат баласының алдында тұрған таңдау – мәдениеттер интеграциясының тоғысуы нәтижесінде жалпыадамзаттық мәдениеттің өмірге келуі, ұлттық құндылықтардың жоғалуы мен ұлтсыз қоғамның пайда болуы. Әрбір халық өзінің тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын жас түлектерді ғасырлар бойы тәрбие әдістері мен тәсілдерін қолданып, өмір тәжірибесі сынынан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық, инабаттылық, іскерлік, мейірімділік, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қасиеттерді олардың бойына сіңіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

В.С. Кукушин, С. Қалиев Этнопедагогика А.,2014

Рахимов К.Р. Условия возникновения суфизма в Центральной Азии / Исламоведение Т11 №2. С 5-17

Ж.Артықбаев Қазақстан тарихы. Энциклопедия А.,2013

Ш.Қ. Беркімбаев, К.Ж. Қожахметов, К.Қ. Құнантаева...Педагогика тарихы А.,2013

Н.Елікбаев Ұлттық психология – Алматы:Қазақ университеті,1992, 96

Ногайбаева М.С. Қазақстан тарихы: этникалық зерттеулер / ҚР Мәдениет және Ақпарат м-гі, Ақпарат және Мұрағат ком.; "Әлеуметтік маңызды әдеб. түрлерін шығару" бағдарламасы. Алаштарихизерттеулер орталығы 2011 - г. 25 - стр. ҚАЗАҚСТАН

Қожа Ахмет Ясауи - Диуани Хикмет Еңбегі (azan.kz)

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СЫР ӨңІРІ ХАЛҚЫНЫНЫҢ МАЙДАНҒА КӨМЕГІ

АСҚАР АБУСАД ҒАФУРҰЛЫ

*т.ғ.м, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда, Қазақстан*

Андатпа. *Аталған мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарында Қызылорда облысының тұрғындарының майданға берген үлкен көмегі жайлы баяндалған. Сонымен қоса көп қиыншылықтар кездесті. Мысалы Сыр өңірінің халқы бар күшін майданға салып тұрсада, оларды НКВД органдары қудалап, репрессияға ұшыратып тұрды. Ауыр еңбекті ерлер мен қоса әйелдер қауымыда жасап, жанкештілігін көрсетті.*

Аннотация. *В данной статье рассматривается великий подвиг трудящихся Кызылординской области в годы Великой Отечественной войны. Много было трудности у народа. В это трудное время происходили и репрессии проводимые органами НКВД. Не смотря на это достойно и героически*

работали на ряду с мужчинами и женщины земли Сыра.

Annotation. This article tells about the great help given by residents of Kyzylorda region to the front during the Great Patriotic War. In addition, many difficulties were encountered. For example, the people of the Syr region put all their strength on the front, but they were persecuted and repressed by the NKVD authorities. He performed hard work in the community of men and women and showed selflessness.

Ұлы Отан соғысы Қазақ Еліне де көп қасірет алып келді. 1941 жылдың 21-маусымында фашистік Германия бастаған соғыс бүкіл елдің тыныштығын бұзды. Ер азаматтар елді жаудан қорғауға аттанды. «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұран бүкіл халықты жұмылған жұдырықтай біріктірді.

Елге соғыс жүріп жатқан жерлердегі өндіріс, оқу орындары, көшіріліп әкеліне бастады. 1941 жылдың қазан айында Эвакуацияланғандарды орналастыру бойынша комиссияның жиналысында Қызылорда облысының аудан орталықтарында 1500 орындық эвакуациялық госпитальдарды орналастыру туралы мәселе қаралып, 350 орынды Қармақшыда орналастыру туралы шешім шықты [1].

Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ ауыл шаруашылығында жұмыс қолдарының жетіспейтіндігі, механизатор кадрларының, су шаруашылығы қызметкерлерінің және кәсіпорындарда маман жұмысшылардың тапшылығы сезілді. 1941 жылы қазанда қалалық пионерлер үйінде Қызылорда еңбекші әйелдерінің фашизмге қарсы митингісі болды. Митингіде майданның негізгі тірегі – тылдағы еңбекті күшейту, колхоздарға көмекке баруға шақырды. Әртүрлі мамандықтарды игерген қыз-келіншектер ерлермен бірдей еңбек майданына араласты. Солардың қатарында Қызылорда қаласы қыздарының бастамасымен ашылған шоферлар курсының алғашқы түлектерінің бірі, трактор мен комбайн тізгіндеген Ұ.Қасымова соғыс жылдары Ақжар МТС-де жұмыс істеді [2-77 б].

1943 жылы майдандағы қазақ жауынгерлеріне хат жазып, рухтандырған сырбойылық әйел-аналардың арасында Қармақшы механика зауытың стахановшысы Қ.Жүзжасарова да болды. Майданға жолданған: «Қазақстанның ардақты ұлдары! Құрметті балаларымыз, ерлеріміз бен туысқандарымыз!» деп басталатын мейірімге толы хатта қазақ жауынгерлерінің сырбойылық аналары мен қарындастары олардың опасыз жауды күйретіп жеңетініне, аман-сау елге оралып, сағыныштан сарғайған ата-ана, бауырларына қауышатынына сенім білдірді.

Соғыс жылдарында қармақшылық әйел-аналар көкіректері мұңға толған ата-аналар мен балаларға, өз отбасыларына ғана емес, ауыл-аймаққа ес болып, басшылық жасай білді. Олардың қатарында «Ақбел» колхозының төрағасы болған Тілеубаева сынды азаматшаларды атап өтуге болады [2-77 б].

Мемлекеттік қорғаныс комитетінің қаулысына сай Жосалы механикалық заводы 82 миллиметрлік шойын миналар жасайтын болды [3].

Аудан халқы майданға деп астық, жылы киімдер жөнелтіп жатты. 1943 жылы облыстық «Ленин жолы» газетінде Қызыл Армия қорына өз есептерінен артығымен астық өткізген колхозшылардың есімдері жарияланды. Олардың қатарында Қармақшы ауданы «Бидайкөл» колхозының төрағасы Қалыбеков (220 пұт), «Жаңажол» колхозының төрағасы Тәжібаев (200 пұт), «Қызыл әскер» колхозының төрағасы Бексабаев (310 пұт), «Бозарқаш» колхозы бастауыш партия ұйымының хатшысы Байғабылова (75 пұт астық, 1 бас қой), Энгельс атындағы колхоздың төрағасы Түнбетов (100 пұт астық, 1 қой) және Ленин ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы Табынбаев (80 пұт астық, 12 пұт ет), Чапаев атындағы колхоздың төрағасы Сейтенов (300 пұт) сынды азаматтар болды [3].

Қасіретті соғыс жылдары тылдағы аудан халқы майданда қаза болған, соғыстан мүгедек боп оралған әскерлердің отбасыларына да назардан тыс қалдырған жоқ. Қара жамылған отбасыларына, мүгедектерге, жесір әйелдер мен жетім балаларға елдегі халық өз қамқорлықтарын көрсетті. Осы мақсатта Қармақшы ауданындағы «Қызыл әскер» колхозының халқы 10 000 рубль ақша мен 5 бас мал жинап, көмек қолдарын созған еді [2-72 б].

Соғыс жылдарындағы маңызды міндеттердің бірі тыл жұмысымен қатар, КСРО аумағындағы ірі кәсіпорындарға, ауыл шаруашылығы жұмыстарына жұмысшы күшін шоғырландыру болды. Осы мақсатта Қызылорда қаласында арнайы бөлім жұмыс істеді. Мұрағат деректері жұмысшылардың Арал балық тресті, Арал мемлекеттік пароход тресті, Орынбор темір жолы, Қандыағаш-Орск теміржол құрылысы, Свердловск қаласындағы электростанция құрылысы, Қарағанды көмір бассейнінің шахталары мен құрылыстарына шоғырландырылғанын көрсетеді.

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1943 жылдың 25-қыркүйектегі №1049 қаулысы негізінде Еңбекші депутаттардың облыстық атқару комитетінің №207 өкімімен еңбек резервтері желісінде трактор механиктерін дайындау үшін Облыс аудандары мен МТС-нен 10 сауатты тракторист немесе бригадирлерді Оңтүстік Қазақстан облысының Еңбек резерві басқармасының қарауына берілген. Аталған 10 трактористің арасында Қармақшы ауданындағы Ақжар МТС-нің 1 тракторшысы болды [2-46 б]. Сондай-ақ 1943 жылы Қазақстандағы мұнай өңдеу кәсіпшілігіне жұмылдырылған 300 адамның 30-ы

Қармақшы ауданынан шақыртылды [2-48 б]. Еңбекшілер депутаттардың облыстық атқару комитетінің 1943 жылдың 22-маусымындағы қала және ауылдарда жұмыс істейтін тұрғындарды Қарағанды көмір бассейнінің шахталары мен құрылыстарына жұмыс істеуге мобилизациялау туралы №15 қаулысына сәйкес облыс бойынша 950 адам жұмылдырылса, оның 150-і Қармақшы ауданынан болды [2-53 б].

1943 жылдың 26-маусымында Свердловск қаласындағы электростанция құрылысына Қармақшы ауданынан 45 адам жіберілген [2-54 б].

30-жылдардың соңына қарай басталған халықтарды күштеп қоныс аудару саясаты Ұлы Отан соғысы кезінде де жалғасты. Әртүрлі күдіктер мен себептерді желеу етіп, Орта Азия мен Қазақстан далаларына Волга бойы немістері, Кавказдағы қарашай, балқар, шешен, ингуш, месхет түріктері, сонымен қатар, грек, қалмақ т.б. ұлттардың өкілдері күштеп қоныстандырылды. Жер аударылғандар жергілікті халықпен бірге тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, майданға өз көмектерін көрсетті. Көшіріліп әкелінген халыққа арнайы азық-түліктер таратылды, [4]. тұрғын үйлер бөлінді[5]. Шешен балаларына арнап 200 орындық интернат,[6]. мектептерден қосымша сыныптар ашылды [7].

Ұлы Отан соғысы кезеңінде тағдыр тауқыметін тартқан халықтардың бірі шешендер мен ингуштар болды.Қызылорда облысына шешендер мен ингуштарды қоныстандыру жоспар бойынша белгіленген жоқ. Бірақ, іс жүзінде басқаша шықты.Қызылорда облысына қоныс аударылған 3403 қалмақ, шешен, ингуш жанұялары тұрақты пәтермен қамтамасыз етілді. Олардың 1093 жанұясы өндіріс орындарына жұмысқа алынып, өндіріс орындары есебінен пәтермен қамтамасыз етілсе, 2310 жанұясы жергілікті колхоз тұрғындарынан сатып алынған я босаған пәтерлермен қамтамасыз етілді. Бұған қоса үкімет тарапынан облысқа қоныстанушыларға үйлер салып алуға 1820 мың сом есебінде несиені берілді. 1945 жылдың 1 қаңтарына дейін бұл несиенің 1485 мың сомы игерілді. Несиенің көп бөлігі Қармақшы ауданына - 255000 сом, Жалағаш ауданына – 260000 сом, Жаңақорған ауданына – 245000 бөлінді. Алайда 1944 жылдың соңына дейін несиені толық игерген тек Сырдария, Жалағаш, Арал аудандары болды.

Қазақстан колхоздарына жайғастырылған 68969 жанұялардың 60429 жанұясы колхоздарға қабылданды. Қызылорда облысы бойынша ауылды елді мекендерге орналастырылған қоныстанушылардың 2857 жанұясы колхоздарға орналастырылды.

Қазақстанның суығы шешендер мен ингуштерге, қалмақтарға және түріктерге қиынға түсті. Қысқы мезгілде жұмысқа шықпау фактілері, жұмысқа шыққанның өзінде үсіп қалу, суық тию фактілері көбейді. Осыны ескеріп Облыстық кеңестің атқару комитеті Қызылорда облысындағы күштеп қоныс аударылғандар үшін пима дайындау үшін 116 центнер жүн бөліп, 1944 жылдың қараша-желтоқсан айларында 2840 пар пима дайындауға тапсырма берді. Бұның 520 пары қалмақтарға, 2320 пары шешендерге беруге көзделді. Алайда, тапсырма белгіленген мерзімде орындалмай жатты. 2840 пар пиманың мерзімінде 190 пары ғана дайын болса, 200 тон дайындаудың орнына 66 тон ғана, 500 пар басқа аяқ киімнің 200 пары ғана дайын болды. Осындай қиын кезеңде Қармақшы ауданының тұрғындары да өз қиыншылықтарына қарамастан қоныстанушыларға 152 пар аяқ-киім, 360 түрлі киім, 25 келі жүн, 150 литр сүт берді. Қармақшыдағы Мехзавод осында жұмыс істеп жатқан қоныстанушылар мұқтажына 698 метр мата бөлді [8].

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы механикалық зауыты түсті металл шығарудан жылдық жоспарды 1943 жылы 110%-ке, 1944 жылы 130%-ға орындады. Ұжымнан 30-ға жуық стахановшы-озаттар шыққан. Олардың арасында шешен ұлтының өкілдері де болды. Байбатыров жоспарды 300% орындаса, Эдильсултанов Б, Галаев Т, Боршигов М. жоспарды 200%-бен атқарып шықты [2-36 б].

Қызылорда облысының тыл еңбекшілері соғыстың алғашқы күндерінен-ақ жанқиярлықпен еңбек етіп, майданға көмек беріп жатты. 1941 жылдың соңғы айларынан Сыр өңіріне эвакуациямен көшірілген кәсіпорындар келе бастады. Өнеркәсіп орындарын көшіру екі рет: 1941 жылдың аяғы мен 1942 жылдың басында және 1942 жылдың күзінде жүргізілді. Одақтан Қазақстанға көшірілген 142 кәсіпорынның 11-і Қызылорда облысына келді. Олардың ішінде Москваның "Реммаш-пут", Харьковтың Дзержинский атындағы электротехникалық зауыттары, аяқ киім фабрикасы, Харьков эмаль зауыты, Осоавиахим зауыты, 3 балық консервілейтін зауыт, 2 паровоз жөндеу шеберханасы болды [9]. Қызылорда, Қазалы темір жол депосына мина және қол гранаталарын жасау міндеттелді. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысына сай Жосалы механикалық зауыты 82 миллиметрлік шойын миналар жасайтын болды. КСРО Түсті металлургия министрлігінің 1942 жылғы 23 қаңтардағы бұйрығымен бұл зауытқа наурыз айында 10 мың мина дайындауға тапсырма берілді. Бүкіл ұжымның қажырлы жұмысының арқасында сол жылдың өзінде-ақ мина шығару күніне 500 данаға жетті. Зауытқа көп көмегін көрсеткендер елдің батыс бөлігінен уақытша көшіп келген кәсіпорындардың мамандары болатын. Солардың бірі Киевтің Микоян атындағы техникалық институтының профессоры, техника ғылымдарының докторы Глеб Михайлович Знаменский еді. Г.М. Знаменский 1941 жылдың желтоқсан айынан 1942 жылдың қарашасына дейін Жосалы

механикалық зауытында бас инженер қызметін атқарды. Инженер-технолог ретінде ол зауытты соғыс жағдайына сай қайта құру саласында қыруар жұмыстар атқарды [10].

Қызылорда қаласында Москваның "Парижская коммуна" аяқ киім фабрикасының негізінде аяқ киім фабрикасы құрылды. Мұнда күніне 2 400 аяқ киім тігілді. Қызылорда облысы аймағына орналастырылған 3 консерві заводы балық өңдеу өндірісіне кешендік сипат берді, ал механикалық және электро-техникалық зауыттар шын мәнінде қорғаныс өндірісінің негізін қалады [11].

1941 жылдың 29 шілдесінде облыстық партия комитеті мен атқару комитеті қоңыс аударушыларды қабылдау, орналастыру жөнінде қаулы шығарып, ол жұмыспен айналысатын арнайы бөлім құрылды. Оларды баспанамен, тамақпен қамтамасыз ету тұрақты бақылауға алынды. Сондай-ақ облыстық атқару комитетінің 1942 жылғы 20 қаңтардағы шешімімен қоңыс аударушыларға арнап тұрғын үй және коммуналдық тұрмыстық орындар салу үшін 1. 465500 сом қаржы бөлінді [12-6].

Ұлы Отан соғысы басталғанда Қызылорда облысына соғыс даласында үйлерінен айырылған 7653 адам келіп, соның ішінде Қызылорда қаласына 3617 қоңыстанды [13].

Осы қиын кездері 1941-1944 жж Сыр өңірі халқын НКВД органыда аяп жатқан жоқ еді. Қызылорда облыстық ішкі істер департаментінің архивінен осындай мәліметтер алынды:

Жолдыбаев Нысанбай, 1875 года рождения, казах. Место рождения: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, 9 аул. Образование: неграмотный. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл., Сырдарьинский район, 15 аул. Должность: колхозник. Место работы до ареста: Караул-Тюбе колхоз. Кем и когда арестован: 28.02.1942 г., Сырдарьинское РО НКГБ. Кем и когда осужден: Кзыл-Ординский облсуд, 04.07.1942г. Статья: 58-10 УК РСФСР осужден к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет. Дата и орган реабилитации: 07.08.1997г., Кзыл-Ординская облпрокуратура. Причина прекращения дела: Указ ПВС СССР от 16 января 1989 год

Жусупбаев Искак, 1900 года рождения, казах. Место рождения: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, 2 аул. Образование: неполное среднее. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, Ворошилова колхоз. Кем и когда арестован: 16.03.1942 г., Кармакчинский РО НКВД. Кем и когда осужден: Кзыл-Ординский облсуд, 04.07.1942г. Статья: 58-10 УК РСФСР осужден к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет. Дата и орган реабилитации: 15.08.1990г., Верховный Суд Каз.ССР. Причина прекращения дела: За отсутствием состава преступления.

Жаманкулов Ескан (Есхан), 1893 года рождения, казах. Место рождения: Кзыл-ординская обл., Кармакчинский район, 5 аул. Образование: неграмотный. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, 5 аул. Должность: колхозник. Место работы до ареста: колхоз 5 аула. Кем и когда арестован: 25.08.1941 г., Кармакчинская райпрокуратура. Кем и когда осужден: Кзыл-Ординская обл., 10.12.1941г. Статья: 58-10 УК РСФСР осужден к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет. Дата и орган реабилитации: 24.08.1990г., Верховный Суд КазССР. Причина прекращения дела: Указ ПВС СССР от 16 января 1989 года.

Абдраманов Асамадин, 1916 года рождения, казах. Место рождения: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, 6 аул. Образование: начальное. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, 6 аул. Должность: колхозник. Место работы до ареста: колхоз Амангельды. Кем и когда арестован: 16.10.1941 г., Кармакчинское РО НКВД. Кем и когда осужден: Выездная сессия Кзыл-Ординского облсуда, 01.07.1942г. Статья: 58-10 УК РСФСР осужден к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет. Дата и орган реабилитации: 24.08.1990г., Верховный Суд КазССР. Причина прекращения дела: Указ ПВС СССР от 16 января 1989 года.

Каргабаев Аскар, 1924 года рождения, казах. Место рождения: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, 15 аул. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл. Кем и когда арестован: 20.12.1942 г., Кармакчинский РО НКВД. Кем и когда осужден: Кзыл-Ординский облсуд, 07.04.1943г. Статья: 58-10 УК РСФСР осужден к лишению свободы в ИТЛ на 7 лет. Дата и орган реабилитации: 01.12.1995г., Генеральная прокуратура РК. Причина прекращения дела: Закон РК от 14 апреля 1993 года.

Ералиев Нарбай, 1908 года рождения, казах. Место рождения: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, 13 аул. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл. Кем и когда арестован: 20.12.1942 г., Кармакчинский РО НКВД. Кем и когда осужден: Кзыл-Ординский облсуд, 07.04.1943г. Статья: 58-10 УК РСФСР осужден к лишению свободы в ИТЛ на 7 лет. Дата и орган реабилитации: 01.12.1995г., Генеральная прокуратура РК. Причина прекращения дела: Закон РК от 14 апреля 1993 года.

Бегайдаров Шанбай, 1903 года рождения, казах. Место рождения: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, 12 аул. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, Каракум местность. Кем и когда арестован: 22.01.1943 г., Кармакчинский РО НКВД. Кем и когда осужден: Кзыл-Ординский облсуд, 07.04.1943г. Статья: 58-10 УК РСФСР осужден к лишению свободы в ИТЛ на 7 лет. Дата и орган реабилитации: 01.12.1995г., Генеральная прокуратура РК. Причина прекращения дела:

Закон РК от 14 апреля 1993 года.

Бармаков Идрис, 1909 года рождения, казах. Место рождения: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район район, 9 аул. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл. Кем и когда арестован: 20.12.1942 г., Кармакчинский РО НКВД. Кем и когда осужден: Кзыл-Ординский облсуд, 07.04.1943г. УК РСФСР приостановлено на 7 лет. Дата и орган реабилитации: 01.12.1995г., Генеральная прокуратура РК. Причина прекращения дела: Закон РК от 14 апреля 1993 года.

Сахиев Балабай, 1912 года рождения, казах. Место рождения: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район район, 1 аул. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, Каракум местность. Кем и когда арестован: 12.01.1943 г., Кармакчинский РО НКВД. Кем и когда осужден: Кзыл-Ординский облсуд, 07.04.1943г. Статья: 59-3 УК РСФСР осужден к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет. Дата и орган реабилитации: 01.12.1995г., Генеральная прокуратура РК. Причина прекращения дела: Закон РК от 14 апреля 1993 года.

Абылходжаев Данейходжа, 1899 года рождения, казах. Место рождения: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район район, 4 аул. Образование: неграмотный. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, Каракум местность. Кем и когда арестован: 20.12.1942 г., Кармакчинский РО НКВД. Кем и когда осужден: Кзыл-Ординский облсуд, 07.04.1943г. Статья: 59-3 УК РСФСР осужден к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет. Дата и орган реабилитации: 01.12.1995г., Генеральная прокуратура РК. Причина прекращения дела: Закон РК от 14 апреля 1993 года.

Корчагин Николай Иванович, 1903 года рождения, русский. Место рождения: Ташкентская обл. район, Ивановская стж. Образование: начальное. До ареста проживал: Кзыл-Ординская обл., Кармакчинский район, Кармакчи пос. Должность: помощник машиниста. Место работы до ареста: Депо стж. Джусалы. Кем и когда арестован: 28.11.1940 г., ОДТО НКВД стж. Казалинск. Кем и когда осужден: Линейный суд Оренбургской обл., 12.05.1941г. Статья: 58-10 УК РСФСР осужден к лишению свободы в ИТЛ на 7 лет. Дата и орган реабилитации: 24.04.1997г., Кзыл-Ординская облпрокуратура. Причина прекращения дела: Закон РК от 14 апреля 1993 года.

